

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XXIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XXIII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 13

**ПАВЛОДАР
2023**

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ж64

Редакция алқасының бас редакторы:

Садықов Е. Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма
Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ ғылыми
жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі -Басқарма мүшесі-проректор

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексейтов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П.,
Колесников Ю. Ю., Абишев К. К., Шакарманова М. П., Крыкбаева М. С.,
Исенова Б. К., Ибраева А. Д.

Жауапты хатшылар:

Айтмағамбетова Г. А., Акимбекова Н. Ж., Алимова Ж. С., Арынова Ш. Ж.,
Ахметов Д. А., Ашкина А. А., Бармина Е. Ю., Бахбаева С. А., Бейсембаева А. К.,
Бельгибаева К. К., Боранкулова Б. Е., Джанарғалиева М. Р., Джусупова Э. М.,
Жакубаева Б. Б., Жумабекова Д. К., Жуманбаева Р. О., Зарипов Р. Ю.,
Исимова Б. Ш., Искакова З. С., Казбеков Е. Ж., Клошина З. В., Кривец О. А.,
Нургожина Б. В., Ордабаева Ж. Е., Сарбасов А. К., Суентаева З. Т., Таничев К. С.,
Тапалчинова А. С., Титанов Ж. Е., Токтарбекова А. Б., Толокольникова Н. И.,
Фазлутдинова Ж. К., Шабамбаева А. Г., Шагиева Г. Т.

Ж64 «XXIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының
материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2023.

ISBN 978-601-345-364-4 (жалпы)
Т. 13 «Жас ғалымдар». – 2023. – 425 б.
ISBN 978-601-345-351-4

«XXIII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясы
(12 сәуір 2023 жыл) жинағында келесі ғылыми бағыттар бойынша ұсынылған
мақалалар енгізілген: Энергетика, Физика-математикалық және компьютерлік
ғылымдары, Ауыл шаруашылығы және АӨК, Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық,
Заманауи инженерлік инновациялар мен технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары,
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары, Техникалық және кәсіптік білім беру.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-351-4 (Т. 13)
ISBN 978-601-345-364-4 (жалпы)

©Торайғыров университеті, 2023

*Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
Гуманитарные и социальные науки*

Секция 27

**Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері
Актуальные проблемы казахского языкознания и
литературоведения**

АҢЫЗТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЙОР Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Демек фольклорлық жанр ретінде тарихи аңыз XVIII ғасырда жаңа сатыға көтеріліп, өзіне хас белгілер мен сипаттарға толық ие болады. Сөйтіп, ол бізге сол дәуірдің тарихын баяндап, сол кездегі оқиғалардан, өмірден мәлімет береді, білімімізді арттырады. Топонимикалық аңыз деген атау мен жіктеу шартты, өйткені аңыз болған соң ол міндетті түрде бір оқиғамен байланысты болады, яғни тарихи шындыққа негізделеді. Сондықтан топонимикалық аңыз жартылай тарихи болады. Олай болмаған жағдайда ондай шығарма аңыз жанрына жатпайды.

Қазақтарда жер-су, тау-тас, елді мекен, өзен-көл жайында ауызша айтылатын әңгімелер өте көп. Ол түсінікті де. Бүкіл өмірін табиғат аясында өткізген ел өзін қоршаған әлем туралы білгісі келіп, сол дүниенің ерекшелігін ескеріп, немесе тіршілігінің қажеттігіне байланысты, я болмаса қиялға ерік беріп, неше түрлі миф, әпсана, аңыздар шығарған.

Алайда, жер-су, мекен аттарына байланысты әңгіменің бәрі түгелімен аңыз болмайды. Олардың ішінде тек бір тарихи оқиғаға немесе адамға байланыстысығана аңыз деп танылуы керек. Басқаша айтқанда, жер-су, мекен аттарын түсіндіретін этиологиялық (себеп-салдарлы) мәндег әңгіме аңыз болып саналмайды. Егер әңгіме со жерде, яки қалада болған оқиғаны баяндап, ешқандай ғажайыпты тылсым ұғыммен байланыстырмаса, ондай әңгімені топонимикалы аңыз деп білу қажет. Мұндай әңгіменің басты нысанасы – мекенні атының қайдан пайда болғанын түсіндіру емес, сол мекенде болға оқиғаны хабарлау, бірақ сырттай қарағанда әңгімеші мекеннің аты түсіндіріп отырған сияқты болып көрінеді.

Ал, жер-су, мекеннің қалай пайда болып, оның атының қайда шыққанын түсіндіруді мақсат тұтатын әңгімелерді мифке немес әпсанаға жатқызу керек, өйткені, мұнда себепті-салдарлы (этиологичность) сипат бар, я болмаса саналы көркемдеу бар. Әрине, мұнда бір нәрсені ескеру керек: мекеннің пайда болу тарихының түп негізі шын болуы ықтимал. Мұндай жағдайда әңгіменің көркемді қасиетіне көңіл бөлу керек. Саналы түрде көркемдеу жоқ болып мекен тарихы шындыққа сәйкес келсе, ондай әңгімені аңыз деуге де болады.

Топонимикалық аңыздар таза тарихи аңыздан гөрі көркемде болады, сондықтан онда сөз өнерінің нышаны байқалады. Мұнда көркем қиял шығарма мазмұнының хабарламалық сипаты өзгертіп, оған ғибраттық сипат бере бастайды. Сондықтан аңызды бұл түрінде әпсананың белгілері бой көрсетіп қалады. Оқиға болға мезгіл алыстаған сайын топонимикалық аңызда бірінші қатарға сол оқиға болған жер туралы хабар шыға бастайды да, тарихи негізі көмескілене түседі. Уақыт өткен сайын бұл аңыз көркемделе береді де, бірте-бірте әпсанаға айнала түседі [1].

Қазақтың топонимикалық аңыздары екі түрлі болы келеді. Бірі – тарихи оқиғамен, дәлірек айтсақ, қалмақтар ме қоқандықтарға қарсы соғыстармен байланысты болып келеді де, сол ұрыс болған жерлерді суреттеп, оқиғаны баяндайды [2]. Сондай аңыздардың қатарына, мысалы, «Сары өзен» деп аталатын күй аңызын жатқызуға болады [3]. Мұнда қазақ пе қалмақтардың арасындағы жаугершілік заманда жау қолына түсіп, тұтқында малшы болған жылқышы Саймақтың тағдыр баяндалады. Өзінің күйшілік өнерінің арқасында ол тұтқынна босап, еліне қайтып келе жатқанда Сары өзеннен өтеді. Ос кезде астындағы Сарыжорға кісінеп қоя береді. Жануар болса да, туған жерін сағынған атқа таң қалып, Саймақ өзінің көрген білгені баяндап, еліне деген сағынышын білдіріп, «Сары өзен» күйін шығарады.

Ал, келесі аңызда топонимикалық сарын мен тарихи нақты оқиға аралас келеді. Жер атының неліктен «Шом қалған» деп аталуы бұл аңызда өмірде болған тарихи оқиғамен байланыстырылады: Отар маңайындағы Қопа өзенінің бойында көшіп жүрген қазақта қоқандықтардың қысымына шыдамай, олардың салықшыларын өлтіріп, тірі қалғанын масқаралап, қуып жібереді. Қаһарланға Қоқан ханы қазақтарды жазалауға қисапсыз көп әскер жібереді. Қоқандықтар қазақтардың еркектерін өлтіріп, әйел мен балаларын тұтқынға алып, мал-мүлкін талан-таражға салады.

Қазақ елі де намысқа тырысып бағады. Осы кезде Шапырашты руынан ержүрек батыр Сұраншы Ақылбайұлы шығып, аман қалған жігіттерден аз ғана қол жинап, қоқандықтарға тойтарыс беруге қамданады. Сан жағынан басым жауды бетпе-бет ұрыста жен қиын екенін білген Сұраншы жасағымен түн қараңғылығын жамылып, қоқандықтардың шебіне тақау келеді де, жігіттеріне әр жерден көп қылып от жағып, у-шуды көбейтуді бұйырады. Содан соң қоқандықтарға «еркімен берілсін!» - деп елші жібереді.

Қоқандықтар қаптаған отты көріп, азан-қазан болып жатқа шуды естіп Сұраншы көп әскер жиған екен деп шошиды. Осы сәтті күтіп тұрға Сұраншы қолымен лап қояды. Жау бытырап қашады тіпті түйелерінің қомдарын тастай зытады. Содан бері осы же «Шом қалған» деп аталады, - дейді аңыз [4].

Мысалға келтірілген екі аңыз да таза топонимикалық, мұнда бұл жанрға тиісті белгілердің бәрі бар десе де болады: тарихи шындық сай келеті оқиға болуы, белгілі бір жердің, судың аталып отыруы, ешқандай кереметтіктің жоқтығы, көркемдеудің біршама жұпынылығы.

Топонимикалық аңыздың екінші түріне жер-су, мекен аты нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндайтын, сондай-ақ белгілі бір жер-суды пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай, бірақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалар жатады [5]. Бұл аңыздарды мазмұны көбіне қайғылы болады, әңгіме кенеттен аяқталып, оқиға күрт үзіледі, ал, кейіпкерлер бақытсыз жағдайға душар болады.

«Баяғыда Ақтөбе деген шаһарда Махмұт деген хан билік жаса тұрыпты, - дейді «Жорғабел» деген жер атына байланысты аңызда. Оның Жипар (Жұпар? - С.Қ.) атты әйелі болыпты. Бір күні әйел күйеуіне назданып: «Маған құланның еркегі мен ұрғашысы ұстатып, сыйға тартшы!» - депті.

Махмұт хан құба жоннан бір еркек, бір ұрғашы екі құланды ұстатып, оларды жан-жағын қоршап, арнайылаған жерге жіберіп әйелінің өтінішін орындапты. Бұл құландарды бір уәзір күтіп бағатын болыпты, ал құланда қамауда жайылған жері «Құлан қорық» деп аталыпты.

Қамаудағы құландар төлденіп, олардың саны көбейіп, қорыққа сыймай, бір күні дуалды үш жерден бұзып, құба жонға қашып кетіп-ті. Қорықшы құлан үйірін тоқтата алмаған соң «Құландар қашып кетті, оларды ұстау мүмкін емес», - деп, Махмұт ханға хабар береді. Хабарды естісімен Махмұт Байбаш (Байшұбар? -

С.Қ.) деген жорғасына міне салып, бірнеше жігітпен құландардың артынан кетеді.

Бір кезеңнің үстінде құланға жетіп қалған Байбаш жорға болдыры құлайды да, зорығып өледі. Құландар сол бойда кашып кетеді. Ал, Махмұт ханның Байбаш жорғасы өлген кезең содан кейін «Жорғабел» атаныпты [6].

Бұл аңызда жердің аты шындыққа жақын оқиға арқыл түсіндіріледі. Тарихта дәл осындай факті болды ма, жоқ па – белгісіз, алайда, аңызда әңгімеленетін Ақтөбе қаласының қираға қалдықтары сақталған. Оны кезінде В.А. Каллаур толық сипаттаған. Сол кісінің және Ә.Диваевтың айтуынша Ақтөбенің қалдықтар бұрынғы Сыр-Дария облысының Әулие-ата уезіне қарасты Дмитриевка деп аталатын село орналасқан жерге жақын «Құлансай» деп аталатын аңғарда жатыр. Қаланың қалдығы өте көлемді, шеңберінің аумағы 30 шақырымдай, ал тауға кіре беріс жағында «Құлан қамалған» деген бекініс бар. Бекіністің кабырғасы өте қалың болған [7].

Өткен ғасырдың аяғында жарияланған бұл аңызда сол кезде ел аузында сақталған жер атаулары да берілген. Бұл да сол дәуір шындығының бір белгісі болса керек. Сонымен қатар аңызда баяндалатын құланға құмарлық бір кезде қазақ даласында әдетті іс болған. Ал, ескі Ақтөбе қаласы орта ғасырларда, яғни қазақ сахарасында жаппай құлан аулау тұсында гүлдеп тұрған [8]. Демек, «Жорғабел» кезеңінің бұлай аталу тарихын баяндайтын аңыз оқиғасы дәл сол қалпындағыдай өмірде болмаса да, сол орта ғасыр шындығына саяды. Бұл – аңыз жанрының басты қасиеті. Сонымен бірге бұл аңызда қайғылы сарын да бар, көркем қиял жоқ, мағлұматтық сипат басым.

Ал, енді бірқатар аңызда қиял араласып, әңгіме мазмұны белгілі бір оқиғаға негізделмейді. Жалпы тарихи шындықпен байланысын үзбегенмен, ондай шығармалар деректі фактіден алшақ жатады. Сол себепті мұнда ойдан шығарылған эпизодтар, қоспалар болады, әңгіме біршама көркемделеді, сөйтіп, ол әпсана мен хикаят жанрларының сипаттарына ие бола бастайды. Мысал ретінде «Көк Төбет», «Ертіс толқыны» деген аңыздарды атауға болады [9]. Түптеп келгенде, бұлар - аңыз бен әпсана аралығындағы шығармалар. Біраз көркемдік қасиетке ие болуының арқасында бұл шығармалар мағлұматтықтан гөрі эстетикалық функция атқаруға жақын. Мұндай аңыздар ел арасында көбінесе сөйіл құрып, тамашалау үшін айтылады, сондықтан айтушылар әңгімесін мәнерлей баяндауға тырысады.

Дәл осындай қасиетті қазақ арасында жиі айтылатын алуан түрлі қыран құс, жүйрік ат, алғыр тазы туралы аңыздардан көруге болады. Мазмұны жағынан үндес келгенмен мұндай шығармалар жанрлық тұрғыдан әртүрлі. Бұл топта мифке де, хикаяға да, аңызға да, тіпті, әпсана мен хикаятқа да жататын шығармалар кездеседі [10].

Мәселен, әртүрлі аңдардың, құстардың пайда болуымен олардың сырт пішініндегі, мінез-құлқындағы ерекшеліктерін бір себеппен түсіндіріп баяндайтын шығармаларды біз мифке жатқызамыз. Мұнда мифтік ұғым айқын сезіледі. Бұған үй жануарларының Шопан-ата, Жылқышы-ата, Ойсыл-қара сияқты аталары жайындағы әңгімелер де кіреді, бірақ бұларда әпсана мен хикаяттың да белгілері кездеседі. Ал, енді алғыр тазы, қыран құс, жүйрік ат жайындағы шығармалардың көбісі аңыз болып келеді, өйткені, олар шын болған фактіге негізделеді, я болмаса солай деп қабылданады.

Мұндай аңыздар, әдетте, баяндалып отырған оқиғаны немесе әңгіме арқауы болып отырған жануарды көзімен көрген кісінің ауызекі әңгімесінен пайда болады. Ондай әңгіме бірден-бірге айтылып, елден-елге тарағанда ғана, яғни әңгіменің оқиғасы тұрақты сюжетке айналып, көпшілікке тарап, ел қажет кезде айтып отыратын болғанда ғана аңызға айналады. Әңгіме алғашында таза хабарламалық сипатта ғана айтылса, аңыз мағлұматтықпен бірге ғибраттық, сөйілдік мақсатта да айтылады. Сондықтан алғашқы жай әңгімеге қарағанда аңыз көркемдеу, қызықтау болады, бірақ ол ешбір кереметтік (чудо) араластырмайды. Егер кереметтік элементі кіріксе, ондай шығарма әпсанаға немесе хикаятқа айналады. Бұл – аңыздың өзінен басқа әлдеқайда көркем жанрға, яғни әпсанаға, хикаятқа, тіпті, ертегіге де айналуының басты жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аникин В.П. Русский фольклор. – М. – Л., 1972. – Т. 13. – С. 6-19.
- 2 Қалмақ Толағай, яғни қалмақтың басы // Дала уалаятының газеті. – № 19 – 1890.; Казахские сказки. – Алма-Ата, 1958. – Т. 1. – С. 216-217, 221-222, 223-229.
- 3 Мерғалиев Т. Домбыра сазы. – Алматы, 1972. – Б. 290-292.
- 4 Казахские сказки. – Алматы, 1958. – Т. 2. – С. 221-222.

5 Қазақ ертегілері. – Алматы, 1964. – Т. 3. – Б. 318-320, 324-330, 341; Казахские сказки. – Алма-Ата, 1958. – Т. 2. – С. 217-218, 275-276.

6 Диваев А. Этнографические материалы // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. – Вып. 14. – 1897. – С. 234.

7 Шәлекенов У. Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы, 2007.

8 Қазақ совет энциклопедиясы. – Т. 1. – Б. 224.

9 Қазақ ертегілері. – Алматы, 1964. – Т. 3. – Б. 318-320, 324-330.

10 Мерғалиев Т. «Домбыра сазы». – №1, 4, 7, 41, 44, 46, 47, 50 күйлер.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

АЙТМУХАНБЕТОВА С. К.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Жетекші ЖОББМ, Павлодар қ.

Мемлекеттік тіліміз-қазақ тілі. Сондықтан да орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отырғаны баршамызға белгілі. Елбасымыз: «Қазақ тілі шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі» – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған сай, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шыңдалған шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым- қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы, әрі мұғалімнің өзіндік шеберлігі болса керек. Оқыту технологиясы – оқу ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде

қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек. Бүгінгі күнгі ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауы керек. Ол үшін адамдармен әрдайым қарым-қатынас жасау, яғни коммуникацияға түсуді үйрету қажет. Ф. Ш. Оразбаева өзінің «Тілдік коммуникация негіздері» атты еңбегінде: «Коммуникация – қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», - деп атап өтті.

Ал осы коммуникацияны жүзеге асыру үшін қатысымдық тұлғаларды игерген жөн. «Қатысымдық тұлғалар – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір орта мен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер».

«Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Бүгінгі таңда біз оқушыларымызды орыс сыныптарында осы дағдылар бойынша оқытып, тіл табысу әрекетін қалыптастырып келеміз.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз.

Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл мәселенің ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды.

Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған мәселе – орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектесіп, оқушылардың функциональды сауаттылығы мен күзиреттілігі артады.

Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар көп. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш. Х. Сарыбаев, Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, Ш. Бектуров, К. Сариева, А. Жүнісбеков, Ф. Р. Ахметжанова, М. Жанпейісова, Ф. Оразбаева, Қ. Бітібаева т.б.

Бүгін біздің алдымызда тұрған басты мақсат – өзге тілді оқушыларды қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі. Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат — өзге тілді оқушыларды қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған оқушылардың Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі.

Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. 2,3, 4-сыныптарда аймақтық компоненттерді «Қазақстан», «Менің қалам», «Менің көшем», «Менің отбасым», «Дүкенде», «Стадионда», «Дәрігерде», «Жыл мезгілдері» тағы сол сияқты тақырыптарды оқығанда әбден қолдануға болады. Аймақтық компоненттерді сабақта қолдануда қандай шаралар арқылы жүзеге асыруға болатынын сызба бойынша көрсетуге болады.

Тақырыпты қандай жұмыс түрлері арқылы ашуға болады?

–Диалог

– Викторина

– Карточкамен жұмыс
– Сурет бойынша жұмыс
– Инсценировка
– Экскурсия
– Оқушылардың шығармашылық жұмыстары «шығарма, тапқақтар, альбомдар»

– Пән бойынша шығармашылық жұмыстар

– Интеграцияланған сабақтар

Енді осы тақырыптардың кейбіреулеріне тоқталайық.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асады:

1 Жұптық

2 Топтық

3 Ұжымдық

Мысалға, 4-сыныпта «Қазақстан қалалары» тақырыбын алайық. Нәтиже сабағында сыныпты топқа бөліп, бірінші топқа: «Теледидар бойынша ауа райын болжау», екінші топқа «Аялдамада ауа райы туралы сөйлесу», үшінші топқа «Кеше экскурсияға бардық. Ауа райы туралы әңгімелеу», төртінші топқа «Телефонмен сөйлесу». Бір қызығы осы топтық жұмыс барысында бірінші топ оқушыларының жауабына бүкіл сынып араласып, соны ұжымдық қалыпқа ауысты. Себебі, оқушылардың назарын аудару үшін (тыңдап отырған) ситуациялық жағдаят тудырдым: Мынау тікелей эфир. Сендер әр қалада тұрасындар. Өздерің тұрған қаладағы ауа райын сұрауларыңа болады – деп едім, «Дикторлар» сөйлеп болысымен: «Кешіріңіз, Павлодарда ауа райы қандай болады?», «Нұр Сұлтанда ауа райы қандай болады?» — деп әр жерден сұрақ қойып оқушылар сөйлесіп кетті.

3 сынып оқушыларымен «Әке мен бала» тақырыбын инсценировка жасау арқылы сынып алдында қатысушы кейіпкерлерге бөліп әлгі рөлдерді сынып алдында көрсетіп тек шығарманы сахна алдында кейіпкер бейнесін сомдай отырып ортада көрсету өте ұнады. Бірден бала бойында кейіпкер образына ене көрсетуде әртістік қабілеттері шындалса, екіншіден тыңдаушы және кейіпкерлер әке мен бала арасындағы іс әрекет арқылы тәрбиелік мәні зор адам бойындағы жақсы жаман қасиет пен жалқаулық, үнемдеушілік, бағалай білу сияқты қасиеттерге көз жеткізді.

Тағы да осы 3 сыныпта «Мұражай», «Орталық музей», «Мұхтар Әуезов музейі» деген тақырыптарды өткенде экскурсия әдісін қолдана оқыту өте тиімді, әрі оқушыларға

сабақ қызықты өтті деп айта аламын, яғни музейді таныстырып экскурсия жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлықтары дамыды, сөздік қорлары молайды, шеберлік қырлары танылды.

Осындай сөйлесулерде оқушылардың өз отбасына, Отанына деген сүйіспеншіліктері, мақтаныштары дауыс ырғағынан-ақ байқалады.

Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді.

Жұмыс барысында нәтижеге қатысымдық әдіспен қатар, басқа да инновациялық технологиялардың элементтерін қолданамын, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымның жетістіктерінен көріп келемін. Біріншіден, оқушыларым дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни айтылым дағдылары жоғары. Екіншіден, ауызекі сөйлеу дағдылары жоғары. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылардың берілген тақырыпқа, соның ішінде бүгінгі өзекті деген аймақтық компоненттер тақырыбына сұрақ қоя білу, сұраққа жауап беру дағдылары даму үстінде.

Үшіншіден оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсуде. Берілген тапсырмаларды қосымша шығармашылықпен орындап келген шәкірттерімді көргенде әрине қуанышым шексіз, сонымен қатар, сабағымның қызықты, тартымды өтуіне мұғалім ретінде барлық күшімді жұмсаймын.

Төртіншіден, шәкірттеріміз сабақ барысында осы әдіс тәсілдерімізді қолдана отырып берілген тапсырман бұлжытпай орындай, келесі сабақта оны әрі қарай жалғастыра алып кетіп отырса, аталған жұмыстардың кішкене болса да нәтижесі деп түсінемін. Әрине мұнымен шектелмей, жұмысты одан әрі жалғастыру басты міндетім. Қорыта келе, іздену, тиімді әдістерді тауып пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру керек екендігін қазіргі таңда әр оқытушы түсінеді.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек,

өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз», дегендей өз мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асқақатата, шәкірттеріміздің санасына құя отырып тиімді жолдармен оқыту керекпіз. Сонда ғана оқушыларымыздың бойында функционалды сауаттылық және құзыреттілігі артады. Біздің сабағымыз қызықты, әрі тартымды әртүрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып өткізу біздің жетістігіміз болса, оқушы санасына сіңер қайнар бұлақ деп білемін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері.- Алматы, 1995, 232 б.

2 Қазақ тілі. Балапан. «Көкжиек-Горизонт» баспасы, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ.Рауандина, Л.С.Нұрмұханова, 3 сынып, I бөлім

3 Қазақ тілі оқулығы, 4 сынып, «Алматыкітап» баспасы, 2019 жыл, Н.Ж.Дәулеткереева, Г.Б.Муханғалиева, I бөлім

4Т.Н.Ермекова, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппарова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016

5 М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы(оқушыны дамыту құралы ретінде). 2002 ж

6 Тілдік қатынас негіздері : оқулық / Оразбаева, Ф. Ш. - Алматы : Print-S, 2005

7 Ахмет Байтұрсынұлы Тіл – құрал Астана, 2009 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалған Құрастырған: Е.Тілешов, филология ғылымдарының кандидаты Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 - 348 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

АЛЬЖАНОВА К. Б.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ш. Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернаты, Баяауыл ауд.

XXI ғасыр – білім мен ғылымның көз ілеспес жылдамдықта дамыған заманы. Кез келген озық бәсекеге қабілетті жаңашыл мемлекеттің негізі – білімді ұрпақ тәрбиелеуде жатыр. Ал білімді ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздар қолында. Ұстаз – ұлт болашағының

негізін қалаушы, ұрпақты жетелуші шамшырақ тәрізді. Заман ағымына қарай әлемдегі өзгерістер біздің елдегі білім саласына да жеткен еді. Білім берудің қыр-сыры туралы бөліспекпін.

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша шәкірттерді оқыту – дәстүрлі білім беруден әлдеқайда ұтымды. Өйткені оқушының өмірге өзі бейімделу қабілеті ашылады. Балаға берілетін білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асатыны айтпаса да белгілі. Оқушылардың тілін дамытуға барлық пән мұғалімдері ат салысқанымен, тіл және әдебиет пәнінің мұғалімдеріне салмақ көбірек түседі. Өйткені ұлттық болмысымызды танытатын ең бірінші тіл мен әдебиетіміз. Ең алдымен бала өз ана тілін дұрыс меңгермейінше, басқа білімді үйренуі мүмкін емес дүние. Қазақ тілі арқылы баланың дамуы, сөйлеуі, өзіндік көзқарасы, ойын жүйелі де ашық айту қасиеттері қалыптасса, әдебиет сабағы арқылы бала бойына көптеген адами қасиеттер, патриоттық тәрбие беріледі. Әдебиет – адамды нағыз азамат ететін, оның рухын шыңдайтын, жанына қолбасшы болатын ерекше ғылым, әрі ғажайып өнер. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Және де оны оқушы жай оқып шықпай, одан алған әсерін өмірлік қажетілеріне пайдалана алуы шарт. Міне сондықтан да әр жазушы, әр ақынның шығармасы – тәрбие мен білім шыны. Алайда берілген тақырыпты ашып, сабақты дұрыс ұйымдастырумен, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – ұстаздың міндеті. Жаңа бағдарлама бойынша тиімді әдістің бірі – топпен жұмыс. Балаларды түрлі әдіс арқылы, қызықтырып топқа бөлудің өзі – сабақтың мазмұнын айқын ашуға мүмкіндік береді және де барлық балаларға еркін сөйлеуге жағдай туғызады. Өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасауы ортақ пікір шығаруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қолданылатын «Алты ойшыл қалпақ», «ДЖИГСО», «Айналмалы бекет», «Ашық сұхбат», «Жуан және жінішке сұрақтар қою» т.б. белсенді әдістерді қолдануда тақырыптың зерттеушілік түрі басшылыққа алынады.[1]. Сондай-ақ, топпен жұмыс істеу барысында тақырыппен танысады, мазмұнын топ ішінде талдайды, постер құрып, өзгелерге түсіндіреді, сұрақтар қояды. Мұндай жұмыстар оқытушы мен білім алушы арасында тез тіл табысуға, бірлесе жұмыс жасауға, олардың тең дәрежеде араласуына, белсенділік танытуға ұмтылуға жағдайлар туғызады. Сонымен қатар оқушыларға көбінде әдебиет сабағында шығармаларды «Рөлге кіріп ойнау» әдісі арқылы оқыту да ерекше тиімді. Өйткені бұл әдіс арқылы оқушылардың шығармаға деген

қызығушылықтары артады және баланың бойында сахналық шеберліктері қалыптасады. Сабақты талдау барысындағы тағы бір ерекшелік – бағалау. Күнделікті жұмыста қолданып жүген 5 жүйелік бағалау бала білімінің нақты қай деңгейде екенін байқатқанымен, басқа жағынан жақсаруына мүмкіндік бермейді. Ал бағалаудың жаңа тәсілдері өзін және өзгені бағалауда үлкен жауапкершілік пен сенім артқызады. Бағалауда «Екі жұлдыз, «Бағдаршам», «Білдім, Үйрендім, Білгім келеді», «Бір сөзбен...», «Табыс баспалдағы», «Өз жауабын дәлелдеу», «Бес саусақ», «Сөйлемді аяқта», «Чемодан», «ет тартқыш», «қоқыс» жәшігі сияқты әдіс-тәсілдер бір-бірінің жұмыстарына баға беру, жалпы іс-әрекетке кері байланыс жасатып, жұмыстың әлсіз тұстарын жақсартуға, оқытушы жұмысын реттей алуға септігін тигізеді. Мәселен, 6-сыныпта ұлы ақын, Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба!» өлеңін оқытқанда: Ең алдымен оқушыларды топқа бөліп алып, әр топқа «Постер құрастыру» әдісі арқылы әртүрлі тапсырмалар беріледі. Бір топқа Абайдың өмірі, екінші топқа ақынның шығармашылығы, үшінші топқа ақынның шәкірттері туралы. Оқушылардың тапсырмаларды орындау барысында зерттеушілік қасиеттері ашылады. Ал «Ғылым таппай мақтанба!» өлеңін таныстырғанда әр топқа «Рөлдік ойын» әдіс арқылы өлеңдегі жақсы-жаман қасиеттерді қойылым ретінде көрсетуді берген кезде оқушылар аса қызығушылықпен орындай отырып, жақсы мен жаман қасиеттерді нақтырақ түсінеді. Бұл әдістердің бәрін қолдана отырып, өзіміздің ертедегі қазақ педагогтары еріксіз еске түседі [2].

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетінің оқыту әдістемесі ғылымы тарихында ХХ ғасырдың басында әдістемелік еңбек жазған Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды тұлғаларымыздың орны айрықша. Соның бірі-қазақ тілін оқытуға ерекше назар аударған педагог – Ж.Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген еңбегінде оқушылардың күнделікті сабақта қолдануы тиіс «мықты әдісінің» бірін былайша қарапайым тілмен түсіндіріп береді: «Бір нәрсе туралы адамның саңылау мүшелері неғұрлы жапатармағай қызмет етсе, соғұрлы ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шенгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол-дене). Балаға сөйлеңіз (тындасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін!), жаздырыңыз

(қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез менгеріп, тоқып алады [3]. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек». Әдіскер ғалымның пайымдауы қазіргі оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыратын тілдік төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) еске түсіреді. Яғни, тыңдалым – «сөйлеңіз (тындасын!)», айтылым – «айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін!)», жазылым – «жаздырыңыз». Ал оқылым туралы Ж.Аймауытов көркем мәтінді қалай оқу керектігі туралы түсіндірмесінде арнайы тоқталады. Бүгінде сабақты осылайша коммуникативтік әдіспен өткізудің негізін қалаушылар деп шетелдік ғалымдарды асыра насихаттағаннан гөрі өзіміздің әдістеме тарихымызға бір сөт мойын бұрғанымыз да дұрыс болар.

Қорыта айтқанда, әр ұстаз алдындағы отырған әр шәкіртке білім беру арқылы-ертеңгі ұлт болашағының негізін қалап жатқанын ұмытпауы тиіс. Қандай әдіс-тәсілді қолдансақта бала санасына ұлттық тәрбиені сіңіруді басты назарда ұстау қажет деп ойлаймын. Өйткені білім әуелі ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж. Аймауытов «Комплексті оқыту жолдары» 1929 ж.

2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Ана тілі»

3 Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі — Алматы: «Санат».

ДІНИ ДАСТАНДАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

АРЫНОВА С. М.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

БЕКЕНОВА А. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, А. Байтұрсынов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Ұлттық фольклорымыздың өте бай, маңызды саласы болып табылатын дастандық эпостың едәуір бөлігін діни дастандар құрайды. Өткен ғасырларда қоғамның рухани сұранысынан туған бұл шығармалардың басым көпшілігі XIX ғасырда кітап болып жарық көрсе, біразы қолжазба күйінде сақталып келді. Қазақ даласында ислам дінінің кеңінен қанат жаюына олардың әсері айтарлықтай болды. Себебі, ислам дінін нығайту үшін жүргізілген

күрес соңғы ғасырларда екі түрлі жолмен іске асып отырды: бірінші әдіс ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе салу, т. б.) үгіт – насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан – жүрегіне жыр сөздерімен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді.

Діни дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әртүрлі. Бірақ олардың барлығы идея жағынан бірігеді, ол – исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу.

Осы бастапқы идеяны жүзеге асыру үшін діни дастандарда дүниенің исламға тән жаратылыс түсініктері, Құран мифологиясы, Шығыс пен Батыс халықтарына ортақ көне ертегілік, эпикалық мотивтер мен шығыс халықтары фольклорының типтік кейіпкерлерінің бейнелері кеңінен қолданылады. Сондай – ақ бұл шығармалар ойдан шығарылған көркем қиял арқылы байиды, ал кейіпкерлердің образдары мақсатты түрде халық танымына сәйкес тұлғаланады.

Діни дастандарды тақырып пен мазмұнына сәйкес былайша топтастыруға болады:

1. ислам дінінің негіздері мен ұстанымдарын дәріптеу және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар;

2. Мұхаммед пайғамбар (с. а. с.) мен әділетті төрт халифа жайлы дастандар;

3. мұсылман батырлары мен әулие – әнбиелердің өмірі, жасаған ерліктері туралы шығармалар;

4. исламды тарату мен орнықтыру жолында дінсіздермен күресті суреттейтін және мұсылман тарихында шынайы болған, халық жадында із қалдырған оқиғаларға негізделген туындылар.

Бірінші топты исламның жекелеген өсиеттері мен тыйым – тоқтамдарын, халал мен харамды әңгімелейтін және оларды бұзушыларды жазалау туралы дастандар құрайды. Сондай шығармалардың жарқын бір үлгісі – «Әбушаһма» дастаны. Шығарманың басты кейіпкері Әбушаһма – хазіреті Омар халифаның баласы. Ол Құранды шебер оқуымен және дауысының пайғамбар дауысына ұқсастығымен ерекшеленеді. Бір күні сахабалар (Мұхаммед пайғамбардың серіктері) пайғамбардың дауысын сағынғандықтарын айтып, Әбушаһмадан Құран Кәрімнен сүрелер оқып беруін өтінеді. Әкесі оған күні бойы мешітте Құран оқуға рұқсат береді. Одан әрі қайтар жолында Әбушаһманың бір әзәзілге еріп, шарап ішкені, бұрын шарап ішпегендіктен мас болғандығы, соның кесірінен бір үйге кіріп, ол үйдегі сұлу қызбен зина жасағаны

баяндалады. Қыздың аяғы ауырлап, біраз уақыт өткен соң сәбиін алып, Омар халифаға келеді. Омар халифа қыздың сөзін антпен бекіттіріп сенеді де, баласына өте қатал, бірақ шариғат заңына сай келетін «жүз дүре соғу» үкімін шығарады.

Бұл шығарма, тұтастай алғанда, Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделген. Мысалы, зинақорлықпен айналысқандардың жазасы – жүз дүре екендігі Құранның «Нұр» сүресінің екінші аятында көрсетілген: «Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар. Егер Аллаға, ақырет күніне сенсеңдер, оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндердің бір тобы көріп тұрсын» [1]. Осы жерде атап айтатын нәрсе: исламда жазалау – мақсат емес, жазаның басты мақсаты – мұсылмандарды күнәдан арылту.

Дастанның басты тақырыбы мен идеясы – ислам қағидаларын бұзушылармен күрес және күнә істемеуге, зорлық жасамауға үгіттеу, егер жасалған күнде оларды жаза күтетіндігін ескерту. Тіпті, ол халифаның өз баласы болса да, кешірім жоқ. Сонымен шығарма, тұтастай алғанда, Құранның қағидалары мен өсиеттеріне негізделгенімен, оның сюжеттік желісін халифа Омардың әулетінде болған тосын оқиға, яғни бір ғана нақты факт құрайды.

Ал енді осы хикаялық оқиға, яғни ортағасырлық мұсылман дүниесіндегі тіршіліктің болмашы, бір үзік эпизоды дастанда қалай бейнеленетінін көрелік.

Ең алдымен атап өтетін нәрсе – оқиға желісі өте шымыр, әрі тартымды. Негізгі кейіпкер Әбушаһма да күнәсіз жас. Оны адал жолдан тайдырған шараптың зардабы болып сипатталады. Табиғатының әлсіздігінен ол шараптың еліктірушілік залалына қарсы тұра алмай қалады. Ал оның әкесі – халифа, бүкіл мұсылман қауымының басшысы ғана емес, мемлекеттің басшысы. Былайша айтқанда, оның қолында баласын жазадан құтқара аларлық құдірет бар. Оны қасындағы адамдар жақсы біледі. Сондықтан халифаның өз баласын шариғат заңы бойынша жауапқа тартатынына сенімсіздік білдіреді. Бірақ Омар да өз шешімінің көптеген мұсылмандар сенімінің бекуі немесе әлсіреуіне әсер ететінін жақсы түсінеді.

Дастанда әділ төреші де, жазаны орындатушы да – халифаның өзі. Халифа бейнесі аса көркем және әрқырынан көрінеді. Ол Мұхаммед пайғамбардың төрт шариарының ішінде «ең әділеттісі» атанған адам. Араб тарихнамасында және араб халифатының құрылуы туралы еңбектерде оның аса көрнекті мемлекет қайраткері

ретіндегі қасиеттері мен дарынды қолбасшылық қабілеті, қайтпайтын қайсарлығы, табандылығы туралы айтылады [2].

Ал фольклорлық шығармаларда Омар болмысының кейінгі мұсылмандар үшін басты мәнге ие болған ұстамдылығы, бірбеткейлігі, бақ – дәулет, дүние – байлыққа қызықпайтындығы, ислам жолындағы өз парызын жоғары қойған қасиеттері мадақталады. Омардың ислам жолына адалдығы өз парызын терең сезінуімен, ерік – жігерінің қайсарлығымен, тіпті, ерекше фанатизмімен әсерлі суреттеледі.

Талқыланып отырған дастанда Омар халифаның өз ұлын жанындай жақсы көретін мейірімді әке ретіндегі қыры да танылады. Оның баласына деген әкелік сезімінің нәзік иірімдері дастанда өте шебер тәсілмен, бір ғана көрініс арқылы көрсетілген. Мәселен, ол нәресте Әбушаһма ауырған кезде он мәрте үзіліссіз ораза ұстауға ант етіп, оны соңына дейін орындайды.

Әсіресе, дастанда баласының өлімінен кейін жүрегі қайғы – қасіреттен қан жылап жатып қалатын Омар халифаның халін суреттейтін тұстар аса әсерлі де көркем картинаны құрайды: «Күні – түні күніреніп жатып қалды, кеудесін көтеруге жоқ межелі». Бірақ ол шешімінің дұрыстығына күмәнданбайды, себебі өз сенімінде әке парызын адал атқарды. Өйткені, ол – исламның шын берілген ұлы, оның тазалығының қорғаны. Халифа шешімінің дұрыстығына Әбушаһманың өзі де, шешесі де шексіз сенетіндігін атап өту керек.

Омардың баласының таяқтың астында өлгендігі жайында Қожа Ахмет Иассауи өзінің «Диуани хикметінде» айтады:

Шариғатты бек тұтқан, тарихатты рас тұтқан,
Хақиқатты күп білген, әділетті Ғұмар – дүр.
Ұлын жырлап келтірген, дүре соғып өлтірген,
Әділдікпен жол салған, әділетті Ғұмар – дүр [3].

Демек, Иассауи заманының өзінде – ақ халифа баласы Абдолланың бір рет шарап ішіп, сол үшін жазаланғаны тарихи айғақ ретінде ел арасында кең тарап, түрлі аңыздарға арқау болған. Әйтсе де, діни аңыздардың басқа, өзі іспеттес тарихи аңыздардан үлкен бір айырмашылығы – бұлардың негізгі мақсаты танымдық, мағлұматтық қызметімен қатар тәрбиелік маңызы да бар, яғни олар ислам құндылықтарын насихаттайды. Ал, қазақ шайырлары (нәзирашыл ақындар) осындай аңыз, әңгімелерді өзінше жырлап, соны сипатты, тың суреттерге толы, сырлы дастандар тудырған.

Дастан кейіпкерлерінің бейнелері реалистік мәнерде сомдалған. Олардың мінез – құлық ерекшеліктері, ішкі сезімдері

жан – жақты, тәптіштеліп баяндалған, яғни жалпы дастан жанрына тән психологиялық белгілер мол көрініс тапқан. Әрине, ХХІ ғасырға қадам басқан өркениетті елдердің көзқарасы тұрғысынан алғанда, жас баланы дүре соғып өлтіру – сөзсіз қатал жаза, алайда, бұл жерде мынаны ұмытпауымыз керек: біріншіден, бұл дастан ерте заманда, VII ғасырдағы араб қоғамында орын тепкен оқиғаны баяндайды; екіншіден, әкесі баласын өлтіруді көздеген жоқ, яғни жоғарыда айтылғандай, исламда жазалау мақсат емес, жазалаудың мақсат – мұсылмандарды күнәдан арылту; үшіншіден, бұл – көркем шығарма.

Дастанды тудырудың басты әдісі – жалпы фольклорлық дәстүрді пайдалану, атап айтқанда, суреттелетін оқиғаның кеңдігі, батырлық дәріптеу, нақтылы тарихи деректер мен өмір көріністерін ертегілік қиялмен және көркем оймен үйлестіру. Сондай – ақ дастан өлшеміннің өзіндік ерекшеліктері: образ сомдаудағы және кейіптеудегі даралау мен айқындау, психологиялық тартыс, нақтылық пен бедерлілік белгілері арқылы көрінеді.

Қазақтың діни дастандары – халқымыздың рухани әлемінде ерекше орын алған, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде ерекше қызмет атқарған фольклорлық жанр; олар ислам құндылықтарының жалпы адамзаттық моральдық қағидалармен сәйкес келетін тұстарын суреттеуімен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі. – Мәдине, 1991.
- 2 Грюнебаум Г. Э. фон. Классический ислам. – М., 1986. – С. 52.
- 3 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – Б. 96.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ СӨЗДІГІНІҢ ТІЛДІК ҚАБАТЫ

АТАЖАНОВА Б. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТРУШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының сөздік құрамы екі қабаттан тұрады. Олар қазақтың төл сөздері және кірме сөздер. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілі төл сөздер мен орыс және араб-парсы сөздерінен тұрады. Парсы, араб, шағатай тілдерін жетік білген

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы кірме сөздердің денін араб пен парсы сөздері құрайды. Араб-парсы сөздері барлық ақындарда бірдей қолданылмайды. Оларды қолдану жиілігі сөздік қоры мен сөз саптау ерекшеліктеріне байланысты. Араб-парсы сөздері барлық ақындарда бірдей қолданылмайды. Араб-парсы сөздерінің қолданылу жиілігі, біріншіден, олардың сөз еткен тақырыптарына байланысты. Бұл туралы Р.Сыздық: «Халық көтерілісін немесе сол көтерілістің басшыларын, я болмаса кара басының хал-жағдайын сөз еткен өлеңдерде араб-парсы сөздері кемірек ұшырайды» – деген [1, 178 б.]. Екіншіден, араб-парсы сөздерінің қолданылу мөлшері ақын-жыраулардың сауаттылығына байланысты. Араб-парсы сөздері мұсылманша хат танитын, діни сауатты адамдардың тілінде жиірек кездеседі. Себебі, ислам дінінің өзі араб тілінде жеткендіктен, мұсылманша хат танитындардың араб тілінен хабары болары анық. Мәшһүр Жүсіп 5 жасынан бастап молдадан дәріс алған. «Қамар хазіретке 8 жасында кездескеннен 15 жасқа дейін 7 жыл рухани жолдасы болады. Өз бетімен білімін жетілдіреді. Дінге, ғылымға ден қояды» [2, 7 б.]. Ендеше, Мәшһүр Жүсіптің тілінде араб-парсы сөздерінің жиі қолданылғаны діни сауаттылығына, дінді насихаттауына байланысты.

Мәшһүр Жүсіп тіліндегі қолданылған кірме сөздерді, дәлірек айтсақ, араб-парсы сөздерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Мұсылманша діни ұғымдарды білдіретін сөздер және дінге қатысы жоқ сөздер. Бұл екі топтағы сөздердің тілге сіңісіп кету дәрежесі де екі түрлі. Бірі - қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тіліне ертеден еніп, әбден сіңісіп, қазақтың өз сөздері болып кеткен сөздер. Екіншісі – халықтың сөйлеу тіліне тереңдеп енбеген, тек дінге қатысты қолданылатын сөздер. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің *Ағузу Биллах кәрім Рахман, Қорқынышым көп, қыламын ахлу ағлам; Аяттан сөз қозғадым ақындықпен, Барады-ау өтіп күнім гапідікпен; Періштелер шығарады жаназасын, Білмей алып, көтереді сол мазасын; - Жұмақтан әуелі, Адам, сен шық! – дейді, – Тұруға енді мұнда жол жоқ! – дейді; Су алып өз қолыңнан, мейірің қанып, Құдықтан зәмзәм Шариф тойғанша іштің!; Үндерде не жақсы: – Құран үні! Түндерде не жақсы: –Қадір түні!; Басқаны қажы ісінен қылдың харам, Шарттарын кітап айтқан айлап тамам; Дүниеде ешбір кәләм ауызға алмай, Ләә иләһә иллә Аллах тілден салмай* – деген қолданыстарындағы ерекшеленіп көрсетілгендер дінге қатысты сөздер. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы діни лексикаға түсінік берген профессор А. Тұрышевтің зерттеуіне сүйенсек, ағузу

– діни лексикасы сиыну, кашу, көмекке жүгіру деген мағыналар берген. Құран оқығанда, намаз оқығанда, шарифатқа қайшы қылықтар жасаудан сақтанғанда «Ағузу биллаһи минашайтаани раджим» яғни «Қуылған шайтаннан Аллаһқа сиынамын» деп дұға оқиды. Аят – қасиетті Құран сөзін білдіретін толық сөйлем. Құранда 6666 аят бар екен. Жаназа – мұсылмандардың қайтыс болған адамға арнап оқитын намазының атауы. «Өлген адамның жасына қарай жаназа намазының мазмұны түрліше болып келеді. Діни наным бойынша, көмелетке жеткен адам ғана «күнәкар» болады. Адамның «күнәға» ұшырайтын кезі еркектер үшін 12 жастан, әйелдер үшін 9 жастан басталады. «Күнә» жасына жетіп өлген адамға оқылатын жаназа бұл жасқа жетпей өлген адамға шығарылған жаназадан басқаша болады. Жаназа Орта Азия мен Қазақстанға ислам діни арқылы 8 ғасырда тараған. Ислам діни тәлімі мен шарият заңдары бойынша, марқұмға әуелі жаназа оқылып, кейін жерлеуге рұқсат етіледі» [2, 98 б.]. Жұмақ – діни наным бойынша адамның о дүниеде мәңгілік рахатта болатын орны. Зәмзам – Меккедегі қасиетті құдық. «Қағбадан онт. – шығысқа қарай 20 м жерде, Бани Шайба есігінің қара тасқа (Хажар ул-Асуад) қарама-қарсы орналасқан. Үсті күмбезбен көмкерілген бұл қасиетті құдықтың тереңдігі 42 м» [2, 98 б.]. Қадір түні – ең қасиетті және сауабы мол түн. Пайғамбарымыз «Кім қадір түнінің сауабына сеніп, шын көңілімен құлшылық істейтін болса, Аллаһ бұрынғы күнәларын кешіреді» деген. Ал қажы – мұсылманның бес парызын орындаған кісі. Ләә иләһә иллә Аллаһ – діни сөйлемінің мағынасы: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ». «Ислам дінін ұстанушы ұғымында бүкіл әлемді, жалпы он сегіз мың ғаламды жаратқан ол Аллаһ» [2, 122 б.]. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында діни кейіпкер Біләл аты көп айтылады:

Қадамды тақсыр Біләл басқан екен, Басқадан шарапаты асқан екен; Өзгеден ол Біләлді сүйіп алған, Бұл сөзім кітапта бар, емес жалған; -Сіздерді бағыштадым Біләлға! – деп, Хорларға пайғамбарым айта салған; Адам жоқ бұл жаһанда Біләлға тең, Құданың рахыметі мол, құдіреті кең.

«Біләл – қара нәсілділердің арасында ең алғаш Ислам дінін қабылдап, мұсылман болған адам». Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінде Біләл жайлы жиі айтылады. Мәшһүр Жүсіп шығармалары бойынша жоғарыда талданған лексикалық бірліктердің барлығы дінге байланысты сөздер. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп тілінде халық тіліне тереңдеп еңбеген, сирек қолданылатын әрі діни лексикаға жатпайтын сөздер де бар. Ақынның «Сарыарқаның кімдікі екендігі»

өлеңіндегі *Ингам деп медаль, наград ала берді, Өз басы аман, жұртты отқа сала берді; Пайдасын милләтінің түгел ұстап, Жұрт қамын түптеп тартып қозғайтұғын; Сенікіне муафук тілегені, Айлас, мұңдас сол көптен табылады* деген жолдарындағы ерекшеленіп берілген үш сөз де араб сөздері. Ингам – сыйлық, жақсылық мағыналарында; милләт – халық, ұлт мағынасында; муафук – сәйкес, үлесімді мағынасында жұмсалған. Бұл келтірілген сөздердің дінге қатысы жоқ. Ингам, милләт, муафук сөздері қазіргі әдеби тілде қолданылмайды. Бұлар 15–18 ғасырлардағы және 19 ғасырдағы әдеби тіл үлгілерінде ішінара қолданылған. Қазіргі қазақ әдеби тілінде мүлде қолданылмайды. Дегенмен, қазақ әдеби тілінде норма болып қалыптаспағанымен, көркем шығармалар тілінде белгілі бір стильдік қызметті көздей жұмсалатын кездері болады.

Кірме сөздерге тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен жасалмай, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан ауысқан сөздер жататыны белгілі. Халық арасындағы сөз ауысу екі жақты болатын құбылыс. Қазақ тілі басқа тілдерден сөз қабылдап отырса, ол тілдерге қазақ тілінен де сөздер ауысып отырған және тілдердің арасындағы аралас-құраластық үнемі жалғасын тауып отыратыны да өзгермес заңдылық. Мәшһүр Жүсіп шығармалары тіліндегі көптеген кірме сөздер араб-парсылық лексикалық бірліктер болса, қазақ тілінен араб-парсы тілдеріне енген көптеген түркілік сөздер бар. Лексиколог-ғалымдар І. Кеңесбаев пен Ф. Мұсабаевтың пікірінше, аң-құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сондай-ақ араб-парсы тілдеріндегі *орда, ақша, қылыш, қонақ, адырна, сорпа, қаймақ, ұлыс, олжа, қамшы* және т.б. зат атаулары, *ұлы, қызыл* және т.б. сын атаулары да түркі тілдерінен ауысқан. Бұл келтірілген сөздер олардың тіліне еніп өз сөздеріндей қолданылып жүрген сөздер. Осы сияқты әдеби тілдің қатарына еніп кеткен кірме сөздер біздің де лексикалық қорымызда молшылық.

«Заман ағымы мен қоғам өзгерістеріне байланысты тілдегі ауыс-күйістік жалғасын тауып отырады. Тілдің қоғамға қызмет ететіні аян. Тіл шағын адамдар тобынан құралған рудан бастап, бірнеше миллиондаған адамнан құралған үлкен қоғамға қызмет етеді. Тіл мен қоғамның тығыз бірлікте, егіз ұғымдар екені алғаш социологиялық мектепті қалыптастырушылардан бастап айтылып келеді. Содан бері тіл мен қоғам бірлігін жоққа шығарған бір де бір зерттеуші жоқ десек те болады» [3, 12 б.]. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы кірме сөздерді қарастыра отырып, тілдің қоғаммен, халықтың әлеуметтік жағдайларымен, қоғамда ұсталынып

отырған саясатпен тығыз байланыстылығына көз жеткізуге болады. Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген кезең 1858–1931 жылдар аралығы. Мәшһүр Жүсіптің осы дүниеде өмір сүрген бір ғасырға жуық, дәлірек айтсақ, 73 жыл өмірінің ішінде казак халқы талай тарихи кезенді басынан өткерді. Патша заманын, кеңес билігін көрді. Ұлт азаттық көтерілісін, 1923–1928 жылдардағы колхоздастыруды, 1929–1931 жылдардағы аштықты өткерді. Ақын халықтың басынан өткерген зұлмат кезеңдеріне куә болып, өзі де соның салқынын көрді. Казактың басынан өткен тарихи оқиғалар Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында көрініс тауып, тілінде өрнектелді. Ақын өлеңдеріндегі: *Сабатың ай-айғырды қан сорпа қып, Чиовник кырып-жойды жүрген елде* (4т.18); *Тауықтың қоразындай кокиланып, Боктайды стражник тұрып төрде. Протокол жасаймын деп тілмаш айтар* (4т.18); *Заң, закон шариғаттан адастырып, Би шықты козы қарын формы жоқтан. Кіргізіп дін жолына партиясын, Жем болып ақыл сурап әр ұлықтан* (4.т.19); *Тарылтып аймағыңды крестьян, Іргеңнен атак коныс мұра шықты* (4т.19); *Казакты, бір начальник, өтсе аралап, Шығын деп жияды ақша үй басынан* (4т. 22) деген жолдарындағы чиновник, стражник, протокол, закон, партиясын, крестьян, начальник орыс тілінен енген кірме сөздер болуымен қатар, сол замандағы шындықты танытатын қоғамдық-саяси лексика. Кеңес жылдарындағы казак тіліне енген орыс сөздерінің көпшілігі қоғамдық-саяси лексика болып келеді.

Қазак әдеби тілі лексикасына орыс сөздерінің ене бастауы туралы әдеби тіл тарихын зерттеуші Р.Сыздық: «XIX ғасырдың басынан бастап, 60-70 жылдарына дейінгі казак тілінің алдыңғы кезеңдерден бір айырмашылығы – оның лексикалық құрамына орыс сөздерінің ене бастауы. Казакстанның кей жерінің Ресейге бағынуына байланысты халықтың күнделікті өмір тіршілігінен бастап, әкімшілік, сот-заң т.б. салаларға қатысты жаңа зат, ұғым атаулары орыс тілінен алына бастады. Ғасырдың алғашқы 20-30 жылдарының ішіндегі әдебиет үлгілерінде орыс сөздері әлі де өте аз», – дейді [1, 176 б.]. Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1931 жылға дейін жазылғандықтан онда орыс сөздері аз жұмсалған. Ал колданылған орыс сөздері әкімшілік, заң-сот істеріне байланысты лексикалық топты құрайды.

Лингвистикалық зерттеулерде орыс тілінен сөз ауысу үш кезеңге бөлінеді. Олар:

Бірінші кезең- XVI дейінгі кезең (бұл кезеңде орыс тілінен енген сөздер өте аз болды).

Екінші кезең – XVI-XIX ғасырдың бірінші жартысын қамтитын кезең(бұл кезеңде орыс тілінен сөз ауысу әжептәуір жандана түскен).

Үшінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысы (орыс сөздерінің молынан және жазба әдебиет арқылы ене бастаған кезеңі) [4].

Мәшһүр Жүсіптің шығармалары екінші кезеңге жатады. Ақын өлеңдері мен түрлі жазбаларында колданылған орыс сөздеріне мысал келтірсек:

Сол түнде жазғырушы толып жатыр,
Шайтан да помогайтшы болып жатыр.
Құда түсер, бата оқыр сықылданып,
Он, он бесі бір үйде конып жатыр(4т. 14).
Немесе:
Публик боп бұл манифест шашылса деп,
Күн көзі бұлт жоқ боп ашылса деп.
Кітабы мұсылманның жиған, терген
Ерікті боп, цензорсыз басылса деп(4т.72).

Келтірілген сөздер әуелі ауызекі сөйлеу тіліне еніп, көркем әдебиетке одан кейін келгендіктен бұл сөздер ауызекі тілдегі нормасымен қабылданған. Көпшілік сөздер түп қалпын сақтамай казак тілінің дыбыстық заңдылығына бағынып, өзгерген. *Помогайтшы- помогать; публик –публиковать; цензорсыз –цензура* сөздерінің ауызекі тілдегі колданылған көрінісі.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тіліне зер сала келе, кірме сөздердің молдығына, соның ішінде алдыңғы кезекте араб-парсы сөздері, одан кейінгі орында орыс сөздері тұрғанына көз жеткіздік. Ақын казак тіліне жігі білінбестей болып сіңіп кеткен сөздермен қатар, сирек кездесетін лексикалық бірліктерді де колданған. Сирек колданыстағы сөздерге діни лексикаға жататын сөздер жатады және ол топтағы сөздер Мәшһүр Жүсіпте өте кең түрде колданылғанын тілдік талдаулар жасай отырып анықтадық. Қорыта келе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары өз заманындағы казак әдеби тілінің лексикалық сипатын танытатын туындылар деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Казак әдеби тілінің тарихы. – Алматы. «Арыс» 2004. – 288 б.

2 Тұрышев А.К. Мәшһүр Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары. Оқу құралы. Павлодар. «Кереку» 2009. – 193 б.

- 3 Кадырова Б.М. Элеуметтік лингвистика. Павлодар. 2009. – 109 б.
- 4 Мусабаев Г. Современный казахский язык. Алма-ата, 1959 Ч. I С.47
- 5 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 4 том. Павлодар. «ЭКО» ҒӘФ, 2004 – 535 б.

ЭПОСТАРДЫҢ ЖАСТАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

АУБАКИРОВА М. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі, Ертіс ауд. Павлодар обл.

Мазмұнының тереңдігі, оқиға желісінің қызықты құрылуы, көңілге қонымдылығы батырлар жырының басты ерекшеліктері болып табылады. Негізгі идеясының батырлықты, ерлікті дәріптеуі, ондағы басты кейіпкер батырдың ер жүрек, өжет, намысшыл, адал, сөзіне берік, адамдық қасиеті мол қайырымды болуы оқушының сезімін қозғайды. «Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары батырлық эпостардан көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі» [1, 9 б.]. Батырлар жырының ауызша таралып, бүгінгі уақытқа дейін жетуі оның көкейге қонымды, тілге жеңіл болуымен де байланысты, яғни халық ерекше ықыласпен тыңдап, тебірене сезініп жадында сақтаған.

Бұл жырлардың көпшілігі халықтың отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-өңгіме, жырына қосқан. Сондай-ақ, халық адал еңбекті, еңбек адамдарының көпшілік үшін жасаған істерін де жырлаған, оған да ерлік сипат берген. Еңбек адамдарының ерлік ісін ел қорғаған батырлықтың ісінен кем санамаған. Халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. ‘Сондықтан да батырлар жыры өзінің қалыптасып даму процесінде көптеген өзгерістерге ұшыраған; әрбір тарихи кезеңнің, қоғамдық-сананың, көзқарастардың аздаған әсерін бойына жинай берген.

Тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Батырлық жырлардың осы өзгешелігіне байланысты ғылыми ортада көптен бері түрлі тұжырымдар орын алып келеді.

Жұмыстың басты мақсаты – Орталық Азияның жерінде пайда болған батырлар жырларына талдау жасау. Жұмыстың басты міндеттері: батырлар жырының бізге беретін тәрбиелік маңызын көрсету, жырлардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын сипаттау. Жұмыс кіріспеден, негізгі төрт бөлімнен, қорытындыдан тұрады.

Батырлық жырлар – ең алдымен көркем шығарма. Ол өзінің жанрлық нысанасына қарай шындықты өзінше қорытып, оны өзінің көркемдік өзгешелігіне қарай өріп отыратыны даусыз. Эпостық жырлар адамзат қоғамының тарихи даму үрдістерімен бірге жасап келеді. Осыдан болса керек, эпостық жырларды кейде тарихи кезендерге қарай топтастыру орын алып келе жатыр.

Батырлар жырындағы сүйікті кейіпкерлерінің ерлікке толы әрекеттері кез келген баланы батырдай болсам деген арманға жетелейді.

Қырық мың атты қызылбас
Қырық кісідей көрінбес
Батырыңның көзіне
Тікелеп атқан оқтары
Тікенектей қадалмас
Көблекеңнің жүзіне.
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Қатуланып қаттанды,
Буырқанып бұрсанды,

Мұздай темір құрсанды [2, 58 б.]. Қобыландының нағыз ержүрек батырға тән ерекше бітімі, мындаған жау әскерлерімен жалғыз өзі шайқасып, жеңіске жеткен, айбарынан жауы сескенген ер тұлғасы оқушыны айрықша сезімге бөлеп, рухтандырады сөзсіз.

Енді бала алшандап,
Қайраты тасып қалшылдап,
Қойға шапқан бөрідей

Жан-жағына ырсылдап,
Әлемді алды айбаты

Қабыландай арсылдап, – деген Алпамыс батырдың да әсерлі теңеулермен берілген ер келбеті оқушысын шабыттандырмай қоймасы анық. Мұндай бейнелеулерді әрбір қаһармандық жырдан кездестіреміз. Мұның барлығы жасөспірім баланы әсерлендіріп, бойына патриоттық сезімнің дәнін сеуіп, жақсыға еліктеушілік, соған ұмтылушылық қасиеттерін қалыптастырады. Осындай батыр бабаларының ұрпағы екендігіне мақтанып, ұлтына деген сүйіспеншілігі артады. Батырлар жырын оқыған бала өзі де ерлік әрекеттер атқарғысы келіп, қандай жағдайда болмасын үй-ішін, туған-туыс, жора- жолдасы, ауыл-аймағын, яғни бір сөзбен айтқанда Отанын қорғар азамат болуды армандайды.

Алпыс үйлі Арғынның. Тоқсан үйлі Тобырдың Ашыққанын тойғызды. Батыр туған Қамбардың, Тимеді жоққа зияны [3, 46 б.]. Мұнда ағайын-туыс, ауыл-аймағын аң аулап асыраған жігіт тұлғасы керінеді. «Отан отбасынан басталады» деген халық даналығы. Ата-анасына, ағайын-бауыр, көрші-қоланға қайырымдылық жасап, қамқор бола білген бала ел-жұртына, Отанына да адал қызмет істейді. Ноғайлы эпосы «Батыр Мамай Қанды Орақ» жыр жаумен ұрыста жараланған Қарасай інісі Қазыға: Айналайын шырағым, Жаудан аман шығармын. Айналайын Қазыжан, Мені қорғап жүргенде, Өзін түсіп қаларсың, Жауда қалған ағанды, Бұл дүниеден таппасаң, Акіретте табарсың, деп [4, 105 б.] Өзі жауда қалса да, бауырым аман болса деп қам жейді. «Камбар батыр» жырында «Кедейсің деген кісіге Қылмайды батыр намысты» деп ер жігіттің намысы дәулетімен емес, адамгершілік, ар-ожданымен өлшенетіндігі көрегендікпен дәріптелген. Қаһармандық жырда батырдың жары да өзіне лайықты етіп сомдалған. Арулардың сән-салтанаты, әсемдігі, кербездігі, қылығы, ақыл-парасаты, махаббатқа адалдығы қыз баланың тәрбиесінде баға жетпес құрал болып саналмақ. Екі көздің жанары с уда жатқан гауһардай, тістерінің ажары қатар тізген маржандай [4, 164 б.], – деп қыздың сұлу ажарын дүниедегі ең бағалы асыл тастарға теңеп, салыстыра суреттейді. Мұндай теңеулі суреттеулер батырлық жырлардағы арулардың барлығына дерлік арнап берілген. Алайда жырларда арулардың тек сұлу мүсіні ғана емес, олардың терең талғамы, қадір-қасиеті, сондай-ақ ер азаматқа бергісіз батырлық, ерлік іс-әрекеттері де сипатталады. Пәк мінезімен, адал көңілімен, сынғырлаған күлкісімен, ілтипаттылығымен баурап алар нәзік қыздар ел басына

күн туғанда жұртының бірлігін ойлап, ел намысын қорғауға ерлердей белін бекем бұған сәттер аз болмаған. Халық арасындағы ежелден қалыптасқан ұғым бойынша еркекке бергісіз әйелдердің болғандығын жоққа шығармайды. Қайта ақылдылық, тапқырлық, адалдық және көріктілікпен аты аңызға айналған әйелдерді барынша дәріптей де білетін. Бұған ауыз әдебиетінде кездесетін көптеген тамаша кейіпкерлер бейнелері толық дәлел болғандай» Бұған «Қырық қыз» дастаны мысал бола алады.

Батыр туған Қаншайым,
Беліне садақ байлаған,
Басын тігіп өлімге,
Халқыныңқамын ойлаған.
Айбаттана ақырып,
Көреді де сөйледі.
Ақылды туған Қаншайым
Сөйлегенде бүй деді... .
Қаншайымдай батыр қыз
Қыздарын ертіп ізіне,
Түлкі жортпас түлейден
Түнде жүріп келеді.
Небір биік таулардан
Іркілмей өтіп келеді.
Қаншайымдай батыр қыз
Дұшпанға ерік бермеді.
Жаркылдақ өткір қылышын
Қарсы жауға сермеді.

Бахтияр ханның ерке қызы Қаншайымның ел аралап, қыздар жинап, оларға соғыс қимылдарын, түрлі амал- айдаларды үйретуі, елін шапқан қалмақ басқыншыларынан өш алуы баяндалады. Жырда қыздар қиян-кескі соғыста жаумен шайқаста ғана емес, жырдың оқиға желісіне орай асқан ақылдылығымен, сабырлылығымен, қайырымдылығы- мен, әділдігімен, адамгершілігімен де жан-жақты көрінеді. Жеке басын ғана ойламай, ел-жұрты үшін өзін құрбан етуге даяр ару Қаншайым көшпенділік заманындағы қайсар да батыл қазақ қыздарының жиынтық бейнесіндей. Қай қоғамда болмасын өскелең ұрпақтың болашағы аландатқан болса, бұл тұрғыда халықтық асыл мұраның алатын орны айрықша.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жарыкбаев К., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – А. : «Санат», 1995. – 122 б.
 2 Батырлар жыры. 1-том. – А. : «Жазушы», 2006. – 300 б.
 3 Батырлар жыры. 2-том. – А. : «Жазушы», 2006. – 300 б.
 4 Рухани мура. 1-том. Қазақтың ерлік эпостары (Кемекші курал-хрестоматия). «Батыр Мамай - Қанды Орақ», «Қырық қыз», «Алақай батыр». – А. : «Жазушы», 2006. Құраст. Кыдырәлі Саттаров. – 285 б.

ХҮІІІ–ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨРКЕМ СӨЗ ӨКІЛДЕРІНІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

АУБАКИРОВА М. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі жалпы білім беру мектебі, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Бұқар жыраудың, Шортанбай, Дулаттардың діни толғаулары өз замандастарына, болашақ ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы өте зор. Сөзіміз дәлелді болу үшін осы жоғарыда аталған ақын- жыраулардың өлең-толғауларынан мысал келтіре кеткенді жән көрдік. Аталмыш өнер иелерінің шығармашылығының басты сарыны – елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Қазақ қауымының бірлігі мен тұрақтылығын қалыптастыру үшін Ислам дінінің қажет екендігін жыраулардың қадап айтқанын толғауларының мазмұнынан байқаймыз.

Қасиетті Құранды жетік білген ақындардың ең басты тақырыптары – ислам дінінің адамгершілік, имандылық тұстарын дәріптеу болды. Кітаби ақындар ақиқатты, хақ дінді өз шығармаларында жырау арқылы, ислам дінінің қазақ жерінде тарауына зор ықпал етті. Араб әдебиетін байланыстыра жазылған шығармалар, жырлар мен қисса-дастандар әсіресе ХІХ ғасырдан күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Кеңес өкіметіне дейін көптеген діни тақырыптағы, шығыс, араб үлгісіндегі өлеңдер жазылды. Кітаби ақындар шығармаларының негізгі тақырыбы қазақ еліне дінді, имандылықты таныту деп білсек, мұның өзі Құран Кәрім мен Мұхаммед пайғамбардың қасиетті хадистерінің негізінде шыққанын, сондағы діни уағыздардың мәні бар мәселелерді зерделеп пайымдағанын, қазақ елінің таным-түсінігіне сәйкес келетіндей етіп түсіндіргенін, қазақ ұғымына тән эпикалық сипатқа көшіріп бере алғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. [1, 38 б.]. Демек, бұл кезеңдегі кітаби ақындардың ақиқат пен шындық

жолындағы таным-түсініктерінің негізінде жатқан ортақ тағылымды екі әдебиет арасындағы, яғни араб-қазақ әдебиетінің сабақтастығы, байланысы деп түсінеміз.

Әсіресе, Бұқар жырау Қалқаманұлының толғауларында көп кездеседі. Мысалы, «Бірінші тілек тілеңіз» толғауын бөліп атауға болар еді. Бас-аяғы он бір тілектен тұратын бұл толғауда Бұқар өз дәуіріндегі адамдардың ой-тілегі мен арман-мұратын жинақтап беруге талаптанады. Мұнда Аллаға деген сүйіспеншілік, құлшылық пен бес уақыт намаз, тыныштық пен адамгершілік, адалдық, тазалық болып келеді. Мысалы:

Бірінші тілек тілеңіз,
 Бір Аллаға жазбасқа
 Екінші тілек тілеңіз,
 Ер шұғыл пасық залымның
 Тіліне еріп азбасқа.
 Үшінші тілек тілеңіз,
 Үшкілсіз көйлек кимеске.
 Төртінші тілек тілеңіз,
 Төрде төсек тартып жатпасқа.
 Бесінші тілек тілеңіз,
 Бес уақытта бес намаз,
 Біреуі қаза қалмасқа [2, 14 б.].

Жырау ұсынған игі тілектер тізбегінің екеуі Ислам дінінің шарттарына арналған. Ұлы жырау Бұқар шын ықыласпен Алла тағаланың барлығына нанып, иман айтып жүру керектігін толғау жолдарымен былай өрнектеген:

Күллі әлемді қаратқан,
 Ең алдымен Алланы айт.
 Бойына жан таратқан,
 Аты жақсы тәңірді айт.
 Төрт шадияр Мустафа,
 Кітап ашқан ғалымды айт.
 Мұхаммедтің аяты,
 Алла сөзі Құранды айт
 Пайғамбардың сүннеті,
 Бес уақытты намазды айт.
 Тәңірім салса аузына,
 Жан жолдасың иманды айт.

Мұндай толғау жолдарын біз оның өсиеттері қатарында қарауымыз керек. Немесе:

Ибраһим Халил жасады,
Тәңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бейнамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайына құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,

Құдай тағалам өзі берер несіпті.... деген толғау жолдарында Бұқар он сегіз мың ғаламның патшасы бір Алла екеніне шүбә келтірген емес, қайта жалғыз жаратушының құдіретін сүйіспеншілікпен жырлаған. [2, 18 б.]. ХҮІІІ ғасырдағы ақын-жыраулар өз толғаулары арқылы елді бірлікке, ынтымаққа, елді, жерді қорғауға шақырса, ХІХ ғасырдың бас кезіндегі ақындар дүниенің тарылғанын, ақырзаманның тақалып, ел басына қара бұлттың үйірілгенін айтып ашына толғайды.

Осы дәуірдегі ақындар жайлы академик М. Әуезов «Зар заман» деген ХІХ ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй сарынын бір арнаға тұтастырғанда жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деп ат қойдық. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады. Қазақ халқының берекесіздігі, бұрынғы мінезінен айырып бара жатқандығы, барлығы да зарлы сарынмен айтылып өтеді. Әрине, аталмыш ақындар осы әділетсіздік, зұлымдық, жауыздық жайын сынағанда дін, шарифат талаптарымен ұштастырады. Мәселен, Шортанбай ақын:

Әділ деп соны айтыңыз,
Тұрасың қисық бұрмаса.
Бұйрықсыздың бәрі харам,
Шаригатқа сыймаса...
Құдайдан қорыққан мұсылман,
Қарауыл қояр сөзіне,
Құдайдың барын білмеген,
Алдындағы жолығар,
Құдайдың құрған мезіне, – дейді [3, 34 б.].

Адамның күнәдан өзін аулақ ұстау жолдарын айтып, имандылық сипатын жырлайды. Шортанбай ақынның өлеңдеріне байыппен үңілсек, діни сауатты адам болғаны байқалады:

Келе жатыр жақындап,
Ай мен күннің арасы.
Таңда мақшар болғанда,
Таразыны аударар.
Залымныңюңқалған күнәсі,
Әлімнің қылған зинасы.
Құбыласын білмеген адамның
Кешпеді деді құдайым,
Бес намазыныңқазасын,
Құрт-құмырсқа, жын-шайтан
Кетіреді оның мазасын.
Тозақтың белгісі,
Қалғанға бар арасын
Мұсайтып қылмас құдайым,
Ол зәлімнің дұғасын
Сақта құдай сонан деп
Сол себептен қорқамын.
Ой жіберіп, оқып қарасақ ақын сөзінің мағынасы тереңде.

Сондықтан Шортанбай ақын:

Кешпеді деді құдайым,
Бес намаздың қазасын.
Құрт-құмырсқа, жын-шайтан,
Кетіреді оның мазасын, – дейді.

Ал сол бір тар заманда өмір сүрген Мұрат ақын елдің жерінен айрылып, аңыраған хал-жайын былай деп күңірене толғайды:

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борылмай иілген
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін.
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін,
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сұр реңін [4, 69 б.].

Халықтың рухани байлығы - дінінен айрылып, енді бала екені қыз шешені тындамайтын жағдайды бастан кешіп отырғанын жоғарыдағы ақындар қатты күйзеліп, өз туындыларында заман реңін шынайы сыншылдықпен толғаған [5, 64 б.]. Яғни, зар заман

ақындары да, жыраулар да тәрбиенің арнау көзі Ислам діні екеніне шүбә келтірмеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы : Жазушы, 2005. – 283-б.
- 2 Зар заман: Жыр толғаулар / Құраст. С. Дәуітов. – Алматы: Жалын, 1993. – 176 б.
- 3 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. – 1-т. – Алматы: Жазушы, 2004. — 400 б.
- 4 Шортанбай. Келер заман // Жұлдыз. – 1992. – № 12. – 130–134-б.
5. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры: Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер. – Алматы : Жазушы, 1970. – 63 б.

ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

АУБАКИРОВА М. А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
МУТАЛИЕВА Р. М.
ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ прозасы – түрлі әдістер мен ағымдардың: реализм, модернизм, постмодернизм, деректі және натуралистік эстетика, «әдеби арандатушылық» элементтерінің өзіндік диалог алаңы. Бұл бағыттар көлемді және шағын прозалық (романдар, повестер, әңгімелер) шығармаларында айқын көрінеді және зерттелген авторлардың көпшілігінің шығармашылық тәсіліне тән, бұл біздің ойымызша олардың үлкен көркемдік-эстетикалық перспективаларын айқындайды [1].

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік бағдарлары өткен дәуірлерден айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар терең эстетикалық өзгерістердің болуы мен динамикасын, соның ішінде инновациялық бағыттар мен көркем-эстетикалық кешендердің пайда болуын (атап айтқанда, дамыған модернистік, постмодерндік, мифологиялық, натуралистік, деректі және басқа да дискурстар), дәстүрлі жанрлардың өзгеруін, шығарманың поэтикасының маңызды категорияларын (бейне, қаһарман, кейіпкер, композиция, сюжет) көрсетеді.

Қазіргі қазақ прозасын дамытудың негізгі бағыттарын, оның ішінде эстетикалық-дүниетанымдық жаңашылдықтарды түсіндіруді түсіну, талдау және ғылыми дәлелдеу тұрғысынан дәстүр мен жаңашылдықтың іргелі проблемасы қайта жанғыртылуда. «Дәстүр» мен «Жаңашылдық» терминдерінің мағынасы бастапқыда олардың белгілі бір әмбебаптығын, полисемиялық, танылған классикалық дәстүрлер мен дәстүрлер арасындағы салыстырмалы түрде «жаңа» қатынастарды, әлемдік және ұлттық эстетикалық кешендердің өзара байланысын ашуға бағытталған.

Зерттелетін кезеңдегі ұлттық әдебиет аясындағы қазіргі проза өкілдері: Б. Нұржекеев, Қ. Мұбарак, А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай, А. Жақсылықов, А. Кемелбаева, Қ. Әбілқайырұлы, М. Омарова, Л. Қоныс, және басқалар. Бай ұлттық және әлемдік дәстүрге сүйене отырып, қазақ авторлары жаңа дискурстық және эстетикалық-дүниетанымдық парадигмаларды ашып, табысты игеруде. Өз шығармаларында олар әртүрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді: заманауи, постмодерндік, неомифологиялық, неосимволдық тәсілдерді қолданады. Осылайша қазіргі жазушылар қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтере түскенін байқаймыз.

Тақырыптық тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ жазушылары әлеуметтік мәселелерді көтереді. Солардың ішіндегі ажырасу, пәтер және жұмыссыздық пен еркіндік, денсаулық мәселелері бүгінгі әдебиеттегі негізгі тақырып болып отыр.

Бексұлтан Нұржекеев өзінің «Ерлі-зайыптылар» романында әлеуметтік мәселелер туралы әңгімелейді. Жазушы басты кейіпкерлердің өмірі арқылы өмір тек қуаныштан, бақытты сәттерден ғана емес, өмірдің келеңсіз тұстары да болатынын кейіпкерлері арқылы түсіндіре алды. Өз бақытының арқасында ауыл үйінің сөздерін, әкесі мен анасының ар-намысын жоғары бағалайтын қазақ қыздары өз бастарын құрбан етеді – бұл өмірде кездесетін нәрсе. Жазушы ерлі-зайыптылар арасындағы шиеленістің нәтижесінде пайда болған сан-сұрақ арқылы осы саладағы ғана емес, өмірдегі, үлкен маңызы бар әлеуметтік мәселелерді де анықтай алды. Жас отбасылар отбасының ыдырауының жалғыз себебі әлеуметтік мәселе болса, шағын мемлекетті сақтау біздің үлкен мемлекетіміздің басты мәселесі болып табылады. Бір қарағанда бір отбасының ішіндегі кеңістікті байланыстырған шығарманың кейіпкерлері типтік бейнелер екенін көреміз. Себебі олардың бейнесі арқылы бір адам емес, мыңдаған жастардың жинақталған образын көреміз. Жоғары оқу орнын бітіріп, өмірге жана жолдама

алған жастарға мемлекеттен көмек болмаса, шалғайда жатқан зейнеткер әке-шешеден қандай материалдық көмек ала алады [2].

Қойшыбай Мұбарактың «Пәтер» атты көркем прозасының да негізгі тақырыбы – қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік жағдайы. Әңгіме қызықты оқылады және оқырманды бірден баурап әкетеді. Себебі, бұл – ауылдан, кең даладан қым-қуат тіршіліктегі қалаға келген қара көз қазақ баласының бір баспанаға зар ауыр халі. Әңгіме кейіпкер атынан баяндалған. Диалогқа құрылған. Қазақ жастарына мынау нарық заманында үлкен, кіші қалалардаң жайлы пәтер алу – арманнан ары, жеті қат көктегідей қол жетпес қиял деген сөз. Әңгіме соңындағы өз ернін өзі қыршып, қаны бүрк еткен кейіпкердің көңіл-күйі – Қазақстандағы талайларға етене таныс ауыр әлеуметтік зардап суреті [3].

Ш.Құмарованың «Қостаған» әңгімесінің негізі Кеңес империясы құлаған және тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік тұрғыдан әлсіз, өтпелі кезеңдегі халықтың өмірі болды. Жазушы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығындағы экономикалық құлдырауға байланысты халықтың әлеуметтік жағдайы тым төмендегенін суреттеген. Балалар мектепті бітіреді, төртіншісі жаңа ғана мектепке барды және төртеуі де мектеп жасындағы отбасы мүшелерінің өмірі арқылы осы аймақтағы халықтың жағдайы туралы хабарлайды.

Ш. Құмарованың прозасына Кеңестік империя ыдырап, тәуелсіз Қазақстанның аяғынан тік тұра алмай жатқан өтпелі кезеңіндегі халықтың тұрмысы негіз болған. Жазушы ХХ ғасырдың соңғы онжылдығындағы экономиканың құлдырауынан халықтың әлеуметтік жағдайы тым төмендеп кеткенін бір отбасы төңірегінде суреттеген. Балаларының алды мектеп бітіргелі отырған, төртіншісі мектепке жаңа барған, төрт баласы да мектеп жасындағы жанұя мүшелерінің тұрмыс-тіршілігі арқылы сол тұстағы халықтың жағдайынан хабар береді [4].

Асқар Алтайдың прозалық шығармаларында қоғамдық шындықты ашық жеткізу арқылы оқырман көңіліне ой салу, өкініші зор әрекеттерден сақтандыру орын алады. Әр түрлі әлеуметтік топтағы кейіпкерлері арқылы қоғамның ащы шындығын, жастардың адасушылыққа, қателікке бой алдырып, теріс бағытқа түсіп, бақытсыздыққа ұшырауын айқын көріністер арқылы береді.

«Оба жылғы сауық» әңгімесінде Мұңлық ананың ауылдағы екі баласын (Сағыныш пен Қуаныш) қойға салып, үміт күткен үлкен ұлы Күнтуғанды бес жыл бойы қалада оқытып, қартайғанда осы баламның қызығын көремін деген ойының астаң-кестең болғандығын

кейіпкердің жан тебіренісі, ішкі монологі арқылы тамаша суреттеп берген. Жастайынан жетімдік пен жесірліктің тақсыретін көрген ана құдайдан сұрап алған, өзінен кейінгі бауырлары мен қарындасына қамқор аға, сүйеніш болады деген тұнғышынан қартайған шағында қаталдық пен қатыгездікті, жатбауырлықты көрем деп ойламаса керек. Ауылдың қозы бағып, құлын ұстап өскен қара домалақ баласы бір заматта жұмыс пен өзінің амандық-саулығын ғана ойлайтын тас қаланың жатбауыр, елі мен жұртынан безген безбұйрек тұрғынына айналып шыға келеді. Елінен, ағайын-туғанынан безген баласының тағдыры үшін алаңдаған сорлы ананың жан күйзелісі мына диалог арқылы беріледі:

– Тантапысың! – деді Мұңлық түсіне түгі теуіп.

– Тегің жаман ғой... жоңғар шатыс, тексіз! Біле білсең – ана ауылдағы үлкен інің Сағыныш пен мына інің Қуанышты қойға салып, сенің бес жылдық оқуыңның бодауына бердік. Елді ойлайды, елге пайдасы тиеді ғой дедік... Сондағы сыйқың осы болса, барыңнан жоғың... шіріген жұмыртқа.

– Шіріген жұмыртқа екенім рас... Сендер мені Алматыда-ақ шіріген жұмыртқа қатарына қойғансындар. Сондықтан да мен шірікпін, сасықпын... Елді ойламас есірік те мен... Менен аулақ жүріңдер. Аулақ! - Аулақ болса – аулақ... Ағайын-туғаның емес, ел-жұртың да күні ертең сенен іргесін аулақ салады. Жалғыз қаласың әлі. Жалғыз. О, сорлы, бейшара!... –Мұңлық: «сорлы, ұлым!» деген сөзді айта алмады [5]. Осы көріністен-ақ жазушы қазіргі урбанизацияның жастарға қалай әсер ете бастағанын, қазақы ұғымға тән туыстық, бауырластық секілді түсініктердің асыл жібі үзіліп, қазіргі ақпараттану мен технология заманында жұтылып бара жатқандығынан хабар береді. Санасын байлық пен есепшілдік жайлаған кейбір жастардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарды сыйлау мен құрметтеудің ада болып, мәңгірттен бастағандығына күә боламыз.

Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің кейіпкері Семей полигонынан зардап шеккен қыз – Ләйлә. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші тағы да - адам. Әңгімеде жаны жаралы Ләйлә көбінде аймен сырласып, бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтумен болады. *«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы»* [6] – деп қамығады.

Шығарма оқиғасы қазіргі әлеуметтік проблемалардың ішіндегі ең ірісін сипаттайды. Бұл жерде қоғам, экологиялық жағдай, адам денсаулығы әлеуметтік проблемалары қатар талқыланады.

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі прозада көтерілген әлеуметтік мәселелерге көңіл қойсақ, оларда жекелеген адамдар тағдыры суреттеліп, бүкіл әлеуметтік өмірдің жетістігі мен кемшілігіне, жалпы қоғамның даму барысына, адамның жалпы моральдық болмысына философиялық тұрғыдан талдаулар жасалынатынын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Современная казахская проза: в поисках новых концептуальных и художественно-стилевых решений // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки». – 2007. – № 2. – С. 71-74

2 Нұржекеев Б. Ерлі-зайыптылар. - Алматы : Жазушы, 1989. - 538 б. - ISBN 5-605-00317-8 .

3 «Пәтер» Қойшыбек МҮБАРАК | Мистика (wordpress.com)

4 Құмарова Ш. Ғасыр нұры. Роман, хикаяттар, лебіздер. – Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2012. – 320 б.

5 Алтай, А. Оба жылғы сауық [Мәтін] : әңгіме / А. Аскар // Әдебиет айдыны. - 2007. - 20 желтоқсан. - Б. 10-11., 314 б.

6 Мұқанова, Р. Шығармалары [Мәтін] : драмалар, аударма, көсемсөздер. Т. 2 / Р. Мұқанова. - Алматы : Арда+7, 2014. - 320 б.

ДІНИ ДИСКУРС ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ДИСКУРСТЕРДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

АХАТ А. Д.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТРУШЕВ А. К.

ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Соңғы кезде діни дискурсты жан-жақты, әртүрлі аспектіден зерттеу ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр және осы мәселе қазіргі тіл білімінде көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе тілдің функционалды бөлігінің бірі – діни дискурстың ішкі жіктелуіне байланысты бірнеше көзқарас қалыптасқан: діни тілді әлемнің тілдік бейнесінің бір үзіндісі ретінде зерделеу, діни мазмұндағы көркем шығармаларды зерттеуде

стилистикалық, жанрлық, коммуникативтік, лингвистикалық, теолингвистикалық т.б. көзқарастар.

Сондай-ақ лингвистика мен мәдениеттанудың байланысы артып келеді, бұл да өз кезегінде діни дискурста деген қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Демек, діни дискурс адамның көркем мәтінде дәйектелген құндылықтарын, діни бейнесін көрсетеді.

Діни дискурстың жанрлары ұзақ тарихи кезеңде дамыды, сондықтан олардың сипаттамасы осы дискурстың табиғатын ғана емес, сонымен бірге жалпы қарым-қатынастың жанрлық құрылымының принциптерін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар діни дискурстың тілдік сипаттамаларын зерттеу институционалдық қарым-қатынаста қолданылатын тілдік және сөйлеу құралдарының ерекшеліктерін ашуға да мүмкіндік береді.

Дін – бұл жеке жүйе. Бұрын дін тілі теориялық тұрғыдан көптеген лингвистер үшін қызықты болған. Уағыздар мен дұғалардың тілін зерттеу діни дискурстың лингвистикалық теориясы аясында және лингвистикалық ғылымды зерттеу объектілері ретінде оларды тереңірек зерттеуге түрткі болған болатын [1, 4 б.].

Діни дискурстың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері болады және дискурс түрлерінің құрылымында ерекше орын алады. Институционалдық дискурстың бір түрі ретінде діни дискурстың құрылымы туралы айта отырып, В. И. Карасик дискурстың осы түрінің бірқатар құрылымдық компоненттерін бөліп көрсетеді: қатысушылар; хронотип; максаттар; құндылықтар және оларды көрсету тәсілдері; негізгі мәдени концепт; стратегиялар; такырыптар; түрлері мен жанрлары; прецеденттік (мәдени-гендік) мәтіндер [2, 5–19 б.].

Діни дискурстың қатысушылары – тікелей қарым-қатынасқа түспейтін, бірақ діни дискурстың барлық коммуникативті актілерінде болуы мүмкін Тәңір (Құдай); пайғамбар –Тәңірдің қалауымен оның айтқандарын пенделерге жеткізуші; діни қызметкер – ғибадат ететін діни қызметкер; адресат - адамдар. Қарым-қатынастың кез-келген түрінен айырмашылығы, адресат пен діни дискурстың адресаты тек кеңістікте ғана емес, уақыт тұрғысынан да бір-бірінен алшақта. Сонымен қатар, дискурстың бірқатар түрлерінде адресат пен автор толығымен сәйкес келсе, діни дискурста қатысты осы категориялардың көбеюі туралы айтуға болады: автор - жоғары тұлға, Тәңір, Алла; адресат – культке бағынушы, Тәңір сөзін тыңдармандарға жеткізетін адам.

Діни дискурстың барлық функцияларын екі санатқа ажыратуға болады: жалпы дискурсивті (қарым - қатынастың барлық түрлеріне тән, бірақ діни дискурста іске асырудың кейбір ерекшеліктері бар) және жеке дискурс немесе ерекше дискурс – тек діни дискурста тән [3].

Жалпы дискурсивті функциялардың ішінде репрезентативті, коммуникативті, апелляциялық, экспрессивті (эмоционалды), фатикалық және ақпараттық функциялар қарастырылады. Апелляциялық функция өзектілік дәрежесі бойынша бірінші орынға шығады, өйткені діни дискурстың кез-келген жанрлық үлгісі адамның еркі мен сезіміне міндетті түрде жүгінуді (уағыз) немесе Құдайдың күдіретіне (дұға) жүгінуді қамтиды.

Екінші маңызды орынды эмоционалды немесе экспрессивті функция алады – діни дискурста ұтымдылықтың құрамдас бөлігі айтарлықтай төмендейді, бәрі сенім күшінде, эмоционалды бастамасында сақталады. Діни дискурстың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын өкілдік функция (сенушілердің ерекше әлемін бейнелеу, модельдеу) келесі орынды алады.

Діни дискурс қарым-қатынас түрлерінің құрылымында ерекше орын алады. Педагогикалық дискурс пен діни дискурс мақсаттар мен міндеттердің болуы жағынан ұқсас. Педагогикалық дискурстың негізгі тұлғасы – мұғалім - оқушыларға білім береді, мінез-құлық нормалары мен мораль негіздерін мәлімдеп отырады, педагогикалық тәжірибенің өкілі ретінде әрекет етеді. Діни және педагогикалық дискурстың адресаты сөзсіз беделге ие және оның кез-келген нұсқауы еш күмәнсіз орындалуы керек. Егер діни дискурста берілген барлық ақпарат сенімге құрылатын болса, педагогикалық дискурста ақпарат міндетті түрде дәлелденеді.

Діни және ғылыми дискурс бір-біріне қарама-қайшы келеді, өйткені кез-келген дін сенімге негізделеді, сондықтан сынақтан өткен және дәлелденген шындық ретіндегі ғылымға қарсы тұрады. Айырмашылығы – осы байланыс салаларының концептілік аяларында болады. Ғылыми дискурстың негізгі концептілері – шындық, білім; діни дискурстың негізгі концептілері – Бір Алла, Тәңір және сенім. Діни дискурстың мақсаты - сеніммен таныстыру, ілімнің догмаларын жеткізу; ғылыми дискурстың мақсаты-шындықты іздеу, жаңа білім алу. Діни дискурста шындық айқындалған және ешқандай дәлел қажет емес, діни ережелердің ақиқатына күмәндану сенімнен бас тарту дегенді білдіреді.

Діни және медициналық дискурстердің ортақ сакральды сипаттары болады. Екеуі де адамның өміріне назар аударады, айырмашылығы физикалық компонент медициналық дискурс үшін анағұрлым маңызды, ал психикалық, эмоционалды діни дискурске тән, діни дискурста эмоционалды компонент, адамның жан күйі маңызды. Қарым-қатынастың бұл екі түрі адамның санасы мен психикасына әсер ету тәсілі ретінде бір нәрсеге сендіру бойынша бір-біріне жақын болып келеді.

Діни және көркемдік дискурс арасында да бірқатар байланыс бар екенін дәйектеуімізге болады. Екеуінде де адресатқа эстетикалық тұрғыдан әсер ету функциясы айқын көрінеді. Сонымен қатар, қарым-қатынастың бұл түрлері үшін ақпаратты беру функциясы өзекті, бірақ діни дискурс көркемдік дискурс пен салыстырғанда ақпараттандыру тұрғысынан бай болып шығады. Діни дискурстың тақырыбы әр түрлі болғандықтан, кем дегенде онда көрініс таппайтын тақырыпты табу қиын. Көркем дискурс сияқты, театрландыру діни дискурста да тән, діни дискурстың адресатының алдында қандай да бір сюжет пайда болып, адресат болса осы театралдық әрекетке қатысушы болады. Дискурстың бұл түрлеріне жоғары эмоционалдылық пен манипуляция тән.

Сонымен, діни дискурсты зерттеу теологияда, философияда, психологияда, әлеуметтануда және мәдениеттануда жүзеге асырылады, сондықтан лингвистикалық зерттеудегі діни дискурсты сипаттаудың әртүрлі аспектілерін синтездеу білімнің байланысты салаларында алынған жетістіктерді қамту арқылы лингвистикалық теорияның әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Діни дискурстың маңызды құрамдас бөлігі ондағы құндылықтар жүйесі болып табылады, сондықтан діни дискурстың құндылық сипаттамаларын қамту құндылықтардың лингвистикалық теориясын – лингвоаксиологияны байытуға бағытталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бобырева Е.В. Религиозный дискурс: ценности, жанры, стратегии// <https://www.dissercat.com/content/religiozniy-diskurstsennosti-zhanry-strategii->

2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В.И. Карасик. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

3 «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ДІНИ ДИСКУРС // <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/57620/74/123/1333>

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АХМЕТЖАНОВА Н. Ж.

магистрант, методист, Торайгыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі, ұлттық мәдениеттің бір түрі. Тіл «уақыт бойы» бойынша өмір сүреді және бұл уақыт онда көрінеді. Адамдардың мінез-құлқы мен өмір салты өзгереді, осыған байланысты жаңа сөздер пайда болады. Өкінішке орай, барлық сөздер қазақ тілін көркейтп, байытп бермейді. Қазіргі таңда қазақ тілінің жай-күйі жалпы алаңдаушылық туғызуда. Оның тағдыры – бірде-бір сөздікті бей-жай қалдыра алмайтын тақырып. Тіл қазақ ұрпағының көз алдында өзгеретіні анық. Қазір біздің тіліміз үлкен өзгерістерге ұшырауда, өкінішке орай, жақсы жаққа емес.

Қазақстан Республикасының тіл саясатының форматы ТМД елдеріне ғана тән – ол үш тілді біріктіреді, олардың екеуі (қазақ және орыс) ел аумағында тұратын негізгі этникалық топтардың тілдері, ал үшіншісі (ағылшын) халықаралық қоғамдастықтың негізгі тілдерінің бірі болып табылады. Елдің ағылшын тілінің жаһандық орталықтарынан географиялық алыстығына байланысты оны елдің тіл саясатының элементі ретінде енгізу жаһандық қоғамдастықпен интеграцияны терендету жоспарларын көрсетеді.

Қазіргі адамның бүгінгі сөйлеуінде әртүрлі сөздер араласады: жастар слэнгы, жаргонизм және, ең бастысы, боқтық сөздер. Ауыр, лас сөзді барлық жерде естуге болады: көлікте, қоғамдық орындарда, ойын алаңдарында. Сауатсыздық танымал жанрлардың қазақ тіліндегі заманауи музыкасымен сипатталады, ал жас ұрпақ оған бағдарланады. Уақыт өте келе көптеген музыкалық шығармаларға тән мағынасыз сөздер жиынтығы жастар мәдениетінің элементіне айналады. Соңғы жылдары қазақ тіліне жаргон сөздер, әсіресе түрме мен ұрылар жаргонынан еніп кетті. Жаргон лексикасы кең қолданысқа енеді, кейде әдеби шығармаларда да кездеседі. Біздің сөйлеуімізге дөрекі ұрысуды, балағат сөздерді кенінен қолдану қауіп төндіреді.

Статистика әлемде қазақ тілінде аз адам сөйлейтінін көрсетеді [1]. Тілдің таралуы - елдің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші, оның геосаяси қарама-қайшылығы мен тілді дамыту құралы. Біздің тарихымыз бен мәдениетімізге қызығушылық танытқандар аз. Ал шет тілі біздің қоғамның көптеген салаларын

қамтыды. Мысалы, мәдениет қайраткерлерінің арасында әр түрлі: презентациялар, номинациялар, спектакльдер, гламур, поптар, синглдер, хиттер, шлягерлер, продюсерлер, диджейлер, шоумендер, промоутерлер. Теледидарда: триллерлер, блокбастерлер, киборгтар, реалисти-шоулар, брейн рингтері, прайм-таймдар бар. Сондай-ақ экономистердің, қаржыгерлердің және басқарушылардың тілі қазақ сөздерінің шетелдік «алмастырғыштарына» толы: дефолт, транш, фьючерс, оффшор, лизинг, дилер, брокер, риэлтер, мониторинг, консалтинг. Саудагерлерде: супермаркеттер, бутиктер, преysкуранттар, шопингтер, провайдерлер, дистрибьюторлар. Ұқсас, негізінен ағылшын-американдық тілді сөздер соңғы жылдары жүздеген, тіпті мыңдаған және кез-келген жерде қолданылады, тіпті шұғыл қажеттіліксіз айналымға енгізілді. Олардың барлығы жақсы қазақ синонимдерімен алмастырылуы қажет.

Жаһандану процестерінің әсерінен ол бөтен, ең алдымен американдық мәдениеттің кең қабатының шабуылына ұшырайды. Бұл барлық жұмыс терминологиясы ағылшын тіліне негізделген интернетте ғана емес, сонымен қатар американдықтардан көшірілген бағдарламаларға толы теледидарда. Жақында туылған кейбір газеттер батыстық лексиканы қолданады, өйткені ағылшын тіліндегі мақалалар мен хабарламалар басылымдардың негізі болып табылады. Тілдің тағы бір мәселесі - оқу процесін компьютерлендіру, ол оң мүмкіндіктермен бірге балалар оқыған кітаптардың санын азайтады. Сабақта, әрине, мұғалім жағдайды бақылайды, компьютерді оқу процесінің пайдасына пайдалануға тырысады. Үйде балалар өркениеттің артықшылықтарын қалай пайдалану керектігін өздері шешеді. Егер интернет кез-келген қажетті ақпаратты, соның ішінде кез-келген жазушының шығармашылығы туралы тұжырымдалған тұжырымдарды ұсынса, классикалық шығармаларды не үшін оқу керек, түсіну керек. Дайын шығармалар, орындалған үй тапсырмаларының жинақтары, әрине, уақытты үнемдейді, бірақ оқушыларымыздың ақыл-ой дамуын әлсіретеді, жазбаша және ауызша сөйлеуді нашарлатады.

Қазақ тілінің дамуы, ұлттық мәдениет пен ұлттық сананың жандануы қазақстандық қоғам үшін зор маңызға ие. Тәуелсіздік алған кезде бұл мәселелер сол кезеңнің саяси келбетін анықтайтын жаппай қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасуына негіз бола отырып, шешуші болды. Осыған қарамастан, Қазақстанда мемлекеттік тілдің рөлін іс жүзінде орыс атқарады, ал қазақ тілі сәндік рөл атқарады. Қазақстан халқының көпшілігі екі тілді.

Қазақстанда республиканың титулды халқы арасында орыс тілін меңгеру кең таралған кезде билингвизмнің (қазақ-орыс билингвизмі) ұлттық түрі қалыптасты [2].

Тіл саясаты Қазақстан аумағында тұратын этностардың өзара қарым-қатынасындағы маңызды элемент болып табылады. Егер бұрын Қазақстандағы тілдік ахуал орыс және Қазақстан халықтарының тарихи, мәдени байланыстарымен анықталса, қазір қазіргі жағдайда ол ең алдымен экономикалық мүдделермен айқындалатын болады. Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыстар әрі қарай дами берсе, онда орыс тіліне объективті қажеттілік туындайды, демек, оны зерттеудің әртүрлі формалары таралады және кеңейеді. Осы жерде қалыптасатын мәселе бар, өйткені адам көркем шығармалардың мәтініне жүгінуді тоқтатады, ал көркем сөздің әсерінсіз адамның рухы адам ұғымын жоғалтады. Бүгінгі таңда көптеген қазақстандық жасөспірімдердің сөйлеген сөзі мәнсіз – бұл тағыда бір өте күрделі мәселе. Біздің мемлекетімізде қазақ тілін дамытуға және сақтауға бағытталған саясат жоқ. Қазір балағат сөздердің үстемдігі көрінеді, жастардың қазақ тіліне деген қызығушылығының жоғалуы және оны шет тілімен, яғни оның ішінде орыс, ағылшын тілдерімен ауысуы байқалады.

Айта кету қажет, қазақ тілінің қазіргі кезде төмендігі сауаттылықта қана емес, сонымен қатар өз ойларын жарқын, әдеби жеткізе білмеуде де көрінеді. Лексиканың барлық қабаттары белсенді сөздік қорынан шығады. Тек тұрмыстық коммуникацияға арналған конструкциялар адам тәжірибесінің барлық спектрін жеткізе алмайды. Сонда қазақ тілі ғана емес, мемлекеттің өзі, оның халқы да кедейленгені белгілі болады. Қазақ тілін міндетті ҰБТ-ға енгізу оқушылардың жалпы тілдік дайындығын арттыруға негізделген сияқты, бірақ іс жүзінде емтиханға дайындық «сүйреуге» айналады, өйткені мұғалім мен оқушы сабақта аптасына екі рет кездесетін жағдайда тілдің құпияларын шынайы түсіну туралы айту шындыққа жанаспайды. Мәселе мынада, мектепте сөздердің белсенді және пассивті жиынтығын жаттап алу керек, ал қазақ тілін басқа мақсатта қолдану қажет - өз ойларын білдіру үшін, оқулықтан алынған дайын сөздік мәннен емес, жеке сипаттаудан.

Егер сингармонизмге негізделген агглютинативтік тілдер қатарына кіретін қазақ тілінің жай-күйі туралы айтатын болсақ, бүгінгі таңда қазақ тілі өзінің табиғи келбетін жоғалта бастады деп айтуға толық құқығымыз бар. Бұл жағдайдан шығудың жалғыз жолы - алфавитті өзгерту. Алайда, латын әліпбиіне көшу қажеттілігі

қандай себеппен туындағанын әлі түсінбеген және «ағылшын тілін тезірек үйренеміз, әлемдік қауымдастыққа жақындаймыз және латын әліпбиіне көшсек, компьютерді меңгеру оңайырақ» деп қате мәлімдеген ғалымдар аз емес [3]. Мәселе тіпті компьютердің пернетақтасында емес, тіпті әріптердің пайда болуында да емес, алфавиттегі дыбыстардың саны тілдегі дыбыстардың санына сәйкес келмеуінде.

Осылайша, қазақ тілімен туыстығы да, ұқсастығы да жоқ орыс тілінің дыбыстары, біріншіден, қазақ тіліндегі дыбыстардың санын бірден арттырды. Екіншіден, дыбыстық жағынан сәйкес келмейтін «қарызға алынған» сөздер көбірек болды. Үшіншіден, қазақ тілінің емле ережелері күрделене түсті. Бұл біздің тілімізге әсер ететін орыс тілінің негізгі факторлары ғана. Өкінішке орай, тіпті көптеген тіл мамандары қазақ тілінің әріптері мен дыбыстарының табиғатына тән емес қазақ тіліне зиянын түсінбейді. Олар «біздің алфавиттегі әріптер саны неғұрлым көп болса, біз шетелдік сөздерді соғұрлым жақсы айтамыз және тіліміздің мүмкіндіктері әлдеқайда көп болады» деп ойлайды [4]. Орта мерзімді перспективада Қазақстандағы тілдік ахуалды дұрыс шешпеу қазақтар мен ҚР азаматтары болып табылатын орыстар арасындағы этникалық қақтығыстарға әкеп соғуы мүмкін. Бұл мәселені шешудің жүйелі тәсілі қазақстандық қоғамдағы түрлі этникалық топтар арасындағы шиеленіс пен ыңғайсыздық сезімін айтарлықтай жояды. Болашақта қоғамның поляризациясы мен стратификациясы қоғамды екі қарама-қарсы топқа бөлуі мүмкін: славян және түркітілдес.

Қазіргі уақытта мұғалімнің оқушыларға тілге деген сүйіспеншілігін ояту мүмкіндігі жоқ. Бұл оның қалауы емес, бұл қазіргі білім беру жүйесінің талабы. Оқушы автордың сөзімен жауап беруі керек. Егер біз баланы сөйлеудің шаблондық айналымына сүйенбей өз көзқарасын білдіруге үйретпесек, біз ана тіліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мәселесін шеше алмаймыз және қазақ тілі, қазақ мәдениетін үйренуге деген қызығушылықты арттыра алмаймыз. ҚР тіл саясатында нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді одан әрі дамытуға, қазақ тілінің терминологиялық және лингвистикалық базасын кеңейтуге, терендетуге басымдық беру қажет. Олардың ішінде:

- мемлекеттік басқару тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;
- нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

– барлық мемлекеттік органдарда іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

– іс жүргізудің мемлекеттік тілге көшу кестесін айқындай отырып, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары мен органдары.

Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту, оны кодификациялау (тілдік нормаларды жетілдіру) және тілдік жүйені жаңғырту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қажет. Сондай-ақ келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

– жазуды жетілдіру;

– тілді стандарттау;

– ғылыми-техникалық терминологияны ретке келтіру;

– тілді компьютерлендіру, автоматты аударма және т. б. үшін лексикалық негіз құру.

Қазіргі кезеңде қазақ тілін қолдану бірқатар мән – жайлармен қиынға соғады, олардың арасында-қазіргі қазақ тілінің жалпы даму деңгейінің төмендігі, оның басқа әлемдік тілдермен өзара іс-қимыл жасау жолымен жаңа әлеуметтік-мәдени шындықтарды көрсетудегі, сондай-ақ осы тілдің ішкі әлеуетін пайдаланудағы мүмкіндіктерін дамыту мәселелері бар. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін әлі толық көлемде іске асыру мүмкін емес. Негізгі себеп – бұл мәртебе әлі күнге дейін декларацияланған, бірақ оны кеңінен зерттеу мен пайдалануды қамтамасыз ететін механизммен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген.

Қорытындылай келе, осы уақытқа дейін орыс тілді аудиторияда қазақ тілінің білім беру стандарты, қазақ тілінің білім деңгейін анықтау әдістемесінің өзі әзірленбеген. Егер алдыңғы тілдерді дамыту бағдарламасының негізгі үрдісі іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне көшіру болса, онда жаңа бағдарлама қазақ тілін оқытуға, меңгеру әдістемесіне басты назар аударады. Нәтижесінде іс жүргізудің ауысуы тек орыс тілінен қазақ тіліне аударма институтын тудырды: көптеген құжаттардың бастапқы тілі әлі де орыс тілі болып табылады, бұл мемлекеттік тілдің функциясы. Жақында заңнама, мемлекеттік басқару, білім, ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты салаларда қазақ тілі белсенді қолданыла бастады. Мысалы, мемлекеттік басқару саласында болашақ мемлекеттік қызметшілер үшін жұмысқа орналасу талаптарының бірі мемлекеттік тілді білу талабы, өзінің қызметтік өкілеттіктерін орындау үшін қажетті көлемде болады [5]. Қарастырылып отырған реформалау процесі мемлекеттік қазынадан көрсетілген салаларға

қаржылық құю қажеттілігіне алып келеді. Сондай-ақ, мемлекеттік тілдің қалыпты жұмыс істеуі, дамуы, таралуы үшін белсенді қызметке ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мейрамов Н.М. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Талап, 2019. – 76 с.

2 Уали Н. Ахмет Байтұрсынұлы и актуальные проблемы языковой культуры (тезис доклада) // Tiltanym. – 2021. – 4(2). – С. 3–11.

3 Алпатов В.М. Языковая политика и родной язык / В.М. Алпатов // Социолингвистика. – 2020. – 3(3). – С. 114–124.

4 Есеңберлі А. Қазақ тілінің даму қиындықтары // ҚарУ Хабаршысы. – 2018. – 6(7).

5 Айрапетян А.С. Языковая политика Республики Казахстан в условиях евразийской интеграции / А.С. Айрапетян // Современные евразийские исследования. – 2021. – 2. – С. 27–34.

АКТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫН АПРОБАЦИЯЛАУ

АХМЕТОВА С. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Болашақ маманның мәдениетаралық құзіреттілігі – басқа мәдениет өкілдерімен табысты қарым-қатынас жасай білу. Бұл қабілет жас кезінен пайда болуы мүмкін немесе дамуы мүмкін [1, 17 б.]. Мәдениетаралық құзіреттілік құрылымына мыналар кіреді:

1 Жалпы мәдени және мәдени-спецификалық білім.

2 Практикалық қарым-қатынас дағдылары.

3 Мәдениетаралық психологиялық бейімділік.

Мәдениетаралық құзіреттілік құрылымында мәдениетаралық аспектілер ерекшеленген кәсіби құзіреттіліктің барлық құрамдас бөліктеріне енеді.

Мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту мәселесіне арналған еңбектерді зерттеу негізінде мотивациялық-құндылық, когнитивтік, белсенділік-мінез-құлық, аффективтік, рефлексиялық компоненттерден тұратын мәдениетаралық құзіреттілік құрылымы анықталады. Мотивациялық-құндылық

компоненті мәдениетаралық қарым-қатынасқа құндылық пен әлеуметтік дайындықты қалыптастыруды қамтиды. Когнитивтік компонент мәдениетаралық білім болып табылады. Белсенділік-мінез-құлық компоненті өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шеше білуді, мәдениетаралық құзіреттіліктің көрінісі үшін әмбебап мінез-құлық үлгілерін меңгеруді қамтиды. Аффективті компонент «эмоционалды мәдениетті», мәдениетаралық сезімталдықты, жауап беруді, эмпатияны, басқа мәдениеттерге деген оң көзқарасты қалыптастыруды қамтиды. Рефлексиялық құрамдас бөлікке мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін, стереотиптерді, алдын ала көзқарастарды, әлемнің көпмәдениетті табиғатын, өзінің мәдени ерекшелігін тану және қайта қарау қабілеті кіреді. Құзіреттілікке негізделген көзқарас логикасында белсенділік белгілі бір құзыреттілік түрін қалыптастыру және дамыту үшін қажет. Мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мәселелерін шешуде заманауи ақпараттық технологиялардың әлеуеті зор, өйткені олар білім беру процесін мәдениетаралық қызмет ретінде құруға мүмкіндік береді, оны ұйымдастыруды оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін оқыту, қалыптастыру және дамыту үшін перспективалық орта ретінде қарастыруға болады [1, 21 б.].

Мектептердің білім беру ортасының қасиеттерін талдау оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту үшін маңызды болып табылатын осы ортаның ерекшеліктерін атап өтуге мүмкіндік береді: белсенділік, икемділік, білім беру архитектурасының ашықтығы, ізгілендіру, дидактикалық динамизм, мультимедиялық, көпмәдениеттілік, әлеуметтік-коммуникативтік сипат және т.б.

Ақпараттық қоғамды құру және дамыту білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдануды көздейді, ол бірқатар факторлармен анықталады. АКТ – мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін ғаламдық интернетті синхронды және асинхронды уақыт режимдерінде пайдаланатын желілік технология [2, 123 б.]. Бұл оқушыларды оқытудың прогрессивті әдістерінің бірі. Біріншіден, АКТ-ны білім беруге енгізу адамзаттың білімі мен жинақталған әлеуметтік тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа ғана емес, сонымен бірге бір адамнан екінші адамға беруді айтарлықтай жеделдетеді.

Екіншіден, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқыту мен білім беру сапасын арттыру арқылы

адамның болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге сәтті бейімделуіне мүмкіндік береді.

Үшіншіден, осы технологияларды білім беруге белсенді әрі тиімді енгізу білім беру жүйесін қазіргі қоғам талаптарына сай жанартудың маңызды факторы болып табылады.

Отандық педагогикада АКТ-ны қолдану негізгі психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ережелерге негізделген. Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша отандық және шетелдік зерттеулер АКТ-ны сөйлеу, интеллект және жалпы оқушы тұлғасын дамытуда қолданудың мүмкіндігі мен мақсаттылығын нанымды түрде дәлелдейді (И.Г.Захарова, В.Г.Беспалько, С. Паперт, Г.К., Селевко және т.б.); оқу процесінде компьютерді пайдаланудың психологиялық аспектілерін (Е.И.Виштынецкий, А.О.Кривошеев, Е.С.Полат және т.б.), либералдық білім беру жүйесіндегі АКТ-ның рөлі мен орнын (Б.С.Гершунский, И.Г.Захарова және т.б.) қарастыру.

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушының тілдік-ақпараттық емес, мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға қосымша мүмкіндіктер береді. Оларды қолданудың әсері мұғалімнің кәсіби құзіреттілігіне, білім беру жүйесіне АКТ-ны енгізу қабілетіне, жағымды мотивация мен психологиялық жайлылық туғызуға, сөйлеу және сөйлеуден тыс дағдыларды дамытуға ықпал етуге, сонымен қатар таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге байланысты. АКТ филологиялық пәндерді оқытуда жиі қолданылатын оқытудың тиімді құралдарының бірі болып табылады, өйткені олар оқушылардың ойлауын белсендіруге ықпал етеді, олардың өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді және оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Оларды оқу процесіне енгізу мыналарды қамтамасыз етеді:

- білім беру кеңістігіндегі ақпараттық ағындарды жүйелеу және біріктіру;
- АКТ-ны дамыту негізінде оқушылардың субъективті ұстанымын қалыптастыру;
- жалпы және кәсіптік құзыреттіліктерді дамытудағы оқушының жеке жетістіктерін жобалау және бақылау.

АКТ-ны оқу процесінде пайдалану оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту міндеттерін тиімдірек шешуге бағытталған білім беру ортасын, коммуникацияны компьютерлік ұйымдастырудың мақсатты процесі ретінде

карастырылады. Оқу процесінде жиі қолданылатындар: электрондық пошта, пікірталас топтары (телеконференциялар, Википедиялар, пошталық тізімдер, веб-форумдар), Интернет-конференциялар, электронды журналдар, электронды кітапханалар, чаттар, жылдам пошта қызметі, көп қолданушы әлемдері, веб-сайттар немесе Дүниежүзілік желі.

АКТ халықаралық ақпарат алмасудың технологиялық негізі болып табылады, олар жеке тұлғаның дамуына, ақпараттық, коммуникациялық, мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға дидактикалық жағдай жасайды. АКТ-ны пайдалануға негізделген білім беру аналитикалық ойлауды, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытады, өз білімін кұрудағы дербестікке жетелейді, ойлаудың жаңа – планетарлық, ғаламдық деңгейін қалыптастыруға жетелейді. АКТ «мәдениеттердің диалогы» ретінде оқу процесін кұруға мүмкіндік береді, оқытудың белсенділік негізін кұрайды, олар әлеуметтік-мәдени контекст пен болашақ кәсіби қызметтің контекстін белгілейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар эмоциялар, сезімдер және жеке қасиеттер дамитын мәдениетаралық кеңістікті кұрайды. Мәдениет және өнер мектептерінің оқу процесінде АКТ-ны қолдану мәдениетаралық құзыреттіліктің барлық кұрамдастарын дамытуға әкеледі. Дегенмен, мұның бәрі АКТ-ны әдістемелік сауатты және мақсатқа сай пайдалануда және педагогикалық шарттар жиынтығына байланысты ғана жүзеге асады. Зерттелетін мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, білім берудің заңдылықтары мен принциптеріне сәйкес кез келген білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің жалпы шарттарын талдау, мектептегі оқу тәжірибесі, сонымен қатар оның маңызды ерекшеліктері зерттелетін құбылыс ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудың келесі педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік береді:

– оқу үдерісін мәдени-аксиологиялық тәсілдер негізінде және әлеуметтік-мәдени контекст пен болашақ кәсіби қызмет контекстін ескере отырып кұру; мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту үшін маңызы бар іс-шараларды жаңартуға бағытталған модульдік бағдарламалармен оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету (мазмұндық аспект);

– мәдениетаралық қарым-қатынас пен іс-әрекет үшін ортаны жобалау үшін мектептің оқу процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің педагогикалық

сценарийлерінің үлгісін әзірлеу; оқу үрдісінде оқытудың белсенді әдістерін, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану; мектеп оқытушыларының оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту үшін телекоммуникациялық технологияларды мақсатты пайдалануға дайындығы (ұйымдастыру-технологиялық аспект);

– тұлғалық-белсенділік, конструктивистік тәсілдер идеяларын жүзеге асыру; индивидуалды ерекшеліктерді, мәдениетаралық құзіреттіліктің даму деңгейін ескере отырып; оқушылардың субъективті тәжірибесін жаңарту; мектептің оқу процесінде табысқа жету жағдайларын жасау (жеке аспект).

Мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мәселелерін шешу үшін АКТ-ны пайдалану, егер әлемдік интернетте білім беру мазмұны мен мәдениетаралық әрекет процесін кұру кезінде мәдени-аксиологиялық тәсілдер жүзеге асырылса, тиімді болады. Мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға аксиологиялық көзқарас оқушылардың өзіндік және басқа мәдениеттердің құндылықтары әлеміне бағдарлану мәселелерін, болашақ кітапхана маманының құндылық бағдарларын қалыптастыру және дамыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, ол мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында кәсіби мәселелерді шешу үшін пайдаланады. Оқушы тұлғасының мәдени құндылықтарды меңгеру механизмін келесідей көрсетуге болады: оқушының өзінің және басқа мәдениеттердің құндылықтары әлеміне бағдарлануымен байланысты жаһандық интернеттегі танымдық белсенділігі – мәдени құндылықтарды интернариализациялау – рефлексия – мәдени құндылықтарды тұлға әрекетінің мотивтеріне айналдыру. Мәдени, аксиологиялық және контекстік тәсілдерге сәйкес диалог шешуші болады. Тәрбие процесі жеке өзара әрекеттесу, диалог ретінде пайда болады, оның нәтижесі түсіністік, сана, эмпатия, әлемге ашылады. Диалог принципі адамдардың ойлауы мен іс-әрекетіндегі әртүрлі мәдениеттерді, іс-әрекет формаларын, мінез-құлық пен құндылық бағдарларды біріктіруге мүмкіндік береді. Оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту процесі жеке қасиеттер мен мәдениетаралық құзіреттіліктің даму деңгейі, сондай-ақ субъективті тәжірибе ескерілген жағдайда тиімді болады. Рефлексия негізінде субъективті тәжірибені актуализациялау оқушылардың өзіндік санасын дамыту механизмі ретінде әрекет етеді, оларға қалыптасқан құндылық бағдарларды, стереотиптер мен теріс пікірлерді сыни тұрғыдан түсінуге, олардың іс-әрекетін, қарым-қатынасын және мінез-құлқын қайта кұруға мүмкіндік береді. Мәдениетаралық

қызмет тәжірибесі бағалауды, қайталауды, жеке пікір білдіруді, көзқарастар мен стереотиптерді қайта қарауды талап ететін виртуалды мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында алынуы мүмкін; оқушыларды өз көзқарасын дәлелдеуге, басқа көзқарасқа деген қызығушылық пен құрметті оятуға, полифониялық дүниенің және көптеген шындықтардың бар екенін тануға итермелейтін жағдайлар [3, 77 б.].

АКТ-ны қолдану негізінде оқыту барысында оқушылар бақылаулар мен диагностикалық нәтижелер көрсеткендей, жаңа мәдениетті қабылдаушы және ашық болады, өздерінің стереотиптері мен теріс пікірлерін танып, оларды өзгерте алады, мәдени құндылықтардан бас тартуды өзгертеді, оларға деген оң көзқарастағы айырмашылықтар, әртүрлі ұлт оқушыларының арасындағы қарым-қатынас сипаты, басқа мәдениеттер мен халықтарға эмпатиялық және толеранттылық қатынасы артады, олардың мәдени ерекшелігін жүзеге асыру қабілеті артады. АКТ-ны қолдану жаңа білім көлемінің ұлғаюына және ақпаратты сыни талдаудың дамуына әкеледі, виртуалды және нақты мәдениетаралық коммуникацияда тиімді өзара әрекеттесу қабілеті дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А.Э.Бабайлова. Текст как продукт, средство и объект коммуникации при обучении неродному языку: учебное пособие / А.Э. Бабайлова. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 2012. – 444 с.
- 2 М.М.Бахтин. Эстетика словесного творчества / М.М. Бахтин. – М.: Искусство, 1979. – 424 с.
- 3 В.П.Белянин. Психоллингвистика. Учебник. – 2-е изд. – М.: Флинта: Московский психолого-социальный институт, 2011. – 420 с.

БАСҚА ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН МӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

БАЗАРБАЙ Ә. М.

магистрант, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, педагог, № 39 инновациялық үлгідегі гимназия сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Өзге ұлт өкіліне қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытудың маңызы зор. Мәдениеттанымдық бағытта оқыту арқылы қос тілді оқушылардың қазақ тілін үйрену қызығушылығын

арттыруға болады. Лингвоелтанымдық бағытта оқыту үшін оқушыға берілетін материалды қалай сұрыптауға болады деген сұрақ туындайды.

Қазақ тілін үйретуде тіл үйренушілерге тек қана қазақ тілін меңгеру дағдысы мен шеберлігін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар үйреніп елтанымдық, лингвоелтанымдық, мәдени құндылықтарды игертудің маңызы зор. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таныту лингвоелтанымдық компоненттердің құрамына кіреді.

Елтанымдық бағытта қазақ тілін үйретудің негізгі тапсырмасы қазақ халқының ұлттық мәдени ерекшеліктерінен нақты көрініс беретін тілдік бірліктерді меңгерту болып табылады. Мәдениеттанымдық әдіс арқылы оқытуда қос тілді оқушыға қазақ тілін үйрете отырып, қазақ елі туралы мәліметтер беріледі.

Мәдениеттанымдық әдісте қазақтың өзіне тән белгілерін, басқа ұлтта жоқ өзіндік нышандарын көрсете алатын тілдік бірліктерді қарастыру керек. Мысалы, қазақ тілінде белгілі бір ұғымды ауыс мағынада түсіндіру үшін өздері күнделікті көріп жүрген, болмысы әбден танылған ұғымдарды қолданады. Қазақтар үшін *қойға* қатысты тұрақты тіркестер жағымды мағына береді: *қой көзді, қой аузынан шөп алмас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман* т.б. Ал орыс халқында *«баран»* сөзі жағымсыз қасиеттермен, нақты айтқанда, қырсықтық пен ақымақтықпен байланыстырылады. Мысалы, *упрямый, как баран*. Американдықтарда да *«қой»* жағымды ассоциация тудырады. Американдық жарнамадан: *«Покупайте автомобиль «Додж», он напорист, как баран»* деген мағынадағы тіркестер жиі кездеседі. Басқа халық момын адамды *қой аузынан шөп алмас* деп бұлайша түсіндірмейді. Себебі, олар қойдағы *жуастық* қасиетті тұрмыс-тіршілігінде танымаған немесе негізгі кәсібінің бірі қой бағу болмағандықтан, ерекше мән де бермеген» [2, 286 б.].

Өзге ұлт өкіліне өзінің ұлттық тілімен немесе ол білетін басқа тілдермен салыстыра отырып оқыту көп нәтиже берді.

Оқушыға қазақ тілін осы бағытта оқытуда екі мәселеге мән берген дұрыс:

1) Тілдік тұлғалардың көмегімен мәдениеттанымдық ақпараттарды алу. Мұндай жағдайда бірінші орынға мәдениеттік тұрғыдан білім беру шығады. Бұл әдіс тілді екінші не үшінші тіл ретінде оқытуда басым рөл атқарды.

2) Тілдік тұлғаларды тіл үйренушінің тілі мен мәдениетіне ұқсас бейнелер негізінде оқыту мен қабылдауға оқыту.

Өзге ұлт өкіліне қазақ тілін үйретудің басты мақсаты – оқушының түпнұсқа мәтіндер негізінде ақпараттарды қабылдай отырып, қатысымдық күзіреттілігін қамтамасыз етуі. Осы арқылы әдіс арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, ұлттық мәдениетін үйренуге жол ашылады. Ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық мәдениет ерешеліктерінен хабардар беретін тілдік бірліктерді үйрету және әлеуметтік сұрыптаудың қажеттілігі көркем шығармаларды оқуда, баспасөз құралдарынан, кино және видеокөріністерді көруден, ән тыңдаудан және т.б. байқалады. Ф.Ш.Оразбаева: «Кейде адамдар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да – адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Осыдан басқа да адамдардың бірін-бірі түсінудің көптеген жолдары бар.

Қарым-қатынастың жоғарыда айтылған үлгілерінің барлығы өмірден, қоғамнан тыс бола алмайды. Мұндай қарым-қатынастар адам үшін қызмет етеді, адамдардың өзара түсіністігіне жол ашады», – дейді [1, 24 б.]. Мысалы, қазақ халқының амандасу салтының өзі өзге ұлттан ерекше екендігін түсіндіру тіл үйренушілерге үлкен әсер қалдырады.

Сонымен қорыта келгенде, лингвоелтанымдық бағытта тіл үйретуде төмендегідей ерекшеліктерге мән берген маңызды:

- аялық білім;
- мақал-мәтелдер, қанатты сөздер;
- сөздік қор;
- сөйлеу этикеті;
- бейвербалды амалдар.

Демек, оқушыларға қазақ тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытуда жоғарыда айтылғандарды есте сақтаған дұрыс. Себебі оқушы өзі мемлекеттік тіл ретінде үйреніп отырған қазақ тілін оқу арқылы халықтың салт-дәстүрімен, тілімен, ділімен танысады.

Оқытылатын тілдің мәдени ерекшеліктерін білмей сол тілді меңгеру мүмкін емес. Алайда, тіл үйрету процесінде мәдени элементтермен қанықтыратын көптеген мұғалімдер көбінесе негізгі мақсатқа – коммуникативті мақсатқа жете алмайды. Қарым-қатынас тетіктерін білмейтін оқушылар мәдениеттер диалогын жүргізуде қиналады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі әдістемесі деңгейлерді дамыту және оларды тестілеу, түрлі-түсті жаңа оқу құралдарын құру, оқытуда жаңа технологияларды

қолдану тұрғысынан көп нәрсеге қол жеткізді. Қазіргі әдістемелік ойдың негізі – оқу процесінде тіл мен мәдениетті біріктіру, қазақ тіліндегі білім беру процесінде мәдениеттер диалогы туралы идея. Өзге ұлттық оқушыда кем дегенде екі елдің мәдениеті тоғысады. Қазақ тілін оқу арқылы қазақ мәдениетін де үйренуге тура келеді. Осы мәдениеттер тоғысы оқушының тіліне, түсінігіне қатты әсер етеді. Егер тілді оқытуда сол оқытылып отырған елдің мәдениетін дұрыс сіндірмесе, жалаң түрде сөзді жатқа біліп, қарым-қатынаста қолданудың кері әсері бар. Мәселен, бұрынғы «ата» деп сәлем беретін жас бала да атасына *«аташқа»*, әкесіне *«папаша»*, анасына *«мамуля»* деп мойындарына асылады. Иіліп сәлем беретін жас келіндер *«здрасти, сәлем бердік»* дейтін де кездеседі. Ең сорақысы ана омырауындағы сәбиінің сәт сайын еститіні *«Айналайын, құлыңшағым»* деген қазақы ана жүрегінің жылуы емес, өзге тілдегі *«сыночек», «дочка»*. Онымен қоса, тілі енді ғана шығып келе жатқан балаға үй бөлмелерінің қазақша баламасын ұмытып, тегістей орысшаға аударып түсіндіреді. Жастар бір-біріне *«жарасымды киініп алытсың», «өзіңе құйып қойғандай»* деудің орнына *«тема киініп алытсың»* дейді. Жас жігіттер келбетті, ажарлы қыздарды көрсе болды *«өзі жынды қыз екен»* дейді. Мұны қалайша түсінуге болады? Бірнәрсеге таңырқағанда құлаққа *«тай-най», «шіркін-ай»* деген сөздердің орнына *«е-мое», «ешкин свет»* деген сөздерді естисің. Бірнәрсеге аландап, өзіңді қоярға жер таппай тұрсаң *«неге потеря болып жүрсін»* дейді ғой. Бұлардың барлығы қазіргі уақытта ауызекі тілде қолданыста жиі естіледі.

Қазір елімізде жастар арасында аралас (қазақ және орыс тілдерінің элементтері араласып, бір жүйге біріктірілген) және субординативтік (орыс тілі басымдыққа ие) кәсіптік белең алған. Оған қоса оқушылар мен студенттер ағылшын тілін игеруде ерекше белсенділік танытып, басым көпшілігі оқу бағдарламасына қосымша арнайы курстар, онлайн курстар арқылы үйренуде. Аталған үдерістер мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің экологиясына қалай ықпал етеді? Бұл турасында Б.Хасанұлының «Негізі, ағылшындардан аса қауіп келе қоймас, себебі олар қасымызда емес. Қауіп – орыста, өйткені орыс тілді қазақтарды ана тілімізге қайтару әдісін әлі ешкім ойлап таба алмай отыр, қазақ тіліне қарсы жұмыс істейтіндерге де бөлек күрес керек ғой...» [3, 29 б.] деген пікірімен келісуге болады. Дегенмен, қауіптің алдын алу үшін қазақ тілін *ұлттық құндылық ретінде, ал өзге екі тілді әлемдік қауымдастыққа ықпалдастыру құралы* ретінде менгертетін тиімді модель ұсынуға, білім беруде

экологиялық тіл саясатын жүргізу қажет. Қос тілді оқушының санасында мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің психологиялық мәртебесі жоғары, ана тілінің қолданылу аясын кеңейту ұстанымы тұрақты болу үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Жалпы оқушының бірнеше тілді меңгеруі, оның бала интеллектісіне, психологиялық, әлеуметтік, этномәдени дамуына ықпалы жайлы сан қырлы зерттеулер жүргізіліп, көптілділікті жақтаушылар мен қарсы топтың пікірлері сараланған.

Білім берудің классикалық жүйесінде өзге тілдерді білу маңызды орынға шығарылып, құндылық ретінде қабылданды. Адамның бірнеше тілді меңгеруі, сол тілдерде әдебиеттермен танысуы оны оқыған, білімді адам қатарына жатқызуға негіз болды.

Оқушының өздерінің сөйлеу дағдысына айналған сөздері көп. Олар мектепте, кітапханада жаргон сөздерді қолданады. Мысалы, оқу залы оларға «читалка», жатақхана- «общага», оқытушы - «препод», стипендия - «степешка». Оқу ғимаратынан тыс жерлерде қоғамдық көлікті «маршрутка», интернет орталығын «инет» дейді. Осы мәселеде оқушылар оларды түзетуге, дұрыстауға тырыспайды, сондықтан оқу ғимаратындағы күнделікті қарым-қатынаста осы жаргон сөздермен сөйлеседі. Әрине бұл жаңа жаргон сөздердің кең таралуына әкеп соқтырады. Мұның бір ұшы әр елдің тілін үйренуде мәдениетін терең сіңіргенін де көрсетеді.

Орыс тілінде қатаң императивті құрылысымен ерекшеленетін, тыйым салулар мен нұсқау берулердің рөлі өте зор. Бұл ұлттық мінездің ерекшеліктерін және елдің өзіндік тарихи дамуын бейнелейді. Ақпарат көбінесе үзілді - кесілді тыйым салу ретінде айтылады. «Кіруге болмайды!» (Не входит!), «Бұзуға болмайды!», «Темекі шекпеңіз!» – қоғамдық орындарда жазылатын ескертпелер. «Болмайды!» немесе «Тыйым салынады!» деген қатаң талаптан басталады. Орыс халқының осы тіке сөйлеу әдеті қазіргі үштілді қоғамда жиі кездеседі. Одан да «Темекі тартпауыңызды өтінеміз», «Рұқсатсыз кірмеуіңізді өтінеміз», «Кітапханашы сізге көмектесуі үшін, өтінеміз, анық нұсқауларына...» айналымдарын қолдану әдепті және семантикалық жағынан да дұрыс болар еді.

Қос тілді оқушыға қазақ тілін оқытуда мәдениеттанымдық әдіспен қатар тіл мәдениетін сақтауды қоса үйреткен дұрыс. Үш тілдің элементтерін өзара шұбарлап қолданбауға дағдыландыру керек.

Осылайша, әрбір тіл ұлттық ерекшеліктеріне ие және тек табиғи шарттар мен мәдениетін ғана суреттеп қоймай, бұған қоса сөйлеушінің ұлттық мінезінің ерекшеліктерін айқындауға болады.

Мәселен, қазақ мәдениетінде, жалпы сөз қолданысында *мамуся, папуся* деп айтпайды. Бұл орыс тілінен кірген. Қазақ тілі сабағында қос тілді оқушыға *анашым, әкешім* деп қолдануды дағдысына айналдыру қажет. Міндетті түрде қазақы таным мен сөз қолданыстан хабар беріп отыру.

Ұлттық-мәдени компонентті қазақ тілін оқыту мазмұнына қосқан кезде оны игерту үшін тиісті құралдар қажет. Қазіргі таңда белсенді мәдениаралық қарым-қатынас, өзара іс-қимыл, көптеген мәдениаралық алмасулар бар, адамдар әртүрлі елдерге кедергісіз барады, сонымен бірге басқа мәдениетке, басқа өмір салтына тап болады. Бұл жағдайда тілді білу жеткіліксіз, әсіресе жаңа ортада адам өзін ыңғайсыз сезінеді. Мұндай жағдайда түпнұсқа материалдар: әдеби шығармалар; музыкалық шығармалар; иллюстрациялық бейнелер оқушыны табиғи мәдени ортаға жақындауға көмектеседі. Мәдениет, тарих, шынайы өмір және дәстүрлер туралы білім беру шет тіліне, осы тілде сөйлейтін халықтың мәдениетіне оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақ тілі мәдениеті оқытудың мақсаты ретінде әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық мазмұнмен қатар лингвистикалық және аймақтық болып табылады. Лингвомәдениеттану – «лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында пайда болған лингвистиканың саласы», «тірі ұлттық тілге енген және тілдік үдерістерде көрінетін материалдық және рухани мәдениетті зерттейтін гуманитарлық пән немесе «мәдениеттану мен тіл білімінде, этнолингвистикада және этнолингвистикада зерттеу нәтижелерін қамтитын білімнің интегративті саласы» ретінде.

Мәдениетаралық коммуникация мәселесіне жалпы қызығушылық біздің заманымызда ұлттар мен мәдениеттердің жақындасу тенденцияларына байланысты. Осыған сәйкес «мәдениеттер диалогы» контексіндегі диалогтың маңызы ерекше өсті.

Билингвизм және қос тілді, үш тілді тұлғаны қалыптастыру мәселелері қазіргі заманғы өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылып келеді [6, 56 б.]. Өйткені адам өмірінің барлық салаларын қамтыған жаһандану және интернационализация құбылыстары олардың сөйлеу әрекетінде де көрінеді.

Оқушылардың қостілділігі мен көптілділігін мәселелерін зерттейтін лингвистер «әлемнің көптеген елдерінде мектептің оқыту бағдарламасына бір емес, көп тіл кіретіндіктен, жер шарының бүкіл халқын қос тілді деп санауға болады» деп санайды [4, 15 б.].

Қазіргі кезеңде мәдениетаралық өзара әрекеттесудің қалыптасқан көп мәдениетті жағдайында билингвалды, полилингвалды оқыту моделі кеңінен таралуда. Бірнеше тілді оқыту дегеніміз – оқыту тілі ретінде бірнеше тілді қолдану мүмкін болған кезде оқу үдерісін ұйымдастыру. Екінші немесе үшінші тіл, осылайша тек оқу нысаны ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынас құралы, оқыту тілі:

– білім беру қызметінің құралы ретінде бірнеше тілді (ана тілі және ана тілі емес) өзара байланысты пайдалану негізінде пәнді оқыту және оқушылардың белгілі бір саладағы пәндік білімді меңгеруін;

– үш тілді өзара байланысты қолдану негізінде белгілі бір пәндік білімді меңгеру үдерісінде және білім беру іс-әрекетінің құралы ретінде шет тіліне үйретуді жатқызуға болады.

Осылайша, мұндай оқытудағы тіл, ең алдымен, арнайы білім әлеміне ену құралы ретінде қарастырылады, ал оқыту мазмұны оқу үдерісінің барлық буындарында пәндік және тілдік компоненттердің үйлесімімен ерекшеленеді. Тілдерін билингвалды, полилингвалды негізде оқыту кезінде оқу үдерісін модельдеуге келетін болсақ, тілдерді оқыту бағдарламаларын үш түрлі модель бойынша топтастыруға болатындығын атап өткен жөн:

– *байыту бағдарламасы*: екінші немесе үшінші тіл мұнда неғұрлым қарқынды және тиімді жүйеде оқытылады. Бұл шет тілді немесе қазақ тілін оқыту тілі ретінде пайдалану жағдайында жасалады. Яғни мектептегі оқу бағдарламаларында шет тілі мен ана тілі орын ауыстырады.

– *ауысу бағдарламасы*: оқыту басынан бастап белгілі бір шеңберде жүргізіледі, яғни, пәндердің 50%-ы негізгі тілде жүргізіледі, ал қалғандары – көп тілді мектеп жағдайында балаларды біраз уақыттан кейін көптілді оқу үдерісіне толық интеграциялау мақсатында қос тілділік бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Мұндай бағдарламалардың мақсаты – аз ұлттардың балаларын басым халықтың тіліне тарту.

– *тілді сақтау бағдарламасы*: олар басым тілдік топтардың балаларына да, ұлттық азшылықтардың балаларына да бағытталған және этникалық иммигранттардың азшылықтарының бастапқы

мәдениетін, сондай-ақ жойылып кету қаупі бар мәдениеттерді қалпына келтіруді мақсат етеді. Сонымен, бірнеше тілді оқыту шет тілдерін оқытудың ең тиімді түрі ретінде байыту бағдарламасы бойынша оқыту түріне жатады. Екі не үш тілді оқытудың әртүрлі модельдері де бар, бірақ олардың ортақ бір ерекшелігі бар: шет тілі оқу объектісі емес, білім алу құралы болып табылады және нәтижесінде екі есе әсер пайда болады – бір уақытта жаңа білім мен тілдік дағдылар қалыптасады.

Билингвалды саңаны қалыптастырудың негізгі тетігі – мәдениеттер диалогы, бұл жеке адамның санасында екі мәдениеттің бейнелерінің байланысы, олар шет тілдік мәдениеттің бейнелерін біле отырып, олардың ана тілі мәдениетінің бейнелерінен айырмашылықтарын көрсетеді [4, 28 б.].

Мәдениеттер диалогі – бұл өзара іс-қимыл, өзара көмек, өзара байыту қажеттілігі [5, 14 б.] Мәдениеттер диалогы мәдениеттер дамуының объективті қажеттілігі мен шарты ретінде әрекет етеді. Мәдениеттер диалогында өзара түсіністік болжанады. Ал өзара түсіністікте бірлік, ұқсастық болжанады. Яғни, мәдениеттер диалогы өзара түсіністік негізінде ғана мүмкін, бірақ сонымен бірге әр мәдениеттегі жеке тұлға негізінде ғана мүмкін болады.

Сонымен қазақ тілін өзге ұлттық оқушыларға екінші тіл және мемлекеттік тіл ретінде үйретудің лингво-әдістемелік мынадай міндеттері бар:

- оқушының үйретіліп отырған тілде сөйлеуші халықтың шындық өмірді қабылдауы жөнінде тілдік сана қалыптастыру;
- қазақ тілін үйретіп отырған оқушыға тілдік қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, дағдыға айналдыру;
- қарым-қатынас құралдарын сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету.

Қазақ тілін лингвомәдени бағытта үйретушінің мына мәселелер жөнінде түсінігі болуы керек:

- қазақ тілінде тілдік сана қалыптастыру жөнінде;
- қазақ мәдениетінің негізгі бағыттары;
- қазақ этномәдениетінің ерекшеліктері турасында;
- мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгеруі.

Сонымен бірге, оқушыларға мынадай іскерліктердің түрлерін қалыптастыру керек:

- қазақи шын тілдік жағдайларда тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы;

– түрлі тілдік жағдайларда тілдік құрылымдарды қажетіне қарай қолдана алуы;

– мәдениетаралық диалогтарда оқушы қазақ мәдениетіне түсінік танытуы.

Өзге тілдік оқушыларға қазақ тілін терең меңгерту үшін дүниенің этномәдени бейнесі жөніндегі түсінігі, тілдік сана, қазақ халқының өмір сүру салты, әдет-ғұрпы жөніндегі түсінігі қалыптасуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005. – 170 б.

2 Чукенаева Г. Көптілді білім беру және қазақ тілінің экологиясы. //ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. -2016. - №6 (310). 2016ж. -284-289 бб.

3 Зимняя И. А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. – М.: Просвещение, 1978. – 159 с.

4 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. – 120 б.

5 Алдабергенова Г. Д. Исследование влияния билингвизма на развитие личности детей: автореф. дис. канд. филол. наук. Алматы, 1999.

6 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989. 295 б.

ЖАРАПАЗАН МӘСЕЛЕЛЕРІ

БЕЙСЕМБАЕВА А. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Жарапазан рамазандеген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатын екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады» [1], – деп жазады.

Қазақтар арасына жарапазан айту ерте кезде – ақ, яғни ислам келген шақта еніп, өте кең тараған. «Жарамазан өлеңдерінің, – деп жазады Б. Кенжебаев, – қазақ арасына жайылуының бір себебі: қазақ халқының ойын – сауықты, ақындықты сүйетіні болу керек. Бұрын елде не жайылса да, өлең өлшеуінің біріне түсіп, өлең жұрнағы болған соң ғана жайылған. Өлеңсіз, сұлу сөзсіз келген үгіт болса, ондайды халық керенау тыңдаған, ұқпаған» [2].

Расында да, сырттан енген сюжет болсын, яки өзіміздікі болсын, көбінесе өлең түрінде айтылып, елге тез тараған. Оның себебі – қазақ мәдениетінде өлеңдете, мақалдата сөйлеу дәстүрі болған. Ондай сөздер, өлеңдер жаттауға жеңіл болған және жұрттың санасына әсер ете алған. Міне, ислам дінін, оның негізін қалаған Мұхаммед пайғамбарды, расулдың сахабаларын дәріптеген жарапазан өлеңдері халық ішіне тереңдеп енген. Оның бір дәлелі – кеңес кезінде ұмытылды деп есептелген жарапазанның 2005 жылы ғана 16 нұсқасы мәтінімен, нотасымен жариялануы [3]. Жарапазанда мұсылмандық идеялармен бірге ескілікті, шамандық ұғымдар қатар жүреді. Алланы, пайғамбарды айта отыра мәтіннің ішіне ежелгі нанымға негізделген тілектер де енгізіледі.

Жарапазан өлеңі мазмұн жағынан да, құрылымы жағынан да, тілінің кестелігі жағынан да айтарлықтай күрделі емес. Оның мазмұны – ислам дінінің негізгі қағидаларын орындау қажеттігі, оларды орындамаса, тозаққа түсіп, жазаланатындығы мен жарапазан арналып отырған адамды (үйдің иесін) мақтап, содан ақы алу. Әлбетте, мұның бәрі ашық және ұйқастыра айтылады. Бірер мысал келтіруге болады.

Үйің – үйің үй екен,

Үйдің көркі ши екен,

Саба көркі – бие екен,

Сандық көркі – түйе екен.

Әшекейлеп сырлаған,

Ақ сарайдай үйі бар.

Ақ бөкендей қойы бар,

Қара сақал кер миық

Қандай байдың үйі екен?

Мұхамбет үмбетіне жарапазан...

Немесе:

...Айтамын, байлар, сізге жарапазан

Молдалар ерте ерте айтар азан!

Айтқанға жарапазан қайыр берсең,

Барғанда ақыретке болмас жазан
 Айтамын жарапазан қожақайлап,
 Жылайды қожа, молда түбін ойлап.
 Тірлікте қайыр – зекет бермеген жан
 Тұрады ақиретте тайдай тулап...
 Немесе:

...Айтамын жарапазан үйіңізге,
 Ұстаған үй айнала шиіңізге.

Қой берсең, қозы берсең, көпсінбеймін
 Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге... [4]

Ал, мына шумақтарда ақы алу үшін жарапазаншы былай дейді:
 Айтамыз жарапазан үйіңізге,
 Туырлық үй айнала шиіңізге.

Осы үйдің шаңырағы шап – шақ екен,
 Жеңеміз осы үйдегі аппақ екен...

Айтамыз жарапазан есігіңе,
 Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе.

Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
 Кұдайым айырмасын несібіңнен [5].

Жарапазанның қалыпқа түскен бата түрі де бар және ол жеке де айтылады, бірақ көбіне жарапазан айтушы өзінің сыйын алғанда немесе алар алдында айтатын болған. Оны «жарапазан – бата», яки болмаса «жарапазанның батасы» деп атайды:

Жарапазан батасы,
 Сөзімнің жоқ қатасы,
 Ораза тілек айтқан
 Мұсылманның атасы.
 Тағы – тағы берейін,
 Таусылмас менің көп батам,
 Бата беріп, қолыңнан
 Жақсылықпен дәм татам [5].

Жарапазан өлеңінің құрылымы үш бөліктен тұрады. Бірінші – байды мақтау, оның дәулетін мақтау; екінші – келген үйіне тілек айту. Ораза айы – Мұхаммед (с. а. у.) пайғамбарға Құран аяттарының түсе бастаған уақыты, Құдайға құлшылық етудің маңызды кезеңі бұл ай Қады түнінің болуымен ерекшеленеді. Сондықтан рамазан айында – ораза айында айтылған тілектің жөні де бөле деп қабылданады. Үшінші – осындай маңызды кезеңде жақсы тілектің қабыл болуын көксейтін адам жарапазаншының көңілі қалдырмай, сұрағанын беретін болған. Мәтіндерге зер салсақ, жарапазаншы көп

нәрсе сұрамайтын сынайда «Байлаңыз жақсы орамал белімізге», «Қой берсең, қозы берсең көпсінбеймін», «Жарапазан айтқанға жылқы берсе» деген өлең жолдары не берсе де, сон қанағат ететін көңіл байқатады. Берген сыйы көңілден шықпас немесе көңілге қаяу түсіретіндей болса, ол байдың үйін сықақтап мазақ етуі де мүмкін, ол жарапазан айтушының сөзге деген шеберлігіне байланысты болуы керек. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп те жарапазаншыларға сыйлық береді.

Ал «Айтқанның жарапазан сауабы бар» дегеннің мәні – жүрге жерінде мұсылмандықтың негізгі қағидаларын сөз етіп, белгілі дәрежеде дінге мойынсұнуды дәріптеуге қатысты. Бірақ діни уағызды жүргізуде кәсіби қызмет еткен молдаларға қарағанда жарапазаншы бөлек. Әрі мәтіндерге қарағанда, жарапазанды байлар емес, кедейлер айтатын сияқты.

Жарапазан айтатындар екі рөлде көрінеді. Бірі – өлеңнің негізгі мазмұнын айтса, екіншісі оны қайырмамен қостайды:

Айтушы:

– Байлар, жатырмысың ұйқылы – ояу,

Тұсыңа Қыдыр келді атты, жаяу.

Мұқамбет үмбетіңе жарапазан.

Қостаушы:

Жарапазан, жарапазан!

Алла құдай, би рамазан! [6]

Араб халқында жарапазан жоқ сияқты. Соған қарағанда жарапазан айту дәруіш – парсылар арқылы келген болу керек, сөйтіп, ол біздің ежелден келе жатқан алғыс пен бата – тілекке сіңісіп кетке секілді. Мәтіндерге қарағанда, жарапазан айтушылар дінге теренде енбеген, олар исламның бес шартын айтумен шектелген. Кейбі жарапазан мәтіндері қазақтың баяғы ақы сұрап айтатын мақта өлеңдерін еске түсіреді. Сонымен қатар жарапазан өлеңдерінің поэтикасында эпостық стильдің әсері байқалады. Жалпы, жарапаза жырлары – діни маусымдық фольклордың тамаша үлгісі.

Жарапазан атауы халық ұғымында ислам дәуірімен байланысты орныққан. Жарапазаншылардың келген үйіне айтатын игі тілегі, үй иелерінен сыйлық күтуі, сыйлық берілмесе, көңілдері қалатынын білдіретін өлеңдер ежелгі дәуірлерде де болған. Тек оның қалай аталғаны бізге белгісіз болып қалған. Әйтпесе, мұндай мәтіндер алтайлықтардың арасында тұратын мұсылманданбаған түркі тайпасының бірі – телеуіттер арасында да бар [7]. Ол мәтін жарапазан деп аталмаған.

Тіпті, славяндардың бұл өлеңдерінде де осындай мән бар. Сондықтан жарапазанға дейінгі ежелгі дәуірде де көптеген халықта маусымдық мереке болған деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – Т. 1. – 309 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948. – Т. 1. – Б. 44.
- 3 Қазақ музыкасының антологиясы. Бес томдық. – Алматы, 2005. – Т. 1. – Б. 52–69.
- 4 Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы, 1964. – Т. 6. – Б. 182–183.
- 5 Қазақ музыкасының антологиясы. – Алматы, 2005. – Т. 1. – Б. 55, 66.
- 6 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 255 б.
- 7 Телеутский фольклор. – М., 2004. – С. 66.

ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ

БЕЙСЕНБЕКОВА А. Б.

бастауыш сынып мұғалімі

НАМАЗБАЕВА Ж. Ж., САДВАКАСОВА К. К., САГАТОВА А. Б.

қазақ тілі мен әдебиет пәндері мұғалімдері, Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия, Қарағанды қ.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген білім беру маңызды мәселе болып отыр. Ата-бабамыздан бері келе жатқан рухани құндылықтарды оқушы бойына сіңіру арқылы жас ұрпақты адамгершілікке насихаттау, рухани толысқан тұлға қалыптастыру бүгінгі мектеп қабырғасында қолға алынуда. Сондай-ақ қазіргі ұстаздар мына нәрсені ескергені жөн болар. Атап айтсақ, 21 ғасыр ұрпағының есту, тыңдау, қабылдау, түсіну ұғымдарының да өзгеше екенін білуі керек. Оқушыларды тұлға ретінде өзімен тең көріп, көзқарастарына құлақ асып, ойларымен санасып, пікірлеріне құрмет көрсетудің өзі де құндылыққа жатады. «Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс» деген педагог-жазушы Спандияр Көбеев. Сондықтан әр ұстаздың ісі мен сөзі оқушыға айна тәріздес болады, демек, сабақ беріп тұрған мұғалім де оқушыға үлгі бола отырып, дұрыс

бағыт-бағдар беріп, өзінің де бойынан рухани құндылықтың лебі есіп тұруы керек.

Білімді тәрбиемен ұштастыра үйрету оқушының көңіліне жол таба білуден басталады. Ал бала жүрегіне жол тапқанда, оның пәнге деген қызығушылығы арта түспек. Сонымен қатар құндылықтарға негізделген білім беруде ата-ана, мектеп, оқушы-үштік одақ бірлесе жұмылғанда ғана атқарылатын іс нәтижелі болады.

Биылғы оқу жылында гимназиямызда «Құндылыққа негізделген білім беру» курсынан өтіп, өз тәжірибемізде қолдана бастадық. Курстан алған теориялық білімімізді сабақ үрдісінде, ата-аналар жиналысында, қоғамдық іс-шараларда қолданып, өзіміздің де және өзгелердің де өзгеріске бет алғанын байқадық. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен әр айды құндылық атауымен атап, мектеп іші де соған сәйкес безендіріліп жатыр. Бұл жердегі мақсат оқушының бойына бір дағды, бір әдет қалыптастыруды көздейді. Жоспарға сай әр құндылыққа жеке-жеке анықтама беріліп, тақырыптар кеңінен ашылды. Сондай-ақ құндылықтың қалыптасуына кедергі болған тұстары да анықталып, қай бағытта қалай жұмыс істеу керектігі жөнінде тренерлер тарапынан ұсыныстар да болды.

Ата-аналар мен өткізілген іс-шаралар бала тәрбиесінде мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланыс орнатуға септігін тигізеді.

Құндылыққа негізделген білім беру бойынша өткізген іс-шараларға тоқталсақ, қараша айында ынтымақтастыққа байланысты 9 «А» сыныбында «Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі ынтымақтастығы» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Оқушылар ұлтымыздың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты екенін аша түсіп, өз ата-аналарының алдында өнерлерін көрсетіп, түрлі тақырыпта ойындар ұйымдастырып, ауызбіршіліктерін танытты. Мектеп құндылықтарға негізделген тәрбиелік іс-шараларында ата-ананың да үлесі болуын көздейді. Ата-аналарға арнайы құндылықтарға қатысты ақпаратты беру арқылы отбасы құндылығының артуына себепші болады. Бұл жұмыстан байқағанымыз: ата-ана да, бала да ерекше белсенділік танытып, қызығушылығы артып, баласының кейбір білмейтін қыр-сырын танып, өзінің бойындағы қасиетті баласынан да көріп, таңғалып, көздерінен ұшқын шашқанын көрдік. Бұл отырыстан кейін ата-аналар осындай жиналыстардың жиі болып тұруына ұсыныс жасады.

Әр құндылықты дамытуға бағытталған іс-шаралар күнделікті өмірде бойына сіңірген құндылықтарды дұрыс қолданып, өмірлік ситуацияларында пайдалануына жол ашады.

Сабақ барысында құндылықты қалай жүзеге асырып жатырмыз? 11 «Ә» сынып оқушыларымен Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы бойынша ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетті және ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады. Сабақтың басы Ж. Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасын Түркияның бұрынғы мәдениет министрі, белгілі қоғам қайраткері Намық Кемал Зейбектің сөзімен байланыстырып, өзіндік қорытынды шығарып, «PRES» тәсілі арқылы құндылықтарды талдаумен бастап, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтірді. Ойын қорытындылап, «Сондықтан мен..... деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келді. «Үш қадам» тәсілі бойынша поэманың негізгі идеясын, дала перзенті ретінде ақынды қандай мәселелер толғандырады және қазіргі таңда бұл мәселелер өз шешімін қалай тапқандығын талдап, өмірмен байланыстырып, патриотизм, ұлтжандылық, құрмет, мақтаныш сезім, адалдық сияқты құндылықтарды анықтады. Келесі тапсырмада: «Поэмада тарихи есімдер не мақсатта қолданылған?» деген сұрақ қойып, «Даланың жарқын тұлғаларын» 3-ке бөліп (ақындар, әнші-композиторлар, ғұламалар), тарихи тұлғаларды анықтап, олар туралы не білетінін кестеге жинақтап толтырды. Оқушы осы тапсырмалар барысында: Отанын сүю, елін, жерін, тілін қастерлеудің маңызын түсінді, белсенді азаматтық ұстаным, жоғары патриоттық сезімдер қалыптасты. Отанға қызмет етуге, оның тарихи тұлғаларын құрметтеп, оның мүдделерін қорғауға ұмтылды. Поэманы Қ.Аманжоловтың «Туған жер» атты өлеңімен «Венн диаграммасы» арқылы салыстыра талдады. Шығармаларды салыстырып, ерекшеліктерін ажыратып, ортақ идеясын табу арқылы өз Отанын, халқын шексіз сүю, ел мүддесін биік қою, оған адал қызмет ету құндылықтары бойына дарыды деуге болады. ««Ойлан, топтас, бөліс» әдісімен поэмадағы ұлттық мақтаныш, ел намысы, халық арманына қатысты тұстарын тауып, «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастырып, өз көзқарасыңды білдіріңіз» деген топтық жұмыс жасалды. Әр тапсырманы орындағанда оқушылар

құндылықтармен байланыстырып, өз ойларын жүйелі де сауатты жеткізе біліп, кейіпкерлер жүйесін жинақтап, даралау арқылы өмір шындығын көрсетті және ұлттық құндылықтардың маңыздылығын аша білді.

9 «А» сыныбымен «Құлагер – еркіндікке ұмтылған қазақ елінің символы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мақсаты көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды, шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды. Сыныпты үш топқа «Әдебиетшілер», «Тілшілер», «Тарихшылар» бөлінді. Қызығушылықты ояту кезеңінде тыңдалым тапсырмасына

I. Жансүгіров туралы бейнематериалды көрді. Тыңдалым арқылы бүгінгі сабақ не жайында болмағына болжау жасады. «Ой түрткі» сұрағы қойылды. «Қазақ поэзиясының Құлагері атанған ақынның тағдыры шынымен де Құлагермен тағдырлас па?» Сабақтың мақсатын айқындап, күтілетін нәтиже түсіндірілді. Топтық жұмыста «**Әдебиетшілерге**»

Кесте 1 – Концептуалдық кестені толтырыңдар:

Шығарма аты	Кейіпкерлер	Қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел

«Тарихшылар» «Кластер» Ақан бейнесін жан-жақты ашыңдар.

- Ақан – тарихи бейне
- Ақан – композитор
- Ақан – трагедиялық кейіпкер

Шығарманың негізгі идеясы оқырманды ескі өмір салтымен таныстыра отырып, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қатығыстарды кейіпкерлер әрекеті арқылы көрсету болып отыр.

Шығармадағы кейіпкерлер: Ақан, Батыраш, жетім бала, Күреңбай, халық

Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар кейіпкер бойындағы қасиетін ашып, адами асыл қасиет жауапкершіліктен басталатынын түсінеді, адал, сенімді, өнерді бағалайтын сезімтал, мейірімді, жанашыр тұлға болуға үйренді. Сондай-ақ Батыраш бойындағы жағымсыз қасиеттерді танып, адал, әділ, өзгені сыйлау, құрмет тұту, өнерліні ардақтау сияқты құндылықтарды бойына сіңірді.

«Кубизм» әдісімен «Сипатта» тапсырмасына «Сіздер үшін І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының құндылығы неде?» деген сұрақ қойылды. Ал «Тарихшылар» тобына «Поэманың тарихи құндылығын анықтандар», «Тілшілер» тобына «Поэманың көркемдік құндылығын анықтандар» деген тапсырмалар берілді. Оқушылар тарихи тұрғыдан пікір білдірді, ұқсас туындылармен салыстырды, құндылық тұрғысынан пікір білдірді. «Салыстыр» «Әдебиетшілер» тобы І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын басқа шығармалармен салыстырды. «Ақын көтерген мәселе өзекті ме? Бүгінгі күнмен, тарихпен байланыстырыңдар» деген тапсырмада «READ» жобасы арқылы «Оқуға ұмтыл» айдарымен оқушылар өздері бүгінгі шығармаға қатысы бар немесе ұқсас шығармаларды оқуға ұсыныс жасады. «Дәлелде» Ж.Ж. Сенінше, Құлагерді шын мәнінде өлтірген кім деп ойлайсың? Батырашқа бүгінгі күн тұрғысынан қандай баға берер едіңдер?

Ой-пікір айта отырып, ойыңызды дәлелде деген тапсырма берілді. Балалар кейіпкерге бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, пікірін, ойын дәлелдеп жеткізді.

«Құлагер еркіндікке ұмтылған қазақ елінің символы» деген пікірмен келісесің бе? «ПОПС» әдісі арқылы өмірмен байланыстыра отырып ойың жазды. Өз ойың, пікірің білдіре алады, мысалдар мен дәлелдер келтіре алды, өмірмен байланыстыра алды. Сабақ барысында оқушылар ынтымақтастық қалыптасқан ортадан бауырмалдық жақындықты сезінеді, достық қатынасты сақтаудың жауапкершілігін түсінеді, басқалардың пікірімен санасу арқылы ауызбіршікте болуды үйренеді, бірлікте бекем болып, ынтымақтастықты арттырады. Көпшіл болуға, кең пейілді болуға талпынады. Өзгелерге кешірімді болуға, өз әрекетіне мұқият болуға тырысады. Басқаларды басыну, әлімжеттілік жасау секілді қасиеттерден өзін алшақ ұстайды. Кішіпейілділік кісілік қасиеті екендігін үйренеді, барынша кішіпейіл болуға ұмтылады.

Бүгінгі тақырыпқа сай төмендегі Құлагерге арнау өлеңді сыныптағы шығармашыл, өнерлі оқушы Болат Толғанай шығарды.

Ер түріктің қайратын мен Мағжаннан байқадым,
Азаттықтың бәйгесінде көтердің ел байрағын.
Тар заманның тауқыметі жазым қылды-ау соңында,
Қиалсаң да азап шегіп елдің қамын ойладың.

Бабаларым бағдар беріп, ұрпақтарға жол ашты,
Өшпес алау кеудемде ғой дәріптеймін Алашты.

Азаттықты елімізге мирас қылды аманат,
«Мен жастарға сенемін» деп үміт артты, санасты.

Алаштардың көзге түсер ардақтысы Мағжан ғой,
Халқымыздың ар-намысын бой көтерткен жандар ғой.
Жалаң қолмен халқы үшін жанын қиған Алаштың,
Ерліктері, бірліктері мәңгі есте қалды ғой.

Қайнап тұрған қаны қазақ, жаны қазақ Мағжанның
Бар үміті, бар арманы болды оның азат күн
Мен жастарға сенем деген үміт артқан Мағжанның
Ақтайықшы бар үмітін ұрандаған Алаштың!

Өлеңі арқылы Толғанай өз бойына патриоттық, ұлтжандылық және тұлғалық қасиетке құрмет көрсетудің маңызын ұғынды. Адами және ұлттық құндылықтарды құрметтеуді, Отанын қадірлеуді білді.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіре білуіміз қажет. Білім мен тәрбие құстың қос қанатындай десек, сол қос қанатты қатар алып ұшса ғана биікке самғайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қадам» оқу-әдістемелік құрал «Астана-кітап», 2021ж. 98-115 б.
- 2 І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, 3-150 б.
- 3 Қ.Аманжолов Өлеңдер жинағы, 16-30 б.
- 4 Ж. Әбдірашев Өлеңдер жинағы, 25-45 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНТЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ЖАСАЛҒАН АТАУЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК- СЕМАНТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

БЕКТУРОВА А. К.
магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
КАРИПЖАНОВА А. О.
ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті,
Павлодар қ.

Қазақ тілінің туынды сөздерінің ең көп бөлігі синтетикалық тәсілмен жасалған сөздер болып табылады. Жалғалмалы тіл ретінде

туынды сөздердің жұрнақ арқылы жасалуы көне түркі тілдерінен келе жатқан тілдің басты ерекшелігін сипаттайтын белгілерінің бірі. Дамыған тілдерде алғашқы атаулар өте аз, ал кейінгі атаулар, яғни алғашқы атаулардың негізінде жұрнақ арқылы жасалаған атаулардың қазақ тілінде басым қолданысы, тілдің ғасырлар бойы үнемі дамып, жетіліп отырғандығының айғағы. Кейінгі атаулардың барлығы адамның ассоциациялы ойлауының, тәжірибесі арқылы танылған, санада көрінісі бар атаулар арқылы жасалатыны белгілі.

Тіліміздегі жұрнақ арқылы жасалған модельдер ертеден келе жатқан туа түбір атаулары аналогиясымен туындаған. Мысалы, -лық/лік, -дық/дік, -тық/тік форманттары этномәдени атауларды жасап, өнімділігі жоғары сипатқа ие болған. *Базар+лық, бауыр+лық, қорық+тық, бел+дік, туыр+лық, тун+дік* тәрізді модельдерден атаулардың мағынасы да жасалуы да тілдік ерекшеліктерді айқындайды. Мысалы, қаламдық (уықтың жоғары ұшы сұғылатын тесігі), *қорықтық* (қойшылардың тасқа қайнатып пісіретін асы), *туырлық* (киіз үйдің төбесін жауып тұратын киіз), *істік* (ағаштан жонып жасалатын, әр түрлі көлемдегі тфяқша) т.б. атаулар халық тұрмысының әр түрлі көріністерінен хабардар етеді.

Бұл топтағы атауларға өсімдік, жан-жануарларға қатысты атаулар да жасалған. Мысалы, *қымыздық* (шавель), өсімдіктің қышқыл дәміне бола, қымыз сөзімен уәждеделген атау. Сол сияқты *инелік, аталық, еңлік* атаулары да осы топқа жатады.

Осы үлгімен адамның, жан-жануардың белгілі бір дене мүшелерімен, орын, мекен мағынасымен байланысты атаулар да туындаған. Мысалы, *қолтық, кіндік, төстік, мұрындық, ауыздық, тізелік* т.б. Бұл атаулардан дене мүшелері және сол мүшелерге байланысты зат, құбылыс атауларының туындайтынын байқаймыз. Мысалы, *тізелік* сөзі тізеге киетін киім атауы, *мұрындық* – өгіздің тұмсығына салынатын шығыршық, сонымен қатар өмірділік – аттық кеудесіне салатын әбзелдің бір түрі, оның қызметі ер-тоқымды орнында ұстап тұру. Бұл сөздің мағынасы да, омырау деген уәждеушімен байланысты деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, бұл формантпен туыстық қатынасты, ағайын-жегжаттықты білдіретін сөздер тобы да белсенді жасалған. Қазақ дүниетанымында бұл атаулардың тобы біршама көп болатыны да салт-дәстүр, туыстық қарым-қатынастың тереңдігіне, әлеуметтік өмірдің қазақ қоғамында жүйелі реттелуіне байланысты деп ойлаймыз.

Мысалы, *құдалық, жиендік, қалыңдық, ағалық, аталық, аналық, кішілік* т.б. Атауларда туыстық атауларға қатысты әрекеттермен байланысты, кішілік сөзі тоқалдыққа алған әйел мағынасында: Тазша кебін кигізіп, *Кішілікті* қылғызды (Қозы Көрпеш). Бұл қолданыста кішілік күң мағынасында қолданылған. Кейінірек кішілік тоқал атауында тілдік айналымда жиі кездеседі. Қазіргі лексикалық қабатта бұл сөз көне лексема ретінде танылған.

Сонымен қатар *еңлік* сөзінің семантикасы туралы ғылыми еңбектерде жақсы талдау ұсынылған. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *englik* (румяна) мағынасында қолданылған. Бұл кейінірек Қамбар батыр жырында *опа*, *индік жағайын* (Қамбар батыр) деген жолдармен нақтыланады. Ал *еңлік гүл* туралы: «Бұл шөпті ірі қара сүйсініп жейді. Жеген малдың сүті қызғылт тартып тұрады. Еңлік күзгі уауытта шығады. Сол кезде тамырын қазып қарасаң, қызыл түсті сұйық шығады. Ол қызыл бояу. Сол бояумен жас келіндер, бойжеткен қыздар беттерін бояйды» (Егеменді Қазақстан). Осы мысалдан да байқаймыз, *еңлік* сөзінің уәждеуші сөзі *ен*, *өн* (белгі, көзге көрінер сұлулық) сөзінен туындаған бір түбір болуы мүмкін. Осы сөздің негізінде *өнлік, еңлік* (бояу), ал кейін оның негізінде *өсімдік, яғни тауда өсетін эдельвейс гүлінің* атауы уәждеделген деген болжам жасауға болады.

Бұл сөзжасамдық формант «орын, мекен» мағынасындағы атауларды да жасайды. Мысалы, *арқалық, орындық, мақталық, қауындық, егіндік* т.б.

Қазақ тіліндегі жоқтық, қайшылық, танымдық, баршылық, даналық, дархандық сынды дерексіздік, жалпыламлық мағыналы сөздерді де жасайды.

Белгілі бір кәсіпті білдіретін сөздерге жалғана отырып, сол кәсіпке қатысты сипатты немесе құбылысты атауы мүмкін. Мысалы, *ұстаздық, ұсталық, балуандық, молдалық* т.б.

-лық/лік, -дық/дік, -тық/тік сөзжасамдық форманты соңғы жылдарды жаңа атауларды тілімізге көптеп енгізді, олардың сипаты қоғамдық білімдердің дамуымен, баспасөз белсенділігімен, көркем әдебиеттегі авторлық жаңажасалымдармен толығы түсті.

Басшылық, зерттеушілік, жыршылық, дәрігерлік, кезекшілік, тәлімгерлік, ішімдік, отаршылық, елшілік, қайраткерлік, кеңесшілік, шешендік, оқтық, бостандық, бодандық, азаттық, зайырлық, күнделік, тәуліктік, ығтималдық, қажеттілік т.б. сөздердің тілімізге еніп, белсенді сипат алғанын білеміз.

Бұл атаулардың барлығы тура уәжді туынды сөздер. Олардың уәждемесі айқын, уәждеуші сөздер түбір түрінде, туынды түбір түрінде де қолданылып, сөзжасамдық форманттарының сөзжасамдық мағынасына қарай әртүрлі мағына беретінін айта аламыз.

-шы/ші сөзжасамдық форманты лексиканы туынды сөздермен толықтырушы өнімді модельді құрайды. Бұл зат, құбылыс атаулары+шы/ші=кәсіп,мамандық атауы моделі бойынша жетекші, саясатшы, сарапшы, жолаушы, хатшы, омарташы т.б. сансыз атаулар жасалғаны белгілі.

Сонымен қатар белгілі бір өмірлік жағдайға қатысы бар адамның атауы ретінде қолданылатын *ақылшы, базаршы, себепші, арызышы, жоқшы, тойшы* сияқты атаулардың уәждемесі де анық.

Бұл модель бойынша жасалған *жарлықшы, жарақшы, кесікші, пішенші, орақшы* сынды атаулар қолданыстан шығып жатыр.

-ым/-ім сөзжасамдық форманттың беретін мағынасы дерексіз зат атаулары. Зерттеушілер назарына іліккен бұл формант дерексіз мағыналы атауларды жасайтынын айтады. Көне түркі тілінің қолданысында олар кездеспейді, араб-парсы тілінен енген қайыр+ым, мейір+ім сынды сөздер жасалған. Бертінгі лексикаға жаппай енген термин сөздердің жасалуында белсенді сипатқа ие болған. Мысалы, *таным, айтылым, басылым, көрсетілім, таныстырылым, теңгерім, үлгерім, терілім* т.б. Қимылдың нәтижелеріне қатысты атаулар уәжді сөздер, себебі уәждеуші сөз мағынасына қарай туынды сөздердің мағынасын бірден анықтай аламыз.

Синтетикалық сөзжасам туралы зерттеулерде ең алдымен журналдардың өнімділігі туралы сөз етіледі. Тілдегі өнімді журналдарды келесі кесте арқылы көрсете аламыз.

Кесте 2

№	журналдар	мысалдар	Сөзжасамдық мағыналар
1	-шы/ші	А й т у ш ы , с а л ы қ ш ы , қабылдаушы, байланысшы т.б.	Қимыл, затқа қатысты мамандық иесі, қоғамдық қызмет иесі
2	-м, -ым/-ім	А й т ы л ы м , ж а з ы л ы м , таралым, басылым	Белгілі бір қимыл нәтижесі атауы
3	-лық/лік,-дық/дік,-тық/тік	Жемқорлық, қауымдастық, іскерлік, кәсіпкерлік	С ы н - с и п а т қ а байланысты жинақтау мағынасындағы атау

4	-ма/-ме, -ба/бе, -па/-пе	Мәлімдеме, түйіндеме, үстеме, тағлымдама	Белгілі бір қимылдың нәтижесі, қортындысы
5	-ыс/іс	Отырыс, табыс, серпіліс, тексеріс, тербеліс	Белгілі бір қимылға қатысты туындайтын мезгілдік сипаттағы атаулар
6	-ғар/-гер, -қар/кер	Қаржыгер, заңгер, тәлімгер, үлескер, талапкер	Белгілі бір зат, дерексіз ұғымға қатысты
7	-нама	З а ң н а м а , ж а д н а м а , сауалнама	Белгілі бір зат, құбылыс атауларына байланысты құжат атауы

Кестеден көріп отырғанымыздай бұл сөздерді тура уәжді сөздер деп атаймыз. Өйткені сөздердің уәждеуші сынарлары арқылы туынды сөздердің мағынасын еш қиындықсыз анықтай аламыз, олардың астарында сөздердің тура мағыналары себепкер болғанын байқаймыз. Оларды қолдануда қиындықтарға кездеспейміз. Осы іспеттес сөздердің бейнелілігі әлсіз, бұл атауларды жасаған кезде, аталымның қарапайым мақсатын, яғни таза атау үшін жасалғанын байқаймыз.

Туынды сөздердің мағына негізділігі оның сөзжасамдық форманттарына көп бағынатынын, яғни сөзжасамдық форманттардың беретін мағынасы басымдылық танытатынын байқаймыз.

Синтетикалық тәсілмен жасалған туынды атаулар уәждеуші сөздері тура мағынада көп қолданылады. Бұл олардың тура уәжді сөздер деп тануымызға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалиев Ф. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. – Алматы : «Ғылым», 2002. – 187 б.

2 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2002. – 313 б.

3 Зайсанбаева Г.Н. Метафоралы аталымдар: монография. – Өскемен, 2012. – 112 б.

4 Қазақ грамматикасы. – Алматы, 2002. – 215 б.

АЙМАҚТЫҚ ЛЕКСИКАДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ АТАУЛАР

ДАУЛЕТКАЛИЕВА Т. Б.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Аймақтық лексика – қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністерін таңбалайтын этномәдени мазмұнды бірліктер [1, 5 б.].

Ш.Сарыбаев «аймақтық сөздер» терминін: «Аймақтық сөздерге әдеби тіл нормасына жатпайтын таралу шегі белгілі бір аймақ шеңберімен шектелетін бейәдеби қолданыстар жатады. Бұлар, яғни аймақтық сөздер, жергілікті ерекшеліктер, әдеби тілді байытудың сөзжасам арқылы жаңа сөз тудыру, көрші тілдерден сөз алу және т.б. сияқты бірнеше жолдарының бірі» [2, 8 б.], – деп түсіндіреді.

Аймақтық лексиканы жергілікті ерекшеліктердің лексикалық қабатындағы осындай тілдік бірліктер мен жергілікті сипаттағы этномәдени мазмұнды бірліктер құрайды. Аймақтық лексиканың мұндай күрделі құрылымы оны жүйелеп сипаттауды қажет етеді.

Аймақтық лексиканы тұрмыстық атаулар да құрайды. Оларды төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) Үй бұйымдарының атаулары.
- 2) Құрал-жабдық атаулары.
- 3) Көрпе-жастық атаулары.

Үй бұйымдарының атаулары. Үй-мекен, үй-шаңырақ ұғымының пайда болуы, жетілуі адамның табиғаттың саналы перзенті екендігін сезінуінің дәлелі. Сондықтан да аймақтық лексикада осы топқа енетін атаулар көлемі мол. Мысалы, *жазушы* Ә.Кекілбаевтың шығармасында *оның там, жсай, бықынажай, құжынажай, майхана, сәлемхана, шатпа, шошала, сағанақ теппе, сылама* т.б. түрлері кездеседі. Бұлардың ішінде жиі қолданылатын аймақтық сөздің бірі – там.

Бідис-аяқ атауларындағы аймақтық лексиканы күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін зат атаулары құрайды. Бұлардың да көлемі мол: *дүмше, бақыраш, зерен, топатай, сапы, метей, күйентей* т.б. *Дүмше* – шай шығаратын аққұман, шәйнек *Шәйдің дәмі ұнайма, айтыңыз. Сізге шәйді басқа дүмшеден құйсын. Дүмше* – шай шығаратын ақ құман; қолға су құятын ұзын мойынды құман. Парсыша – *дом>дүм* – құйрық, бір нәрсенің артқы жағы [3, 137.] сөзінен шығуы мүмкін. Сол сияқты бір нәрсенің түп жағы, түбі.

Бақыраш 1) кішкене шелек, 2) ожау, шөміш. Бұл сөз *көршін* деп те аталады. *Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеи, қызы күлегеи, ақ боз үйге кіре алмас, шоңқайма етік кие алмас, шөккен түйе міне алмас!*...

Тақыт – тақ. Мысалы, «*Бас тақыт бос*». Осы сөз Ә. Кекілбаевтің тілінде жиі кездеседі. Парсыша *тахт* деген екі түрлі мағына береді: 1) патшалардың отыратын орны, орындығы; 2) *ауысп.* мәртебесі жоғары, шоқтығы биік.

Ә. Кекілбаев осы сөзді тақ сөзімен қатар қолданып отырады. *Ай тақырда отырып тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәмету, бір қарағанда, есерлік сияқты!*

Абдыра сөзі аймақтық лексикасында *а-ә* алмасуларына сәйкес *абдыра* – *әбдіре* түрінде ұшырасады, «сандық, кебеже» мағынасын білдіреді. Монғол тілінде *авдар* – кебеже, сандық, қырғызда *абдыра* – үлкен жәшік, сандық, тува – *антара*, хакас тілінде – *абдыра* қобдиша, кішкене сандық, қалмақ – *авдр*, сандық, жәшік. Бұл сөз *абдари* түрінде парсы тілінде ұшырасатыны және парсы тіліне түркі тілдерін ауысқан дейтін пікір бар, өйткені маньчжур тілінде «*абдари моо*» емен тұқымдас ағаш атауын білдіреді.

Кебеже, сандық сияқты заттар ағаштан жасалған, оның ағаш мағынасын білдіретін *моо* сөзі түсіріліп, «*абдари*» атауы зат ауына ауысқан. Бұл сөз оңтүстік аймақтық лексикасында *абдыра* тұлғасында, Қытай қазақтары тілінде *Абдыра* гидронимі, *Абдыра* ойконнимі ретінде қолданылады.

Құрал-жабдық атаулары. Халық тұрмысында күнделікті қажетті құралдардың қатарына от жағумен байланысты заттарды жатқызуға болады. *Шымыуыр, жәмке, жіптік, шаттауық, мәстемір, әтішкір* – шоқ қысқыш, шоқ салғыш зат атауларын білдіреді. Бұлардың аймақтарда айтылуында айырмашылығы бар, сәйкесті диалектизмдер жүйесін құрайды.

Аттис, атауыз, жылқыауыз, балықауыз, кемпірауыз – атаулары қысқыш, шеге суыратын құрал ұғымын білдіреді, күрделі сөздердің жасалуына қызмет және түріне ұқсату себеп болған метафоралану уәжі тіс, тістеу, ауыз ұғымдарына негізделген, оның теңеу заты халық тұрмысында басты қызмет атқарушы жануарлар – жылқы, қой. Құралдар темірден жасалады, олардың алғашқылары атауыз, жылқыауыз, аттис деуге болады [4, 243 б.]

Көрпе-төсек, көрпе-жастық тобындағы көңіл аударатын сөз – көпшік, жастық мағынасында, негізінен, батыс диалектісінде қолданылады (Көпшіктің тысын ауыстыр (Ырғ.). Балаларға көпшік

тасташы (Арал). М.Қашқари еңбегінен «көп, күп» түбірлі бірнеше сөзді келтіруге болады: көпсүн-көрпе, төсек (Қашқари,1, 496), көпшүк – ердің үстіне жабатын көпшік (Қашқари.1, 538). Бұл мысалда көрпе тәрізді жұмсақ жапқыш туралы айтылып тұрғаны аңғарылады, өйткені көрпені жабады немесе төсейді. Осы мағына Шу, Мерке аудандарында – аткөпшік, Шелекте – аткөрпе күрделі атауларымен беріледі. Сөз мағынасының пайда болуына әсер еткен көп/күп түбірлері «жұмсақ» мағынасы болу керек.

Аймақтық лексиканың да үлкен қабатын туынды сөздер, синтетикалық тәсіл, арқылы жасалған туынды сөздер құрайды. Сөйленістерге сөзжасам жүйесі ортақ болғанымен, әр тәсіл арқылы жасалған сөздердің мағынасында ерекшелік бар. Ол туынды сөзді жасайтын жұрнақ та, негіз де әдеби тілге тән бола тұра, сөйленістік мағына жасай алатыны, күрделі сөз сыңарларының тек әдеби варианттардан құралып, сөйленістік мағына білдіре алатынынан немесе сыңарларының біреуі сөйленістік, біреуі әдеби сөз болып келуінен сөйленістік мағына жасалатынынан аңғарылады. Мұндай жағдайлар аймақтық сөзжасамның өзіне тән күрделі табиғатынан хабар береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сарыбаев Ш., Накысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 192б.
- 2 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005.
- 3 Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: «Білім», 2006 ж, - 288 бет.
- 4 Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. Филол. ғылым. докт.дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. - Алматы, 2006.-289 б

О. БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР МЕН КЕҢІСТІК КОНЦЕПЦИЯСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛУЫ ТУРАЛЫ

ДИНИСЛАМ С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Оралхан Бөкей шығармаларындағы кеңістік пен кейіпкер концепциясын анықтау үшін біз қаламгердің «Атау кере» романын талдауға алдық. Әдеби талдау «Атау керенің» жазушының шығармашылығындағы «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Біздің жақта қыс ұзақ», «Кербұғы» туындыларындағы табиғат пен адам арасындағы сабақтастықты да ашады. Жазушы шығармаларының негізі – адамды табиғаттың ажырамас бір бөлшегі етіп алуы. Осы ойды жазушы «Атау кере» романында кең үлгіде береді. Жазушы бұған дейінгі адам мен табиғат деген ойға ендігі тұста адам мен қоғам, адам мен табиғат деген ұғымдағы тұжырымдарға жаһандану алдындағы өзгерістермен жауап береді. Адамзат қоғамының өз кеңістік шекарасынан өтіп, екінші бір әлемді бағындыруға ұмтылысы да осы шығармаға тиесілі. Қаламгер шығарма мазмұнында әлемнің бір шетінен әкелінген жәндіктер мен жергілікті жәндіктер буданын, бір-бірімен танымы мен түсінігі мүлдем қабыспайтын екі түрлі әлемнің екі жасының бас қосуын басты қайшылық етіп алады. Сондықтан да жазушының табиғат пен адам қатынастарын анықтайтын шығармаларындағы көркем ой «Атау кере» романында кең талданады.

«Атау кере» романы адамзаттың өз дамуының ширектенген бір шегінде тұрғандығын ескертеді. Бұл адам баласының болашақ таңдауы қандай болуы керек? Адам баласы өз кеңістігінде қалу мен өзге кеңістікке үстемдік етуге талпынысының соны қандай болуы мүмкін деген ойды беретіндігі көркем суреттеледі.

Бүгінгі қоғам үшін әлемнің тұтастығы адамзатты алаңдатып отырған бірнеше мәселелерді туындатты. Бұл жаһандану деп аталатын XX ғасыр еншісіне берілген танымның нәтижесі екені белгілі. Сондықтан да қоғамдағы ойдың тұтастық ғаламдық сипат алуы, әлемнің экономикалық, ақпараттық жағынан ғана бірігуіне емес, ақыл-ой мен таным, сана, дәстүр жағынан да бірігуі – қазіргі қазақ қоғамы үшін аса күрделі мәселелердің бірі. Жаһанданудың пайдалы тұстары мол болғанымен де, кіші ұлттар үшін, саны аз

ұлттар үшін қауіп де мол. «Өркениеттер тоғысуы» атты жаһандану туралы идеяны негіздеушілердің бірі Хантингтонның тұжырымы бойынша әлем экономикалық жағынан емес, мәдени, өркениеттік белгі, өлшемдерімен топтасуы керек [1] деген идеяның жандануы күн өткен сайын қоғамда өз өлшемдерінің, шынымен де, кең көлемде таралуымен ерекшеленуде.

Жаһандану үрдісі қазақ қоғам үшін де екіжақты. Оның пайдалы тұстары да мол. Адамзаттық мәдениет пен ғылымның, технологияның мүмкіндіктерін біз де игере аламыз. Бірақ ұсақ ұлттар қатарында өз мәдениетіміз бен дәстүр, салт-сана, танымымыз жұтылады. Әлемнің технологиясы мен экономикасы дамыған елдері өз ықпалдарын «мәдениет» пен «соғыссыз» өркениет жолымен алады. Сондықтан да қазақ ұлтының өзгерістерге бейімделе бастаған шағы ХХ ғасырдың басынан бастап, кейінгі 80-жылдарға дейінгі аралықтағы өзгерістері мен қоғамдық қайшылықтары, оның тарихи, мәдени, саяси, танымдық, шаруашылық, әлеуметтік себептерін ашуда Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романына әдеби талдау кейінгі кезеңдерге қажет мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді тануға жол ашады деп есептейміз.

Қазақ әдебиетінде дүние мен қоғам өзгерістері, оның ұлттық танымға әсері мәселесі қай кезеңде де шығарма мазмұнынан түспегені белгілі. М. Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде: «бұл күнде Асан жайынан білсек те, сол Асанның өз ауызанан шыққан сөзге қарасақ, Асан Абылайдың тұстасы болмаса да сол Абылай алдында аз-ақ бұрын өмір сүрген адамға ұқсайды», – деп, «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деп басталатын толғауын ұсынады [2, 199 б.]. Ғалым қазақ әдебиетіндегі заман өзгерістерін таныған алғашқы жырлардың бір деп, Асан Қайғыны айтады.

Қазақ әдебиетіндегі заман мен уақыт өзгерістері, оның қоғамға, ұлтқа әсері туралы жырлар мол ұшырасады. Әсіресе, қазақ халқының басынан өткен талай тарихи кезеңдер ұлттың танымы мен санасына аз салмақ салмағаны белгілі. Сол себептен де, ол әдебиеттегі негізгі тақырыптардың бірі ретінде алынды.

«Атау кере» романы – қазақ қоғамының жаһандану үрдісіне кірген кезеңінің көріністерін береді. Жаһандану үрдістерінің әдебиетке әсері туралы сыншы-ғалым Д. Ысқақ талдау жасайды. «Жаһандану дегеніміз не?» деп аталатын мақаласында ғалым жаһандануға тән сипаттар ешқандай мәдениет пен оның өкілдерін, ақын мен жазушы мойындай бермейтіндігінде екенін айтады [3, 12-14 б. б.]. Оның әдеби үлгісі постмодернизм өнердің ұлттық

сипатын, дәстүрлерді жоққа шығарып жататындығын айтады. Осы постмодернистік үлгінің бірі ретінде А. Жутаева мен Ө. Әбдиманұлының «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері» деп аталатын мақаласында постмодернистік шығармада бейтарап автор, бейтарап оқырман, интертекстуалдық дүниелер болады деп, оларға мысал ретінде О. Бөкейдің «Атау кере», «Кербұғы», «Сайтан көпір» [4, 89-93 б.б.] шығармаларын атайды.

Г. Ыбырайқызы «О. Бөкейдің «Атау кере» романындағы герменевтикалық сарындар» деп аталатын мақаласында шығармадағы кейіпкерлердің жалғыздығы мен оңашалануы туралы ойды таратады. Зерттеуші оны шығармадағы кейіпкер ойымен, әрекетімен бірге алып талдайды [5, 215 б.].

Зерттеуші М. Кәрібай «Атау кере» романындағы негізгі үш кейіпкер – Айна, Ерік, Таған үш әлемнің кейіпкерлері. Оларды бір уақыт біріктіреді деп санайды. Жазушы осы арқылы адамдар ортасындағы жеңіс пен жеңіліс, түңілу мен үмтылу т.б. сезім мен көңіл иірімдерін суреттеген деп талдайды [6].

А. Берентаева «Атау кере» романының көркемдік сипаттарының бірі ретінде стильдік ерекшеліктерін алады. Жазушы стиліне талдау жасай отырып, оны көркемдік тәсіл деп те қарайды [7].

О. Бөкей шығармалары туралы зерттеу қатарына Ж. Айтмұхамбетованың [8] О. Бөкей шығармаларындағы мифологизм көріністеріне арналған зерттеуін алуға болады. Жазушы шығармаларында Алтай аңыздары мен мифтері молынан алынады. Зерттеуде осы тұс назарға алынған. «Атау кередегі» Еріктің сонауға айналуы мифтегі құбылушылықпен де байланысты.

О. Бөкей шығармаларындағы табиғат пен адам, кейіпкер мен кеңістік мәселесі туралы ойлар мен пікірлерді С. Айтуғанованың «Адам және табиғат концепциясы шағын прозада» деп аталатын ғылыми еңбегінде айтады. Зерттеуші жазушы шығармаларындағы адам мен табиғат қатынастарын заман өзгерістерімен бірге алатындығын анықтайды.

Жазушы кейіпкерлері табиғаттан ажырамағандықтан да арманшыл, қиялшыл болады деп есептейді. Жазушы кейіпкерлері табиғатпен бірге болғандықтан да, одан ажырамай, сол жаратылыстан мол күш пен тазалықты да ала алады деп тұжырым жасайды [9, 20 б.].

О. Бөкейдің шығармашылығы журналистикамен де байланысты. Сондықтан да қаламгердің шығармашылық еңбектерінің 7-томына қаламгерлік жолының алғашқы кезеңдерінде жазған очерктері енгізілген. Осы очерктер туралы жазушының өзі очерктегі

кейіпкердің болмыс бейнесінде өзі де, басқа даамдар да білмейтін, көрмейтін тұстар болады, оны тек көркем тіл ғана бере алады деген пікірді айтады [10, 5 б.]. Ендеше жазушы адам мен кеңістік жайындағы өз ойларын көркем тілмен кейіпкерлері арқылы жеткізген.

Жазушы шығармаларындағы кейіпкер мен кеңістік туралы тұжырымдар оның роман поэтикасынан да, мазмұн мен сюжеттен де, құрылымынан да байқалады. Шығармадағы кейіпкерді сипаттау үшін жазушы көптеген әдіс-тәсілдерге барады, сонымен бірге тұтас шығарманың идеясымен де сабақтасқанда да көркемдік туады.

Жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романы туралы әдеби талдаулар да аз емес. Сол әдеби талдауларды біріктіретін көркемдік – шығарма мазмұнындағы тарихилық пен аңыздық, мифтік ойлардың араласып кетуі, сол ойлар сияқты кейіпкерлер де бір-біріне ұқсамайды. Бұл қазақ қоғамындағы өткен ғасырдың 80-жылдарынан басталған аласапыран өзгерістер көрінісі де болады. Жазушы осы өзгерістердің шешімін оқырманның өзіне қалдырады. Оқырман мен бейтарап автор постмодернизм белгісі болғанымен де, бұл әдеби әдістің жаңашылдығын көрсетеді. Ал жаңашылдық әдебиетте болмай қоймайды. Осы арқылы қоғамдағы жаһандану белгілері анықталады, кейіпкерлер бейнесіндегі танымдық қайшылықтармен бірге әлеуметтік және саналық қайшылықтар ширыға түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Перевод Т. Велимеев – Москва: ФАСТ, 2003. – 219 с.
- 2 Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 3 Ысқақ Д. Жаһандану дегеніміз не? // Журналда: Ақиқат журналы 2015. № 11. – 65 б.
- 4 Жутаева А. К., Әбдиманұлы Ө. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері // Қаз ҰУ Хабаршысы – Алматы, 2019. № 4. – 262 б.
- 5 Ыбырайқызы Г. О. Бөкейдің «Атау кере» романындағы герменевтикалық сарындар // Қаз ҰУ Хабаршысы – Алматы, 2018. № 2 – 273 б.
- 6 Кәрібай М. «Неге біз осы?» <https://abai.kz/post/17026>
- 7 Берентаева А. О. Бөкей шығармаларының стильдік ерекшеліктері
- 8 Айтмұхамбетова Ж. Ә. О. Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін

алу үшін дайындалған Автореферат – Астана: Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, 1999. – 24 б.

9 Айтуғанова Ш. Адам мен табиғат концепциясы шағын прозада Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Автореферат – Алматы, 2000. – 24 б.

10 Бөкей О. Очерктегі адам мен факті хақында // Кітапта: Бөкей О. Шығармалары: Очерктер, публицистикалық мақалалар – Алматы: Ел – шежіре, 2013. – 384 б.

«АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТİNДЕГІ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

ДІНИСЛАМ С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі жалғыздық тақырыбы кешегі мен бүгіннің тақырыбы емес. Жалғыздықтың бірі Қорқытта бар, Асан Қайғыда бар, кейінгі әдебиетте «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным» дейтін Абай сөзі жалғыздығының дәлелі болса, Шәкәрім, Ақан серілердің елден бөлек кетіп, оңашалануы шығармашылы адамның ой мен мақсаттарының, тілегі мен тұрмысының да жалпы көппен қабыспауынан да болатын сияқты.

Жалғыздық ұғымы шығармашыл адам үшін кемелдену мен өсудің, шарықтаудың кепілі болып қабылданады. Жалғыздық топтан, қоғамнан бөлектену ретінде кейбір тұстарда аса қуатталмайтын құбылыс болғанымен де, жалғыздыққа бет алу адамның өзіне деген сенімі мен өзгеден өзгешелігін тани алуы. Немесе өзінің өзгеден өзгешелігін танытуға деген ұмтылыс та болып шығады.

Жалғыздықты әдебиетте шығармашылықтың дамуы мен өсуінің белгісі деп қарайды. Бұны әдебиеттегі экзистенциализм деп те атайды. Экзистенциализм өмір сүру деген ұғымды береді. Адамның өмір сүруі оның сезімі мен ішкі көңіл иірімдері арқылы көрінетін құбылыс.

Ғалым Г. Пірәлиева «Ізденіс өрнектері» атты әдеби сын зерттеуінде жалғыздықты адамның өзінің жеке қайғысы мен қасіретін, ойын, тіршілікке еркін қарап, адамдар ортасынан бөлек кетіп сезіміні қадағалау және қадағаламауға құқысы бар кез

деп бағалайды. Ғалым жалғыздықта адамның өз ойына еркіндік беріп, түрлі сезімдерді еске алып, философиялық, психологиялық үрдістерді бастан кешіреді деген ойды береді [1, 25 б.].

Жалғыздықтың қазақ әдебиетіндегі суреттелуі туралы айтқан тұста әрбір кейіпкердің жалғыздығын да түсінеміз. Әдебиет адамның ішкі сезімдері мен тұтас ойы ғана емес, оның өмірін де суреттейді. Сол суреттеуде әр кейіпкердің жалғыздығын да ұқтыратын тұстар мол. Бұл кейбір қаламгерде ашық көрінбесе, енді біреулерінде кейіпкердің жалғыздығы барша адамдар ортасынан да анық аңғарылады. Кейіпкер жалғыздығын біз Оралхан Бөкей шығармаларынан мол байқаймыз. Жазушының көркемдік ой толғауларының айналып келіп, бірарнаға тірелетін тұсы қайсысы десек, жалғыздықты алуға болады. Мсыалы, «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі Саркынды, «Қар қызындағы» Қоңқай,, «Ардақтағы» әкесі, «Сайтан көпірдегі» Аспан барлығы да шынымен де мына өмірде адамдар ортасынан алыстап, қоғамнан бөлек тірлік еткенді қалайды. Олар адамдар ортасында тірлік ете алмайды. Мсыалы, Саркындыны да Қоңқайды да Шыңғыс ұрпағы деп береді. Бірақ екеуінде де кек пен намыс, қайрат пен тектілік анық аңғарылады. Саркынды бауыздаған қасқа құлыны ғана емес, есте қалатын өзінің жаназасын шығартып, өлер шағын анық білетін Саркындының тегін еместігін кейіпкердің баласы да, тіпті Саркындының немересі де түсінеді. Саркындының намысы мен тектілігі, қайраты мен ішкі қуаты ол жалғыз қалуды қалағанымен қасында күтімін жасар қызы мен немересін де қалдырады.

Саркындының жалғыздығын жазушы қоғамның әлеуметтік, саяси өзгерістерімен еріксіз себеп еткенімен де, кейіпкер жалғыздығының себебі тек бұл емес екендігін шығарманың түйіні ұқтырады. Ал Қоңқай жалғыздығы – жалғасатын жалғыздық. Қоңқайды жазушы жалғыздықтағы кейіпкер деп ғана емес, жалғыздықта жүріп те адамдарды адастырушы бейне етіп алады. Өрі Қоңқайлар өздері бірін-бірі тауып, орындарын басатындар өздері келіп отырады. Жазушы шығармаларындағы жалғыздықтың өзі түрлі. Қоңқай – үзілмейтін жалғыздық. Бірақ оның жалғасарын адам баласы білмейді, бірақ Қоңқайлар біледі.

Жалғыздықтың әлеуметтік сипаты «Ардақ» әңгімесінде бар. Бұл жалғыздық туысқа өкпелеген Ардақтың жалғыздығын ғана емес, соның жазасын тартқан ұрпақ тауқыметін де көрсетеді. Жазушы бұл жалғыздықты кейіпкердің өзі үшін жасаған, өз күйінішін басып, өз намысы үшін өзгені құрбан ету идеясымен түйеді.

Жалғыздық туралы сан ойларды «Атау керек» романы жалғастырады. Бұндағы жалғыздық әрбір кейіпкердің ішкі жан күйзелістерімен беріледі. Әрбірінің жанында жақын тартар жандар бар. Бірақ бәрібір жалғыздық иектейді.

1. Нүрке кемпірдің жалғыздығы. Нюра Фадеевна ұлы Ерікпен бірге. Өзінің сүйгені Еріктің әкесі Қандауырға қосылып, бақытын тапқан сияқты. Әке-шешесінің қарсылығына қарамай, өзге дін, өзге ұлт, өзге танымға кетеді. Бірақ сүйген Қандауырмен бірге болып, бақытты еркін сезіне алмайды. Нүркенің жалғыздығы мұсылман дінін қабылдап, өзге тілде сөйлеп, өзге дәстүрді тұтынса да, бөлектігін сезінуі, бөтендігін іштей ұғынуы кейіпкер жалғыздығын әр тұста аңғартып жатады.

2. Еріктің жалғыздығы. Ерік – еңбекқор, айласы да бар, қарымы да, пайдасын да білетін адам. Пайда табуды білетін Еріктің тұрмысы да жаман емес. Сұлу келіншегі Айна, нақсүйері Бекзаттың жанынд да жалғыз. Сол жалғыздық Қатынсудың ар жағындағы белгісіз бір ат жетектеген қызға ұмтылдырады. Жалғыздықтан жанына серік іздейді, таба алмайды.

Жазушы Еріктің өз бетімен елден кетіп, орман ішіне барып, байлық қуалаған тірлігін Нүрке кемпір аузымен беріп, құптамайтындығын білдреді. Сонымен бірге Еріктің бұл ісін анасы ғана емес, ауылының адамдары да құп алмайтынын суреттейді. Ал Ерік үшін олардың ой мен түсінігі жат. Ерік оларды түсінбейді. Өзін де түсіндіре алмайды.

«Еріктің туған ауылынан кеткеніне, сонда да мүлдемге емес, үш-ақ жыл болса да, өзін осыншалық жат, өзгеше бір өгейлікпен қарсы алады деген үш ұйықтаса түсіне кірген жоқ» [2, 28 б.].

3. Таған жалғыздығы. Таған жалғыздығы – қоғам мен адам арасындағы қайшылықтан туған жалғыздық.

4. Қозы мен Баян деген балаларды алып кетіп, тауға қоныстанған шалдың жалғыздығы болашақты сақтасам деген жанталастан туған жалғыздық.

5. Айна жалғыздығы. Еріктің жары Айнаның жалғыздығын жазушы енесі Нүрке кемпір екеуінің әңгімесімен береді. : «- Қойыңызшы, апа, мен тіпті де жалғызсырап жүргенім жоқ. Тағдырымды Ерікке тапсырғанмын, мұзтауды асамын десе де, қалармын ба соңынан» [40, 25 б.].

Айна жалғыздығы еріне берілген, қазақ әйелдерінің табиғатына сінген мінезден туған. Айнаның түсінігінде күйеуінің жанында болуы керек. Ол қандай шешесім шығарса да, қандай бұйрықты

берсе, де бір отбасы болған соң, бірге тірлік кешуден басқа жол жоқ деп есептейді. Бірақ бұл ойдың өзі де Тағанға дейін, Нүрке аман болғанға дейін ғана болады. Жазушының романдағы кейіпкерлер жалғыздығын бір Нүрке маңына топтайды. Нүркені Америкадан әкелген будан аралар шағып, содан оңала алмай дүниеден өтеді. Осы кезден бастап Ерік, Таған, айна жалғыздығының шешесі шығады. Айна мен тағанның бірге кетуі, ойрандалған отбасын аса қайғыра қоймаған Еріктің ендігі жалғыздығы да, тағдыры да белгісіз. Жазушы содан соң да, Ерікті сона болып ұшып кетті дейді.

Жазушы суреттеуінде әрбір кейіпкер бойындағы жалғыздықты түрлі сипатта береді. Олардың жалғыздығы бір-біріне ұқсамайды. Мсыалы Ерік шешесі бар, бар дүниесі жетеді, бірақ жаны жалғыз. Ал Таған жан дүниесі жалғыз емес. Бірақ тірлікте жанын ұғар, шын мейіріммен қарар, жанашыр жаны жоқ жалғыздықта болады. Жазушы Тағанды сол жалғыздықтан алып шығады. Тағанның әкешесінің көзін көріп, жақсылығы өткен Нүрке кемпір мейірімі мен Айнаның сезімі Тағанды жалғыздықтан алып шығып, Айнаны еріп, келесі жалғыз қалған орта Шалдың қоғамына кетеді. Айн мен Тағанның мейірімі мен шын көңілдері, жанашыр сезімдері де Шал қоғамын жалғыздықтан құтқаратын да сияқты.

Жазушы О. Бөкей кейіпкерлерін жалғыздықта табиғатпен бірге алады. Бұл М. Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасында бар. Жалғыз қоғамнана қашқан Қорқыт тау мен тасты аралап, орман-тоғай кезеді. Осы идеяны Оралхан өзгеше өрбітеді. Табиғат жалғыздықты қалайды да. Адам қоғам ортасынан жеріген тұста табиғатқа келеді. Табиғаттан іздегенін табады.

Романның соңғы түйіні – адамдар бір-бірінен безіп, жалғыздыққа ұмтылғанымен, жаратылстан аса алмайды. Қазақтың «жаратқанға ғана жарасқан» дейтін жалғыздығы адамдарға жүрмейтіндігін жазушы шығарманың соңғы түйінімен береді. Бірақ ендігі өмір қалай болары белгісіз. Себібі адамдар ортасынджағы бір қоғам бұзылды, екінші қоғам басталды, ол қоғамның заңдары мен ережелері әлі белгісіз.

О. Бөкейдің «Атау кере» романы – қаламгердің соңғы шығармасы. Жазушы роман бойына қазақ қоғамындағы өзгерістерді, адамдар бойындағы пайда болған мінез ерекшеліктерін де береді. Бұл өзгерістер мен мінез сипаттарының бөлекше қалыптары тек қазақ қоғамына ғана тән емес, ендігі жерде жалпыадамзаттық мәселелермен астасып кеткендігі де роман арқылы танылатын көркемдік шешеім екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2001. – 220 б.

2 Бөкей О. Шығармалары: Роман, повестер. Т. 2. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖАБАСОВА Б. Н.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ҚАДЫРОВА Б. М.
профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәтіндердің түрлері көп. Олармен күнделікті тұрмыстың әр түрлі салаларында кездесіп отырамыз. Оларды шартты түрде академиялық және академиялық емес деп бөлеміз. Реферат, баяндама, эссе, курстық жұмыс, ғылыми басылымдағы мақала, оқулық, шолу, грантқа өтінім, жоба туралы есеп, ғылыми еңбектер жинағы, монография, диссертация сияқты түрлерін бірінші топқа жатқызамыз. Әрине, бұл тізімде академиялық мәтіндердің барлық түрлері аталып тұрған жоқ. Бірақ осы мысалдардың өзінде академиялық мәтіндерді құру ерекшеліктері әр түрлі екендігі бірден байқалады, олар автордың алдына қойған міндеттерімен, стильдің жеке ерекшеліктерімен, сондай-ақ белгілі бір шығарманың жанрлық ерекшеліктерімен анықталады. Дегенмен, олардың академиялық жанрларға қатысы жоқ мәтіндерден, соның ішінде публицистикалық мәтіндерден, жеке құжаттардан, автобиографиялық мәтіндерден, күнделіктерден, хабарландырулардан және тағы басқалардан ерекшеленетін ортақ ерекшеліктері бар. Ол – ғылыми стильде жазылуы. Ғылыми стильге қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, сүйену қажет. Сондықтан ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі бар. Бұл туралы қазақ тілінің стилистикасы туралы жазылған ғылыми зерттеулерді қарастырғанымыз дұрыс.

Олардың қатарында академик Р. Сыздықтың [1], М. Серғалиевтің [2], Б. Шалабайдың [3] еңбектері бар.

Сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылыми салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы, тіл білімінде лингвистика, фразеология, семасиология т.б. Физикада вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т.б. Сонымен бірге белгілі бір ғылым саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басып дамып, отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөздер жасалады. Оны тіл білімінде неологизмдер деп атайтынымыз белгілі.

Академиялық мәтін ерекшелігі онда ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде. Сонымен бірге, әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктері болады. Бұл жайында орыс тіл біліміндегі В.В.Радаевтың «Академиялық мәтінді қалай жазу керек» деген зерттеуін қарастырсақ болады [4].

Академиялық және академиялық емес мәтіндерге салыстырмалы түрде мысал келтірсек.

Кесте 1

Академиялық мәтіндер	Академиялық емес мәтіндер
Реферат	Публицистикалық жанр
Эссе	Хабарландыру
Курстық жұмыс	Түс жорығыш
Тезис	Рецепт
Ғылыми мақала	Телеграмма
Монография	Көркем шығарма
Диссертация	Жеке құжаттар (хат, күнделік, т.б.
Автореферат	

Бөлу шартты болып табылады. Кейбір ғылыми мәтіндер қызықты жазылған және өте оңай оқылады. Ал ресми іскерлік стиль академиялық әдістерді қамтуы мүмкін. Алайда, егер біз жалпы сипаттамаларды алсақ, онда көркем әдебиетте қолданылатын әдістер ғылым тілінен айтарлықтай ерекшеленеді. Талантты жазушылардың мәтіндері түсінікті ғана емес, олар бізге түрлі сезім

тудырып, кейіпкерлерге жанашырлық танытады. Кез - келген басқа мәтіндер сияқты, академиялық мәтін құрылымы мен жазу стилі жанр заңдарына бағынатын әртүрлі шығармаларда ұсынылуы мүмкін.

Академиялық мәтіндердің бастапқы және қайталама жанрлары ерекшеленеді. Бастапқы жанрлар: мақала, монография, шолу, оқулық немесе оқу құралы, баяндама немесе хабарлама, ауызша сөйлеу, презентация, дәріс, диссертация. Екінші жанрларға олардың көлемін азайту арқылы бастапқы мәтіндер негізінде құрастырылған мәтіндер жатады, бұл үлкен формалардың мазмұнының шоғырланған көрінісі, мысалы: аннотация (мақала, баяндама немесе диссертация туралы қысқаша ақпарат), реферат (диссертацияның қысқаша мазмұны), тезистер (мақаланың немесе баяндаманың қысқаша мазмұны), конспект (бір немесе бірнеше бастапқы мәтіндердің негізгі позицияларын қысқарта көшіру).

Сондай-ақ оқу-әдістемелік (оқу құралдары, жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулықтар) және оқу-ғылыми жанрлар дәрістер, баяндамалар немесе семинардағы баяндамалар, курстық жұмыс, эссе, реферат деп бөлінеді. Белгіленген жанрлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болғанына қарамастан, олардың барлығы ғылыми стильдің жалпы белгілерімен ұштасады. Логикалық, белгілі бір позицияны ұстану, нақты ережелерге сүйену, мәтін құрылымы арасындағы жүйелі байланыс т.б.

Қол жетімділік деңгейі бойынша мәтіндер ғылыми, оқу және көпшілік ғылыми болып бөлінеді. Ғылыми стиль академиялық аудиторияға арналған, мұндай мәтіндер арнайы терминологиямен қаныққан, автор дайындалған оқырманға сенеді, ал мәтіннің міндеттеріне жаңа деректерді ұсыну және ғылыми тұжырымды негіздеу кіреді. Оқу мәтіндері оларды білім беру процесінде қолдану мақсатында жазылады, бұл жаңа терминдерді анықтауды, белгілі фактілерді мысал ретінде ұсынуды талап етеді.

Академиялық тілде – ғылыми мақала, эссе немесе зерттеу жобасына өтінім болсын сол мәтіннің сөйлем, абзац, бөлімдері сияқты бірліктері арасындағы семантикалық байланыстарға мұқият болу керек. Қол жеткізілетін дәйектілікті немесе презентация логикасын өте мұқият бақылау қажет. Ол үшін *біріншіден, екіншіден, сонымен қатар, бір жағынан, екінші жағынан, алайда, осылайша, қорытындыда* деген сияқты кіріспе сөздер мен сөз тіркестері қолданылады.

Ғылыми тұжырымның міндеті себеп пен салдар арасындағы, жалпы және жеке арасындағы байланыстар құбылысы болғандықтан,

күрделі сөйлемдер, сондай - ақ себебі; сол сияқты деген тіркестер жиі қолданылады. Бұл жағдайда кіріспе сөздерді – байламдарды орналастыру жеткіліксіз. Қорытындылардың мазмұннан дәйекті түрде шығуы маңызды, мәтін бөлек, бірақ байланысты бөліктерге бөлініп, ойдың жекеден жалпыға немесе жалпыдан жекеге қарай қозғалысын көрсететін бөліктер.

Ғылыми мәтін түсінікті болуы үшін, мәтін ойды оятуы үшін авторлар онымен мұқият жұмыс істейді, жөндейді, қайта жазады, содан кейінгі кезекте мәтінді рецензент пен басылымның редакторы оқиды. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша сирек басылымдарда ғана тәуелсіз рецензенттер тартылады. Академиялық мәтінде ана тілінің грамматикалық ережелерін сақтау, сонымен қатар сөйлеу қателіктерін болдырмау өте маңызды. Тілдің барлық нормалары қатаң сақталып жазылуы тиіс.

Сөйлеудің дәлдігі мен айқындылығының бұзылуына әкелетін негізгі қателіктерге лексикалық, стилистикалық және синтаксистік қателер жатады. Ондай қателіктерге сөзді өзіне тән емес мағынада қолдану, лексикалық үйлесімділіктің бұзылуы, сөздік қорының жеткіліксіздігі, қайтамала сөздер мен қыстырындылардың жиі қолданылуы, тавтология, паронимдердің араласуы, фразеологиялық бірліктерді қолданудағы қателіктер және т.б.

Жұмысты жазуды бастамас бұрын, оның болжамды жоспарын жасау пайдалы. Алдымен зерттелмекші тақырып жайында негізгі сұрақтарды құрып, айтпақшы идеяны сызба түрінде дайындап алған дұрыс. Алайда, мәтінді жазу әдістері әр түрлі, ал академиялық жазу процесінің өзі шығармашылық ізденіс болып табылады. Ғылыми мәтінде белгілі бір құрылымды ұстану қажет. Академиялық мәтіндерде кейбір тұрақты құрылымдық элементтер бар. Мәтіннің тұтастай құрылымымен қатар мәтінді құрайтын абзацтардың құрылымы бар. Идеал абзац кем дегенде үш сөйлемнен тұрады, өйткені ол белгілі бір тезисті көрсетеді. Мұны жазу үшін, әрине, кіріспе ойды тұжырымдау керек, содан кейін негізгі ойды дәлелдермен қамтамасыз ету керек, содан кейін қорытынды жасау керек. Сонымен қатар, әрбір жаңа тезис алдыңғы және кейінгі тезистермен байланысты болуы керек, сондықтан абзацтарды логикалық түрде – мағынасы бойынша және байланыстырушы сөздер арқылы байланыстыру керек. Мұндай байланысты түзетін сонымен, сонымен қатар, *біріншіден, екіншіден, сондықтан, алайда, дегенмен* сияқты кіріспе сөздер болуы мүмкін.

Абзацтың құрылымы

кіріспе сөз;
негізгі ой;
қорытынды.

Жоғарыда абзац құралуы үшін кемі үш сөйлем болуы тиіс екенін айттық. Сол үш сөйлем осы құрылымды іске асыруы тиіс.

Әр абзац біріге келіп бүкіл мәтіннің құрылымын түзеді. Бүкіл мәтін мәселен, бұл ғылыми мақала делік, ол әрқашан автордың тегінен басталады. Автор туралы мәлімет – бұл әдеби шығарма сияқты академиялық мәтіннің маңызды ерекшелігі, ал публицистика мен көркем шығармадан айырмашылығы, ғалымдар бүркеншік атпен өте сирек жазады. Негізінен өз атымен жазады. Солай талап етіледі. Автордың жасырын қалатын кездері болады. Ол арнайы мақсатқа байланысты. Мәселен, мақала ғылыми басылымдарда жариялануы үшін рецензенттерге жіберіледі. Онда мақала авторы туралы ақпарат алынып барып жіберіледі. Рецензентке автор туралы ешқашан мәлімет бермейтіні сияқты авторға рецензенттің тегін жарияламайды. Бұл ғылыми мақаланың сапасын анықтау мақсатында жасалатын жұмыстар.

Ғылыми жинақтарда жарияланатын мақалалардың негізгі типтік құрылымы:

автор туралы мәлімет;
аңдатпа;
кілтті сөздер;
кіріспе;
әдіс-тәсілдер қолданылған;
негізгі бөлім;
қорытынды;
пайдаланылған әдебиеттер.

Композициялық тұрғыдан кез-келген академиялық мәтін кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Библиографиялық немесе анықтамалық аппаратты жобалаудың берілген ережелеріне байланысты мәтіннің құрамдас бөліктері дереккөздер мен қосымшалардың тізімі болуы мүмкін.

Академиялық мәтінді құру мәдениеті әдетте қарапайым схеманың айналасында құрылатын эксплициттік құрылымды талап етеді: тақырып, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған дереккөздердің тізімі. Word редакторында мұны «Стиль» опциясы арқылы жасауға болады.

Кейбір жағдайларда мәтіннің басында аннотация, тезистер немесе кіріспе жариялау қажет. Шетелдік басылымдарда ол

абстракт деп те аталады және 300-500 сөзден тұрады. Отандық және шетелдік журналдарда әрбір мақала 100-200 сөзден тұратын аннотациямен жазылады. Онда қысқаша ғылыми жұмыс туралы жазылады. Оның не туралы екендігі, методологиялық негізі, қарастырылған мәселелер және т.б.

Кіріспе – бұл тақырыптың өзектілігін ғана емес, сонымен бірге әдіснамалық негіздерді, алынған жаңа тұжырымдамаларды және т.б. көрсетіп тұруы тиіс. Кіріспе, шын мәнінде, мақаланың, дипломдық жұмыстың немесе диссертацияның қысқаша проекциясы немесе бағдарламасы болып табылады, оның модельдеу және жобалау бөлігі ретінде әрекет етеді, әдістемелік, ақпараттық және құрылымдық тұрғыдан жұмыстың негізгі бөлігінде тақырыпты дәйекті ашуға бағытталады.

Мәтіннің соңғы бөлігі орындалған жұмысты жалпыланған қорытынды бағалауды қамтиды. Бірақ көбінесе жас авторлар үшін бұл бағалауды тұжырымдау өте қиын. Қорытындыда не жазу керек? Бірнеше амалдар бар, оларды дәйекті түрде орындауға болады. Біріншіден, әдебиетті талдауға, мәселенің жаңа қырларын іздеуге, эмпирикалық зерттеулер жүргізуге, нақты не істелгенін айтуға тырысу. Әлбетте, бұл әрекеттер кіріспеде қойылған міндеттерге сәйкес келуі керек. Екіншіден, шешілген мәселелердің әрқайсысы үшін мазмұнды нәтижелер берілуі керек, тек оны қысқаша қорытындылап жазу керек. Үшіншіден, одан әрі зерттеу жолдарын болжауға, перспективаларды, зерттеуді жалғастыру жолдарын көрсетуге болады. Болашақта зерттеушілер шешуі керек нақты міндеттерді көрсеткен де дұрыс. Соңында, осы нәтижелерге қандай аудитория қызығушылық танытуы мүмкін екені көрсетіледі. Жұмыстың негізгі мәні неде екенін, қандай маңызды ғылыми нәтижелер алынғанын, зерттеу жүргізуге байланысты қандай жаңа ғылыми міндеттер туындайтынын көрсету маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. –230 б.
- 2 Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006
- 3 Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006.
- 4 Радаев В.В. Как написать академический текст // Вопросы образования. 2011. № 1. С. 271–293.

ШОҚАННЫҢ «ҚОЗЫ- КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫН ЗЕРТТЕУІ

ЖАҚАНОВА А. Ш.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 4 Ертiс ЖОББМ, Ертiс ауд., Павлодар обл.

«Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» – қазақтың лиро-эпостық жыры. Шамамен XIII–IX ғасырларда пайда болған. Бұл жыр Қозы мен Баян арасындағы ғашықтық жайлы сюжетке құрылған. Халық Қозы мен Баян тарихта болған адамдар деп ұғынады. Аякөз маңындағы халыққа белгілі зират Қозы мен Баяндікі деп аталады. Жырды Сыбанбай, Бекбау, Жанак, Шөже, т.б. ақын-жыраулар әр түрлі нұсқада (жыр нұсқасы жиырмаға жуық) жырлаған. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың ежекабыл құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Баянды құлай сүйген Қозы мен зорлықшыл Қодар, қара жүрек Қарабай арасында шиеленіскен тартыс арқылы зұлымдық пен махаббат күресі, ескі салт-сананың азабы баяндалады. Барлық нұсқаларда жыр Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады [1, 11 б.].

Ш. Ш. Уәлихановтың алты томдық шығармалар жинағының 2010 жылы жарық көрген бірінші томында «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жыры жарияланған. Бұл жырда бұрынғы нұсқаларға қарағанда елеулі өзгешеліктер бар: оқиғасы аса тартымды, қысқа да мазмұнды.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбегінде [2, 41 б.]: «Көне жырлар жаңа буынға түсініксіздеу болғандықтан, жыл өткен сайын ұмытылып барады және оны жақсы білетін жыршылар да аз қалды. Оларды жинау да өте қиын. Қанша тырысқаныммен, Қозы-Көрпештің толық мәтінін, Едіге мен Орақ туралы жырдың шағын үзіндісін ғана таптым, дегенмен жақында танысқан бір ақыннан олардың барлық көне жырларын табармын деп үміттенемін» [2,64], – деген Шоқан сарыла ізденудің нәтижесінде «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосының көптеген нұсқасын қағазға түсірген.

Кейбір зерттеушілердің деректеріне сүйенсек Шоқан 1851 жылы (бұл кезеңде ол 16 жаста) өз әкесі Шыңғыспен Құсмұрында осы жырдың өздері естіген алғашқы нұсқасын қағазға түсірген. Ал бұдан кейін де Шоқан белгілі жыршы Жанактан осы жырдың екінші нұсқасын да жазып алған. Сондай-ақ 1864 жылы Шоқан генерал Черняевтың экспедициясына аттанар алдында бұл аңыздың тағы

бір үшінші данасын, ақын Шөженің айтуы бойынша, жазып алуға мүмкіндік тапқан.

Ғұлама ғалым «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы жөнінде мыналарды зерттеп анықтаған: «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» туралы жыр Орта Азияның барлық татар және монғол тайпаларында бар, бірақ, әрине, оқиғаның өткен жері мен кезеңі әр түрлі айтылады. Профессор Эрдманн Қозы-Көрпешті түсініктемелерімен парсы тілінде жариялапты, бірақ мен оны оқыған жоқпын, себебі парсы тілін білмеймін. Кейін Қозы-Көрпешті Орынборда біреу башқұрт тілінен аударып және шығарма аздаған данамен жарық көрген.

Қырғыз даласында жыр ауыздан ауызға тарап айтылады. Қырғыз поэзиясы мынадай: өлең — жаңа шыққан немесе танымал әнші шығарып, домбыра, қобыз немесе ишарамен бастапқы түріне мейлінше жақындатылып айтылатын ән. Әнші туындыға өз бетінше кіріспе немесе соңын қосуға ерікті. Осы аудармадағы – бастапқы төрт шумақ Қаракесек руының Қамбар елінен шыққан Жанак ақынға тиесілі, қалғандары — көне дәуірдің беймәлім ақынының шығармасы» [3, 85].

Бұдан біз зерттеушінің бұл поэманың аса көне үлгісін жазып алғанын көреміз. Атақты поэма былай басталады

*Жоғартынан көрінген сары ноғай
Еділ суға таласқан бұ не тоғай?
«Қозы-Көрпеш» дегенің біраз өлең,
Ептеп айтқан кісіге тым-ақ оңай.
Жігіттер, кісіге сөзді кен етелік,
Жер ортасы әсекеңді белгі етелік.
Жақсының аруағы қалмай ма екен,
Қозы-Көрпеш, Баянды тебіретелік.
Еділ-Жайық бойында жолдас болды,
Бірін-бірі екі бай танымайды.
Ат сұрамақ бұрынғыдан қалды дейді,
Сарыбай Қарабайға кімсің? — дейді.
Қарабай мен Сарыбай аңға келді,
Алдынан буаз марал душар болды.
Екеуі бір-бірінен өтінгенде,
Сарыбай атайын деп тұра келді.
Қарабай Сарыбайменен аңға шыққан,
Екеуінің дәуірлеп даңқы шыққан.
Екі бай қосылған соң, келе жатса,
Алдынан буаз марал тұра қапқан.*

*Жақсы, жаман болмағы құдайдан-ды,
Бір бұлт жауайын деп шыр айналды.
Алдына буаз марал келгеннен соң,
Атқалы Қарабай мылтықпенен оңтайланды.
Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелік,
Ортасында Көктөбе белгі етелік.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы-Көрпеш, Баянды тебіретелік...*

Келтірілген жыр жолдарында соңғы төрт шумағы Арғын – Қаракесек тайпасының Қамбар руынан шыққан Жанақ ақындікі. Ал қалғандары ерте замандағы бір белгісіз ақынның аңыз-әңгімесі.

Шоқан Шыңғысұлының «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырын кереметтей қастерлегені соншалық, ол «Ыстықкөл сапарының күнделігінде»: «Мен Аяғзді өте жақсы көремін және сүйсінемін. Баян сұлудың алтын айдарлы Қозы-Көрпешке деген махаббаты туралы аңыздың оқиғасы осы жерде өткені де бұған аз себеп болмаса керек.

Сапарымыздың желісін ары қарай тарқатайық. № 2 бекетте біз оң жағалауға ауыстық. Бұл кезде түн болатын. 4-ші нөмірге жетпей, 10 шақырымдай жерде қырғыздар жырында айтылатын әйгілі Қозы-Көрпештің моласы тұр. Біз поэманы жақсы зерттегенбіз, сондықтан олардың моласын көргіміз келді. № 2 бекеттен шыққан уақыт бойынша Қызылқия бекетінен түнде өтуіміз керек болатын. Бірақ біз таңертең сонда тұрып, молада шай ішкіміз келді: жолда шай ішкен жақсы, әсіресе ескі кирандылар мен молаларда. Өткен туралы ойлайсың, бүгінгіңді аялайсың. Осы мақсатпен жәмшікке тек таңертең, күн көтерілген кезде, бозторғай алғашқы әнін шырқап, түн пердесі түрілгенде, түнгі бұлттар солтүстікке ауып, батыстан таңғы қызғылт күн көтерілгенде, жарық ағаштардың бұтағына түсіп, су керемет тамаша түске енген кезде, осындай поэтикалық сәтте моланың басында болуды тапсырдық.

Адам жобалайды, бірақ Құдай шешеді. Түні бойы жаңбырдың ірі тамшылары жеңіл арбаның шатырын ұрғылап тұрды. Шаршаған аттар, батпақта аяқтарын әзер басып жүріп келеді. Тек шыбықтың шартылдаған дауысы мен шаршаған аттардың пысқырынуы, делбешінің айғайы ғана жаңбырдың бірсарынды дыбысын бұзып тұрды.

Нашар түн болды, сондықтан жүру де қиындады. Жаңбыр ойлаған жоспарымызды бұзбасын деген күдік, алаңдаумен жәмшікке бірнеше рет: «Қалай, аспан ашылмады ма?» деп сауал

тастадым. Суық сүйегіне дейін өткен делбеші «Жоқ!» деп күнкілдей жауап берді де, тағдырға назаланғандай «Не боп кетті, брр...» деп тізесіне жиналған суды төкті. Менің оған жаным ашыды, тезірек жүрсек, ол баяғыда жылы пешке қыздырынып отырар еді. Баян сұлудың естелігін көрмей кету де обал.

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

Мәртебенізге құлдық, – деді жәмшік, – міне мола!

Мен басымды шығардым. Күннің көзі түнерген бұлттардан шығып келеді, аспанды сұр бұлт басқан, бұрынғысынша жаңбыр жауып тұр, көбіктенген аттар батпақты сортаң жермен әзер жүріп келеді, өзеннің сол жағында тобылғылардың арасынан моланың үшкір басы көрінді: ол қызыл кірпіштен қаланған болып көрінді. Мұндай ауа райында шай ішіп, қазақтардың ескерткішін тамашалау туралы ойлаудың өзі артық еді. Шамасы, өзен де арнасынан шығайын деп тұр, жоғары мәртебелім, – деді жәмшік менің ойымды оқып қойғандай. Олай болса, жүре бер, қайтар жолда қарармыз, – дедім мен, сосын тонға оранып, ұйықтап алайын деп көзімді жұмдым» [4,766], - деп жазған. Шоқан Ыстықкөл сапарынан келе жатып, «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» кесенесіне соққан. Зерттеу еңбегінде кесененің жалпы келбетін, бүтін сақталған төрт мүсінді сызып қалдырған. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» ескерткішінің жанындағы тас мүсіндерде қасиетті құты ұстаған үш әйел мен бір еркектің бейнесі суреттелген. Халық аңызында үш әйелдің бірі – Баян сұлу, екіншісі – сіңлісі Айғыз, үшіншісі – апасы; ер адам – Қозы делінеді. Қазір тас мүсіндер жоғалып кеткен.

Ғалым сол жердегі жыршылардың аузынан «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының тағы бір нұсқасын жазып алған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987, -288
- 2 Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 1961, 1 том, 233
- 3 Марғұлан Ә. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі (очерк), -122
- 4 Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. 2 бас.-Алматы: жазушы, 1985, -186

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРІ КӨРІНІСТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ЖАНКАРИНОВА Г. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Заря ЖОББМ, Павлодар ауд.

Білім беру жүйесіндегі оқыту ұстанымдары білім алушының рухани-танымдық қажеттілігін өтей отырып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, белгілі бір салада кәсіби әрекет етуге дайындайды, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Негізінен оқыту ұстанымдары – мұғалім мен білім алушының сабақ үдерісіндегі бүкіл іс-әрекетін реттеп, оны дұрыс жолға бағыттайтын, сабақтың сапалылығына кепіл болатын ережелер мен заңдылықтардың жиынтығы.

Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеуге қатысты қойылатын басты талаптар тұжырымдалады. Оларды сапалы орындаған, тиімді жүзеге асырған кез келген мұғалімнің нәтижелері де жоғары болады.

Қазіргі уақытта оқу процесінде бұрыннан қалыптасқан ұстанымдар: сана, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, дәйектілік, беріктік, түсінушілік, ғылым, теория мен практиканың бірлігі ұстанымдары кеңінен қолданылады. Бұл ұстанымдардың талаптары мұғалімдердің түрлі ережелерді қолдануы арқылы жүзеге асады. Себебі, оқыту ұстанымдары – педагогикалық үдерісті тікелей реттеп отыратын құбылыс.

Бұдан басқа, біз мынадай жаңа қағидаттарды: мотивация қағидатын, проблемалылық қағидатын, интеграция қағидатын енгізу орынды деп санаймыз. Бұл ұстанымдарды ұсыну «қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, рухани өзгерістермен де, оқу-тәрбие жұмысындағы халықтық білім беру мен мектептің өзгеру процестерімен де байланысты» [1, 23 б.].

Ғалым Т.Жұмажанова қазақ әдебиетін оқытуда мынадай жалпы ұстанымдарды басшылыққа алу керектігін атап көрсетеді: «*ғылымилық ұстаным; жүйелілік және жоспарлылық ұстанымы; оқушылардың саналылық пен белсенділік ұстанымы; қолжетімділік ұстаным; пәнаралық байланысы ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; инновациялық ұстанымы; оқытудың тәрбиелік ұстанымы* [2, 12 б.].

Біз өз мақаламызда қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністерін оқытуда мынадай негізгі ұстанымдарды басшылыққа алдық:

теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы; оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы; ғылымилық ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; жүйелілік және бірізділік ұстанымы; саналылық пен белсенділік ұстанымы; ақпараттық ұстаным. Бұл дидактикалық ұстанымдарды тандап алуға зерттеу нысанының өзіндік ерекшеліктері әсер етті.

Мұғалім сабақ барысында теория мен практиканы үнемі байланыстыру керек. Теорияны практикамен байланыстыру принципі классикалық философияның өмір, тәжірибе және білім көзімен үйлесуіне негізделген. Жалпы теорияның практикамен үйлесуі студенттерге дұрыс бағыт береді, оларды белсенді әрекетке дайындайды. Ол арқылы тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның практикамен жақсы байланысы білім мазмұнына, оқу процесін ұйымдастыруға әсер етеді.

Оқушылардың назарын әр тақырыпқа аудару оларға берілген білімді саналы түрде игеруге ғана емес, сонымен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ол үшін оқушыларға өздік жұмыс ретінде мынадай тапсырмалар беруге болады: қазақ әдебиетінің көркем шығармаларындағы жинақталу көріністері бар элементтерге қатысты диаграмма жасау немесе салыстырмалы кесте дайындау.

Мұндай тапсырмалар оқушыларға алған теориялық білімдерін іс жүзінде бекітуге көмектеседі. Яғни, оқушылардың жаңа ақпаратпен жұмыс істеу, кез-келген қажетті ақпаратты талдау қабілеті артады, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Себебі, әдебиетті мұқият түсіну білім алушының көркем шығарманың эстетикалық әсерін сезіну қабілетіне негізделген. Бұл тұрғыда оқу практикасында мұғалімнің ойларын зерттеу, эвристикалық әңгіме, зерттеу және репродуктивті әдістер мен әртүрлі әдістерді қолдану көркем шығарманы, әдеби-теориялық ұғымдарды игеруді қамтиды.

Көркем шығарманы талдау барысында оқушылар оның мазмұнымен танысып қана қоймай, алған теориялық білімдерін іс жүзінде талдай алады. Оқушылар көркем шығарманы оқып қана қоймай, алған теориялық білімдері мен дағдыларын іс жүзінде жетілдіріп, көркем шығарманы жан-жақты талдай білуі керек. Осындай талдау барысында сабақта салыстырмалы кестелерді қолдану өте тиімді.

Кесте 1 – Салыстырмалы кесте үлгісі

Бұхар жырау	Байтоқ жырау
Ай, Абылай, Абылай, Қатын алма қарадан, Қара тумас сарадан. Қатын алсаң қарадан, Алды кетпес баладан, Арты кетпес жаладан	Атайы жұртқа қол артып, Асылдан ару таңдап алмаған. Атасы мұның малды деп, Қызының беті қанды деп, Қарадан сұлу таңдаған. Күндердің күні болғанда, Олардан асыл болмаған

Оқытудың ғылымилық ұстанымы бойынша әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністерін сипаттауда негізгі теориялық мәселелер мен ұғымдар негізге алынуы тиіс. Яғни, оқушыларға тақырып мазмұны бойынша берілетін нақты білім әдебиеттегі өзекті мәселелерге, ғылыми ақпараттарға байланысты оқытылуы қажет. Тек белгілі ғылыми ұстанымдарға сүйенген ұстаз оқушының

Осы ретте оқытудың ғылыми ұстанымының маңызы өте зор. Сонымен қатар ғылыми ұстаным негізінде тақырыпты менгертуде пәнаралық байланыстарды да қолдану жөн. Әр кезеңдегі дәстүр жалғастығын сипаттау барысында тарихи оқиғалардан мысал келтіріп, оқушыларды қызықтыра білу керек, пәнаралық байланыс ретінде «Қазақстан тарихынан», «Әдеп» сабақтарынан алған білімдерін негізге алу ұтымды болады.

Көрнекілік – оқу процесінде ұзақ уақыт зерттелген негізгі ұстанымдардың бірі. Ол келесі үлгіге негізделген: сезім мүшелері сыртқы ынталандыруды басқаша қабылдайды. Ең сезімтал-көру органдары. Олар арқылы миға келетін ақпарат адамның жадында жақсы сақталады. Сондықтан кейбір заттарды есте сақтау, оларды есте сақтау мүмкін емес. Өйткені, көрнекілік-ақыл-ойды оқыту мен дамытудың негізгі құралы

1 Оқушыларға аталған кезең бойынша мәтін беріледі. Мәтінмен танысып болғаннан кейін, өзіндік пікір қалыптастырады.

2 Оқушылар жұпқа бірігіп, өздерінің ойларын, түсініктерін айтады.

3 Оқушылар төрт адамдық шағын топқа бірігеді, туындаған мәселелерді талқылайды.

4 Соңында оқушылар бүкіл сынып болып, ортақ шешімдерді келтіреді, ең ұтымдыларын тақтаға, өздік дәптерлеріне жазады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы оқушыларға қазақ әдебиетіндегі салт-дәстүр көріністеріне қатысты мағлұмат беру

барысында олардың аталған тақырыпты саналы түсінуіне әсер етеді. Аталған тақырыпты оқушылар жаттанды ойлау түрінде емес, саналы түрде, яғни өзіндік тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы меңгеруі қажет. Демек, пән мұғалімі берілген материалдарды дәл, анық түсіндіріп, оқушыларға өздерінің ой қорытындылауына, тақырыпты өз бетімен меңгеруіне жағдай жасауы керек. Себебі, өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сінеді.

Мысалы, салт-дәстүр қазақ әдебиетіндегі көрінісін өткенде, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу арқылы мынадай кестені пайдалануға болады. Ол үшін оқушы аталған тақырып бойынша қандай жауап беретіндігін, ақпаратты қайдан алатынын, қандай дереккөздерге сілтеме жасайтынын, қай әдебиетшілерден сұхбат алуға болатындығын, кімнен сауалнама алатындығын анықтайды, кейін соған сай кестені толтырады.

Кесте 2 – Тың ақпарат алу кестесінің үлгісі

Сұрақтар	Оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер	Ғаламтор	Сұхбат	Сауалнама
«Абай жолы» романындағы салт-дәстүр көріністері	Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жамписова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.	«Поэтика kz» сайтынан ақпарат алу.	Фольклортанушы ғалымдардан сұхбат алу.	Топ оқушыларынан сауалнама алу.

Көрнекілік ұстанымы – оқу үдерісінде ертеден қолданылып келе жатқан негізгі ұстанымдардың бірі. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы – көру мүшелері. Олар арқылы миға енетін қажетті ақпараттар адамның есінде жақсы сақталады. Сондықтан кейбір заттарды есте сақтау, оны жадыда қорыту көрнекіліксіз мүмкін емес. Өйткені, көрнекілік – оқыту және ақыл-ойды дамытудың басты құралы. Көрнекіліктер тақырып жайлы нақты, анық және дұрыс мағлұмат алуға, терең түсінік қалыптастыруға көмектеседі. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» немесе «Көз айнасынан өткен көңіл айнасында бекиді», – деген қазақтың халық даналықтары осыны білдіреді.

Қазіргі кезде мұғалім түрлі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануына болады. Көрнекілікті қолдану арқылы мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары [3] секілді көрнекілік түрі ретінде технологиялық картаны да пайдалануға болады.

Сабақ барысында кейбір көрнекілік түрлерін оқушылардың өзіне де жасатуға болады. Мәселен, көркем мәтінді талдау бойынша мынадай кесте үлгісін ұсынуға болады.

Кесте 3 – Көркем мәтінді жүйелі талдауға арналған кесте үлгісі

Көркем шығарма	Мәтін бойынша жұмыс	Талдау	Жазба жұмыс түрі
М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясы	Романдағы құдаласу салты берілген үзінділерді табу	Ұлттық салт-дәстүрлеріміздің мәнісін түсіндіру	Эссе
С. Торайғыров «Қалың мал» романы	Қалың мал алудың себебі көрсетілген үзінділерді табу	Ұлттық дәстүрлерімізден керітартпалық арқылы жирендіру жолдарын талдау	Шығармадағы дәстүрлерге жанаша көзқарас тұрғысынан талдау-мақала

Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы – сабақ үдерісіндегі ең маңызды ұстанымдардың бірі. Себебі, әр оқушының ойлау қабілеті, ақыл-ой мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан білікті ұстаз ретінде әр мұғалім әрдайым сабағында оқушыларының жеке қабілеттерін үнемі ескеріп отыруы қажет. Көрнекті әдіскер-ғалым Т.Ақшолоқов айтқандай, «Оқыту – екі жақты процесс. Оның бір басқышында мұғалім, екінші жақ басқышында оқушы тұрады» [4, 25 б.]. Сондықтан мұғалімның білімі мен білігі, сол білімді түсіндірудегі шеберлігі, әдіс ұтымдылығы, әр оқушының қабілеті мен дарынын шыңдауы оны түпкілікті нәтижеге әкеледі. Оқушы жеке тілдік тұлға ретінде өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасқан. Сондықтан мұғалім оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытып, дүниетанымын тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды жиі беруі қажет. Ол үшін интербелсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Мәселен, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес», «Болжау», т.б. секілді жаңа стратегияларды қолдану сабақтың сапасын арттырады.

Негізінен оқыту ұстанымдарын жүйелі, кешенді түрде қолдану өте пайдалы. Себебі, барлық ұстанымдардың талаптары бір мезетте орындалады және де бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл ұстанымдар сабақ үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағыт-бағдар

береді және де оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалижанов У. Ұлы дала тұлғалары : көркемдік ерекшелік / Уәлихан Қалижанов; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы. -Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. -392 б.

2 Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. - Алматы: Білім, 2009. — 288 б.

3 Шаталов В. Ф и др. Опорные конспекты по кинематике и динамике: Кн. для учителя: Из опыта работы / В. Ф. Шаталов, В. М. Шейман, А. М. Фаит. М.: Просвещение, 1989. С. 15.

4 Ақшолоақов Т. Көркем сөздің құдіреті. – Алматы, 1998. – 168 б.

СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ БАЗАЛЫҚ-НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН ОҚУЛЫҚТА БЕРІЛУІ

ЖЕКСЕНОВА Д. К.

магистрант, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университеті, Павлодар қ.

Білім беру кез келген мемлекет үшін ең басты мәселе болып саналады. Мемлекетті құрайтын адам болғандықтан, адам білімінің нәтижесі мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне тікелей әсер етіп отыратыны белгілі. Осымен байланысты ғылым мен техниканың дамуы да білім беруге өз деңгейінде ықпал етеді. Білім беру – адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, олардың алға қойған мақсатын орындауға бағытталған тәрбие мен оқыту үрдісі. Кез келген мемлекет білім мен ғылымға айрықша көңіл аударады. Мықты мемлекеттің фундаменті мектептен қаланады. Сондықтан мектепте білім беру ісі үнемі жетілдіріліп отыруы заңды.

Зерттеу тақырыбы бойынша ұйымдастырылатын жұмыстарды іске асыруда нормативтік құжаттармен, білім беру бағдарламалары

мен осы бағдарлама негізінде жазылған оқулық, оқу-әдістемелік кешендермен танысып, талдау жұмыстары жүргізілді. 5-сыныпта оқытылатын «Қазақ тілі» пәні Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген және 2017 жылғы «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде оқытылып келеді. Аталған бағдарламада «Қазақ тілі» пәнінің мақсаты «ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету» болып табылатыны айтылған. Белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері сараланып көрсетілген. Олар:

– қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану; тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;

– аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;

– мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру [1].

5-сыныптағы «Қазақ тілі» пәніне аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат бөлінген. Бағдарламада сөйлесім әрекетінің түрлері оқытуда білім мазмұны оқушыға қойылатын талаптар аясында берілген. Бағдарламада грамматикалық тақырыптар лексикалық тақырыптардың аясында ұсынылған. Қазақ мектебіндегі «Қазақ тілі» пәнінің мақсаты – оқушыларға ана тілінің заңдылықтары мен ережелерін оқыту арқылы олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылатыны мәлім.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарда төмендегідей грамматикалық тақырыптар берілген (кесте 1).

Кесте 1 – «Әдеби тіл нормасы» бөлімінде берілген грамматикалық тақырыптар

5- сынып	
1	2
Фонетика және орфографиялық норма:	1.Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу. 2.Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу. 3. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу.
Лексика-семантика	1.Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану. 2.Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану
Морфология және синтаксис	1.Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану. 2.Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану. 3.Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу. 4.Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу. 5.Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру. 6. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

Кесте 2 – «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы орта мерзімді жоспарда қамтылған тақырыптар

5-сынып	
1	2
1-бөлім:Мәдениет: тіл және қарым-қатынас	Дауысты және дауыссыз дыбыстар.
2-бөлім: Киіну. Сән.Талғам.	Үндестік заңы.
3-бөлім: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер	Үндестік заңы бойынша жаттығулар.
4-бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі	Сөз мағынасы және мағынаның түрлері(тура және ауыспалы мағына)
5-бөлім: Бос уақыт және хобби	Түбір және туынды сөздер. Күрделі сөздер(тіркескен, біріккен, қысқарған және қос сөздер).

6-бөлім: Қиял әлемі	Зат есім. Негізгі және туынды зат есім. Жалпы есім мен жалқы есім. Деректі және дерексіз зат есім. Зат есімнің жалғаулары(көптік, жіктік, тәуелдік, септік).
7-бөлім: Көлік және жол белгілері	Сын есім. дара және күрделі сын есім. Сапалық және қатыстық сын есім. Сын есімнің шырайлары.
8-бөлім: Адамның сырт келбеті мен мінезі	Сан есім. Сан есімнің мағынасына қарай түрлері.
9-бөлім: Аспан әлемінің құпиялары	Төл және төлеу сөз. Олардың тыныс белгілері. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары.
10-бөлім. Саяхат және демалыс.	Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

Қазіргі білім беру жүйесіне «Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен» қатар енген жаңалық – альтернативті оқулықтардың дайындалуы. Қазіргі таңда жалпы білім беретін орта мектептің 5-сынып «Арман-ПВ» баспасынан 2017 жылы шыққан оқулықпен оқиды. Авторлары: Т. Н. Ермекова, Ж. К. Отарбекова, Р.Н.Мұнасаевалар.

Зерттеу барысында аталған оқулықтарда сөйлесім әрекетінің түрлеріне байланысты берілген тапсырмаларға талдау жасалынды. Талдау жасау барысында оқулықта тапсырмалар сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамти берілгеніне көз жеткіздік. Дегенмен кемшін тұстары ретінде деңгейлік тапсырмалардың аз қамтылуын айтуымызға болады. Оны тәжірибе барысында да байқадық. Оқулықта берілген тапсырмаларды сынып оқушыларының барлығы дерлік орындай алмайды. Олардың білімді қабылдау дәрежесі әр түрлі. Көбінесе білімді жай қабылдайтын оқушыларға қиындық келтіріп жатады. Сондықтан барлық тақырыптарға арналған тапсырмалар деңгейлеп берілсе, қиындық тудырмас еді деп ойлаймыз. Оқу бағдарламасы мен мектеп оқулықтарына жасалған талдау сөйлесім әрекеті түрлері арқылы жасалған тапсырмалардың деңгейлік дәрежеде және сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін ықпалдастыра беру қажеттігін көрсетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезені» атты Қазақстан халқына Жолдауында «қазіргі басты міндет - халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру» екенін, «адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп» отырғанын, «жаңарған

ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта» алатынын, «ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі» керектігін, «XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді» ұрпақ даярлауға басымдылық берілуін атап көрсеткенін білеміз [2].

Сондықтан мектеп оқушыларын сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы қазақ тілін оқыту Жолдауда көрсетілген міндеттерді шешуге әсер етері анық. Педагогикадағы дара тұлғаға бағытталған білім беру оқушының дара тұлға ретінде өзін-өзі тануына, жетілдіруіне септігін тигізетін идеялар мен іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде түсініледі. Ал сөйлесім әрекетін дамыту арқыды дара тұлғаны қалыптастыру ұлттық және мәдени құндылықтарға негізделуі тиіс. Өйткені халықтың жаңа болмысын, ұлт сапасын арттыру ұлттық және рухани құндылықтар негізінде ғана іске асады. Тұлға қалыптастыру бір ғана бағыттағы шаралармен шешіле салмайды. Тұлғаның тілі, болмысы мен мәдениеті, алған білімі өзара байланысты. Тіл тұлғаның мәдени иммунитетін дамытатын тетік болса, білім - дүниетанымын танытатын көрсеткіш. Мәдениет білім беру үдерісінде үш түрлі қызмет атқаратыны мәлім. Мәдениеттің гнесологиялық аспектісінде оқушының дүниені тануына оның сезімдері мен ой-санасы ықпал етсе, аксиологиялық аспектіде мәдениет адамның әлемді игерудегі материалдық және рухани құндылықтарының деңгейін көрсетеді. Ал гуманистік аспектіде мәдениет білім алушының рухани әлемін дамытудың кепілі ретінде танылатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы, №545 бұйрығына 2-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>

2 Тоқаев Қ.К. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Ақорда, 2020. 1 қыркүйек

ЛЕКСИКОЛОГИЯ МЕН ФРАЗЕОЛОГИЯНЫ ОҚИТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖИЕНБАЕВА А. Д.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі қазақ тілі оқу пәні ретінде ерекше қоғамдық маңызға ие, ол тіл мәдениетін арттырудың, толерантты тілдік тұлғаны қалыптастырудың тұрақтандырушы факторы болып табылады. Әдіскер ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, «Қазақ тілі қазіргі тұлғаның қатысымдық мәдениетін қалыптастыруы керек. Бұл бірыңғай білім беру кеңістігін сақтаудың ғана емес, сонымен бірге ұлттық қатынастарды үйлестірудің, XXI ғасыр тұлғасының төзімділігі мен толеранттылығын қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады» [1, 5 б.].

Осы тұрғыдан тіл жүйесінің бірде-бір деңгейін сөз ұғымынсыз зерттеу мүмкін емес. Сөз – бұл:

- 1) дыбыстардың тіркесімі (фонетика);
- 2) морфемалардың жиынтығы (морфемика және сөзжасам);
- 3) бұл сөз формасы (морфология);
- 4) Барлық лексикалық мағыналардың жиынтығындағы бірліктердің мағынасы (лексика);
- 5) сөз тіркесінің, сөйлемнің, мәтіннің құрылымдық бөлігі (синтаксис).

Бұл сипат қазақ тілінің бүкіл мектеп курсы мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылатындығын мәлімдейді. Оқушылардың сөздік қорын байыту – тілді меңгерудің маңызды шарттарының бірі. Тіл дамыту жұмысы төмендегілерді қамтиды:

1) сөздікті толықтыру (жаңа сөздермен танысу, синонимдермен, антонимдермен, паронимдермен, сөздердің лексикалық - семантикалық және тақырыптық топтарын білу арқылы тілді байыту);

2) сапалы байыту – көп мағыналы сөздердің жаңа мағыналарын меңгеру, сөздердің үйлесімділігі, сөздерді бейнелеу-мәнерлі мақсаттарда қолдана білу;

3) сөздердің ассоциативті байланыстарын құру (көп мағыналы сөздердің, синоним сөздердің, антонимдердің, тақырыптық

топтардың, сөзжасамдық қатарлардың жеке мағыналарын бір-бірімен байланыстыра білу.

Тіл дамыту жұмысы барысында оқушылар:

- 1) белсенді сөздік қоры (ауызша және жазбаша тілде қолдану);
- 2) пассивті лексика (мағынаны түсіну);
- 3) ықтимал сөздік (оқушының лингвистикалық тәжірибесі).

Оқушылардың сөздік қорын қалыптастыру мен байытудың бір құралы – сөздерді семантикаландыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде сөзді семантикаландыру бойынша бірнеше тәсілді қолдану ұсынылады:

- 1) көрнекі;
- 2) семантикалық;
- 3) мәнмәтіндік;
- 4) аударма.

Алайда, аталған әдістерінің ешқайсысы әмбебап емес, осыған байланысты сабақтарда сөздерді семантизациялау әдістерінің жиынтығы қолданылуы керек. Түсіндірме сөздікпен жұмыс жасау сөздің мағынасын игеруде маңызды рөл атқарады.

Қазақ тілін меңгеру әлемнің тілдік бейнесін, осы тілді қолданушылардың тілдік санасын меңгеруді көздейді. Әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігі осы тілді аталым беру әдістерінде көрінеді, өйткені сөз тілдік болмыстың белгісі мен бейнесі ретінде әрекет етеді.

Қазақ тілінің қайнар көзі мен рухани мәдениетіне тоғыстырудың бірден-бір көзі қазақ тілі сабақтарындағы фразеологизмдерді оқыту болып табылады. Фразеология халықтың сезімін, әлем бейнесі, реңкі әлемін көрсетеді. Фразеологиялық оралымдарының орынды және дұрыс қолданылуы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін, бейнесін, айқындығын және экспрессивтілігін береді.

Алғаш рет фразеологизмдер туралы ұғымды білім алушылар 6-сыныпта алады. Фразеологияны үйрену кезінде оқушылардың еркін сөз тіркестерінен айырмашылығын түсінуі өте маңызды. Сонымен қатар, оқушылар фразеологизмдер әрдайым қайта жасалмайтынын, олар дайын түрде қолданылатынын және олардың құрамы өзгеріссіз қалатынын түсінуі керек.

Фразеологиялық бірліктердің семантикалануы қазақ тілінде түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) фразеологизмнің бір сөзбен баламасын табу: Айы оңынан туды – жолы болды; бақыты ашылды. Ала көзімен атты – Сұсты көзін қадады;

2) синонимдерді таңдау: сулулықты бейнелегенде: *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, туған айдай, үріп ауызға салғандай, ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, еліктің баласындай, қыздың баласындай, ай мен күндей* байлық, туралы: *төрт түлігі сай, төрт құбыласы түгел, бес енесі бестен, не ішем, не жейім демедейді, ішкені алдында, ішпегені артында, үріп ішіп, шайқап төгіп отыр; қатты ауырып жатқан адам жайлы: әл үстінде, өлім халінде, өлім аузында, өлі мен тірінің арасында, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* деген тіркестер қолданылады. Фразеологиялық синонимдер керкем образ жасауда жиі қолданылады.

3) антонимдерді таңдау: аты шықты-аты өшті, ат ізін салмады – ат ізін құрғатпады, ашық мінез - тұйық мінез, әлі кірді – әлі кетті, бақ қонды – бақ тайды, беделі артты — беделі түсті, бетінен оты шықты – беті бұлк етпеді, бұл дүние - о дүние, ер жүрек – қоян жүрек, есіне түсті – есінен шықты, жүрек жұтқан – су жүрек, жолыңа гүл бітсін – жолыңа жуа шықсын т. б.және т. б.

Лексикология мен фразеологияны оқыту ынтымақтасып бірлескен жұмыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Оқуды жұптық немесе топтық бірлескен жұмыс түрінде ұйымдастыруға болады.

Жұптық жұмыс.

1. (5 сынып.) Жұпта әр жағдайда қандай белгі бейнелі мәннің негізіне жататынын талқылаңдар: нысандар мен құбылыстардың пішіні, түсі, орналасуы, ішкі қасиеттері, бағалау; әрекет функциялары. Оларды сипаттайтын тұрақты сөз тіркестерін топтарға бөлу арқылы жазыңдар. Тапсырманы орындауды талқылаңдар және ең оңтайлы шешімді таңдаңдар.

Түлкі (жануар) – Түлкі (адам туралы), адамның басы - таудың басы, күміс сақина – күміс күлкі, тәтті кәмпит - тәтті өмір, құстың қанаты – ұшақтың қанаты, баланың аяғы - орындықтың аяғы.

2. (6 сынып). Төменде қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер берілген. Осы сөздердің қазақша баламасын жазыңдар, салыстырыңдар. *Жәшік, тәрелке, сөмке, кәмпит, бөтеңке, самауыр, зауыт, керует, жәрмеңке, үстел.* Тапсырманы орындауды талқылаңдар және ең оңтайлы шешімді таңдаңдар.

3. (7 сынып.) Бір-біріңізге спорттық жарыстарға дайындалуға байланысты сұрақтар қойыңдар, олар сыныптағы ең мықтыны анықтау үшін керек.

Топтық жұмыс.

1. (6 сынып.) Алынған сөздер заттардың, ұғымдардың өмірінен мәлімет береді, олар жаңа заттардың, заттардың пайда болған географиялық орны, олардың жасаушылары туралы айта алады... Боржоми, кашемир, панама, сибарит, ампер, ватт, силуэт сөздері не туралы хабар бере алады. Жұмысты топ мүшелеріне тарату арқылы сөз деректерінің шығу тегі туралы хабарлама дайындау.

2. (7 сынып.) Топтарға бөлініп, «Диалектизмдерді қолдану қаншалықты орынды?». Жобаны қорғауды жүзеге асыру: топ болып презентация дайындау, материалдарды дайындау процесінде қалыптасқан ұстанымды растайтын дәлелдерді таңдау.

Жұптық және топтық бірлескен оқу әрекеті ынтымақтастық дағдыларын, серіктестің көзқарастарына, қажеттіліктеріне, мүмкіндіктеріне бағдарлану, басқаның ұстанымын ескере отырып әрекет ету және өз іс-әрекеттерін үйлестіре білу қабілеттерін қалыптастырады, болашақта кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Тілдік қатынасты дамытуда жобалай оқыту технологиясының да орны ерекше. Лексикология мен фразеология оқушылардың жобалық әрекетін ұйымдастыруға арналған ауқымды материалды қамтиды. Ол оқу жобасының міндеттерін шешу процесінде оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың бірден бір әдісі болып саналады.

Жобалық қызмет тәуелсіз зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталады: оқушылар мәселені тұжырымдайды, ақпаратты жинайды және өңдейді, эксперименттер жүргізеді, нәтижелерді талдайды. Жобада жұмыс істеу шығармашылық пен логикалық ойлауды дамытуға ықпал етіп қана қоймайды, оқу процесінде алған білімдерін жинақтайды және нақты өмірлік мәселелермен таныстырады, сонымен қатар ұжымда жұмыс істей білу тәжірибесін ұштайды, оқуда өзара әрекеттесе отырып, коммуникацияны дамытады [3, б.5].

Мысал ретінде біз «Бір сөздің лингвистикалық портреті» оқу жобасындағы жұмыс жүйесін сипаттаймыз

Жоба түрі: зерттеу, топтық, пәнаралық, ұзақ мерзімді (3 ай).

Жобаның мақсаты: сөздіктерді, көркем, ғылыми әдебиеттерді және басқа дереккөздерді қолдана отырып, зерттелетін сөздің тарихы, мағынасы, қазақ тілінде, фольклор мен әдебиетте қолданылуы туралы әртүрлі ақпарат жинау.

Жобаның міндеттері:

1) қазақ тілінің негізгі түсіндірме сөздіктеріндегі сөз анықтамаларын талдау;

2) қазақ фразеологизмдерінде, мақал-мәтелдерінде сөздің қолданылуын зерттеу;

3) сөзжасам ұясын бастапқы сөзбен салыстыру;

4) үйлесімділік ерекшеліктерін қарастыру;

5) зерттелетін сөзді фольклор мен көркем әдебиетте қолданудың кейбір ерекшеліктерін сипаттау.

Жоба аннотациясы.

Бұл зерттеу жобасы қазақ мәдениетінің негізгі ұғымдарының бірін кешенді сипаттауға бағытталған. Қазіргі лингвистикада бұл тәсіл концептілерді – «адам санасындағы мәдени шоғырларды» талдаумен байланысты. Жоба бойынша жұмыс жасай отырып, оқушылар лингвистикалық талдау дағдыларын игереді, әртүрлі лексикографиялық және басқа көздерден ақпаратты алуға және өндеуге үйренеді. Ең бастысы-олар қазақ мәдениетінің тарихымен танысады.

Жобаның болжамды өнімі: зерттелетін сөздің жан-жақты сипаттамасы бар шағын сөздік.

Жоба бойынша жұмыс кезеңдері. Оқушыларға арналған ұсыныстар.

Жұмысты жоспарлау

1. Мұғалімнің басшылығымен сипаттайтын сөзді таңдаңыз.

2. Топтарға бөлініп, топтарың қандай бетті құруға жауапты болатынын шешіңдер.

3. Топтағы міндеттерді бөліңдер.

4. Жұмысты кезеңдерге бөліңдер.

5. Жоба бойынша жұмыс жоспарын дайындаңдар. (Жоспарлау парағын пайдаланыңдар.)

Жобаны жүзеге асыру

1. Жоспар бойынша топта жұмыс жасау.

2. Туындаған қиындықтарды бірлесіп шешіңіз.

3. Қажет болса, мұғалімнің кеңесін немесе ата-ананың көмегін пайдалану.

4. Қажет болған жағдайда жоспарға өзгерістер енгізу (бұл ретте жобаның орындалу мерзімін өзгертпеу керек).

Тапсырмалар реті.

– Этнографиялық бет. Әдебиетті оқығаннан кейін қазақ мәдениетіндегі осы заттың (ұғымның) мағынасын сипаттаңыз.

– Лексикографиялық бет. Қазақ тілінің түрлі түсіндірме сөздіктеріндегі осы сөздің түсіндірмелерін анықтау.

– Этимологиялық бет. Этимологиялық сөздіктер мен анықтамалықтарға жүгіну арқылы сөздің шығу тегі туралы мәліметтерді жинау.

– Сөзжасам беті. Сөзжасам сөздіктерін қолдана отырып, зерттелетін сөзден қандай жаңа сөздер пайда болатынын, олардың мағыналары қандай екенін, білімнің қай салаларына жататынын анықтау.

– Фразеологиялық бет. Сипатталып отырған сөзді қамтылған тұрақты сөз тіркестерін табу үшін фразеологиялық сөздіктерге, мақал-мәтелдер жинағына жүгіну.

– Өнертану беті. Қарастырылып отырған тақырыптың бейнесі маңызды рөл атқаратын фольклорлық, әдеби шығармалар, кескіндеме немесе музыка туындылары туралы айту.

Жобаның презентациясы (тұсаукесері):

– Белгіленген мерзімге дейін дайындалған ақпаратты біріктіру.

– Әр топтың слайдтарын қорытынды презентацияға біріктіру.

Спикерлерді таңдау.

– Сынып алдындағы сөзді дайындау.

– Презентация жасау. Тындаушылардың сұрақтарына жауап беру.

Жобаны түсіну және бағалау:

– Ненің жақсы жасалғанын және нені жүзеге асыра алмағанын талқылау.

– Келесі жобаларды орындау кезінде нені ескеру керек?

– Жұмыс нәтижесін бағалау.

Қажетті жабдықтар мен ресурстар: Интернет желісіне қосылған компьютер, энциклопедиялық сөздіктер, қазақ тілі сөздіктері (түсіндірме, фразеологиялық, грамматикалық, этимологиялық) презентацияға арналған проекциялық аппаратура.

Қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың моральдық-этикалық және психологиялық принциптерін ұстану.

Лексикология мен фразеология мәселелерін зерттеу кезінде «Сөйлеу этикетін» сақтанған жөн, өйткені осы тілдік ұжымға тән қарым-қатынастың моральдық-этикалық және психологиялық принциптерін сақтау адамның қатысымдық құзыреттілігінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Бұл жағдайда тапсырмалар жүйесі тұрмыстық, оқу және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі сөйлеу жағдайларына қатысуға бағытталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 http://lib.kazmkpu.kz/res/Tildik_katynas_teoriyasy_zhane_adistemesi_Orazbaeva.pdf

2 <https://melimde.com/a-a-satbekova.html?page=8>

3 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алмата, Ғылым, 1977. –711 б.

ЖАРНАМА МӘТІНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖУМАНБАЕВА Р. О.

доктарант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Бұқаралық коммуникацияның жүйесінде әртүрлі мәтіндердің түрлерін олардың экстралингвистикалық ерекшеліктеріне қарай, қызмет етуін және ұйымдастырылуын зерттеу, қатынастың осы түрінің өзгешелігімен, яғни, жоғары әсер ету функциясымен дәлелденеді.

Бұқаралық коммуникацияның жүйесіне мәтіннің бірнеше түрі бар екендігі белгілі.

Оның ішінде жарнама мәтіні ерекше бөлінеді: «...рекламный текст заслуживает пристального доброжелательного рассмотрения в качестве случая уникального по своей интенсивности функционального, использования языка» [2].

Бұқаралық қатынас құралдарының негізгі мақсаты –ол индивидтердің идеологиялық, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік психологиялық көзқарастарын біртұтасқа (мемлекет, ұлт, кәсіби, бірігу және т.б) біріктіру.

Жарнама осы жүйенің құрамдас бір бөлшегі ретінде саналады. Жарнама арқылы қоғамның саясатымен, құқығымен экономикасымен байланысты әлеуметтік реттеуші жүйенің белсенді қатысушысы болып табылады, өйткені ол жарнама хабарландырулары арқылы, ал олардың негізгі бөлігі мәтінге беріледі, социум суретінің бөлшегін құрайды.

Қазақ тіл білімінде мәтін проблемасы жөнінде зерттеулер өте аз. Қазірге дейін қазақ тілінде мәтін ұғымы «оқу мәтіні» (учебный текст) деген ұғыммен бірдей қолданылып келеді. Яғни, мәтін тілді оқыту, үйрету процесіндегі әдістемелік жүйенің бір бөлігі ретінде назарға алынды.

Жарнама мәтіні белгілі бір аудиторияға бағытталады және ол нысаналы. Жарнама мәтіні адресатта жағымды немесе жағымсыз эмоцияны қалыптастырады, оның белгілі бір іс-қимыл жасауына қозғау салады.

Жарнама мәтіні белгілі бір аудиторияға бағытталады және ол нысаналы.

Жарнама мәтінінің құрылымы жалпы жарнаманың ең маңызды критериясы болып табылады. Мәтін – жарнаманың маңызды элементі. Жарнама мәтіні оның құрылымын сауатты құрастырған жандайда ғана тиімді болады. Жарнама мәтінінің құрылымына қойылатын талап – аз сөзбен көп ақпарат беруді көздейді. Үлкен эмоциялық күшпен, жарнама бағалылығының жоғарылығы мен жарнаманың түсінігі образы арқылы сөз бөлініп шығады. Мәтінде негізгі жүктеме тақырыпқа жүктеледі, себебі жарнама объектісіне дәл мінездеме беруі керек. Жарнама тілінің өзіндік ерекшелігі – стандартты, қалыптатылығы, қайталанбайтын даралығы, жалпыға түсініктілігі, жаңалығы, окказионалдығы, объективті-дәлелділігі, субъективті-эмоционалдығы әрқашан зерттеушілердің көңілін аударып келді.

Жарнама тілін зерттеуші шетелдік ғалым Д. Личтің көзқарасы бойынша «жарнама тілі қарапайым, түсіндірушілік сипаттан гөрі, көбіне эмоционалды-бейнелеушілік сипатта болады» [3]. Жарнама мәтінін оқытуда, сөйлеу құрылысында эмоционалды-экспрессивті болудың, бейнеліліктің қолданылуы жарнама пайдасын, іс-әрекетін ашып көрсетеді. Ол көптеген оқырман қауымға жақын болуы керек. Зерттеулерде «публицистикалық стильде барынша ауызша сөйлеу элементтері кездесе, соғұрлым оқырмандардың қабылдауына жақсы тығыз байланыс орнатылады» деп көрсетеді. Жарнама тілінде жай сөйлемдердің қолданылуы жарнама мәтінінің экспрессивті-эмоционалдылығына, динамикалығына байланысты оқырмандардың тез қабылдауына әсер етеді. Жай сөйлемдердің, толымсыз сөйлемдердің инверсияның қолданылуы жарнаманың мағыналық реңін аша түседі.

Жарнама әдеби тіл нормасына бағыну керек, яғни үлгілі әдеби тілде жазылуы қажет. Мағынасыздық, көпсөзділік, керексіз майда ерекшеліктерді тере беру, жаргонды қосу, болмаса орыс, американдық мәтінінен сауатсыз калька жасай салу қазіргі кезде көп кездеседі. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біз қабырғаларға ілетін хабарландыру тілін күн сайын есітетін болдық. Жарнаманы жазу кезінде қолданылған сөздер әдеби тілдегі және сөздіктерде

көрсетілген мағынасында қолданылуы қажет. Білім алушыларға жарнама жазу барысында сөз таңдағанда олардың дәрежесі мен қолданылу аясына мән беру керектігін айта кеткен жөн. Кейде жарнамаларда жалпы оқырман қауымға түсініксіз терминдер қолданылады. Белгілі бір мамандыққа қатысты сөздер мен сөздік қолданыстарды шағын топтарға арналған жарнамалардың өзінде қолдану тиімді бола бермейді. Жарнама мәтіні сенімді, логикалық құрылуы және лексикалық жағынан түсінікті болуы қажет. Жарнама тілі үнемі жаңашылдықты талап етеді. Себебі айтылатын сөздер тез жайылып, механикалы түрде айтыла бастайды.

Әдетте жарнама мәтінін үш бөлімге бөліп қарастыра отырып оқытуға болады. Оның әрқайсысының өзіндік қызметі болады.

Жарнама мәтінінің дәстүрлі композициясы:

- слоган (ұран) – қысқа жарнамалық тақырып, афоризмдер;
- шешімі – жарнама ақпаратының негізгі идеясын қамтитын мәтін бөлімі;
- ақпараттық бөлім – тауар немесе қызмет түрінің пайдасын көрсететін басты дәлелдемелер берілетін мәтіннің негізгі бөлімі;
- қосымша ақпарат – мекен-жайы, байланыс телефондары және т.б.

Материалды осылайша орналастыру міндеті – білім алушылардың назарын аударту, содан кейін жарияланып отырған жарнамалық жолдаудың мәтініне назар аударуды уәждеу. Тәжірибеде кейбір бөлімдер біріктірілуі немесе мүлдем қосылмай қалуы да мүмкін.

Біріншісі бөлімі – слоган (ұран), жарнамалық жолдаудың тақырып аты және мәтіннің алғашқы жолдары. Слоганның тағайындамасына байланысты адресаттың назарын аудартуда мәтіннің эмоционалды тұрғыдан қанықтығын максималды түрде қамтамасыз ету керек.

Өте жақсы жарнамалық слоган жеңіл оқылуы тиіс және есте жылдам сақталуы керек, бірегей, қызығушылықты тудыратын, керемет сауда ұсынысын жасайтындай, пайда әкелетіндей, сыйақысы болатындай құрастырылуы тиіс.

Жақсы слоганның ішкі ұйқасы нақты болуы қажет және бір жолдан тұратын тақпақ тәріздес болғаны дұрыс.

Слоган жасауда қолданылатын кейбір тәсілдер:

1. Жарнаманың негізгі мәтіні толық ақпаратты қамтуы тиіс. Жарнаманың тиімділігі мәтіннің осы бөлігінің мазмұндылығына, яғни ақпараттылығы, ақиқаттылығына байланысты болады.

ақпараттық хабарламаларға қойылатын талаптардың бірі – белгісіздік пен әйгіліліктің үйлесімі. Индукция тәсілін, яғни жекеден жалпыға ауысуды қолданған жөн. Алдымен жаңалықтан бастап, оны бұрыннан таныс ақпаратқа сәйкестендірген жөн. Содан соң қайта жаңалық туралы жалғастыру қажет. Айдар тағу ережелерін, көзге түсетін тақырыпаттарды қолданған дұрыс, себебі жарнаманың бүкіл мәтінін оқушылардан гөрі тақырыпатты оқушылар әлдеқайда көп болады. Сондай-ақ, жарнамада логикалық және эмоциялық компоненттердің біртұтас болып бірігуі орын алуы қажет. Ақпарат беру арқылы өз қызметі туралы мәлімет беріп қана қоймай, тәжірибелі жарнамашы мәтінді пайдаланушылардың сезіміне қызығу, таң қалушылық, күлкі туғызу үшін жазады.

Жарнама мәтінінің құрылымында сөз таптарының қолданыстық ерекшеліктерін ескерген дұрыс.

1. Етістіктер. Етістіктер іс-әрекетті көрсететіндіктен, басқа сөз таптарына қарағанда оның уәждеуші күші басымдау. Әсіресе жарнамада бұйрық рай етістіктерін қолдану тиімді болып табылады. Бұйрық рай әлеуетті тұтынушыны іс-әрекетке итермелейді, оның белсенділігін оятады.

Бұйрық райлы құрылымдардың қалпы әр түрлі болуы мүмкін. Уәждеуші, әрекетке итермелеуші сөздер мен сөз тіркестері ұсыныстарды, шақыру, үндеу, кеңес беру, түсініктеме, дәлелеме жасау сияқты мағыналарды көрсете алады. Ол тікелей немесе жанама сендіру жолдарымен жүзеге асырылады.

Жауыр болған етістіктерге қарағанда, неғұрлым жаңа қолданыстарды қолдану тиімді. Мысалы, *зертте*, *оңтайла*, *жеңе біл*, *әсер ал*, *шабыттан*, *қанаттан* және т.б. Мұндай етістіктер жарнаманы жандандыра түседі.

Етістіктер әрекетке шақырып қана қоймай, сонымен қатар жарнама жолдауына қарқын реңкін қосады, қандай да бір эмоционалдық күй үстейді, ал бұлар өз кезегінде жарнаманың маңызды нюанстары болып табылады. Себебі жарнамаланатын заттар, қызметтер бірдей болуы мүмкін. Ал интонация, сөз қарқыны, ондағы жасырынған атмосфералық күй әр жарнаманы ерекшелеп тұрады.

2. Есімдіктер. Жарнама жолдауында «біз» деген есімдікті қолданбаған дұрыс. «Біз» дей отырып, сатушы немесе өндіруші өзі туралы айтатын болады. Сонымен ол, олар деген есімдіктерді де қолданбаған жөн. Тұтынушыға жолдаудың өзіне, оның проблемаларына, қызығушылықтарына қаратылып айтылғаны

жақсы әсер етеді. Сондықтан жарнамада «сіз» немесе «сен» деген есімдіктерді қолданған тиімді.

3. Сын есімдер. Жарнамада сын есімдерді қолдану нақты ассоциациялар тудырады және қажетті ақпаратты сақтайды. Сондай-ақ жарнама мәтінін құрастырушылар ешбір нақты ақпарат бермейтін де сын есімдерді пайдаланады (*жақсы*, *үздік*, *керемет*, *ерекше* және т.б.). Бір жағынан осындай сын есімдердің жасайтын бейнелері, ассоциациялары да жалпылама болады. Яғни, жарнаманың әсері де болмайды. Егер жарнамаланып отырған объектінің негізгі ерекшеліктерін айқын көрсететін сын есімдерді қолдансақ, ол туралы нақты ассоциациялар туындайтыны сөзсіз. Ең бастысы, әр эпитет жай әншейін сөзді сәндеу үшін емес, шын мағыналы, көңіл-күйге негізделген нақты мәлімет беру үшін керек. Дәл таңдалған эпитеттер жарнама бейнесінің көркемдігін арттырады, тауардың жеке белгілерін айғақтап тұрады. Сондай-ақ «өте үздік», «ең сапалы», «аса дәмді» сияқты күшейткіш мәндегі сын есімдерді де қолдану қате.

Қазақстанда жарнама мен хабарландырудың түпнұсқасы мен тарату үдерісі 100 % -ға дерлік әуелі орыс тілінде жүзеге асады, қазақ тіліне аудару екінші кезекте ғана қолға алынады. Осыдан келіп, қазақ тілді жарнама тілдік ортаға икемсіз, өгей мазмұнда. Павлодар қаласындағы жарнама агенттіктерінің бір де бірі қазақ тілінде жарнама жасамайды. Сөйтіп, жарнама берушілер қазақ тілді тұтынушылар мүддесін ескергендіктен емес, тіл саясатында тууы мүмкін даудан қашқақтағаннан амалсыз түрде орыс тілді жарнаманы үстірт, жүрдім-бардым есеп үшін ғана қазақшалаумен шектеледі. Осындай мәселелердің алдын алу үшін қазақ тілінің ұлттық ерекшеліктері, мәтін құрылымы мәселелері және оның қолданыстық жақтары ескерілуі қажет.

Мәселен, қорыта айтқанда қазақ тілінде жарнама жазу негізінен орыс немесе ағылшын тілінен аудару арқылы жүзеге асып отыр. Батыстың брендлі тауарларына жарнамалық слогандарды жасайтын болсақ, жасағанда жай аударып «*Іркілмен*, *сникерстен*» деп емес, қазақи менталитетке, ұлттық құндылықтар мен фольклорға, әдебиетіміз бен тарихымызға негізделген слогандар өтімді болары анық.

Қазақ тіліндегі жарнама дискурсының қоғамдық қызметінің әлсіз тұстарының бірі - көркемдік бояуының жұтандығы, эмоционалды-эксперссивтік бояуының солғындығы.

Жарнама дискурсындағы қажетті шарттардың бірі-эмоционалдық-эксперссивтік сипаттарды назарға алынып, жарнама тілінің көркемдегіш құралдарын анықтау арқылы ұлттық тіл бояуларының әлеуметтік-коммуникативтік қызметі белгіленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нүрсейітова Х.Х. Медиялық дискурс туралы. – Алматы, 2003. – 152 б.
- 2 Винарская Л.С. Информативная структура рекламного текста. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. - М., 1995. -88-95-с.
- 3 Елина Е.А. Семиотика рекламы: учебное пособие. – М. : Дашков и Ко, 2011. – 136 с.
- 4 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997. – 327 с.
- 5 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері : фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 6 Садилова К.Е. Көп пропозициялы дискурс. – Ақтөбе, 2008.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

ЖУНУСПЕКОВА М. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 4 жалпы білім беру мектебі,
Екібастұз қ.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп Әл Фараби айтқандай, тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын-ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүние жүзіндегі педагог-ғалымдардың ерте замандардан бері үлкен көңіл аударып, айырықша көтерген мәселесінің бірі болып саналса, солардың қатарында 19-ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтармен, әсіресе орыстың алдыңғы

саптағы ұлы педагог-ғалымдары Қ. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой, Н. Ф. Бунаковтармен пікірлес болды. Мектеп бағдарламасында Ы. Алтынсариннің шығармашылығын меңгертуге бірнеше сағаттар бөлінген. Мектеп табалдырығын жана аттаған бүлдіршін «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ұлы ағартушының тәрбиелік мәні өте жоғары әнгімелері мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып-үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі. Бірақ мен бүлдіршіндер емес, Алтынсарин шығармаларының сол бүлдіршінді тәрбиелеп отырған ата-анаға пайдасы жайлы сөз қозғайын. Себебі баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты ата-ана арқылы тәрбиеленеді.

Адам өміріндегі еңбектің өте зор рөлін Ы. Алтынсарин чехтың XVII ғасырдағы ұлы философы Ян Коменскийдің сөзімен түсіндіре келіп: «Кімде-кім өз адал еңбегімен өмір сүріп отырмыз дей алатын болса, сол адам ғана нағыз бақытты», деп көрсетеді. Өз өлеңдерінде, әнгімелерінде және хаттарында адамның жақсы мінезді, құлықты, адамгершілігі жоғары болу үшін тәрбиенің, әсіресе еңбек арқылы тәрбиелеудің маңызын баса көрсетіп отырады. Мысалы, өзінің «Бақша ағаштары» деп аталатын әнгімесінде әкесі баласына қисық өскен ағашты көрсете жүріп ақыл айтады. Келесі бір жерде ол өзінің осы ойын толықтыра түсіп, дұрыс тәрбиенің маңызын баса көрсетеді. «...әрбір іс, деп жазады ол, бастан түзу бола келмесе, түбінде түзелуі қиын болады...» [1]. Иә, шынымен дұрыс-ақ. Бірақ біз осы «Бақша ағаштары» әнгімесін мектеп оқушысына ғана емес, бала тәрбиелеп отырған ата-анаға да меңгертуіміз керек. Себебі қазіргі ата-ана таңнан кешке дейін жұмыс, тағысын тағы деп түзде жүріп, үйдегі, отбасындағы балама қандай тәрбие беремін дегенді тіпті ойламайды. Ал қазіргі қоғамда бұл мәселе ең өзекті болып отыр. Осы «Бақша ағаштары» әнгімесін мәселен ұшақтарда, қаладағы электронды жарнама тақталарына қойып қойса, бір қаладан екінші қалаға жеткенше жаңағы әке қайдағы шет елдің филмін көрмей, осы туындыны көрсе, өзіне үлкен ой түйер еді. «Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсін», - дегеннің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан» дегендей, оған жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін керек екенін әрбір ата-ана ұғыу қажет.

Ы. Алтынсарин жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды. Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі екенін

айтады. Еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. «Бай баласы мен жарлы баласы» Ыбырай шығармаларының биік шыңы деп атауға болады. Бұл әңгімені оқып отырған мектеп жасындағы балаға еңбек етудің қажеттілігін сезінуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Автордың Үсеннің іс-әрекетінен адамгершілік деп аталатын асыл қасиеттердің жиынтығын көрсетуді мақсат еткені анық сезіліп тұр. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап береді. Бұл әңгімені оқыған адам адамдарға жанашырлық таныту, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету; кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу; рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу; көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру сияқты қасиеттерді бойына жинары анық. Міне, ата-ана осы әңгімені баласын ұйықтатарда оқып, өзі де, бала да ой түйі керек.

Әр шығармасында Ы. Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары өлшемі деп санайды. Ол бір өлеңінде былай дейді:

Азған елдің адамына,
Қашан тоба қылғанымша,
Айтсаң тілді алмағай
Үзіп жүлқып алайын деп,
Кетсе шарлап жылмағай...
Өлшеп берген өмірін,
...Бүгін тоба қылайын,
Зая қылса керек-ті.
Ертең тоба қылайын,

Бұдан ақынның өмірді зая өткізбеудің амалын, адам бақытының неде екендігін шешуге тырысканы байқалады. Адам бақыты бұл өмірде барға қанағат ету екенін де әңгімелерінен байқатады. Тіпті бұл жерде Ы.Алтынсариннің ойлары ертеде өмір сүрген грек ойшылдарының пікірлерімен үйлесіп жатқанын байқауға да болады. Мысалы, біздің заманымызға дейін V-IV ғасырларда өмір сүрген грек философы Демокриттің «кімде-кім аз дүниеге қанағат тұтып, шын көңілімен ішкі сезімін байсалды ұстаса – ол бақытты; ал кімде-кім көп дүниеге қанағат тұтпай, көңілсіз жүрсе – ол бақытсыз»

және де «егер сен көпті керек етпей, азға қанағат тұтсаң, онда аздың өзі саған көптей көрінеді» т.б. тұжырымдарын оқып отырып, Ы.Алтынсарин сол ойларды ары қарай жалғастырғандай әсер аласыз. Дәлірек айтқанда, Ы. Алтынсарин өзінің «Қанағат» деп аталатын әңгімесінде: «...қанша малы көп болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды, қанша малы аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады; соның үшін байлық қанағатта», деп көрсетеді. Осы ойын Ы.Алтынсарин өзінің жақын достарына жазған хаттарында да қуаттайды. 1885 жылы 25 қазанда мұғалім Мазохинға жазған хатында: «Менің ақылыммен емес, араб философының ақылын басшылыққа ала отырып, өмір сүріңіз. Біреу араб философынан «байлық пен бақыт неде» деп сұрағанда, «қанағатта» деп жауап беріпті» [2], деп жазады. Осы айтылғандардың бүгінгі таңда өзектілігі шексіз артып тұрғандай. Қазіргі таңда ақша табудың қамын ойлап күні-түні жұмыста жұмыста жүретін адам баласына қажет болып отырған «қанағат» деген ұғымға ой жүгірту үшін, бәлкім Ы. Алтынсарин шығармаларын қайтадан оқып шығуды ұсыну керек шығар...

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беруде, олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейтуде «Қазақ хрестоматиясы» тек сол кезең үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор туынды. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылу, елін-жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік-жігерлік, ізденімпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, жалпылай айтқанда, адамгершілік ұғымына тән тағы басқа жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Ыбырай арман еткен жаңашылдық мәселелері бүгінгі күні де өзекті сипатқа ие болып отыр. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың», сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде екі жақты жауапкершілікті саналы түрде сезінуді қоғам мүшелері алдына ту еткен Ыбырайдың рухани идеологиясы бүгінгі қоғамда үлкен сұранысқа ие. Яғни ата-ана, «ата-ана» деген атаққа ие болған соң, екеу болып осы атақты өмір бойы ақтау қажет. Бұл қажеттілік қазіргі таңда білімдегі прагматизм, жаһандану және т.б. қатынастардың өскелең ұрпақ тәрбиесіне әсері салдарынан туып отыр. Осыған орай қазақстандық білім саясатының басты міндеті – қазіргі заманғы білім сапасын оның іргелілігі мен қоғам, мемлекет және жеке тұлғалардың маңызды әрі перспективті қажеттіліктеріне

сәйкестігі сипатын сақтай отырып, жаңа мүмкіндіктер жасау болып табылады. ХХІ ғасырда мемлекеттердің өркениеттілігі мен қуат көзі – шикізат байлықтарымен, көне тарихи-мәдени мұраларымен ғана емес, сол ел тұрғындарының интеллектуалдық, білімділік деңгейлерімен де анықталмақ. Әрине бұл түсінік дұрыс-ақ, бірақ жоғарыда Әл-Фараби бабамыз айтқандай тәрбиесіз берілген білімнің бағыты мен болашағы қандай болмақ?! Әр өскелең ұрпақтың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау, жауапкершілікті мойындау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің де талабы болғаны игі. Оған барлық мемлекет, қоғам болып көңіл бөлген жағдайда ғана орындалмақ. Себебі тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталып, адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі ретінде анықталады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің «желкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір тұту біздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1943ж.
- 2 Қажым Жұмалиев. «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті». – Алматы, 1967 ж.

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ БҮГІНГІ ҰРПАҚ БЕЙНЕСІ

ИСАБЕКОВА Г. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 4 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Өркениеттіліктің өлшемі қарыштап дамыған техника да емес, ең бірінші, қоғам мүшелерінің рухани байлығы мен еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын зерделі, білікті жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне байланысты. Әлемдік деңгейге көтерілу, өркениетті елдер қатарына қосылу бүгінгі ұрпақ бейнесі арқылы көрінеді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа әлемдік сапа деңгейінде білім, білік негіздерін меңгеруге ықпал ету үшін жаңаша білім мазмұнын құру, бәсекеге қабілетті маман даярлау – білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселе. Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Білім беру жүйесін ізгілендіру арқылы жас ұрпақты имандылыққа, парасаттылыққа тәрбиелейміз. Өскелең ұрпақты имандылыққа, ізгілікке, әдептілікке, адалдық пен парасаттылыққа, мейірбандылыққа тәрбиелеуде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының орны ерекше. Бұл дастанның көптеген ғұламалардың назарын аударып, бірнеше тілге аударылуы тегіннен-тегін емес. Дастанның әр жолындағы тәлім-тәрбиелік өсиеттер бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне аса қажет. [1,32 б.] Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындаған ойшыл өз дастанында адамның қоғамдағы орны, ізгілікті қоғам туралы ойларын толғайды. Дастандағы өзекті ой – әділетті қоғам орнату. Ақын ақылды, парасатты, қанағатшыл, білімді игерген тұлға мемлекетті дұрыс басқара алатындығын, сонда ғана әділетті қоғам орнайтындығы туралы ой толғайды. Бұл тұғырлы ой-сана бас кейіпкерлер Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Олғұрмыш бейнелері мен іс-әрекеттері арқылы беріліп дәлелденеді.

Жүсіп Баласағұн өзінің құнды мұрасында адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Өзі өмір сүрген заманның кемшілігін сынай келіп, мінсіз қоғам қағидалары және өмір мәні туралы ой топшылайды.

Ой сырына тек ақылды қанады,
Білім сатса, тек білімді алады.
Білім құнын біліктілер біледі,
Ақыл мәнін білікті ұғып жүреді.

Кайдан білсін надан білім бағасын,
Кайда болсын білімді алар алғысын! - дей келіп, өмірдегі білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы құнды ойлар айтады .

Кімнің бағы асса, игеріп ел ішін,
Кілең ішгі заң жазсын ел үшін,
Опасыз бақ желпінеді, бұзады,
Тиянақсыз тозады һәм озады,
Құтқа иланба, ішгілік қып жүргейсің:
Бүгін мұнда ол, ертең – онда, білгейсің!
Құт иесі! Ізгі дәулет құтпенен

Тұрам десең, тұрғын ізгілікпенен! – деп адам бойындағы ең жақсы қасиет ізгілік екенін осы жыр жолдары арқылы дәріптейді [2,55 б.] Елді басқарушы тұлғаның қадір - қасиеті оның халқына тигізер шарапаты және жақсы іс-әрекетімен ғана көрінеді деген ой айтады. Ол ақыл, парасат, ізгілік, ынсап пен имандылық, мейірімділікті билеушіге керекті ең асыл қасиеттер деп санайды. Бұл туралы зерттеуші ғалым Немат Келімбетов былай дейді: «Жүсіп Баласағұн ел басқарған патшадан бастап, аспазға дейінгі барлық хан сарайы қызметкерлерінің түр-сипаты, мінез- құлқы, ақыл-парасаты, міндеттері, жауапкершілігі қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын әнгімені әмірші – патшаның өзінен бастайды. Ел - жұртты басқаратын адам – ақыл - парасаты ұшан - теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, өнер мен білімге жетік, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын болуы шарт. Жүсіп Баласағұн ел басқаратын әміршіге, бекке мейлінше жоғары талаптар қояды, бүкіл елге билік жүргізетін адам ақыл-парасаты мол, білімі терең, өнер мен білімді жоғары бағалайтын, кішіпейіл, ақкөңіл, жомарт, қарапайым халықтың қамын ойлайтын, «көзі тоқ», «сөзі шоқ» «тілі майда» жан болуы тиіс. Сонда ғана мемлекет гүлденіп, қазынасы алтын-күміске толады, халқы бақытты болады деген пікірді айтады». Ғалым Асқар Егеубай «Дастанның басты мақсаты - бақытты қоғам, құтты ел түзу ғой. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап, мемлекет құру, ел басқару ісіне дейін баянды баяндайды, ғұлама ақын бірде өмір, тұрмыс заңдылығынан туған, бірде қиял оятқан утопиялық тебіреністерге батады, терең мағыналы пәлсапалық пайымдаулар түйеді. Баласағұн ірі саяси, мәдени кіндік шәһар. Орта ғасырлардағы тарихи керуен жолдарының оған соқпай өткені жоқ. «Құтты білікте» елші, жиһанкездердің, саудагерлердің, колөнершілердің мінез-

құлқы, олармен қарым-қатынас жасау реттері жеке-жеке арнайы тарауларға негіз болғандығы тегін емес» деген ой түйеді [3,12 б.]

Ақынның білімді қаншалықты жоғары бағалайтынын дастанның атынан аңғару қиын емес. Жүсіп Баласағұн өз шығармасын «Құтты білік» деп тегін қоймаса керек. Дастанда оқу-білім, ғылым мәселелеріне арналған арнайы тараулар бар. Сонымен бірге, ақын мемлекет, қоғам, ел басқарған әкімдер, хан, этика деген мәселелерге арналған тараулары да білімнің күш-құдіретін ардақтап ғалымдарды көкке көтере мақтайды.

Ақыл-шырақ, қара тілді ашатын,
Білім- жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл болса, асыл болар – болса ер,
Білім болса, бектік қылар қылса ер.
Ақыл кімде болса – болар асыл Ол,
Білім кімде болса - бек һәм басың ол.
Кісі ұланы қара жерге қол салды,
Көтерді бәрін, білімін ол қолданды

Ақын ғалымдарды мадақтай келе, олардың орны әрқашанда төрде болуы керек дейді. Ал, елді жоғары қызметке ие болып жүрген білімсіз, қараңғы, надан жандардың төрден алған орнының өзі босаға секілденіп қалатынын ескертеді:

Наданға төрден орын тисе, қор етеді,
Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді.

Дастанда мынадай ой-пікір бар: Патша ел-жұртын қылыштың күшімен қатал тәртіппен басқарып отырады, ал ғалымдар – қалың бұқараны ақыл-парасатымен басқару керек. Әрине, Жүсіп Баласағұн халыққа үстем таптың өкілі ретінде қарайды. Сондықтан ол қарапайым халықты қоралы қойға, ал білімді адамды – сол қойлардың соңына ерткен серкеге теңейді. Ақын дастанда өзі өмір сүрген дәуір талап еткенде бірқатар маңызды мәселелерге өзінше жауап беруге әрекет жасаған. Жүсіп Баласағұн өзінің дидактикалық сарында жазылған шығармасында мораль, этика, әдептілік, тәлім-тәрбие туралы өсиет-ғибрат сөздер айтады. Қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы, сөйлесуі, сыйласуы, әсіресе, тіл әдептілігі егжей-тегжейлі сөз болады. Ақын маскүнемдікті, жалқаулықты, әдепсіздікті, дөрекілікті, жылпостықты, жаман мінез-қылықтарды өлтіре сынайды.

Шығармада жақсылық пен жамандық, әдептілік пен дөрекілік, шындық пен өтірік, аңқаулық пен қулық өзара қарама-қарсы қойылған. Сол арқылы автор айтар пікірін тереңдете түседі.

Мәселен, ақын: ауырмаса – денсаулықтың қадірін білмейді, өлім болмаса – тірі кездің қадірін білмейді, қайғысыз адам – қуаныш сезімінің құдіретін толық сезе алмайды деген секілді бірқатар философиялық пікірлер қозғайды.

Н. Келімбетов: «Құтты білік» дастанында автор ерекше мән беріп, зор шабытпен жазылған аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады. Атап айтқанда, мұнда жастардың қарттарға, қариялардың жастарға, әкімдердің өз қол астындағы қызметшілеріне, жалшылардың өз қожаларына, балалардың өз әке-шешесіне, атананың өз перзенттеріне деген ізгі құрметі қандай болу керек деген сауалға жауап берілген [4, 17 б.].

Жүсіп Баласағұн әдептілікті жырлай келіп, солардың ізіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген қорытынды жасайды. Дастанның бір тарауы, дәлірек айтсақ, жетінші тарауы түгелдей осы мәселеге – тіл әдептілігіне, яғни мәнерлі, мәнді, сыпайы сөйлей білу өнеріне арналған. Автор оқушысын абайлап, ойланып - толғанып барып сөйлеуге, тілге сақ болуға шақырады. Қысқаша әрі мазмұнды сөйлей білу – әдептілік басы деген пікір айтады.

Ақын кісіні адамгершілік арнасынан шығарып, жұртқа әдепсіз, дөрекі, надан етіп көрсететін кейбір мінез-қылықтарға көркем сөзбен сипаттама береді. Мұндай жағымсыз мінездер мал-мүлікке тоймайтын аш көздік, сарандық, мейірімсіздік, ашушандық деп көрсетеді. Әке-шешеден тәрбие көрген, әдепті жандар қашанда нәпсісін тия білетін, жомарт, бауырмал, сабырлы, инабатты болып келетінін айтады [4,171 б.].

Сөйтіп, Жүсіп Хас-Хажыб Баласағұн қоғамдық-әлеуметтік көзқарасында кейбір қайшылықтары бола тұрса да өз дәуірі үшін прогрессивті роль атқарған бірқатар ағартушылық моральдық, этикалық принциптерді жырлап, оларды әлеуметтік мәселе ретінде көтере білген көрнекті қоғам қайраткері еді.

Ұлы ғұлама «Құтты білік» дастанында адам баласын адамгершілік пен ізгілікке, имандылыққа үндейді, рухани тазалыққа шақырады. Себебі ақыл мен парасаттың кемдігінен қоғамда әр түрлі өкінішті жағдайлар орын алады. Адам баласының бүкіл ғұмырының мәнділігі ақыл мен парасатқа байланысты. Сонымен қатар ол ел билеуші мемлекет қызметіндегі адам үшін ең басты кемшілік парақорлық екенін айтады. Парақорлық белең алған заманда елдің әл - ауқаты көтерілмейтінін, мемлекет қызметінің өз дәрежесінде болмайтынын айта отырып, ел билеуші шенеуніктер

халықты әділеттілікке, ізгілікке шақыруы үшін ел билеуші өзі пайдакүнөмдіктен, жемқорлықтан аулақ болуы керек екенін де баса айтады. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы ел басшысының келбеті туралы бұл терең пайымдаулардың бүгінгі тәуелсіз еліміздің алға ілгерілеуі мен әлемнің ең озық елдерінің қатарына жетуіміз үшін мәні зор. Біздің өркениеттік мақсатымыз өз ұлтының мәдениетін, тарихын, дінін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтармен ұштастыра білетін, ауызбірлігі мықты тұлға тәрбиелеу. Ұлтжанды тұлға тәрбиелей отырып, біздің алдымызда әлемнің ең озық елдерінің даму дәрежесімен терезе теңестіретін ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстайтын жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру міндеті тұр. «Құтты білік» дастаны жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың танымының қалыптасуына ықпал ететін, яғни қазақ халқының қоғамдағы өз орнын дұрыс табуы үшін зор рөл атқарады. Тәуелсіз ел ертеңі болашақ ұрпақтың рухын шыңдап, адамға құрмет пен сенім білдіру ізгіліктің ең жоғарғы көрінісі екенін «Құтты білік» дастанынан көре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Егеубаев А. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» // Қазақстан мектебі. №11. – 1993. – 42 б.
- 2 Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу білік» (ХІ ғ.) // Жұлдыз. № 3 1996. 65 б.
- 3 Әліпханов М. Құттың кілті – кісілік. –Түркістан: Мұра. 1997. – 132б.
- 4 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.– 205 б.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

ИСАКАНОВА К. И.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 8 орта мектебі, Ақсу қ.

Ақынның том-том жыр жинақтарын оқып отырғанда туған жер, табиғат, адам болмысы, өткен-кеткен өмір елестері, ата-ана тағдыры, достық, жолдастық, махаббат, арман-үміт, бейнет-зейнет – бәрі-бәрі маржандай тізіліп тұр. Қадырдың ана туралы жырлары да жүректі

тебіренеді. Анаңнан, өзіңнен басқа арқа сүйер ешкімнің жоқтығы айналаңа ой көзімен қарауға, әр нәрседен сақтануға батыл әрекеттер жасауға бағыттайды. Қадыр қазақтың барлық ұлы адамдары туралы өлең жазды. Шоқан, Ыбырай, Исатай, Махамбет, Біржан сал, Қажымұқан туралы жеке жырлары бар. Тіпті Әл-Фараби жөнінде де тереңнен толғап жазған. Абайға қайта-қайта оралуының да ар жағында ұлы жандардың рухани байлығын байқау қиын емес. Ол елді-жерді көп аралаған. «Өзбек өңірінде», «Қырғыз құшағында», «Тәжік топырағында», «Түркімен төрінде» атты циклдары жай ғана бір жолаушының көзқарасы, әсері емес, сол елдердің қадір-қасиетін, ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктерін халыққа таныту ниетінен туған. Қырғыз, тәжік, түркімен елдеріндегі таңғажайып елестер ақынның қаламы тигенде өзгеше бір көрініс, әсерге бөленеді. Ұлы адамдар арқылы ізгілік, қасиеттілік, адамзат өміріне әкелген жаңалық сияқты үлкен ұғымдар бізге көркем тіл, бейне арқылы жетіп тұр. Бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең күштісі, көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқаны – теңеу.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. «Теңеуде суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» [1,217]. Қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура оқырманның көз алдына әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға көркемдік шешім тауып тұрғандай. Қадыр Мырза Әли қазақ әдеби тілімізді келісті, тың теңеулермен толықтырды. Терең ойлар, телегей теңеулер ақынның дара стилінің бір қыры болып саналады.

Күмістей сынғырлаған,

Қуаныш арадағы.

Бұлақтай былдырлаған,

Бұрылмай барады ағып.

Аққудай хауыздағы

Жастығың дара көрік.

Әдемі ауыздағы,

Шырындай барады еріп... [2, 143 б.].

– деген өлең жолдарында қуанышты сынғырлаған күміске және қуаныштың сәттік қана болатынын, бұрылмай ағып бара жатқан

былдырлаған бұлаққа теңесе, адам өмірінің ең бір қызықты да нұрлы кезі жастықты хауыздағы аққуға, осындай әсем шақтың көз ілеспей өтіп кеткенін, ауызға салғанда тез еріп кеткенін шырынға тенең, қуаныш, жастық секілді дерексіз ұғымдардың сөзбен суретін салады.

Әсемдік, ғашықтық, сүйгеніне ынтызар болу ақын өлеңінде оқырманға ерекше әсер туғызып, жүрегін шымырлатады:

Менің сені аңсағаным

Шөлдің көлді аңсағанындай...

Менің сені аңсағаным

Зынданды нұрды аңсағандай...

Менің сені аңсағаным

Бөрінің жоқты аңсағанындай...

Қысқасы, болып тұр ғой,

Өмірде жоқты аңсағанымдай! [2,105 б.].

Өлеңдегі ерекшелік – ақынның аңсау сезімін өмірдегі нақ мақсатты дүниелермен беруі. Шөлді адамның көлге асығуын, тар қапастағы адамның күнге ұмтылғанындай, өмірде жоқ нәрсені аңсауымен тең қоя отырып, салыстырады.

Қадыр Мырза Әлидің теңеулерді қолдану ерекшелігіне жеңіл қарағанның өзінде, оның өзгеше ізденісі, жаңашылдығы ерекше сезіледі. Ол осы әрекетімен-ақ жаңашыл ақын. Ақынның теңеулерді қолдануы – нағыз халық тұрмысына ден қойғандық, қайнаған өмірдің өзі, оның бүгінгісі, кешегі өткені, бізді қоршаған бүкіл әлем, әр түрлі құбылыстар – бәрі-бәрі қаламгерді тартып тұрғандай... [4, 115 б.].

Оның өмір жайлы көріністерге толы жыр жолдарында теңеулер түрленіп, құбылып жүре береді. Ол алдымен теңеулерді ұлттық эстетикалық талғам және ұлттық колорит түсініктермен байытып, айрықша суреттер салу үшін қолданып отырғандай сезіледі. Мысалы:

Асау толқын қоймас сені ыршытпай

Адам болсаң,

Қабағыңды тұр шытпай!

Ирімге түссен, кеттің зырқырап,

Әжеміздің қолындағы *ұршықтай*...

немесе

Кей кездері бәрі жарқын шуақты,

Көк жайлауда жыры қандай тұяқтың!

Бұл дүние – дүние емес ондайда,

Ақ әжемнің *омырауы сияқты!* [5, 31]

Міне, бұлар әжесін анық жақсы көретін перзенттің ойы, пікірі. Ақынның шын сөзі, таза пікірі. Мұнда ұршық иіру, ақ орамал, ақ кимешек кию сияқты қазақ халқының әдет-ғұрпы, этнографиясы, этикасы мен психологиясы айқын көріні тұр. Қадыр Мырза Әлидің мына бір шумақтарына назар аударсақ:

Қонақ кетіп біз қалдық,
Көшкен елдің *жұртындай...* [6, 47 б.]
Қалжың біздің болса да,
Қалжың емес сүреңсіз.
Түндер құсап, мен саған
Қарғып мінем жүгенсіз... [6, 71 б.].

Суреткер туындыларында көркемдегіш құрал, амал-тәсілдерді қолданудың өзіндік ерекшелігі көз тартады. Қадыр Мырза Әли өз ойын барынша көрнекті, мәнерлі түрде беру жағын көздейді, сол үшін де ол шығармаларында көркемдіктің тамырына терең бойлап, оның неше түрлі амалдарын қолданған. Өзінің лирикалық шығармаларында теңеуді барынша жетік қолданып, ойын суретті сөздермен жеткізіп бере алады.

Қырық екінші жылды басқа жазбасын!
Ұмытты ғой онда әркім өз басын.
Кәрі әжеміз құйып жатып, көжеге
Сірке судай тамызатын көз жасын.
Көзбен аттық ондайларды жаратпай,
Көңіл аппақ болатын *ақ парақтай*.
Қастерледік жауынгердің төсегін,
Жайнамазын қастерлеген *арабтай...* [7, 139 б.].

Халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі теңеулер арқылы ашылған. Тап осы жерде Мәншүктің ерлігін ашу тәсілі мына өлең

жолдарынан байқалады:

Қыз емес, қызыл от боп жаратылып,
Жауыңа *жолбарыстай* көр атылып!...
...Қазақтың төпеп айтар *термесіндеі*
Лекіте жөнелгенде пулеметті! [5, 18 б.].

Демек, ақын теңеуді әрбір өлең шумағындағы ойды күшейту үшін, идеяны арттыру үшін, көріністі көркейту үшін жұмсайды.

Қадыр Мырза Әлиде қазақ психологиясын түсіну бар, қазақ үшін жазғаны байқалып, оқырманды өзіне тартып, елжіретіп тұрады. Осы пікірдің растығын, мысалы Балқаш қаласының тазалығын, жинақылығын суреттеген мына өлеңнен көруге болады:

Сұлуырақ бүгін кешесінен,
Сүреді өмір болашақ есесінен,
Болмесіндеі қыздардың жып-жинақы,
Шашау нәрсе таппайсың көшесінен... [6, 67 б.].

Қадыр Мырза Әли лирикасындағы келісті терең теңеулердің молдығы соған ап-айқын дәлел бола алады. Ақын өз лирикасында сөзбен сурет салуда теңеуді талғампаздықпен пайдаланып, сөзді құбылтып, түрлендіріп, эмоционалды-экспрессивтік бояуын күшейтіп отырған:

Қайда жүрсем далама, асығамын тасып қан,
Ботасындай інгеннің бауырына асыққан... [3, 34 б.].

«Кетпен» деген өлеңінде қарапайым еңбек құралы кетпенге поэтикалық ой түсіріп, керемет сурет салады:

Күн болып қақта мейлі, пісір мейлі,
Сен барда диқан бабам кішірмейді.
Ол сені ең сүйікті *кенжесіндеі*,
Күні бойы иығынан түсірмейді... [5, 107 б.].

Біртұтас поэзиясын бағалағанда, ақынның теңеулерді шығармашылық ізденіс үстінде қолдануға деген машығы, пафос туғызушы тәсілі деуге болады.

Ақын біраз өлеңдерінде теңеулерді адам психологиясының ішкі сырларын беру үшін, антонимдердің көл-көсір қарама-қарсы мәні арқылы бергенді жөн көретіндей:

Жақсылықты көргенде жарқылдаймын,
Сұлулардың саф алтын *сыргасындай!*
Жамандықты көргенде жүзім суып,
Музейдегі қылыштай түнеремін!... [7, 158 б.].

Уақытты дұрыс үнемдеп, қадірлеу жайында ол теңеулерді былай қолданады:

...Ал, сағат деген тағатсыз,
Маған ол қымбат қарудай.
Абдырап болам сағатсыз,
Айнасыз қалған *арудай...* [5, 52 б.].

Бұл жерде де ақын әрі салыстырмалы, әрі антонимдік ыңғайда қолданып, өлеңге салмақты ой берген. Ақын және бір өлеңінде өткір, әсерлі теңеу арқылы Отанды сүю дейтін қастерлі сезімді дәл береді:

Кейде кіршен көңілді күйе басса,
Сенің ауаң Туған жер, тазартады.
Ұл көтерген әкедей парад күнгі,

Сен ғой биік көтеріп тұрған мені!... [3, 76 б.].

Басқа көркемдеу құралдарындай, теңеудің де құны ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданылуында жатады. Суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байқатпақ, бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан қырын тануға болады.

Қадыр Мырза Әлидің теңеулері кейде юморлық түрде құбыла түсіп, өз сипатын тереңдете, адамның психологиясын жеріне жеткізе суреттеуге әсер ететіндей:

Бүгін міне
Жырлап келем көшеде,
Шайқалады кеудемдегі шаттығым
Мас адамның қолындағы *кеседей!*

Қадыр Мырза Әли теңеулері өзгеше, ол ізденгіш, талапшыл ақын, басқаларға ұқсамайды, оларды қайталап жатпайды. Теңеуін өзі арқасына теңдеп алған алыптай, ерекше бір құдіретті күшпен жаңадан қайталай түседі. Лириканың қай түрінде болмасын теңеулер өте талғампаздықпен, әдемі де әсерлі қолданады:

Серкелер жиында
Сөйлейді тайынбай.
Кісілер *қоржындай*,
Белбеулер *айылдай*.
Құлақтар *қалқандай*,
Күрек тісі *кетпендей*.
Барлығын талқандап,
Батырлар өткендей. [9, 8 б.].

«Ой жайлау» өлеңінде:

Баянның *сыргасындай*
Бар күннің құрбылары.
Даланың *журнасындай*
Дәу мүйіз бұғылар. [9, 89 б.].

«Каналдар» өлеңінде:

Түйенің семіз *қомындай*
Қанғанда суға тақырың...
Байлықтың ұзын *қолындай*
Каналдар жүз мың шақырым [3, 335 б.].

Шумақтарындағы ой-пікір, идея, эстетикалық әрекет, керемет поэтика – барлығы теңеу арқылы шешілген. Осы теңеулердің

барлығы да бұрын қазақ поэзиясының тәжірибесінде кездеспеген және пейзаж жасауда қолданылып тұр. Осыдан ақынның жаңа теңеу тауып, поэзияға өзіндік өрнек әкелгені аңғарылады. Юморлық көріністерді, жұмсақ сатираны ақын теңеу арқылы жеңіл береді:

Бозбаланың көрген жерде кетті есі,
Бойжеткенді екі көзі танадай,
Байпаңдаған жеңгелердің бөксесі,
Ырғалады шөп тиеген шанадай... [3, 203 б.].

Мұндағы теңеулер юморды ғана емес, күнделікті өмірді нақты суреттеп тұр. Теңеу ақында күшейіп, өткірленіп, құлпыры кеткен.

Ақынның басты міндеті, өлең жазудағы көздеген мақсаты – өзіндік сезімді жеткізе отырып, оқырман қауымды елітіп, шын сендіре білу. «Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы көрікті көрінер алтын көмбе – шынайылық пен танымдық үрдіс ақын шығармаларынан көрініс тапқан» [9, 77 б.]. Ақын шығармашылығы өз мақсатына дөп жете білген өресі биік туындылар, Қадыр Мырза Әли суреткерлігінің сан алуан сыры мен қыры оқырманын қызықтыра түседі. Жалпы ақын теңеулерді қолданғанда, адам, қаһарман психологиясын жайып салады, сырын ашады, терең лиризм жасайды. Сол үшін өлеңдері салған сурет сияқты әсер етеді. Әр өлеңінің композициясын осы теңеулер жасап тұрғандай. Басқаша айтқанда, Қадыр Мырза Әли қандайда бір ойлап табылған теңеулер галлериясында өлең жасайтындай. Осы негізде, әлемнің кез-келген ақындарымен қатар тұра алатын, энциклопедиялық білім иесі Қадырдай қаламгердің теңеуді қолданудағы теңдесі жоқ шеберлігі, теңеулерінің тілдік-стильдік табиғаты – ақынның өзіндік дара стилінің бір бейнесі екендігін айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, – Санат, 2002.
- 2 Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы жинағы, 1-том. – Атамұра, 2005.
- 3 Қадыр Мырза Әли. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1, 2, 3. Алматы, 1989.
- 4 Аяпбергенұлы Р. «Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы теңеулердің ерекшеліктері», «Қазақ тілі мен әдебиеті» №7, 2005.
- 5 Қадыр Мырза Әли. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1, 2. Алматы, 1995.
- 6 Қадыр Мырза Әли. «Қызыл кітап». Алматы. 1983.
- 7 Қадыр Мырза Әли. Сөз сиқыры. Алматы. 1982.

8 Қадыр Мырза Әли. Тандамалы туындыларының көп томдығы. Алматы: Қазығұрт, 2001. 8-ші том: Қылыш пен қанжар.

9 Нұрғалиев Р. Арқау. Алматы. Жазушы, 1997.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ИСМАИЛОВА Б. А.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 12 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Басқа қоғамдық ғылымдар сияқты казак әдебиеттану тарихы ғылым мен бағалаудың жеке саласы ретінде қалыптасу проблемалары аспектісіндегі зерттеулер дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі артықшылықтар мен кемшіліктер. Біз оны дамытпайтынымыз белгілі ғылымдардың ешқайсысы жоқ. Осыған байланысты ұлттық бірегейліктің негізгі кезеңдерін зерттеу қажет әдебиеттану, яғни қалыптасу мен дамудың бастауларын зерттеу, қарастыру ғылыми тұрғыдан шығармашылық және әдістемелік мәселелер. Ғылым ретінде әдебиет өзінің терминдерімен, теориясымен және әдістемесімен, жиынтық ретінде бірден өсті әдеби өзгерістерді білудің белгілі бір білімі мен құралдары.

Қазак әдебиеттануының даму жолдарын бірнеше негіздер бойынша зерттеу қоғамдық сананың оянуына, түпнұсқаның пайда болуына байланысты кезеңдер ғылыми және теориялық ой, көркем әдебиет ұғымдарын қалыптастыру, жинақтар әдістемелік тұрғыдан толық қалыптасқан әдеби мұра. оның практикалық және теориялық маңызы бар. Бұл туралы бірінші болып британдық ғалым айтты Е. Исмаилов: «егер сіз казак әдебиеттану тарихымен таныссаңыз, мүмкін оның екі негізгі кезеңнен өткенін ескеріңіз. Біріншісі-оқыту, идеяларды игеру шығармашылық принциптері. Ол революцияның басынан соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды

Екіншісі-соғыстан кейінгі кезең, ол қалыптасу және даму кезеңі «[1, 35 б.]. Ол бөліседі казак әдебиеттану тарихы екі негізгі кезеңге бөлінеді, бұл ретте алғаш рет пайда болуына уақыт талабы ықпал етті-оқу орындарында оқу казак тілі мен әдебиеті оқу орындарында осыған байланысты алғашқы оқулықтар пайда болды оқулықтар. Профессор Т. Кәкішев абстиненция кезеңдеріне бөлінген кезде, казак әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымын қалыптастыру, казак әдебиеттануын үш томдықта дамытады, толықтырады және қарайды

үлкен кезеңдерде. «Қазак әдебиетінің сын және ғылым тарихында біз анық байқаймыз үш кезең. Бірінші кезең-казак әдебиеті сынының пайда болу кезеңі. Геймплей оның пайда болуы Қазан төңкерісіне дейін созылды. Екінші кезең-сынның қалыптасуы

Қазак әдебиеті, әдебиеттану ғылымының жанры және пайда болуы ретінде. Геймплей 1917–1937 жылдарды қамтиды. Үшінші кезең-казак әдебиеті сынының даму кезеңі және әдебиеттану ғылымының қалыптасуы. Сын тарихының осы үш кезеңі ұрпаққа пропорционалды емес көзқараспен қарайды, казак әдебиеттану ғылымын қалыптастыру. Жәнеескертулерәдебиет әдебиет тарихы мен әдеби-теориялық мәселелер туралы өз пікірін білдіреді. Бұған ғылымның қалыптасуын зерттеушінің сөздері дәлел бола алады орыс әдебиеттану. П. А. Николаева: «жүйелі тарихи зерттеу әрекеті әдебиет туралы білімге шолу бастапқыда сын материалында жүргізілді « [3, 7 б.].

Ғалымдар Е. Исмаилов пен Т. Кәкішев казак ғылымы әдебиетте ол Қазан төңкерісінен бастау алады. Себептердің негізгісі,әдебиет тарихы мен казак фольклорын зерттеу саласындағы негізгі еңбектер оқулықтардағы, алғашқы монографиялық зерттеулердегі, 20-30 жылдардағы ғылыми мақалалардағы көріністер.жыл. Өздеріңіз білетіндей, әдебиет туралы ғылымның пайда болуы үшін бірінші кезекте әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеу және сыни-эстетикалық көзқарастар мен ойларды қалыптастыру. Бұл ұзақ уақытқа созылатын күрделі процесс белгілі бір уақыт кезеңі. Алғашқы ойлар мен түсініктемелер, белгілі бір жұмыс немесе шығармашылық туралы сыни көзқарастарды жеткізу әдебиетті растайтын көзқарастар мен ғылыми терминдерге айналды бұл өнер түрлерінің бірі.

Қазакстандық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер қатарында шоқтығы биік болып әрқашан мемлекеттік тілді меңгерту мәселесі тұрады. Оған мынадай бірнеше себеп бар: біріншіден,еліміз тәуелсіздігін алды.

Қазакстанның тәуелсіздігі деген сөз – ең әуелі казак ұлтының тәуелсіздігі,тілінің тәуелсіздігі екені айғақ.Ел тағдыры-тіл тағдыры,барлық тағдырмен үндес.Тіл қатып қалған құбылыс емес,ол жанды организм.Ол өмір бойы дамып,жаңғырып,жаңалаумен болатын,оның грамматикалық құрылымы,сөз байлығы,дыбыстық жүйесі,мағына-мазмұны,атқаратын қызметі,емлесі,әдеби нормасы,стилі жетіліп,дамып отыратын өте күрделі құбылыс. Қоғам болған жерде тіл бар: екіншіден,тіл – адам қатынысының аса маңызды құралы.Тіл адамзат баласының рухани күш-

куаты, елдігіміздің тілегі де тірегі, сол себепті де оны қазақ халқы ғана емес, елімізді мекендеген өзге ұлт өкілдерінің де құрметтер үйренуі мемлекеттік тұрғыда дұрыс жоға қойылуы тиіс: үшіншіден, жас ұрпақты жаңа заманның талаптарына сай тәрбиелеу-ана тілінің ғасырлар бойы жиналған байлығын игеруге, сол арқылы ұлттық сезімдерін оятып, ұлт патриоттарын тәрбиелеу, жаһандау кезеңінде Қазақстанның мемлекет ретінде сақталып қалуының бір негізі тілді сақтау екенін үйрету қажеттігі басым міндетке айналып отыр. Міне, осы аталған себептердің салдары өз нәтижесін беру үшін қазақ тілі мен әдебиет пәнін тиімді жолмен оқыту керек.

Жаңа 12-жылдық білімге көшудің білім мазмұны еліміздің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени жағдайын нығайтуға, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясын кеңейтуге қабілетті азамат тәрбиелеуге құрылуы тиіс. Білім жүйесінің бұл жаңа моделінің басты ұстанымы – оқыту үрдісін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып, оқушыларға көп деңгейлі білім беруді ұйымдастыру. Тіл үйрену сол тілдің сөздік құрамындағы барлық лексиканы түгелдей білумен өлшенбейді, бір оқу жылында тілдің сөздік қордан сөйлеу үшін қажетті лексикалық минимумды сұрыптап таңдап ала білуі керек,

Лексикалық материалдарды оқыту барысында қойылатын талаптар:

1 Сөздік минимумды іріктеп алып, лексикалық қорды үнемі жетілдіріп отыру.

2 Лексикалық единицалармен нақтылы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру.

3 Сөздердің бір-бірімен байланысу амалы мен лексикалық единицаларды іс жүзінде қолдана білу заңдылығын үздіксіз үйретіп отыру.

4 Лексикалық единицаны тіркестін, контекстің, текстің құрамында жұмсауға көңіл бөлу.

5 Ойды тиянақты, аяқталған сөйлемдер арқылы жеткізуге үйрету. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне мән беру.

6 Ауызша және жазбаша жаттығуларды түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, орындату және оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту.

7 Лексикалық материалға қатысты бақылау өлшемдерін жиі-жиі өткізу.

Лексикалық материалға оқыту тек лексикалық единицаларды жақсы білуімен шектелмейді. Басқа ұлт өкілдерін қазақ тілінде

сөйлеуге үйрету үшін сөздік қордың жиынтығын ғана емес, ондағы сөздердің қолданылу ерекшелігі мен ережесін де қатар үйрету қажет. Мұның өзі сөздердің тілдік қарым-қатынаста қолдану үшін грамматикалық ережелермен бірге лексикалық ережелердің де айрықша маңызды орын алатындығын аңғартады. Сөз тіркесін айту, ойды сөйлем арқылы жеткізу тек грамматикалық заңдылықтар ғана қатысты емес, лексикалық заңдылықтармен тікілей байланыста. Сондықтан тіл үйрену үшін оларды лексикалық ереже, грамматикалық заңдылық деп бөліп қарамай, біртұтас пайдаланып, бірге оқытқанда тиісті нәтижеге жетуге болады деп ойлаймын.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық – құрылымдық сипаттарын ажырата білу және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құдіретін дәйектеу алу дағдыларын меңгерту – қазіргі бағдарламада қарастырылады. Әдебиетті оқып үйрену арқылы оқушылар әлеуметтік өмірге бейімделіп, қоршаған орта, замана келбетін түсінуге қажетті білім-білік дағдыларымен қаруланады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін тиімді оқыту жолдары мынадай бағыттарға негізделсе, оқушының іскерлік қатынасы артады және білім сапасының халықаралық деңгейлерге көтерілуін реттейтін болады.

1 Қазақ әдебиетінің классикалық көркем туындыларын өз халқының төл мәдениеті ретінде меңгерге алу;

2 Алған білімдерін әлеуметтік мәні бар мәселелер мен әр түрлі жағдаяттарда пайдалана алу;

3 Көркем әдебиетті оқудың негізгі түрлерін ажырата алу;

4 Көркем шығарманың негізгі мазмұнын, тақырыптық мәнін рухани қажеттілік пен төзімділік сияқты нысандарда отырып, көркем мәдени құндылықтар жөнінде пікір алмаса алу;

5 Көркем шығарма кейіпкері жайлы бір мақсатты көздей отырып қойылған сұраққа жауап беруде өзіндік көзқарасы білдіре алу;

6 Көркем шығарма кейіпкерлерінің әрқайсының жекелік және жалпылық сипаттарын анықтай отырып, бас кейіпкер бейнесін аша білу және оқиға мен кейіпкерлер арасындағы байланысты қоршаған орта, әлеуметтік жағдаяттарда тани білу.

Әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеу және сыни-эстетикалық көзқарастар мен ғылыми көзқарастарды қалыптастырудағы басым рөл терминдер ғылыми мұралар жинағының рөлін атқарады, оларды

жариялау және түсіну. Поэтикалық шығармашылық туралы әр халықтың әдебиет ғылымының пайда болуы, қалыптасуы, жауап іздеу қажеттілігі келесі мәселелер бойынша: әдеби-теориялық және ғылыми-зерттеу көзқарастары, оларды жүйелеу, ғылыми қалыптастырудың басталуы терминдер, бұл процесс қоғамдық санада қалай көрініс тапты, олар қалай айтылды. Әлеуметтік-әлеуметтік алғышарттар. Осы тұрғыдан қарастыра отырып, қажетті нақтылауды енгізу қажет Қазақстан ғылымының тарихын кезеңге бөлу туралы ғалымдардың жоғарыда айтылған пікірлері әдебиеттану. Біздің ойымызша, ұлттық әдебиет туралы айту дұрысырақсоңғы сөз бойынша жүйелеу. Бірінші кезең-ғылымның тарихи бастапқы көздері қазақ әдебиетінде, сондай-ақ ғылым тарихында. Ол ежелгі әдебиетті қамтиды және ол XX ғасырдың басында аяқталады. Екінші кезең-қазақ ғылымының қалыптасуы әдебиет. Ол 1900 жылдан басталып, 1940 жылы аяқталады. Үшінші кезең қалыптастыру. Ол 1941–1970 жылдар аралығын қамтиды. Егер қандай да бір ғылым пайда болса, бірден қалыптаспайды, содан кейін ғылым алғашқы пікірлерден, түсіндірмелерден, тарихи мәліметтерден, ақпараттан басталатын әдебиеттер халықтың тарихы, туылу мен қалыптасу процесіне дейінгі жұмыстың мазмұны қалыптасу ұзақ жолдан өтті. Ғалым А. С. Курилов бұл туралы жазады келесі: «сол кезде әдебиет ғылымы қашан және қалай пайда болды және қалыптасты деген сұрақ. немесе басқа елге өте ұқсас. Бұл ұлттың тарихи далектері туралы мәселе әдебиеттану, оның өзіндік шығу тегі мен қайнар көздері. Бұл уақыт мәселесі және оның аймақтық және Дүниежүзілік әдебиеттану прогресіне енуі тән. Бұл бұл белгілі бір білім мен идеялар шеңберінен көшудің қасиеттері туралы сұрақ әр халыққа тән әдебиетте, әдебиет ғылымында, деректер болған кезде

Қазақ әдебиеттану тарихын зерттеу үшін теоремалар қолданылады басқа қоғамдарды зерттеуде қолданылатын әдістемелік бағыттар ғылымдар. Олардың зерттеу нысандары, әдістері мен тәсілдері әртүрлі болғанына қарамастан бір қоғамның белгілі бір кезеңдерін ғылыми тұрғыдан қарастыру мүмкін сәйкес келеді. Анықтамалық суреті бар киім орыстардың соңғы әрекеттерін ескереді тарих туралы ең жаңа марксистік-лениндік теорияларды қайта қарау бойынша әдебиеттанушылар әдебиет.

Қазақ әдебиеттануының қалыптасуын зерделеу кезінде мыналарды басшылыққа алуға болады. Р. Бердібаев, А. Нарымбетов, М. Мырзахметов, Д. Скакун және басқа да ғалымдардың

еңбектерімен, М. Сыздықова, онда әдебиет тарихы туралы және оның негізінде маңызды ақпарат беріледі белгілі бір мәселелер бойынша бағалауды қайта қарау. Зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымын зерттеушілердің міндеттері. Ұлттық ғылыми-зерттеу ойының алғашқы оянуы, оның қазақ тілінің пайда болу және қалыптасу кезеңін анықтау әдебиет, әйтпесе ғылымның тарихи жолын зерттеп, бағалауды көзқарас тұрғысынан анықтау қажет бүгінгі көзқарастар. Қырымда тәуелсіздікке байланысты ұлттық әдебиет ғылымының тарихын қайта қарастырады. Ол үшін зерттеу керек негізгі өзекті мәселелер: ұлттық сыни-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи ойдың бастауларын анықтау; нақтылау әдеби мұраны игерудің алғашқы әрекеттері әлемдік әдебиеттанудың әдіснамалық бағыттары мен теорияларын қолдану; әдеби мұраны зерделеу мысалында қазақ тілінің қалыптасуын көрсету фольклористика; әдебиеттің ғылыми тарихын құруды іздеуді талдау және бөлу кезеңдер; әдебиет теориясы саласындағы негізгі ұлттық танымдық сипаттамаларды анықтау; дұрыс емес теориялар мен көзқарастарды ашу, ұлттық ғылыми-зерттеу ойының негіздерін; жаңа тәсілмен бағалау марксистік-лениндік әдіснамалардың пайда болуы мен дамуы туралы артықшылықтары мен кемшіліктері қазақ әдебиеттану; ғылыми еңбектерден алынған еңбектердің мәнін анықтау қорғаныс және іздеу ұлттық әдебиеттануды қорғауға бағытталған. Бұл проблемалар әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан қарастырылады. Бойынша осы себепті қазақ әдебиеттану тарихы әртүрлі кезеңдерге бөлінеді және анықталған кезеңдердің сипаттамалары бірыңғай жүйеде қарастырылады. Қосымша ұлттық ғылыми-зерттеу ойының пайда болу ерекшеліктерін есепке алу, біз нуклеацияның, қалыптасудың неғұрлым дұрыс негізделген кезеңділігін ұсынамыз ұлттық әдебиеттану; қазақ ғылымының бастауларын жүйелеу әдебиет; XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының әрекеттерін талдау әдеби мұра ескерткіші. Бұл өзекті мәселелердің бірі әдебиет саласындағы іргелі зерттеулерді талап ететін қазақ әдебиеттану.

Қорыта айтқанда, оқушының алған білімі мен дағдылары тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір теориялық әрі практикалық жаңалықтарды шешуде қолдана алу қабілеттілігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әдеби мұра және оның зерттеулері. – Алма-ма: ғылым, 1961.

- 2 Әринова Б.А., «Бөбек» ҰҒПБСО, зертхана меңгерушісі, п.г.к.
 3 Дәндібаева К.Ж., Алматы педагогикалық колледжі.
 4 Кәкішева Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А.: Санат, 1994
 5 ХХІ ғасыр қазақ мектебі даму болашағы атты республикалық ғылыми практикалық конференция материалы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

КАЛИЕВА А. А.

қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, № 8 орта мектебі, Ақсу қ.

ХХІ ғасырдың лингвистикасы тілді тек қарым-қатынас пен таным құралы емес, ұлттың мәдени коды ретінде қарастыратын бағытты белсенді түрде дамытады. Лингвомәдениеттану – бұл тіл білімі мен мәдениеттанудың тоғысында пайда болған және тілде көрініс тапқан және бекітілген халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым [1; 9]. Бұл лингвистика мен мәдениеттанудың уақытша одағы емес, оның мақсаттары, міндеттері, әдістері мен зерттеу объектісі бойынша тәуелсіз ғылымның пәнаралық саласы.

Лингвомәдениеттанудың дамуындағы екі кезенді ажырату әдетке айналған: бірінші кезең-ғылымның дамуының алғышарттары – В. Гумбольдт, А. А. Потебни, Э. Сепир және т. б. еңбектері болса және екінші кезеңде -лингвомәдениеттанудың тәуелсіз зерттеу саласы ретінде ресімделуі. Ғылымның даму динамикасы тағы бір кезенді болжауға мүмкіндік береді. Үшінші кезең – іргелі пәнаралық ғылымның пайда болуы – лингвомәдениеттану. Лингвомәдениеттануда бүгінгі күнге дейін бірнеше бағыт қалыптасты.

1 Белгілі бір әлеуметтік топтың, этностың лингвомәдениеттануы мәдени тұрғыдан қандай да бір жарқын кезеңде, яғни белгілі бір лингвомәдени жағдайды зерттеу.

2 Диахрондық лингвомәдениеттану, яғни белгілі бір уақыт кезеңіндегі этностың лингвомәдени жағдайының өзгеруін зерттеу.

3 Әр түрлі, бірақ өзара байланысты этностардың лингвомәдени көріністерін зерттейтін салыстырмалы лингвомәдениеттану.

Лингвомәдениеттану тірі ұлттық тілге енген және тілдік процестерде көрінетін материалдық және рухани мәдениетті зерттейді.

Лингвомәдениеттану ғылым ретінде Америкада және Ресейде, жақында Қазақстанда да зерттеле бастады. Лингвомәдениеттану пән ретінде енді ғана қалыптаса бастағанына қарамастан, лингвомәдениеттану пәніне Ш. Уәлиханов, А. Марғұлан, Қ. Жұбановтан бастап қазақ ғалымдарының еңбектері және келесі ғалымдардың этнолингвистикалық сипаттағы еңбектері жатады: С. Кеңесбаев, А. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, ж. Манкеев, А. Жылқыбаев, К. Рысбергенова, Р. Шойбеков және т. б.

Профессор Қ. Жұбанов сонау алыс заманда халыққа мәдени-тұқым қуалайтын құндылықтар тілдік мұра ретінде әр түрлі дәуірдегі этнос өкілдеріне берілетінін айтқан. Ол сол жылдары тіл мен мәдениетті біріктіретін ғылымның жаңа саласы келеді деп ойлады. Соңғы жылдары көптеген ғылыми еңбектер этнолингвистикалық бағытта жарияланғанымен, кейбір фактілерді талдауда біз лингвомәдениетті зерттеудің алғашқы алғышарттарын көреміз. Сонымен қатар, лингвомәдениеттануға арналған зерттеулер бар. Мысалы, Ш.М.Елемесова, Г. Ж. Снасапова, А. Алдашева, Г. Смағұлованың еңбектері тек лингвомәдени аспектіде қарастырылады.

Академик А. Қайдардың пікірінше, «Біздің тіліміздің бай қоры-ұлттық мәнін білуге мүмкіндік беретін тілдік этникалық фактілердің қазынасы». Ол этнолингвистика – бұл этностың (қауымдастық, Халық, Ұлт) мәні арқылы туатын тілді зерттейтін, тарихи жадында сақталатын, ғасырдан ғасырға қалыптасатын, қалыптасатын және рухани-мәдени мұра ретінде әкеден ұлға, ұлтқа берілетін ғылымның күрделі және қызықты саласы деп есептеді. [3]. А. Қайдар негізін қалаған Қазақ этнолингвистикалық мектебі негізінен тіліміздің фразеологизмдерінің этнолингвистикалық астарын ашу бағытын негіздейді.

Ж. Манкееваның этнолингвистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулері лингвомәдениеттанудың заманауи зерттеулерімен ұштастырылған. Бұл еңбек қазақ тілінің мәдени лексикасын зерделеу тереңдігімен ерекшеленеді. Қазақ мәдениетімен, этнографиясымен тікелей байланысты тілдік белгілердің ішкі нысанын ашу ұлттық нақышты жаңғыртуды, тілде көрініс табатын объективті әлемді сипаттауды мақсат етеді [5]. Ғылымның қазіргі дамуындағы ерекшелікті пәнаралық, салааралық ғылыми бағыттардың қарқынды дамуы деп атауға болады. Тіл-көп қырлы құбылыс, сондықтан оны әртүрлі ғылымдар әртүрлі аспектілерден қарастырған дұрыс.

Лингвомәдениеттану ғылымның жеке саласы ретінде «лингвомәдениет», «мәдениет тілі», «мәдени мәтін», «мәдениет контексті», «субмәдениет», «лингвомәдени парадигма», «мәдениеттің прецеденттік атаулары», «мәдениеттің негізгі ұғымдары», «мәдени әмбебаптар», «мәдени дағдылар «сияқты ұғымдардың пайда болуына ықпал етті», «Мәдени мұра», «мәдени дәстүрлер», «мәдениет процесі», «мәдени нормалар» және т. б.. сияқты белгілі бір ұжымдық жұмыстар үшін мәдени ақпаратты жеткізетін негізгі тілдік бірліктер болып табылады. Сонымен қатар, «діл», «салт», «гурып», «мәдениет саласы», «мәдениет түрі», «өркениет» және т. б. мен терминдер ұғымдық ақпаратқа енеді.

Тілдің ішкі құрылымын, оның дүниетанымдық мәнін ашу үшін тіл білімі ғылымымен байланысты зерттеулерді зерттеу аз. Тілді психологиялық, логикалық, Әлеуметтік және ұлттық өзін-өзі тану тұрғысынан зерттеу керек.

Бүгін ұлттық сана-сезімнің, осы тілде сөйлейтін халықтың тілінің қалыптасуымен бірге тілді ажырамас үйренуді талап ететін тілді этнологиялық зерттеу мәселесі бірінші орынға шықты. Қазіргі уақытта тіл мен мәдениетті зерттеуге байланысты көптеген зерттеу жұмыстары ұлттық сананың, ұлттық рухтың көрінісіне негізделген. Біздің тіліміздегі бата - тілектер-бұл қазақ халқының ұлттық портретін айқындайтын, халықтың өмірінен, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан және мәдениетінен көлемді ақпарат беретін сенімді фактілер.

Қазақ халқының игі сөздері – адам өмірінің аса маңызды сәттерінде айтылатын ауызша-поэтикалық шығармашылықтың бір түрі. Бата (Ақ бата- «қасиетті бата», «ақ» сөзі ақ деп аударылады және «қасиетті» ұғымын білдіреді) – бұл жақсы ниеттер мен тілектерді ұлттық білдіру тәсілі. Халық батадан рухани күш алады, бата жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Сондықтан қазақтар ежелден белгілі және құрметті ақсақалдардың, батырлардың, билердің, шешендердің (шешен-острословов), ақындардың баталарын алуға тырысқан.

Қазіргі уақытта батаның пайда болу тарихы әлі зерттелмеген. Ұзақ уақыт бойы біздің халқымызда сөздің құтты күшіне деген мызғымас сенімді өмір сүрді. Осы сенімнен «бата алу» рәсімі – бата дүниеге келді. Дәстүр бойынша, батаны өмірдің қайғы-қасіреті мен тәттілерін білетін ақсақалдар, құрметті ақсақалдар, эдиптер, атақты адамдар, адалдығымен танымал би, шебер шеберлер берді. Қазақ халқы бата беретін адамға ерекше мән берді, сондықтан бата

берудің белгілі бір ережелері болды: егер халық арасында (қонақтар арасында) ақсақал болмаса, онда халықтың рұқсатымен батаны көшбасшылық қасиеттерін көрсететін жас жігіт бере алады, ол болашақта халықтың тірегі болады деп күтілуде. Адамдар арасында кем дегенде бір ер адам болған кезде, әйелдер бата бермеген.

Қазіргі қазақ лингвистикасында «Тіл және мәдениет» проблемасымен байланысты көптеген зерттеу жұмыстары ұлттық өзіндік сана-сезімді, тілдің ұлттық рухын көрсетуге, ашуға негізделген. Ал біздің тіліміздегі тілектер – бұл қазақ халқының өмірі, салт-дәстүрлері туралы көлемді ақпарат беретін, ұлттық мәнін толық көлемде ашатын фактілердің бірі. Тілдік-мәдени аспектідегі тілдік тұжырымдаманы талдау, олардың тілдік, ұлттық, танымдық мәнін ашуға тырысу – бұл ғылыми мақаланың өзектілігін арттыратын тағы бір фактор.

Жақында көптеген зерттеулерге негіз болған тұжырымдамалар бұл әмбебап категория екенін көрсетті, бірақ біздің зерттеулерімізде қайырымдылық тұжырымдамалары жүйесі мәдени ауқымда, яғни лингвомәдениеттану категориясы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ұлттық мәдениеттің мәнін жарқын бейнелермен, поэтикалық өрнектермен боялған тілектер арқылы ашу «Тіл – мәдениет – рефлексия» үштұғырлығының айналасындағы зерттеудің бір бөлігі болып табылады. Қайырымдылықтағы ұғымдар-бұл ғалам туралы көзқарастар жүйесі туралы ақпаратты жеткізетін халық қазынасы, яғни.бұл бізге мәдениеттің, сенімдердің, әдет-ғұрыптардың мәнін түсіну арқылы әлемнің, ғаламның бейнесін тұтастай түсінуге көмектесетін жүйе.

Бүгінгі таңда қазақстандық тіл білімінің проблемасы өте алуан түрлі, теориялық мәселелерді қамту біркелкі емес. Бұл қолданыстағы және қолданыстағы әртүрлі лингвистикалық бағыттардың әртүрлі әдістерді қолдануымен және қолдануымен түсіндіріледі, өйткені олар көбінесе әртүрлі мақсаттар мен міндеттер қояды. Қалыптасқан ғылыми сабақтастықтың қалыптасуында, дамуында, пайда болуында белгілі бір ғылыми идеялар, мектептер мен ағымдар оқшауланған оқшауланған құбылыс емес. Ежелгі дәстүрлерден бастау алатын ғылыми идеялар мен дәстүрлердің сабақтастығы көбінесе басқа заманауи идеялармен, мектептермен және ағымдармен байланысты және әртүрлі жетістіктерді синтездеу арқылы жаңа жетілдірілген дәстүрлерге өмір береді. Сонымен, жалпы лингвистика мәселелерін зерттеушілердің барлық заманауи

тұжырымдамаларында өткен ғасырлардағы авторлар идеяларының әсерінің айқын іздері бар.

Қазіргі лингвистикалық ғылым қазақстандық лингвистикалық тарихи проблемаларына әртүрлі жолдар мен тәсілдерді ұсынады. Отандық лингвистиканың бүкіл тарихын сипаттау және сипаттау, ғылыми идеялардың, тұжырымдамалардың, бағыттардың, мектептердің өзара байланысын қадағалау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау үшін тарихи-лингвистикалық сипаттағы алдын-ала зерттеулер жүргізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Радченко О.А. Язык как мирозидание: Лингвофилософская концепция неогумбольдтианства. – М.: КомКнига, 2006.
- 2 Зубкова Л.Г. Общая теория языка в развитии. – М.: Изд-во РУДН, 2003.
- 3 Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991-2001. – Алматы: Изд-во «Арыс», 2001.
- 4 Алпатов В.М. История лингвистических учений. – М.: «Языки русской культуры», 1998.
- 5 Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века// Язык и наука конца XX века. – М.: Институт языкознания РАН, 1995.
- 6 Ермекова Т.Н. Некоторые вопросы лингвокультуры и благопожелания в казахском языке
- 7 Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 11-2. – С. 301-305.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГҮЛДЕНГЕН БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

КАРАСАЕВА Ж. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 3 мектеп-лицей, Тараз қ.

Ана тілі – әр ұлт үшін үлкен құндылық. Бұл уақыт арасындағы халықтардың рухани байланысы. Ана тілі – белгілі бір этностың қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл [1].

Тіл әрқашан халықпен бірге дамиды. Ол этникалық топтың менталитетін, оның дәстүрлері мен мәдени ерекшеліктерін танытады. Басқа тілге аударуға мүмкін емес көптеген ерекше сөздер мен өрнектер бар. Олар біздің өмірімізді, оның ерекшеліктерін, тұтас халықтың және жеке адамның ойларын көрсетеді.

Біз алғашқы сөзімізді ана тілімізде айттық. Ана тілі бізді жақындарымызбен, Отанымызбен байланыстырды. Ана тілі қорғалуы және сақталуы керек. Өйткені, әрқайсымыз оның сақтаушысымыз. Бір күні біз оны балаларымызға бере аламыз. Ұрпақтар өзгереді, бірақ олардың тілде бейнеленген мұрасы келесі ұрпақ үшін қалады. Ана тілі - біздің өткеніміз бен болашағымыздың байланысы.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам болмайсың. Тіл тағдыры – елдің тағдыры. Әр адам ана тілін біліп, оны құрметтеуге міндетті [2].

Ана тілін құрметтеу – елге құрмет көрсету. Осы сөздің астындағы үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиені елестетіп көріңіз. Бірігіп, мақсатына жеткен, өркениет қалыптастыратын, тарихтың алтын парақтарын жинастырып, кейінгі ұрпаққа дұрыс жол, бағыт-бағдар, өмірлік тәжірибе беретін – ел, халық, ұлт. Ал, осы киелі жолда адам мен адамды, халық пен халықты біріктіріп, тірек ететін бірден-бір тәрбие көзі – ана тілі.

Ана тілі – баға жетпес асыл қазына, тіл уақыт өткен сайын өзгермейтін, халық тарихына мәңгілік жазылатын құнды дүние. Бұл – адамның жан сырын, бастан кешкен дәуірлерін, жан дүниесінің барлық өзгерістерін, тербелістерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Жерін, елін сүйген әрбір азамат ана тіліне деген сүйіспеншілігін мақтан тұтуы керек.

Ана тілі – ең басты материалдық емес құндылық. Тіл достық, намыс, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты құндылықтармен қатар тұрады. Тіл – адамдарды біріктіретін ұлы күш. Бір тілде сөйлей отырып, адамдар бір-біріне ойларын, армандарын, жоспарларын жеткізе алады.

Шет жақта оқу оқып, жұмыс істеп, Қазақстан атын әлемге әйгілі еткен ұлдарымыз қаншалықты десеңізші... Сол шет елде қазақ тілінде сөйлеп, қазақ деген атты танытқанына біздің еңсеміз бір көтеріліп қалады.

Қазақстанды шет елде танытатын біздің ұлттық брендтеріміз. Яғни, мәдени белгілеріміз. Қымыз, киіз үй, қазы-қарта, бесбармақ,

жайлау, Ұлы Дала, тазы ит, асыл текті жылқылар. Осының барлығы туралы ақпаратты барша әлемге қызықты да, толық жеткізу үшін қазақ тілінің байлығын қолдану қажет.

Айбынды Алаш азаматтары бізге, келер ұрпақтарға қазақ тілінің рөлі ерекше екендігін аманат етіп қалдырды, ал біз осындай асыл мұраны сақтап, көбейту керекпіз. Оқу-білімге дағдыланып, мұқият санамызға тоқып, тіл байлығының талай қыр-сырын ашу біздің міндетіміз. Осылайша біз елімізді құрметтейміз, бізді басқалар құрметтейді, үлгі-өнеге боламыз.

20 ғасырдың басында ұлағатты, мәртебесі алып таудай ғалым, қазақ елінің керегесін көтерген ойшыл, қайталанбас сөзі саф алмасқа тең даратуған ақын Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің өркендеуіне әжептеуір үлесін қосты. А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» - деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тіл екендігін алғаш аңғартты [3].

Қазақстан Республикасы жүздеген ұлттың бейбіт өмір сүретін алтын бесігіне айналды, әрбір ұлт қазақ тілін мадақтайды, қастерлейді, оқып-білгісі келеді, осылайша біздің ұлтаралық достығымыз нығаяды.

Түркітілдес мемлекеттердің тарихи, рухани орталығы ретінде саналатын біздің ел тұғырлы да, керегесі мықты, талай алар асуы алда, жарқыраған болашақ шындырына жетер мақсаты бар мемлекет те осы біздің туған еліміз. Бұған шынайы мақтанамыз, бұл нағыз бақыт деп санаймын.

Аңсаған тәуелсіздігімізге себепкер болған шайқалмас тұғыры – тілді құрметтеу. Ұлттық сана – сезімнің қалыптасуына септігін тигізетін де тіл.

Ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеу тілден басталады, ана тілі ана сүтімен зейінге сінеді, рух пен ұлтжандылықтың арқасында ғаламат күш-қуат бойымызға дарып, тарайды, бізді жетелеген армандарымызға жеткізеді. Менің ойымша, ұлттық қасиетімізді түсініп, салт-дәстүрімізді қадірлеп өскен, тәрбие көрген, ана тіліміздің құдіретін білетін ұрпақ барда келешегіміз жарқын болады деп сенемін. Тіл – тәрбие бастауы [4].

Біздің сүйікті еліміз Қазақстан соңғы жылдары нығайып, мәдениет пен өркениеттің орталығына айналып келеді. Көптеген шетелдіктер елімізге келгенде қазақ тілін үйренуге ұмтылады, өйткені қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы асыл тастардың

шоғыры іспеттес, олар осы мұраны зерттеп, шынайы байлықтың құдіретін – ұлы халықтың рухани байланысын сезінгісі келеді.

Қазақ тілі қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бері бар және орасан зор мәдени феноменге айналды. Қазақ тілі – біздің өткеніміз де, бүгінгіміз де, болашағымыз да, уақыт сияқты ол мәңгілік және шайқалмас. Тіл – ұлттың дамып жатқандығының айқын дәлелі және ұлттың бірігуінің, оның біртұтас екендігінің айдан анық айғағы. Тіл – ата-бабаның ұрпаққа өсиеті, бүгінгі күннің беделі, ертеңгі күннің кепілі. Заңда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық әрі нақты, тайға таңба басқандай жазылған.

Бірнеше ғасырлар бойы ұлтымыз Ресей империясының бодандығында болды, кейін Кеңес Одағының тоталитарлық жүйесінің қазақ халқы мен қазақ елінің дамуын тежеуі ұлттың сапасына қатты әсер етті, ана тіліне зиянын тигізді. Ана тілін білмейтін отбасылар мен әулеттер құрылды. Міне, қазақ халқымызды ұлттық тамырымыздан айырған тарихи кезеңнің ауыртпалықтары осындай болды. Бүгінде біз бұл «саяси-тарихи дерттен» бірте-бірте арылып келеміз. Қазақстан егеменді ел, мемлекеттік тіл – қазақ тілі болғандықтан, оны білу – әрбір ел азаматының парызы, қасиетті борышы.

Атақты ойшыл, ғұлама ғалым Махмұд Қашқари «Тәрбиені ана тілінен бастау керек» деген. Кез келген тәрбие отбасынан басталады, отбасында ұлтжандылық сезім қалыптасады.

Қазақ халқы балаға сәби кезінен-ақ «Отан» ұғымын ана, туған жер, туған тіл ұғымдарымен байланыстыра отырып, бойына сіңіруге тырысқан.

Тіл болмаса, ұлт болмайды. Ана тілін сақтау, құрметтеу елдің ұлттық рухы мен сана-сезімін оятады, күшейтеді. Бұл біздің ата-баба алдындағы ұлы парызымыз, ерекше міндетіміз. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейтуді мектептен бастау керек. Тәрбие тілді меңгеруден басталады.

Елімізде мемлекеттік тілге көшу қарқыны күн сайын жақсарып келеді. Барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер мемлекеттік тілді дамыту мен қолдануды жүзеге асыру мақсатында түрлі іс-шараларды жүзеге асырады. Сонымен қатар, газет-журналдарда, теледидардағы түрлі бағдарламаларда мемлекеттік тілдің маңыздылығы туралы жиі айтылады. Мұндай үгіт-насихат жұмыстары мемлекеттік тілдің дамуына оң әсерін тигізуде.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемге тәуелсіз қарқынды ел ретінде танылған Қазақстанға қызығушылық артып келеді. Әр адам

еліміздің материалдық қана емес, рухани құндылықтарын да білгісі келеді.

Ұлттық санада қазақ тіліне деген құрметті арттыру керек. Қазақ тілі – ата-бабаларымыздың тілі, олардың келешек ұрпаққа қалдырған ең құнды өсиеті.

Еліміз үшін «тіл мәселесі» өзекті болып қала береді. Ал мемлекеттік тілдің тұғырын нығайту үшін мемлекет тарапынан ауқымды істер атқарылып жатыр, оң, игі өзгерістерге себепкер болуда. Осыған байланысты қазақ тілін танымал ету жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды одан әрі жалғастыру қажеттілігі туындады. Біздің міндетіміз – қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамыту. Біз ата-бабаларымыздың жинақтаған бай тәжірибесіне өзіміздің елеулі үлесімізді қосып, көптеген ұрпақтарымызға заманауи, жан-жақты дамыған тілдік қорды мұра ретінде қалдыруымыз керек. Бұл өзін құрметтейтін әрбір адам үшін атқарылу қажет міндет.

Шынында да, Қазақстандағы қазақ тілінің рөлін асыра бағалау қиын. Өзінің шығуы мен дамуының терең тарихы бар мемлекет құрушы ұлттың тілі бүкіл Орталық Азия аймағының мәдениетін байытты. Ежелгі заманнан бері Орталық Азия аумағында мындаған жылдар бойына материалдық және рухани мәдениеттің қайталанбас жауһарларын қалдырған түрлі өркениеттер гүлденіп, орасан мемлекеттерге айналды. Солардың ішінде, қазақ мәдениеті қайталанбас тарих мұрасын ХХІ ғасырға көшіретін жетекші этномәдени «уақыт көпірлерінің» біріне айналды. Дала көшпелілері – түркілерден – қазіргі қазақтардың арғы бабаларынан бастау алған қазақ тілінің тарихы қай жағдайда да еркін өмір сүре алатынын дәлелдеді. Бүгінде қазақ тілі Қазақстанда да, одан тысқары жерлерде де танымал және қарым-қатынас құралы болып табылады.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, мемлекеттік басқарудың, заң шығарудың, сот ісі және іс - қағаздарды жүргізудің негізгі тілі болуы керек. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасында көрсетілгендей, Қазақстанда тіл саясатын одан әрі жүзеге асырудың негізгі қиындығы «мемлекеттің оңтайлы тілдік кеңістігін құруда» болып табылады, ол үшін тілдің нақты әрі түсінікті, кең қолданысқа ие болуы талап етіледі.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. 2025 жылға қарай қазақ тілі өмірдің барлық саласында үстемдік құрып, жалпыадамзаттық қатынас тіліне айналады. Мемлекеттік тілді қолдау үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ, жүзеге асырылып

жатқан мемлекеттік бағдарламалар 2030 жылға қарай ресми құжаттаманың 100 пайызын, теле-радио хабарларының 90 пайызын, осыншама көлемде білім беру бағдарламаларының мемлекеттік тілде болуын қамтамасыз етілуі тиіс. Сөйтіп, 2030 жылға қарай қазақ тілі үстем тілге айналады. Осыған байланысты титулдық емес ұлт өкілдерінің қазақ тілін белсенді түрде үйренуі өзекті мәселе болып отыр. Айта кету керек, жалпы білім беретін мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары студенттері арасында мемлекеттік тілді жетік меңгеруге деген жоғары ұмтылыс бар. Өз кезегінде мемлекет тілді меңгеру үшін барлық қолайлы жағдайды жасап отыр. Осы орайда, мемлекеттік тілді кеңінен қолдану аясында Қазақстанда қыруар істер атқарылуда. Осылайша біз гүлденген болашағымызды өзіміз құрастырамыз!

Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына арналған басты мәселенің бірі – тіл мәртебесі. Тілі мен ділін ұмытқан ұлттың да болашағы бұлыңғыр екені анық. Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз [5].

Мемлекеттік тіл мәртебесі – тәуелсіз еліміздің болашағы, міне, сондықтан да тілді оқытуды нәтижеге бағыттау – бүгінгі білім беру ісіндегі өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілі – өмірді таныту мен бейімдеу, тәрбие беру, қарым – қатынас жасау құралы. Тілдің атқарар қызметі көп – ақ. Тілді қолданып, тарих пен әдебиетті оқи отырып, адам болмысы қалыптасады, бүкіл төрткүл дүниенің қақпасы тіл арқылы ашылады. Тарихымыз – өткеніміз бен бүгінгіміз және ертеңгі болашағымыз, ол тіл арқылы сыр шертеді.

Ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің ең жоғары шыңына шығу -бүгінгі күн мәселесі. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбеккер, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Жана ғасырдың жастары ана тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін біліп, қазіргі заманға сай озық білім алып, отансүйгіш ұлтжанды азаматтар болуы керек. Ол үшін бабалар дәстүрінен тағылым алып, ұлттық салт-санамен зейініне тоқуы

керек. Ал осының барлығы тек қазақ тілін қастерлеу, құрметтеу арқасында ғана жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 https://kk.wikipedia.org/wiki/Ана_тілі
- 2 <https://qarmaqshy-tany.kz/kogam/10294-ana-tl-lt-bolashay.html>
- 3 <https://tilalemi.kz/article/88>
- 4 <https://bilimainasy.kz/09-09-13/>
- 5 <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet-krp/press/article/details/61219?lang=kk>

ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚЫЗМЕТІ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті,
Павлодар қ.

МУХАМЕТЖАНОВА К. М.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тіліндегі шылаулардың да лексикалық мәні, синтаксистік функциясы жоқ, бірақ бұған қарап, олар тілдің танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, сезімдік және басқа да іс-әрекеттерінде рөл атқармайды деген қорытынды жасауға болмайды. Шылаулар өздері жетегінде қолданылатын сөздердің грамматикалық мағынасын ғана емес, әртүрлі семантикалық реңктердің үстеу қасиетіне ие. Олардың барлығы тек тілдің жұмсалымы үстінде ғана ашылады.

А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде шылау сөздердің демеу және жалғаулық деген екі түрін көрсеткені белгілі. Шылау сөздер туралы: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер. Демеу сөздер қазақ тілінде аз. Оның көбі басқа сөзден шыққан туынды демеулер». «Кей сөздер жалғау орнына жүреді хәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз» деп жазады [1, 167 б.].

С. Аманжолов: «Сөйлемдегі сөздердің басын қосуда ерекше орны бар дәнекерлік қызмет атқаратын нәрсе – шылаулар», – деп жазып, олардың мағынасы жөнінде: «Көп шылаулар жеке тұрғанда, өздігінен мағына бермейді. Тек басқа сөзге қосылғанда ғана, толық

мағына береді. Тек болар-болмас мәнінің барлығына қарап, олар мәнді, мәнсіз болып екіге бөлінеді» деген пікір айтады [2, 79 б.].

Қазақ тіл білімінде шылаулар А. Ысқақов, Н. Оралбаева, М. Балақаев, А. Хасенова, А. Ибатов, М. Оразов, Р. Әміров сынды ғалымдардың грамматика салаларын зерттеу барысында айтқан пікірлері мен монографиялық зерттеулері бар. Еңбектердің көпшілігінде шылаулардың лексикалық дербестігінің жоқтығы, сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстырудағы, өзі қосылатын сөзге түрлі реңк үстейтіні жайындағы пікірлер болғанымен қазақ тіліндегі шылаулардың табиғаты әлі де толық ашылмаған десек артық айтқандық емес. Бұл, әсіресе, шылаулардың қоланыстағы ерекшелігіне қатысты. Соңғы жылдары шылаулардың бірнеше кандидаттық диссертацияның арнайы зерттеу нысаны болғандығына қарамастан, жалпы тіл білімінде функционалды грамматика мәселесі елеулі орын ала бастаған кезеңде, қазақ тіл біліміндегі шылаулардың функционалды әлеуеттілігі, функционалды талдануы өз деңгейінде зерттелмей отыр.

Шылаулар сөйлеуші мен тыңдаушы үшін аса зор маңызға ие кейбір өте нәзік эмоционалды реңктерді білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ете алады. Мысалы, – *Шіркін, заман осы ғой, міне. Адамға мұнан өзгене керек, – дейді Кәмен* (С. Мұратбеков). Фой шылауы айтушының тамсанысын, ризашылығын жеткізіп, сөйлемнің эмоциялық күшін арттыруға маңызды үлес қосып тұрған тілдік бірліктер.

Шылаулардың ішінде адамның түрлі эмоциясын білдіру үшін жиі қолданылатын шылаулардың бірі – **әлде**. Бұл шылау сөз жұмсалымы ерекшелігіне қарай күмандану, шүбалану, таңдану, таңырқау мағыналарын бере алады. Мысалы, *Қыз жігіттің жүзіне әлде үрейлене, әлде таңырқай, жанарын барыңша аша қарап, сәл тұрды да, кенет бетінен ары жылжып, мойыңға оралғалы бара жатқан қолды қағып жіберді* (М. Мағауин).

Шылаулардың стилистикалық қызметі жөнінде Д. Әлкебаева: «Басқа сөз таптары сияқты шылаулар да функционалды стильдердің әрқайсында атқаратын стильдік қызметімен айрықша орын алады. Шылаулардың әрбір қолданысында оның нәзік қырлары арқылы аңғарылатын стильдік белгі, әр түрлі әсерлілік пен сезім сырларын бере алады. ...Шылаулар ауызекі сөйлеу стилінің қолданысында алуан түрлі стильдік бояумен құлпырып кетеді.

Мысалы, да шылауы, солай де шылауының астарында көп мағыналы үнмен айтылғанда көп астарлы ойдың түрлі мақсат әрекеттері көрініп отырады», –деп жазады [3, 180 б.].

Да, де, та, те жалғаулық шылаулары эмоциялық процесті, оған қатысты түрлі іс-әрекет пен құбылысты даралап көрсетумен бірге жұмсалым үстінде түрлі жағымды, жағымсыз реңктерді де білдіре алады. Мысалы, *Соның бірі де, Әзиевтердің Сәмбет байғұсқа жақпақ болған қара күйесі де* (С. Мұратбеков).

Эмоциялық мән үстей алатын шылаулардың бірі – демеулік шылаулар сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстырмайды, тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді.

Ма/ме, ба/бе, па/пе сұраулық демеуліктері есім сөздерге, етістікке, үстеуге тіркесіп қолданылады.

Сұраулық демеуліктердің негізгі қызметі сұраулық мағына беру болғанымен олар қолданыста ренжу, өкпелеу, жақтыртпау, қарсы келу, келіспеу, сенімділік, үміттену, менсінбеу, қомсыну, көңілі толмау, сенбеу, иланбау, еске салу т.б. да эмоционалдық реңктерді бере алады. Мысалы, *Бөкен мен апасы келген кезде басын көтеріп көзін аларта бір қарады да, жақтырмағанын білдіріп тісінің арасынан сыздықтата шырт дегізіп түкіріп қойды. –Автобуспен-ақ бармай ма, –деп күңк ете қалған* (С. Мұратбеков).

Сұраулық демеуліктер арқылы тамсану, таң қалу реңктері де беріледі. Мысалы, *Қатындар: –Құдай берейін десе қиын ба? – деп тамсанысты. «Құтты болсын» айтты* (Ж. Аймауытов). Кекесін мәнін беру мақсатында қолданылуы: Тігетін кестесі қалып бара ма? (Ж. Аймауытов).

Нақтылау мәнді *-қой/гой* демеуліктері тіркескен сөздеріне нақтылау, тұжырымдау мағынасын үстеумен қатар сөйлеушінің айтылып отырған іс-әрекетке, құбылысқа деген бағасын, көзқарасын, эмоциясын да білдіреді. Мысалы, *Көкбайдың машинаны қалай айдайтыны белгілі гой* (С. Мұратбеков) деген сөйлемдегі ғой демеулігі айтушының бұрыннан белгілі әдетті, іс-әрекетті нақтылап, тұжырымдауымен қатар, бұл іс-әрекетті оның жақтыртпай отырғандығын да, оған деген өзінің жағымсыз бағасын да білдіріп тұр. *Ақбілек өзгеше еді гой* (Ж. Аймауытов) деген сөйлемде ғой демеулігі арқылы Ақбілекке деген жағымды баға, жағымды эмоция, аңсау, сағыну, тамсану, еске алу реңтері берілген.

Күшейткіш мәнді *-ақ, -ау, -ай*, әсіресе, *да/де, та/те* демеуліктері айтылған ойға күшейту мәнін қосу үшін қолданылады. Мысалы, –

Суығын-айей! У-у... –деп қойды (С. Мұратбеков). *–Қарағым-ай! –деп Әмір кемсеңдеп құшағын жайды* (Ж. Аймауытов).

Бұл демеуліктердің айтылған ойға күшейту мәнін қосу, айтушының жағымды немесе жағымсыз эмоциясын көрсету, істеліп жатқан іс-әрекетке, құбылысқа, айтылған сөзге баға беру т.б. да қызметтерін төменде келтіріген сөйлемдерден де байқауға болады.

Мысалы, *Дәл ауылда өз үйінде отырғандай-ақ, сел-сел терлеп, орамалымен маңдайын сүртіп қояды* (С. Мұратбеков) – жақтыртпау, жағымсыз баға беру.

-ау демеулігі есім, етістік, одағай сөздермен тіркесіп қуану, ренжу, күйіну, құмандану, ерегесу сияқты түрлі эмоциялық реңк үстейді.

Мысалы, *Әй, осы біздің Көкбай да географияны білмейді-ау* (С. Мұратбеков).

Шектеу мәнді *-ғана/қана*, тек, ақ демеуліктері тіркескен сөздеріне шек қойып тежеу мағынасын үстеу үшін қолданылады. – ақ демеулігі күшейту, шектеу мағынасымен қоса сөйлемде көсемшенің – й формасы жалғанған болымсыз етістік+ақ+қой түрінде қолданылған кезде жағымсыз/жағымды эмоцияны да білдіреді.

Мысалы, *Сара он екіге шығып, ұзын көйлек киіп, бұрымын артына селтiтiп өрiп қоятын балған екен. Ақбілек оған: – Сен қыз болмай-ақ қой. Басыңды биттетпе! –деп шашын алдыртып тастады* (Ж. Аймауытов).

Қорыта келгенде, шылаулар сөйлеуші мен тыңдаушы үшін аса зор маңызға ие кейбір өте нәзік эмоционалды реңктерді білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ете алады.

Шылаулардың эмоция білдірушілік қызметіне жасалған талдау шылаулардың жұмсалым үстінде түрлі эмоциялық бояу бере алатындығын, олардың жағымды да, жағымсыз да эмоцияның түрлі сипатынан бастап, нәзік қалтарыстарына дейін көрсету қызметінің шексіздігін көрсетті. Өкінішке орай шылаулардың жұмсалымдық қызметі әлі де терең танылмай келе жатқан тілдік құбылыстардың қатарына кіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 3 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 255 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАСЕНОВА А. У., ИСКАКОВА У. С., ЖАБАЕВА С. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, №10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтылық белгісі бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі түрлі әдісті білу: керек орында жоқ әдісті табу да қолыңнан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолқабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»

А. Байтұрсыннов

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп-өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасына байланысты екенін ел Президенті Қ.К. Тоқаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше айтуы да сондықтан. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты-жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. Ал жаңа формация мұғалімі-оқыту технологиясының жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс

оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сапалы және терең білім беру. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың оқушы құзыреттілігін артыруына талап қойып отыр.

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсатына қатысты ең алдымен мұғалім оқушыға өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға жетелеу керек. Себебі, бұл деген жеке тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын жол десек те болады. Осындай құндылықтардың өзгеруі бүкіл дүниежүзіне тән өзгеріс және жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндеттерімен байланысты үдеріс. Яғни, біздің қоғамда болып жатқан жаңа идеяларды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізіп, өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мағлұматтарды пайдалы болатындай ойланулары қажет. Жас ұрпақ жаңа идеяларды әртүрлі көзқараспен зерттеп, пайдасы мен нақтылығын талқылап, сол идеяның жалпы құндылықтарын анықтай алатындай дәрежеде болуы керек. Білім беру саласында қызмет жасап жүрген кез келген маман үшін негізгі мақсаты -өскелең ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге дайындау, сондықтан білім беру жүйесіне жаңа тәжірибе енгізу кезек күттірмейтін мәселе. Сонда ғана келешекте нәтижелі жұмыс атқара аламыз.

Оқушының ойлау қабілетін дамытуға жол ашатын жаңаша оқытудың бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген АҚШ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл. Атақты ғылым зерттеушілері Ж. Пиаже мен Л. С. Выготский даму теориясын басшылыққа алады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының мақсаты- сабақ барысында барлық жастағы оқушыларға кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Біздің елімізге сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасы Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген технология қазақ және орыс тілдеріндегі мектептеріне енгізіле басталды. Ғалымдардың сыни тұрғыдан ойлау жөнінде әртүрлі көзқарастырын білдіреді, солардың ішінде психолог ғалым В. Г. Крутецийдің берген анықтамасы бізге жақын. Ол: «ойдың сыншылдығы – бұл адамның 412 өзінің және

басқалардың ойларын белсенді бағалау дағдысы, барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды нақты және жан-жақты тексеру» дейді. Сыни тұрғыдан ойлау – шындалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек жоғары сынып оқушыларына ғана тән деуге қате болар, өйткені жас балалармен де дұрыс ұйымдастырылған жұмыс болса, ойлары шындалып, жетістіктерге жетулері мүмкін. Сондай-ақ, кез келген қиыншылықтарды жеңуге, туындаған мәселелерін шешуге, кездесетін түрлі жағдайларға сын тұрғысынан қарауға, екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдау, дұрыс шешімге келуге үйренеді. Бұл әдіс арқылы мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушыларды топпен де, жеке жұмыс жасау негізінде іске асады және бұл стратегия арқылы білім алушының жеке қабілеттерін ашуға, ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуға, сонымен бірге өзінің де басқалардың жұмысына сыни көзқарасын білдіруіне, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Үйренуші өзінің бұрын алған білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырғалы мәселе жайлы білім алушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, әсер ету арқылы іске асады. Мысалы, бұл кезеңде «Ойлану», «Түртіп алу», «Болжау», «Топтау», «Сұрақтар түймедағы», «Әлемді шарлау» тағы басқа әдістер қолданылады. Бұл әдістер арқылы оқушылардың қызулығы мен белсенділігі артады, өйткені оқушы білгенін еске түсіреді, көршісімен бөліседі, қағазға жазады, өз тобында талқыға түседі. Яғни, өз ойын ортаға салу, бөлісу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам басылады, оқушы жаңа білім жөнінде мәлімет жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Бұл бағдарламаның екінші кезеңі (түсіне білу) ойлау мен үйренуге бағыттаған. Сабақтың бұл кезеңінде үйренушілер ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмаларды орындайды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуіне белсенділік танытуға мүмкіндік жасалады. Бұл кезеңде жұмыс жасауға көмектесетін әдістер бар. Соның бірі «INSERT». Осы стратегия оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V» - «білемін», «->» «білмеймін», «+» «мен үшін жаңа ақпарат», «?» - «мені таңқалдырады» деген белгілер қою арқылы тапсырманы талқылайды және «Жетістік баспалдырығы», «Бағдаршам», «Мадақтау сэндвичі» қалыптастырушы бағалау әдістері арқылы белгілеп отырады. Бұл «INSERT» стратегиясы оқушының оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін

және бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды еске сақтау, мәтін мазмұнын түсінуіне ұтымды құрал. Білім алушылар білетіндерін анықтап, түсініксіз сөздерді белгілеп сұрауға әзірленеді. Осы әдіс тақырыпқа жеңіл-желпі қарамай, керісінше толық түсінуіне бірден-бір кепілі. «INSERT» стратегиясы арқылы жаңаны түсіну үшін алдыңғы білім арасында байланыс құрастыруға дағдыландырады.

Бағдарламаның үшінші кезеңіне тоқталатын болсақ ол тақырып туралы ой толғаныс. Сабақ сайын оқыту барысында оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру сияқты әрекеттер назардан тыс қалып, ал уақытты үй тапсырмасын беруіне, оны түсіндіру мен баға қоюына көп уақыт жұмсап қоямыз. Ал сын тұрғысынан ойлауды дамыту бұл сабақтағы аса қажетті маңызды әрекет. Дәл осы кезеңде оқушы үйренгенін саралап, оны қай жағдайда, қалай қолдануын ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қарап, өзгерістер енгізеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзгеше сенім пайда болып, даналыққа бастау алады деуге әбден болады. Толғануды тиімді іске арттыруына лайықталған «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Бес жолды өлең», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «Ойлан, жұптас, пікірлес», «Бас бармақ» сияқты көптеген стратегиялар әр сабақтың өзгешілігіне бейімделіп, ауыр-жеңілдігіне қарай қарастырылады. Олар білім алушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, әр оқушының шығармашылығын ашуға көмектеседі. Мұғалім үйрену процесінде үйренушімен бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап, өз ойын, ақыл-көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады, яғни мұғалім бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) жұмысын ұйымдастырушы деуге болады.

Өз жұмысымызда жиі қолданып жүрген сыни тұрғыдан стратегиялардың бірі Тони Бьюзенің интеллект картасы. «Интеллект карта» (Ақыл – ой картасы) жағдайды визуалды көруге, алдымыздағы тапсырманың шешіміне жүйелі түрде келуге мүмкіндік беріп, ойлау жіне ақпаратты сақтау технологиясы. «Интеллект карта» (Ақыл – ой картасы) әдісі барлық ақыл-ой қабілеттерін қамтитын табиғи ойлау үрдісінің танымдық қабілетін жеңіл дамытатын және оны кез келеген жағдайда қолдана алатын әмбебап құрал алғым келеді» - деген Т. Бьюзен.



Сурет 1

Мұғалім ретінде өз тәжірибемізде «Интеллект-карта» әдісін келесі міндеттерді жүзеге асыру үшін қолданып жүреміз: 1. Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде, тірек сызбалар мен қызықты суреттер арқылы жаңа мәліметтерді меңгерту үшін. 2. Тақырыпты қайталау барысында, жасалатын интеллект картасы арқылы үлкен көлемді мәтіндерді қайта оқып жату қажеттілігі болмайды, өйткені білім алушы сұрақты, мәселені бейнелейді, сипаттайды. 3. Материалды жалпылау және талдау. Тақырып бойынша қорытынды жұмыс ретінде жалпыланған «интеллект карта» жасауға болады. Осындай жұмыс кезінде оқушылардың талдау қабілеттері, басты идеяны жеткізу мүмкіндіктері іске асады. 4. Оқу материалын тексеру және түзету. Білім алушы жобасын талдай отырып, материалды қаншалықты меңгергенін байқайды, қателерін түзетеді. Қытай халқының мақалында: «Маған айт-мен ұмытып кетемін, Үйрет маған – менің есімде қалады, Өзіме істет – мен үйренемін» дегендей өз тәжірибемізде, интеллект-карта әдісін сабақтарымызда жиі қолданамыз, өйткені оқушының өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылықтары артып, шығармашылық қабілеттер дамиды, сөздік қоры молайтуда сынып алдында өз жұмысын қорғап шығуға маңызы зор және оқушылар үшін бұл әдіс өте тиімді. «Интеллект-карта» әдісін қолданудың алдында ережесіне сүйеніп А4 форматтағы ақ қағаз аламыз және барлық ақпаратты сыйдыру үшін көлденең орналыстырамыз. Сөздерді бұтақшалардың үстіне (жақшаның ішіне емес, бұтақшалардың астына емес) жазу қажет. Осы жобаны көрнекілік ретінде ұсынылып көрсетіледі. Бір бұтаққа бір, екі сөз (түгел сөйлемді жазу қажеті жоқ) жазамыз. Бір кілттік сөз үлкен ақпарат бөлігін еске түсіруге көмектеседі. Көбірек сурет қолдануға тырысыңыз. Әр бұтақшаны түрлі түстерімен ерекшелеу керек, сонда негізгі мәлімет визуалды түрде нақты анықталып, суреттер

ақпаратты жылдам есте сақтауға мүмкіндік береді деп оқушыларға алдын ала ескертіледі.

Төменгі жағындағы суреттер жобаны қолданған сабақтардан үлгісі:



«Спорт түрлері» 5 сынып



«Ұлытау тобы» 7 сынып



«Жібек жолы» 6 сынып



«EXPO - 2017» 9 сынып

Сурет 2

Жалпы сыни тұрғыдан ойлады дамытуда пайдаланатын стратегиялар оқушыларға келесі мүмкіндіктер береді:

- айқын мақсат қоя білу;
- белсенді қатысуды қолдау;
- талқылауға себеп тудыру;
- өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен құруға ынталандыру, жеке пікірі мен ойын білдіруге көмектесу;
- білім алушылардың оқуға деген мотивациясын қолдау;
- басқалардың пікірлерін де сыйлайтын орта жасау;

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау әдісі арқылы білім алушы қабылдаған ақпарат жайлы түсініктері тереңдетіледі, қарама-қарсы пікір қоя алады, әлді-әлсіз жақтарын көре біледі, салыстыра алады, баға береді. Оқушыларды ойлануға үйретудің бір тәсілі кез келген сөз, сөйлемнен ақпарат ала білуге үйрету және оған өз әрекеті нәтижесінде қол жеткізеді, шығармашылығы

шындалады, ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту екендігі айқын сезінеді. Өйткені белгілі бір тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой толғау, суреттей алу, болжау, оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді, әр қарай ойын ынталандырады. Оқытудың кез келген жаңа технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың тәжірибесі зерделеніп білім беру жүйесіне енуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тони и Барри Бьюзен «Супермышление», Издательство «Попурри», 2006
- 2 Тони Бьюзен «Супер-интеллект», Издательство «Попурри», 2002
- 3 Джейми Наст «Эффект визуализации» Издательство «Попурри», 200
- 4 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты
- 5 «12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журналы.
- 6 Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // БілімОбразование -2006. -№6. 3-4 б.
- 7 Жақсылықова К.З., Тайтанова Н.К., Кемешова А.М. Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Алматы-2016. – 47-б.

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ А.БАЙТҰРСЫНОВ ҰСЫНҒАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫСҚА ТҮСУІ

КЕТИКОВА Ж. Т.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. XX ғасырдың бас кезінде қазақ тарихында ел мәдениеті мен рухани әлемін жаңғыртқан, жаңа үлгіге түсірген ұлт зиялыларының орны ерекше. Ұлы Абай үлгісі, Ыбырай мектебі, Шоқан өнегесі қазақ қоғамында жаңа өзгерістер тудырды. Халықтың оқу мен білімге

деген ынта-ықыластары артты. Мұсылманша хат танып, оны орыс оқуымен жалғаған жаңа буын ел дамуына зор үлес қосты. Ол ғасыр басында өз жемісін берді. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойында М. Әуезов айтқан «ұлттың рухани ұстазы» деген мәртебе шын мәнінде ұлты тұлғаның тұтас бейнесін ашады.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттың рухани әлеміндегі орны ерекше. Оны бірнеше топқа бөліп жүйелеуге болады.

- қазақ баспасөзінің классикалық үлгісін жасаушы («Қазақ» газеті);
- халық еркіндігі жолындағы күрестері;
- «Алашорда» бағдарламасын жасаушы;
- ағартушы;
- ақын;
- аудармашы;
- әдістеме негізін салушы;
- тіл мен әдебиеттің теориясын жасаушы;
- қазақ тілі мен әдебиетінде алғашқы термин түзуші.

Ахмет Байтұрсынұлының қазіргі қазақ тіліндегі терминдерін келесі топтарға бөліп жіктеуге болады:

- 1 Терминнің ғалым ұсынған нұсқасының өзгеріссіз қалғандары.
- 2 А. Байтұрсынұлының ішінара өзгеріске ұшыраған терминдері.
- 3 Өзгеріске ұшыраған, жаңа атаумен берілетін терминдері.
- 4 Ұлттық салт пен әдет-ғұрып, дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық үлгілерін де термин сөздерге енгізе отырып, олардың тілдік қолданыс аясын кеңейтуі.

«Тіл – құралда» 310 тілдік термин пайдаланылған. Оның – 40 пайызға жуығы қазіргі тіл білімінде қолданылады. Бұл 310 терминнің ішінде:

- фонетикаға қатыстысы – 108;
- лексикалық терминдер – 11;
- морфология саласына қатысты – 109 термин;
- синтаксис саласынан – 64 термин;
- жалпы тіл білімінен – 18 термин беріледі.

Ахмет Байтұрсынұлының қазіргі қазақ тіліндегі терминдерін келесі топтарға бөліп жіктеуге болады:

- 1 Терминнің ғалым ұсынған нұсқасының өзгеріссіз қалғандары.
- 2 А. Байтұрсынұлының ішінара өзгеріске ұшыраған терминдері.
- 3 Өзгеріске ұшыраған, жаңа атаумен берілетін терминдері.

4 Ұлттық салт пен әдет-ғұрып, дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық үлгілерін де термин сөздерге енгізе отырып, олардың тілдік қолданыс аясын кеңейтуі.

1 Терминнің ғалым ұсынған нұсқасының өзгеріссіз қалғандары.

Өзгеріске ұшырай өзгеріссіз қалғандары негізінен – морфология саласына қатысты терминдер: сөз тұлғасы, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосымша, жұрнақ, зат есім, сын есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, есептік сан есім, реттік сан есім, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері, қалау рай, шартты рай, есімше, жалаң сөйлем және жайылма сөйлем, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш (мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, қыстырма сөз, қаратпа сөз, болымды, болымсыз, толымды, толымсыз, сұраулы, лепті, құрмалас сөйлем, бағынықы, дыбыс, буын, терминдері қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің ережесімен дәлме-дәл қолданылады.

Ғалымның терминдерінде «үстеу» термині кездеседі. Бірақ үстеу көмекші сөздер қатарында алынады. Қазіргі қазақ тілінде үстеу сөздер – қимыл-әрекеттің, яғни етістіктің мекенін, мезгілін, қиымыл-сынын, себеп-салдарын т.б. белгілерін анықтайтын, түрленуге көне бермейтін сөз табы ретінде танылады. Ал ғалым «үстеу» терминіні шылау сөздердің бірі ретінде алады. Мағынаны үстейді деп береді. Ғалым: «Әрең келдім», «Дөп тиді» деген қимыл-сын үстеулерін басқа сөздердің, соның ішінде етістікті толықтырып тұр деген ережемен беруі кейінгі сөз таптарын анықтауда үстеуді жеке сөз табы етіп тануға ықпал еткені анық [2, 116 б.].

Шылау сөздерді үстеу, демеу, жалғаулық деп 3 топқа бөледі. Соның ішінде үстеулерге қазіргі жеке сөз табы болып саналатын сөздер тобын қосады. Әрең, дөп сөздерімен бірге мзгілді білдіретін, бұрын, бері, сөздерімен де сөйлемдер береді. Осы сөздердің қашан? қайда? қалай? деген сұрақтарға жауап беретіндігін де белгілейді.

2 А. Байтұрсынұлының ішінара өзгеріске ұшыраған терминдері.

Қос нүктені – қос ноқат деп алады, дефис – кіші сызықша, ноқат – нүкте болып дыбыстық жарыспалылықпен өзгереді. Тырнақша – қабат үтір деп жазылуына қарай беріледі. Алғашқы тырнақшаның үлгісі, тіпті жазудағы қалыптасқан үлгі қабаттасып келген үтірмен қойылады.

Бұл терминдеріне: демеу – демеулік шылау, ішкергі жалғаулар (жұрнақ пен жалғау), есімдеуіш атау сөздер – атауыш сөздер, оның

ішіндегі есім сөздер. А. Байтұрсынұлы есімдеуіш атауыш сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті алады. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз таптары атауыш сөздерге жатады. Бірақ зат есім, сан есім, сын есім, сын есім – есім сөздер тобын құрайды [3, 126-167 б. б.].

Ғалым қазіргі қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауды – тәуелді қалып деп алады. Оның әрбір жағына атау береді: 1-жақ: мендік, 2-жақ: сендік, 3-жақ: бөгделік деп атайды. Бірақ тәуелдеудің ортақ және оңаша түрлері өзгеріссіз оңаша тәуелдік және ортақ тәуелдік деп беріледі.

Септік жалғауларын: ілік жалғау, барыс жалғау, табыс жалғау, жатыс жалғау, шығыс жалғау деп алады да, атауды жалғау деген сөзсіз атау деп қана береді.

Есептік сан есімдер деп бөліп, қазіргі қазақ тіліндегі жинақтық сан есімдерін жадағай есептік деп береді де, қазіргі тілдегі есептік сан есімдерді жай есептік деп бөледі.

Баяншы – баяндауыш; сын пысықтауыш – сын-қимыл пысықтауыш, себеп пысықтауыш – себеп-салдар пысықтауыш,

«Сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса, мәселен хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенде, жаздым, шаптым, салдым – істер» [1, 231 б.].

Жалғаулықтар термині қазіргі қазақ тіліндегі септеулік шылауларды білдіреді. Ғалым оларға термин беруде басты ұстаным етіп олардың жалғаулар орныа жүретіндігін алады.

3 Өзгеріске ұшыраған, жаңа атаумен берілетін терминдері. Бұл қатарға енетін сөздер негізінен дыбыс түрлеріне қатысты. Сонымен бірге келесі терминдер ғалым еңбегінен өзгеше қолданылады: қосалқы сөз, ымырасыз дыбыстар, ымыралы дыбыстар, жалпылағыш қос сөздер, жалқылағыш қос сөздер, бұратана сөздер – оқшау сөздер, тілекті сөйлем – бұйрықты сөйлем, іргелес сөйлемдер, сөйлем, сөз, буын, т.б. Сөз тудыратын жұрнақтар термині ғалымда зат есімнен туған сөздер, сын есімнен туған сөздер деп алынады [1, 200-221 б. б.]. Құрмаластың түрлерін: сиыса құрмаласу (салалас құрмалас), қиыса құрмаласу (сабақтас бағынықылы құрмалас) деп алады.

Танықтық есімдіктер – болымсыздық есімдіктері;

Шығыс етіс – өзгелік етістің –тыр, -тір, -дыр, -дір жұрнақтарымен жасалуын ғалым шығыс етіс деп, оны іс-әрекеттің орныдалуына себепкер болуымен түсіндіреді.

Дүркінді – етіс: қазіргі қазақ тіліндегі іс-әрекеттің созылыңқы сыпаты [2, 72-77 б. б.]. Өсіңкі етіс – осындай етістің бір түрі етіп, созылыңқы сыпат категориясына жіктеліп жүрген іс-әрекеттің күшейген түрін алады.

Тұйық рай, билік рай түрлері де қазіргі қазақ тілінің терминінде жоқ. Қазіргі қазақ тіліндегі ниет келер шақты жасайтын –мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -пек жұрнақтары арқылы жасалған етістікті тұйық рай деп, ал бұйрық райдың 1-жағын жасайтын –айын, -ейін, -йын, -иін жұрнақтары арқылы жасалған етістік билік райы деп алады.

4 Ұлттық салт пен әдет-ғұрып, дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық үлгілерін де термин сөздерге енгізе отырып, олардың тілдік қолданыс аясын кеңейтуі.

Ғалым тілінде ұлттық тұрмыс пен халықтық дәстүрді белгілейтін сөздерден жасалған терминдер қатарында ереуіл рай деп аталатын термин кездеседі. Бұл сөздерді ала отырып, оғымға терминдік атау берумен бірге тілде қолданылуы өзгеріске ұшырай бастаған сөздерді қайта жаңғыртады.

Ғалымның қазақ тілінің терминдерін жасаудағы келесі бір ерекшеліктері ұлттық салт пен әдет-ғұрып, дәстүрлі тұрмыстық-шаруашылық үлгілерін де термин сөздерге енгізе отырып, олардың тілдік қолданыс аясын кеңейтеді.

Көсемше – сөзі арқылы қазақ тіліндегі көсем сөзін қайта түрлентеді. Оған мысал ретінде «жаза бер, қарап тұр, жүріп келед» деген мысалдарды алады. Ал қазіргі қазақ тіліндегі көсемшенің лексика-грамматикалық сипатының өзі де күрделі қимыл құрамында негізгі қимылды білдіреді.

Билік рай – қазіргі қазақ тіліндегі бұйрық райды ғалым билік рай деп алады.

Ереуіл рай – «істейтін істің мақсұтына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатын сөз түрі» [1, 240 б.].

«Ереуіл бағаныңқы – белгісі пәлен етсе де, пәлен болса да деп ереуіл раймен айтылады» [1, 307 б.].

Қорыта келгенде, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының терминдері қазақ тілінің барлық лексика-грамматикалық белгілерін толықтай ашады.

Біз талдауда ғалымның терминдерінің 40 пайызға жуығы қазіргі тіл білімінде қолданылатынын айттық. А. Байтұрсынұлы қолданған 310 терминнің ішінде: фонетикаға қатыстысы – 108; лексикалық терминдер – 11; морфология саласына қатысты – 109

термин; синтаксис саласынан – 64 термин; жалпы тіл білімінен – 18 термин берілетіндігін анықтадық.

А. Байтұрсынұлы терминдері 4 топқа жіктеліп талданды. Біз солардың ішіндегі өзгеріссіз қолданатындарын, өзгеріске ұшырағандарын, сонымен бірге мүлде қолданылмайтындарын да анықтадық. А. Байтұрсынұлы терминдерінің ерекшелігі – ұлттық ерекшелік пен дәстүр, шаруашылық, тұрмыс, тарихқа қатысты сөздерді термин ретінде қолданысқа енгізгенін де аштық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Қазіргі қазақ тілі грамматикасы Т. 1. // Жалпы редакциясын басқарған Ә.Ысқақов – Алматы: Ғылым, 1966. – 309 б.
- 3 Ысқақов Ә. Қазіргі қазақ тілі – Алматы: ана тілі, 1992. – 402 б.
- 4 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. // Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы // Газетте: Ана тілі 2013. 21 ақпан. – 1-3-беттер.
- 6 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері // Құраст. Әнес С. – Алматы: Абзал – Ай, 2013. – 640 б.
- 7 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақ әдебиеті, 6 қаңтар 1989.
8. Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы Т. 4. – Алматы: Алаш, 2006. – 349 б.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1993. – 318 б.

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ҚҮЛДІРГІ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

КОЖАНОВА Н. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

Фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі-қасиетімен ерекшеленеді:

- құрылым тұрақтылығы
- мағына тұтастығы,
- даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы,

– бейнелілігі, мөнерлілігі.

Фразеологизмдер жеке сөзге эквивалент болғанмен, сөз сияқты заттың номинативті атауы емес, жанама атауы. Дара сөзден оның өзіндік айырмашылығы бар. Сондықтан да оларды әр сөз табына үзілді-кесілді жіктеу қиын. Дегенмен «сөз сөйлем ішінде жанданады» демекші, өзінің күрделілігіне қарамастан, фразеологизмдер сөйлем ішінде дара байланысқа түседі, түрленеді. Тіпті, фразеологиялық тіркесудің өзі грамматикалық байланыста ғана қалыптасып тұрақталады. Ол дара сөз іспетті грамматикалық ереже заңдылығымен жұмасалады. Сөйлем ішінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, өз мәнін нақтыландырады, сөйлемнің бір мүшесі болып келеді. Ал сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табынан болады.

Фразеологизмдердің сөз таптарына қатысы туралы І. Кеңесбаев фразеологизмдерде мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайтынын ескертеді.

Өлеңі мен жыры өнеге-насихатқа толы М. Ж. Көпеев зеректігі мен тіл шеберлігінің арқасында өз кезеңінің еліне айтар, дәуір шындығын жырына қосқан ақынына айналды. Күні бүгінге дейін белгісіз болып келген ақынның мұралары енді ғана жарыққа шағып, халықтың көкейінен орын алуда. М. Ж. Көпеев шығармаларының дінгегі болған тамыры терең мәселелер, ауқымды тақырыптары өз алдына бөллек дүние болса, енді сол салмақты ойын жеткізудегі тіл мөнерлілігі, сөз сымбаты бір төбе екендігін кім-кім де мойындайды. Ақын қолданысындағы әрбір сөз түйдегі, әрбір сөйлемі ащы шындық, ауыр ахуал, үлгілі өнеге үшін қызмет етеді.

Фразеологиялық бірліктердің қашан да ықшамдылық әрі бейнелілік өң дарытатыны өзінен-өзі түсінікті. Ал бұл күрделі құрылымдар айшықты тіл жасаудың үлкен амалы. Фразеологизмдер адаммен, оның сезімдерімен, қасиеттерімен пайда болған. Адамның мінез-құлқы мен қимыл-әрекетін әлеуметтік жағдайы мен өмір-салтын сипаттайтын тілдік құралдың бірі ретінде фразеологизмдерді қолдану ақынның шығармаларына ерекше ренк береді. Күлдіргі сөздерінде де фразеологизмдер көп қолданылған. Нақты мысалдармен дәлелдейтін болсақ: – Бұл баланың өзін қай елге көзін өткізуге ыңғайлап қойған бала еді? [1, 95 б.], – десіпті. Бұл сөйлемде қолданылған «көзін өткізуге» тіркесі ұзатылайын деп отырған қызға байланысты айтылған ой.

«Көз» соматизмінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер ақын өлеңдеріне мағыналық ренк үстеп, бейнелілік дарытады. Сол сияқты көздің ұшы, көзіне іл, көздің қырын салсын, көзге күйік,

жүрек көзі сияқты фразалық тіркестері де ақын күлдіргі сөздерінен кездеседі.

«Барпық өнері» күлдіргі әңгімесіне тоқталатын болсақ, фразеологизмдердің көркемдік құрал ретінде мағыналық жағынан ерекше мағына, мән дарытып тұрғандығын байқаймыз: Сығалаған көзден айырылады, тыңдаймын деген құлақтан айырылады!-деген соң, жұрт қорқып, үрейі ұшып, зәресі қалмайды [1, 99]. Бұл күлдіргі сөздегі үрейі ұшып, зәресі қалмады деген фразеологизмдер қорку, үрқу деген мағынаны аңғартады. Екі фразеологизмді қатар қолданудың өзі ақынның шеберлігін аңғартады. Мына сөйлемге назар аударсақ, тағы да осы мағынадағы фразеологизмдерді байқаймыз: Неге десеңдер, аумай-талмай менің қатыныма ұқсаған екен!-дегенде, келіншектің жаны тас төбесіне шықты, үрейі ұшып, сүп-сүр болып кетті («Ер жігіттің өнер салыстырғаны», 107 б.). Бұл мысалдағы тіркестер де қорку, үрқу мағынасында орын алады.

Мен оның жылауға мұршасын келтіріп, қолын тигізбейтін, -деген соң, құрбы-құрдас, әйел-еркегі- жатқан кезде үйдің сыртынан келіп: «Не дер екен?» – деп, тындасып тұрыпты. Жылау қайда, сонымен көңілі жайланып, жаны сая тапқан бетімен ұйықтап қала беріпті (Бір епті жігіттің өнері», 6т,109 б.). М. Ж. Көпеев фразеологизмдік қолданысының басты ерекшелігінің өзі – оның тұрақты тіркестерді синонимдік қатар түзіп қолдануы. Мұршасын келтіріп, қолын тигізбейтін фразеологизмдерінің білдіретін мағынасы - қол тимеу, мүмкіндігі келмеу, уақыты жетпеу. Ақынның шеберлігі де осындай сөз қолданыстарынан аңғарылады. Келтірген мысалдардан бұны байқап отырмыз.

М. Ж. Көпеевтің «Ер жігіттің өнер салыстырғаны» атты күлдіргі әңгімесінде де фразеологизмдерді жиі байқауға болады. Мысалдар: Тамағымнан ішкен асым әрі өтпей, Құдай ұрып, қаран суалып жүрген жанмын! – дейді. Естіген жұрт қатықтай қатып, сүттей ұйып, сілтідей тұнып нанды дейді. «Қаран суалып жүрген» фразеологизмі көңіл-күйі түсіп, еш нәрсеге зауқы соқпайтын адамның жабырқау жайын баян етсе, қатықтай қатып, сүттей ұйып фразеологизмдері татулық пен бірлікті паш етеді.

Ә. Болғанбаев: «Атаномиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға соншама бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі», -деп, соматизмдердің фразеология жасаудағы маңызын айтады [2,107].

Мысалы,
 Мәшһүр Жүсіп «көзінің ұшымен қарау» фразеологизмнің қолдану арқылы адамды тани білуді, адамгершілігі жоқ адамға жуыспау керектігін уағыздайды. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда осы тұрақты тіркестің экспрессивтілігі және бейнелілігі өте жоғары. І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «көз қиығымен қарау» деген тұрақты тіркес бар. Ол бетіне тіктеп қарамай, қырындап, көзінің астымен қарау дегенді білдіреді. Халық қолданысында алыста, жырақта деген мағынаны беретін «Көз ұшында» деген де тіркес бар. Бірақ берілген мысалда ақын ондай ойды айтқысы келіп отырған жоқ. Демек, «көз ұшымен қарау» фразеологизмін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының авторлық фразеологизмі деуге әбден болады.

Кем кетік, жоқ-жетікке қайырылысып,

Қаріп пенен қасерді көзіңе іл!

Сынау үшін жаратқан бай-кедейді:

«Бір-біріне салсын, – деп, – көздің қырын»

– деп, туған-туысқа, дос, бауырға қарайласып, көмектесу керектігін «көзіңе іл» және «көздің қырын салу» фразеологизмдерін қолдану арқылы жеткізеді. Егер ақын «көздің қырын сал» деп айтпай, «көмектессін» деп қолданған болса, өкленде образдылық және эстетикалық әсер болмас еді. Поэзиялық шығарманың көркемдігін арттыруда фразеологизмнің қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ байқауға болады.

Қарғаларша жер шоқып қалып қалмай,

Көп ішінде көзге түс қоңыр қаздай [4,13 б.].

Күн бұрын істер істің тәртібін біл,

Көзге түс, ауызға ілін, майданға кел! [4,76 б.].

Жоғарыдағы мысалдардағы «көзге түс» тіркесі жалпыхалықтық қолданыстан өзгешелігі жоқ, жақсы ісіңмен таныл деген идеяны жеткізуге қызмет етіп тұр. Суреткердің әдеби тілден қол үзбей, дәстүр жалғастығын сақтағанын байқаймыз. Ақын көп сөзбен айтатыны ойды «көзге түс» тұрақты тіркесін қолдану арқылы қысқа да нұсқа жеткізеді.

Көңіл қой, болар іске, көзінді сал,

Аландап күн өткізбе, босқа шауып! [4,76 б.].

І. Кеңесбаев сөздігінде «көз салу» тұрақты тіркесіне қарады, көңілін аударды деген түсінік жасалады. Ал ақын өлеңінде «көзінді сал» фразеологизмі пайдалы іске бет бұру мағынасында қолданыс тауып отыр.

Лайықсыз ерсілікке арандама,

Әр істің мазмұнының көзің жетпей [4,132 б.].

Бірі боп көзге күйік, жүрмей-ақ қой,

Құрбыдан өзін теңді кейін қалды [4,77 б.].

– дей отырып, ақын халқын тіршілік үшін күреске үндейді, өмірді тануға ықпал жасайды. Зеректікке, зерделікке шақырады. Адамдарды өзін-өзі тәрбиелеу керектігін айтады. «Көзі жетпеу» фразеологизмнің де жалпыхалықтық қордан алынған бейтарап стильдегі тұрақты тіркестер қатарына жатады. Ал «көзге күйік болу» фразеологизмін ақын «көзге күйік» деп ықшамдап қолданған. Лингвистикада мұндай тәсілді эллипсис тәсілі деп атайды.

М. Ж. Көпеевтің «Жігіттер сыбағасы», «Түзеле алмау әңгімесі», «Барпық өнері», «Екі жігіттің өнер салыстырғаны», «Тіней әңгімесі», «Екі құрдастың әңгімесі». «Бір епті жігіттің өнері», «Бір кедейдің сараңдығы», «Сараңның барып тұрған сараңы» атты күлдіргі әңгімелерінің оқиғалары тартымды, оқырманын баурап алады. Қай әңгімесінде болмасын айшықты сөз құралы – фразеологизмдерді кездестіруге болады. «Екі жігіттің өнер салыстырғаны» күлдіргі әңгімесінде мынадай мысал бар: Отырған жұрт аузы аңқиып, айран-асыр, аң-таң болып қала берді (6т, 107 б.). Айран-асыр, аң-таң фразеологизмдері тандану мағынасын аңғартады. Бұл сөйлемде де қосарланып, синонимдік қатар түзген тіркестерді байқаймыз.

Тіліміздегі фразеологиялық тіректер – лексиканың ең бір айшықты бай саласы. Бұлар өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлілігімен көзге түседі.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуы халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс-салт, діни наным-сенімдерге байланысты пайда болып, халықтың рухани байлығына айналған және рухани өмірін суреттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. – Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, -2005 жыл. -396 бет.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.

3 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөдік-словарь, 2006 жыл.

4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998 жыл.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АБАЙ ТІЛІНІҢ ӨРНЕКТЕРІ

КОЖАС Д. А.

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының таным-тіршілігін терең білді, қам-қарекетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынады», – дейді белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев.

М. Әуезовтің «қарасөзқаламгері» дегенатыншығарған «Қырәңгімелері», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?» атты әңгімелері еді. «Ал жазушының «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі?», «Сөніп-жану» сияқты шығармалары кең тыныста және шебер жазылған», – деп баға береді Ы. Дүйсенбаев.

Жазушының прозалық туындыларынан Абай тілінің өрнектерін іздей қалсақ, оның әрбір шығармасынан ақынның сөз кестелеріне тап боламыз. «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімесінде бас кейіпкер байдың ерке қызы Жәмешке ғашық болып жүрген Қабыштың арманын жазушы былай деп береді: «... Қалай да болса, Жәмешжарық айлы түнде, оңаша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынанатқармаған рақаты болмақ.» [3; 370]. Сондай-ақ «Кім кінәлі?» әңгімесінде «Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, ұйықтаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көңілін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей» [3; 289]. Бүлүзінділердегі желсіз түн, жарық ай деген тіркестер Абайдың «Желсізтүнде жарық ай» өлеңіндегі тармақтан алынып отыр. М. Әуезов бұлтіркесті ақын өлеңінен алып арнайы дәл осы жерге пайдалануды көздемеген сияқты. Себебі Абай өлеңіндегі «Желсіз түнде жарық ай» тіркесі жазушының «Абай жолы» эпопеясының бірнеше жерінде, сондай-ақ көптеген әңгімелерінде жиі қайталанып отыратынын байқауға болады. Абай мұрасына қанығып өскен Әуезовке ақынның тілі өте таныс, бойына жақын болып келген, М. Әуезовтің Абайды білгені соншалық, соған рухани бар болмысымен сіңісіп тұтасып кеткен. Демек, М. Әуезов Абайдың кейбір сөздерін өз жанынан дағдылы түрде қолдана берген деуге болады. Осы ойымызды профессор М. Мырзахметұлының сөзімен дәлелдесек: «Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастықта жатыр. Абай

шығармашылығындағы сөздік қордың бәрі де М. Әуезовтің сөздік қорының үйірінен табылады. Бірақ құрғақ қайталанбайды, қайта сынғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады. Абай поэзиясындағы ақындық тіл мен М. Әуезов прозасында жаңарып, кестеленіп барып түрленіп қолданысқа түскен тілдегі табиғи үйлесімді танимыз» [4; 4].

«Ескілік көлеңкесінде» әңгімесін ары қарай оқысақ: «Ең болмаса, бүгін осыны бір өкіндіріп кетеміз. Содан кейін оқ тиген киіктей жаралы боп кете барсын» [3; 370]. Осы жерде Жәмешті оқ тиген жаралы киікке теңейді. Бұл Абайдың Пушкиннен аударған «Татьяна сөзіндегі» мына өлең жолдарын еске түсіреді.

Сен жаралы жолбарыс ең,

Мен киіктің лағы ем [5, 202 б.].

Абай аудармасында Онегинді жаралы жолбарысқа, Татьянаны киіктің лағына балайды. Ақын өлеңіндегі метафоралық қолданыс жазушы әңгімесінде күрделі теңеу арқылы беріледі. Осы сияқты мысалды Қабыштың Жәмешпен кездесуге бара жатқан сәтін суреттеген тұсынан да кездестіреміз. «Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сүлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей» [3, 37 б.]. Махаббат сезімінің тере психологиялық иірімдерін білдіретін Абайдың «Қызырып, сұрланып» өлеңіндегі әсерлі сөз кестелерін М. Әуезов қыз бен жігіттің кездесу сәтіне келісті шеберлікпен өрнектейді. Салыстырып көрейік:

Қызырып, сұрланып,

Лүпілдеп жүрегі

Өзгеден ұрланып,

Өзді-өзі керегі [5; 148]

Абай ғашықтық сезімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтық сезіммен жырлайды. Ынтық болып, зорға қосылған қос ғашық өзгеден ұрланып тіл ката алмай біресе қызырып, біресе сұрланады. Ақын ғашықтық сезімді осындай табиғи күйде, аса іңкәр күйде табысқан тылсым күштің жанды суретін осылайша шебер жырға қосады. Осы өлеңдегі сезім иірімдерін білдіретін сөздерді жазушы әңгімеде Қабыштың қызбен кездесу алдындағы сөзіне дәп басып, жігіттің психологиялық күйін нанымды бейнелейді.

М. Әуезовтің психологиялық прозадағы асқан шеберлігін танытатын үздік шығармасы «Кішкентай бойжеткен» әңгімесі. Жазушының алғашқы әңгімелерінің ішіндегі сюжеті өзгешерек

тұрғаны да осы әңгімесі. Себебі әңгіме оқиғасы бұрын қазақ жерінде болмаған әрі айтылмаған тың тақырыпқа жазылған. Кейіпкерлерінің тағдыры да күрделі психологиялық шиеленіске құрылған. Мұнда губерниялық қаладағы қазақтың оқыған жастарының өмірі суреттелген. Әңгіменің басты кейіпкері-гимназияда оқып жүріп, оны бітірмей кеткен қазақ қызы Ғайша. Алғашында ол халықтың құрметіне бөленіп, ықыласына ілініп жүреді. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады, бірақ мұнысы ұзаққа бармайды. Көркі мен ақылына «оқығанына» мастанған жас қыз өз жұлдызына сеніп, оқуын тастайды, қызметтен де қол үзеді, бірыңғай ойын-сауыққа сән -салтанатқа салынады. Мұнысы бара-бара әдетке айналып, сауықшыл жеңіл мінезін тоқтата алмайды. Уақыт озған сайын Ғайша көріктен де, беделден де айрылып, құлдырай береді. Енді Ғайша үшін күйеуге шығу, тұрмыс құру деген үлкен қасіретке айналады. «Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Ғайшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы , бар қайғысы сол еді» [6, 25 б.], – [252]. Бұл әңгімеде Семей қаласындағы болған оқиға шындығы көрініс тауып, автордың өзі араласып, куәсі болған оқиғалар желісі суреттелген. Мұқтар өзінің жастық шақта басынан кешірген сезім бұлқыныстарын көркем тілмен кестелейді. Жазушы мұндай тебіреністі шақтардың сезім шарпуын өз жүрегі арқылы сыннан өткізеді. «...Әңгімесінің бұрынға атын («Қазақ қызы») өзгертіп алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынасы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Ғайша со кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақты бейне бола алмақ емес. Ал «Кінәшіл бойжеткен » деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар? [6, 443 б.].

Ғайшаның ендігі танысқан жігіті губерниялық қалаға шет жерден жаңадан келген Ғаббас еді. Ғайша мен Ғаббастың танысқанына көп уақыт болған жоқ, бұл күні екеуі губерниялық қаланың бақшасында кездесті. Ғаббастың Ғайшаға білдірген сезімін жазушы былай деп береді: «Ол ішкі сырын сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім... деген сияқты ыстық сезім тілімен бітірді. Сол кездері Ғайшаны өзгертер, толқындар деген сезіммен айтылған, Ғайша бірталай нәзік сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеді » [6;242]. Бұл үзіндіні оқып отырған адам Ғаббастың өтірік сөзінің астары мен сайқымазақ қылығының шетін аңғарады. Ғайша болса бұндай сөзді бірінші рет естіп отырған жоқ, құлағына

әбден үйреншікті болған сөз. Жазушы кейіпкерлерінің қылығын әзіл юмор арқылы сынады.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне Абайдың арзан ойын мен күлкіні ,сауықшыл жеңіл мінезді сынаған

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат » атты өлеңі арналып тұрғандай. Осы жерде Абайдың « Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе» деген сөзі еске түседі. Абай адамға жағымсыз жат қылықтарды әшкерелеп, жігіттер мен бозбалаларды жақсы қасиеттерге шақырады. Мәселен:

Көп жүрмес, жеңісқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылт еткізбес қызықты тамыршы озар.

Жастардың сүйіспеншілік сезіміне айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, акын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Акын өлеңінде жігіте жар таңдауда қыздың мінезіне, ақылына адамгершілік қасиетіне көз жеткізу керек екенін ұғындырады. Қыздың көркіне қарап, лапылдап, көрсеқызарланып нәпсіге ермеуді талап етеді. Бұл жай «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі Ғаббас пен Ғайшаның лапылдап құмарлықпен кездесіп, ақыры суынып сала берген сезімдеріне сәйкес келеді. « Ғаббастың бүгінгі сезіміне Ғайшаның соңғы сөзі тәттіге ащыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Ғайша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сую мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жоқ.» [6, 243 б.]. Жазушы қыз бен жігіт арасындағы сезімді психологиялық шеберлікпен суреттеп, оқырманға шынайы жеткізеді.

Ғайша жүрегінің қайғысы мен өмірінің өкінішті арманын баяндап Ғаббасқа хат жазады. Қыз өмірінің жүдеулігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтып, енді шынайы махаббатын тапқаны туралы машық болып кеткен дағдылы өтірігін жазады. Хатының соңынан Ғаббасқа деген махаббатын білдіріп, Татьянаның Онегинге айтқан сөзінің береді.

«...Шыныңды айт – кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?»

Әлде азғырып өуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?

Шеш көңілімнің жұмбағын:

Әлде бір алданып,

Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс?...» [6, 253 б.].

«Ғаббас хатты бір жолдасына тастап, сақылдап күліп еді», - деп әңгіме жалғасады. Жазушы әңгіме оқиғасы барысында Абайдың аудармасы «Татьянаның Онегинге жазған хатынан» үзіндіні алған. Бұл аудармадан үзінді беруінің себебі, Татьянаның хатын сол кезде қазақ жастарының барлығы сүйіп айтатын болған. Ғайшаның хат жазуының өзі шынайы көңілден емес, жасанды мінезден туғанын автор білдіреді. Оқыриан осы сәтте Ғайшаға жаны ашып, Ғаббастың мазағына қалғанына ыза болып кетеді. Ғаббастың қыздан алған хатына осынша сақылдап күлуі өрескел мәдениетсіздік пен білімсіздікті көрсетеді. Автор Ғайшаның ішкі сезім пернелерін дәл тауып, оның өкініш, арман, қиял, күйік, қайғы, мұң сияқты көңіл күйін білдіретін психологиялық жағдайын дәл бедерлеп, оқырманның ішкі әлеміне әсер етеді. Ғайшаның арпалысқан сезімі, торыққан көңілі, күйінген ішкі сыры, әлсіздік күйі мен толғатқан ойлары терең психологиялық дәлдікпен берілген.

Қорыта келгенде жазушы Ғайшаның қазақ қызына лайық емес жеңіл жүрісін сынай отырып, оның бақытсыз тағдырына жаны ауырады. Автор оқырманды Ғайшамен бірге сырластырып, онымен бірге ойға батырады. Ғайшаның іс – әрекетін оқып отырған оқырман ашуға кенеліп, қазақ қызының қылығына ащы сын айтып та отырады. М.Әуезов осы әңгімесі арқылы халқымыздың әдет-ғұрпына жат қазақ қызының қылығын әшкерелеп, қыз тағдыры, қыз тәрбиесі мәселесін көтереді. Сол кездегі «қазақ оқығандарының», қазақ жігіттерінің беті жылтыр мінездерін де айтып сынайды. Қалахалқының гулеп тұрған өсек-аяның да ашына түйрейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кекілбаев Ә.Әуезов туралы сөз / М.Әуезов - XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті. – Алматы: Ғылым, 1997.-163 б.
- 2 Дүйсебаев Ы.Мұхтар Әуезов. – Алматы: Ғылым, 1974.- 220 б.
- 3 Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1979.-384 б..

4 Мырзахметұлы М.« Қазақтың бас ақыны » атты халықаралық ғылыми- практикалық конференциядан / Қазақ әдебиеті, 2004.- №23-Б.4-5.

5 Абай. Өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 1976.-240б.

6 Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. 1 т.Әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1979 - 456 б.

ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРЛЕРІ СӨЙЛЕУ ПОРТРЕТІНІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КОЖАХМЕТОВА К. Е.

№ 25 ЖОББ, Павлодар қ.

КОЖАХМЕТОВА Б. Р.

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Саяси коммуникацияда саясаткердің сөз сөйлеуінде тек сауатты әдеби сөйлеуі ғана емес, алдына қойған прагматикалық мақсаттарына жетуі де маңызды. Яғни, сөз - саясаткер үшін өзінің болашақ сайлаушыларына, көпшілікке оң ықпал етіп, сендіру құралы. Осы орайда, Абайдың «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады» деген сөзі, кейбір саясаткерлердің сөзді тиянақсыз қолданып, алдын-ала дайындықсыз сөйлеу салдарынан сөйлеген сөзі сәтсіз болып шығуының тағы бір дәлелі. Саясаткердің табысты болуы оның саяси қарым-қатынасының шеберлігіне, сөйлеу тіліне тікелей байланысты. Сонымен қатар, саяси дискурс прагматикалық тұрғыдан саясаткердің сөзі мен ісінің үйлесуіне де өте жоғары талап қояды. Сондықтан саясаткердің сәтсіз сөзі оның беделіне нұқсан, кәсіпқойлығына күмән келтіріп қана қоймайды, тіпті билік пен халық арасында жанжал тууына да себеп болуы мүмкін. Саясаткердің ой-пайымы оның сөйлеген сөздері арқылы зерттеліп, сөйлеу портреті қалыптасады. Қазіргі лингвистиканың өзекті ұғымдарының бірі «тілдік тұлға» болса, «сөйлеу портреті» оның **әрекет етуші** моделі іспеттес. Тілдік тұлға мен сөйлеу портреті ұғымдарының айырмашылығы тіл мен сөйлеу арасындағы қатынасты негізге алады. Тілдік жүйеге сөйлеудің едәуір тұрақталған, кездейсоқ емес құрамдары енеді. «Әрекет етуші тіл», адамдар арасындағы қолданыстағы тілдік заңдылықтарды зерттейді. Ал функционалдык прагмалингвистика аясында сөйлеушінің алдын-ала ойластырып, ниеттеніп тілдік бірліктерді тандауы қарастырылады. Прагмалингвистика – сөйлеуші субъектіге, адресатқа, олардың қарым-қатынастағы өзара әрекетіне қатысты мәселелер кешенін

камтиды. Оның объектісі ретінде сөйлеушінің (мәтінді жіберушінің) ниеті, мақсаты, мәселесіне қарай жүзеге асатын тілдің әсер етуші функциялары қарастырылады [1. 208б.].

Прагмалингвистиканың пәні ретінде сөйлеушінің (мәтінді жіберушінің) тыңдаушысына немесе (мәтін жіберушісіне) әсер ету үшін тең дәрежедегілердің арасынан ең тиімді тілдік бірліктерді таңдауы болып табылады. Таңдауына қарай сөйлеу қарым-қатынасының табыстылығы бағаланады. Прагмалингвистиканың лингвистикалық тұрғыдағы негізгі мәселесі тілдік әрекет пен қолданысының коммуникативтік жағының түсіндірмесін (экспликациясын) жүзеге асырады [2. 108б.]. И. С. Баженованың пікірі бойынша, лингвопрагматика адамның саналы түрде коммуникантқа тиімді әсер ету мақсатында, оның сезімдерін оятуға, жан-дүниесіне ой салуға бағытталып таңдалатын тілдік құралдарға байланысты сөйлеу әрекеті.

Демек, прагмалингвистика сөйлеушінің тең дәрежедегі тілдік формалар жиынтығының арасынан тыңдаушысына тиімді әсер ету үшін жасалатын таңдау мәселесін де қарастырады.

Жалпы сөйлеу актілерінің мазмұнын талдауда семантикалық аспектісі тілдік бірліктердің шынайы болмысқа сәйкестігін қамтыса, синтаксистік ерекшелік тілдің барлық деңгейлеріндегі тілдік бірліктерінің дұрыс ұйымдасуын, ал прагматикалық аспекті тыңдаушыға тиімді әсер етуге бағытталған тілдік бірліктер қолданысын қарастырады. Осы тіл білімі зерттелуіндегі тілдік бірліктер әрекет етуі экстралингвистикалық факторларға, яғни коммуниканттарға байланыстылығы тіл білімі зерттеуі парадигмасының өзгеруіне әкелді. Яғни, тілді іштей өзін зерттеуден, тілдік болмыстан тыс жағдайда тілдің әрекет етуін зерттеуге ауысты.

Бұл жерде сөйлеуші айтылымының тиімді нұсқасын таңдауына бірқатар факторлар әсер етеді. Бұл айтылымының мақсаты мен ниетімен қоса, тұлғаның әлеуметтік психологиялық сипаттарына да байланысты. Ал сөйлеушінің мақсатқа жету үшін әсер етуші прагмалингвистикалық амалдардың бірнеше түрлері бар. Бұлар өтініш, кеңес беру, бұйыру, анықтау иллюкуциялары. Сондай-ақ, мақсатқа жету айтылымды таңдауда белгілі бір синтаксистік модельдерге, сұраулы, бұйырықты, хабарлау сөйлемдерге жүгіну арқылы жүзеге асады.

Біздің мақаламызда прагмалингвистикалық ерекшелікті тыңдаушыға тиімді әсер ету үшін тең дәрежелі жиынтықтан тілдік бірліктердің (лексемалар мен синтаксистік құрылымдарды) мақсатты түрде, ниеттеніп, уәжді таңдалуы зерделенеді.

Алдымызда айтқандай, прагмалингвистика тұрғысынан айтылым сәттілігі екі әрекетті дұрыс қолдана білуіне байланысты болады, олар: ұқсамайтындарды **біріктіру (комбинация)** және ұқсастарды **таңдау (селекция)** жүзеге асыру. Яғни, **таңдау** немесе сұрыптау ұқсастық негізінде, айырмашылықтарды айыру негізінде, синонимдер мен антонимдер негізінде жасалады. Ал біріктіру іргелесу негізінде жүзеге асады.

Сөйлеушінің саналы түрдегі айтылымы, не айтқысы келгеніне қарай өз ойын жеткізу үшін қандай құралдар нақтырақ келетінін түсінуінен басталады. Осы жерде сөз саптауы, таңдауы айтылымының тиімділігіне тікелей ықпал ететіні көрінеді. Ал осындай **таңдау** тілдегі сөздердің бір лексикалық топқа бірігуі, семантикалық өріс, синонимдік және антонимдік қатардың болуы арқылы мүмкін болады. Лексикалық бірігулердің мағынасы айтылатын сөздерге байланысты болады. Мысалы, ниеттенудің жалпы мағыналары әртүрлі етістіктер арқылы берілуі мүмкін (өтіну, жалыну, жалбарыну, кеңес беру, ұсыну, сендіру, хабарлау, талап ету, бұйыру т.б.). Салыстырып көрсек, **мұқият болуын өтінді, мұқият болуын ұсынды, мұқият болуын талап етті** және т.б. Осы сөздерде семантикалық ортақтық бар болғанымен олардың айырмашылығы ниеттерінің **кесімді болу дәрежесінде**, мысалы, **өтіну** және **талап ету**. Немесе **қарқындылық дәрежесінде**, мысалы, **жалыну** сөзінің мағынасы жай ғана **өтіну** емес **жалынып өтіну** дегенге келеді және **өтіну** сөзінің мағынасына қарқындылық үстейді. Сонымен қоса, қолданыс аясымен де ерекшеленеді, мысалы, **«мұқият болуын ұсынады»** дегенді арнайы бір саланың мамандарының ұсыныстарында қолданылса, **мұқият болуына кеңес береді** деп білімі мен тәжірибесі мол адам кеңес бере алады деп есептеледі.

Біз сөйлегенде немесе жазғанда, сөзіміздің негізінде тілдің құрылымына байланысты екі маңызды фактор – **таңдамалау** және **біріктіру** ықпал етеді. Басқаша айтқанда, сөз сөйлеуде сөйлеушінің ойына сәйкес келетін сөйлеу құралдарын таңдау да, олардың шебер үйлесімі де маңызды рөл атқарады. Өз ойларымызды айтылым арқылы адресатқа хабарлағанда біз белгілі бір сөздерді мағынасына қарай бір-бірімен байланыстырып, қисынын келістіріп таңдаймыз. Сол тіркестер таңдалғанда тіліміздегі бар ережелерге негізделеді. Ал ана тілінде сөйлейтін адам көп жағдайда сөздерді автоматты түрде таңдайды және біріктіреді. Ал таңдау (селекция) механизмінің жұмысына осы автоматты түрде таңдап, біріктіруге мүмкіндік болмағанда ғана көз жетеді.

Тіл білімінде сөйлеу әрекетінің анықтамасын алғашқылардың бірі болып Л.В.Щерба берген, ол тілді үш бағытта қарастырды және тілдің аспектілері ретінде **сөйлеу әрекеті, тілдік жүйе** (сөздіктер мен тіл грамматикасы) және **тілдік материал** (белгілі бір жағдайдағы айтылымдар мен түсінілуді қоса қарастыру) [3. 25]. Осы анықтамаға шет тілдер әдістемесінде қолданылатын «сөйлеу әрекетінің түрлерін қамтитын» **айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым** ұғымдары тікелей байланысты.

Сөйлеу әрекеті саналы, ынталандырғыш, сөйлеушінің немесе жазушының (мәгін авторы) мақсатына байланысты әрекет болып табылады және сөйлеуші ниетін жүзеге асыру барысында көрініс алады. Осылайша, сөйлеу әрекеті сөйлеу амалдарынан құралады.

Ниет функционалды прагмалингвистика тұрғысынан қарастырылады және белгіленген мақсатқа жетудің саналы ұмтылысы болып табылады. Бұл лингвистикада сөйлеу әрекеті барысында жүзеге асатын ниет, яғни иллюкуция. Сөйлеу нұсқасының таңдау ниеті оның тақырыбы, жағдайына сәйкестігі, П.Грайстың қарым-қатынас максималары, Дж.Линчтың сыпайылық максимасы, сөйлеушінің тұлғалық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік және басқа да сипаттары ескеріліп жүзеге асады. Сонымен қатар, адремсаттың кері байланысы да ескеріледі [4. 34].

Сөйлеу әрекетінің прагмалингвистикалық ерекшелігінің таңдау критерийі ретінде сөйлеушінің (саясаткердің) лингвистикалық бірліктерді «қазір» және «осы жерде» сәтті таңдауы болып табылады. Адресантқа бағытталған қажетті тіл бірліктерін таңдауы қарым-қатынас жағдайы, мақсаты мен уәждемелері арқылы анықталады, олар таңдауды негіздейтін экстралингвистикалық фактор болып табылады [5. 146.]. Бұл жерде қарым-қатынас жағдайы ретінде біз саяси коммуникацияны қарастырамыз. Мысалы, 2023 жылғы 27 ақпандағы «ДЕБАТЫ кандидаттар в депутаты в Мажилис Парламента по округу №5 г.Алматы В ПРЯМОМ ЭФИРЕ YouTube-канала TALAP.Talks» пікірсайысындағы саясаткер Мұхтар Тайжанның сөзіне тоқталар болсақ, « ... Бірақ кеше ғана кешке қарай, **мына екі мырза**, ол да «Аманаттың» мүшелері, Базарбек мырза секілді, ол да бізге қосылды. Яғни, қазіргі таңда дебат Базарбекпен емес, **мына төртеуінің** дебаты болып қалды. Бұл шынайы дебат емес. ... **Мына үшеуінің** бір ғана «шефы» бар, ол – Ерлан Қошанов мырза.» [6], деген сөздерінде сөйлеу тілі арқылы қоғамдық-саяси идеяларын, билікке күресу мақсатында қолданғанын көреміз. Яғни, «мына үшеуі», «мына екі мырза» сияқты «өзіміз - бөтен» немесе оның басқа нұсқалары «біз – олар, мыналар»,

«дос - жау» сияқты дуалды оппозицияның негізінде этникалық сана жатыр. Саясаткер кез келген саяси додада сайлануы үшін өз қарсыластарын, яғни «бөтендерді» жеңуі керек, және «өзіміздің адамға» айналуы керек. Бұл жерде «өзіміз - бөтен» дуалды оппозициясы «Мына үшеуінің бір ғана «шефы» бар, ол – Ерлан Қошанов мырза» деген сөзінен де олардың халыққа жат екенін, үшеуі қосылып бір кандидатқа қарсы шығып жатқанын, пікірсайыстың шынайы өтпейтінін атау арқылы «бөтендікті» білдіріп тұрғанын аңғарамыз. Сонымен қоса «**мына** үшеуінің», «**мына** екі мырза» дегендегі сілтеу есімдіктері алшақтық сипат пен бөтендік мағына береді.

«Өзіміздікі – бөтен» деген даулдық оппозицияны келесі коммуникативтік стратегиялар арқылы сипаттауға болады. Олар «бөтендер ортасы» мен «өз ортамыз» сияқты коммуникативтік стратегия мен олардың тактикасын құру арқылы жүзеге асады. Бұл коммуникативтік стратегия айтылымдар мақсатының позициясы арқылы анықталады және бұл жерде саяси коммуникация деп билікке күрес барысындағы уәжді дәйектелген сөйлеу амалдарын айтамыз. Әрбір коммуникативті стратегия белгілі бір тактикалар жиынтығы арқылы арқылы сипатталады. Ал коммуникативтік тактика коммуникативтік яғни қарым-қатынастық ниеттер арқылы сөйлеудің өзара әрекеттесуінің нақты процесінде жүзеге асады.

Демек, саясаткердің сөйлеу портретін прагмалингвистикалық тұрғыдан қарастыру барысында «жау образы» мен «қаһарман образын» жасау маңыздылығы анықталады. Және «жау образын» жасау тактикасын жүзеге асыруда саясаткер саналы түрде қарсыласының адамгершілік, кәсіби, күш-қуаты т.б. сипаттарын төмендетуге бағытталған тілдік бірліктерді таңдайды. Осылайша, көпшілік арасында өз қарсыласына деген теріс пікір қалыптастырады.

Ал «өзіміздің адам образын» жасау стратегиясының негізінде «адресатпен ынтымақтастықта», көзқарастарының, мүдделерінің ортақ екенін білдіретін тактика жатады. Сонымен қоса, өзінің көшбасшылық сипаттарын, ақылын, жігерлілігін, әділдігі сияқты сипаттарын көрсетуге тырысып, «қаһарман образын жасау» тактикасын негізге алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Матвеева Г.Г. Некоторые проблемы прагмалингвистики // прагмалингвистика и практика речевого общения: сб. Науч. Тр. Междунар. Науч. Конф. (24.11.2007 г.). – Ростов-на-Дону: ИПО ПИ ЮФУ, 2007. – С. 208.

2 Баженова И.С. Эмоции, прагматика, текст: Монография. – М: Изд-во «Менеджер», 2003. – С. 108.

3 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л: Наука, 1974. – С. 24-26.)

4 Матвеева Г.Г., Ленец А.В., Петрова Е.И. Основы прагмалингвистики. – М: Флинта, 2013. – С. 34

5 Матвеева, Г.Г. Диагностирование личностных свойств автора по его речевому поведению / Г.Г. Матвеева. — Ростов н/Д.: ДЮИ, 1999. — С-14.

6 <https://clck.ru/33rENN>

ЕГІНШІЛІК ФОЛЬКЛОРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КОНЫРБЕКОВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ даласында егіншіліктің байырғы дәуірлерден келе жатқандығына археологиялық зерттеулер толық дәлел бола алады. Бұл кәсіптің республика аймағында пайда болған мезгілі – неолит дәуірі, осы уақыттан бастап табиғаттың дайын өнімдерін пайдалану орнына өндіруші шаруашылық – мал және егіншілік туа бастады, екі кәсіп түрі бірін – бірі толықтырып отырған [1]. Кейінгі мерзімдерде қазақ халқының басты шаруашылығы – бақташылық болып, тұрмысы көшпелі сипат алғанымен егіншілік кәсіп жойылып кеткен жоқ, тек әлсіреген кезеңдері болған, өзенді – сулы өңірлерде, белгілі өлкелерде ғана дамыған. Сол себепті егіншілікпен байланысты сенімдер мен ғұрыптардың, фольклорлық түрлердің түп – тамыры тереңге тартады деп түйіндей аламыз. Алайда, ата – бабаларымыздың егіншілік кәсібінің көне кезеңдерін айғақтар заттық куәліктер археологиялық қазбалардан көптеп табылып отырса да, сөз мұралары аз. Сондықтан кейініректе хатқа түскен материалдарға арқа сүйейміз. Өйткені, фольклорда дәстүр тұрақты, сабақтастық үзілмеген.

Бұрын егіннің бітік өсуі тиісті ғұрыптарды орындап, ырымдарды сақтаумен байланысты деп сенген. Басқа кәсіптер тәрізді егіншіліктің өз иесі, пірі бар деп иланған, әрі енбектің берекетті, жемісті болуы иенің көңілін табуда деп нанған. Орта Азия халықтарында Бобой Дехқан, Баба – Дайхан, Дехқан баба, казақта – Дикан баба.

Көне мифтік аңыздардың бірінде атам заманда адам енді адам болып келе жатқанда Аспан ата мен Жер ана «Жан бергенге дән беріп», жан біткенді жарылқап, Дикан баба жыл сайын жаңбыр орнына аппақ ұн жаудырып отырғаны баяндалады. Мұндай молшылықты көтере алмай, мейманасы тасыған адамдар «Дикан баба, биылда көп бер, қиқандама» деп кепиет сөздер айтыпты. Көл – көсір астықты аяқасты етіп қорлапты. Бұл оспадарлыққа өкпелеп, шамданған Дикан баба үш жыл ұдайы теріс қарайды. Кейін адамдар Дикан бабаның аяғына жығылып, кешірім сұрайды [2].

Ә. Диваевтың жазуына қарағанда, «Дикан өз қырманының астығын алып, пайдалануға кірісерде Дикан атаның атына бағыштап, Құраннан аят оқиды. Содан соң алғашқы өлшем қайыр – садақаға, «аққұлаға» бөлінеді. Бұл міндетті түрде кешкісін оттың жарығымен жасалады, күндіз жасалмайды» [3].

«Аққұла арабша «алланың хұқы» дегенді білдіреді. Г. П. Снесаревтің ойынша, бұл ғұрыптың тегі зороастризмге тіреледі [4]. Алланың жолына деп бөлінген дөнге мал таптаған шақтағы жұққан ластықтан тазарту ырымы жасалған. В. Н. Басиловтің ой – тұжырымдарына жүгінсек, Дикан бабаға сыйынудың арғы тегінде бір кездегі дамыған күшті аграрлық құдайға табынудың іздері бар [5].

Жер жыртуға кірісер алдында егінші ауылдың көрнекті жеріне қазан қойып, қос көже дайындап, оған ауыл ақсақалын шақырған, өз ниетінен хабардар етеді. Дәмнен соң ақсақалдар:

Күдай бере берсін,

Дикан баба келе берсін [6], –

деп бата берген.

Тұқым себуге кіріскенде:

Бісімлеліхир – рахман ар – рахим,

Я, Дикан баба, құрт – құмырска,

Жан – жануардан қалғаның менікі,

Я, құдая, ауадан жаудыр, жерден өндір,

Бала – шағаның ризкын жеткер [6],

Немесе:

Бісімлле,

Көпгін несібесіне,

Дикан баба жолына [6], –

деп жалбарынған.

Алғаш дән егу кезінде «менің қолым емес, Дикан бабаның қолы» деп жасалатын ырым негізінде де жер бетіне шығар өнімнің иесі бар деген көне – наным сенімдердің көрінісі жатыр.

Негізінен, күріш дақылын егумен айналысатын Сыр бойында мынандай аңыз бар: «Адам Ата мен Хауа Ана Ібілістің азғыруымен Жаратушының әмірін орындамайды. Жаратушы оларға ешнәрсе берместен жұмақтан аластауды ұйғарады. Қаншама жалынып – жалбарынғанымен Жаратушы райынан қайтпайды. Адам Ата амалы таусылып, өзімен бірге Жер бетіне қимас заттарынан бір нәрсені ала кетуді ойлайды. Сөйтіп, башпайының арасына күріштің дәнін қыстырып ала түсіпті. Күрішті Тәңірі дақылы деп қабылдау осы кезеңнен басталыпты». Әдетте, көктемде күрішті егерде егіннің бітік болуы, құрғақшылық болмауы үшін алаң басында құрбандық шалынады. Күрішті алғаш суарардан бұрын да су келетін жолға қолмен не арнайы ыдыспен сушашылады.

Күрішке жіберілетін су атыздарын қазған кезде де арық қазушылардың құралдарын (күрек, кетпен) шаршаған жағдайда тоқтатпастан келесі адамға беруі, оның да өз кезегінде жұмыс біткенінше басқа қолға өткізуі шарт. Осы әрекет арқылы су жолында болатын сырт кедергілерден сақтану ырымын байқаймыз. Жұмыс біткенше құралды тастамау (дем алмау) – осы күштерге қарсы тұруға арналған тыйым. Ол бұзылса, судың келмей қалу қаупі күшейеді не ысырап болады. Бұл ырымның негізінде адам баласының көне замандардағы барлық заттың (құбылыстың) жаны, иесі бар деген таным – түсінігі жатыр. (Дәл осыған ұқсас ырымды өлікті жерлеу ғұрпынан да кездестіреміз. Өлікті жерлеу кезінде де о дүниеге аттанған адамның орнын қазушылар (көр) жұмыстарын тоқтатпай, қашан марқұм денесі топырақпен көмілгенше құралға кезекпен – кезек иелік етеді. Мұнда да өлімді (өлген адамды емес) алыстату сенімін аңғарамыз. Жұмыс толық аяқталғанша оны тоқтатуға, демалуға тыйым салынған. Тыйым бұзған адам өлілер әлеміне бір – табан жақындай түседі деген сенім калыптасқан).

Жер жырттып жатқан егінші жанынан өткенде жүргінші: «Бір дәнің мың болсын» деп тілек айтса, қырман қасынан өткенде: «Қырман тасысын, обынан асын» деп тілек білдіруі қажет болған [6].

Астық бастыру науқанында мал айдаған балалар:

Оптыр, майда, бидай пайда,

Диқан баба, майда – майда,

Береке бер, құдая – ау, көп – көп пайда [6], –

деп, өлең айтқан. Келтірілген өлең мәтіндері таза практикалық мақсатта айтылған.

Ежелден келе жатқан ғұрып – қырыманды қандау. Егін иесі астық жанында «Құдай жолы деп, Диқан бабаға» деп қой не серке сойып, құрбандық қанымен жерді суарған, астыққа тығылған күрек, айыр, сыпырғыны қандаған. Бұндай ырымдар иенің көңілін аулау астықтың бітік шығуын қамтамасыз ету ниетінен туындаған. Этнографтар Р. Д. Ходжаева мен В. В. Востровтар Қостанай және Қарағанды облыстары егіншілері арасында сақталған Диқан бабаға арналған Көк жағыс мейрамын көрген [7].

Көк сәл көтерілген уақта ұйымдастырылатын мейрамда құрбандыққа қой – ешкі не сиыр шалынған, құдай мен Диқан бабадан жанбыр сұрап, жалынған. Астық бастыру кезінде балалар:

Оптыр майда, оп майда,

Майда болмай, болмайды,

Сабаны саған пайда,

Дәні маған пайда [6], –

деген тәрізді өлең айтқан.

Қырман басында айтылатын мұндай өлеңге ұқсас, үндес жолдардың туыстас қырғыз, өзбек халықтарында ұшырасатыны белгілі.

Алғашқы қауым дәуірінен бері келе жатқан әрбір құбылыстың: желдің иесі, күн иесі, су иесі, т. б. күдіретті иелердің пәрменімен болып жататындығына сенім бертінде де ізі – қайым жойылып кете қоймаған. Көп иелер туралы түсінік бір Құдайға табыну шыққан соң да, ислам діні таралғаннан бері де сақталып қалған, кейде Диқан бабаға сыйынумен қатарласа – қабаттаса жүретіндігіне көз жеткіземіз.

Қазақ арасындағы аңыз – әңгімеде он тоғызыншы ғасырда Алтайда су құрылысын жүргізетін Кеншін жайында «Су иесінің киелі бұйдасы Кеншіннің қолында, ол өзеннің суын тіркеулі түйедей жетектейді» деген сөз болған. Бір рет Ертіс өзенінен тоған алып, арық қазып жатқан он үш жұртқа ол кенеттен: «Біз жаңылыппыз, бұл тоғанға су шықпайды, енді әуре болмай, жұмысты тоқтатайық... Маған су иесі аян берді, қазылып жатқан арыққа су иесі ақ бура болып келіп, көлденең жатып алды», – деп, жұмысын тоқтатқан.

Егінші жұрттың арық пен тоған тазарту, су тоқтату шаруаларын атқарып жүріп, құрбандыққа өгізше сойып, қанын жерге тамызбай, бірден суға ағызып жіберетін ырымы болған [6]. Бұл ғұрыптың су иесінің көңілін тауып, мейірімін аудару, рақымын түсіру мақсатында орындалатыны күмән келтірмейді. Құрғақшылық жылдары өзен – сулы жерлерде тасаттық жасап, малды бауыздап,

канын қолма – қол суға ағызуды су тәңірісіне жасалған аса ірі ілтипат белгісі деп ұққан абзал. Су иесі туралы түсінік байырғы кезендерде шыққан, ал су иесі – Сүлеймен деутүркі халықтарында ислам кіргеннен кейін қалыптасқан. Хакастар су иесін суда жүзгендер мен балықшыларды желеп – жебеуші әрі жадылаушы ретінде кабылдаса, тофалар оның тау иесіне бағынбайтындығына, әрбір өзен, судың жеке қожайыны болатындығына, олардың бас су иесіне мойынсұнатындығына нанған. Бақсы сарындарында ұшырасатын: «Су басында – Сүлеймен, Су аяғында – Қорқыт» деген жолдар осындай наныммен ұштасып жатыр. Зайсан, Ертис балықшылары балық аулар алдында Сүлейменге төу етіп:

Су ішінде Сүлеймен,
Судан балық тілеймін.
Алабұға, майбас,
Қармағыма жармас,
Қабандай қап, балық,
Қармағымды тарт, балық [8], – деген.

Дән тазартып жатқанда жел иесін дауыстап «Мірхайдар, кел, Мірхайдар» деп шақырған. Ә. Диваев «Жел шақыру» өлеңінің мәтінін орыс тілінде аударып бастырған, өкініштісі, сол мәтіннің қазақша нұсқасы сақталмаған:

О, Жалаңаш ата, жел шақыр,
Көтерілсін қара тұман боп,
Құйын болып, боран боп,
Үрлесін жалба – жұлба етіп, жалаңаштап
Жарқырау үшін оның денесі,
Мен таба алмаспын басқа жол
Сабаннан тазалау үшін тартылған дәнді
О, Жалаңаш ата, жібер оңтүстік – батыстан
Гуілдеген қызыл желді [9].

Бұрын шығырдың да тәңірі бар деп иланған. Т. Сейдалининнің жазуына қарағанда, Торғай өңіріндегі Сейіткүл қыпшақ бастаған егіншілер атаулы мейрамында Құдай және Әлі Шынарға бағыштап, құрбандық берген, сол кезде орындалатын өлеңі:

Шығырдың шын атасы, – Әлі Шынар,
Шынарға сыйынбасаң, шығыр сынар.
Әліге Шынарменен шын сыйынсаң,
Қашанда Тәңірі оңғарып, ісің тынар.

Дикан бабаны ашуландырып, қаһарына тиюден, обал – сауаптан, киесінен қорыққан қазақ нанды жерге тастамайды. Нанды

қасиет тұтқандықтан «Егер баланың бойы нанға қолы жетпесе, Құранды табанға қойып алуға болады, ал, Құранға қолы жетпесе, нанды табанға қойып алуға болмайды» деген түсінік орныққан. Сондай – ақ нанды екі саусақтың арасымен қысып алуға болмайды, ауыздағы жеп отырған нанды түкіріп тастауға болмайды, теріс қоюға болмайды, үстіне зат қоюға болмайды, кесілген нанды, болмаса, жеп отырған нанды шертуге, бір қолмен үзіп жеуге болмайды, нанды кеудесіне қойып турауға болмайды, т. с. тыйымдар туындаған.

Диканшы үшін астан кейінгі қадірлісі – еңбек құралы. Ел аузында кетпеннің теміріндегі доғал тесік жөнінде мынадай аңыз айтылады: «Көне замандарда бір диканшы жігіт андаусызда жыланды өлтіріп алыпты. Жылан ордалы жылан екен. Өлген жыланның кегін қайтармаққа ордаластары жігітті іздеп шығады. Бұны сезген жігіт жан сауғалап қашыпты. Ордалы жыландар жігіттің ауыл – аймақ, туған – туыстарын түгел жалмапты. Жігіт амалы таусылып, көрші ауылдағы дана қариядан амал сұрайды. Сонда қария: – Балам, сені бір құтқарса қолыңдағы кетпенің құтқарады, осыны қалқан қылып жат, – деп, жігітті тоғыз кетпенмен және күлше нанмен жауып тастапты. Бірақ жыландар жігіттің жасырынған орнын тауып, оқша атылыпты. Алайда, тоғыз кетпенді тескенімен, нанды тесіп өте алмай, өздері жан тәсілім етіпті. Осылайша, жігіт дана қарияның ақылының арқасында аман қалыпты. Кетпеннің теміріндегі тесік осылайша пайда болыпты деседі» .

Егін егу барысында еңбекке жаңа араласқан жасқа елге қадірлі, егіні бітік шығатын қарт диканның құралы (күрек, кетпен, т. б.) беріледі. Бұл жаңа туған нәрестенің бесігін елге сыйлы, көп ұрпақ өсірген ананың аттағаны (мінгені), дүниеден озған қадірлі қарияның киімдерінен оның жасын, сый – құрметін берсін деп жыртқыс бергені секілді көшпелі ғұрып.

Диканшылықты атадан балаға мирас етіп келе жатқан адамдардың еңбек құралдары да – ең қастерлі заттардың бірі. Бақилық болған диканшының тұтынған еңбек құралдары да өзінің ізін басқан ұрпақтарына немесе осы кәсіпті меңгерген талапты жасқа табысталаып отырады.

Күрішті өсірушілер арасында осы дақылды тыныштықты сүйеді, адамның көңіл – күйі дақылдың өсіп – өнуіне әсер етеді деген түсінік қалыптасқан. Күріш көңілді жүріп, ән айтқанды, өзімен сөйлескенді ұнатады деген деректер де кездеседі.

Кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді [10]. Диканшылық кәсіптегі ең маңызды нәрсе – егінді

бітік шығарып, мол өнім алу. Қауын – қарбыз егушілер дақылдың құр жапырактанып (еркектеніп) кетпей, өнімді көбірек беруі үшін көп құрсақ көтерген әйел адамның іш киімімен пәлектерді ұрып – қағып шығады. Мұндай ырым мақта өсірушілерде де бар. Пияз егушілерде де осы ырым сақталған. Бұл дақылды егушілердің басты мақсаты – мол өнім алумен бірге дақылдың ащы, иісті болуы. Сол себепті де кей жерлерде осы дақылды ырым бойынша адам өз бойынан жел шығарып барып, егеді. Осылай етсе иісі өткір, таза болады деп сенген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан тарихы. – Алматы, 1996. – Т. 1. – Б. 85.
- 2 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, 2002. – Б. 26.
- 3 Диваев Ә. Тарту. – Алматы, 1992. – Б. 167.
- 4 Снесарев Г. П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М., 1969. – С. 222 – 223.
- 5 Башилов В. Н. Культ святых в исламе. – М., 1970. – С. 13.
- 6 Кармышева Дж. Х. Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. – М., 1986. – С. 56, 60, 63.
- 7 Хозяйство казахов на рубеже XIX и XX веков. – Алма – Ата, 1980. – С. 251.
- 8 Тоқтабай А. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. – Алматы, 2005. – Т. 1. – 261 б.
- 9 Диваев А. Заклинание и призыв ветра: Из киргизских поверий // Этнографическое обозрение. – Вып 1 – 2. – 1910. – С. 131 – 133.
- 10 Қасқабасов С. Жаназық. – Астана, 2002. – Б. 72.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ МӘСЕЛЕСІ

КУАНДЫК Н. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 6 лицей-мектебі, Екібастұз қ.

Қазіргі таңда тәрбие, білім беру, шәкіртті қалыптастырудағы ең үлкен міндет ұстаздардың мойнында. Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеуін дамыту қазіргі тіл білімінің маңызды мәселесі болып табылады. Білім беруде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту – сапалы білім мен тәрбиелеудің негізі болып отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы басты міндеттер – білімді, бәсекеге

қабілетті, өз ойын жеткізе алатын болашақ мамандарды дайындау үшін білім беруде тиімді әрі қолайлы әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп отыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына да елеулі рөл атқарады. Сауаттылық - адамның ана тілінде жазу және оқу дағдыларын меңгеру дәрежесі, адамның одан әрі дамуын құратын негіз. Демек, қазақ тілі мен әдебиеті пәні жас буынды оқыту мен тәрбиелеу барысында сауатты, білімді болуы үшін маңызды пән. Қазақ тілін атақты тюрколог, шығыстанушы Йоханнес Бенцинг «Ғылыми, әдеби тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі - түркі тілдерінің ішіндегі өте әсем, өте бай тілдердің бірі» деп баға берген. Ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деген сөздеріде қазақ тілінің мерейін одан әрі үстем етеді [1, 17 б.].

Қазақстандағы орыс мектептерінде қазақ тілі жүйелі деңгейде оқытылып келе жатқанына бірнеше ондаған жылдар болды. Дегенмен еліміздегі орыс тілінде оқып жатқан оқушылардың басым көпшілігі қазақ тілін білмейді. Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болғанымен орыс сыныптарындағы жағдай өзгерер емес:

Біріншіден, жоғары мемлекеттік деңгейде қазақ тіліне деген қарым - қатынас жиі төмендейді. Қазақ тілін білу қарапайым азаматтар үшін де, кез келген дәрежедегі азаматтар үшін де міндетті емес. Басқаша айтқанда, нақты және тиімді тіл саясаты әзірге әзірленбеген.

Екіншіден, оқулықтар күрделі мәтіндерге негізделген, тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Кейде балалар мәтіндерді мағынасын түсінбей жаттап алады. Сонымен бірге, егер адамның тілді үйренуге ынтасы болмаса, ең керемет әдістер мен оқулықтардың да әсер етпейтінін түсіну керек. Басқаша айтқанда, орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытудың төмен болуының негізгі себебі-ел мектептеріндегі білім сапасының жалпы төмендеуі.

Үшіншіден, оқушылардың болашағын қай тілмен байланыстыратыны. Әр түрлі саяси және экономикалық жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының кейбір азаматтары, ұлтына қарамастан, өз болашағын қазақ тілімен байланыстырмайды,

сондықтан бұл адамдардың оны үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығы жоқ.

Тортіншіден, қазіргі таңда адам өміріндегі көптеген іс-әрекеттер ғаламтор арқылы жүзеге асатындықтан керекті мәліметті іздеу барысында сайттарға жүгіретіміз бар. Ал қазақ тіліндегі сайттар орыс тілді сайттарға қарағанда 3 есе төмен. Сондықтан қазақ тілді сайттардың санын арттырып, сапасын жақсарту керек.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселесі тек әдістеме ғана емес кітаптар, оқу құралдары, сөздіктер т.б. Бұл орталықтардың жұмысының тиімсіздігінің басты себебі-ғылыми негізделген бірыңғай әдістеменің және жоғары сапалы сөздіктердің, жергілікті емес халықтарға, қазақ тілін жетік білмейтін қазақтарға арналған оқулықтардың жоқтығы.

Әлем әдебиетінен жақсы аудармалармен қазақ тілін оқытудың мәтіндік бөлігін әртарапандыратын уақыт жетті. Бұл арада ҚХР қазақтары қытай фильмдерінің қазақша аудармаларын жоғары деңгейде жасады [2, 36 б.].

Орыс сыныбына қазақ тілін үйрету әдістемесі ескірген деген пікірдемін. Қазақ тілін оқыту әдістерін шет тілі оқыту әдістемесімен салыстырғанда, шет тілін оқытудың қазіргі әдісі өте дамыған және әр түрлі елдерде белгілі бір ерекшеліктерге ие. Әсіресе ағылшын тілін оқыту әдісі табысты және әмбебап.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселелерін алдын алу мен жою үшін:

1 Кез келген тілді оқыту стандарттары алты деңгейден тұрады, олар жаңадан бастап еркін сөйлеуге дейін. Қазақ тілін оқыту әдістемесі грамматиканың аралық нұсқаларын ескермей, үш деңгей: бастауыш, орта және жоғары. Ағылшын тілінде, мысалы, бес деңгейлі бейімделген мәтін бар оқулықтар бар. Біріншісі – жиі қолданылатын 400 сөз, екіншісі – 800, үшіншісі – 1200 және т.б. камтиды. Бұл – сатылай оқыту жүйесі. Сондықтан оқулықтар жұмысына тәжірибелі принтерлерді, иллюстраторлар мен аниматорларды тарту қажет. Ағылшын оқулықтарының үлгісіне сүйене отырып, комикстерді кеңінен қолдануға болады. Бұл тұрғыда Білім және ғылым министрлігі мектеп жасындағы балаларға эстетикалық тәрбие беруге көбірек мән беруі, оқулықтардағы сурет пәнінің оқыту деңгейін және иллюстрациялардың сапасын арттыруы тиіс. Бұл жағдайда жергілікті және шетелдік иллюстраторлар мен аниматорлар жақсы қызмет көрсете алады. Егер біз қазақ тілі оқулықтарын Оксфордтың түпнұсқаларының негізіне алып,

тіпті олардан кейбір құрылымдарды көшіріп алсақ, балалар жазушыларын, аудармашыларын, жоғары кәсіби лингвистерді, әдіскерлерді, суретшілерді оқуға дайындайтын болсақ, онда біз проблеманы жоя аламыз.

2 Оқу үрдісінде оқушының шығармашылық қабілеттерін шыңдау арқылы жетістікке жетуге жол ашамыз. В.А. Бухваловтың айтуы бойынша «шығармашылық мәселелерді шешу әдістерін меңгеру - бұл шығармашылық тұлғаны қалыптастырудың алғашқы сатысы. Екінші қадам - шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру технологияларын меңгеру. Технология жалпы мағынада белгілі бір әрекетті жүзеге асыратын әдістер жүйесі. Шығармашылық іс-әрекет технологиясы - бұл шығармашылық іс-әрекет жүзеге асырылатын әдістер жүйесі».

3 Оксфорд балалар оқулықтарына жасалған талдау олардың оқыту әдістерінің бірқатар негізгі ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл кездейсоқ ойын жағдайы, онда түрлі -түсті суреттер қолданылады, «суретті», сөздердің мағынасын креативті түрде ұсыну, қарапайым диалог құрылымдары, қарапайым және қызықты басқатырғыштар, көбінесе өлең түрінде сөздерді жаттау, сөздерді үйренуге шығармашылық жұмыстар, шағын әңгімелердегі өмірлік жағдайлар және т.б. Тіпті грамматика да ішінара көңілді, суреттелген түрде ұсынылған. Демек, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында да осы айтылғандарды басшылыққа алып, жаңаша көзқараспен, әдістер мен тәсілдерді, түрлі технологияларды пайдалана оқыту арқылы тиімді нәтижеге жете аламыз [3,28].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мына іс-әрекеттерді қолдана отырып қазақ тілін орыс сыныптары үшін үйренуді жеңілдетеді алады:

1 Жаңа сөздерді жаттау. Қазақ тілінің сөздік қоры өте бай. Дегенмен жиі қолданылатын сөздерді жаттау, қазақ тілін қиындықсыз түсінуге ықпал етеді. Сөзді оңай жаттауға арналған әдіс-тәсілдер мен ойындарды ұтымды қолдану керек. Оқушының жеке сөздік кітапшасы мен дәптері болуын қадағалау керек.

2 Мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс барысында мәтінді талдау, сұрақтар қою – қазақ тілін игеруде, сөздерді түсініп, өз ойын құрастыруға ықпал етеді. Мұғалім үнемі оқушыларға қызықты, оңай мәтіндерді саралай білуі тиіс. Мәтінмен жұмыс жасауға арналған түрлі әдіс-тәсілдерді де білуі шарт. Оның ішінде жазу, тірек-сызба жұмыстары, сұрақтарға жауап іздеу негізгі тәсілі болып есептеледі.

Тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға арналған мәтінмен жұмыс жасау үлгілері:

- мазмұн бойынша сұрақтарға жауап бер;
- берілген тізімнен дұрыс жауаптарды анықта;
- мазмұн бойынша сұрақтар құрастыр;
- сөйлемді толықтыр;
- қате тұжырымдарға түзету енгіз;
- тезистерді мәтіндегі мысалдар арқылы суретте;

Шығармашылық ізденіс. Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтар дөнін егу, яғни қазақтың болмысына тән әр түрлі ұлттық сипаттармен, ұлттық салт-дәстүрлермен, қызықты шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру керек. Егер оқушы қазақ тіліне деген қызығушылығы оянса, тілді игеріп, қазақ тілінде сөйлеуге құштарлығы арта түседі. Осы тұста әр түрлі тапсырмаларды әзірлеп, оқушының өзі ізденуіне жол ашу маңызды [4,67 б.].

Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған әдістерді қолданған тиімді. Мұғалім өз қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ерекшелігі мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін назарға ала отырып, берілген әдіс-тәсілдерді нақты оқу ортасында бейімдей алса, оқу үдерісінің тиімділігі артатыны сөзсіз:

Метафора жасау. Заттарды бір нәрсеге балап ойдан жаңа метафора жасау. Болашақта сөздік қорларын көбейтіп, көркем сөйлеуіне мүмкіндік береді.

Мысалы:

Сөзім – үкі,әнім сақина

Нәпсі – қасқыр, иман – қой.

Осылай бір-біріне қатысты сөйлем құрау.

– «Эссе жазу» – бірінші мезетте оқушының өзіндік « Мені » көрініп тұруы керек . Эссе арқылы мұғалім оқушының ойлау деңгейі мен сабақта қалай жұмыс жасағандығын бағалайды .

– Мақалды мәтінге айналдыру. Мысалы,

– Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың.

– Қаңбақтан қашамын деп,дөңбекке жолыққандай болып, екі ортада не тандарымды білмей қалдым.

– Бір әріптен басталатын 4 сөзді сөйлем құрау. Мысалы, Даладай дархан дауысты домбыра.

Қорыта келе, патриоттық тәрбие – ең алдымен өз ана тіліңнен бастау алады . Ана тілін сыйлап, құрметтемеген адамның бойында патриоттық сезімі оянбайды. Қазақ тілі – кемел тіл, Қазақ елінің

рухани құндылығы, ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық келбетіміздің айғағы. Сондықтан да саналы ұрпақтың ең әуелі тіліне деген ерекше ықыласы, ерекше құрметі болуы тиіс. Сөз соңында, қанша тілді меңгерсең де, қанша әлемдік мәдениеттің биік өнертабысына қол жеткізсең де, өзіннің ұлттық кодынды сақтап, ұлтымыздың мәңгілік байлығы – туған тұғырлы тіліміз бен халықтық құндылықтарымызды ешқашан ұмытпауымыз керектігі әрбіріміздің жадымызда жүруге тиісті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

2 Б. Ысқақов. «Тіл дамытудың психолінгвистикалық негіздері» А.. 1996.

3 Қ. Ақпаева. Оқу орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, Рауан, 1997.

4 Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. Алматы, Атамұра, 2001.

МҰҚАФАЛИ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ, ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

КУЛАХМЕТОВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қызылқак ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

«М. Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның... өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған» деп Әбіш Кекілбаев айтқандай ақын жыры – оның жан сыры, ішкі дүниесі. Ақын сол сырын қағаз бетіне өлең жолдарымен тусірді, яғни сол өлең жолдары арқылы оқырмандарына ішкі жан сырын шертті [1,55 б.]. Ақын ағамыздың өзі өмір сүрген ортаға, қоғамға көңілі толмағанымен, келешектен үмітін үзбейтінін мұңлы сарынға құрылған өлеңдерінен аңғаруға болады.

Сананы сары уайым сарылтқанмен,
Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен,
Үзбеймін күдерімді жарық тан мен,

Үзбеймін күдерімді халықтан мен!

Ақынның өлеңдерін оқыған сайын терең ойға батасың, бүгінгі бұралаңы кеп мына өмірдегі адам тағдырының көп қатпарлы көріністері көз алдына елестейді.

Қатыгез қайсы бір сағатта

Өмірді келеді тастағың, – деп қатыгез өмірдіңқатал тағдырынан теперіш көрген ақын бір сәт өмірден түңіліп-безінсе, енді бірде:

Сонда да үмітті жоғалтпа,

Қаралы күндерден қашпағың!» – деген өлең жолдарын ұсынады. Өмірдің қиын сәттері буырқана, жел айдап түйіле келген қара бұлт тәрізді, сол қара бұлт артынан жарқырап күн шығатынындай, «қаралы күндер де өте шығар, үмітінді үзбе, сабыр ет, өзіңе-өзің тоқтау қыл, қиыншылықты сабырлықпен шеше біл» деген өлең жолдарымен ақылға тоқтатып, сабырға шақырады [1,62 б.].

Мінезі дара, ойы асқак, көкірегі қымбат көмбедей елес беретін Мұқағали ағамыздың жырларының қайсысын алып оқысаң да өзінді терең иіріміне тартып, өлең құшағына қалай кіріп кеткеніндісезбей каласың.

Жан сезімді тебіrentетін жырларын қайта - қайта оқып шыққан сайын бір жаңалық ашқандай сезінесің. Бұрын байқамаған бір сипатын, мінез-қырын танығандай боласың, көркемдік бояуына қанығасың, жаныңа нұр құйылып, қиялына қанат бітіп, шабыттанасың. Сөйтіп, Мұқағали әлеміне киілген сайын әр өлеңін жаңа бір қырынан танығандай боласың . Ақын әлеміне тереңдей бересің.

Адами, бүгінгі фәни тіршіліктің көлеңкелі жағы да кеп. Құдай ғұмыр басты пенде етіп жаратқаннан кейін, сол пендесінің бойындағы жақсылықпен әрдайым қатар жүретін жамандық қасиеттің бірі, яғни, күндестікті бір мезгіл адамгершілік қасиетке жеңдіре білу кез - келген адамның қолынан келе бермес. Осы орайда ағамыздың «Күндестік құрысын» өлеңін еске түсіріп көрейікші.

Қандай рахат!

Жүрейік достар, күнде өстіп.

Ренжу деген,

Ренжу деген – білместік.

Бауырларым-ау!

Бәріміз қиын күн кештік,

Арамызда біздің

Қай жақтан келді күндестік?! – деп онсыз да күрмеуге келмейтін қысқа ғұмырда пендешілікті, бір-бірімізге деген

күндестікті ұмытпайық, «бауырластық жалауын желбіретіп, жаркын өмірден жауласпай жүріп - ақ өтейік» деп жырлайды. Бұл адамдарға, айналадағы өз қауымына деген ақынның үн қатуы дер едім. Өлеңді оқи отырып, бір сәт шынында да осы пендешілік, күндестік деген менің де бойымда бар ма екен, бар болса ол «аурудан» ертерек арылу керек деген ойға батасың. Міне, осы ойды сол сәт ұмыт қалдырмай, терең сезіне отырып, күнделікті күйкі тірлікте кездесетін әрбір іске жете мән бере адал, тура көзқараспен баға бере білесің, онда сенің бойыңдағы адамгершілік қасиетіңнің де ояна бастағаны. Ақын көздеген ұлы мұрат та осы – адамгершілік. Ар-ұят, имандылық. дәріптейді. Осындай адам бойындағы ізгі қасиеттерді ақын [2,15 б.].

Жалпы, поэзия күдіреті адамның рухын биіктетіп, адамның жан-дүниесін күнделікті күйкі тірліктің шаң-тозаңынан аршып алуға көмектеседі десек, бұл тұрғыда Мұқағали ағамыздың әрбір өлеңі әрбір оқырманның жүрегіне жол тауып жатады. Оқырманын ойландырады. Рухани дүниесіне жарық түсіріп, ізгілік себеді. тазартады, тағылым береді.

Жалпы, поэзия ақынның өз ішкі сыры, жан дүниесі дейміз. Мұқағали поэзиясы арқылы Мұқағалидың өз сырына, Мұқағалидың өз жанына үніле отырып, оның ішкі жан-дүниесін өз өлеңдері арқылы танысың. Ақынның асып-тасқан шабытты сәтін де, абысты кезін де, адасқан шағын да өлеңдері арқылы сезінесің.

Өмірімді несіне жек көремін,

Ауыр, жеңі болса да өткеремін.

Өмір қашып барады құсқа мініп,

Мен артынан жетем бе деп келемін, – деп толғанады ақын бір сәт. Бұл шумағынан ақын өмірден өз үлесімді аламын десе, ал келесі өлеңінде тағдыр соқпағына барлау жасаған қаламгер ой-арманын аңғарамыз.

Сенделтіп өткен масқындай

Серпіліп біраз аласың.

Сергітіп кеткен мас қылмай,

Сейілді күндер жасасың.

Енді келесі бір еленінде:

Өлемін деп өкініп, сескенбеймін,

Өлмек парыз, өмірден өтсем мейлі.

Айта алмаған сөзім бар, арманым бар,

Арманымды қалдырып кетсем деймін, – деп келетін өлең жолдарынан ақын тағдырының көп сырлары бізге белең береді.

Өмірге сәби болып келмек бар да, өмірден адам ретінде өлмек бар. Ақынды өмірден көшуі қорқытпаған, керісінше, айтар сөзін, арманын халқына жеткізсем, келер ұрпаққа мына өмірден түйгені мен түйсінгенін, көргенімді жырым арқылы жеткізсем бе деген мақсат-мұратын аңғарамыз. Ақын ол тілегіне жетті деп қабылдау керек. Өзінен кейінгі ұрпақтың өз өлеңдерін жаттап өсетінін, сол өлеңмен өмір кешетінін, өз өлеңдерінің сүйікті әнге айналып қазақ көгінде шарықтайтынын ақындық түйсікпен сезе білгенін байқаймыз.

Ақынның өлеңдерінің тілі жеңіл, көңілге қонымды, әрі қарапайым. Мұқағали қолданған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары, қызметтері бір-бірімен жымдасып, біртұтас күйге енеді. Мүмкін сондықтан болар, ақынның өлеңдері өздерінің көркемділігімен, бейнелілігімен, мағына дәлдігімен және эстетикалық жағынан әсерлілігімен ерекшеленіп тұрады.

Мысалға, оның мына бір шумағына көңіл аударалық:

Қарасаздың шыбығын жел тербеген,
Жел тербеген шыбықты мен тербегем.
Ойласамшы сол шыбық терек болып,
Өзегімді бір кезде өртер деген .

Немесе:

Есінде ме? Екеуміз де елде едік.
Екеуміз де жоқ нәрсеге шөлдедік.
Ағайынның айтқанына көнбедек.
Ойлап тұрсам, жасаппыз ғой пенделік.
Нені көрдік?! Не бітіріп жөннедек [2,45 б.].

Ол қандай тақырыпқа өлең жазса да, оны киюын тауып, қисынын келтіріп, жұп-жұмыр етіп шығарады. Біздің ойымызша, оның бірден-бір себебі – ақын әр уақыт өз ойын түсінікті етіп дәл жеткізуге ұмтылады. Бұл аздық етіп жатса, түрлі көріктеуші құралдарды пайдалану арқылы ойын одан да гөрі бейнелі түрде беруге күш жұмсайды. Өйткені, өлең (поэзия) көп ойды аз сөзбен көрікті етіп жеткізудің көрнекті үлгісі.

Ақиық ақын Мұқағалидың бүкіл қыр-сырын жайып салып, оның тіл шеберлігін сөз ету, әрине, оңай шаруа емес. Ол үшін ақынның тіл шеберлігі туралы арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілуге тиісті. Бұл мақалада мен ақынның бірлі-жарым тілдік ерекшеліктері туралы ғана сөз етпекшімін.

Жай көзбен қарағанда өлең - сөздер мен сөз тіркестерінің қарапайым жиынтығы тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай

емес. Кез келген сөздер мен сөз тіркестерінің бірлігі өлең бола алмайды. Белгілі бір мағынадағы, белгілі бір поэтикалық қызмет атқаратын бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің әдемі үйлесімі ғана өлең бола алады. Өлеңді өлең ететін – ақын және оның тіл шеберлігі.

Ақынның, ақын ғана емес, жалпы қолына қалам ұстаған қаламгерлердің барлығының ең басты құралы – сөз және сол сөздердің мағыналары. Сөздер стильдік бояуы бар және стильдік бояуы жоқ қарапайым сөздер болып, ал олардың мағыналары тура және ауыспалы мағына болып бөлінетіндігі көпшілікке аян. Мұқағали сөздердің осы ерекшеліктерін кеңінен пайдаланған. Әрине, сөздердің өзіндік ерекшеліктерін ғана пайдалану ақын үшін аздық етеді. Сондықтан ол тілде бар метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеу, перифраз сияқты т.б. көріктеу құралдарын пайдалану арқылы, сөз тұлғаларын, сөз мағыналарын құбылту арқылы айтпақ болған ойын анық, айқын, дәл жеткізіп қана қоймаған, сонымен бірге оны бейнелі, көркем, әдемі етіп жеткізе алған.

Мұқағалидың тіл шеберлігі туралы сөз еткенде ақынның бейнелі сөздері мен айшықты сөз тіркестеріне соқпай кетуге болмайды. Ол қандай сөздерді қолданса да, оларды қандай сөздермен тіркестірсе де, оған белгілі бір мағыналық, стильдік, көркемдік, эстетикалық жүк арқалатады. Сөз тұлғаларының мағыналарын құбылтып қолданады: не олардың мағынасын кеңейтеді, не тарылтады. Сөзді бірде тура мағынада қолданады, бірде ауыспалы мағынада қолданады. Сөйтіп әр сөзге мағыналық, поэтикалық қызмет атқартады. Айталық, қызыл сөзі гүл сөзімен тіркескенде ол тура мағынада қолданылса, ол сөз сөзімен тіркескенде (қызыл сөз – жылтыр, бос сөз) ауыспалы, бейнелі мағынада қолданып, тыңдаушылардың сезіміне күшті әсер етіп тұрады. Мұқағали шығармаларында жиі кездесетін жүрек, көк, тәтті, шапақ, көктем, күз сияқты толып жатқан басқа сөздер де дәл эстетикалық осындай қызмет атқарады.

Мұқағали айтпақ болған ойын әсерлі етіп жеткізу мақсатында сөз-символдарға да көп барады. Ақын үшін тау – биіктіктің, дала – кеңдіктің, көктем – жастықтың, күз – егделіктің символы. Осы мақсатта ақын жансыз заттарға жанды заттардың қасиеттерін, қимыл-қозғалыстарын беру арқылы (мұны әдеби тілде кейіптеу деп атайды) оларға жан бітіреді. Сөйтіп ойды естен кетпестей етіп бейнелеп береді. Мысалы, ақынның «Тау бір аңыз» деп аталатын өлеңінің мына бір екі шумағын оқып көрелік:

Тау – бір аңыз,
 Тау – дастан
 Таусылмаған әу бастан.
 Тоқтап қалған керуен,
 Бір-бірімен жалғасқан.
 Бұлттан бұйда тағынып,
 Көктен көрпе жамылып,
 Таулар жатыр аңырып,
 Сапарларын сағынып .

Мұнда тау – бірде түйе (Бұлттан бұйда тағынып), бірде – адам (Көктен көрпе жамылып), бірде – керуен (Тоқтап қалған керуен) [2, 82 б.].

Мұқағалидың сөз таңдау шеберлігіне де қайран қаласың. Ол сөзді әйтеуір мағынасы келсе болды, ала салмайды: таңдап, талғап, олардың ішінен өзінің ойына сай келетін қажеттілерін ғана алады. Бірінші кезекте айтпақ болған ойын дәл беретін мағыналы, мәнді сөзді таңдайды, екінші кезекте әлгі сөздің бейне (образ) жасаудағы экспрессивтік мәніне, әсерлілігіне қарайды, үшінші кезекте ол сөздің шумақтағы басқа сөздермен үйлесіп, үндесіп, ұйқасып келу жағын да ескереді. Ақынның «Қайран жеңгем» өлеңінің алдыңғы екі шумағын ғана келтірейін:

Су сұраса, сүт берген, айран берген,
 Қартайып қалыпсың - ау, қайран жеңгем!
 Қарғаның валетіндей едірейіп,
 Қасыңа мына біреу қайдан келген?
 Апырай, суық еді сұрқы неден?!
 Адамға қарайды ғой сыртыменен.
 Жол көрсеткіш сақшының таяғындай,
 Қимылыңды бағып түр мұртыменен .

Осы шумақтардағы едірей және сұрқы деген сөздерге көңіл аударып көрелік. Едірей сөзінің қоқи, коқырай, кодырай, күдірей, күжірей, ежәрей деген, сұрық сөзінің бет, жүз, келбет, өң, түр, түс, ажар, көрік, шырай деген синонимдік қатарлары бар. Мұқағали бұл сыңарлардың ешқайсысына тоқталмай едірей, сұрқы сөздерін таңдап алу себебі – бұл сөздер ақынның жасамақ болған бейнесіне (жағымсыз адамның образын жасауға) сай келіп тұр. Оның үстіне «сұрқы неден» деген сөз тіркесі «сыртыменен», «мұртыменен» сөздерімен үндесіп келген. Сөйтіп, көрікті ойды көркем етіп бере білген [3,2 б.].

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев
 Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім, - деп тума талантымен өлең әлемінде оз қолтанбасын қалдырған Мұқағали мұрасы - ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын, қазақ поэзиясының алтын қорынан орын алатын, өлмейтін, өшпейтін мәңгілік мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар.// Құраст. Б.Айдарова. – Алматы : Жазушы,1989.- 496 б.

2Мақатаев М. Өмір-өзен: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Паритет, 2005. – 288 б

3 «Егеменді Қазақстан» газеті ,9 ақпан, 2001 жыл. – 4 б

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

КУНСЛЯМОВА Ш. К.

оқытушы, Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі, Семей қ.

Білім беру процесіндегі бүгінгі міндет-болашақ ұрпақтың саналы, білімді, көзі ашық, жан-жақты болуында. Заманауи оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің, нарықты экономика кезеңінің қалыптасуы қазіргі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін дамыта оқыту болып табылады.

Оқу процесін тиімді әрі тілдік дағдыларын қалыптастыруда оны ұйымдастыра білу-үлкен өнер деп айта аламын. Білім беруде білім алушыны қызықтыра алу, оның қызығушылығын ояту, қабілетін ашу-ең басты өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, соның ішінде тіл үйрету және ойын жеңіл тілмен жеткізе білуге дағдыландыру-әр ұстаздың міндеті. Оқытушы өз алдындағы шәкіртпен саналы түрде жұмыс жасай алуы керек. Тек өзі ғана ойын айта бермей, басқаның ойын білу үшін, қозғау салу үшін әрекет жасағаны дұрыс. Сондықтан да бірінші кезекте білім алушының ойлау қабілетін жетілдіру керек. Қабілетін ашу үстінде оның барлық іс-әрекеттерін, бағыттарын анықтап, ойлау қабілеті мен тілдік дағдыларының негізін дұрыс қалауымыз қажет. Негізі дұрыс қаланған білім алушының пәнге деген қызығушылығын ояту қиынға соқпасы анық. Ол үшін сабақ

үстінде түрлі ойындар ұйымдастырып, тіл үйренушілерді мейлінше, мемлекеттік тілде сөйлеуге баулу керек. Сөйлету әрекетін ойындар арқылы жүзеге асыру кез келген білікті, ізденімпаз, шығармашыл ұстаздың қолы. Сондай-ақ білім алушының ой-өрісін дамыту, дұрыс сөйлеу әдебін қалыптастыру, өздігімен жұмыс істеу дағдыларын да арттыру қажет. Тек тиімді ұйымдастырылған сабақ барысы ғана студенттің еңбекқорлығын дамытып, ұқыптылығын арттырады, яғни болашақта тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды. Қазіргі уақытта біздердің, қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының алдында үлкен міндет тұр. Ол өскелең ұрпақты келесідей талаптармен сәйкестендіру. Яғни, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында студентке бір ғана білім беріп қана қоймай, оны жалпылама дамыту: сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс, әрі терең көзқарас қалыптастыру, жағдайды объективті түрде бақылап, талдау жасай білуге үйрету, өз ойын дұрыс айтуға, оны әр нәрсемен салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. Осы ретте, білім беру жүйесінде тілді оқыту, оны бағдарламалар желісінде деңгейге жеткізу және оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білімділікке, ізденімпаздыққа, іс-әрекет арқылы шығармашылыққа бейім жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуі керек. Колледждегі оқыту процесі бойынша студенттің танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық тұрғыда дұрыс бағыт-бағдар беруіміз керек. Оқытушы білім алушының жұмысты шығармашылықпен орындауын, ойлауын бақылау арқылы оны ұйымдастыра білсе, одан кейін танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлауда студенттің қабілетін аша түсуі керек. Оқытушы өз қызметін шебер ұйымдастыра отырып, білім алушының тілге деген қызығушылығын арттыра алады.

Қазақ тілінің негізгі байлығы-сөздік қоры болса, оның қалыптасуы, үздіксіз дамуы, толығыуы-тілдік тәсілдердің қолданыста болуымен байланысты. Тілдің және тіл үйренудің ең негізгі бірлігі-сөз. Ол ең көрнекі иллюстрация қызметін атқарады. Тіл үйретер кезде ең қарапайым тәсіл-сөздерді мозайканың бір кішкентай кесегімен салыстыруға болады. Онда түстерге қатысты әртүрлі сөзді жинап, суреттер арқылы сөйлем құрап шығады. Сабақтардың барлығында осындай қызықты көрнекіліктер, одан соң сөйлеу-логикалық қорытынды жасау арқылы ұйымдастыруға болады.

Тіл оқыту процесін тиімді басқару технологиясы тұрақты бақылау арқылы жолға қойылып, оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты кеңінен қолдану арқылы жүргізіледі. Білім

алушының оқу танымдылық процесін тіл игеру сабақтарында инновациялық тұрғыдан жүргізіп, үнемі оқыту процесін зерттеп, оның заңдылықтарын анықтап, студенттің тіл ұстартуын қадағалап отыру керек. Бұл жерде оқытушы мен студент арасында туатын кері байланыстың арқасында диагностика, жобалау, қолдану, бағалау және реттеу сияқты басқару тетіктері тіл игеру сабақтарында тілдік дағдыларының қалыптасқан жолындағы тиімді тәсілдері болып табылады.

Тіл-тек қатынас құралы ғана емес, тіл үйреніп жүрген студенттердің рухани байлығын меңгеруде үлкен рөл атқарады. Қазіргі таңда тілді оқытудың негізгі мақсаты-оқыту барысына коммуникативтік бағдар бере отырып, білім алушының ауызша сөйлеу (монолог, диалог), тыңдай отырып түсіну, оқу, жазудағы іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыру. Коммуникативтік бағдар мазмұны мен мәні-өтіп жатқан тақырыптарын тілдік материалдар негізінде ауызекі сөзбен жазба сөз арқылы қажетті дәрежеде өз ойын жеткізе білу, қиындық деңгейіне байланысты берілген мәтінді сөздікпен және сөздіксіз оқып үйрену. Егер баланың ана тілінде сөйлеу және жазу дағдысы қалыптасқан болса, онда оның тілді меңгеру дағдысы сабақ барысында толықтай қалыптасады. Мәселен, мен өзім колледжде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін. Көбінесе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні орыс топтарында өткізіледі. Мұндағы негізгі мәселе, алғашқы сабақтарда-ақ анық байқалатыны білім алушының қазақ тілін үйрену қиын да қызықсыз екені. Яғни, себеп-пәнге деген баланың қызығушылығының жоқтығы, сабаққа үнемі дайын болмауы, үй тапсырмасын жиі орындамауы, сабақта белсенділік танытпауы. Ендігі мақсат – білім алушының тілге деген қызығушылығын арттыру, көзқарасын қалыптастыру және сабақтың тиімділігін дамытуды қолға алу болды. Бағдарламаға сай өтіліп жатқан тақырыптарға танымдық тұрғыда баланың зейінін аудару үшін оны оқытудағы әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды кеңінен қолданудың орны ерекше. Сондықтан әр сабақты ұйымдастыру үшін алдымен сабақтың мақсатын дұрыс қоя отырып, жаңа тақырыпты меңгертуде дәстүрлі емес тәсілдерді көбірек қолдану, сабақты қызықты етіп өткізуге тырысу. Мысалы, үй тапсырмасын қайталау немесе сабақты бекіту бөлімдерінде «Бинго», «Құрылысшы», «Кірпіш», «Сен маған, мен саған» және тағы басқа түрлі әдістер қолдануға болады. Мұндай әдістерді қолдануда маңызды, әрі тиімді жақтары өте көп: студенттердің барлығы қатысады, ойын арқылы сөйлеу мәнері дамиды, ойлау

кабілеті кеңиді, білімі жаңарады, жақсы баға алу үшін алға ұмтылады. Сондай-ақ тіл дамыту үшін тіл сабақтарында жұмбақтар жасыру да өте тиімді. Соның негізінде тілді студенттерге тек жалаң түрде меңгертіп қана қоймай, көркем сөйлеуге баулу, мақал-мәтелдерді қолдану арқылы оның мағынасын екі тілде салыстыра отырып, мәнін шәкірт жүрегіне терең денгейде ұялата білсек, тіл үйренушілердің тілдік дағдысын қалыптастыруда оңай жол болып табылар еді. Бірақ қазақ тілін орыс аудиториясында оқыту, оның барлық салалары мен заңдылықтарын бірден білдіру, меңгеру мүмкін емес. Тілді оқытуда тілдік дағдыларды қалыптастырып алып, өз жүйесі бойынша жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге қарай бірте-бірте сатылай меңгертіледі. Студент тілдік дағдыны меңгеру үшін материалдар іс жүзінде сөйлеу тіл үйрену процесі ретінде жүргізілуге тиіс. Студенттерге тілдік материалды, оның қолданылуын, сөз ішіндегі орнын, атқаратын қызметін түсіндіру барысында грамматикалық тақырыптарды бекітіп, тиянақтау ретінде әртүрлі жаттығу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Орыс топтарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері деп мамандыққа қатысты кәсіби сөздердің арнай лексикалық сөздігін белгілеп, грамматикалық формалары арқылы, қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібіне қарай сөйлемді және тілдік құралдарды дұрыс байланыстырып қолдануға жаттығады. Сабақ барысында жаттығулар мен тіл дамыту мақсатында рөлдік ойындарға тапсырмалар беріледі. Бұл ретте, студенттердің кәсіби шеберлігін жетілдіріп, ойын қазақша төселдіру, диалог ұйымдастырып, бір-бірімен сөйлеу жолдарын ұйымдастыру. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін әрбір оқытушы өз сабақтарында білім алушылардың мотивациясын оята отырып, жан-жақты инновация жолдарын іздеп, түрлі әдістерді, стратегияларды қолданып, кәсіби шеберліктерін арттырады. Бұл сыни тұрғыдан ойлау әдістері өте маңызды және қазіргі кезде кеңінен қолданылып келеді. Ойлау әдістері-білім алушының ойын жүйелі түрде жеткізе білуге, дұрыс сөйлем құрай білуге, сөз саптауына көп әсер етеді. Және оның зейінінің, жадының қалыптасуына, дұрыс ойлауына көмек береді. Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады. Оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен жаттығулар қолданылады. Бұл тәсіл студенттің түсінігін кеңейтеді, терендетеді, ойын бекітеді. Қазіргі уақытта әдебиетті оқытумен қатар көркем әдебиет тілін оқыту әдістемесі негізгі мәселе болып табылады. Әдебиет, әдебиеттану оқулықтарында көркем әдебиет

тілі дегенде, эпитет, тенеу, метафора, кейіптеу тәрізді тілдің ажарлау, құбылту құралдарына арналған мысалдар көптеп кездеседі.

Әдебиет – сөз өнері. Қазақ әдебиетін оқыту теориялық білімге қарағанда тәжірибелік жағынан түсінікті, әрі есте қалатыны сөзсіз. Сондықтан шығармалар арқылы адамның ойы сан-саққа жүгіріп, ойлау дағдысын қалыптасады, шығарманы оқи отырып, кейіпкер арқылы оның дұрыс немесе бұрыс қырлары анық танылады. Білім алушыларға жаңадан тың деректерді, жаңаша білім беруді ұйымдастыруда оқу процесі екі түрлі қызметті жүзеге асырады. Біріншісі – оқытушының білім беруі, екіншісі-студенттің білім алуы. Әдебиетті оқыған кезде әдістер қолдану тиімдірек. Әдебиетті оқытуда өзіндік жұмыс, зерттеу әдістері, мәтінмен жұмыс, мәнерлеп оқу, жатқа айтудың орны ерекше. Мәселен, әдеби шығармаларды оқи отырып түсіну, оған сюжеттік-композициялық талдау жасау, шығарманың мазмұнын, идеясын терең түсіну, жанрлық ерекшелігін тану, шығармадағы кейіпкерлерді танып-білу, оларға сипаттама беру, мінез-құлықтарын ажырату, жағымды, жағымсыз кейіпкер екендігін бөліп айту сияқты шығармашылық жұмыстарды сабақ барысында орындау студенттің жаңа тақырыпты түсініп қана қоймай, ортамен араласу, керіс байланыс жасау үрдісін қалыптастырады. Шығарманы талдап болған соң бір-біріне ауызша жеткізу арқылы бірін-бірі бағалап, түсіну деңгейлерін анықтайды. Шығармадағы кейіпкерлермен таныса отырып, шынайы өмірдегі құбылыстармен салыстырады, өз ойларын айтады. Салыстыра отырып, бейнелеуіш құралдарын (тенеу, эпитет, ауыспалы сөздер) қолданады. Және осы айшықтау сөздері арқылы көркем шығармалардың мазмұны бойынша кездесетін патриоттық сезімді ардақтау, батырлық, ерлікке мадақталу, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген.

Әрбір педагогикалық технология, сабақ берудің жаңа үрдісі өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Тәсілдер оқытушының ізденісі арқылы білім алушының қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай қалыптасады. Студенттерге жүйелі білім беру және алған білімі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, сондай-ақ, тілге деген қызығушылықтары мен бейімділіктерін қалыптастыру оқу процесінде сабақ беру арқылы жүзеге асады.

XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» десе, К. Д. Ушинский «Оқу процесін сапалы ұйымдастырудың басты

шарты-методикалық шеберлікте, ал методикалық шеберлік әртүрлі оқыту әдістеріне байланысты» деген екен. Қорытындылай келе, ойымның соңын ұстазға үлкен сенім арта отырып, ұстаздық жолда шеберлік пен ізденімпаздықты дағдыға айналдырған, шығармашылық тұрғыдан оқытуды ұйымдастыра білетін, кез келген технологияны оңай жүзеге асыра алатындар жаңашыл ұстаз екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелер. – Семей, 2010.
- 2 С.Г.Тер-Минасова. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, 2008.
- 3 Қазақ тілі мектепте, колледжде, ЖОО-да оқыту, №1, 2009 ж.
- 4 Қазақ тілі мектепте, колледжде, ЖОО-да оқыту, №2-3, 2009 ж.
- 5 Вестник образования, Республиканский научно-педагогический журнал, №6, 2020 ж.
- 6 Техникалық және кәсіптік білім, №1, 2020 ж.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДЕТАЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

МАЖИТОВА А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф. г.к. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көркем шығармадағы деталь – шығарманың өн бойы мен тұтас сюжеттік-композициялық белгілерін анықтаушы сипат. Шығармадағы кейіпкердің әрекеттері мен мінезі, портреті, тарихи-қоғамдық ортасы, әлеуметтік мүмкіндігі т.б. белгілері деталь ретінде берілмейтін көркем шығарма жоқ деуге де болады.

Детальдің басты қызметі – ұсақ бөлшектер арқылы тұтас әрекет пен сюжет, мінез бен т.б. көркемдік тәсілдерді көрсету жолы. Детальдің басты сипаты – нақтылығы. Шығармадағы көркемдік өзі де автор – кейіпкер – оқырман ара қатынастары арқылы айқындалып отырады. Осы аралықты жалғастырушы көркемдік тәсілдер болса, соның бір түріне детальді аламыз. Деталь арқылы көркемдік тәсіл де жасалады. Автор кейіпкерге, кейіпкер оқырманға белгі береді. Сезімдік байланыс автор арқылы кейіпкер мен оқырманды дайындайды. Жазушы оны кей тұста белгісіз етіп, енді бір тұста барынша нақты сипатта береді.

Көркем шығармадағы кейіпкердің қызметі көркем шығармадағы тақырыптың барынша ашылуына қызмет ету, сол арқылы идеяның маңызы мен мәнін, түйінін, қажеттілік сипатын арттыру. Осы тұста біз қазақ әдебиетіндегі детальдардың бірнеше түрлерін белгілейміз.

1. Портреттік деталь.
2. Психологиялық детал.
3. Характер ашуға қызмет ететін деталь.
4. Тарихи-мәдени сипатты белгілеуші деталь.
5. Әлеуметті анықтаушы деталь.
6. Бағалау қызметіндегі деталь.

Детальдің бұл түрлері сюжет құру мен кейіпкер мінезін беруде басты қызмет атақарады. Қазақ әдебиетіндегі қаламгер стилін анықтайтын белгі ретінде де қызмет ететді. Мысалы, Ж. Аймауытов шығармаларында психологиялық деталь мол кездеседі. Жазушы кейіпкер психологиясындағы өзгерістер арқылы, көңіл-күй, сезім иірімдерінің сәттік құбылуы арқылы болашақ болар істі бағамдауға мүмкіндік береді. Психологиялық детальді кей тұста тұтас сюжет бойынан да алып жатады. Мысалы ғалым Г. Піралиева кейіпкердің әрекеттері негізінде көрініс беретін психологиялық күй [1, 19 б.] деп анықтайды да, оны түс көру, бейвервалды ишараттар, заттық әлеммен байланыстырады. О. Бөкейдің «Апамның астаындағы» астау заттық әлемі апасына деген сағынышы мен жақсы көру сезімін жалғастыратын деталь болса, Ф. Мүсіреповтің «Ұлпанны» көрші-қолаң мен жарлы-жақыбайларға қамқорлығын тұтас психологиялық деталь қызметін атқарады.

Портреттік детальдің өзін әр жазушы түрлі тәсілмен қолданады. Оның көркемдік үлгілері:

- адам портретін толық беру;
- бір белгісің ғана бөлшектеп алу;
- әр жағдайға қарай бір детальдан бөліп-бөліп ұсыну;
- екінші бір адамның көзқарасымен, ойымне бағалату.

Портреттік детальдің үздік үлгісі – «Абай жолы» романындағы Құнанбай портреті. Құнанбайдың «жалғыз сау көзінің көтеріңкі біткен жал-тұмсығына шығып, қалғымай, сақшыдай бағып жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады» [2, 30 б.]. Жазушы жалғыз көзді сақшы етіп алады, әрі жай сақшы емес, қалғымайтын, жан-жағын қалт етпей күзететін сақшы етіп суреттуінен кейін Мұсақұл шайқасы, Қодар мен Қамқа оқиғасы, Кәмшат, Бөжеймен арадағы оқиғаларда, шынымен де

Құнанбайдың бар мінезі мен әрекеттері айқындалады. Жазушы осы детальдің өзін екі қызметте қолданады. Бірі – Абайдың көзімен қарап отырып, Абай мінезін ашуға, оның болашақ әрекеттерінен хабар беруге қызмет етсе, келесі кезеңде кең тынысты оқиғалармен де жалғастырып кетеді.

Зерттеуші Г. Сатылханова детальдар кейіпкердің ішкі әлемін ашуға қызмет ететіндігін, бұл көркемдей авторлық идея қызметін атқаратындығын айтады. Осының негізінде авторлық шешім мен шығарма қисыны, оқиға дамуының дәлдігі мен сенімділігі ашылады деген пікірді айтады [3, 59 – 60 б].

Портреттік детальдің жан-жақты ашылған түрі – Б. Сокпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесіндегі Қожаның өзін сипаттауынан көрінеді. Әсіресе оның қайратты қара шашы, таңырайған танауы оның мінезінен белгі береді. Оқиғаның ары қарай Қожаның бірбеткейлігі мен алған бітінен қайтпайтын қайсарлығына жол ашатындығын анықтайды.

Кейіпкер мінезін ашуға қызмет ететін детальдар жекелей де қызмет етіді, әрі тұтас әр деталь түрінен де байқалады. Мсыалы «Алтын орда» романының басталуында жазушы қызыл бүркіт пен қызыл шапан киіп, өмірінің соңғы күндерін күтіп отырған Бату ханды суреттейді. Оның күн санап мендеп келе жатқан ауруы ішін жеген, өзі ғана білетін, сыртқы адамдар сезетін бірақ айта алмайтын сыр [4, 5-6 б.]. Ал бүркітті тосып, оны өзіне шақырып, бірнеше күн дайындалып отыруы – қайрат пен күшін, соңғы демін де биіктіктен алғысы келген өр мінезі мен тәкаппарлығын суреттейді. Осы сюжет арқылы ханның мінезі ашылып, оның өткені мен сол күнгі сезімдері астасып кетеді. Жазушы осы детальдар арқылы Алтын орданың болашақ жайынан да хабар береді. Сонда жазушы деталі тек бір сәттік емес, тұтас шығарма идеясына апаратын жол болып беріледі.

«Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қаңқыл етіп, дауысы сынқыл-сынқыл етіп:

– Көзім тартып тұрғаны енсі? – деп, бір бұраңдап қойған еді...
Жай тартады да... қуанарсың... қай көзің?..

Қуанар ем: сол көзім, - деді бітті, кім елеген ондайды?» [5, 147 б.]

Жазушы Марқакөлді алқалай жатқан Мамырбай ауылының мамражай күйін сипаттайды. Жылт еткен күнмен бірге қуанысқан елдің шаттықты күйін Ақбілек арқылы береді. Марқакөл мен Күрішімнің де, елдің де сұлулығында шек жоқ. Табиғат сұлулығы мен Ақбілектің көркі жарасып, осы елді тым қуанышты етіп тұр.

Бірақ бір мезеттік байқалмайтын Ақбілектің сол көзінің тартуы алдыдағы болатын оқиғадан хабар береді. Бірақ бұны елдің елемей де – тұтас алынған деталь. Ел ішіндегі өзгерістер, қоғам ауысуы жүріп жатқан уақытта әлі де бейғам жатқан елдің мінезінен сыр тартқандай. Бірақ ел ішіне келген өзгеріс бұл ауылды да айналып өтпейді. Бұның да белгісі беріледі. Бірақ тағы да ел елемейді. Тек бейғам жұрт қазаны төңкеріліп, ел шабылып, қызын алып, ерін атып кеткенде ғана ұғады.

Жазушы Ж. Аймауытовтың осы үзіндісінен детальдің бір ғана түрі бар деу де дұрыс болмас еді. Жазушы тұтас оқиғаны бір детальға сыйғызған.

Жазушы суреттеуіндегі келесі бір детальдің түрі – бағалауыштық. Бұл бір кейіпкерді екінші кейіпкер көзімен баға беру қызметін атқарады. Мсыалы Абай қаладан оралған тұста өкесінің баласына сынап қарап, «екі көзі от шаша қызғыт тартқанны» көруі болашақ Абай жолының Құнанбаймен қатарласа алар күшін де байқататын сияқты. Осындай бағалауыштық детальдің бірі – С. Мұқановтың «Адақандар» романында бар. Бәтестің Бүркітпен көңіл жарастырып, бұған дейін өзін еркекше танып жүрген сұлу қыздың құндыз бөрікті киіп көруі психологиясынан хабар беретін психологиялық деталь болса, Қалияның Бәтестің камзолын өлшеген сияқты болып, белін, жауырыны басып-басып қоюы мен «күліп, көзін ойнақшытып» сөйлеуін «Қалияның күлкісі суық күлкі сықылданды. Бірақ балалық базарым басымнана өтпеген күнім ғой, бөтен ойға жорығам жоқ» [6, 227 б.] деуі де деталь. Кейінгі оқиғаларда Қалияның ісі осы күлкінің жай күлкі емес екендігін ашып береді.

Беталь – көркем әдебиеттегі көркемдік тәсіл. Бұл көркемдік тәсілдің артықшылығы да сонда бірнеше қызметтеі атқарады:

- шығарманың көркемдік бояуын арттырады;
- кейіпкер әрекетін, мінезін өзгертеді;
- ішкі сезімдері мен көңіл күйінен хабар береді;
- шығарма идеясына апаратын жолды белгілейді;
- сюжеттің өзгерістері мен ауысуы туралы белгі болады.

Қазақ әдебиеті – көркемдік кестеген толы әлем. Осы көркемдікті толтырушы бөлшектердің бірі – деталь. Деталь – жазушы шеберлігі де. Қаламгердің өз кейіпкерінің психологиялық өзгерістерін, мінезі мен сезім иірімдерінің ең негізгі бір нүктесін дәл табуы мен анық басуы да детальді шебер қолдануынан тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизм мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 2 Әуезов М. Шығармалары. Т. 4. – Алматы: Жазушы, 19987. – 386 б.
- 3 Сатылханова Г. Қазақ новелларындағы детальдің көркемдік қызметі. 6D021400 - Әдебиеттану Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2019. – 165 б.
- 4 Есенберлин І. Алтын Орда – Алматы: Жазушы, 2010. – 568 б.
- 5 Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / Құрастырған М. Атымұмов, К. Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б., суретті
- 6 Торайғыров С. Қамар сұлу, Көбеев С. Қалың мал., Мұқанов С. Адақандар // Қазақтың 100 романы сериясы – Алматы: Жазушы, 2009. – 416 б.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ДЕТАЛЬДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

МАЖИТОВА А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф. г. к. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көркем шығарманың талапқа сай болып шығуының басты көрсеткіші – қаламгердің тілі [1]. Қазақ әдебиеттануына «Сөз өнері» монографиясымен қомақты үлес қосқан З. Қабдолов бұл еңбегінде қаламгерге қажет бірнеше көрсеткіштерді атап отырып, ішіндегі ең бастысы жазушының тілі деген болатын.

Қазақ прозасындағы сөз шебері Ф. Мүсірепов әрбір сөзін, сөйлемін, синтаксистік ойын есеппен пайдаланған жазушы. Жазушы тілі туралы былай деген болатын: «Сөз сөзге жарығын түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұрған сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді» [2, 441 б.].

Сөздерді құбылту, ажарлау, айшықтаудың біршама түрлері бар. Біздің тоқталайын деген тақырыбымыз – шығармадағы көркем детальдар. Қабдоловтың түсіндіруінше: «Деталь да, жоғарыдағы

теңіз қасиетін танытар тамшы секілді, бір алуан кесек көріністі немесе күрделі шындықты ұтымды танытар бірер соны сөз, немесе тын сурет-дерек қана» [1, 96 б.].

Мысал ретінде Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы Еламанның басынан өткен жайтты жай ғана деталь емес, маскара деталь деп қабылдайды. Есігінің алдында Тәңірбергеннің аты тұрғанын көріп, Еламан сілейіп тұрып қалатын. Кейіпкеріміздің қалың ойға шомып, бұрынғы өткен кейбір оқиғалар сол заматта есіне түсіп, ойы астаң-кестең боп кеткенін оқырман ретінде түсінеміз. Еламанның қанша уақыт ойға шомып тұруы белгісіз болушы еді, егер иті жүгіріп келіп, мұздай тұмсығын қолына тигізбесе. Қабдоловтың детальдың керемет үлгісі деп көрсетіп тұрғаны – осы иттің қимылы. Иттің мұздай тұмсығы кейіпкерді ой тұңғиығынан шығарып алады. Демек, деталь қызметіндегі көрініс көп нәрсені түсіндіреді. Сәтті қолданылған деталь шұбалаң көп сөзділіктен арылтады.

«Қан мен тер» романында Еламанға қатысты тағы бір ұтымды детальды көре аламыз. Еламан түрмеден қашып келгенде Ақбаланың Тәңірбергенге кетіп қалғанын естігендегі әсері былай суреттеледі:

«Судыр Ахмет:

– Құрысын, айтатыны жоқ. Тәңірбергенмен ыржындасып жүрді де, ақыры бір күні тайып тұрды.

Еламанның уысында қысып отырған кесе кенет күтір етті. Алақанына төгілген ыссы шайды сезген жоқ» (3, 131).

Еламанның алақанына төгілген ыссы шайды сезбеуі, қатты ашу, ызадан кесені сындырып жіберуі – деталь. Шығарма басындағы детальда, иттің мұздай тұмсығын ол сезген еді, ал мынадай ауыр соққы болған жағдайда оның қолының ыстық шайды сезбеуі нанымды. Қабдолов айтқандай, жазушы езіп түсіндіріп жатпайды, кейіпкер психологиясын сәтті детальмен көз алдымызға жайып салады.

«Қан мен тер» романынан тағы бір мысал келтірсек: «Тәңірберген бойын билей алмай, аяғын аннан-саннан бір басып, тәлтіректеп барды да қалт етіп тұра қалды. Тек әлсіз буыны қалтырап бойын билей алмай талықсып кете береді. Сол кезде төбедегі көл-көсір аспан мен аяғы астында ақ шаңдағы шығып борап жатқан жер де бұның өзімен бірге теңселіп шайқалып тұрды. Шайқалған аспанның кейде жерге ана шалғайы, кейде мына шалғайы бір соғып қайқан етіп қайта көтеріліп кететін сияқты [3, 662 б.].

Осы арадағы аспанның шайқалуы – деталь, аспан емес, Тәңірберген шайқалып тұр. Жазушы күннің ыстығында шөлге ұрынып, жаяу қалған Тәңірберген халінің қаншалықты қиындағанын, өлім алдындағы соңғы үзілер сәтін біздің көз алдымызға елестетумен бірге, түйсіндіре білген.

«Детальдың басты бағалылығы – дәлдігінде. Дәлдік деген не? Дәлдік – шындыққа жанасымдылық» [1, 98 б.].

Жоғарыда айтылғандарды мысалдармен дәлелдесек, Ғ. Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесінде маскүнем Айдарбектің көздерін «үшбұрыштанған» деп сипаттайды. Мас адамның көздерінің пішіні өзгеріп кететінін жазушыға тән байқағыштықпен дәл келтірген. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында да қазақтың оқыған зиялыларының «боз жорға» ішкен соң, көздерінің кішірейіп кеткенін айтатын.

«Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесінде ішімдікке салынып кеткен Айдарбектің үйінің ішіндегі заттардың тозып кеткендігі де назардан тыс қалмайды. Төбеден салбыраған шам шақырайып жанып тұрады. Бір қарағанда ештеңе байқалмайтын сияқты. Шам неге шақырайып жанып тұр деген сұрақ туындайды? Люстрасы жоқ шамның шақырайып жанатынын басқа жазушы аңғармас па еді, мүмкін? Бірақ жазушы оның бәрін тәптіштеп айта бермейді. Өйткені, көркем шығармада «бәрін айтпау» (Пушкин) деген қағида бар.

Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында Байжан деген кейіпкер – жалғыз аты бар кедей. Жазушы оның кедейлігін, жалғыз ғана аты бар екенін «жүні түсіп қалған тақыр өкпесіне тебініп жүріп кетті» деген сөйлеммен жеткізеді. Жалғыз атты күнде міне берген соң, өкпе тұсындағы жүндері үзенгі қажап, түсіп қалған.

Жүсіпбек Аймауытов та шығармаларында детальдарды сәтті қолданады: «... тағы бір өрге шыққанда аяғы қорғасын құйғандай ауырлап кеткен тәрізденді; сүйектері сынып бара жатқандай болды. Ақ сүйек ойнағанда ор қояндай орғып, бір қажымайтын аяғы түскірге не болды? [4,177 б.]. Ақбілек ақтардан құтылып, үйіне қайтып келе жатқан жолда өз бойынан осындай құбылысты байқайды. Бірақ неге олай болғанын түсіне алмайды, жазушы да бізге оны айта қоймайды. Қазақта жүкті әйелді «аяғы ауыр» деп те атайды. Бала көтерген әйелдің физиологиялық жағдайын дәл тауып атаған. Басқа ұлттардың тілінде осындай атау кездеспейді. Жүктіліктің бастапқы айларында әйел бойында осындай өзгеріс болатынын жазушы естен шығармаған. «Қорғасын құйғандай» деген теңеудегі «қорғасын» ауыр металдардың біріне жатады.

М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде Жарасбайдың екіжүзділігі, арсыздығы мынадай детальмен суреттеледі: «Бактығұл сыртқа шыққанда, жотасын сырт беріп, көлденең өтіп бара жатқан болысты көрді. Мықты болыстың нағыз арсыз, жуан жонын көріп тұрып, Бактығұл тістеніп ап: «Қап!» деп ернін шайнады» [5, 249-б]. Жазушы Жарасбайдың жотасын, жуан жонын екіжүзділіктің, сатқындықтың көрінісі ретінде алған. Кейіпкердің дене бітімінің өзі иесінің қандай адам екенін айғақтап тұрғандай.

Әуезов «Қилы заман» повесінде тілмаштарды «өңі жытыр, қарны томпақ» деп сипаттайды [5, 274 б.]. Ұлық пен қазақ арасын келістірген болып, параға әбден тойынған, семірген тілмаштардың сырт келбеттерінен-ақ олардың қазаққа жаны ашымайтын, өз құлқындарын ғана ойлайтын тілмаштар екені бірден түсінікті болады.

Бейімбет Майлин де әңгіме, повестерінде ауыл адамдарының мінездерін бейнелейтін тұстарда детальдарды шебер пайдаланады. «Раушан-коммунист» повесінде Раушанды жамандап, әңгіме қызығына кірген әйелдердің әрекеттері былай беріледі. «Енді Күлзипа аяр ма? Сөздің қызығына кіргендіктен, булығып көзіне кірген түтінді де елемеді» [6, 30 б.].

Кейіпкер психологиясын ашатын бұл сөйлем де өте шебер шыққан деталь деуімізге болады. Күлзипаның әрекеті шындыққа жанасымды. Жазушы әйелдердің мінез-құлқын жақсы біледі. Повестегі Раушанды жамандаушылардың бірі Зейнептің ашуын мынадай түрде көреміз: «Малға алған күнді, тілін алмағанда, тіліп-тіліп алмас па?!» – деп, шақыр-шұқыр еткізіп, былғап жатқан қазанның түбін ойып жібере жаздады [6, 30 б.].

Жазушы Раушанды жамандап, әрі сабын қайнатып жатқан әйелдердің кимылдарын дәл жеткізе білген. Деталь қолданудағы нақтылық пен дәлдіктің үлгісін көреміз.

Бейімбет Майлиннің «Талақ» әңгімесі бір отбасында болған ұрыс-керіс туралы болса да, күлмей оқу мүмкін емес. Әйелі күйеуінен таяқ жеп жатса, күйеуі ашумен «талақ» айтып жатса, екі ортада бала да зардап шегіп жатса, күлерлік оқиға емес. Бірақ, Бейімбеттің жазушылық шеберлігінің сыры да – осында, әңгіменің басынан соңына дейін күліп отырып оқуға мәжбүр боласыз. Өйткені, бұрынғы кездегі қазақ отбасылары «неке» деген ұғымға жауапкершілікпен қараған, неке, отбасы туралы тәрбиені құлақтарына құйып өскен. Бұл әңгімеде де солай. Айдарбектен таяқ жеп, «талақ» деген сөзі естіген Зейнепке таяқтан гөрі «талақ»

сөзі ауыр тиіп, некеміз үзілді деп қайғырумен болады. Өйткені, Шолақ молданың түсіндіруінше, бір рет талақ айтылған соң әйелі мен күйеуі ажырасып, әйелі басқа күйеуге тиіп, одан ажыраған соң ғана өз күйеуіне қайтадан қосыла алады. Айдарбек пен Зейнептің бастарын қатырған – Шолақ молданың осы әңгімесі. Бірақ, шарифатқа білімдері шала ерлі-зайыптылардың Шолақ молданың білімі шолақ екенін қайдан білсін. Негізінде, шарифат бойынша талақ үшінші рет қайталанған жағдайда Шолақ молданың айтқаны орындалу керек еді. Осы әңгімені жазушы бізге қандай детальдармен жеткізеді, соған тоқталайық. «Үндемей тысқа шығып, малын суарып, қоралауға кірісті. Екі көзі земленкенің моржасында. Бұрын қанша таяқ жесе де, мезгілімен тамақ істеу – Зейнептің әдеті еді» [6, 106 б.].

Мұржадан түтін шықса, Зейнептің ашуы тарқап, күнделікті тірлігіне кірісті деген сөз. Бірақ, бұл жолы мұржадан түтін шықпай қалады. Міне, Бейімбет бір ғана деталь – мұржадағы түтін арқылы ерлі-зайыптылардың арасындағы ашудың тарқағанын білдіретін белгі етіп алған. Зейнептің қызы Күләмзаның қуыршағына жаулық кигізіп ойнауы да деталь қызметін атқарып тұр. «Бұрын қуыршақ істегенде, ел ішінде атаққа шыққан «көқауыз келіннің жаулығының модасы» деп Күләмзаның қуыршағын Зейнептің өзі талай жамылдырып берген» [6, 106-б.]. Ол заманда қазақтың тұрмысқа шыққан әйелдерінің бәрі жаулық киетін. Жаулықтың да модасы болғанын жазушы бізге қуыршақ арқылы білдіріп отыр. «Көқауыз келін» деп ерекше атауы – Бейімбеттің әйелдер бейнесін сомдаудағы стильдік ерекшеліктерінің бірі. Әдетте, «көкбет», «бетпақ» деген сөздер жиі қолданылатын. «Көқауыз» эпитеті Бейімбеттің өзіне тиесілі атату десек те болады. Әңгімедегі Күләмзаның қуыршақпен ойнап, әке-шешесінен көргендерін қуыршағына қайталауы да – деталь.

Қорыта айтқанда, шығармадағы детальдар кейіпкерлер мінезін, психологиясын ашатын түрлі қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
- 2 Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы, 1970
- 3 Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер. – Алматы, 1991
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы, 1996.

5 Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 б.

6 Майлин Б. Шұғаның белгісі. Повесть. – Астана: Елорда, 1999. – 399 б.

ҚАРҒЫС ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МАЙДАНОВА А. М.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ фольклорында бүгінге дейін толық жиналмай да зерттелмей келген жанрдың бірі – қарғыс. Мәселенің бұлай болуының бірнеше өзіндік себептері бар. Жалпы, халық жайшылықта қарғыс айтуға қатаң тыйым салады. Ертеде қарғысты екі адамның бірі айта бермеген, оны арнайы айтатын адамдар болған, ал, ондай қарғысшылар сөзін өтімді болдыру үшін беталбаты жұмсай бермей, қажетті сәтке дейін құпия сақтайтын. Қарғыс қастандық жасауға бағытталып, адамгершілікке жат саналғандықтан да ұлттық фольклортану ғылымының негізін салушылар оған мән бере қоймаса керек. Ал, бертін келе бұл жанрдың қызметі қоғамдық өмірден ығыскандықтан оның мәтіндері біртіндеп ұмытыла бастаған.

Қарғыс туралы алғаш рет жазған Х. Досмұхамедұлы. Ол «Бата мен алғысқа қарама - қарсы түр - қарғыс. Қарғысты дұшпанына, әкесі - көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молла - діннен безгендерге, ру басы - жаугершілік кезінде елін сатқандарға және т.б. береді» [1] деп анықтайды.

Автор қарғыстың мақсаты мен міндетін білгірлікпен дұрыс түсіндірген. Бұдан біз қарғысты кез келген уақытта емес, керісінше, адамдар басына іс түскенде амалсыздан айтатындығын ұғамыз. Кейбір зерттеушілер қазақтың ашуланғанда күнделікті айтып әдеттенген «албасты басқыр», «тұқымың құрғыр», «желкен қиылғыр», «шешек келгір» сияқты т.б. балағат сөздерін қарғысқа жатқызады. Біздің ойымызша, бұл сөздердің арғы тегі ежелгі замандарда қарғысқа қатысты болғанымен уақыт өте келе көбінің мәні өзгеріске ұшырап, бүгіндері, әсіресе, әйелдердің жақтырмаған жандарды сыбайтын сөзіне айналып кеткен тәрізді.

Ендеше басқа адамға қастандық жасау мақсатында сөз қиесіне сеніп, арнайы шартпен айтатын магиялық өлеңнің шағын түрін қарғыс деп атаймыз.

Қарғыс екі түрлі болады: ашық қарғыс, астарлы қарғыс. Ашық қарғыста сөздің ызыты, айбаты бірден айқын сезіледі. Ал, астарлы қарғыстың сыртқы тұрпаты батаға ұқсап келеді де, оны айтушы кекету әдісін (әдемі сөздер арқылы) шебер пайдаланып, арғы ойын жымьсықылықпен тұспалдап жеткізеді [2].

Ашық қарғыс үлгісін келтірейік:

Қысы - жазы үйінді сүзек жайлап,

Шөлінді күндіз - түні қандырмасын.

Бойыңа құлғананың құрты кіріп,

Денеңнен тамтық қоймай тандырласын.

Сүйегінді артуға көлік шықпай,

Апарып көк есекке шандырасын.

Жаназанды оқуға молда шықпай,

Тұсыңнан орыс келіп балдырласын [3].

Келесі бір қарғыс былай:

Шиден шымылдығың болсын,

Тастан молаң болсын.

Шөлдеуік деген дерт келсін,

Бір көлдің суы ішкеніңе жетпесін [4].

Бұл екі қарғыста айтушының мақсаты ап-анық. Сүзек, құлғана, шөлдеуік деген дерттерді шақыру арқылы кесепат келуін тілейді. Қарғыстың көбінде осылайша жұкпалы аурулар термеленіп, соның күшімен апат төндіру көзделеді. Өйткені, ежелгі қазақ «адам баласына достық қылатын «иелер мен жарыса қастық қылатын «иелер» бар деп білетін... Жұт «жеті ағайынды» деп аңыз қылатын және малдың түрлі індет «иелері» мәлік, ақшелек, топалаң, бәдік бар деп білетін» [1].

Бір сөзбен айтқанда, қарғысты айтушы табиғаттағы тылсым күштерге иек артып, неше түрлі мифологиялық зияндас кейіпкерлерді қару етіп, дөңайбат жасап, сес қылады. Көшпелі халықтың ар - ұждан құндылықтарына ашық тіл тигізіліп, шабуыл жасалады. Біз келтірген мәтіндерде аурудан азап тартып, өлу, о дүниеге жаназасыз кету, сүйегі шандырланып, көк есекке тиелу, мүрдесі тас молада қалу сияқты жамандықтар шақырылған. Бұлар қазақтың жанын жаралап, сай сүйегін сырқырататын келеңсіздіктер екендігі белгілі.

Енді астарлы қарғыстан мысал келтірейік:

Шалғының басылмасын,

Күлің шашылмасын,

Түңлігің ашылмасын [5].

Немесе:

Ұлың – Ұрымға,

Қызың Қырымға кетсін [6].

Бұлар бір қарағанда, бата секілді, ал, астарына үңілсеңіз, қарғыстың ең жаман түрі екендігін білесіз. «Шалғының басылмасын» дегені – жайылатын малын тұтас қырылып қап, содан үйіннің маңына көк шөп жайқалып өсіп кетсін дегені. «Күлің шашылмасын!» дегені – «үйінде от жағатын адам қалмай, бәрі өлсін, содан отың өшсін, сөнсін» дегені. «Түңлігің ашылмасын» дегені - баспанаңнан сыртқа шығар тірі жан қалмасын, иен үйің қаңырап, бос қалсын деген ишара. «Ұлың – Ұрымға, қызың Қырымға кетсін!», – деген сөздің мәнісіне келсек, ұрпағың жат елге шашырап, бірін ірі көрмей, тозып кетсін, қанғырып қалсын дегенге саяды. Туысқан алтай халқында «Келетін жолыңа кесіртке ойнасын, баратын жолыңа бақа ойнасын» [7] деген қарғыс бар. Бұл астарлы қарғыста жауласқан адамның соқпағы құрып, жоғалып, оның үсті бақа мен кесіртке ойнақ салатын батпақ пен шөлге айналсын деген теріс ниет тұспалданған. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын «ойнасын» деген етістікті жамылғы ету арқылы жасырын ажал шақырылған.

Сонымен астарлы қарғысты айтушы ойының арғы ниетін әдемі сөзбен далдалау, бүркемелеу арқылы уытты тіл жебесін нысанаға дәл көздеуді мақсат етеді. Себебі дұшпан одан сақтанып, қорғана алмай, бейғам жүріп, шын кесепатқа ұрынуын көксейді.

Қарғысты кез келген адам айта бермейді дедік. Оны орындаушылар әртүрлі ырымдар жасап, символикалық заттармен сүйемелдейтіні де белгілі болып отыр. Мысалы, моңғолдар қарғышының тіліне май жақса, оның сөзі дөп тиеді деп иланған. Тіпті, олардың ежелгі қарғысшылары құтырған сиырдың мүйізінен арнайы магиялық сайман жасап, сонымен жауласқан жаққа кезеп-кезеп қоятын болған. Қалмақтар қарғысты таңсәріде алақанын шапалақтап айтып, қарғышының оң шынашағын күйемен бояған [2]. Ал, алтай қарғысшылары қызыл інірде айтылған қарғыс өтімді деп сенген. Олар «Тилим соолду эди, тандайым тишту эди... Тилим жедер, тизен чогор» [7] («Тілім сүйелді еді, тандайым тісті еді... Тілім жетер, тізең шөгер») деп айбат жасаған. Тува бақсысы «қарғыш» айтқанда қара тонын, қара бөрігін киіп, қара даңғырасын, қара шоқасымен ұрып ойнаған [8].

Ал, қазақтар қарғысты тілінде қара дағы бар қара тілді, бір көзі шегір нысаналы адам айтса, яғни Тәңірі керемет сипатта жаратқан жандар айтса, орындалады деп нанған. Қарғысты айтқанда дұшпанының артынан топырақ шашатын, алақанын

теріс жаятын. Сол себептен кейде оны теріс бата деп атаған. Мәселен, Базарбай Төлегенге ерем деушілерге «түзға қосып, теріс бата берем» деп, сес көрсеткен. Егер жерден көк шөпті жұлып ап, «Көктей орыл!» деп қарғаса, ең ауыр болады деседі. Әйел адам сүтін көкке сауып, қарғаса, киесі ондырмай атады деген де ұғым бар. Бұдан біз қарғысты түз, топырақ, шөп, сиырдың мүйізі сияқты рәміздік заттармен ұштастырып, ғұрыптық әрекеттер жасап орындайтындығын да білдік.

Бұрынғы заманда қарғысшыларды соғысқа да пайдаланатын болған. Шыңғыс хан жорықта жүргенде алдынан жаудың әйгілі бір қарғысшыл кемпірі қарғап, содан көп бөгет жасалады. Оны бақсылар білген соң мерген Қасырға сол кемпірді атқызған деседі. Кемпірге оқ тиіп, құлап бара жатып, қасындағы қаңбақты ұстап, тұрмақ болғанда, ол жұлынып кетеді. Содан кемпір көз жұмарда «Қасырдың тұқымы құрысын, қаңбақтың тамыры үзілсін!» деген екен. Сол себептен Шыңғыстың інісі Қасырдың ұрпағы көп өспеген, қаңбақтың тамыры келте болған деседі [8].

Қазақта «атаның қарғысы – оқ, ананың қарғысы – боқ» деген сөз бар. Бұдан біз қарғыс жанрына кейінгі дәуірде үстемдік еткен атаеркі қоғамының ықпалы тиіп, ер адамды киелі санаудың жоралғылары да өз өрнегін салғанын байқаймыз. Сондықтан да қазақтың кейбір мифтерінде астамшыл мінезінің салдарынан ата қарғысына ұшыраған қыз - келіншектер тау-тасқа айналғандығы суреттеледі. Әлбетте, ақ батаны да ақсақалды қария береді. Яғни қарғыс пен бата жанрының салмағының арта түсуіне еркекті пір тұтатын ел әдеті де елеулі әсерін тигізіп тұр.

Қарғыста көшпелілердің ең бір киелі нысандары термеленіп, соған сойыл сілтеу көзделеді дедік. Сол себептен де оның сөзі қатерлі де үрейлі болып елестеп, тындаушыға психологиялық ауыр соққы береді. Мысалы:

Саған қас қылған кісінің,
Базарға барып, аты өлсін!
Ерте кетіп, қайтқанда,
Үйіне келсе, қатыны өлсін...
Шаңырағы шартылдап,
Шандырына қадалсын!
Босағасы бортылдап,
Борбайына қадалсын!
Күлдіреуіші күрт сынып,
Көтіне қадалсын! [9]

Немесе:

Қия жолда атың туласын,
Жарым түнде үйін шуласын.
Еңісте тартпа айылың үзілсін,
Өрге шыққанда артқы айылың үзілсін.
Жете бергенде желкең үзілсін,
Таяй бергенде тақымың қиылсын [5].

Бұл қарғыстарда қазақтың тұрмыс-тіршілігінде ең маңызды қызмет атқаратын, өмірінің қажетіне айналған практикалық-қолданбалы сипатқа ие қасиетті заттарына жаманшылық тіленген. Олар: шаңырақ, босаға, күлдіреуіш, ат, ер-тұрманның айылдары.

Қарғыс магияның бір түрі екендігі анық. Нақтырақ айтқанда, ол - қатерлі магия. Оның мақсаты – бағытталған нысанына қастық жасау. Бұл тұрғыдан келгенде оның кейбір сипаттары арбаумен ұштасып жатыр. Бірақ арбаудан елеулі айырмашылығы да бар. Алдымен арбауда түсініксіз сөздер мол болса, қарғыстың тілі халыққа түсінікті анық тіл. Арбау зиянкес жәндіктерді қууға, уын қайтаруға немесе табиғат құбылыстарын басқаруға, менгеруге бағышталып айтылса, қарғыс, негізінен, адамдарға арналады. Әйткенмен, арбау мен қарғыстың арасында белгілі дәрежеде байланыс та бар. Мәселен, тістің құртын арбаудағы «жайлауынды жау алды, қыстауынды өрт алды» деген сөздер бұйрық рай түрінде қарғыста да жиі қолданылады. Демек арбаудағы жекіру, ұрсу, бұйыру, дөңайбат жасау сарындары кейіннен тасымалданып, қарғыс жанрының қалыптасуына да қажетінше ұйытқы болған. Одан кейін батаның құрамында да қарғыстың шумақтары жүргенін байқаймыз. Мысалы:

Тасың өрге домалап,
Өсе берсін ырысын.
Саған қас сағынған дұспанның,
Өз руы құрысын! [10].
Құдайым, малды қыл,
Тең - құрбының алды қыл.
Қас сағынған кісіні
Қасқа шұнақ жарлы қыл [10].

Тіпті, «бұл дүниеде жиғаның болсын, о дүниеде иманың болсын», «көсеген көгерсін, көрпең ұлғайсын» деген сияқты алғыстар кейде кері мағынаға түсіп, қарғыс пішінінде де айтылады. Халық шығармасында жанрлар арасында ауыс - түйістер,

байланыстар, тоғысулар жиі болып тұратындығының бір мысалы, міне, осы.

Қарғыстың тілі айшықты да ащы, тиіп кетсе, қиып кететін нағыз қиғыр тіл. Батаны тілдің балы десек, қарғысты уы деуге болады. Оның поэтикалық өрнегі кестелі. Әсірелеу, астарлау, ишаралау, кекету тәсілдерін мол қолданғандықтан сырлы да сикырлыб олып елестейді. Бұл жанр қоғамдық өмірден әлдеқашан ығысқанымен, оның мәтіндері тіліміздің байлығы мен шешендік қуатын байқататын, ұлтымыздың төл дүниетанымынан, психологиясынан дерек беретін құнды тарихи-рухани ескерткішке айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – Б. 21; Сейфуллин С. Шығармалар. – Алматы, 1964. – Т. 6. – Б. 187.
- 2 Мөнх Ц. Ардын яруу найргийн тухай. – Ұланбатыр, 1964. – Б. 87; Борджанова Т. Г. Магическая поэзия калмыков. – Элиста, 1999. – С. 49.
- 3 Сәнік З. Баспай туралы әңгіме - жырлар. – Бежин, 2006. – Б. 223 - 224.
- 4 Ақ бата: бата сөздер. – Алматы, 1992. – Б. 192.
- 5 Мұра. – Үрімжі, 1991. – № 3. – Б. 67 - 68, 93.
- 6 Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. – Алма - Ата, 1972. – С. 186.
- 7 Шатинова Н. Об одной разновидности заклинаний в алтайском фольклоре // Улагашевские чтения. – Вып. 1. – Горно - Алтайск, 1979. – С. 99,101-102.
- 8 Монгуш Кенин - Лопсан. Тыва хамнарның торулгалары. – Кызыл, 2002. – Б. 122; Эзэн богд Чингис хааны домог оршвой. – Ұланбатыр, 1992. – Б. 46.
- 9 Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Часть III: Киргизское наречие. – СПб., 1870. – С. 6.
- 10 Васильев А. В. Образцы киргизской народной словесности. XII Молитвенных благожеланий «Бата-соз». – Оренбург, 1905. – С. 14,19.

МАГИЯЛЫҚ ФОЛЬКЛОР МӘСЕЛЕЛЕРІ

МАЙДАНОВА А. М.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Магия дегеніміз адамға, жануарға, затқа немесе бір құбылысқа т.б. дүниеге әсер ету үшін қолданылатын ғұрыптар мен сөздердің күдіретіне сену.

Этнология ғылымы магияның бірнеше түрін анықтаған. Айталық, пайдалы магия, зиянды магия, гомеопатиялық (имитациялық) магия, контагиозды магия [1] деп жіктеледі.

Магия – болмыстан тысқары күшке сенудің бір түрі, бірақ діни сенімдерден айырмашылығы – белгілі бір ғұрыптарды орындау арқылы жаңды - жансыз заттарға, құбылысқа адамның өз күшімен-ақ тікелей әсер етуге болады деп табылады. Осы типологиялық әмбебап заңдылық қазақ тұрмысынан да анық көрінеді.

Фольклор туралы еңбектерде «бәдік» сөзі екі түрлі ұғымда қолданылады екен: а) мал ауруының аты ретінде; ә) өлең (айтыс) түрі ретінде. Сондай-ақ бәдік қызметі жөнінде үш түрлі көзқарас қалыптасқаны байқалады: 1. Бәдікпен малды емдеген; 2. Бәдікпен адамды емдеген; 3. Бәдікпен малды да, адамды да емдеген.

Бәдік «көшіру» салты кезінде орындалған. Көшіру – көп тайпаларға, көп халықтарға ортақ көне магиялық ғұрып. Қазақ бәдіктеріндегі көшіру объектісі (бәдік), әдетте, жанды нәрсе ретінде бейнеленеді:

Бәдік кетіп барады шатқа таман,
Бәдік кетіп барады өзекпенен,
Бәдік кетіп барады таудан асып, т.с.с.

Кейде оны ұстап алып, күш қолдануға да болатын сияқты:

Бәдік болсаң, мен сені білер едім,
Ернін тесіп, терекке ілер едім.
Ернін тесіп, терекке іліп қойып,
Бір уақ тамашаға күлер едім...

Оған өтініш білдіруге де болатын көрінеді:

Бұрма бәдік дегенде, бұрма бәдік,
Бұралып босағамда тұрма, бәдік.
Бұралып босағамда тұрсаң, бәдік,
Көнліне иесінің келер кәдік.

Сәті түссе, оны жойып жіберуге де болатын көрінеді:

Бәдікті Құдай ондап қолға берсе,

Тебелеп өлтірейік бәдікті біз.

Алайда, келтірілген жолдарда бәдіктің нақты не нәрсе екендігі әлі де анық емес. Осы күнгірт, көмескі бейне «Бәдік туралы әңгіме» деп аталатын қолжазбада былайша ашылады: «Бәдіктің шешуі жын деген сөз» [2]. Расында да, бәдікті жын-шайтан бейнесінде тану бәдік мәтіндерінің өз ішінде де кездеседі:

- 1 Айтайын мен бәдікті бұрынғыдан,
Сайтанның қу бәдік те ізін қуған.
- 2 Бәдікті сіз де айтыңыз, біз де айтамыз.
Шайтанды көшірелік айдауменен.
- 3 Бәдік бастан, жаным-ау, бәдік бастан,
Жын-шайтан, неше айтамын аулақ қаш деп.

Бәдік бейнесінің жын-шайтанмен байланыстырылуы бекер емес. Өйткені, жын-шайтан дегеніміз қаскөй күшке жатады. Әубаста бәдік сөзі жалпы қаскөй күш ұғымын білдіргенмен, бірте - бірте албасты, марту, пері сияқты белгілі бір ауруларды ғана дарытушы, қоздырушы күш ретінде ұғынылуы мүмкін. Көне магиялық сенім бойынша қаскөй күштерді қорқытып, үркітуде шудың ғұрыптық әсері мол саналған. «Шайтанның көшпесіне қоймаймыз ба, Жабылып жан - жағынан шулай берсек» деген жолдардан айқын көрінетін ескілікті магиялық салт көптеген халықтардың басынан өткен.

Ауру, індеттің тарқауы қаскөй күштердің әсерінен деп білген Жаңа Британия тұрғындары қолдарына ағаштың бұтағын немесе келдек ұстап, айлы түнде далаға жапа - тармағай лап қойған, жан - жағын, маңайын түгел ұрғылап, таң атқанша шуласқан. Батыс Африкадағы Алтын жағалау тұрғындары жұкпалы аурулар эпидемиясы кезінде шоқпар, сойылмен қаруланып, түн ішінде құлақ тұндырған шуменен үйлерді сабалаған. Нияс аралының жұрты қолына қылыш алып, оңды - солды сермеген, дамылсыз дабыл қағып, қатты айғай-шу шығарған [3]. Орыстың опахивание деп аталатын ғұрпын орындау кезінде де қаскөй күштерді шошытып, мал індетінің бетін қайтару ниетімен таң қараңғылығы кезінде қартамыс әйелдер, қыздар жиылып, деревняны азан-қазан шуқылған [4].

Келтірілген мысалдарда қаскөй күштерді қуу, көшіру ғұрпының көбіне түн жамыла өткізілетіні және оған дүйім жұрт қатысқаны байқалады. Бәдік өткеру салтында да осы типологиялық заңдылық сақталады. Ертеде бәдік іңір қараңғысында басталатын болған да, кейде түні бойы айтылып, ертеңіне жалғасқан. «Жеті күнге жеткізе айт бәдікті», - деп келетін бәдік мәтініндегі өлең жолына қарағанда

оның бірнеше күнге созылуы да ықтимал болған. Көшіру ғұрпын (обряд переселения духов) түнгі уақытта өткізудің мәнісі жын - шайтандар қараңғы үйіріле жиналады деген сенімнен туса керек. Бақсылардың ойыны да іңірде басталатыны сондықтан.

Жоғарыдағы мысалдарда қолға қару (бұтақ, келдек, сойыл, шоқпар) ұстап, оларды әрі-бері сермеудің, шапқан, ұрған, сабаған болып қорқытудың да мәні үлкен екендігі көрінеді.

Бәдікті біздер ұстап табайық та,
Таба алмасақ, аямастан сабайықта, –
деген немесе:

Бәдігімді ұстап бер қамаласып,
Шығайын сер құмардан сабаласып, –

деген жолдарда көне ғұрып іздері айқын сезіледі. Бірақ бәдіктің кейінгі даму сатысында бұл ғұрып біртіндеп ұмытылған. Қолға қанжар, қылыш ұстап, оңды - солды сермеу, дабыл қағу, қамшымен сабау әдеттері біртіндеп бақсылыққа ауысқан. Сабау жорасының бізге көрші халықтардың көшіру салтында кейінгі кезендерге дейін сақталғаны байқалады. Бұл әдет көбінше сырқаттын үстіне мата жабу жорасымен қатарласа жүрген.

Қазақтың бәдік өткеру салты кезіндегі шулау, сабалау, мата жабу, өленді орындау жораларының барлығын да жеке орындаушылар емес, топ, ұжым жүргізген. Бұл – бәдік өткізу ғұрпының көне замандардан, яки профессионал тұлғалар әлі бөлініп шықпай тұрған кезендерден қалған құбылыс екенінің жарқын белгісі.

Көшіру ғұрпының әлемдік фольклорда кездесуі: басқа адамға көшіру, жан-жануарға көшіру, жансыз заттарға көшіру түрінде жолықса, бәдікте соның үшеуі де көрініс тапқан.

Басқаға көшіру әдеті «Бар дағы, тезден жабыс қу қыздарға», «Бар да жабыс осы қыздың бүйрегіне», «Барда жабыс жігіттің тандайына», «Жігіттің еңкейетін беліне көш», «Қыздардың кесте тіккен қолына көш», «Жігіттің сайрап тұрған тіліне көш», «Ұрысқақ бәйбіше мен тоқалға көш», «молдаға көш», «байларға көш», «ұстаға көш» болып кете барады.

Жан-жануарға көшіру «бөріге көш», «текеге көш», «нарға көш», «жыланға көш», «марқаға көш», «тұсаққа көш», «інгенге көш», «ұры итке көш» түрінде келсе, жансыз заттарға көшіру «бұлаққа көш», «келіге көш», «Мекеге көш», «аршаға көш», «жидекке көш», «Арқаға көш», «тауларға көш», «инеге көш», «кияға көш», «мияға көш», «бауларға көш», «айнаға көш», «бүргенге көш», «сазға

көш», «жұлдызға көш» деп жалғасады. Бәдікті басқа жанрлардан оқшаулайтын да, өзіндік бет - пердесін ашатын да әлгі көп «көш - көш». Бұларды көп жағдайда магиялық жораның өзі деп емес, содан қалған белгі деп ұққан абзал. Келтірілген мысалдарда өзiл-оспақ басымдау жататын сиық та бар. Дегенмен, олардың астарына да ой көзiн жiберген жөн. Мәселен, бәдіктегі қыз бен жiгiттiң өзiлi деп бағаланып жүрген:

Қаратауым дегенде, Қаратауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сiздiң үйде бiр бәдік бар дегенге
Қаптап көшiп келедi бiздiң ауыл, –

деген шумақта тарих шаңына көмiлiп, ұмыт боп бара жатқан ескi ғұрып iздерi сайрап жатыр. «Қаптап көшудiң» алдында бәдік өткеру салтына шақырурәсiмi жүрген. Оның дәлелi:

Тойдан қызық аулында бәдігiң бар,
Хабар салып тұрмасаң, Құдай табар, –

деген сөздер.

Жан-жаққа хабар салып, ел жию әдетi өзге халықтардағы қаскөй күштердi қууға арналған қалың қауым қатысатын салтанатты шеруге өте ұқсас. Қара нөпiр адам жиылып, қаскөй күштердi қуу салты Американың, Африканың, Азияның жергiлiктi тайпалары арасында жиi кездесетiн құбылыс екенiн Джеймс Фрэзер әдеми сипаттап жазған.

Қалыптасқан түсiнiк бойынша бәдік кешi жастардың бас қосатын ойын - сауығына, соның жасалуы үшiн керектi сылтаудың бiрiне кейiнгi кездерi ғана айналған [5]. Бiздiңше, оның тамыры тым теренде, адам баласының белгiлi бiр даму сатысына тән қаскөй күштердi анда-санда қуып тұру рәсiмiнде жатыр. Бәдік өткеру ғұрпында сол ескi салттың жұрнақтары ғана сақталған деу шындыққа әлдеқайда жақын болар.

Қаскөй күштердi қуып қана қоймай, одан қаша жөнелу әдетi де арғы-бергi халықтар өмiрiнде көп кездеседi. Дерт көшiрудiң бұл түрiн қазақ бақсылары да қолданған. Бәдікте өтiну, сұрау, қорқыту, үркiту, шошыту сықылды дерт көшiруге тән жалпы сарындар болғанмен, қаскөй күштерден тұра қашу арқылы құтылу жорасы мүлде байқалмайды.

Бәдік болмысы «көшiру» ғұрпымен тiкелей байланысты. Дерт көшiру қаскөй күштерден құтылудың жалпы амалы болса, бәдік - емдiк магияның жалқы әдiстерiнiң бiрi. Фольклортану тұрғысынан келгенде бәдіктi вербальды магия үлгiсiне жатқызуға тұра келедi.

Бұл жағынан оған ең жақын, етене туыс болып табылатын жанрлар – бақсы сарындары мен арбау. Алайда, олардың спецификалық ерекшелiктерi, жанрлық айырым белгiлерi ап-айқын көрiнiп тұрады.

Бақсы сарындарында бәдіктегiдей емдiк шаралар негiзгi қызметтi атқарғанмен, олар адам сырқатынан айықтыру үшiн, онда да негiзiнен жүйке ауруларын емдеу үшiн қолданылады. Арбауда ем - домнан өзге де қызметтер бар (мысалы: жауын шақыру, күн жайлату, т.б.), яки арбау метеорологиялық магия құрамына да енедi). Бұл - бiр. Екiншiден, бақсы сарындары мен арбаудың алабөтен орындалу ерекшелiктерi бар. Бәдіктi қауым болып өткерсе, бақсы сарыны мен арбауды профессионал орындаушылар атқарады (бақсы, арбаушы). Арбау бәдік сияқты өлендетiлмейдi, оқылады, т.с.с. Үшiншiден, олардың өлең өлшемiнде, ұйқас, ырғақ түзiлiстерiнде маңызды айырмашылық бар: бақсы сарыны мен арбау, негiзiнен, жыр үлгiсiнде шығарылады. Төртiншiден, бәдіктiң стильдiк өрнегi мен ондағы образ табиғаты да бақсы сарыны мен арбаудан оқшау тұр, т.с.с.

Бәдіктiң диалогқа құрылған мәтiндерiнде айтыстағыдай қыз, жiгiттiң есiмi аталмайды, сол арқылы ол айтыстан ерекшеленедi де. Бәдіктегi қыз бен жiгiт өнер жарыстыратын тұлғалар емес, дәстүрлi ғұрыпты орындаушылар ғана. Олардың аузынан шығатын сөз де ақындардыкiндей қолма-қол ойдан шығарылатын, суырып салынатын өнер дүниесi емес, көбiнше даяр үлгiлер, бұрыннан қалыптасқан шумақтар болады. Магиялы саналатындықтан жұртқа белгiлi бәдік сөздерiн бүтiндей өзгертiп жiберуге жол жоқ, керiсiнше, әртүрлi дайын сұлбалар мен сораптарға мол орын берiледi.

Бiр айтқанды қайта-қайта айта беру – сырт көзге ғана iш пыстыратын, мезi қылатын әрекет, негiзiнде ол магиялық ғұрыпты орындаудың талабынан туындайтын басты заңдылықтардың бiрi. Тибеттiң магиялық кiтабындағы: «Қажеттi жалбарыну сөзiн 100 мың рет қайтала» [6], - деген шарт тегiннен тегiн қойылмаса керек. Қазақтың бәдігiнде де белгiлi бiр сөздi, сөз тiркесiн, сөйлемдi, сөйлемдер тобын, шумақты, бүкiл мәтiндi неғұрлым көп қайталаса, зиянкес күшке солғұрлым қатты әсер етуге болады деген сенiм жатыр. Қарастырылып отырған жанрда ең көп қолданылатын сөз – «бәдік», содан соң жиi қайталанатын сөз - «көш». Оның шумақ, тармақ iшiне орналасуы да белгiлi бiр ырғақ, ұйқас заңдылықтарына бағынады. «Көш» сөзi, әдетте, бiрiншi, екiншi және төртiншi тармақтарда қайталанатын. Қандай да бiр затты немесе құбылысты

екінші зат пен құбылыстан айыратын ондаған, жүздеген белгілер бар. Ол белгілер кейде арнайы тексерусіз де «мен мұндалап» тұрады. Бірақ тым қарапайым болуы себепті біз оларға кейде тиісінше мән бере қоймаймыз. Сондай қарапайым, әрі жанрдың бет - пердесін айқындайтын басты белгі деп бәдік мәтінінің кез келген шумағында «бәдік» сөзінің жүруін атар едік. Екінші белгі - оның «көш» сөзімен тоқайласа, тоқым қағыстыра ірге қонатындығы. Бүкіл бәдік көшіру ғұрпының тоқ етер түйіні де аталған екі сөздің төбе түйістіруіне келіп тіреледі. Алайда, жетекшілік міндетті «бәдік» сөзі атқарады. Кейбір бәдік өлеңдерінде «көш» сөзі мүлде қолданылмауы мүмкін. Бірақ «бәдік» сөзінің қатысынсыз бәдік мәтіні болуы мүмкін емес. Бұл - бұзылмайтын, бұлжымайтын поэтикалық заңдылық.

Әдетте, бәдік мәтіндеріндегі өлең тармақтарының ұйымдасуы шумақ түрінде болады. Оны жоғарыдағы мысалдар да айқын аңғартады. Өлеңдердегі шумақ саны әртүрлі келеді. Бізге белгілі бәдіктер көлемі 4 шумақтан 46 шумаққа дейін жетеді.

Бәдіктегі шумақтар бір-біріне композициялық жағынан болсын, сюжеттік желі жағынан болсын онша тәуелді бола бермейді, мүмкіндігінше автономиялы өмір сүруге бейім тұрады. Сондықтан да кейбір өлең шумақтары бір бәдік мәтінінен екіншісіне, одан үшіншісіне оп-оңай ауысып кете барады. Әрине, олардың жолма - жол, айнадай теп-тегіс қайталануы өте сирек. Ауызша поэзияның жалпы даму заңдылықтарына сәйкес бәдік өлеңдеріндегі шумақтар да вариацияға ұшырап отырады.

Бәдік шумақтары үнемі төрт тармаққа, ал, тармақтар 11 буынға, ақсақ ұйқасқа (ааба) құрылады. Ілуде бір тирада пішінінің де жолығуы мүмкін. Ол екі түрлі болады. Біріншісі – 11 буынды қара өлең өлшеміне шақталған тирада:

Бір ауру бар бәдік деген келді хабар,
Бәдіктің көп жиналса, емін табар.
Уа, бәдік, көшер болсан, молдаға көш,
Мойныңа әшекейлеп тұмар тағар.
Болмаса, балпаң басқан байларға көш,
Үстіңе ақ манара шапан жабар...

Екінші – 7 - 8 буынды жыр өлшеміне шақталған тирада:

Бәдік, бәдік деседі,
Бәдік желдей еседі.
Асқар, асқар тауларға,
Ағыны қатты суларға,
Айнала соққан құйынға

Ай, көш, десе көшеді.

Ай, көш.

Бәдік мәтіндерінде сөздердің, негізінен, зат есімге ұйқасатыны айқын аңғарылады. Оның себебі көшіру ғұрпына тікелей байланысты. Бәдік өткеру салты кезінде ауру, немесе қаскөй күш, не жанды (адам, мал, жәндік), не жансыз заттарға көшіріледі. Сондықтан да ұйқасқа енетін сөздердің зат есімге бітуі әбден заңды. Өзге сөз таптары бәдік ұйқасының құрамында екінші қатарлы ғана рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Токарев С. А. Ранние формы религии. – М., 1990. – С. 427 - 429.
- 2 ӘӨИ қолжазба қоры. – 301 - бума, 10 - дәптер.
- 3 Фрээр Дж. Золотая ветвь. – М., 1986. – С. 19, 513 - 515.
- 4 К вопросу об опаживании // Этнографическое обозрение. – № 3 - 4. – 1910.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948. – Б. 43; Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – Т. 1. – Б. 110.
- 6 Токарев С. А. Ранние формы религии. – М., 1964. – С. 93.

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МАКАЖАНОВА Р. Б.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халықтың тұрмыстық тәжірибесінде сәбидің әрбір өмірлік қадамы назардан тыс қалмай, дәстүрлі түрде әрқилы ырымдармен аталып өтіп отырады және олардың барлығы өнер тілімен өрнектеліп келеді.

Бұл шығармаларды тудырушылар да, орындаушылар да ересектер, сондықтан да оларды ғалымдар балалар фольклорының бір саласы ретінде қарастыру қажет деген пікірді алға тартады [1].

Сонымен, біздің анықтауымызша, балалар фольклорының арналы бір саласы – қазақ әлпештеу поэзиясының ішкі жанрлық сарасы мынадай: бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жырлары (пестушки), уату-алдаркату жырлары (потешки).

Бесік жыры. Түп-тамыры тым теренге, сонау алғашқы қауымдық құрылысқа қарай кететін бесік жыры ұзақ жылдардағы адамзат тәжірибесінің жемісі.

Әлем халықтарының бесік жырлары атқаратын функциясы, мазмұн байлығы, ішкі құрылымы жағынан тұтастай карағанда желілес, үндес шығып отырады. Бесік жырының түп-төркінінің тым көнелігі, оның алғашқы негізінің сөз емес, саз (музыка) болғандығы, басты атқаратын қызметі - баланы тыныштандыру, оның жан-жүйесі мен санасына алғашқы эстетикалық нәр сіңіріп, тәрбие беру. Бұл сипаттар, сөз жоқ, қазақ бесік жырларының табиғатына да тән. Ал, бесік жырларының шығу тегі (генезис), ішкі жанрлық сарасы, әр халық жырларының өзіндік табиғаты туралы сөз қозғағанда ғалымдар пікірі әртүрлі арна түзейді. Мәселен, бесік жырының пайда болу, шығу төркіні жөнінде ғалымдар арасында екі ұдай пікір бар.

Орыс бесік жырларын алғаш арнайы зерттеген К. М. Элиаштың «бесік жырларының көне түпкі негізі арбау (колыбельные заклинания) өлеңдермен байланысты» деген пікірін В. П. Аникин, Ю. Г. Рочев, А. Н. Мартынова, Э. Н. Таракина да қолдайды. Ал, М. Н. Мельников, Р. Ф. Ягафаров, А. Сафаров, т.б. зерттеушілер «Ана өзінің тума табиғатымен (инстинкті) бала үшін, ең алдымен, оны тыныштандыратын жарқын да, бір сарынды ән қажет екендігін түсінді. Бесік жырының формасы осылайша пайда болды», – деген А. Ветуховтың пікірін жандандыра отырып, бесік жырының арғы тегінде арбау өлеңдері мен көне ырымдардың элементі жоқ деген пайымдауларға тоқтайды.

Бұл мәселе, шындығында, әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Аты айтып тұрғандай-ақ, бұл жырдың, негізінен, баланың бесікте жатқан кезінде орындалатыны белгілі. Қазақ арасында бала бесікке 7, 9, 11, 13-күн аралықтарында салынады. Сол сияқты халық бесікті өз ұғымдарындағы, сенім-нанымдарындағы жын-шайтан, албасты, үббе, т.б. мифологиялық қауіп иелерінен де қорғайтын киелі орын деп ұққан. Сондықтан баланы бесікке салу рәсімі ауылдастар арасында арнайы тойланып, түрлі әдет-ғұрып салттары, ырым, жоралғылары жасалады. Бесік баланы тамақтандырып, бағып-қағуға ғана ыңғайлы емес, оны әнмен тербетіп, ойнатып, көңілін алдап, аялап, алдарқатуға да қолайлы. Ана жырының ырғағы табаны тербетуге лайықталған бесік ырғағымен үндес шығып отырады.

Салыстыра қарасақ, бесікке салуға байланысты әдет-салттардың көп халыққа ортақ екендігін көреміз. Мәселен, бесіктің

арқалығын қару, оған үкі, қасқырдың азуы сияқты заттарды іліп қою, баланың басына пышақ, қанжар, т.б. заттар жастап қою Орта Азия халықтарының көпшілігіне ортақ [2]. Ал, бос бесікті тербетпеу салты халықтың бәрінде дерлік бар. Қазақта баланы бөлерде бесікті отпен аластап:

Алас, алас, пәледен қалас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас,
Отыз омыртқасынан алас! –

дегендей ырым өлеңдер айтылады. Мұндай анимистік ұғым әр халықта сақталған. Орыс бесік жырларында ұйқы шақыру сарыны бар. Бесік жырының магиялық негізін дәлелдеушілер көбінесе осы тектес мәтіндерді тілге тиек етеді [3]. «Ұйқым қашып жүр», «Көзіме ұйқы тығылып», «ұйқым келмеді» деген тіркестер мұндай магиялық түсініктің қазақ халқында да болғандығын аңғартады. А. Н. Мартынова мұндай мәтіндердің тегін арбау өлеңдермен байланыстыра келіп, орыс бесік жырларында екі түрлі арбау сарындарының бар екендігін айтады. Оның бірі – тілек арбау (заговори – пожелания) да, екіншісі – арнайы арбау (заговори-обращения). Осы екі сарынның да элементтері қазақ бесік жырларында кезігеді.

Сөздің магиялық күдіретіне сеніп, баланың болашағына ақ жол тілеу сияқты тілек арбау сарыны бесік жырында өте басым. Қазақ мәдениетінің білгірі А. Байтұрсыновтың бесік жырын «жын шақыру», «кұрт шақыру», «дерт көшіру» сияқты «қалып сөзімен» қоса топтауы ғалымның осы магиялық негізге ден қойғандығынан болса керек [4]. Әрбір құбылыс, зат, барша дүние – жанды құбылыс, онымен тілдесуге болады, өз өтінішінді өткізуге болады деген алғашқы қауымдық түсінікке негізделген арнайы арбаусарыны тым көмескілене бастағанымен де қазақ бесік жыры табиғатынан арбау сарыны қылаң беріп отырады. Сондай-ақ:

Дарын деген баладан,
Тауып алдық даладан...

немесе:

Дарын біздің қайда екен,
Қыздарменен тойда екен... –

деп келетін жырлардың арғы тегінде де осындай мән бар. Нақтырақ айтқанда, анасы баласына келген зиянкестерді алдап, басқа жолға салып жіберуге тырысады. Біздің ойымызша, бұл жырлардың көне

нұсқаларында сәбиге түрлі зиянкестік жасайды деп ұғынылған «қауіпті» сейілтуге арналған магиялық сарын әлдеқайда анық айтылған болуы тиіс. Яғни:

Әлди, әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат, бөпем, –

сияқты мәтіндерге қарағанда кезені жағынан аталмыш жырлар көне. Өйткені, ол мәтіндердің негізінде балаға зиянкестік жасайтын түрлі құбыжықтарды жыр сөзімен алдап-арбап, жолатпау ниеті бар. Мұндай түсініктер балалары өле беретін ата-аналардың тумаларын біреуге беріп, қайта «сатып алу» немесе баласына түрлі жаман есімдер беру салттарынан да көрініс береді. А. Л. Троицкая «сатып алу» ырымының бесікке салу кезінде де болатынын жазады [5]. Оның мәліметіне қарағанда, бесікке салу құрметіне ие болған адам бесікке атша мініп отырып, «сатып ал» деп дауыстайтын көрінеді, отырғандар шамасына қарай әлденелер береді. Ырым жоралғысы бойынша бесік тойына жиналғандар бала емес, ат сатып алған болып шығады. Бірақ бұл этнографиялық детальдар бесік жырының магиялық функциясына әлі де болса толық дәлел бола алмайды. Бесік жырының өте көне үлгілері бізге жетпеген, ал, соңғы кезеңдегі бесік жыры мәтініндегі мифологиялық ұғым-түсініктердің кейіннен жамалуы мүмкін. Сондықтан оның арбау қызметі жөнінде кесіп айтарлықтай бұлжытпас дәлел жоқ.

Бесік жырының мазмұндық құрамын іштей жіктеу жөнінде де ғалымдар түрлі толғамдар айтады. Дегенмен қазақ бесік жырларын дәстүрлі бесік жырлары және суырыпсалма бесік жырлары деп, екі топқа бөліп қарастырған жөн.

Дәстүрлі бесік жырларына ұзақ жылдар бойы айтылып, әбден қалыпқа түскен, мазмұндық-композициялық негізгі қаңқасы толық сақталып, Қазақстанның барлық түкпірінде көп өзгеріссіз айтылатын жырлар жатады. Жыр құрылысында «әлди-әлди» немесе «жылама, бөпем, жылама» тәрізді қайырмалар қайталанып, жырдың негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға, тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Бұл жырларда қазақ халқының дәстүрлі бала тәрбиелеу ісінің, халық тұрмысының, ұғым-түсінігінің, арман-мақсатының көріністері мол.

Суырып салма бесік жырлары адамның жеке басындағы, тұрмыстағы тарих пен қоғамдағы түрлі оқиғалардың әсерінен туып, тарап отырған. Ол жырларда сол кезеңдік оқиғалардың бедері мол. Бала тербетіп отырған адам бесік жырының дәстүрлі нұсқасын пайдалана отырып, өз ой толқынысын, күйініш-сүйінішін

сыртқа шығарады. Бұл топтағы жырларды іштей тарихи-тұрмыстық тақырыптағы және айтушының жеке басына байланысты мұңшер жырлары деп, екіге бөлуге болады. Бірақ мұндай жырлардың көпшілігі белгілі аймақта ғана айтылып, кен тарамаса, енді біреулері өз уақытында кең таралғанымен, өленнің тууына себеп болған оқиғамен бірге уақыт өткен соң ұмытылып кеткен, сондықтан біздің қолымызға түскен мәліметтер тым тапшы. Бұған ілгерідегі фольклор жинаушылардың көлемді жанрларға (эпос, ертеке, аңыз, т.б.) ерекше ден қойып, ұсақ жанрларды жинауға аса мән бермегені, сондай-ақ бұл жанрлардың соңғы кезде де жүйелі түрде жиналмай келе жатқандығы себепкер болса керек.

Қазақтар бесік жырын «әлди» деп те атайды. Әлдилеу – тербету немесе баланы алдына алып, бірқалыпты ырғау деген ұғымды береді. «Әлди-әлди» орыстардағы «баю-бай», өзбектердегі «алла-алла», татарлардағы «әлли-бәлли» сияқты қазақ бесік жырындағы тұрақты қайырма.

Халық тұрмысында бесік жырын айтушылар аналар ғана емес. Оны немересін жұбатқан аталар мен әжелерден бастап, отбасы мүшелерінің барлығы да орындайды. Әдетте, казак отбасы көп балалы болатындықтан ересектерінің кішілерін бағып, тәрбиелеуі үйреншікті жағдай. Кейде бесік жырын балалар кезектесіп те айтатын көрінеді. Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,

Беліне белбеу жарасып.

Тезек теріп жүргенде

Кетіп қапты адасып, –

десе, екінші бала:

Апасы оның келеді,

Жұмыртқа әкеп береді.

Дәркен оны біледі,

Жыламайды, күледі, –

дейді екен. Бесік жырын әжелерден бастап, отбасы мүшелерінің қайсысы болса да орындай береді. Мәселен, бесік тербеткен адамның:

Әлди, әлди, алайын,

Атқа тоқым салайын

Қыдырып кеткен апанды

Қайдан іздеп табайын? –

деп әндететіні бұған дәлел.

Халық санасының ұжымдық жемісі болғандықтан да, бесік жырында ел тұрмысының көріністері мол-ақ. Ондағы «жілік шағып берейін», «байқұтанның құйрығын жіпке тағып берейін», «қой тоқтысын сой, бөпем», «қуырдағына той, бөпем», «үстіне тоқым жабайын, астына терлік салайын», «быламыққа май құйып, төңкерме қып берейін», т.б. толып жатқан этнографиялық өрнектер мен баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыс байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Исләмжанұлы К. Рухани уыз. – Алматы, 1995.
- 2 Хомич Л.В. Колыбель у народов Сибири // Сборник Музея антропологии и этнографии. – Вып. XII. – 1888.
- 3 Аникин В.П. Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. – М., 1957. – С. 90-91.
- 4 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – Б. 257-261.
- 5 Троицкая А.Л. Первын сорок дней ребенка (чилля) среди оседлого населения Ташкентского и Чимкентского уездов. – Ташкент, 1927; Троицкая А. Л. Рождение и первын годы жизни ребенка у таджиков долины Зеравшана // Советская этнография. – № 6. – 1935.

ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МАКАЖАНОВА Р. Б.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Отбасылық ғұрып фольклоры үш үлкен салаға бөлінеді. Бірі – үйлену ғұрып фольклоры, бұның өзі салт-дәстүрге байланысты бірнеше кезеннен тұрады. Айталық, құда түсу, тойбастар, жар-жар, сынсу, аушадияр, беташар, некеқияр болып бөлінеді. Балалар фольклорын ересектер тарапынан жасалатын салт-дәстүрлердегі ерекшеліктерді (бесікке салу) ескеріп, осы топқа қостық. Ал отбасылық ғұрып фольклорының тағы бір саласы – жерлеу салтына қатысты ырымдар, салттар, рәсімдер, өлең-жырлар. Бұл салада ескі дәстүрлі шамандық ұғымдармен бірге ислам дінінің әсері ғұрыптардың өткізілу барысына да өзіндік таңбасын қалдырған.

Сөйтіп, өткен ғасырлардағы ғұрыптарды өткізу мақсатында айтылатын өлең-жырлар соны сипат қабылдаған.

Адам баласының ержетіп, қоғамның белді мүшесі болуының басты белгісі – оның өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тігуі. Ол, ең алдымен, ұлының ержетіп, қызының бойжетіп, ел қатарлы үй болуының аңсаған ата-ананың қуанышы болса; екіншіден, өмірдің тізгінін өз қолына алып, жұрт қатарына қосылған жастардың орындалған мұраты; үшіншіден, іргесін кеңейтіп, тың күш қосып, жаңа шаңырақпен толыққан рудың, тайпаның (дәстүрлі қоғамда), халықтың, ұлттың, қала берді, барша қоғамның қуанышы.

Тойдың өзі, тұтастай алғанда, ойын-сауықтық тұрғыдағы көңілашар шара ғана емес, ол – ғасырлар бойына сандаған ұрпақ санасының сарасынан өткен тарихи мәдени құндылық. Онда ислам дініне дейінгі көне наным-сенімдердің, дәстүрлі дүниетанымның нәрі сіңген, әлденеше қатпарлы рухани құндылықтар қоймасы бар. Сондықтан да той дегенді тек көңіл көтеру, ойын-сауық жасау, жастардың үйлену рәсімін атап өту ғана деп түсінуге болмайды. Әсіресе, дәстүрлі қоғамда бұл аса жоғары мәнге ие, сол дәуірдің бүкіл дүниетанымы мен дәстүрлі әдет-ғұрпына, салт-санасына лайық қалыптасқан күрделі ғұрыптық рәсімдер кешені болып табылады.

Үйлену ғұрыптары бір күннің немесе бір сәттің ішінде атқарылатын іс емес, әлденеше сатыдан тұратын, әр сатысы өзінше ғұрыптық салттармен рәсімделген, бірнеше айға (жаушы жіберу, құда түсу, ұрын бару, қыз ұзату, келін түсіру, т.т. дегендей), тіпті, жылдарға (құда болу салтынан бастап есептегенде) созылатын кешенді ұзақ процесс. Оны шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның алғашқысы - құдаласу кезеңі. Мұның өзі біраз уақытқа созылған әртүрлі рәсімдерден тұрады. Олардың қатарында «жаушы жіберу», «сырға (үкі) тағу», құдаласу, қалыңмал алысу, «ұрын бару», т.б. толып жатқан жол-жоралғыларды атауға болады. Әрқайсысы әртүрлі әдет-ғұрыппен, кішігірім той, думанмен аталып өтеді. Бұл кезеңнің де өзіндік айтылатын сөздері, фольклорлық мәтіндері болады.

Құда түсуге келген жаушылар сөзін: «Сізде – аққу, бізде – сұңқар, ілдіргелі келгенбіз», – деп тұспалдап бастайды. Оның өлең түріндегі нұсқасын «Қамбар батыр» жырындағы айттыра келгендегі Келмембеттің сөзінен көреміз:

– Көтерсең менің назымды:
Саусағы алтын сұңқарға

Ілдірейін деп келдім,
Көлдегі үйрек, қазынды-ай,
Алтайы қызыл түлкіне
Косайын деп ойлап ем,
Құмай жүйрік тазымды-ай [1].

Екінші кезең - қыз ұзатылатын той. Әдетте, бұл құдаласу бітіп, қалыңмал алу аяқталған кезде екі жақтың келісімімен жасалады. Дәстүрлі қоғамдағы тойдың сәндісі әрі маңыздысы осы болған. Сондықтан мұнда жасалатын ырым-жырымдар да, салт-дәстүрлер де, жол-жоралғылар да көп. Соған орай, мұнда орындалатын фольклорлық шығармалар ауқымы да мол. Мәселен, құдаларға құйрық-бауыр асатар сәтте:

Кұда, құда деселік,
Құйрық-бауыр жеселік.
Құйрық-бауыр жемесек,
Несіне құда деселік [2], –

деп әндетіп, құдалар құйрық-бауырды отырған жұртты айнала жүріп, қолымен қыстап асатады. «Жар-жар», «сыңсу», «аушадияр» сияқты сүбелі жанрлық түрлерде осы тойда міндетті түрде орындалатын шығармалар. Қазақ тойының барша әдет-ғұрып пен рәсімдері, ойын-сауық, өлең-жырлары «қыз ұзату» кезінде жарқырай көрінеді. Асылында, ежелгі дәуірде «қыз ұзатуды» адам мен қоғам өміріндегі аса маңызды оқиға санаған, оған баса мән берген. Оның түпкі себебі, арғы матриархат дәуірінде жатуы да кәдік. Сондықтан да М. Әуезов сынды ғұлама зерттеушілердің өзі бұл жанрлық топты «Қыз ұзату кезіндегі салт өлеңдері» деп топтаған. Тіпті, беташарды да осы топқа қосады [3].

Үйлену ғұрпының үшінші кезеңі – келін түсіру тойы. Ғұрыптық жағынан алғанда, бұл да аса маңызды кезең, онда атқарылатын рәсімдер мен жол-жоралғылар да жетерлік. Олардың қатарында «арқан керу», «келін түсіру», «отқа май салу», «бие қысырамас», «асықты жілік, төс тарту», «отқа шақыру» деген сияқты толып жатқан рәміздер мен ырым-кәделерді атауға болады. Бірақ фольклорлық тұрғыдан келгенде, нақ осы тойда орындалатын міндетті ғұрыптық шығармалар қатарында «беташарды» ғана атай аламыз. «Тойбастар», «тойтаркар» сияқты басқа да ән-жырлар барлық тойларда орындалады.

Отбасылық ғұрып фольклорының құрамдас жанрларының ішінде үйлену ғұрып фольклоры көркемдікөрісі, эстетикалық қуаты мен дүниетанымды қаясы жағынан ерекше көрнекті орынға ие.

Дәстүрлі үйлену ғұрып жырларының мазмұндық шалқары қазақ халқының этникалық дүниетанымдық, көркемдік-эстетикалық элементтерді молынан қамтиды.

Қазақтың тойы дала төсіндегі үлкен сахнаны елестетеді. Ондағы әрбір адамның, құда-құдағидан бастап шақырылған қонақтарға дейін өз мәртебесі, белгіленген орындары мен өз рөлдері бар. Күнделікті тіршіліктің ресми заңдары мен қағидалары мұнда жүрмейді, ол - мерекенің, тойдың ежелден қалыптасқан өз қағидасына бағынады. Тойда хан мен кара, бай мен кедей, кожайын мен қызметші қоғамдағы орындарынан басқа мәртебеге ие болады. Бірі – құда, құдағи, бірі – күйеу, қалыңдық, енді бірі – той бастаушы, бет ашушы, қалғандары – ежелгі жақын-жекжат, қадірлі қонақтар, т.б. Олардың әрқайсысының дәстүрлі әдет-ғұрыппен белгіленген өз орны бар. Соған лайық сый-сияпат көрсетіледі. Сондықтан құда болып келген жақтың өкілдерін олардың жас ерекшелігімен, әлеуметтік мәртебесімен санаспай-ақ, құдаға қажетті жасалатын жол-жоралғының барлығын жасайтын болған (бет-аузына ұн, айран жағу, суға тұншықтыру, құда тартысқа салып сүйреу, т.т.). Өнерімен танылған кедей жігіт той басқарады, жар-жар немесе беташар айтып, тойға келгендерді өз айтқандарына көндіреді. Тіпті, тойға барынша жасанып киініп барудың өзі адамдардың жаңа сипатқа ауысуын бейнелейді. Той – үлкен халықтық сипатқа ие, оған аяғы жеткен алыс-жақын ағайын, ру, тайпа, қоғам мүшелері тайлы-таяғы калмай, түгел жиналады. Тіпті, шақырусыз келген кембағал адамдарға да тойда сый-құрмет көрсетіледі. Ал, таныс-білісті тойға шақырмау - үлкен айып. Қазақтың «той десе, қу бас домалайды» деп мәтелдейтіні сондықтан.

Өнердің пайда болуында мерекелік ойын-сауықтардың рөлі ерекше. Және оның бастау көзі ойын-сауықтың рухани қажеттілік болмауынан туғандығын әлем халықтарының дәстүрлі мәдениетін зерттеушілердің барлығы да жазған болатын. Өнер мен мәдениеттің дамып, қалыптасуындағы ғұрыптық ойын-сауық пен мерекенің рөлінің зор екендігінің қазақ зерттеушілері де атап көрсетіп келеді. Бұл орайда оның драмалық сипатын танытқан Ш. Хұсайынов пен Ы. Дүйсенбаевтың, С. Қасқабасов еңбектерін атап көрсетуге болады [4].

Үйлену тойында атқарылатын ойын-сауықтардың мазмұнына назар аударсақ, ондағы қуаныш (күлкі) пен кайғы, мұнның (жылау) қатар жүретіндігі. Олардың үнемі жарыса, шендесе қос қабат келіп отыратындығы айрықша көңіл аударуды қажет етеді. Мәселен, ел тойға жиналып, көңілденіп жатса, қыз сынсу айтып, елімен

коштасып, жылап-сықтайды, құрбы-құрдастар мен ата-ана, туған-туыстары да өлік жөнелткендей жылау үстінде болады.

Әрине, той болған соң қуанышқа жасалатыны белгілі. Бірақ сол қуанышты барынша қыздыра түсетін небір күлкі туғызатын рәсімдердің әдейі жасалатындығы көзге оқшау көрінеді. Бұл жерде әңгіме, біріншіден, тойда атқарылатын рәсімдердің жай ғана көңіл көтеру емес, еріксіз күлкі туғызарлық небір масқарампаздық жол-жоралғылармен атқарылатынына назар аударғымыз келіп отыр.

Қазақтың үйлену тойындағы «рәсімдік күлкі» («ритуальный смех») тегі де ескі заманнан бастау алады және ол рулық қоғамда бертінге дейін сақталған. Ол ғұрыптық фольклордың табиғатына да әсер еткен. Мәселен, құдалар айтысында өткір әзіл, қалжың өте көп. Тіпті, ол айтыстардың «бәдік айтысқа» (боғауыз айтысқа) ұласып кететін кездері де болады. Сол сияқты беташар мазмұнында да осындай әжуа таныстырулар кездесіп отырады. Тіпті, жеңіл әзіл бесік жыры мен балалар өлеңдерінде де жетерлік.

Жалпы, дәстүрлі дүниетанымда күлкі – тіршіліктің, өсіп-өнудің символы. Ол - тек тірілер әлеміне ғана тән құбылыс. Сондықтан да баланың дүниеге келуінде, адамдардың үйленуіндегі күлкі – олардың жаңа өмірге аяқ басуының, өсіп-өнудің белгісі іспеттес. Ежелгі дүниетаным бойынша, күлкі - дүниеге жан бітіруші күшке ие, оның тірілер әлемінде ғана болатыны сондықтан, өлілер әлемінде күлкі жоқ. Рәсімдік күлкінің мәні осында. Кейін күлкінің орнын ән-күй, ойын-сауық басады.

Ал, үйлену жырларындағы кайғы-мұң, зар қыздың жат елге кетуіне байланысты туындайды. Дәстүрлі дүниетанымда басқа әлем (өлікті жөнелтуде ол - өлілер әлемі, ал қыз ұзатуда – жат жұрт) - әрқашан жұмбақ, қорқынышты, үрейлі, тылсым. Міне, қыз осы өзіне жұмбақ әлемнен, жат елден қорқады, жанына жақын алтын ұядан айрылғысы жоқ. Осыдан барып зар туады. Шындығына келгенде, бұл да рәсімдік кайғы, тіпті, қыз өзі баратын ауылды өте жақсы біліп, сүйгеніне қосылып бара жатқан күннің өзінде өз елінен «сыңсып» аттануға тиіс. Мұндай қос тінді сипат үйлену тойының драмалық табиғатын күшейте түседі. Бұл рәсім, айналып келгенде, ғұрыптық жырлардың жаттандылығына, формулалығына алып келетін жол. Ғұрыптық жырлар поэтикасын тексеруде мұны да есте ұстау шарт. Былайша айтқанда, бір елден екінші елге аттанып бара жатқан қыз жылауға тиіс болса, екінші жағынан, жаңа өмірге келгеніне қуануы тиіс. Бұл – өтпелі ғұрыптар («обряды перехода») кезінде болатын

қос сипаттылық. Кең ұғымда алғанда, жылау, кайғы, мұң өлімнің символы болса, күлкі – қуаныштың, өмірдің символы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Батырлар жыры. – Алматы, 1987. – Т. 3. – Б. 24.
- 2 Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. – Алматы, 2001. – Б. 100.
- 3 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – Б. 46-52.
- 4 Хусайнов Ш., Дюсенбаев И. Т. Театралыно-драматические элементы в казахском устном творчестве и народных играх // Известия АН КазССР. Серия искусствоведения. – Вып. 1. – Алма-Ата, 1959; Каскабасов С. А. Колыбель искусства. – Алма-Ата, 1992. – С. 34.

ҚАЗАҚША АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

МАМАНИЯЗОВА Г. О.

модератор, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 27 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі жағдайда көркем аударма мәселесі маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл жаһандану және халықаралық деңгейдегі рухани, мәдени, әлеуметтік, экономикалық қатынастардың өзара ықпалдасуымен байланысты, бұл белгілі бір күш-жігерді, соның ішінде тілдік кедергіні еңсеруді талап етеді. Тіл мен аударма бір бүтіннің ажырамас бөліктері болып табылады, сондықтан кез келген тіл бар болғанша аударма сұрақтарының барлық түрлері болады. Демек, аударма мәселесі – үнемі назар аударуды қажет ететін қоғамның өзекті қажеттіліктерінің бірі.

Аудармалар көркем аудармадан бастап әртүрлі сипаттағы құжаттарды, қарапайым хаттар мен тұрмыстық қағаздарды аударуға дейін әртүрлі. Көріп отырғаныңыздай, өмірде маман аудармашылардың көмегінсіз істеу мүмкін емес, сондықтан оларды дайындаудың сапалы деңгейі өте маңызды. Көркем аударма шығармашылық қызметтің сол салаларына жатады, онда алдыңғылардың қателерінен өте көп нәрсені үйренуге болады - олардың жетістіктерінен гөрі әлдеқайда көп. Чарльз Батъе «Көшіруші суретші аудармашыға қарағанда әлдеқайда тиімді жағдайда: оның қарамағында түпнұсқаны жасаушы сияқты техникалық құралдар (бояулар) бар» деп жазды. Аудармашы

түпнұсқа авторы сияқты түстерді пайдаланбайды, бірақ ол өзінің транскрипциясында түпнұсқа туындының авторы сияқты бірдей күш пен әсерге жетуі керек. Аудармада түпнұсқаны мүлтіксіз жаңғыртуға мүмкіндік бермейтін негізгі және таза еңсерілмейтін кедергі – автор әртүрлі халықтың тілдік экспрессивтілігі құралдарынан, басқа лексикалық элементті, атап айтқанда, бір сөзді қолданатын тілдік экспрессивтіліктің түбегейлі басқа құралы. аудармашы одан тартады. Ксендз Копчинский: «Аударма дегеніміз – бір ойды басқа тілде білдіру» деген. «Ақшаны соғуда марка деген не, сосын аудармада – сөз».

Қазіргі этнологтар әр тіл шындықтың өзіндік аспектісін бейнелейді, ал жеке тіл топтарының ойлауының әр түрлілігі басқа нәрселермен қатар, олардың тілінің синтаксисінде көрініс табады деп дәлелдейді. Оның үстіне тілдің ойлауға шешуші әсері де танылады. «Біз тіліміз алдын ала құрастырған және үлгі еткен ғаламдағы ойлармыз». Әрине, әртүрлі тілдер арасында өте, өте терең айырмашылықтар бар. Дегенмен, бұл әлі де қандай да бір іргелі, мәңгілік және жойылмайтын Аудармасыздық туралы айтуға негіз бермейді, өйткені аударма шеберлерінің практикалық қызметі, әдетте, пессимистік көңіл-күйдің барлық түрлерін жоққа шығарады. Соңғы концепцияларда адекватты аударма ұғымы эквивалентті аударма ұғымына бағынады. Бұл жерде қазіргі лингвист Клеменсевичтің аударманың міндеті – өз тілінің элементтері мен құрылымдарын көшірмеу, қайта жасамау, тіпті одан да көп түрлендіру емес деп жазған тұжырымын келтіру өте орынды. кем дегенде, функционалдық өнімділікке, жарамдылыққа және тиімділікке тең алмастырғыштар мен баламалар болуы керек. Көркем аударма өнері көп нәрсені талап етеді. Көркем аударма негізінен эвристикалық процесс. Аудармашы аналитикалық әдісті тек дайындық кезеңінде ғана емес, түпнұсқаны дұрыс түсіну және қайта құру үшін қажетті барлық мәліметтерді зерттегенде қолданады. Түпнұсқаны талдау түпнұсқамен жұмыс істеу барысында тоқтап қалмауы керек.

Шығарманың түпнұсқасы өз тілінде жазылған халықтың ұлттық мінезі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмысы сапалы аударма жасауға негіз болады. Ең көрнекті аударма туындыларды шын мәніндегі қос тілді адамдар – екі тілді де жақсы меңгерген және екі этностың мәдениеті мен менталитетін терең сезінетін – төл және аударма тілдің иелері жасағанын атап өткім келеді. Бұл жерде сөздіктердің көмегі аз, өйткені берілген контексте сөздің тікелей сөздік мағынасы

қайта құруды қажет ететін сезімдер, сезімдер мен ойлар кешеніне ешқашан дерлік сәйкес келмейді. Шығарманы аударуда ауызекі сөйлеу, жиынтық өрнектер мен реалия сөздер маңызды рөл атқарады. Тілдің осы нақты компоненттерін түрлендіру кезінде баламалы және сәйкес аналогты табу үшін өте мұқият болу керек. Әрине, аналитикалық әдіс өзінің нақты нәтижесін береді, бірақ шығарманың өмірге келуі, шет тілінде сөйлеуі үшін аудармашы да өзінің түйсігі мен ақындық қабілетіне сүйену керек. Мұнда аудармашының өмірі де, әдеби тәжірибесі де, ата-бабасының ген арқылы берілетін сан ғасырлық тәжірибесі де жинақталған. Осы құрамдас бөліктердің барлығы қажырлы еңбекпен, ізденістермен және дауылды эмоционалды тәжірибелермен біріктірілгеннен кейін ғана, бір ғажайып сәтте, кейде ұзақ азаптан кейін жаңа туынды дүниеге келеді.

Аудармадағы өнер дәл аудармашы аудармашы өзі аударып жатқан шығармадан «өзін көргенде», «осы шығарманы өзі жазып жатқандай сезінгенде» басталады. Тығыздау басқа адамдардың ісіне араласу дегенді білдіреді, мұны автордың тәжірибесіне бей-жай қарамайтын адам ғана жасай алады. Ал «өзінді көру» – шығармашылық әрекет, бұл аудармашының автормен қосылуы, бұл махаббат әрекеті, онсыз шынайы шығармашылық, шынайы өнер болмайды. Өйткені, аударма – махаббат перзенті деп бекер айтылмаған. Оның үстіне шығарманы аударған кезде аудармашы бірденені құрбан етуі керек, бірақ бұл ең үлкен оң нәтижеге жету үшін пайдалы болуы керек. Аударма әдебиетінің көмегімен біз басқа халықтың өмірінен, басқа әдебиетінен, мәдениетінен, салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен көптеген қызықты нәрселерді үйренеміз. Көркем аударманың игілікті де қиын жұмысы ТМД халықтары әдебиеті үшін ерекше маңызға ие, оның мәні оның көп ұлттылығында жатыр. Ешбір жағдайда айналып өтуге болмайтын тарихқа жүгінсек, кеңес әдебиетінің қалыптасу жылдарында жекелеген ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі бірдей болмағанын айта кеткен жөн. Ресейдің, Закавказьенің, Прибалтиканың және Украинаның кең танымалдылыққа ие болған және сыншыл реализм жолынан өткен ежелгі әдебиеттерімен қатар кеңестік отбасына ежелгі ақындық дәстүрлері берік Орта Азия әдебиеттері де енді. жаңа тарихи жағдайларда прозаның ірі формаларының дамуына алғашқы қадамдар жасады.

Қазақ әдебиеті туралы айтар болсақ, 19 ғасырдың аяғында ұлы Абайдың аударған «Тау шындары», «Татьяна хаты» халық өніне

айналған. XX ғасырдың 30-жылдарының басы Сәмед Вургун, Сәкен Сейфуллин, Ғалымжан Ибрагимов, Максим Рыльский, т.б. әдебиет өкілдерінің кен одақтық оқырманға қол жеткізуімен ерекшеленді. Сонау 1926 жылы Қазақстанда Әбділда Тәжібаевтың аудармасында «Сараң рыцарь» пайда болды. Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов орыс классиктері мен Шекспирді көркем аударманың ұлы шеберлері болды. Молдовада – Андрей Лупан халыққа «Гамлет», Г.Сақ «Игорь жорығы туралы хикаяны» тарту етті. Аудармашының жұмысы – көп күш-жігерді қажет ететін қиын жұмыс. Өйткені, әдебиетін аударып отырған халықтың тілін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін білмесеңіз, автор айтқысы келген шығарманың негізгі мәнін, көңіл-күйін оқырманға жеткізу екіталай. Бірақ аударма ісіндегі кемшіліктер туралы не айтса да, аудармашы еңбегі халықтарды біріктіретін ең маңызды, сауапты істердің бірі болды және болып қала береді. Нашар аударма бір қаламгерден ғана емес, тұтас бір ұлттық әдебиеттен де бет бұрып кететіні бұрыннан айтылып келеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығын жалпы аударма теориясы саласына жатқызуға болады, бірақ қазіргі уақытта қазақстандық аударматану шындығы қандай? Осыдан 25-30 жылдай бұрын әр түрлі конференцияларда, Қазақстан Жазушылар Одағындағы көркем аударма секциясындағы отырыстарда, Мәскеуде өткен КСРО аудармашыларының Бүкілодақтық конференциясында (1989 ж.) ылғи да тілге тиек еткен мәселелер жөнінде сөз қозғадық. білікті аудармашыларды дайындау. Бізге университеттердің филология факультеттерінде аудармашылар дайындайтын топтар, аудармашылар кафедралары, тіпті дербес факультеттер ашуға болатындай көрінді, болашақ аудармашыларды дайындау үшін арнайы кітаптар мен оқу-әдістемелік құралдар жазу туралы көп айтылды, т.б.

ҚР ҰҒА Известия Қоғамдық ғылымдар сериясы.[2011. № 2]

Бір сөзбен айтқанда, тілегіміз орындалып, НПУ-да. 1989 жылы Абай атындағы филология факультетінде қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше аудармашылар бөлімі ашылды. 1994 жылы ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында аудармашылардың алғашқы түлегі өтті. Кейін мұндай кафедралар басқа жоғары оқу орындарында, мысалы, Қазақ мемлекеттік университетінде ашыла бастады. әл-Фараби атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және шет тілдер университетінде. Абылай хан, сондай-ақ еліміздің кейбір аймақтық университеттерінде. Бір сөзбен айтқанда, кадр дайындау мәселесі шешіле бастады. Бүгінгі қазақ аудармашыларының алдында

тұрған жаңа мәселелер қандай? Біздің ойымызша, бұл – кадрлар даярлауды жүйелеу, алған білім сапасын арттыру, аудармашыларды: прозаиктерді, акындарды, фольклоршыларды, театр сыншыларын бейіндік оқыту. Түпнұсқадан (делдалсыз) қазақ тілінен кез келген шет тіліне және керісінше аударма жасай алатын шет тілдерін меңгерген аудармашыларды даярлау, бұл қазақ халқының мәдени мұрасы жөніндегі қабылданған мемлекеттік бағдарлама аясында ерекше маңызды. . Аударма кафедраларының барлық курстары үшін оқу, практикалық және теориялық оқу құралдарын жазу, семинар-тәжірибелік сабақтарға практик-аудармашыларды тарту ең маңызды міндет болып табылады, олардың саны Қазақстанда жеткілікті. Ендеше, тапшылығы бүгінде қатты сезіліп отырған жоғары білікті аудармашыларды даярлау үшін бұл проблемаларды тез арада шешу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы. // Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
- 2 Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. // Көркем аударманың мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957.
- 3 Ж.Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағы. 5-том, – Алматы, Ғылым баспасы, 1999 ж. – 301 б.
- 4 Жансүгіров І. Шығармалар. 2 т. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
- 5 Қаратаев М.Көркем әдебиет туралы ойлар. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көрем әдебиет баспасы, 1958. - 442 б.
- 6 Н.Сағиндықованың «Основы художественного перевода» 1996
- 7 Ө.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» 1975
- 8 С.Нұрышевтің «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» [мақалалар жинағы, 1957
- 9 Талжанов С.О. О переводах и переводчиках. / Аударманың лексика – семантикалық мәселелері: (тәжірибелер, толғаныстар, топшылаулар). – Алматы: Ғылым, 1987.
- 10 Раппопорт С. Художественное представление и художественный образ. М.: Наука, 1985.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

МАРДАНОВА Б. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдануым оқушылардың жеке қасиетін аша отыруға, азамат етіп тәрбиелеуімен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастырады және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Осыған орай төрт психологиялық әрекеттерді сабақта қолданамын: тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу.

Бұл әрекеттер оқушыларды қазақша сөйлеуге үйретеді, сөздермен сөйлем құруға, грамматикалық ережелерді практикада қолдана алуына әрекет жасайды. Инновациялық технологияларды қолданғанда презентация дайындағанда оқушылар жоспарлау. Жобалау жасау процесінде жаңа білім мен білікке ие болады. Оқушының ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіреді және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Біздің елімізде қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда егемендік еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа.

Өйткені, орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты-оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі-сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол-сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Қазақ тілін меңгеру барысында ұлттық дүниетанымды кеңейтіп, халықтың аса құнды байлықтарын танып-білу арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру іске асырылады.

Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. «Технология» гректің «teche»- өнер, шеберлік және «logos»- ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу процесінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни инновациялық әдістері де жиі қолданылады.

Инновациялық тәлім-тәрбиенің негізінде келесі технологиялар жатады :

1. дамыта оқыту технологиясы
2. проблемалық оқыту
3. сын тұрғысынан ойлау
4. саралап оқыту
5. табыстың жағдайын жаса- сабақта

Инновациялық тәлім-тәрбиенің негізгі ұстанымдары болып табылады ;

- креативность(шығармашылыққа деген бағдарлау) ;
- білімді меңгеру- жүйелеу;
- дәстүрлі емес сабақ түрлері
- көрнекі құралдар

Ал енді мен инновациялық тәлім-тәрбиенің ортақ әдістемелік ұстанымдарынан әдістерге көшемін. Инновациялық технологияның игерушілігінде тәлім-тәрбиеде қазақ тілі сабағында ойдағыдай келесі әдістер қолданылады:

- ассоциативтік қатар;
- опорный конспект; жазбаның интерактивті жүйесі тиімді оқылым және толғанушылық) үшін;
- миға шабуыл
- топтық пікірталас;
- кластерлер;
- синквейн;
- бұлақты термин;
- өсиетті ойын;
- дәстүрлі емес үй жұмыстары

- тесттермен жұмыс;
- тапсырмалар;

I Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

- 1 Оқу мақсаттарының қойылуы.
- 2 Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
- 3 Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Дамыта оқыту оқушылардың ізденгіштік-зерттеушілік іс-әрекетіне тән. Оған тән сипаттар:

- оқушының алдына ізденуді жүзеге асыру қажеттілігін тудыру керек,
- іс-әрекеттің бастапқы кезеңі – оқушылардың алдына олардың әрекет жағдайын жаңаша талдап, оны жаңаша түсінуді талап ететін оқу міндеттерін қою,
- осы міндеттерді шешуді, яғни іздену іс-әрекетін ұйымдастыру, мұнда үлгі көрсетуге болмайды, сондықтан мұғалім оқушыларды іздену іс-әрекетіне таратуы қажет ол үшін екі шартты орындау керек.

1) Мұғалім өзара ізденуге басқарушы болмай, шын мәнінде қатынасушы болу керек.

2) Ол оқушылар жүргізіліп жатқан ізденуді шын мәнінде жүзеге асыру керек, оларға дұрыс шешім көрсету керек.

3) Оқу міндеті шешілгеннен кейін мұғалім табылған шешімнің бағасын ұйымдастырып оның басқа міндеттерді шешу үшін қаншалықта пайдалануға болатынын түсіндіреді.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

- 1) түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- 2) оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- 3) олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
- 4) оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;

5) оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;

6) оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

7) жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады

Дамыта оқу технологиясын сабақта қолдана отырып осындай тапсырмалармен жұмыс істеп, барлық оқушыларды бағалауға мүмкіндік болады

Мына сөздерді оқып, мағынасына қарай үш топқа бөліңдер.

Халық, бауыр, жылы, ат, ұстаз, жаға, қара, жау, ащы, ескі, әлсіз, оқушы, кісі, әуе.

(оқушылар дәптерге жазады, өз бетімен жұмыс істейді)

2. Синоним, антоним, омоним.(ізденіске баулиды, ережені қолданады).

– Халық	жылы	бауыр
– ұстаз,	қара	ат
– оқушы,	ащы	жаға
– кісі	әлсіз	
– әуе	жау	

3. Сөздермен сөз тіркестерін жазыңдар.(орташа оқитын оқушыларға мүмкіндік жасалады). Жылы күн, бұлтсыз әуе, қара ат.

4. Сөйлемдер жазыңдар.

Мен Ертіс өзенінің жағасында қыдырдым. Біздің мұғалім - өте жақсы адам.

Ол бауырымен театрға барады. Менің әжем бауырдан тағам жасады.

5. Қорытынды жасайды (мысалы: қара черный – ақ – белый, (антоним) кара – смотри деген сөз көп мағыналы сөзге жатады, ескі кітап, ескі киім деп айтамыз, бірақ адамды сипаттауға жатпайды).

II Проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процессінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін

қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемаларды міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі.

Проблемалық оқыту

1) проблемалық жағдаяттың пайда болуы

2) проблемалық міндетті қою және оның қиыншылық мәнін

жете түсіну

3) болжау арқылы шешім тәсілдерін табу

4) болжамды дәлелдеу

5) проблема шешімінің дұрыстығын тексеру .

I. Тапсырма

Пробемалық жағдай сабақта.

Тыңдалым

1. Жұмбақ арқылы сабақта жағдай жасау.

Жұмбақ – өлең

Өрік, алма,

Шие, алша,

Жидек, жүзім піседі.

Қауын, қарбыз,

Қияр, сәбіз –

Дүкендерге түседі.

Астық пісіп,

Орақ түсіп,

Қырман дөнге

толады.

Айтыңдаршы, балаларым

Бұл қай кезде болады?

().

2.Сөйлемдерді оқып, осы тақырыпқы мәтін құрастыр (ұжымдық талқылау). Оқылым (мәтінмен жұмыс) Мазмұнын өз сөзінмен баянда

а) Бұл жылдың молшылық мезгілі. Күзде бау-бақшада сәбіз, қияр, тәтті бүріш, қызанақтар жинаймыз. Ағаштарда бүршік пайда болады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Қар ериді, бәйшешектер шығады. Ағаштың жапырақтары ,шөп сарғаяды. Оқушылар мектепке жазғы демалыстан оралады.

Жаңбыр жиі жауады. Күзде адамдар астық жинайды. Адамдар жеңіл киімдерін киеді.

Кесте 1

Кестені толтыру	Дұрыс	Бұрыс
Бұл жылдың молшылық мезгілі	*	
Күзде бау-бақшада сәбіз, қияр, тәтті бүріш, қызғанақ жинаймыз.		
Ағаштарда бүршік пайда болады.		
Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.		
Қар ериді, бәйшешек шығады.		
Ағаштың жапырақтары ,шөп сарғаяды		
Күзде адамдар астық жинайды		
Адамдар жеңіл киімдерін киеді.		
Жаңбыр жиі жауады		
Оқушылар мектепке жазғы демалыстан оралады.		

ә) **Жазылым** – дәптермен жұмыс.

Мәтіннен септік жалғаулары бар сөздерді көшіріп, сұрақтарын қою.

Қай сөздер антоним бола алады екенін дәлелдеп жаз.

3.Нәтижесін қортындылау(мұғалім қортындысын жасайды)

Салыстыру әдісі. (суреттермен жұмыс).

Жылдың қай мезгілдерінің көрінісі?

Сұрақ –жауап.

1.Жылдың қай мезгілі?

2.Жапырақтардың түсі қандай?

3.Аспан қандай?

4.Бұл мезгіл саған ұнай ма?

Мына суретті көргенде көңіл-күйін қандай болады?

1.Жылдың қай мезгілі?

2.Бұл мезгіл саған неге ұнайды?

III Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы. Оқушыны сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының әдістерін сабақтарда қолданудың маңызы зор, тиімді. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану негізінде оқытудың әр түрлі формаларын қолдана отырып оқушылардың бір-бірін тындай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.

Ізденіске баулып, естіп көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйрету.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасымен жан-жақты ізденіп, танысып талдау. Сынып оқушыларының оқу тәрбие процесінде психологиялық педагогикалық тұрғыда бақылау, білім деңгейін диагностикалық үнемі зерттеу. Жан-жақты дамыған шығармашылық талапқа сай жеке тұлға тәрбиелеу.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа тәлім тәрбие үйретіп, білім беру әр ұстаздың міндеті. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп жауап алуға мазмұнды толық түсінуге жағдай жасалынған.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының тиімді жақтары

1. Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады.

2. Сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды.

3. Оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады.

4. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды.

I. Шақырудың кезеңі.

– Есімдік деген не ?

– Қазақ тілінде есімдіктің неше түрі бар?

(өз болжамдарыңызды жазыңыздар, көрші отырған оқушымен талқылаңыз, жауабын жазыңыз).

2.Түсіну.

Ақпаратты алып, жаңаны бұрынғы білгенімен ұштастырып жүйеге салып, өз ойын айтып, сабақтың тақырыбын игеру. (не білім келеді).

Өзі тазаға бәрі таза. Әркім өз қазын аққуым дейді. Сен жырламасаң екен, мен тындасам екен. Дені сауға бәрі сау.

Әр күннің өз таңы бар..Әр таңның өз қамы бар. Ешкім екі рет жас болмас. Біреу тоқтықтан соқыр, біреу жоқтықтан соқыр.

3. Рефлексия. Кластерді құрастырындар.

II. Тапсырма.

Синквейн құру.

Жазғытұрым.

1. Зат есіммен көрсетілген өлеңнің тақырыбы.

2. Сын есімдермен берілген тақырыптың сипаты.

3. Етістіктермен берілген осы тақырып көлеміндегі іс - әрекеттің сипаты.

4. Тақырыпқа қатысты көрсететін төрт сөзден тұратын сөз орамы.

5. Бірінші сөздің синонимі.

III. Тапсырма.

1. «Ассоциация және болжам»

Топпен жұмыс. Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не туралы болады деп ойлайсыз? «Алма ағаштары».

2. «Мәтінді тыңдап, аяқта»

Келесі мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

1991 жыл – Абылай хан жылы деп аталады. Республика жұртшылығы Абылай ханның туғанына екі жүз сексен жыл толған тойын атап өтті.

Абылай хан 18 ғасырдың отызыншы жылдарында Қазақ хандығын басқарған .

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жолымбетов Қ.А. Қазақ тілін оқыту методикасы., Қазақ университеті, 1991 20 бет

2 Сарбасова Қ. Инновациялық технологиялар (оқу құралы) «Атлас баспасы- 2001» Алматы 2006

3 Н. Түндебаева. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін коммуникативтік оқыту технологиясы. Қазақ тілі және әдебиеті орыс мектебінде 2007ж. №10. 3-7 бет

4 Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы 1978 56 бет

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

МАТАЕВА А. К.

докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазіргі кезеңде әдебиеттанудағы теориялық мәселелерінің бірі – қазақ ұлттық әдебиетінің көркемдік даму жолдарындағы әлемдік әдеби үрдістермен сабақтастыра қарастыру, зерттеу.

Әдебиетті қоғамның айнасы деп танысақ, әлеуметтік, мәдени, рухани және саяси мәселелер тақырыптары автордың ұстанымдары мен көзқарастарын ғана анықтап қоймай, ортаның да көркемдік ойларының негізі болып табылады.

Қазақ елінің егемендік алғаннан кейінгі әдебиеттегі зерттеуде басты ұстаным етіп алынған тұжырымдардың қатарында ұлттық идея, елдік таным басты орынға шықты. Алаш өкілдерінің шығармаларының ақталуы да көркем әдебиеттегі тың ізденістерге жол ашты. Әдебиеттегі ақтандақ беттер тәуелсіздік биігінен қайта бағамдалып, құндылығы сараланды. Қадым замандардан басталып, Алаш қайраткерлері көркемөнерінде басты ұстаным болған ұлттық идея егемендіктің тірегіне айналу мәселесі көтерілді. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң қазақ әдебиеттануы ұлттық таным, ұлттық идеяның қағидаларына сүйенеді. Қазіргі әдебиеттану ұлттық идеяның тарихи сипаттары (С. Қирабаев, Т. Кәкішұлы, М. Базарбаев, Ш. Елеукепов, М. Мырзахметұлы, Р. Нұрғали, Т. Жұртбай, т.б.), ағартушылық негіздері (О. Әбдиманұлы, Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, т.б.), ұлттық идеяның тұтасу, бір орталықтану кезеңі (Т. Жұртбай, Б. Омарұлы, А. Шәріп, Е. Тілешов, т.б.), ұлттық идеяны қалыптастырудағы Алаш қайраткерлерінің еңбектерінің құндылығы (Р. Нұрғали, А. Исмақова, т.б.), әдеби компаративистика (Ш. Сәтпаева, Г. Бельгер, М. Маданова, т.б.) тұрғысынан зерттеліп келеді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттегі еркін ойдың ұлттық идеямен астасуы заңдылық болатын. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық идеяның негізгі қайнар көзі ретінде әдебиетті ала отырып, оның көркем ой арқылы халықтың болмыс-бітімі мен салт-сана атрибуттары арқылы таңбалануын ғалым Амантай Шәріп: «Этностардың тарихи санасы тұлғалана түскен сайын «халықтық рухтың» орнына «ұлттық рух» ұғымы жиірек қолданылуға қарады» [1, 7], «... әдебиеттегі ұлттық мінез мәселесін қаузау белгілі бір дәрежеде ұлттық рухтың және ұлттық төлсананың (национальное самосознание) бейнелі түрде көрінетін жай-жапсарлары жайында да сөз суыртпақтау болып шығатыны түсінікті» [1, 8], - деп көрсетеді. Сондықтан да шығарма құрылымын өзгертетін жаңа бағыттар шыға бастаған тұста да ұлттық идея негізгі өзек болып қалды.

Бүгінгі таңда ұлттық әдебиеттану әлемдік әдебиеттану ғылымының озық ұстанымдарымен интеграцияланып, жаңа теориялық тұжырымдармен, структуралық, герменевтикалық, семиотикалық, постмодернистік, т.б. аналитикалық әдістермен толықтырылуда. Көркем мәтіннің эстетикалық құндылықтарын

бағамдайтын талдау әдістері, сондай-ақ автор бейнесі мен позициясын, автор мен оқырман қарым-қатынасын зерттейтін еңбектер орын алды: Т. Есембековтің «Әдеби талдауға кіріспе» (1991), «Көркем мәтін поэтикасы» (2012), «Көркем мәтін теориясы» (2015), Б. Шалабайдың «Көркем прозадағы автор бейнесі» (1998), В. Савельеваның «Художественная антропология» (1999), Б. Кәрібаеваның «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» (2001), М. Оразбектің «Автор және шығармашылық процесс» (2003), «Авторлық позиция» (2017), Ж. Жарылғаповтың «Ұлттық прозадағы әдеби ағымдар типологиясы» (2011), «Жанр және көркем әдіс» (2011), Қ. Жанұзақованың «Автор образы мен кейіпкер» (2014) және т.б.

Әдеби мәтіннің көркемдік деңгейін автор және оқырманның өзара коммуникативтік қарым-қатынасымен байланыста қарастырып жүрген ғалымдардың бірі профессор Г. Мучник. Ғалым «Проблемы коммуникативной поэтики» (1995), «Текст в системе художественной коммуникации (восприятие, анализ, интерпретация)» (1996) монографиялық зерттеулерінде көркем сөздің коммуникативтік ерекшелігі, оқырманның көркем мәтінді интерпретациялауы, авторлық ұстаным, мәтін стратегиясы сынды т.б. мәселелерді зерделейді.

Филолог ғалым В. Савельева әдеби құбылыстарды жаңа бағытта, структуралистер, постструктуралистер, семиотиктер және рецептивті эстетиканы зерттеушілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әдебиет теориясының құрылымын идеялар мен тұжырымдар жүйесі ретінде пайымдайды. Оның «Художественный текст и художественный мир: проблемы организации» (1996) зерттеу жұмысында алғаш рет «көркем мәтін» және «көркемдік әлем» ұғымдарының аражігі ажыратылып, көркем мәтінді интерпретациялау, талдау арқылы оқырман рецепциясы әдісімен көркем әлемнің альтернативті шындық ретінде моделі жасалды. Көркемдік әлем бейнелі құрылым, кеңістіктік пен уақыттың ұйымдастырылуы, оқиға динамикасы аспектісінен зерттеледі.

Структуралистік поэтика саласында ғылыми ізденістерімен белгілі ғалым Ә. Құлымбетова көркем мәтіннің формальды және семантикалық қасиеттерін анықтаудың жүйелі әдіс-тәсілдерін дамытты. Ғылыми көзқарастары «Стиль казахского рассказа и повествования» (1993) және «Системный анализ художественного произведения» (2002) [2] еңбектерінде көрініс тауып, әдебиеттанушылардың әдеби стиль ерекшелігін М.

Бахтиннің мекеншақ тұжырымымен байланыста қарастырды. Эпикалық жанрлардың түрлерін мекеншақ қасиетіне орай анықтауға тырысты.

Осы бағытта филология ғылымдарының докторы С. Әбішеваның да зерттеулерін атап өткен абзал. «Поэтическая система “мир природы”: структура и семантика» (2002) [3] атты монографиялық еңбегінде структуралистік тұрғыдан қазақ-орыс ақындарының поэтикалық туындылары негізінде көркем сөздің семантикалық және құрылымдық сипатын, композиция, цикл, образдар жүйесін саралайды.

Мәтінге структуралық талдау жасау тиімділігін дәйектеген әдебиеттанушы – Х. Садықов. Ол «Әдебиет теориясы» (2002) еңбегінде сөз өнерін эстетикалық жүйе ретінде қарастырып, көркем мәтін құрылымын оның семантикалық ерекшелігінен жоғары қояды. Демек, көркем мәтін мағынасын оның құрылымына емес, пішіннен мазмұнға қарай талдайды.

Әдебиет теориясында маңызды ғылыми зерттеулердің бірі – С. Мақырұлының «Адамтану өнері» [4]. Мұнда көркем сөз табиғаты, көркем шығарманың мазмұны мен формасының бірлігі, көркем шындықтағы адам тұлғасы, шығарма тілі, әдебиет тектері мен жанрлары, әдеби ағымдар және әдістер бағамдалды. Сонымен қатар В. Шекспир, А. Пушкин, Эдгар По, Н. Гоголь, Ф. Достоевский, Н. Некрасов, Л. Толстой, А. Құнанбайұлы, Ги де Мопассан, Ш. Құдайбердіұлы, А. Чехов, С. Цвейг, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, Ф. Мүсірепов және т.б. әлемдік және отандық ақын-жазушылардың шығармалары өзара байланыста талданды.

Ғалым Т. Есембеков көркем мәтінді талдаудың психоаналитикалық, структуралистік, постструктуралистік, постмодернистік, т.б. зерттеудің әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, драмалық жанрлардың қасиеттеріне байланысты тың қағидаттар ұсынады. Көркем мәтіннің драмалық қасиеті «авторлық» көзқарас тұрғысынан айқындалады және структуралистік тұрғыдан драматизм мәтіннің көркемдік бірлігіне қызмет етеді деп көрсетеді. Көркемдік элементтердің бірізділігі мен авторлық ұстанымның өзара қатынасын жан-жақты талдаулар арқылы бағамдайды. Теориялық тұжырымдардың практикалық маңызын Ә. Тарази, С. Жүнісов, О. Бөкей, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков сияқты әдебиетшілердің шығармашылығы негізінде дәлелдейді. Бұл зерттеулер Т. Есембековтің «Драматизм және қазақ прозасы» (1997) [5], «Көркем мәтін поэтикасы» (2012) еңбектерінде қамтылған.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында ф.ғ.д., профессор А. Исмақованың ғылыми зерттеулері маңызды орын алады. Ғалымның ізденістері кенес дәуірінде тыйым салынған әдебиет пен қазіргі қазақ прозасының жанрлық өзгешеліктерін теориялық тұрғыдан пайымдауға бағытталған. А. Исмақова «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ көркем прозасының поэтикасы (тақырып, жанр, стиль)» (1998) тақырыбындағы докторлық диссертация жұмысында ұлттық прозаны әдебиеттің дамуындағы әлемдік қағидаттармен байланысын Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, М. Әуезовтің және т.б. көркем шығармалар үлгісінде қарастырды. Оның ғылыми еңбектерінде ұлттық прозаның қалыптасу үрдісі талданып, романдар XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуындағы соңғы жанр ретінде зерттеледі. А. Исмақова әдебиеттанудың салыстырмалы-тарихи, структуралистік және постструктуралистік салалардың тоғысында, сондай-ақ нарратология аясында жұмыс істейді, өйткені әдебиеттанудың осындай синтетикалық мәселелері ғана қазіргі көркем рефлексияда болып жатқан күрделі үрдістерді жеткілікті түрде көрсете алады. «Возвращение плеяды. Алаш әдебиетінің экзистенциалдық мәселесі» (2002) монографиясында осы әдіснамалық тәсіл іске асырылды. Сондай-ақ «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016) [6] еңбегінде аталмыш кезеңдегі қазақ әдебиеттануының теориялық мәселелері, қазіргі постмодернистік зерттеулер мен әдебиеттанушы ғалымдардың ізденістері жинақталған.

Әдебиет теориясы саласында мәнді зерттеулерімен белгілі филолог ғалым. Б. Жетпісбаева ежелгі түркі әдебиетін семиотикалық тұрғыдан саралайды. Бұл бағытта түркі халықтарының этнологиялық және мәдени генезистерінің ерекшеліктерін, олардың мәдени өзін-өзі сәйкестендіру тарихын талдау жұмыстарын жүргізді. «Символ в движении литературы» (1997) [7] атты монографиялық зерттеуінде қазақ әдебиеті материалында көшпенділердің символдық ойлау жүйесін қарастырады. «Образные миры М. Жумабаева» (2008) атты монографиялық еңбегінде ғалым М. Жұмабаевтың мифологиялық ойлауының негізгі бастаулары мен өзіндік өлшемдерін және туындыларының орыс символизмімен шығармашылық байланысын анықтай отырып, тыйым салынған ақынның өлеңдерін тұтастай зерделейді.

Филология ғылымдарының докторы., профессор А. Жаксылықовтың көркем мәтіндері және зерттеу еңбектері әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі ерекше болып табылады. А.

Жақсылықовтың зерттеулерінде көркем шығармадағы мәңгілік, рухани тақырыптарды жанаша пайымдаудың үлгілері айрықша көзге түседі. Ғалым әдебиеттануда бұрын тыйым салынған тақырыптардың бірін – дін мен әдебиеттің байланысын, көркем сөз бен руханияттың бірлігін айқындайды. «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис» (1999) монографиясында ғалым XX ғасырдың ұлттық прозасының дамуына діни-мифологиялық мәселелердің генезисі мен болмысы тұрғысынан ерекше назар аударады, XX ғасырдың 30-60 жылдарда әдебиеттегі осы фактордың дамуындағы тарихи анықталған алшақтықтың себептері мен мәнін, оның 70-80 жылдардағы жаңа прозада қайта жандануын көрсетеді. Ғалым діни-адамгершілік, рухани-эстетикалық, философиялық-этикалық принциптердің әртүрлі дәуірлерде ұлттық көркем сөзіне әсері туралы жүйелі тұжырымдар жасайды. Бұл тұжырымдар ғалымның «Просветление Ахмеда Яссави» (1996), «Религия и литература в эстетической взаимосвязи» (1997), «Религиозные мотивы в художественной литературе» (1998), «Сравнительная типология образов и мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (2012) [8] ғылыми-танымдық, әдістемелік және монографиялық еңбектерінде көрініс тапты. Ғалымның пікірінше, рух бостандығы мен Жаратушыға деген сүйіспеншілік әдебиеттің шынайы келбетін анықтауға қызмет етеді.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында мифологияны зерттеуде ғалым Ж. Аймұхамбет елеулі үлес қосуда. «Орал Бөкей прозасындағы мифология мәселелері» (1999) тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысында Орал Бөкей прозасы негізінде мифологизм сипатына ғылыми талдау ұсынды. Ғалым мифтің фольклор мен жазбаша әдебиеттегі қызметін талдайды. «Мифтің поэтикалық қызметі» докторлық диссертациясы (қазіргі қазақ поэзиясының үлгісінде) (2010) мифтің барлық аспектілерін жан-жақты талдауға негізделген: мифтің танымдық қызметі; түрлі сипаттаулары және бейнелеу жүйелері; ішкі классификациялары. Ғылыми жаңалықтары «Миф дүниесі және көркемдік әлем» (2003), «Көркемдік өріс» (2009), «Мифтің поэтикадағы қызметі» (2010), «Әдебиет әлемінде» (2012), «Миф және қазіргі әдебиет» (2012), «Мифопоэтика» (2013), «Поэзия және миф» (2014), «Миф. Мифология. Мифопоэтика» (2016) [9] еңбектерде көрініс тапты. Ж. Аймұхамбет бұрынғы зерттеушілер жалпылап қарастырған мифология мәселелеріне ерекше назар

аударды және өзіндік терең талдау жасайды: ішкі жіктеулерді барынша айқындайды; дәйекті тұжырымдар ұсынады; жекелеген бейнелердің сипатын ашады. Сондай-ақ ол «тау», «құс», «туған жер» т.б. ұғымдардың мифопоэтикалық, мифологемдік сипаттамаларын егжей-тегжейлі негіздейді, дербес классификацияларды дамытып, оларды концептуалдық деңгейге шығарды; мифологиялық сипаттағы поэтикалық ойлау жүйесіндегі таным мен қабылдаудың күрделі жолдарын ашты. Көркем мәтіннің ішкі қабаттарына енумен қатар, ғалым өзінің стильдік ерекшеліктерін айқындау кезінде бастапқы және авторлық (автометафорларды) тілдік қолданыстарды да ажыратады. Осылайша, Ж. Аймұхамбет әлемдік мифологияның ғылыми тұжырымдамаларына сүйене отырып, қазақ мифологиясына соны идеялар мен қазіргі қазақ әдебиеттануының ғылыми айналымына жаңа ұғымдар әкелді.

Әдебиетті зерттеуде тың әдістерді (нарратологиялық, дискурсивті талдау және т.б.) қолданған ғалымдардың ішінде ғалым, профессор Б. Майтановты атауға болады. Майтановтың монографиялық еңбектерінде зерттеу материалдарының мерзімді шектеулілігі байқалады – бұл ғалымның нарратологиялық жүйенің ішіндегі мәтіннің көркемдік-эстетикалық белгілері туралы озық ұстанымдарынан туындаған заңдылық. Бұған дәлел ретінде ғалымның қазақ романдарының баяндау жүйесіндегі баяндаушының орнын, автор мен оқырман категориясын, роман бейнелерінің жүйесін және шығарманың стилистикалық ерекшеліктерін анықтауын айтамыз. Зерттеушінің «Романның баяндау жүйесіндегі автор» (2003), «Портрет поэтикасы» (2006), «Монолог құрылымы» (2006) [10] және т.б. еңбектері қазіргі қазақ әдебиеттануында маңызды орын алады.

Әдебиет теориясының жаңа тұжырымдамаларын қалыптастыру мен дамытуда бірқатар ғалымдар: К. Жүсіп, Р. Нұрғали, С. Әшімханова, Н. Жуанышбеков, Ш. Ыбыраев, Т. Жұртбай, Г. Елеуқенова, А. Ишанова, Г. Пірәлиева, М. Маданова, К. Ахметов, Ф. Исмаилова, Е. Тілешев, Қ. Жанұзақова, С. Ержанова, Ж. Жарылғапов, Ұ. Еркінбай, Г. Сәулембек және т. б. өз үлестерін қосты.

Қазақ әдебиеттануының қазіргі теориясында көркем шығармадағы жекелеген көркемдік категорияларды, атап айтқанда структурализм, құрылымдық поэтика тұрғысынан талдауға болатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жеткілікті. Сондай-ақ, герменевтика

әдістеріне, семиотикаға әдебиеттің детерминантты көркемдік тәсілдері ретінде жиі назар аударылады.

Біз қазіргі ұлттық әдебиеттанудың, атап айтқанда, әдебиет теориясының жай-күйін көрсету үшін бірқатар зерттеулер жүргіздік. Қазіргі қазақ әдебиеттанушыларының еңбектеріне шолу және талдау әдебиеттану ғылымының әлемдік тенденциялары Қазақстан әдебиетінің дамуына жаңа серпін бергенін, сондай-ақ ұлттық зерттеулерде ерекше көрініс тапқанын көрсетеді. Осылайша, қазіргі қазақ әдебиеттануы Тәуелсіздік кезеңінде қайта жанданып қана қоймай, гуманитарлық ғылымның дамуындағы жаңа тұжырымдамалар мен үрдістердің негізін қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух: Оқу құралы. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. – 240 б.
- 2 Кулымбетова А. Системный анализ художественного произведения: науч.-метод. сборник. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 174 б.
- 3 Абишева С. Поэтическая система «мир природы»: структура и семантика. Монография. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 268 б.
- 4 Мақпырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
- 5 Есембеков Т. Драматизм және қазақ прозасы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 231 б.
- 6 Ісмакова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 б.
- 7 Жетписбаева Б. Символ в движении литературы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 288 б.
- 8 Жаксылыков А. Сравнительная типология образов и мотивов с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Эстетика, генезис: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 361 б.
- 9 Аймұхамбет Ж. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография. – Астана: Фолиант, 2016. – 181 б.
- 10 Майтанов Б. Монолог құрылымы: ғылыми зерттеу. – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 107 б.

С. ЖИЕНБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

МОЛДАБЕКОВА Ж. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 8 орта мектебі, Аксу к.

Сөз өнерінде, жалпы өнерде идея ерекше орын алады. Поэзияда, оның ішінде лирикалық поэзиядағы идеяның орны туралы түрлі пікірлер бар. Көркем идея көркем оймен қабысып жатады. Идея туралы, оның мазмұн мәні жайында академик Зейнолла Қабдолов мынадай тұжырымды ой айтады: «Идея, көркем идея – әдебиет пен өнер шығармасының өзегінен алынған жинақтаушы, эмоциональды, образды ой. Көркем ойдың нысанасы болып көбінесе белгілі бір дәуір шындығы неғұрлым айқын көрінетін өмірдің жекелеген құбылыстары алынады. Идея жазушының осы өмір құбылыстары туралы айтқысы келген ойы мен беретін бағасын білдіреді. Әрбір әдеби шығармада көркем шешімін тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреткердің дүниетанымына, әлеуметтік көзқарасына жатады» [1, 292 б.].

Жалпы көркем шығармада, соның ішінде поэзияда да өзіндік идея болады. Сонымен қатар, ақынның даралық стилі қалыптасқан, ұлттық идеясы айқын болса тұтас поэзиясының циклдік шығармаларын біріктіріп тұратын да идеяның болары анық. Кез келген көркем дүние айтайын деген идеясымен маңызды. Көркем шығарманың идеялылығы туралы академик Зәки Ахметов те айтқан болатын [2, 15 б.].

Идея мен тақырып өзара бірлестікте болады. Көркем шығарманың тақырыбына қарап-ақ идеясын түсінуге болады. Идеяны қаламгердің даралық стилінен де көруге болады.

Қазіргі таңда әдебиетімізде ұлттық мінездің өлеңдегі өмірі қаламгер тілдік тұлғасымен, бейнесімен өзара байланыста қарастырылып жүргені белгілі. Әдебиеттің ұлттық сипатын тереңіне бойлау түсіну үшін оның өзекті мәселесі ұлттық мінез табиғатын тереңірек түсініп алуымыз керек.

Ақынның жастық шағы, балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарында өтті. Ол соғыс жылдарында адамдардың қалай өткенін, қиын жағдайдан шыққанын, соғысқа барғанын және аналардың балаларын күткенін көрді. Сол дәуірдің қиындықтарынан аман қалған ақын соғысты көрмеді, бірақ оны түсініп, өлеңдерінде

көрсете алды. Ақын қаламынан туған дана поэзиясымен халықтың жүрегін жаулап алады.

Жалпы, ұлттық мінездің өлеңде өрнектелуінде ақынның ақындық және лирикалық «мендерінің» негізінде туған өлеңдерінің орны бөлек екен. Ұлттық мінездің өлеңдегі өмірін ақын тұлғасымен, бейнесімен тығыз байланыста қарастырудың да басты себебі осында.

Ақынның «Медаль» өлеңі:

Қайысып кетті жер үсті

Қалың ел толқып, тасқанда...

Қарсы алып жаттық Жеңісті,

Бөркімізді атып аспанға... [3, 118-120 бб.].

Ақын өлеңдерінен ұлттық нақыш ерекше көрініп отырады. «Ат жарыс алаңында» атты өлеңінде қазақ халқына тән этнографиялық жанды сурет бар:

Шу ете түсті төменде,

Ду ете түсті үстіміз.

Садақтан ұшқан жебедей,

Сәйгүлікпенен ұшты қыз.

Үзбейді жігіт үмітін,

Секілді бұл да құс-қанат,

Орайы келсе, жігітін

Оғынның өзін ұстамақ [4, 109 б.].

Жырда оқтан ұшқан, оқтан тайсалмайтын жігіт «садақтан» ұшқан жебедей сәйгүліктен ұшқан қыз «көйлектің жеңін бір бүктеп, қалған адам мінезі» мағыналы ой мен этнографиялық бояуға қанық. «Қыз қууда» ұлттық киім киген қызды садақтан жебесіне теңеу қандай ұтымды шыққан теңеулер.

Ақын өлеңдерінің бәрінде де және ел аман, жер тыныш тірліктен күй шертетін «Құлын», «Балықшы туралы баллада», «Бауыр» секілді толып жатқан толғауы тоқсан толғаныстары да, айналып-үйіріліп келгенде, ойында өткен соғыс жаңғырып оятып, күрескерлікке үндейтін азаматтық ауқымды саз бар.

С. Жиенбаев өлеңдеріндегі сезім шынайылығы мен табиғилығы, лирикалық бояуы мен психологиялық тереңдігі адам жанының қасиетті, ақындық шеберлігін паш етеді. Ақын өлеңдері ұлттық нақышта. Ақынның шығармашылық жолында туған шығармалары оның көркемдік ізденісін қамтиды.

С. Жиенбаев өзіндік даралық стилі қалыптасқан ақын. Оның ақындық шеберлігі әр өлеңінен көрініп тұрады. Ол қысқа өлеңнің,

лирикалық жанрлық бітімін, мәдениетін көтеруге айрықша қызмет сіңірді. Сонысымен де дараланып, ерекшеленіп көрінеді.

Сағи Жиенбаев өлеңдерінде ойын тұспалдап айтып баяндауға да құмар:

Жер менен көкті жалғаған.

Ақ жолақ жатты тартылып...

Адырна тұрған аруана

Қарады бір сәт манданып.

М. Ақдәулетов өз мақаласында Сағи Жиенбаевтың поэзиядағы орнын ерекше атап өтеді. Өлеңдегі өзіндік орны, өрнегі бар ақын екендігін айтқан [5, 22 б.].

С. Жиенбаев лирикасының ерекшелігі – ол табиғат құбылыстарын адамның эмоцияларының өзгеруімен бірге жеткізуі. Ақын көңіл-күйді табиғатпен тығыз байланыста қабылдайды, кейде бұл табиғи құбылыс көңіл-күйдің өзгеруі сияқты адамның нәзік сезіміне айналады.

Жиенбаев эпосының поэзиясындағы ой көркем білімнің тұтастығымен, ақынның логикасымен үйлеседі. Объективті шындықты білетін ақын жай заттар мен құбылыстарды жеткізіп қана қоймайды, оларды бейнелейді және көркем түрде жеткізеді. Поэзия тілінде ол көркем және қарапайым түрде суреттеді, оны бәрі көзбен көріп, қабылдады. Ақын – әдебиеттегі танымал классикалық дәстүрлердің озық жалғастырушысы.

С. Жиенбаевтың сюжетті туындыларының бірі – «Сыртта боран ұлып тұр». Аз ғана шумақтан тұратын өлеңмен лирик ақын біраз нәрсені айтқысы келген.

Сыртта боран ұлып тұр,

Қырық жамау терезені ұрып тұр.

Қоңыр кеште

Қоңыр үйдің ішінде

Қарсыласар пенде жоғын біліп тұр [6, 25 б.].

Соғыс басталғанда, Сағи Жиенбаевқа небәрі жеті жаста еді. Оның балалық шағы ауыр соғыс жылдарында өтті. Сондықтан ауыл балаларының қорқынышты соғыс кезінде қалай өмір сүргені туралы өлеңдер бар. Ақынның соғыс тақырыбындағы сюжеттік өлеңдерінің бірі «Хат».

Қолыма қалам алғалы

Екі-үш ай өткелі арада...

Хат жазу –

барлық арманым –

Майданда жүрген ағама.
Қанша әріп білім бәрібір,
Сөз емес маған ол жағы.
Әзірге білген әрібім
Хатыма жетсе болғаны... [б, 27-30 б.].

Ақынның «Хат» өлеңінде майданға кеткен ағасына хат жазып, оның аман-есен оралуын асыға күткен бала сезімі шебер көрсетілген.

С.Жиенбаев қаламынан шыққан оқиғалы өлеңдер ақын шығармашылығындағы орны бар туындылар. Оны қалың жұртшылық сүйсіне оқиды. Бұларды қазақ поэзиясындағы озық дүниелер деп есептеуге болады.

Сөзімізде түйіндей келе, С Жиенбаевтың өлеңдері көркемдік білімнің негізі ретінде әлемнің құбылыстарын, өмір шындығын нақты, қарапайым түрде жеткізе білген. Дәлдік пен бейненің, талант пен шығармашылықтың жүйелі негіздері келіп, ақынның шеберлігін құрайды. Өлеңдерінде ақын тіршілікті табиғат құбылыстарымен үйлестіре отырып, ұлттық-психологиялық талғамға баса назар аударады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Идея. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты. – 1999. – 750 б.
- 2 Ахметов З. Идеялылық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты. – 1999. – 750 б.
- 3 Жиенбаев С. Іңкәр дүние. – Алматы «Жазушы», 1981 ж.
- 4 Жиенбаев С. Үш томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: «Жазушы», 1991ж.
- 5 Ақдәулетов М. Даланың сыршыл жүрегі // Жас алаш. – 1994, 23 тамыз.
- 6 Жиенбаев С. Бақ құсы. – Алматы: «Раритет», 2002 ж.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОЧЕРК ЖАНРЫ

МУРАТБЕК А.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Зерттеулерге сүйенсек, қазақ әдебиетіндегі очерк жанры өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қалыптасып, дами бастаған. Жанр зерттеушілерінің еңбектерінде очерктің бірыңғай анықтамасы жоқ. Бірақ очерктің қысқа баяндау жұмысы екендігі, оның негізгі мақсаты бейнелі иллюстрация немесе бейнелі ақпарат дегенді білдіретіндігін барлық зерттеушілер айтқан. Сонымен қатар очерктің көркем-публицистикалық жанр ретіндегі ақпараттық және аналитикалық жанрлардан басты айырмашылығы ретінде оның публицистика мен көркем сөйлеу сияқты екі саланың белгілі бір белгілерін қамтитындығы көрсетіледі. Очерктің стиль ерекшеліктеріне төменде берілген белгілерді жатқызады. Олар:

1 Авторлық «мен». Публицистикалық элемент автордың тікелей рефлексиясымен, автордың әңгімеге тікелей араласуымен жасалады және көбінесе автор кейіпкер ретінде де, бейнеленген кейіпкермен де байланысты болады. Сонымен қатар автор очеркте бейнеленген және баяндалған жайларды, оның шындығын растайды.

Авторлық «мен» оқырманмен рухы, ақыл-ойы, көзқарасы бойынша жақын болып келеді. Ол – оқырманның мүдделерін жақсы түсінетін досы, кеңесшісі т.б. сияқты жақын адамның бейнесі.

2 Интимизация – бұл автордың стилистикалық әдістерінің жиынтығы. Автор оқырманды өзінің айтып отырған оқиғасына мейлінше жақындатқысы, соған араластырғысы келеді. Солай оқырман қызығушылығын арттырады.

3 Документальдылық. Очерктегі оқиғаның шамамен 90 пайызы документальды (күжатталған), яғни шындық болады. Автор қашанда тақырыпты толық ашуға мүмкіндік беретін фактілерге сүйенеді.

4 Өзектілік. Очерк ақпарат құралдарында күніге дерлік басылып отырады. Демек, оның маңызды белгісі – өзектілігі болуы керек. Оқырманды тікелей тартатын оның актуальділігі.

5 Кейіпкердің типтілігі. Бұл, ең алдымен, өмірдегі ең маңызды нәрсені, шындықты таңдау. Очерк әрқашан нақты өмірлік фактілерге сүйенеді. Қоғамда неғұрлым көп кездесетін жайлар жинақталып беріледі. Қосымша ақпаратпен толықтырылуы негізінде типтендіру

пайда болады. Адам іс-әрекетінің, түрлі проблеманың, жанжалдың т.б. барлық көріністері бар адамды бейнелеу үшін автор типтік және қайталанбас жеке тұлғаның даралығын, оның қызметін, әлеуметтік қатынастарын сақтай отырып, ол типтік, әлеуметтік шартты ашуға тырысады.

6 Очерктің тағы бір ерекшелігі оның бейнелілігі. Очеркте кейіпкерді бейнелеуде жинақтау да, даралау да бар. Кейіпкерді жинақтай және даралай отырып, көркем, бейнелі суреттейді. Бейнелеу арқылы оқырманды түрлі әсерге бөлейді.

7 Очерктің 90 пайызы шындыққа құрылғанымен ойдан шығарылған тұстары да болады. Автор кейде шындыққа өз жанынан қосып, өсіріп те отырады. Кейбір ерекшеліктерді асыра көрсететін тұстары болады. Шамамен 10 пайыздай асыра суреттеуге тиесілі. Мәселен, оқиғаның уақытын өзгертуі мүмкін немесе нақтылы адамдардың ортасына ойдан шығарылған кейіпкер қосуы мүмкін және т.б.

Біз қысқаша очерктің негізгі белгілерін санамалап шықтық. Сонымен қатар очерк түрлері тұрғысынан да бірнеше түрге жіктеледі. Мәселен, портреттік очерк, жолсапар очерк т.б. Жолсапар очеркі – очерк жанрының алғашқы түрі. Басқа түрлерінен бұрын шыққан. Оның мақсаты – автор жүріп өткен жолды көрсету. Жолсапар очеркінің айрықша ерекшелігі – белгілі бір тапсырма, сюжеттің алдын-ала анықталуы. Жолда аңдағандары, түрлі кездесулер, автор куә болған оқиғалар, жаңа жерлерден, елді мекендерден, қалалардан алған әсерлер – бұл жолсапар очеркінің негізгі материалдары.

Қазақ газеттерінде, нақтырақ айтсақ, бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газетінде «Жолдан» деген айдармен очерктің жолсапар түрі жазыла бастайды. «Жолдан» немесе «Жазушының қойын қалтасынан» дегендерді қазақ әдебиетіндегі көркем очерктердің алғашқы қарлығаштары десек болады. Осы газеттегі «Жолдан» деген рубрика кейіннен «Очерк» болып ауыстырылған.

30-жылдары қазақтың М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Ерубәев, Ш. Құсайынов сияқты қаламгерлері еліміз, жеріміз туралы біраз очерктік туындыларын дәл осы газетте жариялаған екен. Кейіннен елдің батырлары мен еңбек ардагерлері, өнер адамдарын және т.б. белгілі адамдар туралы очерктер жазылады. Социалистік тұрмысқа қатысты сол кездің ұраны болған түрлі бесжылдықтар, зауыт, фабрика, темір жол т.б. очерк жанрының басты тақырыбы болады. Елде болып жатқан түрлі

өзгерістерді, еңбек ерлерін мадақтап, халыққа очерктер арқылы жеткізіп отырады. Ол кезде қазіргідей ғаламтор деген жоқ. Барлығы мерзімді басылымдар арқылы тарайды. Сондықтан ол кезде очерктің оқылымы да, таралымы да тек газет арқылы болды.

Отызыншы жалдардағы жазушылардың арасынан Б. Майлинді ерекше атауымызға болады. Жазушы шығармаларындағы очерк жанрының орны ерекше. Оны бұл жайында айтылған пікірлерден бағамдауымызға болады. Ол пікірлерде Б. Майлиннің алпысқа жуық очеркі бар екендігі және ол очерктердің тәрбиелік мәні өте жоғары болғандығы сөз болады. Оның очерк жанрының дамуына да өзіндік үлес қосқандығы айтылады [1, 308 б.].

Б. Майлиннің «Алыптарды аралағанда» очеркі Шымкентті аралағанда жазылса, «Қарағанды» очеркі көмірлі Қарағандыны аралағанда жазылған екен. Осы очерктері арқылы қазақ жерінің байлығы мен қазақ елінің азаматтарын көпшілікке үлгі етеді. Балқаш мыс зауыты, Қоңырат жерінің байлығын өндіріп жатқан еңбек адамдары туралы жазады. Б.Майлин кейіпкерін өз ортасында, еңбек үстінде көрсетіп, уақыт шындығын бейнелейді.

Сонымен қатар осы жылдарда Ғабит Мүсірепов, Илияс Жансүгіровтердің очерктері жиі басылып шығады. Олардың қатарында Ғ.Мүсіреповтің «Шұғыла», Илияс Жансүгіровтің Түрксіб тақырыбына жазған очерктерін айтуымызға болады. Оның 1931-1934 жылдары жазылған «Октябрь», «Сталин колхозы», «Жарыс» сияқты очертерінің тақырыбы колхоздастыру тақырыбын қозғаған.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиетінде очерк жанры санымен қатар сапасы жағынан жетіле түскен.

М. Әуезов пен Қ.Бекхожиннің «Мәдениетті Қазақстан» очеркінде сол кезге дейін сауатсыз болған қарапайым халықтың білім-ғылымға ұмтылысы, мәдениетке талпынысы, қараңғылық картинасы шебер публицистикалық толғаулармен берілген. 1938 жылы Ғабдол Слановтың «Өмірдің асқар биігінде» очерктер жинағы шыққан. Бұл жинаққа әр жылдары, әртүрлі тақырыптарға жазылған көркем очерктері енгізілген. Одан кейінгі соғыс жылдарында очеркке елдің ерлік істері арқау болады. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш әскери очерк пайда болады. Оған үлес қосқан әскери тілшілер ретінде Әбу Сәрсенбаев, Әзілхан Нұршайықов, Асқар Токмағамбетов, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Баубек Бұлқышев, Қасым Аманжоловтарды айтуымызға болады. Олар майданда жүріп, патриоттық сезімге толы туындыларын жазады. Аты аңызға айналған Василий Ключков,

генерал-майор И. В. Панфилов, полковник Б. Момышұлы және басқалардың ерлік істерін баяндап, жарқын бейнелерін жасайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Баубек Бұлқышевтің көркем очерктері жазылады. Оның очерктері отан, туған жерге деген махаббатқа толы болса, жауға деген ашу-ыза да соншалықты. Оның ашық хат түрінде жазылған очерктері қиын замандағы жастардың арманы мен мақсаттарын көрсетті. Бұл жайында Ғ. Мүсірепов: «Жазушының өмірі тым қысқа болған, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Баубек Бұлқышев аз да болса айқын да өткір еңбектерімен прозамыздың публицистикалық саласын едеуір көтеріп кетті» десе [2,324 б.], Мұқан Иманжанов Баубек Бұлқышевке «Қош бол, Шығыс ұлы» атты публицистикалық очеркін арнады.

Майдандық журналистердің очерктері сол кезде мерзімді баспасөз беттерінде көптеп жарияланған. Сырбай Мәуленовтің «Қанға боялған блокнот» атты очеркі өз жерлесі, соғыс шебінде ерлікпен қаза тапқан аға лейтенант Зейнолла Әбеневке арналған. Қанға боялған блокнот – шығарманың негізгі өзегі.

Сәбит Мұқановтың «Батыр қыз» очеркі Совет Одағының батыры М.Мәметова туралы 1944 жылы жазылған. Сұрапыл соғыс үстінде туған бұл очерк өз еркімен майданға аттанған қазақ қызының бір-екі күнгі басынан кешкен оқиғасын баяндайды. Жазушы Мәншүктің ұрыс даласындағы үгітшілік міндет атқарып жүрген сәтін, жауынгерлер борышын ұғындыруда үлкен міндетті мойнына алғанын шыншылдықпен сенімді көрсеткен.

Ұлы Отан соғысы туралы әскери очерктер өмірдің катал шындығынан алынған, қиын кезеңнің тарихы, жеңіс жолында қаза болған азаматтарымызға жасалған рухани ескерткіш деуге толық болады. Бұл очерктердің бірнеше ерекшеліктерін айтуымызға болады. Біріншіден, очерктегі оқиғалар көзбен көріп, бастан кешкен оқиғалардың елесі, екіншіден, соғыста болған ақын-жазушылар өз көргендерін өз бояуы, өз мәнері дәрежесінде суреттеген, үшіншіден, оқ пен оттың арасында асығыс жазылғандықтан суреткерлік шеберлік жағы жетіспей жатқан тұстары да жоқ емес, төртіншіден, бұл әскери очерктер уақыт сынынан өтіп, «Ол күндердің өшпес даңқы», «Майдан», «Жеңімпаздар» атты жинақтарда жарық көрген. Зерттеу мақаламызда айтылған очерктердің қайсысын алсақ та соғыс жылдарынан кейін еңбек адамдарын отансүйгіштікке, ерлікке баулығанын жоққа шығара алмаймыз.

Очерк жанрын тереңдей зерттеп, қазақ очеркінің поэтикасын монографиясына арқау еткен М. Шындалиева қазақ әдебиеті

тарихындағы очерктер ағыны негізінен ХХ ғасырдың басынан бастап 1990 жылдарға дейін толассыз дамығанын, осы кезеңде туындаған очерктердің мазмұны көбіне саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени идеяны уағыздауға, сол уақытта болып жатқан оқиғалар мен өзгерістерді баяндауға, өмір ағымындағы құбылыстарды арқау етуге арналғанын айтады [3]. Солай бола тұра, бұл кезеңдегі очерктердің бітім-болмысындағы өмір жырлағыш қасиеттер мен көркемдік тегеурінді жоққа шығаруға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұртазин Т. Б. Майлин творчествосы. – Алматы : Жазушы, – 1966.
- 2 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы : Жазушы, – 1970.
- 3 Шындалиева М, Қазақ очеркінің поэтикасы. – Алматы : «Арқас», – 2005

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЖАМЕНКЕНОВА Г. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 ЖОБМ, Павлодар қ.
ТІЛЕУҒАБЫЛ Ж. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «АйСаф» жеке қыздар мектебі,
Алматы қ.

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы шыққалы бері осы шығарманың тарихи шындығы мен көркем шындығы, көркемдік мәселелері туралы біршама зерттеулер жазылды [1], [2]. Біз бұл мақаламызда романдағы көркемдегіш құралдарға, жазушының сөз қолдану шеберлігіне тоқталмақпыз. Жалпы, Ш. Мұртазаның қай шығармасы болмасын, шұрайлы тілімен, терең психологизмімен, портрет жасау, пейзажды суреттеудегі шеберліктерімен, детальдарымен оқырманын тәнті етеді.

«Қызыл жебе» романында Тұрардың портретін жасағанда, ең алдымен көзін сипаттаудағы ерекшелігін көреміз: «Рысқұлдан бұрын тысқа қасқыр көз кара торы бала атып шығып, сырттағы аттыларға бақшыып қарап тұрды» [3, 26 б.].

Қазақ прозасында кейіпкерлер көздерінің сипатталуының небір түрлерін кездестіреміз. Бірақ, дәл осындай «қасқыр көз» деген колданысты көрген жоқпыз. Тұрардың мінезіне дәл келіп тұрған эпитет. Болашақта қоғам қайраткері болып, Сталиннің өзінен қаймықпай, сөзбен тайталасқа түсетін күрескердің көзі осылай қасқырдың көзі сияқты от шашып тұрары анық. Тұрардың болыстың бетіне «тікшиіп қарауы», кішкентай баланың айбарынан болыстың өзінің тіксініп қалуы да көп нәрсені аңғартады.

Романның екінші кітабындағы Тұрардың көзі: «Тұрардың көзі көріктің алқымынан суырып алған қызыл темірдей лапылдап, жанып тұр екен» [3, 259 б.]. Тұрардың қайсарлығын, өжеттігін, намысшылдығын айғақтап тұрған көз деуге болады.

Тұрардың әкесі Рысқұлдың көзі де мінезіне сай беріледі: «Бұрылма, жүр! – деп зекіген айдауылға Рысқұл қанжардай көзбен жарқ еткізіп қарап...» [3, 197 б.]. «қанжардай көз» деген тіркес те жазушының кейіпкер көзін сипаттаудағы жаңашылдығын білдіреді.

«Обыр қараңғы түн болыстың өнешіндегі үңірейіп міз бақпады» [3, 30 б.]. Тұрар мен Рысқұлдың алдағы тартатын бүкіл қиындығына себепші болған осы болыстың обырдай кең өнеші еді. Рысқұлдың көптеген жылдар бойы итжеккенде айдалып жүруіне себепкер Қызыл жебенің жүйріктігі былай суреттеледі: «Ол шапқанда әлдебір қабылан қарғығандай, яки көлдегі көкала үйрекке аспаннан қаршыға құйылғандай көрінеді екен» [3, 35 б.]. Қазақ ұлтында жүйрік аттар, бәйгеде үнемі алда озып келетін тұлпарлар жұрттың көз құртындай болып, талай даудың себепшісі болатынына басқа шығармалардан білеміз. Қызыл жебенің де осындай ерекше бітімі осы шығармадағы тартыс, шиеленістің бастамасы болды.

«Сөйтіп, сары су тамған сүттей сөз іріп, араға азынауық күдік кіріп, береке кетіп отырғанда...» [3, 115 б.]. Көпшіліктің бір келісімге келе алмай отырғанын ұлттық өрнекпен бейнелеген.

«Түрменің қожайыны шамасы келсе аспанның көгілдір түсін сүп-сүр бояумен баттастырып қояр еді, амал не, оны істей алмайды. Өзір аспанға жетер саты жоқ, рас, кейде бұлттар көмектеседі. Бірақ ең тұнжыр бұлттың өзі түрме камерасының түсінен әлдеқайда ашық. Надзиратель шамасы келсе түнде қалтырап тұратын жалғыз жұлдызға балшық жағып қояр еді» [3, 125 б.]. Жазушы мында түрме қожайынының түрмеде отырғандарға сыртқы дүниеден ештеңені көрсеткісі келмейтін қатыгездігін айтып отыр. Онсыз да тағдыр тауқыметімен тар қапаста отырғандарға ағаштарды, аспанды көрсеткісі келмейтін астамшылық әрекетін, адамшылыққа

жатпайтын қылықтарын сарказммен баяндайды. Мұндай адамдарға ерік берілсе, шектен шығарлық істерді жасайтынын аңғартады.

«Терезенің көзін бітегенмен, көңілдің көзін қалай бітерсің. Адамның айтып болмас ғажап қасиеттерінің бірі – көңіл көзі ғой» [3, 125 б.]. Түрмеде жатып, туған жерін, еркін тіршілікті аңсап, қамығып жатқан адамның бірден-бір алданышы, жұбанышы көңіл көзі екенін жазушы дәл тауып көрсеткен. Қамауда жатқан адамның көңіл көзінің шарламайтын жері жоқ, туған жердің табиғатын да, сағынған адамдарын да, небір ыстық естеліктерді де көре алады. Жазушы тұтқын адамның осы бір алданышын суреткер ретінде шебер қиыстырған.

«Жирен қастың астынан көзі тақыр құдықтай шүңірейген, жалынсыз, жасық неме еді» [3, 241 б.]. Бұл көз – тұтқындарға қарауыл боп жүрген адамның көзі.

«Аспан ашық, аспан жәудіреген жас баланың көзіндегі әдемі-ақ» [3, 167 б.]. Табиғатты сипаттаудағы жазушының тағы бір ерекшелігі деуге болады. Аспанды баланың жәудіреген көзіне ұқсатқан бұрын-соңды мысал болған емес.

«Дүниедегі әдемі әуен – күзгі жаңбырдың әуені» [3, 185 б.]. М. Әуезовтің «Абай жолы» романында күздегі жаңбырды дыбыссыз жауатын майда жаңбыр деп айтқан болатын. Жыл мезгілінің әр кезеңінде жаңбырдың әртүрлі болып жауатынын тек қана байқағыш, аңғарғыш, табиғат құбылыстарына ерекше назар аударатын жазушылар ғана біле алады. Мында автор жаңбырдың әуені болатынын аңғартып тұр.

«Жас төлдің кіндігі қатпаған ерте көктем еді» [3, 218 б.]. Бұл мысалдан да көктем мезгілінің мал шаруашылығымен байланысты ерекше сипатталғанын байқаймыз.

«Ол соңғы рет айқыш-ұйқыш сом темірлі терезеге қарады. Қуқыл аспанның қиығы көрінді. Бет орамалдың көлеміндегі ғана қиық. Избайша тігіп берген шашақсыз орамалдай» [3, 233 б.]. Психологиялық параллелизм үлгісі. Тар қапаста отырған тұтқынға аспанды толық көрудің өзі мұң болған.

«Бидайық балақтап, бас тартып, пісіп тұр. Енді шалғы тимесе бой жеткен қыздың отырып қалғанындай-ақ» [3, 249]. Мезгілінде орылмаған шөпті отырып қалған қызға теңеген. Табиғатты бейнелеудегі жаңашылдықты көреміз.

«Сонау сәуірдегі саран жаңбырдан соң бұл өңірге биыл тамшы тамбай тұр. Қасақана биыл Мерке мен Мықанның, Аспара мен Шалдуардың суы да қысыр жыландай қымсынып, қылдырықтап

ағады» [3, 364 б.]. «Сараң» сөзін жаңбырмен тіркестіру де жазушының сөзді құбылтудағы шеберлігі деп білеміз. Ал, «жылан» сөзі қазақ ұғымында тек жағымсыз мағынада қолданылады. Мысалы, жылан жалағандай, ордалы жыландай, т.б. «Қысыр» сөзі көбінесе жылқыға қатысты айтылады. Ағып жатқан судың қаншалықты тартылып, арнасының жіңішкеріп кеткендігін қысыр жыланға теңеген. Жыланның тұрқы онсыз да жіңішке болып келеді.

«Меркеден аттанғанда Тұрар он төрт жасар панасыз бала еді. Тамыры байланбаған жас шыбықтай болатын. Тағдырдың қара дауылы, қаңтары мен ақпаны оны жұлқылап, жер бетінен жойып жібермекке әрекет жасап, талай озбырланды. Бәріне де шыдаған, бәрін де бастан өткерген» [3, 347 б.]. Жазушы «жас шыбықтай» теңеуі арқылы, «тағдыр дауылы, тағдыр қаңтары, тағдыр ақпаны» метафоралық тіркестерімен Тұрардың кішкентайынан әкесімен бірге түрмеде болуын, одан әкесінен айрылып, жалғыз қалуын, өмір қиындықтарында шыңдалып өсуін – дауыл сындыра алмаған, тамыры әлсіз жас шыбықты көзімізге елестетеді.

«Ротмистр Тұрарды қорсынып, отырған орнын тартып алғанмен, қазір көңілі шытыр жеген өгіздей бей-жай» [3, 339 б.]. Ауылда туып, өскен қай жазушыға болса да малға қатысты қолданылатын түрлі фразалар, мақал-мәтелдер, басқа бейнелі сөздер әбден таныс.

– Сен енді маған әрі тілмаш, әрі писарь боласың, – деді Симашко мырза Тұрарға. Заң деген кәрі құдың құшағына Тұрар ойда жоқта осылай енді де кетті [3, 294 б.]. Заңды кәрі ку деп атауының себебі – қоғам болған соң заңның бірге жүретіндігі, патшалық Ресейге бодан болғалы бері қазақтар амалсыз түрлі заңдармен, жарлықтармен бетпе-бет келді. Бір жағынан Болашақ қоғам қайраткері болатын Тұрарға бұл қызметтің пайдасы да тиді. Түрмеде атқосшы болып жүріп орыс тілін үйренді, заңды жақсы меңгерді. Осы екеуін әділетсіздік болған жерлерде, қазақтарды қорғау керек болғанда қару етіп қолданды. «Заң» дерексіз ұғымын жандандырып берген.

«Жаңа мұғалім Тұрарға «бес»қойып, Атамырзаға «екі» қойғанда, Атамырза өзінің өресіздігін кіналаған жоқ, Тұрарды кіналады. Ішіне қызғаныш оты кіріп кетті де, күншілдік қара кездігін қайрай бастады» [3, 258 б.]. Метафоралық тіркестер, дерексіз ұғымды заттандыру арқылы күншілдік пен қызғаныштың жас таңдамайтынын, бұл жаман қасиеттердің балаларды да жауластыратынын, бұндай кедергілерден Тұрардың да өтуге мәжбүр болғанын сөз етеді.

«Атамырза «А» деген әріпті арық түйенің өркешіндей етіп әрен сызды» [3, 257 б.]. Ұлттық өрнекті қолдану арқылы оқуға бейімі жоқ оқушының ебедейсіз жазуын көз алдымызға елестетеді.

«Орыс мұғалім оған да көп тесілді. Бірақ тайқы маңдай аса сасқан жоқ. Көлшік жағасында отырған бақадай тосырайып, кірпік қақпай қалды» [3, 253 б.]. Кейіпкерлердің бет әлпеттері әр түрлі болатындықтан, оларды дәл келістіріп суреттей білу де қиял байлығын талап етеді.

Қорыта айтқанда, романның көркемдігін дәлелдерлік біршама мысалдарға көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпбаева М. Р. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.01.02. қазақ әдебиеті. – Алматы: 2010. – 46 б.

2 Дәдебаев Ж.Д., Мұсалы Л.Ж. Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы көркемдік шындық/ <https://articlekz.com>

3 Мұртаза Ш. Төрт томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Қызыл жебе: роман. – Алматы: Жазушы, 1994. – 496 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЛАТФОРМА ТҮРЛЕРІ

МУТИШЕВА С. А.

магистр, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРФАЛИЕВ Қ. С.

ғылыми жетекші, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Ілім жолында ұстаз қаруы, серігі, көмекшісі, ақылшысы, досы – әдістеме. Қорқыт атаны «қобызсыз», ақын-жазушыларды «ақ парак пен қара сиясыз», ержүрек ерлерімізді «шоқпар-найзасыз», атағы жер жарған суретшіні «бояусыз» елестете алмайтынымыз сияқты педагогтер қауымын «әдістемесіз» елестету мүмкін емес.

Бәріміз білетіндей, ХХІ ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Заман кез келген адамнан әмбебеп болуды талап етеді. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымына ілесуі керек: өз жұмысында инновацияларды, түрлі әдіс-тәсілдерді

қолданып, материалды меңгертуі қажет. «Заманына қарай адамы» демекші, оның ағымымен жүре алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын дарынды, білімді тұлға қалыптастыру жолында біздің көмекшіміз – ақпараттық технологиялар.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар шарықтап, виртуалды қатысым дамып жатқан кезеңде қаншама оқыту көздері пайда болуда. Білім алушыларды дәстүрлі форматта не болмаса қашықтықтан оқыту барысында ұстаздар қауымы үшін тиімді платформалар тізімі күннен-күнге толығырақ. Аталмыш технологияларды қазақ тілін оқыту барысында да қолдануға болады. Солардың бірі – «Padlet» платформасы.

«Padlet» платформасы ұстаз бен оқушы арасында кері байланыс орнататын көпір іспетті. Ол – хабарламалар, фотосуреттер, сілтемелер арқылы байланыс орнататын желі. Онда арнайы «қабырға» ашып, сұрақтарды сол қабырғаға жазу арқылы мұғалімдер сабақ соңында оқушылармен онлайн форматта кері байланыс орната алады. Бұл сабақ барысына көзқарастарын, өз пікірлерін, қай жері ұғынықты, қай тұсы түсініксіз екенін ортаға салуға мүмкіндік туғызатын тақташа болып табылады. Дәстүрлі форматта сабақ жүргізуде оқытушылар білім алушылармен 2-3 минут уақыт аралығында кері байланыс орнатуы қажет. Егер сыныпта 25-30 бала болса, санаулы уақытта барлығының пікірін білу мүмкін емес. Мінеки, осындай уақыт тапшылығында білімнің біте қайнауына қолғабыс етуге «Padlet» тақташасы көмекке келмек.

Сабақ жүргізуде қолданылатын келесі құрал – «Jamboard» платформасы. «Jamboard» – кездесулерді, конференцияларды өткізуге арналған көпфункционалды интерактивті тақта. Бұл идеяларды, жазбалар мен шешімдерді жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Ол – жұмыс беті өлшемін өзгертуге келмейтін жеке слайд. Онда бір құжатта 20 слайдқа дейін жасауға болады. Жұмыс барысында слайд беттерін толтыру үшін бірнеше құралдар пайдаланылады: стикер, суреттер, өшіргіш, пішіндер, мәтіндік және лазерлік көрсеткіштер» [1]. Аталған құрылғыны тек конференцияларда ғана емес, сабақ барысында да қолдануға болады. Мысалы, оқушыларға әртүрлі тапсырма беріп, оларды тақташаларға орнатып, орындау барысын компьютер немесе ноутбуктен бақылап отыруға болады. «Jamboard» платформасының әр бетіне тапсырмалар орналастырып, мұғалім өз тарапынан әрқайсысының жұмысын телефоннан немесе ноутбуктен қадағалап отыру мүмкіндігіне ие болады. Аталмыш тақта уақыт үнемдеуге,

оқушылардың тақырыпты қаншалықты деңгейде түсінгенін бақылауға, сабақ уақытында білім алушылардың белсенділігін байқауға көмектеседі.

«Worldwall.net» – оқу ресурстарын құрудың қарапайым тәсілі» [2]. Аталған платформаны сабақ өткізуде ғана емес, пән бойынша сайыстарды жүргізуде де қолдануға болады. Бұл құрал сыныпқа арналған оқу жоспарын жасауға, викториналар ұйымдастыруға, ауызша ойындар құрастыруға, дербес әрі көңілді сабақ ағымын жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, бұл тақтамен тест даярлайтын болсақ, нұсқалары жанында ұсынылып, бірден дұрыс-бұрысы көрсетіледі. «Worldwall.net» платформасын сабақ барысынан гөрі, сабақ қорытындысында немесе өткен сабақты бекітуде қолдануға тиімдірек болады. Себебі оқушылар даярланған тапсырмаларды орындай отырып, дәл сол уақытта деңгейлерін, білімдерін көрсете алады.

«Kahoot» – бұл онлайн-викториналар, тестілер мен сауалнамалар құрудың салыстырмалы түрде жаңа қызметі. Kahoot-та фотосуреттер мен бейнеклиптерді қосуға мүмкіндік беретін тапсырмаларды жасауға болады. Викториналардың, тестілердің орындалу қарқыны әр сұрақ үшін уақыт шегін енгізу арқылы реттеледі. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауап беру мақсатында ұпайларды енгізе алады. Тақта мұғалім компьютерінің мониторында көрсетіледі. Тестілеуге қатысу үшін білім алушылар жай ғана қызметті ашып, мұғалімнің компьютерінен ұсынатын PIN-кодты енгізуі керек. Kahoot өз қолданушыларына сабақ барысында уақыт үнемдеуге, өткен тақырыпты тиімді қайталауға, қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады» [3].

«Microsoft Teams» – чаттарда сөйлесуге, қоңырау шалуға, видеоконференциялар өткізуге және бір қосымшада бірлескен жұмыстың басқа да түрлерін пайдалануға мүмкіндік беретін командалық жұмыс орталығы. Teams-та маңызды ақпаратты сақтауға арналған құралдар қосылады, мысалы Wi-Fi парольдері және аккаунттар деректері, тіпті жақындардың үйге, жұмысқа немесе мектепке барғандағы геолокациялық жаңартуларын қадағалауға болады.

«Microsoft Teams» платформасы «ZOOM», «Webex» платформаларынан әлдеқайда тиімдірек, көпшілікке түсінікті әрі қолдануға ыңғайлы. Себебі «ZOOM», «Webex» платформаларында тек қана видеобайланыс орнатуға болса, ал бұл платформада видеобайланыс орнату және қоңырау шалумен қатар, сабақ

материалдарын жүктеуге, тапсырманы ұсынуға арналған қосымшалары бар. Тапсырманың орындалуына қарай мұғалім тарапынан оқушыларға баға қойылатын жүйе де енгізілген. Сондай-ақ платформада жекелей оқушымен, мұғаліммен, сынып жетекшімен де байланысқа шығып, хабарлама жазуға болады. «Чат – бұл шектелмеген, уақытша немесе тұрақты сөйлесу бөлмелері. Чаттар топтық және жеке болып бөлінеді» [4, 3]. Әр сыныптың, әр пәннің, семинар, сайыс, үйірме, факультатив сабақтардың мұғалім, оқушы, сынып жетекшімен қоса жеке командалар ұйымдастыруға мүмкіндігі бар. «Командалар – бұл оқу орнының білім алушылары мен қызметкерлерінің тобы. Командалар белгілі бір тақырыпқа немесе жобаға арналған арналардан тұрады» [4, 3]. Бұндағы әр команданы бірнеше топқа, арнаға бөлу мүмкіншілігі де қарастырылған. Командалар қосымшасы үнемі байланыста болуға, тиімді жұмыс істеуге және барлық істі басқаруға көмектесетін қызмет ұсынады. Командалар арқылы БЖБ, ТЖБ алғанда қиындық та тумайды. Себебі оқушылар тапсырманы толық орындап жіберіп, мұғалімдер уақытында кері байланыс жасай алады. Қолданушылар командаға қосылу үшін арнайы ұйымдастырушы ұсынған кодтар арқылы байланысқа шыға алады. Мәзір жолағы белсенділік туралы ескертулерге, чаттарға, топтарға, жиналыстарға және параметрлерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қолданушы қалауы бойынша кез келген командадан уақытылы ескертпе алып, хабардар болып отыруын қаласа, ескерту жүйесін іске қоса алады. Платформа ішіне «One Note», «Microsoft word», «Excel», «Kahoot», «Youtube», «Power Bi», «Polly Forms», «Trello», «Who», «Power Aps», «Project» т.б. жүйелер енгізілген. Бұл жүйелердің өзі де уақытты оңтайландыру үшін таптырмас құрал болып саналады. Жұмысты платформадан шықпай-ақ дәл сол жерде, сол уақытта осы жүйелер арқылы орындап шығуға болады. Платформа ұсынған мүмкіндіктеріне қарай бүгінде ерекше сұранысқа ие болып отыр. Бүгінгі күні аталмыш платформаны Назарбаев зияткерлік мектептері белсенді пайдалануда.

Microsoft Teams – қазақ тіліне бейімделген және оқу кеңістігі үшін көптеген артықшылықтарға толы алғашқы шетелдік платформалардың бірі. «Бүгінгі таңда Microsoft компаниясының деректері бойынша, білім беру жүйесінде шамамен 250 мың қазақстандық пайдаланушы Microsoft Teams платформасын пайдаланады, олардың басым бөлігі (70%) жалпы білім беретін мектептерге тиесілі» [5].

Неліктен «мобильді оқытуды» енгізу білім беру үшін тиімді:

– «мобильді оқыту» жеке тұлғаға бағытталған. Оқушылар өздерінің қойған мақсаттарына сәйкес, қажеттілігін қанағаттандыратын білім мазмұнын таңдау мүмкіндігіне ие болады;

– Білімді меңгеруге икемді құрал арқылы жылдам қол жеткізу оқушының еңбегін өнімді етеді;

– Өзінің сұранысын қанағаттандыратын контентке жылдам қол жеткізу. Оқушылар сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдаланады, мобильді құралдар арқылы алыстан бірлесіп, білім алуға мүмкіндік береді.

– Сыныпқа бірнеше компьютер қойғаннан, қолда бар мобильді құралдарды пайдалану ықшам әрі тез болады;

– Мобильді құрылғыларға арналған кроссплатформалық қосымшаларды пайдалану арқылы оқушылар мен мұғалім ортақ істелетін тапсырмамен жылдам бөліседі, топ ішінде ақпараттарды бір мезгілде және әркім өзінше өңдей алады.

Мобильді оқытудың кемшіліктері мынадай:

– Мобильді құрылғылардың экраны шағын, бұл берілетін ақпараттардың түрлері мен сандарын шектеуі мүмкін;

– Мобильді құрылғылардың батареялары үнемі жұмыс істеп тұруы керек, ақпараттарды сақтау уақытында дұрыс орындалмаса, жоғалып кету қаупі бар;

– Компьютерлер мен ноутбуктерге қарағанда сенімділігі төмен;

– 3G және 4G технологиялары енгізілсе де, графикалық ақпараттармен жұмыс істеу әлі де болса қолайлы емес;

– Мобильді құрылғылардың мүмкіндіктері үнемі жетілдіріліп отыратындықтан, олар тез ескіреді;

– Бір уақытта аудиторияда сымсыз желіні қолдану, пайдаланушылар санының өсуі құрылғылардың ақпаратты өткізу қабілетін төмендетеді;

– Мобильді құрылығыны үздіксіз қолдану денсаулыққа кері әсерін беруі мүмкін.

Құмыраға отырғызылған гүлдің жайнап өсуі үшін су қажет екендігі бәрімізге мәлім. Сусыз гүл көпке бармайды. Сол сияқты білімнің ой-санада жетілуі үшін әр алуан әдіс-тәсілдер қажет. Әдіс-тәсілдер оқушы ойын қопсытатын тыңайтқыш іспетті. Бірақ ескеретін жайт, гүлге суды қажетінен көп құятын болсақ, гүл шіріп кетеді. Осы сынды пайдасы жоқ тәсілдерді қолдану арқылы оқушы ойын шірітіп алмайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Майлықұтова М. Қашықтан оқыту тиімді ме? Abai.kz ақпараттық порталы // <https://abai.kz/post/113224>
- 2 YouTube: «Обзор сайта для создания интерактивных упражнений Wordwall.net» // <https://www.youtube.com/watch?v=CFv05L0ZVZw>
- 3 Kahoot – программа для создания викторин, дидактических игр и тестов // <https://te-st.ru/entries/kahoot-app/>
- 4 Astana IT University, «Astana IT University» ЖШС-де ҚОТ режимінде оқу процесіне арналған Microsoft Teams пайдалану бойынша нұсқаулық». –Нұр-Сұлтан, 2020. – 12 б.
- 5 Түркістанова Л.М. Қазақ тілі Microsoft Teams платформасында қолжетімді болды // <https://bilimdinews.kz/?p=137195>

ФАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ КӨРКЕМ ОЧЕРК ЖАЗУ ШЕБЕРЛІГІ

НУРКЕНОВА Н. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Иса Байзақов атындағы ЖОББМ,
Ертіс ауд., Павлодар об.

Фабиден Мустафиннің қаламгерлік қалыптасу жолы, шеберлік тәсілдері жайлы арнайы зерттеу еңбек жазған ғалым Манап Хасенов былай дейді: «Ф.Мұстафин әдебиет майданына жиырма бесінші жылдың екінші жарымында келген жазушы Ол алғаш хабар, шағын очерк, фельетон, қысқа әңгімелер жазып, өзінің шама-шарқын, қабілетін біраз байқап көрген- ді» Фабиден Мустафин қазақ әдебиетінің тарихында дәуірлік проблемаларды арқау еткен қадау-қадау туындыларымен қалды. Қаламгердің шығармашылық өрісіндегі айқын бір көркемдік ағыс алып өндіріс Қарағанды, оның асқақ арманды еңбекшіл адамдары. Әуелде «Өмір не өлім», сонан соң «Қарағанды» болып жалғасқан кеншілер өмірін арқау еткен туындыларға дайындықты жазушы алғашқы туындыларының тұсында-ақ бастағанын байқауға болады. Фабиден Мустафин өткен ғасырдың отызыншы жылдарында баспасөз қызметінде болды. Келешек кемел дүниелерінің іргетасын жазуға икемделіп, жаратылыстан дарыған қаламгерлік қабілеті ұштала түскен Фабиден осы тұста қалады. Біз өткен тарих, оның шындығы, белгілі бір кезеңнің Әлеуметтік күйі, қоғамдық ортасы туралы сол уақыттың мүддесімен ой айтудан қашуға тиіс емеспіз. «Қарағанды» романы

жарық көргеннен кейін әдеби сын, қалың жұртшылық тарапынан бағаланып, саралануында, сөзжөк, уақыттың өлшемі, уақыттың ауаны айқын. Ол өлшем, сонымен бірге, дәуірдің өмірлік кейпіне, шындығына сүйеніп жасалды. «Жұмысшы табының қазақ даласында қалыптасуын көркем шығармадан таныту шын мәнінде совет әдебиетінің алдында тұрған ең бір келелі проблема болатын. Ф.Мустафин осы проблеманы «Қарағанды» романында түбегейлі көтеріп, он тақырыбынан көркемдік түйіндеу жасады. [1, 186.]

Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарымда» кішкене лабораторияға мұқтаж болып келген академик Вознесенскийдің Совет үкіметі тұсында ғана Ғылыми-зерттеу институтына қолы жетсе, көмір өндіруді қолбұрап, қайла, күрек, ташкеден бастаған Қарағанды өндірісі Ф.Мұстафин шығармасында үлкен алып күшке айналған. Жазушы бұл романында адам характерін жаңа қырларынан танытып, техникалық табыстар мен ғылыми жетістіктерді алып құбылыстың тынысын көрсету үстінде ашқан. Үлкен Қаламгеріміздің шеберлігі де осында жатса керек» [1, 22 б.]. Фабиден Мустафиннің 1934 жылы жазылған «Алыптың адымдары» очеркінде іргелі, ірі өндірістің өмірін бар болмыс тыныс-тіршілігімен қамтып жазып, еңбек үдерісін бар динамика, бар қуатымен әсерін сезіндіре жеткізудің көркем шеберлікпен өрілген үлгісі айқындалып қалған.

Осы очерк өзінің мейлінше көркем, соған сәйкес өмір шындығын айқын ашуымен ерекше. Бұл очеркте шымыр құрылым, сюжеттік желі бар. Адам характерлері бар. Сібірдегі алып өндіріс ошағы, оның озат жұмысшылары туралы жазуға келген кейіпкер, газет тілшісінің көріп, көкейге түйгені, адамдар арасында болып, олардың жан-дүние иірімінің құпия қалтарыс, сырларына үңілуі, еңбек үстіндегі келбетін ашуы – барлығы соншалықты бір құштарлықпен жазылған, көркем бояуға малынған. Шығармада жазушы-журналист қас-қағым сәттік суретін қағып алып, баяндау өрісін байытады. Елеусіз ғана детальмен қозғалыс, әрекет, құбылыс жасайды. Баяндау ерісі асығып келіп жеткен тілші жігітті көңіл күйіне орай жедел өрбіп, шұғыл басталған осы очеркте тілмен айтып жеткізуге болмайтын тіршілік көріністерін сөйлеткен жандылық бар. Өзгеше бір көркемдік өріс бар. «Ақтандақтанып таң да келді, таңмен бірге Батыс Сібірдегі заводқа біз де келдік» деп басталған очерктің оқиғасы жедел өрбиді. Кейіпкер өз атынан сөйлеп, бар құбылысты өз жүрегінің сүзгісінен өткізіп жеткізеді оқушыға. Келіп тоқтаған үйінің тұрмысын тілші кейіпкер жана өмірдің

жақсы нышаны есебінде көңіл бөліп, тоқтап, тоқтап баяндайды. Бөлме жабдығы ұнамды. Керуеет те, үлкендігі қақпадай ақ сырлы терезелер де, қабырғадағы көсем портреті де, бумен жылынатын пеш те, түтікпен тартылған су, есіктегі баспа қоңырау да келісіп тұр. Бәрінен жарасым табады автор. Мәдениетті тұрмыс осы деп бағалайды. «Кейіпкер келіп тоқтаған Сібір қаласының көрінісін суреттеуде жаңа жазып жүрген қаламгерден гөрі әбден тоселіп қалған, төгіп жазатын кәнігі шебердің қалпын танытады. [2, 85 б.]

Ғабиден Мұстафиннің шығармадан шығармаға ширыға, шымырланып, шындала түсіп отырған өзгеше сәлкім сұлу тілі осы тұста-ақ өзін таныта бастаған. «Бұйрат, адыр. Қайсыбірінің басын ала тұлымшақтай болып өскен шоқ- шоқ ағаш. Осы бұйрат, адырлардың арасы қолдан ойып алғандай кең алқап. Алқапты қақ жарып өзен ағады. Көше бойы ерсілі-қарсылы ағылған халық. Құйындай ұшып, алды- артынан баспалатып келіп қалған автомобильдер, жылмаң қағып кетіп жатқан трамвайлар, қайтқан қаздай тізбектеліп келіп жатқан колхоз қалашылары, пар атпен бажылдатып жүрген шаруашылар, көшкен елдей қиқулап келе жатқан завод кірекештері осылар кен көшені тарылтып, еркін жүруге ерік бермей келеді... Қала осылайша безенген. Ығы-жығы көпшілік. Баяғыдай шидем күпі, сірі тон көріне ме, жем дорбасын іліп, көкке қолын жайған жан көріне ме, сендей соқтығысып жүрген қалың топ көріне ме деп алақтадым, бірде-бірін таппадым. Өңкей кербез, тақиясын шекесіне киген ақжарқын ел, тастан аққан бұлақтай қайнап жатқан өмір». Ғабиден Мұстафин алып өндіріс ошағын сыртынан сипаттағанның өзінде нақты сурет салып, еңбек дүбірін бар қозғалыс, үдеген екпінмен жеткізеді. Тілші жігіт өңінде де, түсінде де көрмеген ғажайыптарды жазушы халықтың ұғымына, танымына тақау құбылыстармен суреттей жөнеледі, құбылтып, құлпыртып түсіреді. Қаланың солтүстігіндегі қара мұнараның ішінде нардай шегіп жатқан тау бауырындағы зауыттарды жазушы «жиіктегі өркеш-өркеш қара бұлттардай» деп көрсе, көкке ұмтылған, аспанға мойын созған алыптрубалардың өзінен неше алуан бала трубалар өрбітіп, олардың «қайсыбірі запырандай сары түтінді лақ-лақ құсып, қайсыбірі жасыл жібек түтінді түтеді де, шүйкелейді». Вагоннан тегілген тастың дыбысын «бидайша бытырлап» деп келтіру де қаламгердің тіл қолданыс өзгешелігінің бір мысалы. «Ондаған поезд, мың-мың адам, үлкендігі кедейдің қара лашығындай ауырлығы он үш мың пұт шойын шңкелерді екі саусағына іліп алып, көкте қалықтап жүрген крандар - бәрі де

бәйек болып, осы трубаларды күтеді екен. Күнше күркіреп аспанда кран қозғалғанда, оған жердегі поездар боташа боздап үн қосады. Қамауда қысылған бу мен газдың сыбызғы күйі, көп балғаның тау солкылдатқан дүрсілі буларды көтермелеп тұрған тәрізденеді» . Жазушы кейіптеуге, салыстыру, алмастыру, тенеуге келгенде, айшықтау, айқындауға келгенде судай жүйткіген жүйрік. Өндіріс, темір құрсау жабдықтар, қым-қиғаш, мың- сан бөлшек, құрылымдар. Осының барлығына жазушы жан беріп суреттейді. Небір кейіпте енгізіп, көз алдына алып келеді. Астастыру мен алмастырудың Ғабидендік үлгілерін тізеді. «Пештің тұлабойы тізеше бүгілген жуан түтіктер. түтіктердің төбесінде топ тақиядай қақпағы бар. Жер үстінде тағы осы пештен шыққан, темір дінгектерге асулы, шектей шұбалған жуан трубалар, анадай жердегі аспанмен тілдескен биік үйге барып кіріпті. Бұл трубалардың жуандығы сондай, Бейсен сияқты төпелтек адамдар ішінде жүгіріп жүрерлік» [3, 31 б.]

Осы очеркте жазушы өндірістің тынысын, өзгеше болмысын мейлінше қанық, сұлу өрімді тілмен, жандылық дарытып отырып, серпінді әрекет, қарқынды еңбек дыбысын жеткізіп отырып жазған. Тілші жігіт ертегідегідей бір кереметтен соң бір кереметті көріп, көңілі ағызып келе жатқан жеңіл көлігінен де озып отырып баяндаған өндірістің тіршілік- тынысы жайлы осы очерк көркемдік жөнінен небір көркем проза үлгілерімен жарысарлықтай биік шеберлік деңгейде жазылған.

Ғабиден Мұстафиннің сөз саптау ерекшелігі өзге жазушыларға ұқсамайды. Ол қарабайыр сөз қолданбайды, шұрайлы сөздің нәрлісін, қуаттысын таңдап алады. Ғабиден Мұстафиннің қаламгерлік дара тұлғасын тұтастандырып жатқан сан сала шығармашылық жолының бір соқпағы осы көркем очерк жанрында туған дүниелерінен бастау алған еді. Ғабиден Мұстафин үлкен прозаға бірден, төтеден жол тартқан автор емес. Ол мұндай биікке іштей әзірлікпен, үздіксіз ізденіспен, ыждағатты еңбекпен шыққан. Жазушының шығармаларына қорғасындай салмақтылық дарытатын қасиет - оның өмірді терең білуі. Ғабиден Мұстафиннің жастық шағы бүкіл елімізде, Қазақстанда жаңа қоғамның негіздерін қалау жолында екпінді жұмыстар жүзеге асқан дәуірмен тұстас келуі оның шығармашылығына тікелей әсер еткен. Жазушы шығармаларының пафосы өмірді жанартып жатқан, мақсатты, ірі ойлайтын, кедергіден тосылмайтын, сенімі күшті жасампаз жандар болып келеді [4, 42 б.]

Ең үлкен табыс - ауыл адамдарының өздеріне тән қайталанбас саналық, салттың мінез өзгешеліктерінің көрінуі. Суреткер бір-

біріне ұқсамайтын алуан адам тізбегін шебер бейнелеген. Өзі өмір сүрген дәуірдің панорамалық суреттерін жасап, қиыншылықтарды жеңе отырып, ілгері ұмтылған қоғамды, ондағы адамдар қарым - қатынасын көркем бейнелейді. Ғ. Мұстафин өзіндік стилін Халықтың бейнелі, қанатты сөздерін орынды пайдалана отырып, өз тарапынан да өткір ықшам сөз тіркестерін жасай білген. Қаламгер болып танылғанға дейін ол әр салада ұзақ жылдар жұмыс атқарған. Сөзге биік талғаммен қарап, қатаң талап қояды. Сапалысын, құндысын таңдауы оның эстетикалық талғамын танытады. Көркем шығармаларынан оның әуезділігін, сезімталдылығын, шыншылдығын байқаймыз. Табиғатты не адамды, не қозғалысты беруде детальдарға жан-жақты қарайды. Бір нысанамен ғана емес, айналасына тұтас қарайды. Шығармашылықпен қатар қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласты. Жазушы өз заманының, өз дәуірінің төл перзенті. Сол үшін қоғамның бүкіл перзентімен бірге өмір сүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұстафин Ғ. Жиырма бес. – Алматы, 1970. – 312 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 7-том. – А., 2004–2008. – 225 б.
- 3 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А., 2003. – 326 б.
- 4 Ысқақ Д. Әдеби сын тарихы. – А., 2012, – 288 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТҮРКОЛОГИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕКТЕРІ

НҰРМАТ Б. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Алаш қайраткері, қазақ әліпбиін жүйелеуші, қазақ тіл білімінің ғылыми негіздерін алғаш рет бір ізге салып, қалыптасуы мен дамуына нақты тұжырымдар жасаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының түркі тілдеріне қатысты ой-көзқарастары бүгінгі жаһандық әлемде қазақ тілінің түркілік тегін анықтау үшін ғана емес, ұлттық, елдік мәртебесін сақтау үшін де қажет екені белгілі.

А. Байтұрсынұлының түркологиядан жазған еңбектерін туралы талдау жасау кезінде біз ғалымның қазақ тілінің түркілік қалпын сақтауға арналған ғылыми тұжырымдарының маңызын айтасыз. Бұл ұлт ұстазының терминжасау мен қазақ тіл білімінің негізгі жүйесін зерттеуге арналған еңбектері арқылы ашылады. Сонымен бірге ғалымның қазақ тіл білімін зерттеуде оны таза табиғи тектік қалпындағы күйін негізге алу арқылы зерттеуінің өзі де түркология шеңберінде алуын танытады. А. байтұрсынұлының қазақ тіл білімінен жасаған зерттеулері тұтас тілдің жүйесіне арналған. Ғалым қазақ тіл білімін кешенді түрде зерттей отырып, тілдің танымдық тегін сақтау ұстанымын басшылыққа алады. Сондықтан да қазақ тілінің әліпбиін жасау мен оны үйрету әдістемесінде де түркілік сипат басшылыққа алынады.

Ғалымның түркологиядағы еңбектерін келесі топтарға бөлеміз.

1. Қазақ тілінің түркілік қалпының сақталуы жолындағы еңбектері.
2. Тіл табиғатының сақталуындағы таңбаның орнына қатысты ойлары.
3. Қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуы және оның тектік белгілері туралы тұжырымдары.
4. Алаш зиялылары ұстанған И. Гаспиринскийдің жөдидшілдік бағыты жолындағы істері мен еңбектері, ойлары мен пікірлері.
5. Бакудегі Бүкілодақтық Түрікшілер құрылтайындағы баяндамасы.
6. Түркі тілдерінің сол кездегі жайы мен жағдайы, даму бағыттары туралы талдаулары.

А. Байтұрсынұлының түркі тілдерін ортақ ұстаным ете отырып, олардың туыстығын бекем ету, түркі халықтарын жақындату арқылы күшті одақ құруға талпынған идеяны да қолдағаны көрінеді. Ғалым әліпби арқылы түркі жұрттарын біріктіру, түпкі бір тіл негізінде бұған дейін бар мәдениетті жаңғырту, жаңа заманға лайық пайдалану идеясын қолдады.

«Түрік жұртының 90 % -і баяғыдан бері араб әріпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әріпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазылған, басылған, барша сөздер, тағысын тағы сондайлар)» [1, 401 б.].

Ғалым әліпби арқылы қазақ тілінің сауатын ашуды, сонымен бірге бұған дейін түркі жұрттары ортақ етіп келе жатқан әліпби

арқылы жазу мәдениетін біріктіруді, әрі жаңа заманға лайық тың үлгіні жасап ұсынды. А. Байтұрсынұлы ұсынған араб әліпбиі тек қазақ тілінің мүмкіндігіне ғана емес, түркі халықтарының оқу, білім алу мүмкіндіктеріне де ескеріле жасалған. Ғалым бұл үшін сол кездегі түркі халықтарының лексика-грамматикалық құрылымы мен мағыналық белгілерін толық зерттеген. Бұны осы Бакудегі жасаған баяндамасында жан-жақты талдап айтып береді. Әр бұл Түркішіл халықтар құрылтайына: «Бір шеті Стамбул, екінші шеті қиыр күншығыстағы жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты» [1, 411 б.], – деп жазды. Осы жиылған барша түрік халықтарына ғалым өз әліпбиін ұсынады. Бұл әліпбиі тек мәдениет үлгісі ғана емес, оларды біріктіретін қадам басы болатын.

А. Байтұрсынұлының түркологиялық зерттеулерінің келесі бір үлкен саласы – 1926 жылғы Бакуде түрік халықтарының құрылтайындағы баяндамасы. Біз осы баяндама негізінде ғалымның жалпы түркі халықтары тілдері туралы талдау жасағанын байқадық. Ғалым әрбір түркі тілдерін түпкі тектік табиғатын сақтауына қарай талдайды. Түркілік текті сақтау шарт екендігін айта келіп, 2 мәселені көтереді.

1. Тілдегі варваризмдерден құтылу.

2. Жаңа қоғамның өзгерістеріне қарай тілген еніп жатқан терминдерден сақтану. Оларды мүмкіндігінше тілдегі баламасымен беру.

А. Байтұрсынұлының кез келген тілдің табиғи қалпы бұзылмай тұрмайды. Бірақ оны сақтай білу керек. Оны сақтайтын – емле деген тұжырымы қазіргі кезде өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Тілдегі емле мен әліпбиі тілдің табиғилығының кепілі. Сол себептен де А. байтұрсынұлы жасаған әліпбиі, емле негізде ғалым тұтас тілдің ғылыми тұжырымдамасын жасап шығарады. Яғни табиғи ұстанымды негізге алған әліпбиі мен емле оның дыбыс жүйесін, құрылымын, сөйлем жүйесін (фонетика, лексика, грамматика: морфология мен синтаксис) толық анықтай алатын болады.

А. Байтұрсынұлының түркі тілдерінің ортақ бірлігі мен сабақтастығы негізінде мәдениеті мен ғылымын, білімін дамыта алатындығын өткен ғасыр басында өз ғылыми тұжырымдарымен анықтағандығын Д. Қыдырәлі «Түркінің тілін түлеткен» деген мақаласында айтады. Д. Қыдырәлі А. Байтұрсынұлы «Бауырлас елдердің бірлігін бекемдеуші» [2, 4 б.] деп бағалайды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қазақ қоғамындағы жаңа идеяны, жаңа ой мен танымды әкелгені белгілі. Осы тұста ұлт зиялылары халықты білім мен ғылымға бастады. Халықты ағарту ісіне үндеді. Ой мен сана тарихындағы жаңа идея басында тұрған түркі жұртының құрметті тұлғалары болды. Солардың бірі И. Гаспринский болатын. «Осы еңбегінде И. Гаспринскийдің халық ағаруы үшін мерзімді басылымның қажеттігін, газет-журнал Үндістандағыдай әдебиетті ел мүддесіне жақындататынын айрықша айтады. Қайраткердің бұл кітапшасы тек үкімет назарына ғана емес, халық назарына да ұсынылғаны өн бойынан көрініп отырады» [3, 21 б.]

И. Гаспринскийдің түркілік белгіні сақтау жолындағы бағыты – жәдидшілдік деп аталады. Бұл бағыттың да басты мақсатқа жету жолындағы құралдары газет шығару, оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, халықты ояту болатын. Осы мақсатты А. Байтұрсынұлының да күрескерлік жолынан табамыз. Ғалым да 1913 жылдан 1918 жылға дейін Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің негізгі редакторы болды. Осы газет бетінде халыққа қажет ой-сананы оятатын түрлі тақырыптағы мақалаларды жазды. Ендеше түркі халықтарының күрес жолындағы ұстанған әдіс-тәсілдері, құралдары ортақ болатын.

Қазақ тілінің түркілік қалпының сақталуы жолында А. Байтұрсынұлы бірнеше қадамдар жасайды.

Ғалым зерттеулерінде түркілік тектік үлгінің сақталуына қатысты бірнеше мысалдарды келтіруге болады.

1. Терминжасаудағы қазақ сөздерінің түпкі түркілік қалыптарын қайта түлету.

2. Тіл заңдылықтарын түркілік таным мен түсінік негізінде дәлелдеу.

3. Тіл табиғатын түркілік қалыпта сақтау.

Ғалым өткен ғасыр басындағы түркі халықтары үшін үлкен қауіп деп саналатын тұстың бірін – араб-парсы тілінен енген, ендігі жерде орыс тілінен еніп жатқан сөздерден көреді. Бұл сөздерді біз қазір ғылым мен техниканың жаңалықтарына қарай қажетті термин сөздер деп атасақ, А. Байтұрсынұлы варваризмдер деп алады. Ғалым тілде осындай варваризмдердің көп болуы – түркі тілдеріне төнген қауіп деп те септейді. Сондықтан да қазақ тілінің терминдерін жасауда – шылау, одағай, көсемше, пысықтауыш, анықтауыш деген қазақ тілінің түркілік негіздерін алады. Біз қазір бағдарлама деп жүрген терминді – жосық деп ұсынады. Жосық сөзі жөн сөзімен ғана тіркесіп қолданады. Жеке қазіргі тілде қолданыстан шығып

қалған, ал бағдарлама енгелі мүлдем ұмыстық. Сол сияқты шылау, одаға, еліктеу сөздері де тілде осы терминдер арқылы қайта түлеп қайта жаңғырды.

Қорыта келгенде, ғалым А. Байтұрсынұлының қазақ тіл біліменен жасаған зерттеулерінің басты артықшылығы тілдік тектік табиғатын сақтап, түркілік негізді ұстауға мүмкіндік береді. Ғалым тілдегі емледен бастап, оның сөйлемге дейінгі аралығында тұтас жүйенің сақталуы үшін табиғилық, алғашқы тілдің басты заңдылықтары сақталуы тиіс екендігін назарда ұстайды. Бұны тек қазақ тілі ғана емес, өзге түркі тілдері үшін де басты шарт болуын міндет етуді дұрыс деп санайды. Ғалым еңбектерінің маңызы да осында деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
- 2 Қыдырәлі Д. Түркінің тілін түлеткен // Газетте: Егемен Қазақстан 27.04. 2023
- 3 Қамзабекұлы Д. Түркі алқасы – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 392 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮРКІЛІК ҚАЛПЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

НҰРМАТ Б. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы үшін ғылым мен білімде, ағарту ісінде үлкен сілкіністер болғаны анық. Бұл Алаш зиялыларының еңбектерімен тығыз байланысты. Әсіресе тұтас оқу-ағарту мен ғылым, әдістеме саласын тұтас бір өзі қамтыған Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ерекше болғаны анық. Ахмет Байтұрсынұлының бұл жолдағы қызметі қазақ қоғамын тек сауаттандыру немесе оқу мен білімге бағыттау ғана емес. Ғалым оқу мен ағарту ісіне, ғылым ісіне үлкен жауапкершілікпен кіріскендігін ғылыми еңбектері дәлелдейді. Біз зерттеулерден ғалымның ғылым мен оқу-ағарту, әдістеме саласында ұстанған бағыты – ұлттың

табиғи қалпын, түркілік тегін сақтауды басты ұстаным еткендігін байқаймыз.

«Сөз талғауда» («Әдебиет танытқыш») ғалым тіл тазылығына айрықша тоқталады. А. Байтұрсынұлы тіл тазалығы деп ана тілді басқа тілдің сөздерімен шұбарламау, деп келіп, қазақ сөзін ескі немесе жаңа деп талғаудың жөнсіздігін, жергілікті сөз тануды ұстаным етуді айтады. Өз тілінде жоқ сөздерді тілге араластыру түбі өз ана тілінен айырылуға әкелуі мүмкін деген ойды айтады. [1, 350-351 б.б.]

XX ғасыр басындағы қазақ ғылымы мен білімінде зиялы қауым өкілдері мол болды. Абай. Ыбырай, Шоқан дәстүрімен ағартушылық-демократтық бағыттың нәтижесінде өткен ғасыр басында ел ішінде оқығандар аз болмады. Бірақ қазақ қоғамындағы білім алушылардың көбі татар мен башқұрт молдаларынан оқып, осы елдердегі семинарияларды бітірді, болмаса, осы елдердің семинариясында білім алған ұстаздардан оқыды. Бұның қазақ қоғамы үшін ықпалы да аз болған жоқ. Сондықтан да ғалым қазақ тіліне еніп жатқан сыртқы араб-парсы сөздерінің татар, башқұрттық нұсқаларын қабылдамай, түпкі түркілік белгіні сақтауды өз зерттеулерінде басымдық береді.

А. Байтұрсынұлының қазақ руханиятындағы аса маңызды еңбегі – қазақ жазуын жаңа қоғамға ыңғайлап қайта түзуі. Ғалым қазақ әліпбиін араб жазуы негізінде қайта жасады. Қазақ арасында «Байтұрсын әліпбиі» деп аталып ғасырдан астам қазақ үшін қызмет еткен бұл әліпбидің бірнеше артықшылықтары бар болатын.

Ғалым қазақ жазуы мен ұлт тілінің белгілерін зерттеуде бірнеше ерекшеліктерді негізге алады. Бұны ғалымның ғылыми зерттеулерінің ұстанымы десе де болады.

1. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен грамматикалық құрылысы туралы зерттеулерінде тілдің түркілік белгілерінің сақталуына назар аударуы.

2. Қазақ әліпбиін жеңілдете ұсыну.

3. Тілдегі сырттан енген, жөнсіз қолданысқа кіріп жатқан сөздермен жұмыс (ғалым бөгде сөздер» деп атайды).

4. Қазақ көркем үлгісіндегі (іс қағаздар, публицистика т.б.терминдерін) бөгде тілдік терминдермен жұмыс.

Ғалымның қазақ әліпбиін жасауда тілдің табиғи түркілік белгілерін сақтау ұстанымын алғаш осы салаға бет бұрғанда байқатады. Алғашқы пікірлері 1912 жылы «Айқап» журналында қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы өз пікірлерін жазады. «айқаптың

№ 9 және №10 сандарында «Шаһзаман мырзаға» деген мақаласы басылады. Осы мақалада: «Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың хәріптерін алып келіп көрсетесіз. Сіздің қарауыңызша, араб хәріптеріне дұрыс келетін дыбыстар қазақ тілінде бар болмақшы, дұрыс келмейтін дыбыстар тіпті жоқ болмақшы. Олай болса, арабтың хәріптері қазаққа келмей тұрған уақытта қазақ ешбір дыбыс болмасқа керек қой» [2, 123 б.] деп жауап жазады.

Ғалым араб таңбаларын алғанымызбен, оны сол қалпында қазаққа көшіре салуға болмайтындығын айтады. Қазақ тілінің табиғи қалпы сақталуы үшін дыбыс жүйесі туралы ғылымды терең үйрену, ондағы дыбыс, хәріп (әріп), таңбаның мәнін ұғумен бірге қазақ пен араб тілдерінің табиғи ерекшеліктерін, дыбыс жүйесі мен дыбыстау мүшелерінің түрлілігін де ескереді.

Ғалым дыбыс жүйесі туралы зерттеулерін жұрт алыдна шығарып, халықпен бөлісіп, талдауларға салып отырған. 1913 жылы «Қазақ» газетінде «жазу мәселесі» деп аталатын мақаласында дауысты дыбыстарды таңба етіп берудегі өз пікірлерін ортаға салады. А. Байтұрсынұлы қазақ жазуын рааб таңбасы негізінде жүйелеуде өз ұсыныстарын береді:

– араб әліпбиіндегі жуан дауысты дыбыстардың таңбаларын алудың қажет еместігін;

– қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, у дыбыстарының әрбіреуіне бір-бір таңбадан беру;

– к және г дауыссыз дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішке екендігін дәйекші таңба арқылы ажырату.

Бұл ұсыныстары тілдің табиғи қалпын сақтауға қызмет етумен бірге сауат ашу мен мектептегі дыбысты үйрету үшін қажетті тәсіл болатын. Ғалымның бұл әліпбиіні сол кездегі мектеп мұғалімдері мен жалпы оқығандар қауымы толық қабылдады. Бұның басты себебі де Байтұрсынұлы әліпбиінің тіл табиғатымен сәйкестігі, ғылыми тұжырымының нақтылығы болатын. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы әліпбиі 1912 жылдан бастап ел ішінде қолданысқа ене бастады. Осы жылдардан бастап қазақ жеріндегі білім берудің барлық деңгейінде А. Байтұрсынұлы әліпбиі еркі қолданылды, тіпті академик Р. Сыздық осы әліпбиі графикасы негізінде 15 шақты кітаптың басылып шыққандығын келтіреді [3, 17 б.].

А. Байтұрсынұлы қазақ ітолі мен әдебиеттануын зерттеуде қазақ тілін табиғат заңының тіліне енген, жазу дәстүрінің ықпалына ұшырай қоймаған тіл деп бағалайды. Ғалым қазақтың

жазу дәстүрінің кеш дамуының да өзінің пайдасы болғандығын айтады. Ол артықшылық – қазақ тілінің жазу ырқына түспей, тек сөйлеу тілінің жолымен тек табиғи тілін сақтауын назарда ұстайды. Осы табиғи қалыпты сақтау – кейінгі кезеңдер үшін басты мақсат болуы қажеттігін де ескертеді. Жазу тілі табиғи қалыпты бұзады. Сондықтан да жазу тіліне көшкен шақта табиғи қалыпты бұзбайтын жолды таңдау керектігін ескертіп отырады.

А. Байтұрсынұлының әліпбиін 24 дыбыс құрады. Бұл – әлемдік тілдердегі классикалық жүйе. Ғалым осы 24 дыбыстың 5-дауысты, 2-дарты дауысты, 17-дауыссыз деп береді. Кейінгі бөліністерде өзгерістер бар. Дауыстыларды: толық: а, е, ұ, ы; шала: р, н, л, м, и, у, й деп бөледі. Ғалым шала дауыстыларды босаң және қысаң жолды, қысаңның өзін босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі деп жіктеді. Дауыссыздарды қысаң және босаң деп, Ары қарай ашық пен тұйықтаулар деп бөледі.

Ғалым дыбыс түрлерін жіктеуде қазақ дыбыстау мүшелерінің ерекшеліктерін негізге алады. Әр дыбыстың айытлуындағы, жасалуындағы сипаттар толық ашылады. Қазіргі жіктеуде дыбыстардың ұлттық сипаттары емес, халыаралық терминдері негізге алынған.

А. Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі кейіннен тек сауат ашу мен бала оқыту, кітап басу ісіне ғана емес, қазақ елінің тұтастай қажеттітіліген жараған мәдени құбылыс болғаны белгілі. 1924 жылы Орынборда маусым айында Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі болып, сол съезде қазақ әліпбиі талқылауға ұсынылады. Жазу мәселесіне байланысты 6 мәселе күн тәртібінің қаралуына қойылады.

1. Жазу ережесі (орфография).

2. Әліпби мәселесі.

3. Қазақ тіліндегі пән сөздері (терминология).

4. Халық ауыз әдебиетін жинау.

5. Оқу-ағарту мен ғылым, білімге қажет кітаптарды басып шығару, көбейту.

6. Бастауыш мектеп программасы (бағдарламасы).

Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасы негізінде жасалған әліпбидің осы салаларға жауап бере алуын, яғни баспа ісі, кітап шығару, газет-журналдар үшін жарамды болу, оқыту ісіндегі жеңіл тәсіл ретінде танылу, термин жасауда қолданысқа ыңғайлылық мәселелеріне қатысты «Әліпби тақырыпты» деген баяндама жасайды. Ғалым араб жазуы негізіндегі әліпбидің қазақ мәдениеті

мен жаңа қоғам үшін ыңғайлы екендігін де дәлелдеп береді. Әрі бұл әліпбидің 1912 жылдардан бастап, қазақ ішінде жаппай тарап, әрі елдің үйренуі мен дағдылануы тез жүруінің өзі де тиімді де оңтайлы әдіске негізделгендігін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлыны өткен ғасыр басындағы әліпбиі қазақ мәдениетіндегі тұңғыш графика болуымен ғана емес, ұлттық тілдің табиғи қалпын сақтап, оның тектік негіздерін қалпына келтірудегі әдіс-тәсілдерінің дұрыс таңдалуымен де айрықша болғандығын атағымыз келеді. Сонымен бірге А. Байтұрсынұлы графикасынан түркі халықтары ішіндегі араб жазуына ыңғайланған тұңғыш әліпбиі болатын. Осы әліпбидің негізінде өзбек және татар халықтар үлгі етіп, өз жазуларына қабылдай бастаған. Бұдан байтұрсынұлы әліпбиі тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі халықтары үшін де жазу мәдениетінде түркілік табиғи тектік қалыпты сақтауға негіз болатын әліпбиді жасаушы ретінде бағалануы тиіс деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу // Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалы, 1991. – 464 б.

2 Шахзаман мырзаға // Айқап журналы. Құрастырғандар: Сухбанбердина Ү., Дәітов С. Бас редакторы Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 366 б.

3 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұнов (өмірі мен қызметі туралы) // Кітапта: Байтұрсынұнов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

НУРУМОВА Б. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 4 орта мектебі, Ақсу к.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Қазіргі кезде білім беруге қойылатын талаптарға сай тиімді әдіс-тәсілдерді әр мұғалім сабақтарында қолдануы тиіс. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы өзгеше. Бағдарламада оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кен, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті түр.

Жалпы оқушылар жаңа бағдарламаны дұрыс қабылдау үшін қазақ тілі сабақтарында оқыту әдісін дұрыс таңдау ең басты мақсаттардың бірі.

Қазақ тілі сабағында сөздік құзыреттілікті дамыту үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді: сұрақ-жауап, түсінгенін айтқызу, көрнекілік, кітаппен жұмыс, суретпен жұмыс, аудио-бейне тәсілдері, интерактивті әдістер.

Қазақ тілін үйреткенде, тілді қызықты ету және бала жадысында сақталу үшін не істеу керек?

Оқушыға тілді үйреткенде, оны міндетті түрде қызықтырып, уәжін көтеру керек. Ол үшін сабағымызда әдіс-тәсілдері, яғни стратегияларды шеберлікпен тиімді қолдану қажет, бұрынғы дәстүрлі сабақтардағыдай дайын идеяларды ұсынып, өзіміз түсіндіріп, сыныпты басқарып жатқанның пайдасы жоқ, оқушылардың өздеріне білім мен идеяларды құруыларына мүмкіндік беру керек. Сабақ – оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістердің жүйесін пайдалану қажет.

Негізгі мақсат: тақырыптың мән-мағынасын ашу. Сөздік қоры артып, күнделікті сөйлеу жүйесінде қолдандыра білуге үйрету. Оқушылардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту. Нәтижесінде өз ойларын жеткізе біледі, бағалайды, мәтінмен жұмыс жасайды. Топта жұмыс жасау қабілеттері қалыптасады.

Бұл мәселені жүзеге асыру үшін, біріншіден жүйелі түрде, «оңайдан қиынға принципін» басшылыққа ала отырып жоспар құрылды. Содан кейін жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың тілін дамыту үшін әр түрлі стратегиялар, тәсілдер арқылы жұмыс жүргізіледі. Осы мақсатта тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданылады. Сабақтарда қолданылған стратегиялар: «Қабырғадағы кейіпкер», «Шаттық шеңбері», «Сөзден сөз тіркесіне» оқыта үйрету ойыны, бірлесіп жазу, топқа бөлу, топтық жұмыс, саяхат сабағы, семантикалық карталармен жұмыс, ой толғанys, ой шақыру, қисынды ойлау, формативті бағалау, Рефлексия: «Білемін- ... Үйрендім -... Білгім келеді-....» .

Сабақты бастамас бұрын оқушыларды сабаққа тарту үшін, міндетті түрде жағымды әсер туғызу керек. Сабақтың басында оқушылардың қызығушылықтарын ояту ,түрлі ой тастау, психологиялық ахуал қалыптастыру үшін «Жылы сөздер» тренингтерін өткізген жөн. Оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жақсы тілек, жылы лебіздерін білдіре білді.

Психологиялық ахуал туғызу үшін сабақтың басында бұл тәсілді қолданамыз.

«Мен елімді сүйемін» тренингі

- 1.Егер сенің досың бар болса, көршінің басын сипа;
2. Егер сенің анаң бар болса, өз басыңды сипа;
- 3.Егер сен, әкенді жақсы көрсең көршінді құшақта;
4. Егер сен мектепті жақсы көрсең, аяғыңды топырлат;
- 5.Егер сен Отанымызды, Қазақстанымызды жақсы көрсең,

алақаныңды соқ!

- Сәлемдесу мақсатында:

Амансыз ба, жер ата! Амансыз ба, күн ана! Амансыз ба, достарым! Сәлеметсіз бе, қонақтар! Сәлеметсіз бе, мұғалім!

Сабақта амандасу және жағымды ықпал орнату мақсатында «**Жағымды тілек білдіру**» стратегиясын қолданған тиімді.

Балалар жұптарын тауып, бір –біріне қарама –қарсы тұрады. Жағымды тілек білдіруді мұғалім өзінен бастаған дұрыс. Мысалы: Вика мен саған бүгінгі сабақта сәттілік тілеймін... Ол өз жұбына

ол тілекті әрі қарай жалғастырады (денсаулық, бақыт тілеймін деп) Артем, мен саған денсаулық тілеймін т.б.

Мұнда түрлі стратегияларды қолдану арқылы оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастырып, білімдерін жинақтауға жағдай жасайтынына, жауапкершіліктерінің арттыратынын көрсетуге, яғни мұғалім тек бағыт-бағдар беруші рөлін атқаратынын көруге болады.

Бастауыш сынып оқушыларына кез-келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды үйрене алады. Технологияны оқыту стратегияларын жетік меңгеру үшін сабақта бірнеше тәсілдер қолданылуы керек. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн.

Сабақтағы – ұжымдық еңбек, сондай-ақ тәрбиелік мәні зор тәсілдерге жатады. Сабақ барысында оқушының қабілеті көрінеді. Мұғалім әр оқушының жұмысын бағалауға мүмкіндік алады. Топтық жұмыс арқылы оқушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді, іздендіру, іздену дағдыларын қалыптастырады.

Ұжымдық еңбек арқылы тіл менгеру балаларды қызықтырады. Сабақта тиімді қолданылған стратегиялар - мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайды [1. Нұсқаулық 47 б.] .

Сабақта «қабырғадағы рөл», «ыстық орындық» әдіс тәсілдерін қолданған тиімді болды. Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, берілген тапсырма, сұрақ бойынша қазақ тілінде сөйлеуге тырысуға итермелейді.

Сабақтың ортасында қолданылатын тиімді әдіс – тәсілдер:

Жұптық жұмыс. Кеспе әріптерден сөз жинау, бір – біріне сұрақ қою, ауызша сұрақ арқылы тексеру жұмыстарын өткізуге болады.

Суреттер сөйлейді стратегиясы. Тақырып бойынша суреттерді топтап, сөйлем құру.

Карусель (екі шеңбер) әдісі. Белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақ беріледі. Кім? Не? Қандай? т.б. сұрақтарға жауап беру. Оқушылар өтіп жатқан тақырып бойынша бір бірлеріне сұрақтар қойып, сағат тілімен ауысып отырады. Бұл әдісті қолдану оқушыларға сәл қиынырақ болды, себебі ауысу кезінде көп жаңылысатын болды.

«3 қадам» әдісі арқылы тілдерін дамыту. Әрбір қадам сөйлемді айту қажет етеді.



Қадамдар:

- 1) Бұл - менің анам.
- 2) Оның аты - _____
- 3) Ол әдемі. (Ол ақылды, ол күшті)

АКТ қолдану әдіс-тәсілдер. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Стоп-кадр әдісі. Видеоны көріп, кім туралы, не туралы екенін табу. Оқиға ары қарай қалай дамитынын туралы, идеяларды жинақтау.

«Интервью» әдісі. Жұптасып бір бірінен интервью алады.

«Мозайка» шашылған суретті жинап, ол сурет туралы айтып беру, әсіресе, 1 – 2 сыныптарда қолдануға тиімді әдістердің бірі.

Кластер (топтастыру). Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен орналастыру. Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдерін кластер түрінде былай келтіруге болады. Бұл тәсілді қызығушылықты ояту және ой толғау кезеңдерінде қолдануға болады.

Инсерт (түртіп алу) жүйесі. Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады: «V» – білемін «+» мен үшін жаңа «->» басқаша ойлаймын «?» – түсінбедім, тереңірек білгім келеді. Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады. Сонан соң оқушылар жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады. Түсініксіз болған ұғымдарды мұғалім түсіндіреді немесе басқа ақпарат көздерінен іздеуге үйге тапсырма беріледі.

Мұнда оқушыларға аз таныс, қызықтыратын, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар туралы мәліметтер жинауға болады.

Топтың мүшелерін дамыту мақсатында уақытты үнемдеу арқылы оқушылардың барлығын тыңдауға мүмкіндік береді. Кестені толтыру барысында ұсыныстар және жаңа ойлар қосуға болады.

Сынтұрғысынан ойлау технологиясында басқа да стратегиялар белгілі: **«Жұқа» және «қалың»** сұрақтар стратегиясы, Кроссворд стратегиясы. Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекеттің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан - жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі.

Төменде сабақтың соңында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдер:


«Кері байланыс Сэндвичі» немесе «Мадақтау сэндвичі»

1 қабат – түсінгені туралы оң пікір;

2 қабат – сыни көзқарас, нені өзгерту керек және қалай өзгерту керек;

3 қабат – оң көзқарас бере отырып, болашаққа ұыныс беру: маған ұнады, дегенмен келесі жолы

Бағдаршам» тактикасы



«Бағдаршамды » түсінгенін анықтау үшін қолданыңыз.

Мысалы:

Қызыл түс – түсінген жоқпын;

Сары түс – тағы да практика қажет ететін сұрақтар бар;

Жасыл түс – барлығы түсінікті [2. 25-28 б.].

Сабақты түрлендіріп өткізу арқылы, жаңа әдіс тәсілдерді тиімді қолдана білу баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды еркін, ойын ашық сөйлеуге үйретеді. Жаңа бағдарламның тағы бір ерекшелігі оқушыларды «жақсы», «жаман», «нашар» деп бөлмей, оқушылардың оқып үйренуіне қолайлы жағдай жасау. Рефлексия кезеңінде екі жұлдыз, бір тілек әдісі де қолдануға тиімді, оқушылар өздерінің алған қалыптастырушы бағалауды өз сыныптастарына

сыни көзбен қарамай, оларға кеңес беруге, қай жерін түзету қажет екендігі бойынша пікірлерін білдіре алады [1. Нұсқаулық 49 б.].

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өз жұмысыңызға талдау жасап, қызметтегі артықшылықтар мен кемшіліктерді көруге болады. Сабақта осындай әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушыға пәнді меңгеруге жағдай жасап, түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білудің арқасында, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Қазақ тіліне деген қызығушылық көтерілді, ауызекі сөйлеуі дамиды, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйренді, коммуникативтік дағдылар қалыптастырылды.

Әрине, осы әдістердің ішінде көпшілік қауымға белгілі, көп қолданылып жүргендері де бар, сонымен қатар, осы әдіс-тәсілдерді оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне байланысты түрлендіріп, құрастыруына және қосымша элементтер енгізуіне де болады. Қазақ тілі сабақтарында білім мазмұнын жаңарту бойынша қолданатын тиімді әдіс-тәсілдердің түрлерін оқытуда қолданылатын әдістердің басқанда түрлерін ары қарай іздеп, талдап қарастыруға болады.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016.

2 Қазақ тілі сабақтарында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану: әдістемелік құрал /Уразымбетова А.Б., Бекенова А.Б., Бердешова Ұ.С. Ақтөбе: «Өрлеу» ҰБАО АҚ Ф Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының баспа бөлімі, 2019. – 83 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ОМАРОВА Г. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, МГ № 24, Екібастұз қ.

Әдебиет барлық уақытта қоғамның моральдық-рухани және әлеуметтік жағдайын бейнелеген және ол жер бетінде болып жатқан барлық нәрселерге қатысады. Көркем әдебиеттің мәні әлемнің ерекше бейнелі көзқарасында жатыр, сәйкесінше ол қоршаған шындықты тек өзіне тән құралдармен қайта жасайды. Сөз өнері, бұл таланттың көрінісі, уақыттан озып кетуге қабілетті. Барлық жағдайда шынайы көркемдік, эстетика, ойдың тереңдігі негізгі критерийлер болып қала береді, онсыз өнер жоқ.

Барлық алдыңғы ұлттық әдебиеттер (әр түрлі дәрежеде әлемдік) жалпыадамзаттық құндылықтардың басым болуымен ерекшеленді. Адамның Ғаламдық жүйедегі орнын білуге, өмірдің дамуының мәнін, поэзия мен ақынның мақсатын, тарих пен мемлекетке деген көзқарасын, жеке және азаматтық мәселелердің кең ауқымын түсінуге және түсінуге деген ұмтылыс – мұның бәрі жалпыхалықтық біртұтас қабылдаудың бірлігінде болды. XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе XX ғасырдың басында халық шығармашылығымен және ішінара шығыс поэзиясымен байытылған қазақ әдебиетіне сөзбе-сөз әлеуметтік қатығыстар, қорланған және қорланған адамдардың өмірінің суреттері еніп, оның дыбысын өзгертеді. Әлеуметтік Өзгеріс уақыты жалынды азаматтық қарқындылықтың туындыларын қажет етеді, мүмкін кейде көлем мен көп өлшемділікке нұқсан келтіреді.

Сөз өнерінің кейінгі дамуы Абай данышпанының әсерінен және орыс тілімен және ол арқылы әлем әдебиетімен тығыз байланыста болады. XX ғасырдың басында Қазақстанда күрделі қоғамдық-саяси жағдай қалыптасуда. Жаңа экономикалық қатынастар жетілуде, егіншілік, қолөнер, сауда дамуда (мысалы, қазіргі Қарағанды облысының аумағындағы әйгілі Қоянды жәрмеңкесі). Патша әкімшілігі тарапынан да, жергілікті билік тарапынан да заңсыздық күшейе түсуде. Азаматтық соғыс кезеңі қазақ даласының халқына да ауыр әсер етеді. Траншея жұмыстарына жұмылдыру ерекше жарылыс тудырады. Бұл оқиға 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себебі болып табылады. Адамдардың әлеуметтік психологиясының өзгеруінде 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы, Бірінші

дүниежүзілік соғыс және ақпан мен Қазан төңкерістері де маңызды рөл атқарды.

Әдеттегідей, төңкерістер мен төңкерістер дәуірінде бұқараның саяси белсенділігі артып келеді, адамдар болашаққа төтеп бермейтін жолдарды іздейді. Қазақ қоғамы да ерекшелік болған жоқ: түрлі әлеуметтік-саяси топтар пайда болып, өмірдің шиеленіскен жағдайында өз орнын іздейді және Жазушылар, жаңа газеттер мен журналдар шығарылады, баспа қызметі күшейтіледі. Әдебиет айқын азаматтық сипатқа ие болады. Журнал сияқты прогрессивті басылымдар

«Айқап» (1911–1915) газеттері және басқалары (әр уақытта оннан астам газет шыққан) шығармашылық күштерін айналасына шоғырландырады. Қазан мен Уфа, Орынбор және Семей, Троицк және Верный қалаларында екі жүзден астам кітап жарық көрді, оның ішінде Абайдың алғашқы басылымдары, Алтынсариннің қайта басылымдары, А.Байтұрсынов, С. Торайғыров, С. Кубеев және басқалардың кітаптары бар. 1913 жылы 146 қоғамдық кітапхана жұмыс істеді. Дегенмен, ең бастысы-ауызша поэзия, оның жалпыұлттық құндылықтары, энциклопедиясы және өзіндік ерекшелігі. Бір жағынан қоғамдық өмір мен қоғамдық сананың жедел дамуы және күшті дәстүрлі негіздердің болуы

— екінші жағынан, олар әдебиетте қиын жағдай туғызды, бұл адамдар үшін рухани күйін білдірудің негізгі формасы. Шиеленіскен идеологиялық күрес жағдайында шығармашылық интеллигенцияның арасындағы алшақтық, сайып келгенде, қоғамдық күштердің ұмтылыстарын бейнелейді. Дәстүршіл ақындар барлық жақсылықты, жақсылықты тек бұрын, табиғат аясында бұлыңғыр өмірде көрген, ал демократиялық Жазушылар өмірдің жаңа, «еуропалық формаларын» белсенді түрде насихаттады, Сұлулық пен махаббаттың даңқы үшін поэтикалық миниатюралар пайда болды.

Өте қайшылықты қойманың ақыны А.Шоқановтың (1858–1812) көптеген өлеңдері өткенге деген сағынышпен сінді: қорқынышты күндер өтті. Шенбердің құлдырауы және қаңырап қалуы... Және ештеңе таппай, ескі күндерді жылап, сағынамын. (Тірек).

Ақындар ойды білдірудің жаңа формаларын, көркемдік өсудің жаңа жолдарын іздеді. М. Жұмабаев, М. Дулатов және Абайдың махаббат лирикасының жалғасы болған басқа да тамаша шеберлердің өлеңдері әсемдігімен ерекшеленеді.

Демократиялық бағыттың көрнекті өкілдері Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Кубеев, Әсет Найманбаев, Ақрам Ғалымов, Бекет Өтетілеуов, Арип Тәңірбергенов. Абайдың азаматтық дәстүрлерін жалғастыра отырып, олар көптеген мәселелерді көтерді, патриархалдық-рулық қатынастардың қалдықтарын, мистиканы каустикалық түрде мазақ етті, патшалық пен қанаудың отаршылдық саясатына қарсы шықты, ағартушылыққа, отырықшы және егіншілікке шақырды, әйелдерді босату туралы мәселе қойды.

XX ғасырдың басында Қазақстанның мәдени байланыстары бұрынғыдан да күшейе түсті. Егер Шығыс поэзиясы бұрыннан белгілі болса, қазір ақындар мен жазушылар орыс және батыс еуропалық классиктерге жүгінеді-А. Пушкиннің («Евгений Онегин», «Капитан қызы», «Дубровский» және т. б.), М. Лермонтовтың, Л. Толстойдың, и. Крыловтың және т. б. шығармалары аударылады. Әдебиет бай және алуан түрлі болады жанрлық қатынас: алғашқы ұлттық романдар, драмалар, әңгімелер, сыни мақалалар, очерктер пайда болады, сатира дамиды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәстүрлер жалғасуда, олар қоршаған шындықтың шынайы бейнесін бекітті. Абайдың жан-жақты реалистік шығармашылығы оның одан әрі дамуын айқындай отырып, Жалпыұлттық әдеби үдерістің орталығына айналады.

Абай, Алтынсарин және т.б. дәстүрлерін жалғастыра отырып, демократиялық бағыттағы ақындар азаматтық лирикаға көп көңіл бөледі. Мәселен, қарапайым адамдардың ой-пікірлерін білдіруші С. Торайғыров «Абай сияқты зорлық-зомбылық пен езгіні қабылдамайды. Өздеріңіз білетіндей, өнер бейнелері жазушының әлеуметтік-адамгершілік және көркемдік-эстетикалық көзқарастарын шоғырландырады. Революцияға дейінгі эпикалық прозаның негізгі тақырыбы «қараңғы патшалықтың» «өзін-өзі ойлайтын күшімен» қорланған қарапайым адамдардың қайғылы тағдыры болды. Көбінесе ол махаббат тақырыбымен байланысты. (Бальзак махаббатқа деген көзқарас адамзаттың өлшемі деп мәлімдеді.) Бір кездері тазалыққа толы Қыз-Жібек пен Төлеген бейнелері, жаңа заманның жас ғашықтарының бейнелері, кейде олардың қайғылы тағдыры оқырмандардың терең жанашырлығын тудырды. Қоғамдық тәртіпсіздік құрбандары Қожаш пен Гайша («ҚАЛЫМ», 1913), Жамал (М.Дулатов, «Бақытсыз Жамал»). Қамар мен Ахмет («Әдемі Қамар», 1914), Абдрахман мен Шуга («Шұға ескерткіші», 1915) итбаев әлеміне, өзін-өзі ойлайтын күшке

наразылық білдірді. Олар әділетсіз әлемдік тәртіпке қарсы шықты, жеке бақыт, адамның қадір-қасиеті құқығын белсенді қорғады. Журналистика уақыттың ең «қарғыс атқан сұрақтарына» уақтылы жауап бере алатын жедел жанр ретінде дамуда. Оның пайда болуы мен дамуында «Айқап» журналы мен оның редакторы С.Сералин, сондай-ақ А. Байтұрсынов, С. Торайғыров маңызды рөл атқарды.

Осылайша, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы қоғамдық және ұлттық сананың қарқынды оянуына, бұл өз кезегінде әдебиет пен өнердің дамуына әкелді.

XX ғасырдың басында Қазақстанның мәдени байланыстары бұрынғыдан да күшейе түсті. Егер Шығыс поэзиясы бұрыннан белгілі болса, қазір ақындар мен жазушылар орыс және батыс еуропалық классиктерге жүгінеді-А. Пушкиннің («Евгений Онегин», «Капитан қызы», «Дубровский» және т. б.), М. Лермонтовтың, Л. Толстойдың, и. Крыловтың және т. б. шығармалары аударылады. Әдебиет бай және алуан түрлі болады жанрлық қатынас: алғашқы ұлттық романдар, драмалар, әңгімелер, сыни мақалалар, очерктер пайда болады, сатира дамиды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәстүрлер жалғасуда, олар қоршаған шындықтың шынайы бейнесін бекітті. Абайдың жан-жақты реалистік шығармашылығы оның одан әрі дамуын айқындай отырып, Жалпыұлттық әдеби үдерістің орталығына айналады.

Абай, Алтынсарин және т.б. дәстүрлерін жалғастыра отырып, демократиялық бағыттағы ақындар азаматтық лирикаға көп көңіл бөледі. Мәселен, қарапайым адамдардың ой-пікірлерін білдіруші С. Торайғыров, Абай сияқты зорлық-зомбылық пен езгіні қабылдамайды. Өздеріңіз білетіндей, өнер бейнелері жазушының әлеуметтік-адамгершілік және көркемдік-эстетикалық көзқарастарын шоғырландырады. Революцияға дейінгі эпикалық прозаның негізгі тақырыбы «қараңғы патшалықтың» «өзін-өзі ойлайтын күшімен» қорланған қарапайым адамдардың қайғылы тағдыры болды. Көбінесе ол махаббат тақырыбымен байланысты. (Бальзак махаббатқа деген көзқарас адамзаттың өлшемі деп мәлімдеді.) Бір кездері тазалыққа толы Қыз-Жібек пен Төлеген бейнелері, жаңа заманның жас ғашықтарының бейнелері, кейде олардың қайғылы тағдыры оқырмандардың терең жанашырлығын тудырды. Қоғамдық тәртіпсіздік құрбандары Қожаш пен Гайша («ҚАЛЫМ», 1913), Жамал (М. Дулатов, «Бақытсыз Жамал»). Қамар мен Ахмет («Әдемі Қамар», 1914), Абдрахман мен Шуга («Шұға ескерткіші», 1915) итбаев әлеміне, өзін-өзі ойлайтын күшке

наразылық білдірді. Олар әділетсіз әлемдік тәртіпке қарсы шықты, жеке бақыт, адамның қадір-қасиеті құқығын белсенді қорғады. Журналистика уақыттың ең «қарғыс атқан сұрақтарына» уақтылы жауап бере алатын жедел жанр ретінде дамуда. Оның пайда болуы мен дамуында «Айқап» журналы мен оның редакторы С.Сералин, сондай-ақ А. Байтұрсынов, С. Торайғыров маңызды рөл атқарды.

XX ғасырдың 60-жылдарындағы посткөненестік қоғамның рухани өмірінде болған процестер ғасырлар бойғы әдебиеттің шынайы тарихын қалпына келтіруді жеделдетуді, жағымсыз салдарды анықтауды талап етті қазақ әдебиеттануының зерттеу объектісі болып табылатын тарихи таныммен, ғасырлар бойғы мәдени мұрамен тығыз байланысты оның әдіснамасын одан әрі дамыту және жетілдіру жолдарын іздеу қажеттілігі.

«Еру» инерциясы Қазақстанның әдеби-ғылыми ойының барлық тамыры бойынша жалғасып жатты. Бұған Ақын-жазушылар: С. Сейфуллин, Б. Майлин, И. Жансүгіров, С. Шәріпов, М. Дәулетбаевты оңалту, сондай-ақ Е. Исмайлов, К. Жұмалиев, М. Қаратаев, К. Мұхамедханов, Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, Б. Ысқақов және Х. жазушылардың оралуы ықпал етті. Есенжанова, З. Шашкина, с. Талжанова, У. Тұрманжанова сталиндік лагерьлерден, сілтемелерден. Бұл міндеттер ғалымдарды ежелгі дәуірден бастау алған халықтың әдеби-мәдени мұрасының ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мәжбүр етті. 1959 жылы әдеби және рухани мұраны, ерте мәдени ескерткіштерді игерудің, зерттеудің өзекті мәселелері бойынша Конференция әдебиеттанудың өзекті сұрақтарына күтілетін принципті жауаптар бермеді, олардың мақсаты әдебиет тарихының толықтығын толық қалпына келтіру, барлық кезеңдер мен кезеңдерде даму мен өзіндік ерекшеліктерді анықтау болды. Атап айтқанда, ежелгі мәдениет пен халық тарихының алғашқы кезеңінің рухани құндылықтарына терең ену. Осы конференцияның ұсынылған қорытындылары идеологиялық талаптың құбылыстарымен (әдебиеттің сыныптылығы, партиялылығы) сипатталатын біржақты болды. Мысалы, XIX ғ. Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Монкеұлының «зар заман» («қайғы дәуірі») әдеби те - тениясы ақындарының шығармашылығы қатты сынға алынды. Олардың шығармаларында езілген халықтың тарихи өмірінің ақиқаты, бостандық туралы идеялар, діни мотивтер шынайы бейнеленгендіктен, Дулат, Мұрат ақындарының шығармашылығы мектептердің оқу бағдарламаларына жіберілмеуі орынды деп саналды. Ал Шортанбайдың мұрасы демократиялық,

ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің реакциялық ақындарға қарсы тұру барысында қалай нығайғанын дәлелдеу үшін жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізілді. Кердери Әубәкір, Н. Наушабаев сияқты XIX және XX ғасырдың басындағы әдебиеттің жарқын өкілдері феодалдық-діни ағымның өкілдері ретінде қарастырылды. Келесі ақын-жазушыларға қатысты да біржақты тұжырымдар болды: М. Қалтаев, Ш.Құдайбердиев, Г. Қарашев, М. Ж. Купеев. Сондай-ақ по-ға қатысты-бұл Ш. Лер-монтовтың «қашқын» поэмасын аударған «таза өнер» поэзиясын ұсынған Бөкеев. Олардың шығармашылығынсыз әдебиеттің толық және шынайы тарихын ұсыну мүмкін болмас еді. Бірақ, өкінішке орай, бұл конференцияның ақиқаты сияқты. XX ғасырдың басындағы Алаш әдебиеті туралы сұрақтар айтылмаса да, тіпті қозғалмаса да, олар ұлтшыл деп жалған аталып, кеңес қоғамының жалынды жаулары ретінде ұсынылды, сондықтан олардың шығармашылық мұралары туралы бірде-бір сөз айтылмады. Қаулылар ғылыми тұрғыдан негізделмеген болып қабылданды, және бұл сол кездегі республиканың негізгі еңбектері, мектептері мен оқу бағдарламалары құрылған негізгі бағыттардың бірі болғандықтан жасалуы керек еді. Конференцияның зиянды салдарын бүгінгі көзқараспен талдайтын ғалым С. Қасқабасов «қорытындылар мен ұсыныстар біздің туған әдебиет туралы идеяларымызды рухани тұрғыдан төмен етіп, жалпы ғылыми-эстетикалық ойдың дамуына кедергі келтірді. Шортанбай, Дулат және Мұраттан басқа барлық әдебиет пен фольклордың тарихына қатысты барлық еңбектер мен шығармалар қатаң цензураға ұшырады» [3].

Халықтың рухани мұрасын зерделеуге және игеруге қатысты принципті болған халықтық игілікке қарсы бағытталған саясатпен келіспеген ғалымдардың баяндамаларын біржақты қалдыру объективті болмас еді. Во - сұраныстарға ақылға қонымды, түпкілікті жауап беру керек болды: ұлттық көркемдік танымның жақтаушылары мен көптеген жылдар бойы шынайы ғылыми идеяларға кедергі келтірген идеология арасындағы қақтығыс кімнің пайдасына шешілетін еді. Мысалы, профессор Б. Кенжебаев өз баяндамасында әдебиеттанудың ең өзекті мәселелерін қозғады. Біріншіден, ол XX ғасырдың басындағы әдебиетті зерттеуге пессимистік және біржақты, теріс көзқарасқа қарсы болды: «бізде XX ғасырдың басындағы әдебиетті жете бағаламадық. кейбіреулер бұған күмәнмен қарады, бұл кезеңдегі әдебиетте идеялық, көркемдік жоқ, бірақ реакциямен, ұлтшылдықпен сипатталады. Сондықтан

XX ғасырдың басындағы әдебиеттерді зерттеуге және жариялауға тиісті көңіл бөлінбеді. « [6, Б. 136]. Екіншіден, бұл Б. Кенжебаев қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан басталады, оны профессор Қ. Жұмалиев қорғайды деген конференцияда бекітілген тезистік бағдарламаның табанды және принципті қарсыласы болды. Қ. Жұмалиевпен қазақ әдебиетінің пайда болу уақыты туралы дауласып, ол сол кезеңге деген көзқарастың ғылыми емес екендігіне баса назар аударады, ол қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі XVIII ғасырдан емес, ағаш ғасырларының тереңінен бастау алады деп санайды. Бұл ежелгі қазақ әдебиеті Орхон-Енисей жазуларынан бастау алады, онда біздің ата - бабаларымыз Күлтегін, Білге қаған мен Тонұқұқтың іс-әрекеттері мен подіктері жырланады. Бір қызығы, ғалымның ғылыми көзқарастары тарихи фактілермен дәл сәйкес келеді. «Ка-Қазақстан аумағындағы таптық қоғам біздің дәуірімізге дейінгі II-I ғасырларда (Кангюй) пайда болды. VI-VIII ғасырлардың ортасында б.з. д. Түркі қағанаты, содан кейін қарлұқтар мемлекеті, IX-XII ғасырларда оғыздар, содан кейін Қараханидтер мемлекеті болған. XI - XIII ғасырдың басы.-селжұқтар, Кидан, Моңғол-татарлардың шапқыншылығы уақыты. XV ғасырдың соңында Қазақ хандығы құрылды. Тарихтың осы және келесі кезеңдері ауызша дәстүрдің арқасында халық жадында сақталды және көптеген шығармаларда сақталды» [2, б. 5]. Міне, Б.Кенжебаев негізді түрде талап еткен қазақ әдебиетін кезеңдеудің бағыттары: I. ежелгі әдебиет (V - XV ғғ.). Родо-этнический дәуірдің ежелгі кезеңіндегі қазақ рулық тайпаларының әдебиеті. Негізінен түркі тайпаларымен бірге құрылған. II. Қазақ хандығы дәуірінің әдебиеті (X-XV ғғ.). Қазақтардың өзіндік әдебиетінің басталуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. Т. III. ISBN 9965-9746-4-0
- 2 Аманжолов А. С. ежелгі түркі жазуының тарихы мен теориясы. Алматы: Мектеп, 2003. 368 б.
- 3 Қазақ КСР: 4 томдық қысқаша энциклопедия / ч.ред. Қазақ. үкі. энциклопедиялар. Алматы, 1991. Т.4. Тіл, фольклор, әдебиет, сәулет. 688 б.
- 4 Қасқабасов С. барлығы түпнұсқада ма? / қазақ тілінде // Егемен Қазақстан. 1999. 1 қазан.

5 Кенжебаев Б. басты міндет, өзекті жұмыс // Жұлдыз. 1962. № 4. 134-135 ББ.

6 Кенжебаев Б. әдеби кезеңдер: мақалалар мен зерттеулер / қазақ тілінде. Алматы: Жазушылар, 1986. 400 б.

7 Б. Кенжебаев XX ғасырдың басындағы әдебиет туралы // Әдеби мұра және оны зерттеу / қазақ тілінде. Алматы: Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы, 1961. 374 Б.

8 Кенжебаев Б., Сүйіншалиев Х., Жолдасбеков М., Мағауин М., Сыдықов к. ерте әдебиет ескерткіштері / қазақ тілінде. Алматы: Мектеп, 1967. 207 б.

9 Сұлтанбеков М. қазақтардың ертедегі әдебиетінің ашылуы / / әдебиет мәселелері. 1967. № 6. 224-225 ББ.

10 <https://egemen.kz/article/296296-qazaq-til-bilimin-alemdik-lingvistika-denhgeyine-koteru-manhyzdy>

ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

РАХИМЖАНОВА А. М.

бастауыш сынып мұғалімі, №25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Танымдық, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту. Танымдық белсенділікті арттырудың 3 жағдайы бар. Біріншісі – оқытудың мазмұны оқушыларды қызықтыратын мазмұнның берілу түрі, жаңалығы, тандандыратын тарихи деректер, ғылыми білімнің іс жүзінде қолданылуы, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырының ашылуы. Екіншісі – оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын, әдістерін жетілдіру: техникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігінен білім алуды тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану. Үшіншісі – мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынаста сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету, ойлау қабілетін арттыру.

Бастауыш сыныпта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда дамыта оқыту технологиясын қолдану өте маңызды. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясына негізделіп

жазылған. Қазіргі таңда жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде, яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Сол үшін бұл педагогикалық технологияны – дамыта оқыту технологиясы дейміз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар беріп, белсенділігін арттырады. Дамыта оқу үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық білімді алуға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Сабақ үш құрамдас бөліктерден тұрады: оқу мақсаттарының нақты қойылуы, оны шешудің жолын бірлесе қарастыру, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл оқыту барысында мұғалім ұстанымы: дос, ақылшы. Ал оқушы ұстанымы: өзі анықтап, өз қалауы бойынша еркін іс-әрекет ету.[1]

Бұл үшеуі – дамыта оқытудың Д. Б. Эльконин – В. В. Давыдов, А. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, т.б. орыс ғалымдарының жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті – оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Дамыта оқытуды өз іс-тәжірибемде төмендегідей қолданамын: оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту; оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру; оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа мән беру; сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу; оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту; жалпы оқушының жан дүниесін дамыту. Дамыта оқыту технологиясы балаға өз бетінше ойлануға, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауына ықпал ете отырып, жоспарлауға, мақсат қоя білуге, қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асырып, қортындыны алуға дағдыландырады. Міне, осындай жүйелер арқылы «өзіндік даму» жүзеге асады. Соның негізінде өзіндік талдау, жинақтау, өзіндік бағыт беру, өзіндік тәрбие, білім алу жүйелері қалыптасады. Яғни дамыта оқыту жеке тұлғаның барлық қасиеттерінің дамуына бағытталады. Г. К. Селевко өзіндік дамыта оқыту технологиясын жүйеге келтіріп, оны үш бөлікке бөлді: «Теория» – өзін өзі жетілдірудің теориялық негізін ұғыну. Бұл мектеп бағдарламасына енгізілген; «Практика» – өзін өзі жетілдіруді іс-жүзіне асыра білу. Бұл іс-әрекет сабақтан тыс уақытта

орындалады; «Әдістеме» - ғылыми негізін жасауда өзін-өзі дамыта оқытудың әдісі мен құрылымын жасап, жүзеге асыру.

Уақыт талабына сай әрбір мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, өзіндік ізденістерге талпынады. Осыған орай, оқу тәрбие үрдісінде тиімді деп санайтын және өз тәжірибемде қолданып жүрген әдістерге тоқталмақпын. Әдістерді тиімді қолдана білу керек. Сабақ үрдісінде әсіресе қазақ тілі сабақтарында қолданып жүрген әдістер: «Бір қадам алға»; «Доп лақтыру»; «Ыстық орындық»; «Эмоция арқылы көрсету»; «Кім? Қайда? Не істеді?»; «Жаңбыр тамшылары»; «Көршіңмен талқыла»; «Микрофон»; «Ұр тоқпақ»; «Бағдаршам». Осы әдістердің оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда тиімді екеніне көзім жетті деп айта аламын.

Сол сияқты сабақта проблемалық жағдайлар туғызып отыру мақсатымның бірі және оқушылардың алдына белгілі проблемалы міндет қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау. Проблемалық жағдай балада «неге?» деген сұрақ туғызады да, бала оның шешімін табуға талпынады. Проблемалық оқыту үш түрлі формада жүзеге асады: Біріншісі – проблемалық міндет қою. Екіншісі - проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиімді тәсілдерін қалыптастыру. Үшіншісі – проблемалық шешу және оның дұрыстығын тексеру. Мұндағы ерекшелік – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады, ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі, қызығушылығы, танымдық белсенділігі артады. Танымдылық белсенділікті арттыруда сонымен қатар дидактикалық ойындардың да маңызы зор. Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені бастауыш сыныптағы оқушылардың көңілі сабақтан гөрі ойынға ауып тұрады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Мұғалім ойынға қойылатын талаптарды орындауы тиіс: ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындап отыру керек; ойынға кірісер алдында оның жүргізу тәртібі оқушыларға түсіндірілгені жөн; ойынға сыныптағы барлық балалардың қатысуын қамтамасыз етуі керек; ойынның жүру барысында мұғалім балалардың шешім қабылдай білуіне, ойлануына жетелеуі керек. Чех педагогы Ян Амос Каменский ойынды баланың іс-әрекетінің табиғатына және бейімділігіне ең негізгі түрі деп санайды. Сол сияқты Макаренконың айтуы бойынша, ойында

баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отырады [2].

Я. А. Каменскийдің теориясын құптай отыра, өз сабақтарымда ойын түрлерін жиі қолданамын. Тіл сабақтарында зейінін, ойлауын, байланыстыра сөйлеуін дамытуда мына ойындарды пайдаланамын: «Ойлан», «Жалғастыр», «Кім шапшан», «Ұйқасын тап», т.б. Ал математика сабақтарындағы ойындардың негізгі міндеті – есептеу дағдыларын қалыптастырып, жетілдіру. Осы мақсатта қазіргі уақытта қолданып жүрген ойындар: «Санамак», «Математикалық баспалдақ», «Үндемес», «Компьютер», «Кім жылдам?», «Математикалық волейбол». Сол сияқты қазақ тілі пәнінен жаңа сабақты меңгертуде сызбалар пайдаланамын. 2-сыныпта «Қазақ тілі» оқулығында «Заттың атын, сынын, қимылын, білдіретін сөздер» бөлек-бөлек тақырып болып берілген. Тақырыптырды бір-бірімен байланыстыра отырып, сызбамен жұмыс істеу тиімді екеніне көзім жетті, себебі сызба арқылы оқушылар ойларын жүйелі жеткізуге үйренді. Мұны өзінің авторлық бағдарламасында А. Кенжеғұлова ұсынған. Мен осыған сүйене отырып, оны кейде карташа түрінде істеп, өзгертіп те қолданамын. Үлгі: Мынау зат (суреті көрсетіледі); заттың атын білдіретін сөздер (не?): жылқы, бие, ат; заттың сынын білдіретін сөздер (қандай?): жүйрік, ақ боз, тарғыл, көк т.б.; заттың санын білдіретін сөздер (қанша?): бір, жалғыз; заттың қимылын білдіретін сөздер (не істеді?): шапты, кісінеді, пысқырды.

Дамыта оқыту әдістемесінде ең басты нәрсе – оқушыларды шығармашылық әрекет жағдайына енгізу. Осы мақсатта тірек сөздер арқылы өлең құрастырамыз, сөзжұмбақтар, ребустар шешеміз. Сол сияқты «саяхат», «дөңгелек стол», «сахна» т.б. оқу жұмыстарын ұйымдастырамын. Себебі бұлар еңбекке тәрбиелеп, олардың өз жасына лайық жеңіл әлеуметтенуін қамтамасыз етеді. Оқушыны әлеуметтендіру – дамыта оқытудың тағы бір түпкі мақсаты. Сонымен қатар сабақ үрдісінде қолданып жүрген интербелсенді тақта мен алдын ала дайындалған презентациялардың да маңызы ерекше.

Қорыта келе, оқудың сапасын арттырудың басты талабы – сабақта белсенділік арттыру. Яғни дамыта оқыту арқылы оқушылардың өзіндік танымын жетілдірсек, тек ақылды ғана емес, сонымен қатар өз іс-әрекетін сараптап, жан-жүрегімен сезіне алатын, жоғары білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. Қамалбекова. Оқушылардың танымдылық қызығушылығын ойын әрекеті арқылы арттыру // -Бастауыш сынып, 5-2005.-18б.

2 М.Жайлауова, З.Сексенбаев. Дидактикалық ойындар және оны пайдалану //Бастауыш сынып//, 6-2004.-29-30б.

ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ДӘУІРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР МӘСЕЛЕЛЕРІ

САДЫГАЗИН Н. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Оғызнамеге» де, «Қорқыт Ата кітабына» да ортақ маңыз – Қазақстан мен Орта Азиядағы түркі жұртына тән таным – түсініктер мен фольклорлық жанрлар, сюжеттер мен сарындардың молдығы, оған әбден қаныққаны. Жырлар о баста ауызша шығарылып, ауызша тараған [1]. Бұл екеуінде де оқиғаны баяндауда эпикалық ауқым бар. «Оғыз өзін қаған атап, жұртқа хабар берерде әйдік той жасады... Қырық сіре(үстел), қырық сәкі шаптырды. ... Темір сүңгілеріміз орман болсын... Күн туымыз болсын, Көк шатырымыз болсын деді». («Оғызнаме»), «Бір күні Қам Ғанұлы хан Байындыр орнынан тұрыпты. Шам күндігін жер үстіне тіктіріпті; ала ордасын көкке тірей құрыпты; мың жерге жібек кілем төсепті; тоқсан баулы ордаларын қара жердің үстіне тіккізді. Тоқсан жерге қызыл ала кілем төсетті. Тоқсан төбе шатыр тіздірді; мың жерге қалы кілем төсетті. Көлеңкелі шатырын көк жүзіне шалқыта көтертті» деп, «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы жырда» және «Бегілулы Еміре әңгімесінің баянында», т.б. осындай молшылықты көрсетіп, эпикалық ауқымдылықты пайдаланған.

Шығарма Оғыздың асқан ерлігін дәріптеуге арналғандықтан, оның өзін де, ұлдарын да мифологиялық ғажайып туу сарынымен таныстырады. Оғыздың туу жағдайы: «осы ұлдың өні – шырайы көк еді, ауызы оттай қызыл еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді. Осы ұл анасының көкірегінен уызын татып көріп, одан кейін ембеді; шикі ет, ас, шарап сұрады» деп, оның тілге келгені, қырық күннен соң өсіп, жүріп, ойнағаны, денесінің де адам айтқысыз ерекше болғаны айтылады.

Оның аяғы – өгіздің аяғындай, белі – бөрінің беліндей, жауырыны – бұлғынның жауырынындай, кеудесі аюдың кеудесіндей деп таныстыруда ежелгі түркілердің тотемдік танымы

жатыр. Адамша сөйлейтін бурыл бөрінің жолбастаушы болуы – оның ғажайып көмекшісі, ал ұлдарының алтын садақ пен күміс оқ тауып алуы Құдайдың ғажап нәрселерді сыйлауы – әпсана – хикаят жанрының сарындары.

Оғыздың қалыңдықтары да ерекше. Бірі көктен жарық түсіп, одан бір қыз көрінеді, одан үш ұл – Күн, Ай, Жұлдыз туса, екіншісі – ағаш қауашағындағы қыз, одан да үш ұл – Көк, Тау, Теңіз дүниеге келеді. Оғыз ұлдарының есімі Көк пен Су, Ай мен Жұлдыз болуы оғыздар табынған өзіндік бір әлем, оларды қасиетті деп түсінген сенім жатыр.

Оғыз қағанның тарихи тұлға не жиынық бейне болу мүмкіндігінің ара салмағын ажырату өте қиын. Кейбір зерттеушілер оны Модэ, Шыңғысхан, А. Македонский, т. б. нақты тұлғаның прототипі десе, енді біреулері көрнекті тарихи адамдарға немесе эпикалық кейіпкерлердің есімдеріне байланысты фольклорлық шығармалардан көп нәрсені бойына сіңірген жыр деп, кең ойға салғанымен, нақты деректің жоқтығынан бұл қабылдауға тұратын пікір. Сөз жоқ, бұл жырда тарихи оқиғалардың сілемін бір кездегі түркі қағанаты, ұйғыр қағанаты, селжұқтармен болған соғыстар сюжеттері құрайды. Сондықтан сондай соғыстардан кейін туған аңыздар жырдың қайнар көзі болады. Тарихи жағдай – Оғыз атанған қалың елдің болуы, олар өздерінің түпкі атасы деп Оғыз есімін қадірлеу бар. Мұндағы Оғыз атау ретінде тарихи адам болса да, өгіз деген тотемдік нанымнан шықса да, сол елдің мифтік санасымен арғы атаны ерекше күйде тану әрі таныту бар. Ол елдің басшысы болғандықтан қол астындағыларды қаңлы, қыпшақ, қалаш, қарлұқ деп атауы о баста Оғыз есіміне арналған ерекше танымнан аңыз тудырған. Кейін арада көп уақыт өткені бар, әрі түпкі ата саналуы оны аңыздағы көркемдіктің, кереметтік қасиеттің шектеуінен асырып, әпсана – хикаят деңгейіне жеткізген. Оғызда мәдени қаһарманның белгілері бар деп танығандықтан [2], ол типке қойылатын талап – бұрыннан бар нәрсені қалайда тауып әкелу де, демиург болуы үшін әуелден болмаған затты жасаушы әрекеттер көрінбегендіктен, Оғыз бұл типтерге қосылмайды. Өйткені, «Оғызнаменің» мәтінінде де, Рашид ад – диннің «Оғызнамесінде» де, Әбілғазы Баһадүрдің «Түркімен шежіресінде» де елге қажет болған нәрсе – арбаны Оғыз емес, шеру ішіндегі бір шебер жасаған. «Оғызнаменің» өзінде арба жасаған Бармақлық Жосын білік, Итіл өзенінен өту үшін ағашты кесіп, оны қайық ретінде пайдалануды көрсеткен де шеру ішіндегі Ұлық Орду деп көрсетеді. Сондықтан

Оғыздың руларға ат қоюы оның ілкі ата қызметінен туындап, бұл кейіпкерлердің демиург типінде көрінуі жырдың пайда болу мерзімін белгілеуде көне екендігін мойындатады.

Ал, «Қорқыт Ата кітабындағы» жырлардың бір желілі тақырыпқа арналмағанын айыру қиын емес, ол жырлардағы кейіпкер есімдерінің қатыстырылуымен немесе оқиғалардың жүйелі жалғасын табу не таппағанымен көрінеді. Сондықтан тақырыбы өз алдына бөлек болып тұрған жырлар – бірінші және бесінші.

Сондай-ақ, кітапқа енген жырлардан ежелгі оғыздардың таным – түсінігін танытатын белгілер арқылы орта азиялық, Түркістан топырағында туғандар және көпірлердің шіркеуін құлатып, орнына мешіт салынғанын, кейбір тарихи оқиғалардың елесін беруіне қарай кейінгі Отанда туған сюжеттер деп ажыратуға болады. I, II, III, VI, VII жырлар таза түркістандық деп танылады. Бұдан басқа жырлардың кейбірі жаңа мекенде қалыптасты дегенмен, кейіпкерлердің есімдері мен олардың іс – әрекеттерінің бейнеленуі, алғашқы таным – түсініктердің орын алуына орай олардың бірінші мекенінде туғанын аңғартады. «Қорқыт Ата кітабына» енген жырлар XIV ғасырда қағазға түсірілген, бірақ, жырға арқау болған сюжеттердің жасалуы оғыздар өміріндегі X – XI ғасырларда орын алған үлкен тарихи оқиғалармен байланысты.

Сюжеттердің көнелілігін, алғашқы Отанда туғанын білдіретін белгілердің бірі – анаеркі дәуірінің көріністері. Атап айтқанда, жаралы жатқан Бұқашқа ана сүті ем болатынының айтылуы мен Дерсе ханның әйелі ұлын іздеп шыққанда қасына қырық нөкер қыз ертіп, атқа мінуі, Бұрла қатын мен Торалының жары Селжан арудың ерлермен бірдей соғысқа кіруі – сол дәуірден қалған сипаттар. Бұлардың өзі жанр жағынан алғанда аңыздың тууына алғышарттар қызметін атқарады.

Жалпы, «Қорқыт Ата кітабындағы» жырлар ерлік жыры, соның өзінде осы «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы жыр» архаикалық батырлық жырдың сюжеттік композициясын жақсы сақтаған. Мәселен, бұл жырда:

1. Дерсе ханның перзентсіздік зарын тартуы;
2. Құдайдан бала тілеп, еліндегі жарлы – жақыбайларға кеңшілік жасауы;
3. Балалы болуы;
4. Ол баланың алғашқы ерлік жасап, Бұқаш атануы түрінде баяндалған.

Перзентсіз болғаны үшін жылаған, оған тілеулес болған халықтың көкке қол жайып, дұға қылуы, содан кейін ұлды болу сарыны үшінші жырда Бай Бура бекке де қатысты қолданылған.

Ал, Дерсе хан ұлының Бұқаш, Бай Бурабектің ұлы Бамсы Бәрік атануы алғашқы ерлік жасалғаннан кейін ғана жүзеге асқан. Бұл кәмелеттік сынақтан өткеннің бір белгісі, ол да өз кезегінде кейіпкерді таныстыруға қажетті аңыздық мәлімет.

Байындыр хан әкесінің есімі Қамған болуы бақсы атауының ежелгі қолданысынан шыққан. Бектердің айдап салуымен баласына қол көтерген Дерсе ханның олардан әлеуметтік мәртебесі онша биік көтерілмегендіктен, таптық сананың айтарлықтай қалыптаспаған кезеңде жасалғанын көрсетеді. Топонимикалық мәліметтер де (Түркістан, Қазылық тауы) жыр сюжеттерінің қай мекенде жасалғанын анықтауға қосымша құрал болады.

Екінші және төртінші жырлар – «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баяны», «Қазан бек ұлы Ораз бектің тұтқын болған әңгімесінің баяны» – тақырып арнасы бір жырлар. Оның мәнісі – «Қорқыт Ата кітабын» құрастырушы не ондағы жырларды айтқан озаншы төртінші жырды тудырғанда эпостың заңдылығына сай қайталау тәсілін пайдаланған сыңайлы.

Екінші жырда батырлық жырлар мен ертегілерде қолданылатын түс көру сарыны екі рет пайдаланылған. Бірі – Қазан бек серіктері – мен аңға кеткенде көпірлер келіп, шешесі мен әйелін, ұл – қызын тұтқындап, енді малын тонауды сөз қылған кезде Қарашық шопан түс көреді. Екінші – еліне жау тигенін Қазан да түс көріп, біліп, жұртына қайтады.

Екінші жырдан бастап, үшінші, оныншы, он екінші жырларда қанның фетиш болғаны туралы наным орын алған. Ол екі түрлі көріністе баяндалған. Мәселен, екінші жырда Қарашық шопан Қазан бекке:

– Қазан аға, сен үйелменінді құтқаруға бара жатырсың, мен туыстарымның қанды кегін алуға бара жатырмын, – дейді [3]. Ал, оныншы жырда ағасы Екіректің тұтқында жатқанын естіп, інісі Секірек:

– ...өлі – тірісін білмейінше, өлген болса, қанына қан алмайынша, – деп, көпірлер еліне аттанады [3]. Он екінші жырда Қазан ханның үйін тонауға қатыса алмағаны үшін тыс Оғыздың адамдары Аруз бас болып, Бейректі Қазанға қарсы қойғысы келеді. Бейрек олардың дегеніне көнбейді, көнбегені үшін Аруз Бейректің

жамбасын шабады. Бейрек жағдайының нашар екенін біліп, Қазанға сәлем айтады.

– ...Ертең қиямет күнінде менің қолым Қазан ханның жағасында болсын, егер ол менің қанымды Арузға кешірет болса, – деді.

Қанды кек қуу қанға – қан, жанға – жан деген талиондық принцип – тең дәрежеде кек қайтарудан бұрын туған. Жараланып, қан кеткен адам өлетінін көрген ежелгі дәуірдегі адамдар қан – жанның мекені [4] деп, қанды қасиет тұтқан. Қанға қанмен жауап берілмесе, ол марқұмның жаны тыныш болмайды деп сенген.

Үшінші – «Қам Бура бек ұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» атты жыр сюжетінің Түркістанда туғанына бұлтартпас дәлел – Орта Азиядағы түркі жұртына етене таныс «Алпамыс батыр» жырымен тығыз байланыстылығы.

Бұл жыр – «Алпамыс жырының» орта ғасырлық оғыз нұсқасы. Бамсы Бәрік есімі Алып Манаш, Мамыш, Мамсы, Бамси деген өзгерістерден пайда болған [5].

Алпамысқа байланысты нұсқаларда аталатын Байсын, Қоңырат, қалмақ тақырыбы бұл нұсқада сөз болмайды. Әрине, әр кезеңдегі жырдың пайда болуында тарихи жағдайлардың әсері болады, сондықтан осы тақырыптағы жырлардың сюжеттік, композициялық бірлігі болғанымен, кейбір өзгешеліктердің болуы заңды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986; Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы, 1991.
- 2 Басилов В. Н. Мифы народов мира. Энциклопедия. – М.; 1982. – Т. 2. – С. 240.
- 3 Қорқыт Ата кітабы. – Алматы, 1999. – Б. 139, 188.
- 4 Лосев А. Ф. Античная мифология в ее историческом развитии. – М., 1957. – С. 45.
- 5 Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974. – С. 158.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

САПТАЕВА А. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Технология – грек сөзінен алынғанда техно (өнер, қолөнер, ғылым) және логотиптер (тұжырымдама, оқыту) деген мағынаны білдіреді [1]. Білім берудегі заманауи технологиялар жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асырудың құралы ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары білім беруді ізгілендірумен тікелей байланысты, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. «Білім беру технологиялары» терминінің шеңбері «оқыту технологияларына» қарағанда анағұрлым кеңірек, өйткені оқыту сонымен қатар, оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру мен дамытумен байланысты тәрбиелік аспектіні қамтиды. Педагогикалық технологиялар дегеніміз – басымдықты жалпы білім беру мақсаттарымен, тұжырымдамалық өзара байланысты міндеттермен және мазмұнмен, білім беру процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерімен біріктірілген әдістер мен әдістердің күрделі жүйелері, мұнда әр ұстаным басқалар үшін із қалдырады, бұл сайып келгенде белгілі бір жағдайлар жиынтығын жасайды [1]. Білім беру технологиясы бұл – әдіс-тәсілдер, қадамдар жүйесі, оны орындау дәйектілігі оқушының жеке басын оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, ал іс-әрекеттің өзі процедуралық, яғни белгілі бір әрекеттер жүйесі ретінде ұсынылады; педагогикалық процестің компоненттерін кепілдендірілген нәтиже беретін іс-әрекеттер жүйесі түрінде әзірлеу және процедуралық іске асыру болып саналады.

Заманауи білім беру жүйесінде оқыту үдерісінде қолданылатын педагогикалық инновациялық технологияның нақты, жүйелі жіктемесі жоқ. Түрлі педагогтар бұл ғылыми-практикалық мәселеге өзіндік тұрғыдан келіп, өзіндік көзқараспен саралайды. Жалпы білім беру үдерісінде инновациялық технологияның келесідей түрлері қарастырылады: ұжымдық оқыту жүйесі, жұмыстың жобалық әдістері, дәріс-сынақ жүйесі, ойын технологиясын пайдалану, топта және жеке жұмыс жасау, зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту т.б.

Заманауи инновациялық технологиялар туралы зерттеу еңбектеріне шолу жасау арқылы оқытудың инновациялық тәсілдерін былай жіктеуге болады:

Оқытудың интерактивті тәсілдері. Бұл әдіс оқушының оқу үдерісіндегі белсенділігін арттыруға бағытталған. Бұған: дәріс-пікірталас, тренингтер, жарыстар мен конкурстар, шағын топтарда не жұппен жұмыс, «миға шабуыл», «аяқталмаған» диалогтар, ережелі және ережесіз ойындар т.б.

Ойын әдісі. Оқу, іскерлік, рөлдік, әскери, жағдаят, топтық және басқа да ойындарды пайдаланады. Бұл әдістің артықшылығы қатысушылардың ойын нәтижесіндегі жетістігіне сәтсіздігіне байланысты жарқын эмоциялық күйге түсулерінде. Оқу ойындары дәстүрлі сабаққа қарағанда айтарлықтай тиімдірек және қажетті білімді тез қабылдауға көмектеседі. Ойын оқушылардың назарын 45 минут бойында сабаққа аударуға жәрдемдеседі.

Зерттеу-экспериментальды әдіс. Оқушы зерттеу жүргізудің нақты дағдыларын алады: мәселені анықтайды, гипотеза ұсынады, ақпарат жинау және саралау кезінде оны растайды не жоққа шығарады, жұмысын көпшілік алдында қорғауға ұсынады. Зерттеу оқытудың проблемалы-дамыту тәсіліне жатады. Бұдан басқа да оқытудың инновациялық технологияларына жататын сыни ойлау, интегралды оқыту технологиясы сияқты көптеген түрлері бар [2].

Аталған технологияларды сабақ барысында тақырыпқа сай тиімді пайдалана білу мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен біліктілігіне байланысты болмақ. Әрине, әр мұғалім өз сабағында белгілі бір технологияны пайдалануды шешу барысында, ең алдымен, сабақтың мақсатына жетуді, сабақ тақырыбының оқушыларға барынша түсінікті болып, оқушылардың осы тақырып аясындағы білімі кеңігенін, өмірлік сабақ алуын көздейді. Сондықтан да әр мұғалім қандай технологияны тандаса да өз еркі. Бастысы, сабағы бір сарында болмағаны жөн. Себебі қазіргі заманауи техника мен технологияның құлағында ойнайтын балалар үшін бұрыннан қалыптасқан, қатып қалған қағидасы бар, дәстүрлі оқыту әдістері қызықты емес. Мұғалім ретінде мен әр сабағымды түрлендіріп өткізуге тырысамын. Өзге тілді сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті сабағы барысында кез келген тақырыпты оқушыларға қызықты етіп, түрлендіріп өткізбесе, сабақтың өз мақсатына жетуі екіталай. Жалпы қазақ тілін екінші тіл ретінде өтетін сыныптарда сабақта инновациялық технологияларды кеңінен қолдануға болады.

Мәселен, 6-сынып оқулығындағы «Ана мейірімі» тақырыбын өту барысында мен түрлі инновациялық технологияларды қолданып, білім сапасын арттыруға тырысамын. Үлгі ретінде осы тақырыпта өткен сабақ жоспарын ұсынамын. Тіл сабағының оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым сияқты бөліктерден тұратыны белгілі. Сонымен қатар тілді екінші тіл ретінде оқыту барысында лексикалық минимумның қамтылуы міндетті. Сондықтан да, ең алдымен, жаңа сөздерді меңгеру жұмысынан бастаймыз. Ол үшін ана мен бала арасындағы махаббат, ананың қамқорлығы туралы бейнематериал көрсетеміз. Сол бейне материал ішінде «мейірім», «тұлға» «ардақты», «пайым», «пікірлесу», «тыйым салу», «айтыс», «бақытты сезіну», «тілеу» деген сияқты сөздердің болғанын қадағаладым. Және бұл сөздердің орысша аудармасын өздеріне тапқызып, дәптерге сөздік ретінде жазғызамыз. Одан әрі оқулықтағы 3-тапсырма бойынша жұмыс жасаймыз. Яғни, төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы балалардың көрген бейнематериалын қаншалықты түсінгендерін, қазақ тілінде сөйлеу қабілеттерін, өз ойын ашық, сауатты жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар жасалады:

1 «Ананы сыйлау» дегенді қалай түсінесің?

2 «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген сөзбен келісесің бе? Неге?

3 «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген нақылды түсіндір?

Осы сұрақтар аясында жасалған пікірталас оқушылардың тілдік білім сапасын арттыруға өте көп көмегін тигізеді. Себебі бұл жерде олар тыңдалым мен айтылым қабілеттерін бірдей дамытады. Сонымен қатар жаңа сөздермен танысып, сол сөздерге қатысты ауызша сөйлемдер құрап та үйренеді. Осы сабақ барысында тағы бір қолданған тәсілімді «ой тізбегі» деп атадым. Оқушылар жаңа сөздермен сөйлем құрау кезінде бір-бірінің ойын дамыта отырып, толыққанды мәтін құрастыруға тырысты. Мәселен, бір оқушы «Әр адам анасының қасында өзін бақытты сезінеді» деген сөйлем құрастырса, екінші оқушының келесі сөзбен құраған сөйлемі осы ойлы жалғастыруы керек. Мысалыға «Себебі адам өз анасымен әңгімелеседі, сырласады, оның пікірін тыңдайды». Келесі оқушы «Анамыз бізге кейбір жағдайларда тыйым салып, ұрысуы мүмкін». Төртінші оқушы «Ол үшін ренжімеу керек, себебі ана әрдайым баласы жақсы болсын деп ойлайды». Осы сияқты мазмұнда сөйлем құраған балалар өз сөйлемдерін тақтаға жаза отырып, ең соңында тұтас мәтін шыққанына көз жеткізулері керек. Бұл тапсырма арқылы

мен оқушылардың миына шабуыл жасап, ойды түсіну, жалғастыра білу, сауатты жаза алу, мәтін құрылымын қайталау сияқты білімдері мен біліктерін дамытуды көздедім. Одан әрі тілдік бағдар бөлімінде қазақ тілі грамматикасын түсіндіріп, оны меңгеру деңгейлерін 4-тапсырманы орындату арқылы тексердім.

Сабақ барысындағы келесі тапсырма – мәтінмен жұмыс. Бұл тақырып бойынша оқулықта төмендегідей мәтін берілген:

Дүниеде не тәтті – Ананың сүті. Дүниеде не жұмсақ – Ананың алақаны. Ақ сүт берген, әлпештеген анашым, сіз мен үшін әлемдегі ең жақын да сүйікті жансыз. Сіздің бізге, яғни балаларыңызға деген ана махаббатыңыз шексіз. Дүниеге іңгәлөп келгеннен – ақ, жүрегіңізге мейірім ұлап, тун ұйқыңызды төрт бөліп, аман өсіп, адам болуымызды тілеп жүресіз.

Аяулы анам, мен өзімді бақыттымын деп санаймын, себебі, анасы бар адамдар – бақытты жандар. Олар қанат астындағы балапандар сияқты үнемі ана жылуын, махаббатын, мейірімін сезініп жүреді. Анашым сіз менің қамқоршымысыз, ақылшымысыз, тәрбиешімісіз. Әрдайым жақсылық жасауға, жамандықтан қашуға баулу үшін барыңызды аямадыңыз. Жетістіктерге жетсем, менімен бірге қуанып, жігерлендіре түсесіз, сүрінсем – жұбатып, бірге мұңаясыз.

Мейірман анам, кей кездері ренжітсем, кешірім сұраймын. Бұдан былай қателіктерімді қайталамай, артымнан ерген іні-қарындасыма үлгі болуға талпынамын.

Жан анам, ақ анам, ардақты анам, менің тілеуім, арманым – әрқашан сіздің жадыраған жүзіңізді көріп, сіздің алдыңыздағы борышымыды өтеу. Деніңіз сау болып, үнемі қасымыздан табыла беріңіз. Мен сізді қатты жақсы көремін! Ұлыңыз Нұрсұлтан.

Мәтінмен жұмыс жасау кезінде мәтінді түсіну дәрежелерін анықтау үшін бірнеше сұрақ қоямын. Және әр балаға өз анасына деген сезімін осылай бірнеше сөйлеммен жеткізуді тапсырамын.

Тақырып бойынша бірінші сабақты қорытындылау кезінде балалар «Үш қадамды сұқбат» стратегиясы бойынша жұмыс жасайды. Ол үшін әр қатар өтілген тақырыпқа байланысты бір-бірінеш үш сұрақ қойып, сол арқылы пікір айтып, талқылайды. Осылайша оқушылар өз пікірін айтуға, ойын дәлелмен дәйектеп сөйлеуге қалыптасады. Жауап беру кезінде оқушыларға «ПОПС» формуласын қолдануға кеңес беремін. Яғни бір қатардағы балалар жауап беру кезінде бірінші сөйлемді «Менің ойымша,...» деп бастайды. Екінші сөйлем «Өйткені, оны былай түсіндіруге

болады...» деген оймен жалғасса, үшінші сөйлемді «Мен оны былай дәлелдер едім...» деп пысықтайды, ол төртінші сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытынды жасауға болады...» деген сөйлеммен өтілген сабақты қорытындылауға мүмкіндік беріледі. Бұл жерде оқушылардан сұралатын бір нәрсе айтылған пікір мейлінше қайталанбауы керек, сондай-ақ олар өз ойларын нақты дәлелмен жеткізуге тырысулары қажет.

Осылайша, мен өзім сабақ беретін сыныпта қазақ тілі пәнінде оқытудың инновациялық әдістерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын жетілдіруге тырысамын. Келтірілген тақырып менің бұл бағытта атқарып жүрген жұмыстарымның бір мысалы ғана. Шындығында, мұндай жолмен барлық тақырып бойынша сабақ өткізуге болады. Оған оқулықта берілген тақырыптар мен тапсырмалар барынша мүмкіндік ашады. Мәселен, оқытудың инновациялық тәсілінің бірі – синквейн әдісі болса, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мұндай тапсырмаларды көптеп қолдануға болады. Мәселен, біз жоғарыда талдаған тақырып бойынша ана туралы синквейн құрастыр деген тапсырма беруге болады. Ол үшін оқушылармен синквейннің құрылымын еске түсіреміз:

- 1 Тақырыпқа қатысты бір зат есім (кім? Не?);
- 2 Бірінші зат есімге қатысты екі сын есім (қандай?);
- 3 Бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?);
- 4 Бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем.
- 5 Ол – кім?

Және топ болып оқушыларға үлгі ретінде мынадай синквейн құрап көреміз.

*Ана
Мейірімді, жанашыр.
Өмір сыйлайды, жеткізеді, қолдайды.
Бала үшін дүниедегі жақыны
Асыл жан.*

Оқушылар үлгі ретінде ұсынылған осы өлең жолдарына қарап, өз нұсқаларын әзірлейді. Бұл да орыс сыныптарында оқитын оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде сабақ кезінде айтылым бөлігіне келгенде «Ақылдың алты қалпағы» әдісін де қолданып отырамын. Бұл әдісте «Ақ қалпақ» киген бала қажетті ақпаратты анықтап берсе, «Сары қалпақты» оқушы тақырыптың тиімділігіне сендіруге тырысады, «Қара қалпақ» киген шәкірт

тақырып бойынша қарсы пікір келтіріп, кемшіліктерді айқындауға ұмтылады, ал «Қызыл қалпақ» тақырып бойынша өз ойын болжаммен жеткізсе, «Жасыл қалпақ» креативті, жаңа идеялар ұсынады, «Көк қалпақты» оқушы ең соңында өтілген тақырыпқа қатысты қорытынды жасайды. Бұл әдіс бойынша балалардың тақырыпты қаншалықты түсінгендері бірден байқалып қана қоймай, олар өз ойларын жеткізуге дағдыланады және мұғалімге оқушыны бағалау да жеңілдік тудырады.

Жалпы мұғалімге сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді, әсіресе, инновациялық тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тілін меңгеру, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын жетілдіру, мемлекеттік тілде тіл байлығын арттыру, өз ойын жеткізу алу қабілеттерін дамытып, білім сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында инновациялық әдістер мен интербелсенді тәсілдерді пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімді берік меңгеруіне көмектесе, екіншіден, балалардың аталған пән бойынша сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады, ақырында, білім сапасын арттырады. Әр сабақты түрлендіріп, оқыту барысында түрлі ойын тәсілін, басқа да қызықты техникаларды пайдалану кезінде оқушының қызығушылығы артып, ол ойын не қызықты тәсіл арқылы білім алып жатқанын аңғармай да қалуы мүмкін. Яғни сабақ барысында қолданылатын инновациялық технологиялар сол сабақтың тақырыбына сай, үйлесімді болуы шарт. Сонда ғана мұндай технологиялар білім, білік пен дағдыны қалыптастыруға толық ықпал етеді. Басқаша айтқанда, әр мұғалім өз сабағына асқан дайындықпен барып, оқыту үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын тиімді қолдана алса, білім сапасын жақсарту жолында жақсы нәтижеге жетері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Алматы, 2005. – 228 б.
- 2 Жұбанова Б. Оқу үрдісіндегі инновациялық әдістер мен технологиялар/daryn.online сайты.
- 3 Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық. Алматы «Мектеп» 2018. 17-19 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТА БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СЕИТОВА Б. О.

бастауыш сынып мұғалімі, Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Бүкіл әлемде болашақ ұрпаққа қандай білім беру жүйелері беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы сұрақтың бір бөлігі ретінде балалар 21 ғасырда жетістікке жету үшін не үйренуі керек? Және оқытудың тиімді әдістері қандай деген негізгі сұрақтар туындайды. Бұл мәселелер білім білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі - біліммен қарулану ғана емес, сонымен бірге өзін - өзі тәрбиелеуді дамыта отырып, өзін-өзі үздіксіз дамыту. Білім беру саласындағы инновациялық үдерісті іске асыру педагогтерден өзінің мінез-құлқын, ұстанымын, мүмкіндіктерін өзгертуді талап етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәтіндегі жұмыс жүргізілуде.

Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауларға, оқулықтарға және оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар оқушылардың жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновациялар мен көшбасшылықты енгізу үшін қажетті дағдыларды дамытуды, мектеп мәтіні арқылы халықаралық тәжірибемен ұлттық сананы қалыптастыру мен іске асыруды көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу осы міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Осы реформалау аясында бастауыш сыныптарға арналған білім беру бағдарламасы да өзіндік ерекшеліктер де бар. Бұл оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, проблемаларды шешу, ғылыми зерттеу жүргізу және анықтамалық материалдарды зерделеумен байланысты дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәндік саланы түсінетіндігін көрсете отырып, алдағы уақытта осы білімдерін басқа жағдайларда қолдана білулері қажет.[1, 12 б.]. Сондықтан оқушыларды өз білімдерін кез келген жағдайға қалай бейімдеу керектігін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады. Жанаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың

әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты. Мұғалім оқу үрдісінде белсенді оқу стратегияларын тиімді қолдану оқушының кез-келген материалды жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Қай сыныпта болмасын білімді меңгеру оқушының оқу мақсатын түсінуіне байланысты. Білім беру жүйесінің жаңартылған бағдарламасына сәйкес күнделікті сабақ барысында оқу мақсатын түсінген оқушы тақырыпқа байланысты тапсырманы орындай алады. Бұл үшін жаңа тақырыппен жұмыста ен алдымен мұғалімнің дұрыс нұсқау беруі маңызды орын алады. Яғни оқушы ерекше назар аударатын мәселелерді назардан тыс қалдырмайды. Белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау, пайдалану және әзірлеу – оңай жұмыс емес, өйткені мұғалімдерде қандай да бір тәсілді қолданардың алдында көптеген сұрақтар туындайды, мысалы:

- Осы сабақ білім алушылардың жасына сәйкес келе ме?
- Сыныпта қандай балалар жиналған, мысалы, қабілеттерінің деңгейлері әртүрлі, саны, жынысы және т.б.
- Жекелеген оқушыларда жоспарлау барысында ескерілуі тиіс белгілі бір мұқтаждық, өзіндік мән-жайлар бар ма? Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді оқыту әдістерге:
 - Дәстүрлі сабақты дәстүрлі емес басталуы;
 - Проблемалы сұрақтар қою және шешу, проблемалы жағдаяттар құру;
 - Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру;
 - Оқу материалының тұсаукесері;
 - Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды пайдалану;

– Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану. Белсенді оқудың тиімділігі оқушы өзінің ой-пікірін еш бүкпесіз айтуға, сонымен қатар басқа адамның айтқан пікіріне құрметпен қарауды үйренеді. Бірлесіп оқу технологиясы оқушыларды тың идеяларды ұсынумен қатар олардың жаңа мүмкіндіктерді қолдануға бағыттап отырады. Белсенді оқудың тиімділігі білім алу үрдісінде оқушының жеке көзқарасы мен басқалардың пікірімен санаса білу мәдениеті қалыптасады. Оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу барысындағы негізгі мақсаты – қиын тапсырмаларды орындауда, топтық жұмыстарда, ортақ тіл табысу кезінде, өзін-өзі басқара білуде қажет болатын дағдыларды қалыптастыру. Тыңдалым – айтылым дағдысын қалыптастыруда белсенді оқудың тиімділігі адамның ойлау қабілетін дамытады. Өйткені, оқушы айтылғанды тыңдап, қабылдап және оны түсінуге үйренбейінше, басқа дағдыларды жеткілікті деңгейде меңгере алмайды. Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек. Белсенді оқу тәсілі жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады, қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашып, нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді. Белсенді оқуда өз тәжірибесінің негізінде үйреніп, оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бірлескен оқу тәсілі құрылымдалған топтық жұмыстан тұрады. Бұл әдісте тұлғааралық қарымқатынас дағдылары жетіліп, ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамиды. Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.[2, 8 б.] Оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде оқушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектесеміз. Сонымен бірге оқушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, оқушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектесеміз. Оқушылар өзара әңгімелесу арқылы тапсырмаларды талқылауы бір-біріне білім мен дағдыларды үйрете отырып, тақырыпты терең түсінуіне жол

ашады. Оқушылардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік ала отырып, тапсырманы күрделендіріп, оқушылардың оқуға деген уәжін арттырып отырады. Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжуға, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады. Оқушының білімге деген ынтасына мұғалім мен ата-ана, қоршаған орта әсер етеді. Мұғалім белсенді әрекет ете отырып, оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, ғылым негіздерін игеруге, белгілі бір білімдердің, дағдылар мен іскерліктерін қалыптастырып, оқушының рухани, физикалық және еңбек қабілеттерін жетілдіріп, еңбек және кәсіби дағдыларын дамытуда аянбай еңбек ету қажет.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ [2, 14 б.].

Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жанартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды женудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызды зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған.[3,316.] Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын арқылы балалар қоғамдық қатынастарға бейімделеді, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгереді, баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, кез-келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжар, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. [2,456.]. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Журнал «Педагогика жаршысы, №3 2010ж,- 21
2. Журнал 12 жылдық білім №4, 2006ж -26
3. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту».

Калмыкова Е.В, 2007., - 120

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

СЕМЕЙ Н. Б.

п.ғ.магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Хәкім Абай қарасөздері – «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерінде оқытылатын материал ғана емес, өмірлік мәні бар, қашан да өзектілігін жоғалтпайтын асыл қазына. Сондықтан Абай қарасөздерін оқытуда тек мазмұнымен танысып, идеясын талдау жеткіліксіз.

Белгілі абайтанушы Ф. Есім Абайдың ғақлиясы жөнінде «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры өкінішке қарай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес. Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. Қазіргі плюрализм деп жүргеніміз, кезінде Абай қолданған ойлау тәсілі» деп баға береді [1].


Қарасөздерді оқыту барысында бұл ерекше сөз жанрына тән, оқушылардың қабылдау процессін тежейтін бірнеше фактор анықталды. Олар:

- Ой тереңдігі;
- Тіл күрделілігі;
- Көлемі.

Осы факторларды негізге ала отырып, Абай қарасөздерін оқытуда жаңаша әдіс-тәсіл іздеу кезінде британдық ғалым, психолог


Томас Бьюзеннің еңбегіне жүгіндік. Т.Бьюзен 1960 жылдары адам миын зерттеп, ондағы нейрондардың байланысына назар аударып, ғылыми айналымға «интеллект-карта» (mind map) терминін енгізеді [2].

Интеллект-картаның құрылымы адам миындағы нейрондардың байланысына ұқсайды. Интеллект-картаға салынған ақпараттың адам жадында сақталу мерзімінің ұзақ болуы осыған байланысты деседі.



Сурет 1

Бұдан бөлек интеллект-карта кез келген уақытта материалды тез қайталауға, көлемді ақпаратты сүзгіден өткізуге, жасампаздық пен шығармашылық көзқарас танытуға мүмкіндік береді.



Сурет 2

Сурет 3

Жоғарыда Абайдың жиырма үшінші, отыз екінші қарасөздері бойынша құрастырылған интеллект-карталар ұсынылған.

Интеллект-карта екі негізгі бөлімнен тұрады. Олар: визуал (көрнекілік құралдары) және мәтін. Визуал ақпаратты ұсынарда мынадай ережелерді ескеру керек:


- Есте сақталуы үшін түрлі-түстерді пайдалану;
- Суреттер мен жапсырмалар қолдану;
- Ядро мен кілт сөздер, кілт сөздер мен жанама сөздер арасындағы байланыс жолдарынғын біркелкі болмауы (үзік сызық, маңыздылығына қарай жуан-жінішке, ирек жолдар).

Ал мәтінге төмендегі талаптар қойылады:

- Ядродан тараған кілт сөздердің саны 2-7 аралығында болуы тиіс. Одан көп кілт сөздерді адам жадында ұзақ сақтай алмайды;
- Жазу нақты, анық, көркем болуы керек;
- Ұзақ сөйлемдерді пайдалануға болмайды [2, 43].
- Интеллект-картаны электронды форматта арнайы бағдарламалар мен қосымшалар арқылы да жасауға болады. Олар:



Сурет 4



Сурет 5 – Canva қосымшасымен жасалған интеллект-карта

Интеллект-карта құру арқылы Абай қарасөздерін түсіндіру, өздік жұмысы ретінде беру – оқушылардың Абай қарасөздерінің құнын біліп, ондағы ақпаратты жүйелеп түсінулеріне жол ашатын тиімді тәсіл. Электронды құрылғыларды пайдалану арқылы интеллект-карта жасау білім алушылардың қызығушылығын әлдеқайда арттыратыны байқалды.

Біз жаһанадану заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпарат ағынының көптігі сонша, адам миына, әсіресе әлі өз жолын таңдамаған оқушылардың санасына ауыр тиіп жатқаны рас. Ақпараттың бәрі пайдалы, бәрі қажет дей алмаймыз. Оларды сараптап, жүйелеп, қажетін ғана алуды үйрену – тайм-менеджмент талабы. Интеллект-карта жасау тәсілі дәл осы талапқа жауап береді.

Бұл тәсілді тек Абай қарасөздерін оқытқанда ғана емес, сонымен қатар көлемді прозалық шығармалармен танысқанда, күнделікті жоспар құрғанда, мамандық таңдау процесінде пайдалануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құрманғалиева Маржан «Ғибратқа толы ғақлия» // <https://osken-onir.kz/kogam/15488-ibrata-toly-aliya.html>

2 Тони Бьюзен «Супер-мышление» Измените свою жизнь с помощью интеллект-карт. Перевод. Издание. Оформление. ООО «Попурри», 2014.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

СЕРГАЗИНА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Оқу үдерісіндегі байқалып жүрген ең өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығының төмендігінде. Қазіргі білім мен ғылымның қарыштап дамыған заманда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім жүйесіндегі жоспарлы қадағаланған қадамдардың бірі.

Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамның сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы мен қарым – қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруы. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым – қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдылардың жиынтығынан құралады. Функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың бір тетігі ретінде қолданылады. Білім беру жүйесіндегі негізгі көрсеткіштің бірі - оқу сауаттылығына негізделген тапсырмаларды орындауға нәтиже жасалынып, қорытындыланып, әлем бойынша салыстырмалы деңгейімен бағаланып отыр. Осы орайда оқушылардың алған білімі мен ақпаратты сұрыптап, өмірге өз қажеттілігіне қарай қолдана алатындығы маңызды. Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыдан ойлауын қалыптастырып және оқушының өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. Сондықтан әр мұғалім өз пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығындағы тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы оқу сауаттылығын арттыруға кәсіби, қоғамдық, білім мен ғылым бағытындағы ақпараттар мен дағды қалыптастыру қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытып, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін

қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Әріптестерімізбен бірге «оқушылардың оқу сауаттылығын қалай арттыруға болады?» деген сұраққа жауап іздеп, кәсіби әңгіме жүргіздік. Кәсіби әңгіме барысында мәселелері мәтін түрлерімен тапсырма орындату барысында түсіну мен білу деңгейінен анализ жасау, талқылау, шешім шығару ойлауына ауысуы арқылы шешімін табуға болады деген қорытындыға келдік. Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмаларда көпшіліктің оқу сауатын дамытуға театр афишасы мен диаграммалық нәтиже құрылған зкотуризм ақпаратын қолдану да жақсы нәтиже береді.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық кырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – ол оның өмірлік күш – қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу – танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып – білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып келеді. Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде танымдық қабілеттерінің дамуын да ескеріп отырғаны жөн.

Оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін. Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті түрдегі қарым – қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық – әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда ғана олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзыреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымдарына негізделуі керек. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен әдебиетін оқыту - қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті мәселе болып отыр. Орыс тілінде білім беретін мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың қазақ халқының көркем әдебиет туындылармен, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамыту. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Қазақ тілін оқыту алдына үлкен міндеттер, оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қазіргі таңда да қарастырылып келе жатқан мәселе. Демек, тіл ғылымының үздіксіз дамуының нәтижесінде , адам баласы ой – санасының, дүниетанымының өсуіне байланысты оқыту әдістемесінде қатар жетіліп келеді. Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану қажет. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту түрлері, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары мен жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңаша әдістер мен т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады. Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс болар деп санаймын: когнитивтік ұстаным , рефлексивтік ұстаным мен креативтік ұстаным. Осы көрсетілген ұстанымдардың оқушының ойлау қабілеттерінің логикалық – сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу дағдыларымен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен ғылыми еңбектерде көрсетіліп, дәлелденіп келеді.

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест – сабақтар», «Жоба сабақтар», «Қызықты ойындар» сияқты оқу іс – әрекеттері белсенді өтетін түрлермен ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілін меңгеру дағдыларын

қалыптастыруға көп мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ – жауап, талдау, жинақтау, ажырату, айтқан ойын мысалдармен дәлелдеу, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс – тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып өз бетімен жұмыс істеуге тез дағдыланады, басқаларды тыңдауға және онымен санасуға үйренеді.

Функционалдық сауаттылық қалыптастырудың әдістері:

- 1 Мән беріп оқыту технологиясы
- 2 Диалогтік оқыту
- 3 Сұрақ – жауап әдісі
- 4 Жұптық оқу
- 5 Ойын түрлері
- 5 Блум жүйесі
- 6 Белгі қойып оқу әдісі.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалім шебер болуы тиіс. Жалпы сабақта қолданылатын техникалық құралдар, ойын түрлері – сабақ кілті деп танымын. Мұғалім баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы керек. Негізінен адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу, иіскеу арқылы есте жақсы сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, сыныптастарымен пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Күтілетін нәтиже:

- 1 Мағынаны ажырата алады
- 2 Топпен жұмыс істеу күзіреті артады
- 3 Білім, білік, дағды деңгейі артады
- 4 Өз ойын ашық айта алады
- 5 Өзіндік білімін, идеясын қолдана отырып, логикалық байланыс жасауға дағдыланады
- 6 Ақпаратты іріктеп оқуға, логикалық ойлануға дағдыланады.
- 7 Функционалдық сауаттылығы артады.
- 8 Көшбасшылығы анықталады.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы болып

келеді. Мұғалімнің сабақ өткізу шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Қазіргі өмір ағымының техниканың қарқынды дамыған тұсында бар адамзат әлемі функционалды сауатты болса, өмір сүруге бейім, алған білімін өзіне тиімді қолдана алатын тұлға қалыптасары сөзсіз. Сондықтан уақыт талабына сай оқушының күнделікті тапсырмаларын орындауда, мәтінді таңдауда қажеттілігі мен қолжетімділігіне қарай сұрақ құрастыруда ойлау процесіне әсерін де ескерген жөн. Сонда ғана функционалды сауатты тұлға болып толық қалыптасады. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі ұстаздың алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін үлкен абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Оралбаева, Қ. Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».
- 2 А . Ысқақов қазіргі қазақ тілі. Алматы . Ана тілі -1991.
- 3 Ә . Исабаев « Қазақ тілін оқыту методикасы» . Алматы -1995
- 4 Б. Бөрібаев, Е. Балапанов. Жаңа ақпараттық технологиялар. Алматы- 2001
- 5 Г.Тұрдағалиева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана -2007

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БИЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ ТАҚЫРЫБЫ

СМАГУЛОВА Д. Б.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
МУТАЛИЕВА Р. М.
ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әдебиет – қоғам суреткері. Қоғамдағы адамдар бейнесінің өзгеруін әдебиет арқылы танимыз. Көркемөнер қоғам суреттерінің әр кезеңдерін бейнелейді. Халық тарихының әр кезеңдерін суреттей отырып, адамдар бейнесінің өзгешеліктерін қоғаммен бірге анықтаймыз. Адам психологиясының өзгерістерінің бір

белгісі – қоғамдағы орнымен де байқалады. Сондықтан да біз қазақ әдебиетіндегі көркем бейненің ішінен билік басындағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін таңдап алдық.

Магистрлік жұмыста қазақ әдебиетіндегі қоғамдық өзгерістердің суреттелуі және билік психологиясын ашу үшін қоғамдық таным мен сана, адамдардың әлеуметтік, саяси орнымен анықталуына қарай топтарға бөлінді. Осы топтардың әрбіріне жеке-жеке тоқтала отырып, кейіпкер бейнесінің өзгеруін билікпен, басқарумен бірге талдауға алынды. Магистрлік жұмыста қазақ әдебиетінің еркін кезіндегі басқару психологиясы, кейінгі отарлық кезең, Кеңестік идеология ықпалындағы билік психологиясы жеке-жеке қарастырылды.

Көркем әдебиеттегі психологизмді зерттеу – қазақ әдебиетінде кешендеп дамыған нысандардың бірі. Билік иесінің мінезі әдебиетте көп жасалды. Себебі билік иесі қашанда халықтың алдында. Ауыз әдебиеті үлгілерін алмаған күннің өзінде жазба әдебиетте, Ежелгі түркі кезеңі мен Ислам дәуірі кезіндегі билік иелерінің психологиясы әр түрлі. Бұл өзгерістер сыры неде? Олардың өзгермелі қалыптарының көркемдік тәсілдері қандай деген тұстар зерттеуді қажет етері анық.

Әдебиеттің өзі адамның жан-дүниесі мен сезімін, көңіл күй иірімдерін, мінез өзгерістерін анықтайды дегенімізбен де, кейіпкер бойындағы өзгерістердің психологиялық белгілері әлі де толық ашылмағаны белгілі. Сондықтан да біз магистрлік жұмыста көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің бір тобының психологиялық сипаттарын басқару, билікпен байланыстыра алдық.

Билік пен басқару – өзгермелі. Қоғамдық қатынастар, әлеуметтік ортадағы экономикалық, шаруашылық қатынастырдың өзгеруіне қарай идеология мен саясат та өзгереді. Ал қазақ әдебиетінің еркін, жеке ел болған шағындағы басқару мен билік адамдарының психологиясы мен кейінгі еркіндігінен айырылған кезеңіндегі басқару психологиясын зерттеу арқылы бір көркемдік тәсілдердің көптеген тың ізденістері мен үлгілерін анықтаймыз.

Қазақстан өз егемендігін алып, тәуелсіз ел болған шақта ұлттық психологиядағы тұрақтылық пен еркіндік – ұлт дамуының да көрсеткіші болатындығы анық. Ұлттық психологиядағы еркіндік қоғамдық ортадағы тәуелсіздікпен байланысты. Кейіпкердің экономикалық, мәдени, рухани және шаруашылықтағы еркіндігі оның ой еркіндігін, әрекет еркіндігін ашады. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиетіндегі еркін ойлы кейіпкер үшін де билік пен

басқару психологиясының көркемделуін анықтаудың қажеттілігі айқындалады.

Билік психологиясының көркемделуін анықтау арқылы біз ұлттық таным мен сана өзгерістерін ашамыз. Бұл кейінгі мансапқұмарлық, билікке ұмтылушылық, байлыққа қызығушылық сияқты мінездерді шығарды. Осының шығу тектерін, белгілерін, көркем суреттелуін анықтай отырып, біз қоғамдағы жат қылықтардың ұлттық мінезге қайшылығын да белгілейтін боламыз.

Билік немесе басқару психологиясы туралы жазбалар Көне Мысыр, Ацтек кезеңіндегі ескерткіштерден де кездесетіндігін айтады. Сонымен бірге басқару психологиясы әлемде терең зерттеліп, өзінің тарихы мен оның кезеңдері белгіленіп қойған арнайы ғылым саласы екені де белгілі.

«Дәстүрлі қазақ қоғамында ел басқарудың тамаша демократиялық жүйесі қалыптасқан. Ол – билер құқығы, осынау билік иелері өткізген билер кеңесі, билер соты», – дей келіп, халықтық санадағы өкім ету мен ел билеудің мағыналас екендіктері ашылады. Ел басқару мен өкім етуді арнайы термин ретінде ала отырып, оның алғашқы нұсқасы көне түркі тіліндегі «бек» атауы негізінде жасалғандығын, соның екінші өзгерген қалпы «би» XIV–XV ғасырларда басқарушы, елді билеуші, билік иесі деген мағынаға көшкендігін жазады [1, 8 б.].

«Қазақ халқын билеу туралы 1868-ші жылы шыққан уақытша положение» деп аталтын мақаласында А. Байтұрсынұлы: «1822 -ші жыл уставы шықпастан бұрын қазақ билігі (соты) өзінде еді, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би жоқ, қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп, бидің билігі әділ саналып, оны бұзамын деу болмауы еді. Қазақтың мұндай билері, ілеуде біреу болмаса, қиянат билік айтпаушы еді» [2, 282-304 б. б.], – дейді А. Байтұрсынұлы.

А. Байтұрсынұлы қазақ қоғамындағы билер шешім шығарып, дауды шешушілер ғана емес, елдің керегі мен жоғын түгендеушілер деп бағалайды. Б. Адамбаев «Шешен-билер» [3] еңбегінде қазақ әдебиетіндегі билер сөздерінің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, рухани маңызын ашады. Қазақ қоғамдағы билер мен шешендер сөзінің күші көркемдігі мен дәлдігінде, нақтылығы мен түсініктілігінде, қисыны мен ұлт болашағы үшін қажеттілігінде екенін айтады.

«Би – халықтың тірі шежіресі, заңгері, әрі заң шығарушысы» – бұл анықтама Қазақстандағы (Ақмола қаласындағы) отарлау өкімшілігінде қызмет еткен ерекше тапсырмалар жөніндегі Ресей

чиновнигі И. Козловтың 1882 жылы қазақтардың әдеттік-құқықтық нормалар мен құқықтық құрылымдарын арнайы зерттеу негізінде жариялаған еңбегінен алынды», – дейді «Қазақтың ата заңдары» кітабында.

Қазақ үшін еркін, өз алдына тәуелсіз жүрген кезеңдегі би – билік иесі шежірені жинақтаушы, заңды шығарушы, қоғамды реттеуші болып бірнеше функцияны қатар атқарған [4, 29 б.].

«Батыр Баян – халықтың ардагер аруақты перзенті, хан Абылай – кең байтақ сахара жұртын біріктіруші, зор дауды бітістіруші, елдің тәуелсіз дербестігін сақтаушы ретінде сипатталады. Абылай тұлғасын өз уақыты тұрғысынан сараптасақ, сыңаржақ тапшылдық салқынынан алыстай түсер едік. Ол пенде ретінде кемшілік, кінәдан ада болмағанымен, мемлекет қайраткері есебінде түпсіз айла, қиын ой, батыл шешім, нақты әрекеттің адамы ыңғайында көрініс тапқан» [5, 482 б.].

Ғалым Б. Майтанов «Тарихи тақырыпқа ақындық көзқарас» деп аталатын мақаласында М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Абылай бейнесі ел басқарушысының, халықты бастаушы, көсемі бейнесі ретінде үздік жасалған қаһарман деп белгілейді.

Қазақ әдебиетіндегі билік пен басқару психологиясының басты идеяларының бірі – ізгілік деп береді. Биліктің психологиясындағы ашкөздікке ұрынбау, сананы сергек ұстауды зерттеуші Н. Худайбергенов қазақ әдебиетіндегі жалпыадамдық құндылықтар қатарында қарастырады» [6, 25-26 б. б.].

Қазақ әдебиетіндегі ел басқарушы бейнесі, билеуші бейнесінің көркем үлгісі Абылай хан атымен байланысты. К. Жанатайұлының «Сабалақ», К. Төлеуовтің «Абылай» дастандары туралы айта келіп, зерттеуші Б. Рахымов қазақ әдебиетіндегі билеуші бейнесі өткен ғасыр басында батыр, елді құтқарушы бейнесіне ауысқандығын жазады» [7, 116- 118 б. б.].

Қазақ әдебиетіндегі билік психологиясы мен басқарушы бейнесі дегенде зерттеуге кейінгі кезеңдері мол ілінгені – хандар бейнесі. Зерттеуші Б. Т. Бораш қазақ әдебиетіндегі хандар бейнесінің көркемделуін 3 кезеңге бөледі. Әр кезең ерекшеліктері мен көркемдік белгілерін анықтайды [8, 23-24 б. б.]. Мысал ретінде айтар болсақ, Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында Әбілхайыр бейнесі арқылы билік психологиясы шебер баяндалады. Қазақ жерінде билік құрған хандардың бірлік мәселесін қаншалықты шеше алды деген сұраққа жауап іздейді.

Билік иесінің, басқарушының психологиясы ғана емес, оның ұстанымдары мен мінез ерекшеліктері қандай болуы керектігі Ислам дәуірі әдебиетінде мол жазылды. Солардың үздік үлгісі – Ж. Баласағұнның «Құтты билік» [9] дастаны. Дастандағы негізгі 4 кейіпкер билік иелерінің үздік үлгілері болып саналады.

Қазақ әдебиетіндегі билік пен басқаруға қатысты зерттеулерді жинақтайтын болсақ, билер мен хандар, кейінгі сұлтандар бейнесі көбірек назарға алынған. Ал жалпы ел басқарушының психологиясының көркем суреттелуі туралы жан-жақты зерттеудің жоқ екендігі байқалады. Әсіресе, XIX ғасыр, кейінгі XX ғасырдағы, Кеңес кезіндегі ел билеушінің мінез ерекшеліктері мен психологиясына талдау жасау қажеттілігі байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахтаева Н. С. Басқару психологиясы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 452 б.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

3 Адамбаев Б. Шешен-билер – Алматы: Ана тілі, 2009. – 123 б.

4 Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. 5-том. – 544 б.

5 Майтанов Б. Тарихи тақырыпқа ақындық көзқарас // Кітапта: Мағжан әлемі: Әдеби зерттеулер. Құрастырған Ж. Сүлейменов – Алматы: Асыл кітап, 2009. – 496 б.

6 Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991-2016 ж.ж.) 6 D021400 - Әдебиеттану. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы: Қазақ Ұлттық Университеті, 2020. – 165 б.

7 Рахымов Б. С. Эпостағы эпикалық билеуші бейнесі – Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік университеті Хабаршысы, 2013. Филология сериясы. № 4. – 216 б.

8 Бораш Б. Т. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 440 б.

9 Баласағұн Ж. Құтты билік // Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Ғылым, 1995. – 616 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТİNДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ СУРЕТТЕЛУІ ЖӘНЕ БИЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ

СМАГУЛОВА Д. Б.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Билік – қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, шаруашылық жағдайын реттеуді басқарушылар. Билік өкілдері қай кезеңнен де қоғамдық ортада мінез, психология, әлеуметтік жағдайы жағынан өзге топтардан өзгешеленеді. Қоғамдық ортада шаруашылық жүргізуге, экономиканы реттеуге, мәдени шараларға қатысуға өзгелерге қарағанда мүмкіндіктері де жоғары. Билік жүйесі қоғамдағы таным мен сананы өзгертіп, оны саясат пен идеология құралы етіп пайдаланады. Сондықтан да сонау ерте замандардан билік қоғамдағы адамдар психологиясына әсер етудің түрлі құралдарын пайдаланды.

Ерте замандарда билік жаратушының жердегі өкілі деген сана қалыптасты. Сондықтан да оларға сөзсіз бағыну керек, оларға қарсы шықпау керек деген түсінік ғасырлар бойы қоғамда сақталып қалды.

Осы түсінік пен танымды адамдар санасына сақтай отырып, билік оларды басқарудың тәсілі ретінде пайдаланды.

Қазақ әдебиетіндегі билік психологиясына қатысты көркем ойлардың берілуін бірнеше топтарға бөлуге болады.

1 Аристократтық (тектік) билік психологиясы

2 Екіжақты басқару психологиясы

3 Сыңаржақ психология

4 Идеологияға мойынсұнған психология

5 Еркін басқару психологиясы

«Әділ билердің қолында билік қазақтың әр түрлі дертін жазатын дәрі еді», – деп жазған А. Байтұрсынұлы әдебиет жанрларын «Әуезе түрлері» деп бөліп, осы әуезенің бір түрі деп «2. Ұлы әңгіме, яки роман» деп аталатын бөлімінде: «Қазақтың арамза атқа мінерлері, қазақтың есерсоқ салдары, түйені түгімен жұтып қоятын болыстары – бұлар ұлтындағы, заманындағы кейіпкерлер болады» [1, 450 б.], – дейді.

Әдеби шығарма қоғамды суреттейді. Ал қоғамдағы психология көбіне-көп ел билеуші арқылы ашылады. Қоғам өзгерген тұста кейіпкерлер де өзгереді дедік, осы өзгеріс алдымен қоғамды билеушілерден көрінеді. Себебі қоғамды өз дегендерімен жүргізу,

өз ырықтарынан шығармау үшін сол қоғамға қажет идеология мен танымды, сана мен салт, ұғымды жасап, өздері соның насихаттаушылары ғана емес, өнегесі де болады. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі билік психологиясының өзгерістері халықтың тұтас қалпын да көрсетеді. Біз қазақ әдебиетіндегі билік психологиясының бірнеше қырларын белгіледік.

1 Өзгеден өзін өзгеше артық етіп көрсету психологиясы

Қазақ әдебиетіндегі ел билеушілерді өзгеден артық етіп, оларды жердегі адамдардан тегі жағынан бөлек етіп суреттеу тәсілі кездеседі. Ел билеушіні өзгеден артық етіп көрсету тәсілі олардың бойындағы қатардағы адамдар қол жете бермейтін тұстарды көрсетуімен анықталады. Ал мұндай билік иесі идеал кейіпкер болып, психологиясында өз артықтығын көрсету сезімі басым болады.

Ел басқарып, халықты билеп, өзі алдында болған көсемдер жұрты мемлекетке айналып, біріккен соң өз атына хан, қаған аттарын қосатын болған. Сонымен бірге сол кездегі таным бойынша ел билейтін адам қатардағы адамдар санатынан болмауы тиіс. Оның елінде шексіз билікке қол жеткізуі үшін жаратушының разылығы, қалауы қажет деп таныған. Ал ел билеушіні сол жаратушының өзі қалап, соның ырзалығымен таққа отырушы деп санаған. Өз тайпасын ғана емес, өзге тайпаларды да билеу үшін өткен ата-бабалары туралы түрлі аңыздар шығарып, таратқандығын «Көне түркі әдебиетінің типологиясы» ұжымдық зерттеуінің ғалымдары жазады. Сондай аңыздар қатарына Елтеріс, Бумын қағандар туралы аңыздарды, кейінгі Оғыз қаған, Шыңғыс хан туралы аңыздарда олардың дүниеге келуінің өзі ерекше болып суреттеледі [2, 7 б.].

Әдебиеттегі өзін өзгеден артық етіп көрсеткен билік иелері – шексіз билікті қолға ұстаушылар. Сондықтан да оларды қол астындағылар қарапайым адамдар қатарынан емес, өзгеше етіп алады. Қоғамда билеуші қолында барлық билік толығымен шоғырланған тұста оның өзгеше психологиялық мінез сипаттары да айқындалады.

Ғалым С. Қасқабасов қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясында осындай үлгілер кездесетіндігін айтады. Жырау өз толғауларында идеал өміршінің бейнесін жасайды. Бұл жанры жағынан толғаудың басты ерекшелігі де – монологтық сипатында. Сол монологте ел билеушінің мемлекеттік мәселелердегі көрегендігі адам мен қоғам, заман, тұлға, қарапайым халық (тобыр), қайырымдылық пен иман, өткінші өмір, опасыз жалған өз ортасының моральдарымен,

этикалық нормаларымен, философиясымен астасып кететіндігін айтады [3, 12 б.].

Ғалым сөзіне мысал ретінде Шалкиіздің «Би Темірге бірінші толғаудағы: «арабы торым өзіңсің», «алдаспаным өзіңсің», «қағбамсың» дейтін көркемдегіш құралдарды алуға болады. Жырау жай алдаспан емес «жазылы алтын қол кескен» алдаспанға теңейді, жай арабы торы емес, «алп, алп басқан, алп басқан» арабы торы, жай көңілдегі қағба емес, бара алмаған, қол жетпеген қағбаға балайды. Толғаудың соңында өзін пұлға, Би Темірді алтынмен ауыстырып, қарсы қояды, келесі жолдарда жібек – жүн, сұлтан – құл, сұңқар – ку деп ауыстырады [4, 37–39 б.].

Осындай билеуші психологиясын Қазтуғанның «Мадақ жырынан, Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауларынан да табылады. Қазтуғанның «Мадақ жырында» жыраудың өз бейнесі бар. Қазтуғанның өзі де рубасы, ел көсемі, ал Доспамбетте өзінің өр бейнесін суреттеп келіп, соңында «Ер Мамайдың алдында Шаһид кештім өкімбен!» деп аяқтауы, ел билеген Мамайды көтереді.

Қазақ әдебиетіндегі осы үлгі кейінгі Кеңестік кезеңде көрінді. Мысалы, Ленинді Күнге, ай мен шолпанға, Сталинді «Нұр сипатты дана ұл», «Күн сипатты, «аспандаған» деген баламалар болды.

2 Халық ішінде еленбей, көппен бірге болуды қалаған психологиялық көңіл-күй

Билік басындағы, ел басқарудағы адамның көп ішінде өзгеден ерекшеленбей, олармен өзін бірдей ұстау психологиясына қатысты екі түрлі белгіні көрсетеміз.

- халық билік адамын өзгеден ерекше деп есептегендіктен, өзі бейнесі, мінезі, ішкі жан дүниесі арқылы үлгі, өнеге көрсету;
- басшының өз мінезі, орта талабына қарай қойылған психологиясы.

Алғашқысына Ы. Алтынсариннің «Әдеп» әңгімесіндегі әкімді аламыз. Бұл әңгімеде өзіне иіліп сәлем берген мұжыққа басын одан да төмен иіп сәлем берген әкімге екінші әкім таң қалады. Ол жай қарапайым адам, оған неге сонша иілудің керегі бар деген әкімге: «Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба?» – деуі өзінің ішкі жан тазалығын біліммен кеңейте түскені көрінеді. Осы әңгімеде екі әкім бір-біріне қарама-қарсы қойылып, олардың екеуінің де мінезі сол қарама-қарсылық арқылы ашыла түседі [5, 28 б.].

Басшы мінезі өз ортасы мен сол жүрген жеріндегі ерекшеліктерге қарай қалыптасады. Қайта жасалуы да мүмкін. С. Мұқановтың

«Адасқандар» романындағы Бәтестің Қызыл отауда кездесетін Әсия – уездің соты. Жазушы Әсияның сыртқы қалпын, алғаш көргендегі Бәтес көңіл күйімен береді.

Жазушы Әсияны өз заманына қарай ғана емес, болашақ заман ыңғайына қарай суреттейді: «Әйелді орыс екен деп қалдым: жені шынтағына жетпейтін, етегі тізесінен зорға түскен, жағасы жоқ, омырауы ашылған ақ көйлегі бар. Шашын желкесінен екі айырып өріп, үшін жалпақтығы екі елідей жасыл шүберекпен байлаған... балтыры жалаңаш сықылды, сол жақ білегінің орта кезінде байлап алған сағаты бар; осыдан басқа киімі жоқ» [6, 269-270 б. б.].

Бәтес кейін араласа келе Әсияның да талай зардап таратқанын, соның бәрін жңіп, енді өзгелер үшін күресіп, басқа қыздар бақыты үшін Қызыл отауға келіп, сондағы ел арасындағы дауды шешіп отырған білімді сот екеніне көзі жетеді. Өз мінезінде де қайтпас қайсарлық бар Әсия өзгелерден бөлектенуден қорықпайды. Ол бөлектену басшы үшін өзгеге үлгі, өнеге үшін жасалып отыр, басқа қыздар да өз еркіндіктері үшін күресе білсін, ол еркіндік ішкі жан дүние мен сыртқы келбет арқылы үйлесуі керек дегенді айтады.

3 Басшы психологиясын анықтауда оның шыққан тегін негізге алып көркемделеді

Рулық, аталық қоғамдағы қазақ тұрмысы мен шаруашылығы үшін ғана емес, идеологиясы мен саясатындағы басты мәселе – басшының шыққан тегі. Сондықтан да кез келген басшыны сыйлау, құрметтеу, оның тегін, ата-бабасын құрметтеу, олардың ісін көтеруден басталады. Мысалы, Қ. Жұмаділовтың «Дарабоз» [7, 335-337 б. б.] романында елшілікке барған Байғара мен әмірші болса да, Қоқан әмірі Ерденбек қатар қойылады. Байғара – ата-бабасынан тектілік үзілмеген жан. Арғы атасы Жангөбек – нар дауысты Нарынбай – қу дауысты Құттыбектен тарайтын Байғара аталары өзбекке кірме мингі тайпасынан, шешесінің тегі белгісіз Ерденбек әміршіге өктем сөйлейді.

Қазақ әдебиетіндегі басшы психологиясы, билік психологиясының бұдан өзге көреген, білгір басшы психологиясын, өзімшіл, өзінікін ғана дұрысқа балайтын әпербақан басшы психологиясын, ел мен билікті алдап, екі жаққа да жақсам дейтін психология т.б. түрлерін көрсетуге болады. Мысалы, Б. Майлиннің «Желдібай Жындыбаев» әңгімесіндегі Желдібай өкіметтің адамы ретінде ауылға жіберіледі. Желдібай осы сапарында ауылнайдан жылыну үшін «көк мойын» сұрайды, оны ауылнай он бес шақырым жерден алдыртады. Ертеңіне «өкіметтің жұмысын аш жүріп

істесін дейтін заң жоқ» деп біреудің жалғыз тоқтысын түскі асқа сойғызады. Мас күйінде жиналыс өткізіп, жұрттың наразылығына қалады. Мінеки, кеңес дәуірінде қызмет бабын асыра пайдаланған билік адамдарының болғанын осы әңгімеден көреміз. Біреудің соңғы тоқтысын сойғызуы – халыққа жаны ашымайтындығы. Желдібайдың мәдениеті қандай десек, не қазақша тәрбиесі жоқ, не жаңа қоғам өкілі ретінде әдептілігі жоқ. Атын беруге қарсы болған ақсақалдың үйіне рұқсатсыз жүгіріп кіреді, үйдегілерге амандаспастан атын беруін талап етеді, үй иелері шақырмаса да шайды сұрап ішеді.

Қорыта келгенде, билік өкілдері қай кезеңнен де қоғамдық ортада мінез, психология, әлеуметтік жағдайы жағынан өзге топтардан өзгешеленеді. Қоғамдық ортада шаруашылық жүргізуге, экономиканы реттеуге, мәдени шараларға қатысуға өзгелерге қарағанда мүмкіндіктері де жоғары. Билік жүйесі қоғамдағы таным мен сананы өзгертіп, оны саясат пен идеология құралы етіп пайдаланады. Сондықтан да сонау ерте замандардан билік қоғамдағы адамдар психологиясына әсер етудің түрлі құралдарын пайдаланды.

Қазақ әдебиетінде басшы психологиясы қоғамдық өзгерістерге қарай құбылады. Елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі, өзгемен тең мемлекет болған шағындағы ел билеушінің психологиясында өктемдік пен сенімділік болады. Сонымен бірге оны ел ішінде идеал ету, өзгеде жоқ артықшылықтармен алатын көркемдік тәсілдер жиі кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

2 Көне түркі әдебиетінің типологиясы. Ұжымдық зерттеу. // Жауапты шығарушы Ж. Тоекина – Алматы: М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014. – 277 б.

3 Қасқабасов С. XV- XVI ғасырдағы қазақ әдебиеті – Алматы: ӨӘИ, 2005. – 164 б.

4 Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы: Қазақ ССР Баспа жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ, 1991. Т. 1. – 384 б., суретті.

5 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ – Алматы: Жазушы, 1987. – 289 б.

6 Торайғыров С. Қамар сұлу; Көбеев С. Қалың мал; Мұқанов С. Адақандар: – Алматы: Жазушы, 2009. – 416 б. – «Қазақтың 100 романы» сериясы.

7 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т. 9. – 488 б.

БЕКМҰРАТ УАҚАТОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

СМАГУЛОВА С. Г.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Филология ғылымдарының докторы Уақатов Бекмұрат Павлодар облысы Лебяжье ауданы Қорт ауылында дүниеге келген. Қазақ фольклорындағы тұрмыс-салт өлеңдерін зерттеу нысаны еткен «Қазақтың халық өлеңдері» (1974), «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983) атты еңбектерінің маңызы күні бүгінге дейін жоғары. Ғалымның «Қазақтың халық өлеңдері» [1] атты іргелі еңбегі өзіне дейінгі зерттеулердің қорытындысы тәрізді белесті ғылыми зерттеу болды. Ол халық өлеңдерін саралай келіп, оларды: «Еңбек кәсіппен байланысты туған өлеңдер», «Халықтың ескілікті наным-сенімімен туған өлеңдер», «Әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдер», «Лирикалық өлеңдер» - деп төртке бөледі. Бұлардың ішіндегі «Әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлеңдер» деп аталатын тарау түгел отбасылық ғұрып фольклорына арналған.

Ғалым тұңғыш рет туу-ер жету-өлу цикліне қатысты фольклорлық шығармаларды тұтас топтастырып, тереңірек қарастырады. Бұрын, тек бесік жыры ғана ауызға ілініп келген бала тәрбиесіне қатысты жырлар жеке топталып, талдау жасалады. «Қазақта балаларға арналған өлеңдердің екі түрі бар. Бірі-балалардың атынан шығарылып, бірақ соны балалардың өзі орындайтын өлеңдер тобы» - [1] дей отырып, біраз өлеңдерге талдау жасайды, олардың өзіне тән ерекшеліктері мен тәрбиелік маңызына тоқталады. Балалар фольклорын бұлайша екі топқа жіктеудің фольклортану ғылымындағы бұрынғы тәжірибесін өзіндік ізденісімен байытқан зерттеуші қазақ балалар өлеңдерін ішкі жанрлық түрлерге жіктеуге ұмтылмайды, тек өлеңдердің атын келтіріп, олардың балалар табиғатына сай сипаттарын баяндайды.

Дегенмен, осының өзі отбасылық ғұрып фольклорының құрамын сараптаудағы ілгері жылжыған тың қадам болды.

Сондай-ақ, еңбекте үйлену салт өлеңдерінің жанрлық табиғатын ашуда да еңбекте тың ойлар жоқ емес. Ғалым бұрын-соңды жинақталған этнографиялық, фольклорлық материалдарды тоғыстыра қарастырып, ғұрыптық фольклорға тән ерекшеліктер үдесінен шығады. Оның ішкі жанрлық түрлерін «Той бастар», «Той тарқар». «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар» - деп апықтайды. Олардың орындалу ретін, мазмұн-мәнін ғана емес өлең өрнектерін де жан-жақты талдайды.

Өлген адамды жөнелтуге байланысты шығармаларды «Мұң-шер өлеңдер» – деп атауы М. Әуезовтің «Шер» өлеңдері» деген терминімен мағыналас. Ғалым бұл топқа жинақталған шығармаларды «Естірту, көңіл айту», «Жоқтау», «Қоштасу» [1] - деп жіктейді. Бұл тұста естірту мен көңіл айтуды бір топқа жатқызу ексуінің іркес-тіркес орындалатындығына, кейде естіртудің соңының көңіл айтуға ұласып кететіндігіне қарағандықтан болу керек. Әрине, қазаны естіртуге келген адамдардың естірте отырып, соңынан басу, тоқтау, жұбату айтатыны белгілі. Бірақ қаза артынан арнайы келіп, көңіл айту салты да бар. Мұны автор да ескертеді. Сол сияқты, кітапта «Қоштасуды» жеке жанрлық түр ретінде қарастырып, алғаш рет көлемді сипаттама береді.

Аталмыш зерттеудің бұрынғы еңбектерден оқ бойы озықтығы - оның халық өлеңдерін монографиялық тұрғыдан тереңдей зерттеп, ғалымның сол кезеңде жинақталған материалдарды молынан пайдалана отырып, кең типологиялық салыстыруға барып, келелі ой қорыта алғандығы. Әлем халықтарының халық әдебиетіндегі тектес құбылыстарды кеңінен қамтып, әсіресе, қазақ фольклорының түркі тектес халықтар мұрасымен сабақтас, салалас екендігін нақты деректермен дәйектеп отырады. «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» [2] атты еңбегінде қазақтың халық өлеңдерін «түріктердің арғы ата-бабалары ғұндардың дәуірінен бастап дамыған» деп ой айтады. Төрт ғасырдан астам уақыт бойы қытай хандығымен жауласып, ақыры біздің дәуірімізге дейінгі 109 жылы Хань империясын өзіне бағындырып алған осы Қытай хандығымен арадағы соғысты бейнелейтін «Саймақтың сары өзені» дейтін эпостық жырдағы кездесетін балаларға бата үлгісін келтіре отырып, халық өлеңдерінің қоне арналарын анықтайды. Ғалым түркі-монғол халықтарына ортақ әдеби ескерткіштерді мысалға алып отырып, М. Қашқари, Жүсіп Баласағұни ескерткіштеріндегі

өлеңдердің үлгілерін талдайды. Әсіресе, ерекше көңіл аударатын жайт: ғалым түркі халықтарының мәтіндік материалдарын ғылыми айналысқа енгізіп, олардың ортақ жағдайларын талдауға ден қойған. Зерттеуші тек түркі халықтарының ғана емес, дүние жүзі халықтарының көбіне ортақ «қыз қашар» рәсімін талдау арқылы көне ғұрыптардың мәнін ашып, алғашқы неке түрлеріне тоқталған. Бұл кейінгі отбасылық ғұрып фольклорын генезистік тұрғыдан қарастыруға негіз болған. Мысалы, қазақтың «жар-жары» мен өзбектің «ер-ерін», қарақалпақтың «хаужарын», татардың «яр-ярын» салыстыра қарастыратын тұста ғұрыптардың көне замандардағы қызметі мен ғұрыптық өлеңдердің шығу, даму жолдарын ғылыми тұрғыдан зерделеген. Зерттеушінің жоқтау мен бата жайындағы пікірлерінде де типологиялық салыстырулар нәтижесінде пікірлер тұжырымдалған. Б. Уақатовтың отбасылық ғұрып өлеңдерінен басқа жанрлар жайындағы, мысалы тарихи өлеңдер жайындағы пікірлерінің де бағасы жоғары.

Ғалым тұжырымында: «Халық әдебиетінің бір саласы – тарихи өлеңдер. Бұған қалың бұқара халықтың басынан кешкен тарихи-әлеуметтік оқиғаларға байланысты туған өлеңдер жатады. Соның ішінде қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылықты, Хиуа, Бұхар хандықтарының қазақ кедейлеріне жасаған озбырлық әрекеттері және жалпақ елдің басына түскен жұт жұтаңдығы секілді оқиғалар осы топтағы өлеңдердің негізін құрайды» [1] деп түйінделген.

Зерттеуші А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, Н. С. Смирнова, С. Қасқабасов еңбектеріне сүйене отырып, тарихи өлеңдердің бастаулары тайпалық, дербес хандықтар мен жеке ел болған кезеңдерде пайда болғандығын тұжырымдаған. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз сақталған.

Ғалым М. Әуезовтің тарихи өлеңдер жайлы пікірін тереңдетіп, тың мәтіндермен толықтырған. Тарихи өлеңдердің көлемді ірі формалары мен кіші формаларының арасындағы айырманы өте орынды аңғарған проф. Н. С. Смирнованың «Тек нағыз тарихи шығармаларға тән негізгі сипаттар тарихи өлеңдердің ең кішігірім түрлерінде ғана сақталады» [3] – дейтін пікірін қуаттай отырып, XVIII-XIX ғасырларда туған кішігірім тарихи өлеңдер мен көлемді жыр сарындарының арасында біраз өзгешеліктердің бар екендігін дәлелдеген.

«Біздіңше, көлемді жыр сарындары өзінің мазмұны жағынан да, суреттеу, оқиға құру жағынан да бұрынғы батырлық жырларға көп жақын да, ал, тарихи қысқа өлеңдер қазақтың ескілікті лирикалық өлең түрлерінен тараған секілді. Тарихи тақырыпқа арналғаны болмаса, бұлардың мазмұнында да, көркемдік шешімінде де бір-біріне ұқсамайтын едәуір ерекшеліктер байқалады. Екеуінде де ел басына түскен күйзелісті, соған деген қарсылықты көрсетіп, Отан бірлігін, ел бірлігін армандау идеясы бар. Мазмұнына келсек, көлемді жыр-сарындары мен дастандар негізінен тарихта болған қолбасы батырлар, белгілі адамдар жасаған ерлікті баяндайды. Ал, шағын өлеңдер жазықсыз жатқан жалпақ елдің қайғы-зарына, арман-мұңына арналған. Мұнда ел басына түскен бүліншілік - Жоңғар қалмақтарынан көрген қысымшылық, Қоқан, Хиуа хандықтарының жасаған қорлығы баяндалады. Қысқасы, кішігірім тарихи өлеңдерде қазақ халқының көңіл-күйі, ашу-ыза, айбат-қарсылығы эпостық өрнек-нақыштан гөрі лирикалық мәнереде - халықтың жан сезімін жинақтап көрсету мәнерінде туған» [1]. Шынында да, тарихи өлеңдердің шағын түрлерінің көлемі қысқа, эскиз секілді болып келеді де, ұзын-сонар оқиғаның ішінен тек сол өлеңнің идеясын ашарлық сәттерді ғана даралап көрсетеді. Және соның өзі айшықты тіл, әсерлі сезім өрнегімен өріліп келіп, лирикалық ауқымда беріледі. Міне, бұл жағынан алғанда тарихи өлеңдердің шағын түрлеріндегі лирикалық сипаты айқын көрінеді.

«Мұнда бұрынғы батырлық эпостар түгілі, соңғы XVII-XVIII ғасырлардағы Бөгенбай, Қабанбай, Өтеген, Сұраншы, Жанқожа секілді белгілі адамдардың өмірінен туған көлемді жырларда бар оқиға еркіндігі мен гипербола тәрізді тәсілдер, тіптен, ұшыраспайды. Тарихи деректерге сай оқиғаны сол болған күйінде көрсетіп, нақтылы сурет жасайды. Сөйтіп, бұл өлеңдер өзінің тарихи дәлдігімен де, реальды болмысымен де соңғы екі-үш ғасыр ішінде туған тың құбылыс, көне замандардан келе жатқан дәстүрлі өлеңдердің жаңа дәуірдегі жалғасы. Ал, қазақтың халық өлеңдеріне элемент түрінде ене бастаған бұл құбылыс Октябрь революциясы алдындағы 1916-жыл оқиғаларымен байланысты туған өлеңдерде тамырын тереңге жайып, бұрынғыдан да мол сипат ала түсті» [1].

Тарихи өлеңдерде лирикалық сипат болғанымен, ол тарихи өлеңнің жанрының ерекшелігіне бағынады.

Лирикалық өлеңдердің көңіл-күйге қатысты туатындығы аян. Көбінесе әнмен айтылып, қысқа, сезіммен жүрек толқытып, көңіл сергітер рухымен ерекшеленеді. Көбіне дәстүрлі жолығу,

айырылысу, қоштасу, сырласулар табиғат пен жаратылыс әлемімен астастырыла айтылады. Ал, тарихи өлеңдердегі мұң-шер жалпы халықтық мәселеге арналып, халықтың арман-тілегі, аянышты тағдыр-талайымен сабақтастырылады. Әсіресе, ел мен жер тағдыры басты орынға шығады. Осының барлығы нақты болған немесе болып жатқан шынайы тарихи оқиғаға байланысты түрде беріледі. Міне, тарихи өлеңдегі басты ерекшелік: тікелей деректік мәселеде жатыр. Лирикалық өлеңде жеке адамның басындағы оқиға өлеңге өзек болса, тарихи өлеңде жалпы халықтың тағдыр-талайы ауыр сынға түскені баяндалады. Уақатов тарихи өлеңнің негізі үлкен оқиғадан туындайтындығын, тарихи өлеңнің өміршеңдігі болған оқиғаның ізін суытпай өлеңге түсірумен құнды екендігін айта отырып, атақты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тәрізді тарихи болған оқиғаға қатысты Шоқанның пікірін негізге алады. Сондай-ақ, ел ішіндегі әлеуметтік тартыстан туған өлеңдер жайында да мол мысалдар келтіріп, талдаулар жасаған.

Тарихи өлеңдердің ішінде Ресей мемлекетінің отаршылдығына, соның зардабына қарсы шығармалар да бар. Мәселен, патша уезднойын өлтіріп, Бескала Қоңыратқа көшкен қазақ ауылдарының жайын баяндайтын бір өлеңде патша өкіметі мен оның жергілікті жалдаптары - шенкұмар уездной, байларға деген ел кегі суреттеледі.

Уақатовтың қазақ тарихындағы Жұт оқиғаларына қатысты тарихи мәліметтер мен оған қатысты өлеңдерді талдауы ла аса құнды деректер, әрі тарихи өлеңдердің ел тарихындағы тарихи өлеңдермен сабақтастығын көрсететін тың тұжырым. Зерттеуші тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшелігі ретінде тарихи болған оқиғаның уақыты, себебі, ел жайы, халықтың соған деген түрліше көзқарасын көрсететіндігін және жер-су, кісі аттары сол тарихи фактілерге сүйеніп алынатындығын негіздейді. Уақатов тарихи өлеңдерді поэтикалық тұрғыдан алғаш рет жан-жақты талдаған.

Тарихи өлеңдердегі айшықтаудың жарлай, сұрай арнау үлгілерін талдай отырып, оның айтушы ақын мен халық арасындағы байланысты танытатын мәнін және сұрай арнаудың заманның көкейкесті мәселесін көтеру тәсіліне айналғанын, сондай-ақ қайталау тәсілінің тарихи өлең поэтикасындағы қызметін мәтіндік мысалдармен дәйектеген.

Сондай-ақ ғалым тарихи өлең мен тарихи жырлардың жанрлық айырмашылығын да ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Тарихи жыр өзінің поэтикалық жағынан толық эпостың белгілерін танытса, тарихи өлеңде эпикалық ерекшелік жалпы оқиғаның мән-жайын,

себеп-салдарын баяндауға құрылады. Жеке адамның образын жасау тарихи өлеңге тән емес. Бүгінде әбден қалыптасқан тарихи өлең жайындағы бұл ғылыми тұжырымдар қазақ фольклортануында қалыптасып, бекіді. Зерттеуші тарихи өлеңнің нақты анықтамасын: «Қоғам дамуындағы белгілі бір ұлттың халық, ел болып қалыптасқан кезінде басына қиын-қыстау күн туғандағы тарихи-әлеуметтік жағдайына қатысты жедел туып, сол ұлттың оқиғаға деген көзқарасын, көңіл-күйін, арман-тілегін дәлме-дәл жалпыхалықтық психологиямен өрелестіретін мұраларымызды тарихи өлеңдер дейміз» [1] – деп тұжырымдайды.

Жинақтай келгенде, Б. Уақатов қазақ фольклорындағы тұрмыс-салтқа қатысты өлеңдердің табиғатын терең танып, тарихпен тамырлас қарастырған ғалым. Оның зерделі зерттеулері кейінгі кезеңдегі отбасылық ғұрып фольклорын «кешенді жүйе ретінде қарастыруға» [4] негіз салып, фольклортанушы ғалымдарға айқын бағдар болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уақатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы : Ғылым, 1974. – Б. 7-12, 21-25, 36, 38, 83.
- 2 Уақатов Б. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы : Ғылым, 1981. – Б. 38-42.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1960. – Т. 1. – Б. 581.
- 4 Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы : Арыс, 2007. – Б. 12.

СИНТАКСИСТІК ПАРАЛЛЕЛИЗМНІҢ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕГІ КӨРІНІСІ

ТАЛИПОВА А. Ф.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Құрмалас сөйлемнің ауқымы, құрамдас бөліктердің өртүрлілігі және кем дегенде екі компоненттен тұратын жағдайлар оны параллелизмге икемді етеді. Құрамдас компоненттердің параллель түзілуіне айтарлықтай әсер ететін негізгі фактор мен оның іргелес қосылыстарының қасиеттері болып табылады. Сонымен қатар, құрмалас сөйлемдерде параллелизмнің типтік құралдары жиі

колданылады, ал құрмалас сөйлемдерде параллелизм құбылысы колданылады.

Құрмалас сөйлем құрамындағы параллелизмдерді қарастырайық.

*Сол күні жатса ұйықтап
Батыр Алпамыс батыр түс көріп,
Түсінде біріс көріп,
Жамылығының үстінмен
Барады бір күшіген,
Түсі сұр боп жаман құс,
Бір түнде соны көп көріп.*

Бұл мәтінде күрделі сөйлемдер параллель. Қарай байланыс және қарым-қатынас предикаттық ұсыныстарды тілі және тіл құрамдас ұсыныстар бөлінеді құрамдас және аралас құрамдас ұсыныстар. Осындай стереотипті ескере отырып, параллелизм құбылысын талдау кезінде біз сабақтас және сабақтас композицияларға тоқталуымыз керек. Себебі оны қарапайым формада (екі компонентті) және параллелизмнің күрделі (үш компонентті) құбылысы ретінде қарастыруға болады. Бірізді құрмалдар туралы айтатын болсақ, мәселе басқаша: іргелес құрмалдардың бірінші жолағы екіншісіне қосылғандықтан, іргелес құрмалдардың қарапайым түрін параллель іздеу нәтижесіз әрекет болады. Үздіксіздіктегі параллелизм-бұл күрделі түрі, яғни көп компонентті. «Сайын батыр» жырынан мысал келтірер болсақ,

*Ашамайға мініп ап,
Көш алдына жүріп ап,
Көп-көрім тәуір құрбымен,
Алдына алып сүйіп ап,
Алаш жайлы атын біліп ап,
Ұл- қыз қызығын көрмесе.
Жорға атты мінбесе,
Үстіне жібек кимесе!
Жоғары жерге отырып,
Алашта бекзат айттырып,
Оң жағынан пенгізіп,
Жар қызығын көрмесе!
Еркімен келген дұшпандай,
Дұшпан қорын көрмесе.
қашықтан келген сол жаумен,
Алысып жүріп өлмесе! [1].*

Берілген мәтін көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнен құралған. Ұл қызығын көрмедім немесе Қыз қызығын көрмедім, Малым үшін өлмедім, Жау қорлығын көрмедім. деген сөйлемнің көп компонентті іргелес компоненттері сөйлемнің нақты анықталған жалпылама бөлігі болып табылады. Келесі құрмалас сөйлемдерде параллелизм келесідей құрылады: қарапайым сөйлемдер бір-біріне параллель семантикалық және құрылымдық тәсілдермен байланысады және біреуі екіншісімен алмастырылатын көріністі бейнелейді. Құрмалас сөйлемдер, ең алдымен, баяндау параллелизмімен құрылады.

Эпикалық поэзияның мәтінін зерттеу және зерттеу барысында біз батырлық өлеңдерде қолданылатын күрделі сөйлемнің ең көп таралған түрі күрделі екенін анық білдік. Дәлірек айтсақ, бірыңғайлық қатынастағы:

*Батыл еді жүрегің,
Балуан еді білегің... [1, 278 б.]*

бір мезгілдік қатынастағы:

*Ол жағынан жау өткенді,
Бү жағынан жау өткенді [1, 71 б.]*

*Бір уақытта ол құды,
Бір уақытта бұл құды [1, 68 б.]*

реттілік қатынастағы:

*Самауырынды қайнатты,
Дастарханды жайнатты.. [1, 122 б.]*

Келесі құрмалас сөйлемдерде параллелизм келесідей құрылады: қарапайым сөйлемдер бір-біріне параллель семантикалық және құрылымдық тәсілдермен байланысады және біреуі екіншісімен алмастырылатын көріністі бейнелейді. Құрама сөйлемдер, ең алдымен, баяндау параллелизмімен, яғни бір жағымен, уақытпен (осы уақыттың айнымалысы) байланысты. Анафоралық қайталау нәтижесінде пайда болған синтаксистік параллель құрмалас сөйлемдер. күрделі сөйлем анафориялық қайталанумен келді. Байланысты сөйлемдердің параллелизмінің айқын көрсеткіші анафоралық қайталау болып табылады. Мысалы,

*Туырлықтай туы бар,
Мың кісінің шаңы бар,
Артында қанша жаны бар,
Қобыланды батыр айтады (Сайын батыр).*

Тағы да баяндахуыштарадан. Сөйлемнің кез-келген мүшесін анафориялық қайталауда қолдануға болады. Сөйлемнің бір мүшесін қайталай отырып, ол синтаксистік параллелизмнің белгісі болады.

Бұл қасиет анафориялық қайталау арқылы болатын синтаксистік параллелизмді әртараптандыруға мүмкіндік береді. Бұл типтерді келесідей атауға болады: бастапқы қайталанумен бірге болатын синтаксистік параллелизм; бастапқы қайталанумен бірге болатын синтаксистік параллелизм. Анафоралық қайталау жолымен келген синтаксистік параллелизмге «Сайын батыр» жырынан мысал келтірсек,

*Көрсө жұрттың барлығы
Жас баланы таң көреді.
Көрмеген жанның барлығы,
Көрген жаннан сұрады,
Көрем деп жұрт таласты.*

Параллелизм құрылымы күрделі сөйлемге тән. Параллель құрмалас сөйлемдерде құрастырудағы сөйлем мүшелерінің саны оның формасына негізделген. Құрмалас сөйлемдердің жыр мәтінінде параллель сілтемелер салыстырмалы және іргелес аймақтарды қамтиды. Мұны осындай мысалдармен дәлелдеуге болады: Салыстырмалы салалас:

*...Ойлы жерлер сай болады,
Қырлы жерлер ой болады... [1, 293 б.].
Түйе көркі нар болады,
Өзен көркі жар болады [1, 189 б.].*

Бұл сөйлемдер сәйкес келмейді, салыстырмалы түрде күрделі құрмалас сөйлемге сәйкес келеді, екі түрлі заттың әрекеттерін, қасиеттерін, күйін салыстырады.

*Маңдайдан күн қағады,
Таңдайдан шөл қағады... [1, 93 б.].*

Бұл мысалда сөйлем компоненттері бір уақытта немесе бір-бірімен байланысқан Біріккен сөйлем болып табылады. Күрделі сөйлемдердің мысалдарынан синтаксистік параллелизмді құруда ерекше рөл атқаратын симметрияны анық көруге болады. Осы жерден біз симметрия принципі жоқ жерде синтаксистік параллелизм жоқ екеніне тағы бір рет көз жеткіздік.

*Шашқанын көзім көрмеді,
Асқанын көзім көрмеді... [1, 162 б.]*

Егер күрделі синтаксистік байланыстардың екі түрі белгілі болса-паратаксис және гипотаксис-олардың біріншісі компоненттердің параллель тіркесімі.

Алайда, параллелизм мен пәнаралық арасындағы декомпозиция тең белгіні қоя алмаймыз. Көптеген байланыс нүктелері бар,

айырмашылықтар бар. Параллелизмнен айырмашылығы, параллелизм теңдік, параллелизм, саны, көлемі, формасы және логикалық формацияның сияқты факторлардың жеке басына негізделген, сондықтан параллелизм жиі симметриялы болады. Мұндай сәттер сферада болса да, бұл келесі қатардағы ойдың жалғасы болуы мүмкін немесе себеп, жағдай, оқиғалар, әрекеттер және келесі қатардағы мазмұнның келесі нәтижесі осы ойдың нәтижесі болуы мүмкін. Сондықтан себептік қатынастардың компоненттері параллелизмге сәйкес келмейді.

Мысалы:

Шартты салалас құрмалас сөйлеммен келген синтаксистік параллелизм:

*Мен шаптасам маған серт болсын,
Сен қанға тоймасаң саған серт болсын!
Толғанбасасам маған серт болсын,
Толықси сынсаң саған серт болсын!*

Сөйлем компоненттерінің мәндері бір-бірімен талқыланады, ал бірінші компоненттердегі әрекеттер екінші компоненттердегі әрекеттердің тұрақтылығы шарты ретінде қабылданады, сөйлем компоненттерінің қайта құрылуы бір-бірімен талқыланады, ал бірінші компоненттердегі әрекеттер екінші компоненттердегі әрекеттердің тұрақтылығы шарты ретінде қабылданады, сөйлемдегі сөйлеу синтаксистік параллелизмді құру үшін қайталауы.

Жыр мәтіндерінен салалас құрмалас компоненттерінің параллелдігін жиі кездестіруге болады. Мысалы:

*Кәрімнің жасығаларын Тарғын біледі,
Алаңдап мойнын бұрады... [1, 187 б.].
Үзіліп темір шарт кетінті,
Бәрін үзіп жоқ етіпті [1, 231 б.].
Малды топтай айдапты,
Мүлікті теңдей артыпты [1, 295 б.].*

«Қобыланды батыр» эпосында Тайбурылдың бейнесін сомдауда синтаксистік параллелизм қолданылған.

*Бұлаңдаған Бурылдың
Маңдайында машат бар,
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында құдық бар
Құлан ішсе таусылмас,*

– деген жыр жолдарын оқимыз эпостан. «Машат» сөзінің мағынасын түсіндірме сөздіктерден кездестірмедік, сірә, ертедегі сөздің өзгерген формасы болуы мүмкін.

Мысалда бір сөз әр жолдың немесе ой ағынының соңында бірнеше рет қайталанады, яғни ол баяндауды қайталау арқылы жасалады. Бұл қасиет синтаксистік параллелизмнің құрылымдық сипатын анықтайтын негізгі қасиет болып табылады. Демек, құрылымдық табиғаттағы синтаксистік параллелизм. Әрбір жан-жақты сөйлем қайталанады және соңғы сөйлемге қосылады.

Ішіне қайғы менен дерт кіріпті,

Сыртына жсалын, ішіне орт кіріпті (Қарабек батыр).

Синтаксистік параллелизм екінші сөйлемді құру кезінде бірінші сөйлемді құру тек бір сөзді өзгерту және басқа сөйлемдерді қайталау арқылы жүзеге асырылады. Құрама құрмалас сөйлемдер бір-бірін толықтырусыз жасалды.

Жырдың мәтіндері күрделі сөйлемдерден ғана емес, сонымен қатар байланысты құрмалас сөйлемдерден де тұрады. Біз мақсат, шарт, қарсылық, мойынсұну сияқты көптеген тиісті ұсыныстарға кезіземіз. Бұл сөйлемдер өзара синтаксистік параллельдерді құрайды. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемге мысал келтірсек:

Ұл менен қыз келер ме деп,

Тірі болсам қауышып көрем бе деп,

Екі көзі төрт болып,

Отырған шығар еңіреп,

Атамыз бен анамыз [1, 133 б.].

Егер сіз эпикалық жырлардың мәтінін сөйлемге жазсаңыз, онда мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем шығар еді.

Ұл мен қызым келер деп, атамыз бен анамыз еңіреп отырған шығар.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемдегі ойдың болу мақсатын білдіретін сабақтастың түрі болады. Бұл мақсат бағыныңқылы құрмалас сөйлем деп көмекші етістігі арқылы жасалады.

«Ер Қосай» жырынан мысал:

Ағытқан қойдай маңыуанп,

Аш күзен сияқты шулатқан,

Арқауылдың сары жондар да

Тізде соқпақ салған,

Керегені кертіскен,

Керіп тұрып отқа жақпасам,

Қосай атым құрысын!

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге мысал:

Темірдей құрсау салыпты,

Жөкедей арқанмен шалыпты,

Бәрін талқандай қылыаты [2, 231 б.]

Жыр тармақтарын қосып мынадай құрмалас сөйлем шығарамыз:
(*Ол*) *темірден құрсау салғанмен де, бәрін де талқын қылыпты.*

Бұл құрмалас сөйлем шартты құрмалас жұрнағынан кейін де, и бір-біріне қарама-қайшы келетін сөздерден тұрады.

Он күн, он түн аш жүрсе де,

Керек қып бір нәр татпайды [2].

Эпикалық жырларының мәтінінде қозғалыстың ең танымал әдістері табылды, ал батырлық қайғы, проза. Төменгі қарапайым бағыныңқы сөйлемде жай сөйлем болады.

Анафоралық қайталау нәтижесінде пайда болған синтаксистік параллель құрмалас сөйлемдер. Дәйекті күрделі сөйлем анафоралық қайталанумен жүреді, яғни күрделі сөйлемдердің параллелизмінің айқын көрсеткіші анафориялық қайталау болып табылады. Сөйлемнің кез-келген мүшесін анафориялық қайталауда қолдануға болады. Сөйлемнің бір мүшесін қайталай отырып, ол синтаксистік параллелизмнің белгісі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Батырлар жыры. III том, Алматы, 1987 жыл, - 301 б.

2 Батырлар жыры. Алматы, 1998 жыл, - 456 б.

3 Көп томдық батырлар жыры. V том. Алматы, 1989 жыл, - 379 б.

АЙТЫС ЖӘНЕ ЖҰМБАҚ

ТАШКЕНБАЕВА Г. К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Айтыстың көркемдік жүйесіндегі жұмбақтың алатын орны да елеулі. Әсіресе, қыз бен жігіт айтыстарында әуел бастан айтыс түйін жұмбақпен шешіліп келген. Мұнда көбіне – көп айтқан жұмбақты жігіт шешіп, қыздың жол беру (жүзік, сақина, орамал) дәстүрімен аяқталатын болған. Бұл – ара – тұра ақындық қағысулардан да бой көрсетіп отырады («Шөже мен Кемпірбай»). Бұлардан тыс

бізде бастан – аяқ бірыңғай жұмбаққа құрылатын айтыстар да мол («Әсет пен Ырысжан», «Әубәкір мен Құлымбет», «Сапарғали мен Нұржан», «Шәкей сал мен алты ақын», «Ырысты мен он алты ақын», т. б.). Сондықтан бұл күрделі мәселе айтыстағы көркемдік құрал, бейнелеу тәсілі ретінде арнайы тоқталуды қажет етеді. Жұмбақ – халық ауыз әдебиетінде мейлінше кең тараған жанр. Ол ежелден адамның дүние тануындағы ой – өрісінің дәрежесі мен тапқыр қиялының жемісі. Мұнда жаратылыс пен табиғат, адам өмірінің әр алуан көріністері өз жарасымымен қисынды бейнеге бөленіп беріліп отырған. Сондықтан табиғат пен адам өмірінің көріністері секілді жұмбақтар да түр – мазмұны жағынан сан алуан болып келеді.

Жұмбақ негізінен жастардың ойын-сауық, бас қосу кештерінде айтылып кең тарап отырған. Мұнда қолма-қол тыңнан туған жаңа үлгілермен қатар, бұрыннан ел-жұртқа таныс жұмбақтар да жарыса, қатар қолданылып келген.

Жұмбақтардың өмір танытқыштық, білімдік сипаты да айрықша. Әсіресе, жұмбақ көшпелі қазақ елі жағдайында ерекше құрметтеліп, оның әр алуан асыл үлгілері сан ғасырлар бойы халық жадында сақталып келген. Бұларда табиғи құбылыстар мен адам тұрмысын, қоршаған ортаны жұмбақтағанда, солардың қыры мен сырын орағыта аңғартып бейнелеп ашатындай екінші бір зат яки құбылысты үнемі қатар қойып салыстырулар арқылы сипаттайды. Қазақта жұмбақ айту дәстүрі ертеден-ақ етек алып кең жайылған. Бұған кезі келгенде көрі-жас демей жұрт түгел қатысып, әркім өз мүмкіндігі мен қабілет – дарынын байқап сынайтын болған. Бұл – қатынасқан жұрттың білім – зейіні мен ақыл – есін, ойлау қабілетін тәрбиелеп келген. Осы тұрғыдан алғанда мұның тікелей ақындық суырып салма дәстүрімен іштей жалғасып, бір – біріне өзара ықпал жасап келгені байқалады.

Жұмбақ үнемі салыстырулар арқылы жасалатын болғандықтан, одан әр халықтың өзгелерге ұқсамайтын қалыпты ойлау жүйесін де көреміз. Рас, бұл ерекшелік сол халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-санасы мен күн-көріс, кәсіп-тіршілігіне байланысты туып-қалыптасып, өркен жаятыны да мәлім. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың халық жұмбақтары да, негізінен, мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі өмірдің әр алуан саласын қамтиды.

Осындай бұқарашыл сипаты арқылы сан ғасырлар бойы ел өмірімен біте қайнасқан бұл жанр өзінің шырқау шыңында, ең алдымен, қайым өлендерінің, бертінірек келелі ақындар айтысының

«жұмбақ айтысы» деп аталатын өнімді бір саласын құрап, оның жеке арнамен дамуына жол салды.

Қазақ жұмбақтары, оның ішінде жұмбақ айтыстары ертеректе А. В. Васильев, П. М. Мелиоранский, А. Лютш, Т. Сейдалиев, С. Жантөрин, Т. Н. Распопов (аудармашы), А. Алекторов, В. В. Радлов тәрізді этнограф – оқымыстылардың жинауымен әр кезде әр түрлі басылымдарда жарияланып келді. Бұл үлгілер бізде Қазан төңкерісінен кейін ғана жүйелі түрде жиналып, жарық көруге мол мүмкіндік алды. Бұған кезінде белгілі фольклортанушы Ә. Диваев пен жазушы С. Сейфуллин, ғалым С. Аманжолов, М. Әуезов елеулі үлес қосты. Әдебиетіміздегі жұмбақ айтыстары айтыс жанрының танымдық сипаты мол қызықты бір саласы болып табылады. Мұның алғашқы қарапайым үлгілерінде қыз бен жігіттің кездесу үстінде бір-біріне ара-тұра тосыннан қойған бірді-екілі сұрақ-жұмбақтары айтыс тағдырын түгелдей шеше алмауы да мүмкін, алайда, бұл сипаттың кейін қалыптаса келе шешуші мағынаға ие болғанын көреміз. Бұларда, көбінесе, жұмбақты қыз жағы бастап, жігіт шешуімен шектеледі де, ақыры қыздың дәстүрлі жол беруімен (жүзік, сақина, түйме, орамал – бәрі бір тоғыз) аяқталады. Осы ерекшеліктің бертінгі ақындар айтысында әуелгі дүниетаным, білім-ілімдік мәніне қоса, қоғам әлеуметтік сипат алып кемелдене түскенін көреміз.

Жалпы жұмбақтың, оның ішінде айтыстағы жұмбақ әдебиетімізден алатын орны мен қызметі айрықша. Жұмбақтар негізінен адамның дүниетануы мен ойлау қабілетін еселеп арттыруға көмектеседі. Бастан-аяқ ауыстыру, бейнелеу үлгісінде келетін болғандықтан, жұмбақтар кісінің ой-қиялының ұшқырлығын дамытумен қатар, көбінесе, тәлім-тәрбиелік қызмет те атқарады. Бұлар белгілі бір сөз етілетін заттың сыр-сипатын астарлап көркем бейнелеуде образдау талабына сай, оның тек өзіне тән белгілері мен қайталанбас ерекшеліктерін ғана ұштап, даралап отырады. М. Әуезов жұмбақтардың осы жанрлық сипаттарына ерекше мән беріп, өз ойы: «Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді. Бұл жағынан тексеріп тану да ғылымдық міндет» [1] – деп қорытады. Ал, енді, қазақ жұмбақтарынан арнайы докторлық диссертация қорғаған жас ғалым Ш. Керім жұмбақтың көркемдік, бейнелілік сипаттарынан тыс, оған өмірлік, қоғамдық мән беріп: «Жұмбақ қоғамда бірнеше қызмет атқарған, заман ағымына сәйкес қоғамдық қызметіне өзгерістер еніп отырған. Ескі кездерде магиялық қызметі басым болса, қазақтың көшпелі қоғамында эстетикалық-сауықтық

жүкті арқалаған... Жұмбақ өзі дүниеге келген дәуірдің шындығын сәулелейді, сондықтан онда халқымыздың өткендегі өмір салтын, байырғы әдет-ғұрпын кестелен суреттер мол» [2] – деп жазады. Осы айтылған жәйттар айтыстағы жұмбақтың да ел өміріндегі маңыздылығын ашып көрсетеді дей аламыз.

Жұмбақ айтыстарын өзінің құрылысы мен тақырып – мазмұны жағынан алып топтастырғанда, ірі төрт салаға бөлуге болар еді 1) дүние, жаратылыс туралы; 2) адам өмірі мен адам жасаған заттар туралы; 3) жан-жануарлар өмірі; 4) өнер-білім жайында.

Жұмбақ халық өмірімен біте қайнасқан көне жанр болғандықтан, мұнда әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі де елеулі орын алады. Бұл халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық-адамгершілік жүйесі мен тұрақты дәстүріне сәйкес көрініс тауып отырады. Мәселен, қазақ халқында өзге жұртта кездесе бермейтін қонаққа арнап сойылған малдың мүшесін бөліп жүйелеп тартудың өзіндік қалыпты тәртібі бар, мұны бұзуға ешкімнің ақысы жоқ. Бұған қоса мейман да өзінің қалай қабылданғанын сол тартылған мүшеге қарап бағалайтын болған. Осы ерекшелік мал мүшесін арнайы жұмбақ ететін «Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омарының айтысында» біршама тартымды сипатталған. Мұнда малдың он екі жілігі – «ыдырап кеткен он екі қысырақ» деп алынады да, әр мүше өзінің міндет-қызметіне орай жеке-жеке әңгіме етіледі. Қадірлі қонақ-құданың көңілін тауып риза ететін екі жамбас «желдеп кеткен төрт буаз қысырақтың алғашқы екеуі» болса, қалған екеуі «әйел минуте лайық жасы қартан, жолы жас – қадірлі кәрі жілік». Ал, «жекжатқа көлденен тартылғанмен ренжіп мінбей тастап кеткен екі қысырақ» – жол есебіне жүрмейтін сүйкімсіз ас – екі жауырын. Ендігі қалған алты жіліктің арнайы әңгіме етілмеуі де олардың санға қосылып жолға жүрмейтіндігінен болса керек.

Хат үлгісіндегі жұмбақтардың ендігі бір тобы әріптесінің ой-өрісі мен түсінік – танымын, жалпы білім дәрежесін сынап байқау мақсатын көздейді. Рас, бұлардың мән – мазмұны мен ауқым – көлемі әр алуан болып отырады. Айталық, қарақалпақ ақыны Құлымбет Кердері Әбубәкірге алғаш хат жазып сәлем жолдағанда айтысу мақсатын көздемеген, алайда, Әбубәкір оған «Хорезм» төңірегінде қанша жұрт бар, алдымен қарақалпақ, қала берді тәжік, өзбек, түрікпен, ауғанның нәсілі кім, қазақ айта беретін алты алашқа кімдер кіреді, жеті ықылым шаһар, жеті ықылым дария дегеніміз не?» тәрізді келелі сұрақтар қойып соған жауап беруді талап етеді.

Жұмбақ үнемі астарлы жорамал, қисынды топшылау түрінде келетін болғандықтан, өмірде кездесетін өзара жұп, ұқсас құбылыстарды әркім өзінше ұғып, қат-қабат мазмұнда түсіндір келген. Табиғи егіз құбылыстар мен кері ұғымдағы заттардың қашан да қатар алынып жарыстырыла қолданылуы да сондықтан. Мәселен, қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, жақсылық пен жамандық секілді қарама-қарсы ұғымдағы құбылыс, заттардың дәстүрлі қайымдасуларда тең түсіп қашаннан бері бірін-бірі жеңе алмай келе жатқан батырлар бейнесінде алынып:

Түбі мықты жаралған сегіз батыр,

Баяғыдан соғысып келе жатыр.

Кезек – кезек соғысып жатып – тұрып,

Кім жығары белгісіз түбінде ақыр [3] –

деп жұмбақталуы да осы талаптан туса керек.

Бұл айтылған ерекшелік адам, қоғам өмірін бейнелеу тұрғысында келсе, алғашқы қарапайым мағынасы біршама тереңдеп, әлеуметтік, философиялық сипатқа ие болып отырады.

Сөз жоқ, адам өмірін табиғат арқылы, яки бұған керісінше табиғат сырын адам өмірі арқылы бейнелеудің де сан түрлі жолдары бар. Кейде табиғи құбылыстарды табиғаттың өзімен түсіндіру де кең орын алады. Әрине, бұл сәтте заттың, сол құбылыстың сапалық сипаттары қашан да басты өлшемге айналатынын аңғарамыз.

Жұмбақ халық сүйіп қолданатын қанатты сөз, мақал-мәтел, идиом сөздер негізінде жасалуы да мүмкін. Жауабы қашан да дайын тұратын «дүниеде не ашы, не тәтті, не арсыз» тәрізді сұрақтардан тыс, кімге де болса сіңісті болып кеткен «теңіздей терең, желдей ұшқыр, балдай тәтті, жердей жалпақ» секілді салыстырулар арқылы жұмбақ құру қыз бен жігіт қайымдасуларымен қатар, жазба айтыс дәстүрін ұстанған ақындар шығармашылығында да жиі ұшырасады.

Өзінің өмірлік мәнімен философиялық түйіндеулерге құрылатын жұмбақтар да бар. Әр түрлі сипатта айтылып, оны әркім өзінше шешіп келгендіктен, бұлардың мән-мағынасы да әр қилы болып отырады. Айтысқа әр алуан ақындар қатысып, өз шеберлігі мен ой-өрісін, білім дәрежесін танытып қана қоймай, мұның ақыры әр ақынның бір тақырыпты жарыса жырлаған келелі пікір таласына ұласады. Бұл жәйт бертін келе Сыр өңіріндегі ақындарда қалыпты дәстүрге айналумен бірге, шеберлік шындаудың жүйелі мектебін құрап келген. Рас, кейде мұның мән-мағынасыз, ұзақ жылдарға созылған айтыс-тартысқа ұласып кететін кездері де бар. Ондай

тұста елге қадірлі ақындар ағасы араға түсіп, екі жақты қалай да ретін тауып бітістіруді көздейді.

Осындай өзінің үрдіс-дәстүрімен де, талас-тартысты мазмұнымен де ойға оралатын туындының бірі «Ырысты мен он алты ақынның айтысы». Ырысты қыздың қосылған қосағына көңілі толмай, «іштегі қайғы-шерін тарқату үшін», жақсылармен тілдесуді ойлап жазған бір ауыз жұмбағы мына іспетті:

Керуен түйен бар ма қос артқандай,
Қос артып жүк түйесін босатқандай.
Өзің де қартқа басқан кісі екенсің,
Кәріні амал бар ма жасартқандай? [4].

Бір топ ақын (Балқы Базар, Құлназар, Кете Жүсіп, Есенжол, Аманжол, Сәрсенбай, Садық) «қайталап кәрі кісі жас болмайды» дей тұрса да, бір сәт «кәріліктің емі перзент, кәрінің жүгін көтеріскен ер азамат, сырқат сырын табатын білгір емші» деген қорытындыға сайса, енді бір топ ақындар (Ешнияз, Әзілкеш, Шегебай, т. б.) қарт кісінің жасармағы өзінен жас жар сүю деп түсіндірмек болады, тағы біреулері (Ерімбет, Оңғар, Есенжол, т. б.) кірсіз киім, жан тыныштық, салқын үй, сапырулы сары қымыз дегенге ойысса, енді бір ақындар (Кеншімбай Қалмағамбет т. б.) тағдыр ісіне көну керек, қарсылықтың жөні жоқ деген тоқтамға келеді. Мұндағы атап көрсетерлік бір жәйт, бұлардың әрқайсысының жұмбаққа өз ойын дәлелдеп жауап қайтаруы ғана емес, кейінгілерінің алдыңғы пікір айтқан ақынды кейде қуаттап, кейде мансұқ ете отырып, өзара пікір таласына түсуі дер едік.

Төрт жыл бойы ақындардың тартыс – таласына айналған «Шәкей сал мен алты ақынның айтысы» да осындай елден ерек, күрделі мазмұн – сипатымен дараланады. Бұған қыздың өз жұмбағындағы:

Байсарының қызымын,
Тапса тегін тиемін,
Қапыда қалма, талапкер,
Сыртымнан жүрген тың – тындап,
Таба алмаған жігіттер
Мазамды менің алмасын,
Орынсыз сөйлеп қыңқылдап [4] –

деген сөзі де жұрт назарын өзіне аударып, ынтық отына май күйғандай болады.

Рас, жігіт таңдаған дана қыздың жұмбақ арқылы оның жауабын сынап, өзі ұнаған ақылды жігітке тұрмысқа шығуы өмірде, әрине,

аз болмаған. Қыз ұсынған мұндай шартты жұмбақтарды ойдағыдай шешу жәйттері ертегілер мен аңыз, халық жырларында да бар. Шәкей салдың осы жұмбағы да бастан-аяқ сол талапқа сай құрылып, адам өмірі мен табиғат, жыл мерзімдерін көркем бейнелейді.

Сонымен, қорыта келе мыналарды атап көрсеткен жөн: Ең алдымен, жұмбақтар, сондай-ақ жұмбақ айтыстары халық поэзиясында алғырлық, тапқырлықты шындап жетілдірудің үлкен мектебі болған. Бұдан халықтың табиғат, өмір, қоғам туралы ой-қиялының дәрежесі мен түсінік, талғамын көргендей боламыз. Жұмбақтың дүниетанымдық сипаттарын айрықша қадір тұтқан елде бұл ақындар айтысының жеке бір саласы болып дамыған. Бұған жазба айтыс үлгісін ұстанған ғұлама ақындар да елеулі үлес қосып отырған.

Айтыстағы жұмбақ өзінің бейнелілігі мен метафоралық сипаттары жағынан халықтың ғасырлар бойғы көркемдік ойлау жүйесін саралап белгілеумен қатар, оның табиғат пен өмірге деген ой-түсінігін, адамдар арасындағы әр алуан қатынасты да шебер ашып бейнелейді. Бұлар осындай белгі-сипаттарымен суырыпсалма дәстүрінің өнімді бір саласын құрап келген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы, 1959, 1988. – Б. 4.
- 2 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы : Санат, 1999. – Б. 230 – 231.
- 3 Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 243 б.
- 4 Айтыс. – Алматы : Жазушы, 1965. – Т. 1. – 551 б.

БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫ ТУРАЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТҰЛҒА БЕЙНЕСІНІҢ СУРЕТТЕЛУІ

ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ. МУТАЛИЕВА Р. М.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көркем әдебиеті – халық талғам-талабының көрінісі. Сондықтан да халықтың өзі қалайтын кейіпкерлерін жазушы қалай суреттейді, қаламгер халық тілегіне қарай көркем тұлғаны жасай алды ма деген тұстарда біз көбіне-көп бірнеше уақыттар салып,

кайта өңделген қаһармандар туралы еске аламыз. Ал Бауыржан Момышұлы 1910 жылы дүниеге келіп, 1982 жылы дүниеден өткен. Халық батырын халықтың өзі көріп, бірге тірлік етіп, кейіпкерінің де көркем тұлғасын аңызбен де жасап тастаған. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі көркем шығарманың халық тілегімен қабысуы мен талабына ыңғайын ашуда біз Бауыржан Момышұлының көркем тұлғасына талдау жасаудың қажеттілігі де бар деп есептейміз.

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғындағы даңқы өзгеше асқақ шыққан батыр. 1932-1934 жылдры Қызыл Армия қатарында болады. Ұлы Отан соғысына дейін соғыс тактикасы мен стратегиясын меңгерген, орыс тіліне жетік, 1933 жылы полк мектебін тәмамдаған, 1936 жылы жаңа құрылған әскери бөлімге взвод командирі болып тағайындалып, рота командирі, штаб полк басшысының көмекшісі болып, әскери шыңдалудан өткен. Сол себепті де, батыр есімі құрғақ мақтау емес, дәлелді көркемдік болғандықтан да халық қабылдап, оны кей тұстарда өздері де түрлендіріп әкетті.

Бауыржан Момышұлы – халықтың өзі жасаған кейіпкер ғана емес. Аты тірі кезінде аңызға айналып, Ұлы Отан соғысы кезінде-ақ батыр жайында шығармалар жазылған. Осы шығармалар жалғасы кейіннен қазақ әдебиетінде жалғасты. Көркем шығармада кейіпкер бейнесі қаншалықты шынайы көркемделді деген сұрақ үшін де тақырып өзекті деп есептейміз.

Батыр туралы көркем шығармалар өзінің тірі кезінде жазылды. Көркем бейненің шынайылығы мен кейіпкерді Б. Момышұлының қабылдауында да көптеген әдіс-тәсілдер қызмет етері анық. Осы мәселені қаламгерлер қаншалықты шеше алды деген мәселе үшін де тақырыпты зерттеу қажет деп есептейміз.

Бауыржан Момышұлы жайындағы көркем шығармалар ішінде шоқтығы биігі – «Ақиқат пен аңыз» романы. Жазушы көркемдік тәсілді өзгеше алады. Роман сұрақ-жауап (диалог) түрінде беріледі. Автор сұрақ қоя отырып, кейіпкер жауап береді. Осы сұрақ жауаптың ішінде толығымен көркемдік тәсілдер бірігіп кетеді. Осы тәсілді қолданудағы жазушының шеберлігін де анықтау – тақырып өзектілігі деп есептейміз.

Б. Момышұлы туралы шығармалардың бір тобына өзінің өмірбаяндық туындылары да алынды. Кейіпкердің өмірбаяндық туындылары мен жазушы суреттеуіндегі кейіпкер бейнесінің сабақтастығын ашу да – көркем шығарма құндылығын көтеретіні белгілі. Жаһандану кезінде көркем әдебиет арқылы ұлттық бейнені

үлгі ету, оның ортасын насихаттау, сол арқылы халықтық мінезді көтеру – тақырыптың тағы да бір өзекті тұсы.

Бауыржан Момышұлы туралы жазылған көркем шығармаларды зерттеуге арналған мақалалар мен ғылыми кітаптар да бар. М. Мырзахметовтің «Аңызға айналған Момышұлы» деп аталатын еңбегінде Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер мен өмірбаяны туралы жазылған. М. Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлының ауылдасы, туысқаны, досының баласы ретінде ғана емес, Б. Момышұлын тұлға, халықтың сүйікті батыры деп суреттейді [1]. Сонымен бірге батыр жайындағы естеліктерден жинақталған «Бауыржан батыр» кітабы да бар [2].

«Ақ жол» газетінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі санында Ш. Мұртазаның сұқбатында Бауыржан тұлғасын көп жазғандар батыр тұлғасын аласартып та алады. Бауыржанды түсінетіндей тектілік керек дейді [3, 1-2 б.].

Ғалым Ә. Әбдиманұлы «Әскери әдебиеттегі қаһармандық тұлға – әдеби кейіпкер» деп аталатын мақаласында Б. Момышұлының жазушылық шеберлігін талдайды. «Москва үшін шайқас» романын көркемдік талғаммен, эстетикалық талаптармен жазылған деп бағалайды. Жазушы соғыс туралы жаза отырып, кейіпкерінің ішкі сезімдеріне терең бойлайды, соғыс кезіндегі кейіпкер психологиясы мен соғыс психологиясы астасып кетеді деген пікірді айтады. Жазушының соғыс туралы суреттеуіндегі дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастыра алады [4, 46-48 б.].

ҚР ҰҒА академигі Ә. Нысанбаев пен Б. Сатершиновтың «Қанмен жазылған кітап» деп аталатын мақаласында Бауыржан Момышұлының соғыс психологиясына арналған еңбектерін талдайды. Зерттеу мақаласында батыр қаламгердің елді қорғау мен патриоттық дегенді жалаң көзсіздік деп емес, әрбір азаматтың ішкі рухының таным мен түсінігі арқылы келген таңдауы болуы керек деген ойды береді. Б. Момышұлының Соғыс үшін бастысы – адамның жаны қару, ал қорғанатын, жауына ататын оғы – рухани азығы немесе сарбаз үшін ана тілі мен туған әдебиетінің орнын жоғары қоятын нақыл сөздері арқылы отансүйгіштік деген туған халқының бай тағылымы мен танымы негізінде қалыптасады деген ойларын береді [5, 5-6 б.].

Зерттеуші Ә. Райма «Ақиқат пен аңыз» романын журналистиканың әдебиетке айналған үздік үлгісі деп бағалайды. Шындыққа құрылған табиғи әңгімеден көркем шығарма жасаған жазушы шеберлігін талдайды [6, 123 б.].

Журналист Е. Әлімжан «Қазақ қандай халық» деп аталатын еңбегінде Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі жайында жазылған А. Бектің «Арпалыс» («Волоколамск тас жолы») повесінің жазылуы мен жазушы мен кейіпкер расындағы келісім мен шығарма мазмұны жайындағы бірталай мәліметтермен бөліседі. Повестің алғашқы тарауы алғаш рет «Знамя» журналына басылып, бүкіл Кеңес жауынгерлеріне тарауы, ондағы шындық пен жазушының көркемдік шешімі, кейінгі өзгерістер, қазақ тіліне жасалған аудармалар туралы баяндайды [7].

Б. Момышұлының көркемдік тұлғасы туралы «Бауыржан Момышұлы: тарихи тұлға және көркем образ» деген мақаласында Г. Бейсембаева батырдың өзінің негізгі шығармашылық тақырыбы – батырлық пен ерлік туралы деп атап көрсетеді. «Офицердің күнделігі», «Төлеген Тоқтаров» «Бір түннің тарихы», «Генерал Панфилов», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Майдандағы кездесулер», «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя» шығармалары әскери және өмірбаяндық болғанымен де, патриоттық рухқа адалдықты үлгі етеді деп көрсетеді.

Бауыржан Момышұлының көркем тұлғасы жасалған шығармаларды бірнеше топтарға бөлуге болады.

1. Б. Момышұлының өзінің өмірбаяндық шығармалары («Ұшқан ұя» повесі).

2. Б. Момышұлының соғыс кезіндегі жазған күнделіктері негізіндегі туған көркем шығ

3. Очерк, деректеме негізінде туған (А. Бек «Волоколамск тас жол» («Арпалыс»))

4. Өз ұлы Бақытжан Момышұлы мен келіні Зейнеп Ахметованың «Әке туралы», «Шуақты күндер» шығармалары

5. Бауыржан Момышұлының тұлғасы көркем бейнеге прототип болған шығармалар (М. Әуезов «Намыс гвардиясы», Т. Ахтанов «Қаһарлы күндер»)

б. Б. Момышұлының тұтас тұлғасын өзінің ішкі жан дүниесімен, өмірбаянымен сабақтастыра суреттеген кең көлемдегі шығарма (Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз»).

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғаға қатысты көлемді шығармалар аз жазылған жоқ. Бірақ Бауыржан Момышұлы туралы жазылған көркем шығармалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың біз бірнеше өзіндік сипаттарын анықтаймыз:

– кейіпкердің өзі жазған көркем үлгілерін пайдалану;

– әдебиеттегі дәстүрлі үлгімен тарихи тұлғаны көркем бейне етіп алу;

– көркем бейне туралы жазылған публицистикалық шығармалар негізінде әдеби туынды жазу;

– көркем бейненің өзін қатыстыра отырып, сұқбат тәсілімен жазу.

Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы көркем бейненің өзін қатыстыра отырып, сұқбат тәсілімен жазылды. Сұқбат беріп отырған Бауыржан Момышұлы соғыс даласын сипаттағанда үнемі қазаққа тән ұлттық өрнекті қолданады. Мысалы: «Москваға қарап шабынып бой бермей келе жатқан қаңтардың қара бурасын тізеден, тірсектен ұрып тоқтатып, оны шөгуге мәжбүр еткен кездің оқиғалары» [10, 208 б.]. Немістің әскерін, танктерін қаңтар айында шабынып, құтыратын қара бураға ұқсатып, жаудың күші басым болса да, қалай бетін қайтарғандарын әңгімелейді. Бір сөйлемнің өзінен қазақтардың бұрын бураны қалай тоқтатқандарын білеміз. Бауыржанның осындай танымдық, тәрбиелік маңызы бар сөздері романда көптеп кездеседі.

Соғыс даласын «қанмен жазылған кітап» деп атаған Бауыржан Момышұлы соғыстың ауыртпашылық, қорқыныштарын боямасыз, дәл жеткізеді: «Мұның мәнісі жау самолеттері үстіңе шығып алып келі түйгендей төбеннен бомбамен түйгіштегенде соған көну керек деген сөз» [10, 198 б.].

Бауыржан Момышұлы сұқбатынан оның мінезі де әр қырынан ашылып отырады. «Жақпасаң да, жағымпаз болма» деген ұстаныммен өмір сүргенін білдіртеді. Мансабына мастанып, үлкенді сыйламайтын, тәкәппарсынған кейбір «маңызды тұлғаларды» (Гоголь) Сарыағаштағы курортта қалай тәрбиелеп кеткенін оқығанымызда, қоғамды түзетіп отыратын осындай тұлғаларымыз көп болса деген ойда қаласың. Жағымсыз қылықтарды көргенде қолма-қол шара қолданып отырған.

Қазақ әдебиетіндегі көркем тұлға жайындағы шығармалар негізінен тарихи тақырыпта жазылады. Кейіпкерді өз заманымен, тарихи жағдаймен бірге алады. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаға да осы ерекшелік тән. Қаһарманды тарихи оқиғамен бірге алады. Бұл шығармаларда да тарихи тақырыпқа тән сипат сақталады. Көркем бейне арқылы тарихи тақырыптың мәні мен жағдайдың өту барысына баға беріледі. Бауыржан туралы көркем шығармалардың артықшылығы баға үш жақты беріледі. Саралау, бағалау, әңгімелеу тәсілдерімен алынады. Сол себептен

де, Бауыржан Момышұлы жайындағы көркем шығармаларды талдаудың қажеттілігі зор деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзахметов М. Айналған аты аңызға Момышұлы – Алматы: Санат, 2000. – 224 б.
- 2 Бауыржан батыр. Естеліктер. // Құрастырған Мырзахметов Б. – Алматы: Жазушы, 1990. – 276 б.
- 3 Мұртаза Ш. Батыр туралы // Ақ жол газеті 29.09. 2010
- 4 Әбдиманұлы Ө. Әскери әдебиеттегі қаһармандық тұлға - әдеби кейіпкер // ҚазҰУ Хабаршысы, № 1. 2015. – 216 б.
- 5 Нысанбаев Ә., Сатершинов Б. Қанмен жазылған кітап // Егемен Қазақстан газеті 10.12. 2010
- 6 Райма Ә. Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» // ҚазҰУ Хабаршысы, № 3. 2019. – 265 б.
- 7 Өлімжан Е. Қазақ қандай халық – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 206 б.
- 8 Бейсембаева Г. Бауыржан Момышұлы: тарихи тұлға және көркем образ // Қаз ҰУ Хабаршысы. 2020. № 2. – 268 б.
- 9 Бауыржан Момышұлы – соғыс батыры, Отанның патриоты // Құрастырған: Сейітқажы Ж. – Астана: Фолиант, 2010. – 183 б.
- 10 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. – Алматы, «Атамұра», 2004. – 400 б.

Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ» РОМАНЫНДАҒЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ БЕЙНЕСІ

ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
МУТАЛИЕВА Р. М.
ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті тарихындағы өзгеше құбылыстың бірі – кейіпкер туралы тірі күнінде бірнеше көркем шығармалардың жазылуы. Бұның да әдеби, қоғамдық, саяси және әлеуметтік себептері бар. Біз олардың келесі қалыпта белгілейміз.

1. Қазақ халқы шығармашылы, көркемөнер түрлерінің ішінде әдебиетті аса жоғары қоятын халық. Сондықтан да қоғам мен көркем сөзді бірге тірлікпен қосып қана өмір сүруден қол үзе қоймаған.

2. XX ғасырдың бсындағы сан алуан халық басына түскен нәубеттерден кейін соғыстан кейінгі жылдары халықтың арқасы кеңіп, ұлттық «менін» алға шығарған шағы болды.

3. Өз өткеніне қайта көз салған халық бай тарихтағы батырлар ізін өз заманымен жалғастырғысы келді.

Қоғамдағы осындай ерекшеліктері Ұлы Отан соғысында даңқымен, ұлттық мінезімен өзге ұлтты да еріксіз мойындатқан батыр Бауыржан Момышұлы туралы көркем шығармалар мен көптеген аңыздардың жазылуы ықпал етті.

Бауыржан Момышұлы туралы жазылған көркем шығармалардың ішінде шоқтығы биігі – Өзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы. Романның құрылымы да өзгеше. Шығарма диалогтан тұрады. Жазушы мен кейіпкердің диалогі арқылы көркем тұлға жасалады. Тек көркем тұлғаны жазушы бірнеше тәсілдермен береді. Оның біріншісі кейіпкерге қоятын сұрақтардың оқырман үшін, қоғам үшін қажеттілігімен бірге, көркем қаһарманның ішкі сезімдерін толық ашуға бағытталады. Бұл ретте, жазушының көркемдік тәсілдерге жетуіне бірнеше сипаттар көмектеседі.

1. Жазушының да кейіпкердің даңқы артқан Ұлы Отан соғысында болуы, сол соғыстың қан қасабын өз көзімен көруі.

2. Кейіпкер өмір сүрген қоғам қайшылықтарын жете түсінуі.

3. Кейіпкерге психологиялық зерттеу жасай алуы.

4. Жазушы өз кейіпкеріне қоятын сұрақтарын молынан зерттеп барып, қояды.

5. Кейіпкердің тек батыр ғана емес, көркемөнерге жақын тұлға ретіндегі ерекшеліктерін де жазушы үнемі ескеріп отырады.

6. Шығарма қаһарманы бұған дейін А. Бектің «Волоколамск тас жолы» романы арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде жауынгерлерге де, билікке де, қалың халыққа да танымал болған.

7. Жазушы кейіпкерге соғыс кезіндегі оқиғалар мен жағдайлар туралы сұрақ қою кезінде оны тек шығарма кейіпкері деп алаламайды. Кейіпкерді тұлға ретінде, ұлттың тұтас мінез сипаттарын ашатын тұлға ретінде алады.

8. Бауыржан Момышұлы тек соғысқа қатысып, жауынгерлерді бастаған полковник қана емес, Бас Штабта қызмет еткен, әлемге өз соғыс психологиясымен танымал болған, халықаралық дәрежедегі тұлға ретінде қарайды.

«Бауыржан Момышұлы - әкери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға» [1, 3 б.].

Бұл кейіпкер мінезін ескеруден ғана емес, қоғам талаптарын, саяси идеологияны, кейіпкер өмірбаянын өзінің де жан-жақты терең білетіндігінен туындайды.

Жазушы кейіпкер туралы очерк, мақала жазуды мақсат етіп келіп, соңында пікірлес, мүдделес тұлғаға, тіпті сырлас аға мен іні, туысқанға айналғандай. Бір-бірінің ішкі сырларын ұғыса отырып, жазушы мен кейіпкері арасындағы көп жақындық оларды біріктіре түседі. Романда сұрақ қоюшы ғана емес, сұрақ берушінің де мінез сипаттары ашыла түседі. Тіпті бір-бірін толықтыру арқылы кейіпкер бейнесін биіктетеді.

Бұл бір қарағанда мүмкін емес те сияқты. Ә. Нұршайықов бейнесі қарапайым, сабырлы, асықпай сөйлейтін, аптықпай әрекет ететін, жеті рет пішіп, бір рет кесетін қаламгер қалпында көрінеді. Бауыржан Момышұлы – турашыл, шалт, жылдам әрекет пен тез қимылды жақсы көреді, өз айтқанынан қайтпайтын тік бейне. Осы қарама-қарсы мінез ерекшеліктері бір-бірін толықтыра отырып, әдемі үйлесім табады.

Ә. Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат» роман-диалогында Бауыржан Момышұлы тұлғасы әр қырынан бейнеленген. Роман екі адамның диалогы түрінде жазылғандықтан баяндау Бауыржанның атынан, біресе Әзілхан Нұршайықовтың атынан кезектесіп беріліп отырады. Бауыржан бейнесі тек қана әскери адам бейнесі ретінде емес, соғысқа дейін түрлі қызметтер атқарған, Ленинградта білім алған, Қиыр Шығыста әскерде болған адам ретінде сипатталады.

Окуда жүрген Бауыржан болсын, әскерде жүрген Бауыржан болсын, бас кейіпкеріміздің дүниетанымын, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымын, ішкі жан дүниесімен, отбасында алған тәрбиесімен, әсіресе, ақылшы әке ықпалымен таныс боламыз. Ленинградта финанс академиясының жанындағы бір жылдық курста оқыған Бауыржанның тек қана қаржы мәселесін оқумен шектеліп қалмай, басқа елден, басқа жерден өзіне рухани байлық жинап кеткеніне куә боламыз. Ауылдан шыққан Бауыржанның орыс тіліне зеректігі, ерекше зейінділігі ұстаздар қауымын таң қалдырады: «Ұстаздардың лекциясын суша сіміремін. Аузынан шыққандарын қайталап айтып бергенімде өздері аң-таң қалысады маған. Төрттік, бестік бағалар алыстан шөліркеп келіп, қанаттары сусылдап, көлге қарай құйылған топ үйректей зымырап, менің зәчетқама қонады» [2, 82 б.].

Бауыржанның жазушы сұрақтарына ауызша жауап беріп отырғанын ескерсек, сөйлемдерінің бейнелі сөздермен баяндалуына қарап, тілінің бай, шұрайлы екені бірден көзге түседі. Қазақ жерінен

білім іздеп барған жас маманның оқуға деген құштарлығы әдемі теңеумен бейнеленген.

Ленинградтағы бір жылдық курста жүргендегі бос уақыттарын Бауыржан тек мәдени шаралармен өткізеді. Кештердің көбін кино-театрларға арнайды. Зиянды әдеттерге үйір болмай, бойын тежей білгендігі үлгі боларлықтай: «Еркекті бұзатын екі құмарлық – арак пен әйел болса, жас кезімде осы екеуінен де аулақ болғанымды мақтанышпен айта аламын» [2, 82 б.].

Ленинград былай тұрсын, Б. Майлиннің «Раушан-коммунист» повесінде қаладағы қазақтың оқыған дегендерінің арак-шарап, темекіге ауызданып үлгергеніне куә болып едік. Оқыған, қызметкер болғандардың болмыстары әр түрлі болатындықтарын осы мысалдан аңғаруға болады.

Ленинград көрінісіне Б. Момышұлы ерекше тоқталады. Қаланың көркем ескерткіштерін, көрікті көшелерін, әсем алаңдарын күн сайын құмартып аралайды, аралаған сайын іштей түлеп, жанарғанын байқайды. Басқа елдің қаласының қай жеріне қараса да, өз ауылынан ұқсайтын нәрселерді тауып алады, ұлттық өрнекпен әдіптейді. Нева өзенін ұзын көгенге, Неваның екі жағындағы үйлерді көгенделген қозыларға, Қысқы сарай колонналарын қазақ ертегілеріндегі тау көтерген алыптарға ұқсатады. Соборлардың төбелерін хандардың алтын қалпақтарына, жез телпектеріне теңейді. Алыстағы қазақ ауылы мен Ленинградты суреткерлік бай қиялымен бір-біріне ұштастырады. Мыс салтатты ескерткішін Қобыланды мен Тайбурыл секілді қабылдайды. Бауыржанның қазақ ауыз әдебиетімен сусындап өскендігі, туған жерге, әдебиетке деген сүйіспеншілігі байқалады. Қазақ даласында ондай ескерткіштер, биік үйлер, оқу орындары бола қоймаса да, орыс мәдениетінен қазақ мәдениетін кем көрмейді. Дала мәдениеті мен қала мәдениетін өз қиялында теңестіреді. Бара-бара Ленинград көріністері өзінің туған аулына айнала бастайды. Мыс салтатты енді оған өз үйіндегі қара айғырға тоқым салып жайдақ мініп алып, өзін сағынып іздеп келе жатқан әкесі сияқты көрінетін болады.

«Аяндап отырып Аничков көпіріне келетінмін. Осы көпірдің екі жағындағы шылбырынан табандап тартқан төрт қола жігітке бой бермей, мойындарын доғадай иіп аспанға шапшыған төрт асау қола тұлпарды көргенде менің жүрегім әрқашанда еріп қоя беретін. Өйткені скульптор Клодтың талантымен бейнеленген осы бір асау тұлпарлар маған сонау жуалы желкесіндегі өзіміздің үйдің шағын үйір жылқысы іспеттеніп көрінетін» [2, 87 б.].

Ол кездері қазақ баласы ес білгеннен ат үстінде өсетін. Қаладағы қоладан жасалған ат мүсіндеріне Бауыржанның соншалықты елжіреуі соған байланысты болса керек. Туған жерге деген сағыныш пен Ленинградқа деген сүйіспеншілік осылай астасып кетеді. Қай үйде қай жазушы тұрғанын, қандай шығармасын жазғанын жатқа білетін болады. Бір жылдық курста экономист мамандығы бойынша білімін жетілдірсе де, орыс әдебиетімен танысады: «Пушкиннен бастап бүкіл орыс классиктерін мен осы Ленинградта жүріп жүрегіме қотардым. Сол ғайыптан кездескен ғажайып бір жыл менің өмірімнің өзгеше бір жемісті, келісті, аса бір нұрлы жылы болды» [2, 87 б.].

Бауыржан, сонымен қатар, күйлерді жақсы түсінетін адам ретінде танылады. Бауыржанды іздеп келген француздың бір жазушы әйелі қазақтарда бертінге дейін жазу болмады деген ойын айтады. Сонда Бауыржан «Ақсақ құлан» күйінің соңғы жағындағы домбыра дыбыстарынан үш аяқпен шоқақтаған ақсақ құланның, оның артынан қуған төрт тұяқтың дыбысы ғана қалатынын, ақсақ құланның артындағы қуғыншыға тап беріп, тұяқтардың сарт-сұрт соғысып, құлан тістерінің хан баласын шайнап жатқандағы шақыр-шұқыр дыбыстарын, домбыра ішектерінен өлер алдындағы адамның аянышты үнін естуге болатынын күйдің тілімен түсіндіріп береді. Міне, романдан Бауыржан Момышұлының осындай қырларымен таныс боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өткеннен мұрағат. Өркенге ұлағат // Құраст Мырзахметұлы М., Кәтімхан М. – Шымкент: ШМУ, 2010. – 15 б.

2 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог.– Алматы, «Атамұра», 2004. – 400 б.

ҰЛЫ АБАЙ МЕН МӘШҒҮР ЖҮСІП АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ БАЙЛАНЫС

ТОҚЫЛТАЕВА Г. Қ.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз к.

Әулие әрі ақын, ғұлама әрі ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атамыздың қылышынан қызыл қаны тамып тұрған кенестік кезендері атын атауға тыйым салған танымал тұлғамыздың есімі

жалпының жадында жатталып, ұрпақтың санасына сақталуы үшін кері тартқан саясаттың салқыны мен дауылына жалғыз өзі қарсы шыққан, ұлттың шын жанашыры бола білген абзал жүректі абыз атамыз. Тарих көшінде жарқ етіп, бір туындысымен бүкіл әлемге танымал болғаны да бар. Одан соң Мәшһүр атамыздың шығармаларын шам алып іздесе де қолға түспейтіні тағы да бар. Жылдар өте бара тарих өзінің жіберген қателіктерін түзейтінін тағы да кездестіресің. Осындай заманнан оза туған ақындарымыз, сол кездегі билік өкілдерінің өздері аспан шайдай ашық болса да, күркіреп найзағай ойнағандай, бірдей әсер етеді. Тоқыраған адамның санасында сілкініс болып, көп уақытқа дейін халық оның әсерінен айыға алмаса да белгілі. Туынды сонысымен иесінен де қымбаттырақ болып келеді. Қолжазба қорындағы шығармалар жинағына қарасаң, көңілің тоятындай, оқысаң көзің қуанады. Өшпестей сиямен әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр атамыздың махаббатына лық толы. Ол көне мұрамыздың әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорына шашпай-төкпей сақтауға тырысқан. Атамыздың осы жинаққа кірген материалдардың қайсысын алсақ та өзімізге таныс, көптен білетін нәрселеріміз сияқты. Ал, оқи келе небір сөз маржандарына кезігеміз. Осы жинақтарды зерттеп зерделеу әрине біздің парызымыз.

Қазақ зиялылардың ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,
өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
күн болмағанда кім болам?! – деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғастыратын осы Мәшһүр атамыз.

Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ, ақындар әр уақытта халық ортасынан шығып, халық мұңын жырлап өткенін өткен заманнан ақ білеміз. Олар ел бастап қарулы көтеріліс ұйымдастыра да білді. Демек ақындарымыз қоғамның әділетсіз жағын да біліп қойған сынарлы. Сондай қоғамның әділетсіз жағын да өлеңге қосып, өткір тілмен сынап отырады екен. Бұндай асыл қасиет Абай атамыздан да, Мәшһүр атамыздың өлеңдерінен де байқалып қалды. Абай атамыз өлеңдерін де ерте жазды, ерте ел ішінде танылды, өлеңдер жинағы да өзінің атағынан кеш 1909 жылы басылып шықты. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің аты өзінен кеш ақталып жатса да кітаптары 1907 жылы

жарық көріп, патша империясына ұнамаған соң қуғын көріп, елден уақытша бой тасалауына тура келді.

Қазақтың маңдайына біткен екі алыптың тағдыры да ұқсас еді. Заман оларды рухани жақындастырды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев Абай Құнанбаевты білмеді, естімеді десек қателесеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев Абай өлеңдерін қолжазбадан оқып, ерте таныс болған. Кезінде өз бағасын да білдіріп отырған.

Абай Құнанбаевтің көзі тірісінде бірнеше өлеңдері баспа бетінде жарық көрген. Оны көзі ашық, көкірегі ояу Мәшһүр Жүсіп Көпеев оқып жүрген. Атап айтсақ «Болыс болдым мінекей» деген өлеңі:» 1888 жылы май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының төтенше съезі болғанда, бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» деген атпен «Дала уәлаяты» газетінде 1889 жылғы 12 санында басылған. Екіншісі «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңі «Жаз» деп беріліп жүрген атақты өлеңі Абайдың «Семей уезі Шығыс елінің қазағы Ибрагим Құнанбайұлы ауылының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерде қонып жатқандығы түрі»

1897 жылы Қазан қаласында Каримовтардың чирков балалары баспасында араб әрпімен шығарған 15 бет «Князь бенен Зағифа өлеңі» деген кітапшада 12 бетте Абайдың 1886 жылы жазған «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деген өлеңі «Сынағанда аттың сыны» деген тақырыппен басылған. Абайдың 1882 жылдары жазған алғашқы өлеңдерінің бірі «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген тақырыппен басылған. Бұл өлеңдерді Абай жинағындағы нұсқалармен салыстырып қарағанда біраз өзгерістер бар.

«Атақты ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевте Абайдың әкесіне ас бермеуін тері мінез деп тауып Дала уәлиятының» 1889 жылғы 1-желтоқсандағы 48 санында жарық көрген мақаласында көңілі толмаған ой-пікірін астарлы сөзбен былай жеткізеді. «Ғазитлерінің ішінде бір тақпақ өлең Құнанбай баласының деген халыққа жайылды. Ол өлеңнен байлығы жақсы білініп тұр, бірақ халыққа пайдалы іске жахат қылғаны білінбейді.

...Біз Ыбырай мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естімеп едік.. артында байлығы һәм келісті болып өлең қосылып тұрған соң, өлеңдерін муафик қылып сөйлесе керек деп айтып жатырмын. ...Осы күнде Құнанбайдың дүниеде бар жоғын біле алмай тұрмыз Құнанбай дүниеде бар шығар деуге тірі кісінің тіршілігі болады,- ол жоқ, өлі кісінің өлгенінің белгісі болады,- ол жоқ».

Мәшһүр Жүсіп Абайдың шығармаларымен өте жақсы таныс болды. Соның бірі:

Өмір дүние дегенін ағып жатқан су екен,
Жүрген тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен- деп.
Және бір сөз
Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,
Өлсең сасық боласын боқтан тағы
Менімен сен теңбе деп мақтанасың
Білімсіздік белгісі ол баяғы деп айтқан екен.

Қорыта келгенде Абай мен Мәшһүрдің бір-бірін білмеуі, бағаламауы мүмкін емес. Мәшһүр Жүсіп өзі жазған «Шежіреден» бастап, ауыз әдебиетін жинаған үлгілеріне дейін Құнанбайдың арғы әулетін түгелге жуық түгендеп, жақсы ықыласпен айтып, жазып, қалдырып отырған. Тіпті, Абайдан пікір келтіріп, оның айтқандарына тәнті болған. Он төрт жас кішілігі бар Мәшһүр Жүсіп Абайды аға деп құрмет тұтқан. Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Абай өлеңдерінде де шығармашылық байланыс болып тұрған. Абай өлеңдерін ерте уақытта ақ қолжазбасынан тауып оқыған Мәшһүр Жүсіп Абайды ерте білген. Оның шығармасымен толық таныс болған. «Қалқаман-Мамыр» оқиғасының тарихын біліп отырған Мәшһүр Жүсіп Шәкәрімді де жақсы білген. Өз ара пікірлес болған. Құнанбай да Қарқаралыға барып жүргенде Көпей атамыздың үйіне соқпай кетпеген. Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев – бұл үшеуі бір-бірін жақсы білген. Атақтары жер жарып, сөздері алысқа кетіп жатқан қазақтың дархан даланың кемеңгерлері бір-біріне сырттай да, іштей де сыйлас, құрмет көрсеткен.

Арқаның алтын алқасы Ақбеттеу аясында халқымызға тұлға болар не бір жақсы, жайсаң ұлдары өткен. Олардың арасында Мәшһүрді шоқтығы биік шың десек қателеспейміз. Олай дегенде Мәшһүрдің ақынедығы, тарихшылығы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауымен қатар жаратушы жаббар хақ кеудесінде нұр қылып құя салған ерекше қасиеті көріпкелдігі мен әулиилелігін тілге тиек еттік.

Мәшһүр дүниеге бой ұрмағандығы белгілі. Ал, акіреттегіне келсе: иісі қазақ елінің бірде- бір салт-дәстүрінде болмаған өз мүрдесін ашық жерлеуге өсиет етуі жұмбақ жай еді. Міне, сол жұмбақты жоқ еткен тағы сол пендешілік. Мәшһүрдің акіреттік үйін қопарып, ақыры мүрдені топырақ астына мүрдені топырақ астына апарып көмумен тынды.

Абай мен Мәшһүрдің ру хани байланысы туралы ең алғаш ақын немересі Жүсіп Қуандық Фазыл ұлы 1995 жылы жазды.

Абай қандай жаңалық қосты Мәшһүр Жүсіп бірді- екілі ұқсастықтар ақындар бейнесін ашпасы белгілі. Бірақ та Абай (қайғы артып) Мәшһүр Жүсіп атамызда (сор артып), Абайда (тілі ұзын) Мәшһүр атамызда (ұзын сөз), Абайда (толық адам), Мәшһүр атамызда (түгел адам). Тере берсе өте көп ұқсастықтар табуға болады. Абай мен Мәшһүр Жүсіп атамыздың шығармаларында тың зерттеулер өте көп, оларды зерттеп болашақ ұрпаққа жеткізу өрине біздің еншімізде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аңсабаев Д.М. Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2003 - №1-184 -190 б- Библиограф. 5 атау

2 Әбілев Д Мәшһүр Жүсіп. Әбілев Д. Өткен күнде белгі бар: Естелік –эссе. Алматы : Жазушы 1997. 3-14 б.

3 XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Алматы, 1994, 5-17 б.

4 Сүлейменов Б. Жарыс сөз. Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми теориялық конференцияның материалдары, Алматы 15 – 19 маусым, 1959 ж. Алматы, 268-269 б.

5 Сүтжанов С.Н. Мәшһүрдің кәсіп игеруге көзқарасы: Сарыарқа самалы – 1999. – 19 қараша.ж

БАҚЫТЖАН МАЙТАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТУЛЕБАЙ М. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеттану саласында шынайы таланттымен көзге түсіп, зерттеушілік қабілетімен ерекше дараланып тұратын ғалымдардың қатарында Бақытжан Қауасқанұлы Майтановты атауымызға болады. Ол әдебиеттанушы ғалым ретінде көп еңбек еткен. Ғалымның зерттеу еңбектері қазақ әдебиеттану ілімінің түрлі саласын қамтиды. Ол қазақ әдебиетінің сынымен қатар ұлттық әдебиеттің теориялық

мәселелеріне дейін қалам тартып, әдебиетке соны леп алып келген. Б.Майтановтың әсіресе сыни еңбектері ауыз толтырып айтарлықтай. Талантты, әлемдік әдебиеттен оқығаны мен тоқығаны мол білімді де білікті әдебиет сыншысы, көрнекті қаламгер, кәсіби сынның ауыр жүгін ауырсынбай арқалап, табысты еңбек етеді. Сол еңбектің нәтижесі Б.Майтановтың сын жинақтары болып табылады.

Б.Майтанов туралы зерттеу мен естелік жазғандардың барлығы да бір ауыздан қазақ әдебиетінің әр алуан мәселелерін теориялық, сыни, поэтикалық, танымдық жағынан зерттеп, сүбелі еңбектер жазған Бақытжан Майтановтың әдебиеттану ғылымында өзіндік орын алатынын айтады. Ол қазақ прозасындағы замандас бейнесін де, қаһарманның рухани әлемін де, көркем әдебиеттегі психологизмді де, монологтың құрылымы мен портреттің поэтикасына да қалам тартқан. Сонымен қатар Абай, М.Әуезов, М.Жұмабаев сияқты таланттардың суреткерлігі мен поэтикасын ғылыми негізде саралайды. Зерттеу еңбектерінің қайсысын алсақ та, басты нысаны көркем шығарма құндылығын арттырып тұрған жазушы шеберлігінің қыры мен сырын ашу екендігін байқаймыз. Көркем шығармадағы кейіпкер болмысын танытудағы психологизмнің қызметі, көркем шығармадағы авторлық баяндаудың жолдары, суреттеу ерекшелігі, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымы жайындағы ізденістері ғалым зерттеулерінің теориялық тереңдігін танытады.

Ол қазақ әдебиеттануында бұрындары арнайы зерттеле қоймаған күрделі әрі тың тақырып – психологизм мәселесін алғаш болып зерттеп, өзінің «Қазақ тарихи-революциялық романындағы психологиялық талдау» докторлық диссертациясының негізінде жарияланған «Қаһарманның рухани әлемі», «Мұхтар Әуезов – суреткер», «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Мағжан Жұмабаевтің поэтикасы», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Абай: портрет поэтикасы», «Монолог құрылымы», «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетіндегі тарихи-революциялық романдардағы психологизмнің көріністеріне ғылыми сараптау жасайды.

Әдеби шығарманың көркемдік құрылымына тән қасиет – психологизм. Жазушы шеберлігі көрсеткіштерінің бірі – психологиялық талдау өнері. «Қазақ романы және психологиялық талдау» еңбегінде осы мәселе М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ғ. Мүсірепов сынды көрнекті қаламгерлердің романын нақты талдау барысында ашылады.

Кітапта көркем прозаның поэтикасы, мазмұны мен стилі және қазақ романының даму кезеңдері, диалог, монолог сияқты тәсілдері жан-жақты қарастырылады [1].

Б. Майтановтың қай еңбегін алсақ та шоқтығы биік екенін аңдаймыз. Б. Майтановтың «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» 1982 жылы жарық көрген. Ол туралы: «Б. Майтановтың замандастың рухани әлемін зерттеуі кейінгі ғылыми еңбектеріне жол ашып берді-ау деп ойлауға толық негіз бар. Өнер туындысындағы көркем бейнелерден пәк тазалықты, асқақ рухты іздеуі, оған сол орайда баға беруі, қаламгердің шығармашылық зертханасына зерттеушінің өз «Мені» арқылы үңілуі, тұтаса келе, кешенді түрде ғалымның биік зияткерлігі мен оқымыстылық ожданы және кірпияздығына, тектілік қырлары мен бекзадалық болмысына ұласты» [2], – деп жоғары бағалайды.

Б.Майтановтың әдебиеттануға байланысты зерттеулері одан кейінгі зерттеушілерге де әсерін тигізді десек болады. Күні бүгінге дейін сол зерттеулер өзектілігін жойған жоқ. Б. Майтанов таным мен талғам, көркемдік ой-сананың өнердегі орны, дәстүр мен жаңашылдық, мазмұн мен пішін бірлігі, мәтін теориясы, семиотика, психологизм және оның ұлттық топырақтағы көрінісі, модернизм мен постмодернизм, автор-образ поэтикасы, архетип пен миф – бәрі-бәрі де өзі бір сәт есінен шығармаған әуезовтану ілімін жаңаша қырынан саралаған ерекше құбылыс болғанын бүгінде әдебиет зерттеушілері баса айтады. Мәселен, академик С. Қирабаев Майтанов еңбектеріне жоғары баға берген [3, 62 б.].

С. Алтыбаева «Ғылыми, мәдени эрудициясымен қатар, өзіне тән альтруистік көзқарасымен, батылдығымен, адамгершілігімен баурап алатын. Мұндай адамды қол ұшын беруге даяр, биік адамгершілігі бар, иманды жан десе керек. Мүмкін, өмірде ол өзін сондайлық биік бағаламаған да шығар. Ол өзін ойламайтын да: тек, беріле тынымсыз еңбек етті. Жалпы, мәдени құндылықтарымыз қатарынан табылатын, үлкен сұранысқа ие болып отырған көптеген кітаптары, эсселері мен мақалалары, оқу-әдістемелік құралдарының өзектілігі – осы тынымсыз еткен еңбегінің нәтижесі» [4] – деп Б. Майтановтың «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» атты еңбегі арқылы өзіндік көзқарасымен ерекшеленгенін айтады. Ғалымның әуезовтану саласына сіңірген еңбегіне баға берген әріптесі «Әуезовтану мәселелеріне арналған ғылыми жоба бойынша шығармашылық топты бірнеше жыл бойы басқарып келген Бакытжан Қауасханұлы жазушының шығармашылық

психологиясы құпияларына тереңдей бойлап, ойдың жіпке тізілгендей нәзік мағыналарын байқап, шығармаларының мәнін аша білді, дүниежүзілік әдебиет үрдісіне әлдеқашан мызғымастай енген қазақ классигі мұраларының болашақтағы зерттелу тақырыптарын белгілеп, ғылыми негіздемелерін жасады. Әуезовтанушы ғалым Б.Майтановтың кітабы осы көзқарасымен де бағалы» деген [4].

Б. Майтанов ұлттық әдебиетімізді, оның идеялық-көркемдік бағыттарын, жалпы поэтикалық мәселелерін әлемдік әдебиет контекстінде қарайды. Осы тұрғыда бүкіләлемдік көркем ой қол жеткізген межелерді саралай отырып, қоғам мен рухани өмірдегі жаңашылдықтардың әдебиетімізде бой көрсетуін анықтау арқылы ұлттық көркемдік дамудың нақты көрсеткіштерін көрсетеді. Ғалым сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі модернизм мен постмодернизм мәселелерімен айналысады.

«Пейзаждың көркемдік семантикасы» [5] монографиясында қазақ прозасының баяндау жүйесіндегі маңызды компоненттердің бірі – пейзаждың теориялық мәселелері зерттеледі. Тарихи романдар негізінде табиғат суреттерін кейіпкер қабылдауымен ұштастыра бейнелеу тәсілдерінің қалыптасу, жетілу жолдары пайымдалады. Автор дәстүрлі психологиялық параллелизм мен оның кері көріністерінің арақатынасын, пейзаждың оқиға мекеншағын анықтаудағы, ал көріктеу, айшықтау мысалдарының ландшафтқа байланысты поэтикалық, таңбалық жүйедегі мәнін саралайды.

Б. Майтановтың әр еңбегіндегі қолданған терминдері жылдарға жүк боларлық салмақты сөздер екендігін барлық әдебиеттанушылар бағамдаған. Оның сөйлем құрылымының өрнекті әрі күрделі, мағынасы тереңдігімен бағалы екендігін айтады. Әрбір сөйлеміндегі тіресіп тұрған терминдерді іздеп, түсініп барып, оның қолданылуына мән бересің. Зерттеуші жиі жүгінетін ұлттық әдебиеттануға бейтаныс тосын терминдерінің этимологиясы мен мағынасын іздеп, түсінуге біраз ізденіс керек. Төл ғылымымызды жаңа әдеби ұғымдармен толықтырып, ғылыми тілді байытуға барынша көңіл бөлген ғалым ғылыми стилімізді күрделендіруге өзіндік үлкен үлесін қосты.

Б. Майтановтың ғылыми стиліне тән бір ерекшелік – ғалым зерттеу нысанына алынған материалды құрғақ шолып шығуды көздемейді, мәтіннің ішкі-сыртқы сипатында басымдық танытқан көркем ерекшелікті тани біліп, оны теориялық өзекті мәселе деңгейіне көтереді. Сөйтіп, жеке жазушының творчестволық

ізденісі аясында қалып қоймай, тұтас әдеби үдерістің заманауи сипат-белгілерін ашуға ден қояды.

Б.Майтанов туралы пікірлерге ден қойсақ, онда қазақ әдебиеттану ғылымының білгір ғалымы, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Ш. Уалиханов атындағы сыйлықтың иегері, зерттеуші Бақытжан Майтанов ғылым тілін түрлендіруге, ондағы ой мен мазмұнды, сөйлемдік құрылымдарды күрделендіріп, ұлттық ғылыми ойлау жүйесін жаңалауға, ғылыми стильдің өзгеше өрнек алуына өзіндік үлесін қосуға ұмтылғандығы, бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегі айрықша екендігі айтылады. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, зерттеушінің ұлы азаматтығы, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін «ақтаңдақтар ақиқатын» ашудағы табанды күрескерлігі, шыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде көріне білгендігі баса көрсетіледі.

Ғылыми мақаламызда профессор Б.Майтановтың әлемдік рухани – мәдени үдеріс қалыптастырған құндылықтарды ұлттық әдебиетпен шендестіре зерттеген еңбектері, қазақ әдебиетінің теориясы жайында жасалған тұжырымдарының өз құндылығын жоғалтпай, қайта күн өткен сайын маңыздылығы арта түскенін ғылыми тұрғыдан тұжырымдауға тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. - Алматы: «Санат», 1996. – 336 бет.
- 2 Хамзин М. Данғайыр ғалым, абзал азамат еді...// Қазақ әдебиеті. – 2011 ж. №42
- 3 Қирабаев С. Алашорда және қазақ әдебиеті // Егемен Қазақстан, - 2007, - 7 қараша.
- 4 Алтыбаева С. Әдебиеттану ғылымының жарық жұлдызы // Қазақ әдебиеті. – 2011 ж. № 13.
- 5 Майтанов Б. Пейзаждың көркемдік семантикасы. Монография. – Алматы, 2010.

ТЕРЕҢ ОЙ МЕН ҰТҚЫР ПАЙЫМ – ШЕШЕНДІК ӨНЕРДЕН

УАТАЕВА Ш. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Абай атындағы ЖОББМ,
Ертіс ауд., Павлодар обл.

Асыл ойдың алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие мектебі болған. Елді елдікке, бірлікке шақыруда, халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Халқымыз «Сөз қадірін білмесең, өз қадірінді білмейсің», «Сөз сүйектен өтеді», «Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік» – деп, сөз өнерін ерекше тани бағалаған.

Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырға ұласып, халық игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр, қисынға құрылған бұл сөздер тындаушының көңілінен шығып оны сөзсіз иландырады. Шешендік – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік – сирек ұшырасатын қасиет-дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырыпсалма, жүрекжарды әділ сөздерге негізделген шығармашылық сипатымен дараланады. Осы орайда болашақ ұрпақты халқымыздың сөз өнерімен сусындатып тәрбиелеу өзектілігімен айқындалады.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалаған. Академик В. В. Радлов (XIX ғ.) шешендік сөздер нұсқаларын зерттеп жинаған. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп, әсіресе, қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған [1, 25 б.].

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII–XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV–XV ғғ.)

есімдерімен қатысты калыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV–XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV–XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді [2, 41 б.].

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген. Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Ақылынды, сөзіңді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтіңді біл», – деп толғайды [2, 45 б.].

Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі».

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанрлар. Шешендік сөздер – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдар; қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр. Жанр мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш салаға бөлінеді.

Шешендік сөздер – тапқырлық пен шешендікке үйрететін көркем сөз үлгісі ғана емес, халықтың көне тарихымен бірге жасап келе жатқан тәрбиелік мәні зор халық даналығы. Ол түркі тектес халықтардың көпшілігінде кездеседі. Шешендік өнерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеу сонау бабамыз Әл-Фарабидің еңбегінен бастау алса, кейінгі кезде Ш. Уәлиханов, Қ. Халид, Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Г. Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, Р. Сыздыкова, Ә. Нұрмаханова еңбектерінде өрісін тапқан.

Қазіргі заманғы ғылыми-зерттеулер нәтижелеріне негізделген анықтамалар бойынша би-шешендердің әлеуметтік қызмет салалары сан алуан дәстүрлерді қамтыған. А. Байтұрсынов, М. Ж. Көпеев,

С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, Н. Төреқұлов, С. Негимов, Ж. Дәдебаев, С. Дәуітов, т.б. ғалымдардың еңбектерінде би-шешендер сөздерінің тарихи-поэтикалық ерекшеліктері үнемі қарастырылып келеді.

Бөлтіріктің «Балаға ақыл» атты насихат-нақыл, бата-тілек бағдарымен айтылған сөздері дидактикалық-философиялық байыпты сипатымен ерекшеленеді [3, 15 б.].

Шешендік насихат-нақыл сөздеріде қазақтың ата-бабалардан жеткен адамгершілік қасиеттер ұлағатын жас ұрпақтың жадына, санасына сіңіру ұсынылған. Қолдағы бар дүниені орынсыз шашпауды, ашкөз дүниеқоңыз болмауды, меншікті жердің, судың («Сулы жер – нулы жер, нулы жер – рулы ел») иесі болуды, жігіттік пен қарттықтың үйлесімін білуді, ойдың да, сөздің де, істің де таза, ақ болуын сақтауды уағыздайды. Адамдармен қарым-қатынастар жасаудағы тәлім-тәрбиелік, этикалық ұстанымдардың мәнісін өмірлік шындық қорытындыларымен дәйектей түсіндірген. Мысалы:

Ақылы жоқты аға тұтпа,
Қасиеті жоқты қадір тұтпа,
Ақылы жоқты аға тұтсаң,
Кішілігінді кемшіліктей көрер,
Қасиеті жоқты қадір тұтсаң,
Кісілігінді ерсіліктей көрер.
Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле.
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.

Шешен адамның бойында кездесетін тапқырлық, батылдық, сабырлық – нағыз қасиеттердің белгісі. Ол сол қиын дауларды шешуге көмектескен. Тыңдаушысы жоқ жерде сөзді босқа қор етпеген. Қазақтың шешендік сөздерінің тарихы Майқы би мен Аяз биден басталады.

Түгел сөздің түбі бір,
Түп атасы – Майқы би.
Аяз әлінді біл,
Құмырсқа жолынды біл
деген нақыл содан қалған.

Халықтың сеніміне айналған шешендер: Жиренше, Асанқайғы, Бұқар, Шалкиіз, Шортанбай, Дулат, Мұрат сөздері халықтың көкейінен шыққан. Ел қамын ойлаған. Біздің атақты билеріміз

Төле, Қазыбек, Әйтекелердің білімпаз, көреген, ұлағатты, ғибратты сөздері өскелең ұрпаққа болашақтың жарық шамшырағы іспеттес. Төле би айтқан: «Тура биде туған жоқ, Туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөз турашылдық пен әділдікті жақтайды [3, 35 б.].

Қазақтың шешендік сөздері – сөз құдіретін түсінетін адамға шөлдегенде ішетін сусын, тоңғанда жылынатын отын, ыстықтағанда желпінетін самал жел, адасқанда жол көрсететін жолбасшы, жауға аттанғанда қолбасшы, рухани азық, өмірдегі бағыт беретін темірқазық жұлдыз. Сондықтан да, «Даналардан шыққан сөз, білімдіге болсын кез» дегенді өсиет еткен.

Қазақ – табиғатынан ділмар, шешен халық. Сол себепті халқымыз шешендік өнерінде сөз ойға тәуелді болады. Егер керісінше болса, айтайын деген ойдың мәні солғындайды деген. Ұлы Абайдың «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады», - деуі содан. Демек, ұтқыр ой мен көркем сөз тең түсіп отырса ғана сөз әсерлі де тартымды, әрі қуатты болады, тыңдаушыны баурап алып, еріксіз мойындатады. Қазақ шешендері сөздің осы екі жағын тең ұстаған. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп, «шыншыл, әділетті иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр екендігін ескертіп, кейінгі ұрпақтың ата салтын мықтап ұстануын талап еткен.

Көшпенді ата-балаларымыз ұрпақ тәрбиесіне қатысты жайттарды топтастырғанда да ғылым үшін аса маңызды жүйелілік принципіне ерекше мән берген. Ата-бабамыздың төкпе ақындық пен сұңғыла жыршылық, айыр көмей шешендік пен төгілдірген күйшілік секілді киелі өнерлеріміздің іргетасы бала санасына сәби шақта қалатынын ерекше ескеріп, осынау бал дәурен балалық кезеңге айрықша мән берген. Осы айтылғанға орай жас буын тәрбиесін бесіктен бастап бұларды ақыл-ой, имандылық, еңбек, көркемдік, сымбаттылық секілді сан салаға жұптастырған.

Ұлттың ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналылығы мен пәктігі, есендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарқырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлегерлері Үйсін Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің кесімдері, терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл

ойлары көнермейді. Уақыт өткен сайын тәрбиелік маңызы арта түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна», 2010, -242 б.

2 Шешендік өнер С. Сөз мәдениеті және шешендік Алматы 2007, - 122 б.

3 Абилябакиева Ғ.Т Қазақ халқының шешендік сөздері. 2001, - 108 б.

ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

УРАЗКЕНОВА С. К.

бастауыш сынып мұғалімі, № 35 ЖОББМ, Павлодар к.

*«Театр-адамдарды туыстыратын
шығармашылық отбасы,
сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір
шындығын білу,
яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»
Ш. Айманов.*

Бүгінгі күнде театр тақырыбы қажетті тақырыптың бірі. Себебі қазір балалар театрға барғаннан гөрі, үйде отырып, уақыттарын телефон мен интернетке арнайды. Балалар үшін ежелгі мәдениетті сақтап қалудың бір жолы, мектептегі театр үйірмесі. Балаларға арналған театр үйірмесі – бұл өте күрделі мәселе. Ол білім беруде, оқытуда, балалардың тілін дамытуда және тіпті кез келген ауруды емдеуде ғажайып емге айналуы мүмкін!

Қазіргі заман талабына сай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ойын, пікірін жеткізе алатын, өзіне сенімді, топпен, ұжыммен жұмыс істей алатын, тез өзгермелі заманда ортаға бейімделе алатын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда мектеп өмірінде оқушылардың әртүрлі театр шығармашылығын қолдану өзекті болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте театр үйірмесін енгізу мектептің оқу-тәрбие үдерісіне тиімді болады, өйткені ұжым бірлесе жұмыс істейді, мұғалім мен оқушы арасында мәдениетті қарым-қатынас туындайды. Белсенділік тәсілі

басымдық ретінде жиі қолданылады және балаларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту процесінде кеңінен қолданылатын балалар іс-әрекетінің бір түрі – театр. Актер өнерпаздардың жұмыстарымен таныса отырып оқушының танымдық, рухани, эмоционалды, еңбек тәжірибесін қалыптастырады және дамытады. Театр шығармашылығы оқушыларды өнерге деген қызығушылығын арттырады, ой-қиялын, зейін, есте сақтау сияқты қабілеттерін арттырады. Ұжымда жағымды психологиялық атмосфераны қалыптастырады. Үйірме жұмысы оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуі, ұжымда жұмыс істеу, өз ойларымен, білімдерімен бөлісіп, өз білгенін басқаларға көрсете білуге үйретеді. Мұғалім көмегімен жас әртістер өз рөлдерімен жұмыс істейді, сөздерін жаттайды, оның дұрыс оқылуы мен дыбысталуын, интонация тазалығы, анық артикуляция, мимика, суреттің дәл ритмикасын келтіре отыра көркем образды ашады. Рөлдерді бөлу мұғалім мен оқушының келісімі бойынша жүргізіледі.

Балалардың тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары мұғалімдер үшін маңызды еш уақытта жоймайды. Тілді дамыту процесі тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар тілдің бейнелі эмоционалды жағын да дамытуды қамтиды. Сахнадағы сөйлеудің экспрессивтік жағын дамыту үшін әрбір бала өзінің эмоциясын, сезімін, қалауын, көзқарасын жай әңгіме барысында ғана емес, сырт көзге ұялмай, көпшілік алдында айта алатындай жағдай жасалады.

Балалық көркем әдебиет үлгілерімен танысып, халық ауыз әдебиетінің де кейбір үлгілерін танып білуде, бүгінгі таңда театр үйірмесі кеңінен орын алууда.

Соның бірі, киімделі (қолға киіп ойнайтын) саусақ театры болып отыр.

Осы театр арқылы оқушылардың тіл байлығы, сөйлеу мәнері, ойын еркін жеткізе алу сияқты қасиеттері дамиды. Саусақ театры арқылы баланың қолының моторикасы да қалыптасады.

Қазіргі таңда театр өнері, оқу үрдісімен бірге дамып отыр. Оқушылар оқуға қандай жауапкершілікпен қараса, сыныптан тыс жұмыстарға да белсенділік танытады.

Үйірменің мақсаты:

*Балаларды театр әлемімен таныстыру;

* «Образға кіру» туралы түсінік беру;

*Театр әлемінің қыр-сырын ашу;

Міндеттері:

*Театрды өнер ретінде таныстыру;

*Қуыршақ театрының тарихымен таныстыру;

*Халық ертегілерді түсунуге үйрету;

*Кітап оқуға дағдыландыру, қызығушылықтарын арттыру;

*Сөйлеу тілін дамыту;

*Сезімін білдіріп, көремендерге қарап сөйлеп, сахнада өзін-өзі ұстауды үйрету.

*Балалардың өмірін қызықпен, қуанышпен толтыру;

*Өз қолдарымен қуыршақтар тігуге, керекті заттарды дайындауға бейімдеу;

*Театр қойылымдарында меңгерген жаттығулары мен біліктерін күнделікті өмірде қолдануын талап ету.

Күтілетін нәтиже: актерлік өнерімен танысу, жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын жеткізе білу. Болашақта актер болмаса да заман талабына сай тележүргізуші, пресс-хатшы, менеджер т.б. сияқты кезкелген мамандықта өз ойын дұрыс, еркін жеткізе білетін өзіне сенімді тұлғаны даярлау.

Театр оқушыларды бір-бірін тыңдай білуіне, қимыл қозғалысын дұрыс жасауға, ашылуына септігін тигізеді. Тұйық баланың өзі де мұндайда белсенділік танытуы әбден мүмкін, ал өзі белсенді балаларға өздерін тағы бір көрсетуге мүмкіндік туады. Сыныптан тыс шаралар оқушының еркін сөйлеп, өзін дұрыс ұстауға үйретеді.

Сонымен қатар оқушылардың тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Оқушылар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады.

Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан оқушылар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен- дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары,

дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Театрлық іс-әрекетті пайдалану сөйлеуі дамымаған бастауыш сынып оқушыларды түзету-тәрбиелеуде оң рөл атқарады, өйткені оның танымдық және эстетикалық тәрбие беруде педагогикалық мәні зор.

Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар оқушылардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады. Театрлық іс-әрекет тек ойын ғана емес, сонымен қатар балалардың сөйлеуін қарқынды дамытудың тамаша құралы. Диалогтік және монологтық сөйлеу дағдылары, оның грамматикалық құрылымы жетілдіріледі. Сөйлеу эмоционалды түрде бай, экспрессивті болады. Сөздік қорын нақтылау мен байыту қарқынды жүргізілуде. Балаларда дұрыс сөйлеудің психологиялық негізі болып табылатын ойлау, қиял, зейін, есте сақтау дамиды.

Өз пікірін анық айтуда артық ұялшақтықтан, топ алдында сөз сөйлеуде қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, бәсекелестік қыр, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

Театр бастауыш сынып оқушыларының көркем қабілеттіліктерін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген баланы сахна тәртібіне, қойылым қозғалысына, жүрісіне, мәдениетіне үйретіп, тіл тазалығын, сөйлеу мәнерін дағдыландырады. Балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр-балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, ұстаздар үшін үлкен табыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Утепова А. Қ. «Сахнадағы тіл тазалығы, анық сөйлеудің әдіс-тәсілдері»

2 Байсеркеұлы М. Сахна және актер. Оқу құралы. Алматы, 1993.

3 Тұранқұлова Д. Сахна тілі. Оқу құралы, А., 1999.

4 «Қазақстан мектебі» № 11, 2006

5 Поле Л. Ертегілер театры. СПб, 2001.

6 Богданова Е.Г. Развитие связной речи младших школьников посредством театральной деятельности.

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚИТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ТАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

УСАХАНОВА М. Д.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 1 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Орта буын сыныптардан бастап әдеби - теориялық білім қалыптастырыла бастайды. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында қалыптастырылатын алғашқы әдеби - теориялық түсінік - лирикалық қаһарман ұғымы. Осыған дейін оқыған шығармаларда оқушы көбіне көркем шығарма мазмұнын автор өмірінің нақпа - нақ көшірмесі ретінде түсініп, шығармадағы оқиға желісін немесе айтылатын ойды реалды болмыспен тікелей қатыстыра бағаласа, ендігі жерде оқушы білімі авторлық таным, идея, авторлық ұстаным, лирикалық қаһарман ұғымдарымен толығып, көркем шығарма идеялардың көркем әлемі екендігіне көз жеткізеді. Лирикалық қаһарман – шығарма субъектісі. Оның арман, мүдделері мен ой - қиялдары, сезім-күйлері автор болмысының жамылғысы ретінде танылатын тұстары болғанымен, оның үнемі жанды көшірмесі ретінде көрініс таба бермейтінін ұғынады. Мысалы: Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасында «Мен бала», «Мен – жігіт» деген белімдегі ойлар ақын тұлғасынан ел адамы, казак халқы ұғымымен қатар келіп, жалпылық мағына береді. Авторлық «мен» кейде жалқылық мағынада, кейде жалпылық мәнде қолданыс таба алады. Мәселен, Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген» деуі немесе Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңіндегі «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте бұлт, жерде желмін гулеген, Жел еркесі – желдін жөнін кім сұрар?» – деген жолдар ақынның өз болмысын танытудан жалпылық мағынаға көбірек жақын, яғни, ақынның «мені» – көптің, нақтылай айтқанда, тұтас бір елдің

болмысы, халық сипаты. «Бар адамды бір адамның жанының қуанышымен қуанытып, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен тыныстатар, құлағымен естіртіп, тілімен сөйлетер» (В.Белинский) лирикалық қаһарман бейнесін тану - автор болмысына жақындау деген сөз, ол өз кезегінде авторлық ұстанымды түсінуге жетелейді [1, 55 б.]. Себебі «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мәні туралы айтса, жалпы жұрт туралы, бүкіл адам туралы айтқаны: өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттің бәрі бар». Лирикалық шығармаларды оқытудағы ең басты әдіс- тәсіл - шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру. Лирикалық шығарманы оқытуда көркем қабылдау асамаңызды. Лирикалық шығарманың көлемі жағынан шағын болуы да оны мәнерлеп оқу арқылы қабылдауға мүмкіндік туғызады. Лирикалық шығарманың өзіндік ерекшелігі де оның шумақпен, бунақпен, ырғақпен ерілуінде болса, сабақтың алғашқы сәтінен бастап оқушы тыңдау арқылы осы ерекшелігіне сәйкес көркем қабылдауы қажет етіледі. Дауыс қарқыны, үн үйлесімі, сөздерге түсірілетін екпін, логикалық, психологиялық кідірістер барлығы да көркем мәтінді тыңдаушысына мағыналы жеткізудің жәрдемшілері болып табылады. Өлең мәтіні тыңдалғаннан кейін оқушы зерделей отырып қайталап оқуы да маңызды. Тыңдау арқылы қабылдау мен көру арқылы қабылдау сияқты қабылдаудың қос арнасын қатар пайдалану оқушы ерекшелігін ескеріп, қабылдау мүмкіндігін арттыру міндетінен туындайды. Қандай шығарма болса да оны талдаудың орны ерекше. Лирикалық шығармаларды оқыту әдістемесінде әдіскерлер арасында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Соның бірі – өлеңді тұтас қабылдау үшін оны бұтарлап талдау орынсыз дейтін ой. Әрине, өлеңді бөлшектеу, әр шумақтағы ақын ойын сипаттап жеткізу, түсіндіру, мазмұндау-ескі күннің еншісінде қалған әдістер. Ал талдауға келетін болсақ, талдау-мазмұнды айқындаудың, көркем сөздің қолданысын танудың, сөз астарына үңілу арқылы терең ойды, шығарма болмысын, автор табиғатын танудың бірден бір айқын жолы. Лирикалық шығарманы талдау қашан да маңызды. Тек талдауды неден бастап, қалай жүзеге асыру-аса үлкен жауапкершілік пен тиімді әдісті керек ететін оқу үдерісінің жауапты кезеңі. Мектеп бағдарламасындағы поэзиялық шығармалар – алуан тақырыпта. Шығарма тақырыбын айқындау аса күрделі болмағанымен, кейбір поэзиялық мәтіндер таырыптық ерекшелігі жете ескерілмей мектеп бағдарламасына енгізілгені байқалады. Тақырыпты айқындауда көркем шығарманың кеп тақырыптылығы

да назардан тыс қалмауы керек. Ал шығарма идеясын айқындау бірнеше кезеңді қамтитын үдеріс. Талдауда күрделі сөздер мен қолданыстардың басын ашып айқындау мағынаны танудың алғашқы баспалдақтары болып есептеледі. Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңі 5-сыныпта оқытылады. Атауы айтып тұрғандай, жылдың бір мезгіліндегі таң пейзажы берілетін бұл өлең өзінің көркемдігі, жанды суретімен, танымдық сипатымен ерекшеленеді. Өлеңнің бірінші шумақтарынан бастап кездесетін «түскенде әуе жерге», «қырық күн шілде», «қысқа түн қымқырылды», «бәйек болып», «жасық шық», «мелдегінен нұрға қалқып, «келбендеп...жердің буы», «өлеусіреп түсі қашқан», «ыныранып қой котанда», «әптиек» сияқты мағынасын анықтап, өлең мәтініндегі жұмсалу мақсатын айқындайтын сөз қолданыстары бар. Әдістеме ғылымында көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқу, талдап оқу сияқты әдіс - тәсілдер бұрыннан белгілі. Көркем мәтіндегі түсініксіз сөздер мен ұғымдарды саралаудың да көптеген жолдары бар. Әдіс-тәсілді тандау оқушының, сыныптың жағдайына байланысты анықталатыны да белгілі. Әрине, үнемі мұғалімнің белсенділігі ақпараттың қабылдануы мен оқушы зейінінде берік орнауына тиімді әсер ете бермейді. Кез келген ақпаратқа оқушы ынтамен, қажеттілікпен келгенде ғана ол есте берік бекиді. Сол себепті де күрделі ұғымдарды тауып, оларға түсініктеме беруде оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын ойын түрінде жүргізген тиімді болар еді. «Қырық күн шілде» деген ұтым нені білдіреді? Неліктен 40 күн деген сөз қолданысы берілген?» деген сұрақ арқылы сөз тіркесінің мағынасын ашу немесе «мелдегінен келу» деген сөз мағынасы нені білдіреді? «шық» деген не? Неліктен шық жасық эпитетімен берілген? Тағы қандай шық түрі болуы мүмкін? Ол қолданыстардың жыл мезгіліне қатысы қандай?» деген сұрақтар да өлеңнің идеясын түсінуге көмектеседі. Шілде айының таңы қаншалықты жылы болса, күн сәулесі білінер-білінбесте бұға айналатын шық та жып-жылы жасық. «Жасық шық» шілденің таңының ерекшелігін айқындайтын деталь ретінде де талдауға қажетті тілдік құрал болып табылады. Көркем сөз образдарына талдау да сабақтың аса маңызды сәті болып есептеледі. Әдетте, көркем образды сөздер эстетикалық мақсатта талданады. Ал көркем образдардың, айшықты сөздердің өлеңге, идеяға қызметін айқындау талдауды әлдеқайда мазмұнды етеді [2, 65 б.]. «Шілде» өлеңі кейіптеулердің көркем бейнесімен ерекшеленеді: жарық күнге «Кел, шық деп иек қағатын таң», «таңды мақтап ән салған сансыз торғай» оған «бас иіп бәйек болады»,

«күннің жүзі күлімдеп», «суда тұрған барлық қамыс би билеп, т.б. «Мақтанып кара түнде нұрын шашқан Айдын да елеусіреп түсі қашқан. Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң, Бірі жоқ, тамам жұлдыз бетін басқан» деген бір шумақ тұтастай кейіптеу арқылы көркем образ жасайды. «кара түн» мен «сұлу күн» ұғымдары карама – қарсы қойылып антитезалық мәнге ие болады. Өлеңде «қысқа түн», «көк майса», «асыл шөп», «жасық шық» сияқты эпитеттер мен «жауһардай», айналай» тенеулері колданылған. «Жиылып жатыр сонда біткен бала» – «Бала біткен сонда жиылып жатыр» деген калыпты сөйлемнің өлең шумағындағы ұйқасқа қарай инверсияланған түрі. Өлеңде кейіптеулермен берген әр көріністі жеке алып қарап, оны суреттеп тұрған бейнелі сөздерге үңілу, көз алдарына елестету лирикалық шығармадан калыптастырылатын эстетикалық тәрбиені асыра түседі. Өлеңдегі әр сөздің мағынасы мен мәтіндегі қызметі анықталғаннан кейін тұтас оқу көркем қабылдауға әсер етеді. Сонымен қатар өлеңнің композициялық құрылымына зер салу да өлең мәтінін тұтас қабылдауға ерекше ықпал етеді. Әдетте мектепте шағын келемді лирикалық шығармаларға жоспар жасалмайды. Ал айтар ойы күрделі немесе пейзаж, портрет түрінде берілетін өлеңдерді композициялық құрылысына талдаған абзал. Аталмыш өлеңде таң сібірлеп біліне бастағаннан күн шығар мезгілге дейінгі уақыт өлшеміндегі көз көрер кеңістік суреттелген. Өлең композициясының жоспары 1. Түннің қымқырылуы. 2. Таң білінуі. 3. Таң бозындағы торғайлар әні. 4. Таң желіне тербелген көк майса. 5. Шығар күнге көңілі шаттанған көк жүзі. 6. Құсы шулап, қамысы тербелген айнадай көл. 7. Жұлдызы жарқырап түнгі шырайынан айрылған ай. 8. Маңайға бірте-бірте жайылып келе жатқан таңның ағы. 9. Ауыл маңындағы өріске бет алған ірі кара мал. 10. Күзетші иттері енді тыным алған қотандағы қой. 11. Ұйқыдан енді ояңған ауыл қарттарының таңғы әрекеттері. 12. Ауылдан оқшау орналасқан караша үй. 13. Оған жиыла бастаған шөкірт - балалар. 14. Алғашқы күн шапағы. 15. Оған шаттанған ой мен қыр. Өлеңнің композициясына катысты жоспар жасату оқушылардың ойды жүйелеу машықтарының калыптасуына жәрдем етеді. Шығарма композициясы бір - біріне ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді. Сондықтан әр шығарманы композициялық құрылымына талдау оқушылардың шығармашылық жұмысқа шыңдалуына көп септігін тигізеді. Лирикалық шығармаларды тақырыптарының, құрылысы мен идеяларының ортақтығына катысты салыстыра талдау да тәжірибеде колданылып жүр.

Мәселен, Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңін Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен немесе Иса Байзақовтың «Жазғы кеш» өлеңімен салыстыра талдауға болады. Кейде ұқсас шығармалар салыстыра талданылса, кейбір жағдайда айырмашылықтары ерекшелене түсетін карама - қарсы мәндегі тақырыптар мен идеялар салыстырыла талданады. Жыраулар поэзиясынан оқылатын бір өлеңге жүргізілген талдау бойынша да композициялық құрылымды тұтас байқап керейік. Өлеңнің атауы: «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту. Авторы: Үмбетей жырау. Жанры: Арнау (Сұрай арнау арқылы естірту). Тақырыбы: Адам ғұмыры. Өткіңші өмір. Жазмыш. Құрылысы: 7-8 буынды, екі бунақты, аралас ұйқас. Композициялық құрылымы: 1-9 бөлімдер қайғылы хабарды естіруге тындаушысын психологиялық жағынан даярлау 1. Кіріспе. 2. Абылайдың жас күні, тектілігі. 3. Жігіт шағы, ерлігі. 4. Хан болғаны, абыройы. 5. Тұтқындағы тапқырлығы. 6. Батыр билердің хандықтың абыройын асқақтатуы. 7. Ел басына түскен қиындық. 8. Батырлардың ерлік істері. 9. «Дүние кезек, Абылай» шығармасының өзекті ойы. 10. Қайғылы қазаны естірту. 11. Қайғыға басу айту. 12. Бата – тілек. Көркем айшықтары. Тенеулер: Дөмпеш таудай басы үлкен; Бөгембайдай жас берсін; Бөгембай сынды батырдың. Риторикалық сұрақ: Ұмыттың ба соны, Абылай? Идеясы: Қайғылы қазаны естірту, ханды сабырға шакыру Болашакка сенім ұялату. Орта буын сыныптарда лирикалық шығармаларды мазмұнды оқыту оқушылардың әдебиет әлеміне енуіне, көркем өнер табиғатына етене жақын болуына жол ашады. Көркем сөз әлеміне бой алдырып, құмарта елтитін бірден- бір кезең осы жас шамасы десек артық айтқандық болмас. Осы кезең әдебиетті өміріне азық, жанына серік етерлік оқушының тандауы түсетін сәт деп таныған абзал.

Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары ретінде ұсынарымыз: 1) лирикалық шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру; 2) лирикалық өлеңге тән ырғақты сезіндіру; 3) буын, бунақ, шумақ, ұйқасқа мән беру; 4) өлеңді мәнерлеп оқу дағды - машығын қалыптастыру; 5) лирикалық шығарманың танымдық, тақырыптық, сезім мен көңіл - күй табиғатына, тәрбиелік бағытына, басқа да ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді жүйелеу; 6) көркем сөзге, автордың ой-толғанысына оқушылардың эмпатиялық, гедонистік сезімдері мен көркем - концептуалдық, эстетикалық, танымдық көзқарастарының қалыптасып орнығуына ықпал ету; 7) оқушылардың өлең мәтінімен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру [3, 34 б.]. Өлең мәтінімен атқарылатын жұмыстарды

да әр тақырып өз ерекшелігіне қарай қажет етеді. Жалпы алғанда, лирикалық шығармаларға жүргізілетін ортақ талдау бағыттары мыналар: 1) жанрын анықтау; 2) көтерген тақырыбын анықтау; 3) күрделі сөздер мен ұғымдарды саралау; 4) өлеңнің құрылысына талдау; 5) өлеңнің синтаксистік жүйесінде өрілген негізгі түйінді ой, тірек сөздерді саралап жүйелеу; 6) өлеңнің композициялық құрылымына қарай талдау (жоспар құру немесе схема, сызба арқылы жіктеу); 7) өлеңнің көркем сөз айшықтарына талдау (троп пен фигураның түрлеріне қатысты саралау); 8) өлеңнің идеясын айқындау; 9) шығармадан көрінетін автор әлемін, ұстанымын айқындау [3., 75 б.]. Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен талдау бағыттарын басшылыққа ала отырып таным үдерісін шығармашылық деңгейге тиімді ұластыруға болады. Сол арқылы мазмұнды білім, білік, дағды - машық, шығармашылық ынта қалыптастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы, 1968, 258 б.
- 2 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы, 320 б.
- 3 Дүйсенов М. Қазақ лирикасындағы тақырып пен керкемдік шешім. – Алматы, 1971, 130 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ХАЛЕЛОВА Ш. Д.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

XXI ғасыр – білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», – деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда

ойнаған еңбекке байланысты. Осыған орай мектеп мұғалімдері, орта арнаулы және жоғары оқу орындары оқытушыларының алдында тұрған үлкен міндет – өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, олардың бойында заман талабына сай құзіреттерді қалыптастыру.

Зерттеудің өзектілігі: Ақпараттық-коммуникациялық технологияны замануи талаптарға сай ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білім кеңістігіне енуде қолдану бүгінгі таңда үлкен өзектілікке ие болып отыр. Сол себепті де оқытудың ақпараттық-коммуникативті технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін ашу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. Қазіргі уақытта «ақпараттық сауаттылық», «ақпараттық құзіреттілік» деген түсініктердің қалыптасып, кең таралуының өзі аталмыш мәселенің қаншалықты өзекті екендігін айғақтайды әрі өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беретін педагогтар үшін ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдаланудың маңызын дәлелдейді. Осы технологияның қыр-сырын танып, оның оқу үдерісіне тигізер ықпалын тереңінен зерттеу үлкен маңызға ие.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады. Жаңа ақпараттық технологиялар

дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады» [1].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны замануи талаптарға сай ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білім кеңістігіне енуде қолдану бүгінгі таңда үлкен өзектілікке ие болып отыр. Сол себепті де оқытудың ақпараттық-коммуникативті технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін ашу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. Қазіргі уақытта «ақпараттық сауаттылық», «ақпараттық күзиреттілік» деген түсініктердің қалыптасып, кең таралуының өзі аталмыш мәселенің қаншалықты өзекті екендігін айғақтайды әрі өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беретін педагогтар үшін ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдаланудың маңызын дәлелдейді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар қарым-қатынастық байланыс құралдарын қолдану арқылы білім беруді жетілдіруді мақсат етеді. Мультимедиялық оқулықтар, біріншіден, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіншілік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Білім мен ғылымның дамуын басты назарға алған қазіргі заманның талаптарына сай қоғамды ақпараттандыруда мұғалімдердің ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдану бойынша біліктілігін көтеру білім беру саласындағы негізгі міндеттердің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [2] деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Жалпы алғанда, қандай болмасын пәнді не пәндер тоғысын оқытқанда ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану келесідей мүмкіндіктер мен артықшылықтарды береді:

- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- Жаңа материалды қабылдау және игеру үрдісін жеңілдетеді;
- Оқушылардың танымдық, ізденімпаздық әрекеттерін белсендендіреді;
- Мұғалімнің уақытын үнемдейді;
- Оқушылар мен оқытушылардың бойында ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық құзыреттілік дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілі пәні тұрғысынан қарайтын болсақ, мұндағы АКТ рөлі орасан зор. Негізгілерінің бірі – онлайн платформалар, Онлайн мектеп платформасы, интербелсенді тақта, Google Glassroom, Padlet тақтасы, Jamboard тақтасы, мультимедиялық және онлайн сабақтар. Қазіргі кезде ғаламтор желісінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мұғалімдер арнайы сайттар мен парақшаларды ашып, онда өздерінің тәжірибелерімен бөліседі, әсіресе білікті ұстаздардың онлайн сабақтары жас мамандарға және жалпы мұғалімдерге үлкен көмекші құрал қызметін атқарады. АКТ-ны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- мультимедиялық құралдар (аудио, бейне материалдар мен теледидар, радио, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интербелсенді тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздіктер, энциклопедиялар, ғылыми еңбектер, электронды жаттығулар жинақтары);
- ғаламтор және басқа да көрнекі ақпараттық материалдарды сабақта қолдану айтарлықтай оң нәтиже береді.
- кері байланыс алу.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, үлкен зейінмен тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылай бекітуге мүмкіндік береді.

«Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өңдеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері және оқытудың коммуникациялық аспектілері және танымдық аспектілері. Мәселен, электронды оқулықпен жұмыс

жасағанда, компьютерлік бағдарламада таңдап алған тараудың барлық тақырыптардың теориялық материалдары, есеп шығару үлгілері, өз беттерімен жұмыс істеуге арналған жаттығулар, әр тақырып бойынша орындалатын зертханалық жұмыс тапсырмалары, оқушылардың білім сапасын тексеруге арналған тест тапсырмалары беріледі және сынып оқушыларының әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүргізуге қолайлы. Бұндай бағдарламалардың ерекшелігі сол «әрі уақытты да үнемдейді, әрі мұғалімнің де жұмысын жеңілдетеді» [3].

Қазақ тілі сабағында берілген материалды ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты мынадай оқу әрекетінің түрлерін бөліп қарастыруға болады:

1) эмпирикалық әрекет:

- интербелсенді тактада слайд арқылы көрсетілген не шынайы суретті иллюстрацияларға назар аударып, «миға шабуыл» жасау;
- жекеленген жаттығуларды презентация не басқа да қызықты формада ұсыну арқылы зейінін аудару;
- тақырыпқа сай белгілі бір мәтінді ұсынып, мағынасына ерекше назар аударуды/талдауды/сөздікпен жұмыс жасауды және т.б. қажет ететін сөздерді айрықша белгілеу арқылы ой қозғау;
- нақты сөйлемдерді кешенді бейнелеу;
- функционалды сауаттылығын дамыту.

2) жаттығуды/ережені/қосымша материалды танытуға бағытталған эвристикалық әрекет:

- жаттығуды абстрактілі ойлау;
- жаттығуды түрлендіру жолдарын іздеу;
- ережені оқып, өз сөздерімен түрлендіріп жеткізу;
- оқу сауаттылығын дамыту;
- қосымша материалдармен танысып, танымдық әрекетін белсендендіру;

3) жаттығуды түрлендіру мен жаңа білім алуға бағытталған репродуктивтік әрекет:

- таңдалған жаттығу бойынша сөйлемді түрлендіру;
- бұрыннан таныс жаттығу түрлерін жасау;
- берілген жаттығуды бағалау;
- жаңа тақырып бойынша өздеріне бұрыннан белгілі мәліметтерді сызбаға түсіру;
- өмірмен байланыстырып, тәжірибеде қолдана алу.

4) белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға арналған практикалық әрекет:

- дағдыны таныс жағдайда қолдану;
- жаңа, үйреншікті емес жағдайда дағды қалыптастыру.

АКТ-ны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда, әсіресе топпен жұмыс жасағанда, кері байланыс бергенде, оқушының даму сатысын бағалауда маңызы зор.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады, өз бетімен жұмыс істеуге, пікірталас ұйымдатыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға ықпал тигізеді. Ал оқытушы үшін ол келесідей артықшылықтармен ерекшеленеді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі артады, жас мамандардың қызығушылығын арттырады, ғаламтор жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін игеруге қол жеткізеді, оқытушы сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Президентіміз: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет,» – деп, атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдаланудың практикалық маңызы өте зор және бұл технология жылдан-жылға әрі қарай дамып, болашақта да үлкен сұранысқа ие болатындығы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Р.Ж.Бахтиярова. - Пән сабақтарында АКТ-ны қолданудың тиімділігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты: Орал, 2014.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

3 Насыритдинова Г.Н. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың білім сапасын арттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың маңызы. Ғаламтордағы нұсқасы:

4 http://www.rusnauka.com/9_SNP_2015/Philologia/1_187867.doc.htm

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ

ШАКЕНОВА Г. Б., МАНИБАЕВА Н. Б., АКМУРЗИНА Ж. З.
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, № 13 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Тәжірибенің теориялық базасы

«Қазақстан-2050, стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты алғашқы президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек, – деп атап айтты. Тәуелсіздік алған еліміздің ертеңі болашақ жастардың қолында болғандықтан, білім саласын жаңғырту-ілгерілеу кепілі деп айтуға болады. Біздің біліміміздің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу дегенді қалай түсінеміз, әрине, бұл функционалдысауаттылықты дамыту, яғни оқушылардың оқу құзыреттілігін дамыту. «Функционалдысауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдысауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналады.

Жалпы, функционалдысауаттылық дегеніміз не? Функционалдысауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдысауаттылық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Оқушылардың функционалдысауаттылығын дамыту заман талабы. Сондықтан болар, менің әдістемелік мәселем осы тақырыппен байланысты. Оқушылардың функционалдысауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеттің алатын орны ерекше.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазіргі таңда басты назарға алынып отырғаны ол – орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесі. Оқу бағдарламасы бойынша тілдік төрт дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) ұстана отырып, әрбір мұғалімнің өзіндік сабақ өткізу әдістемесі болуы шарт. Тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, барлық қазақстандықтарды біріктіруші негізгі байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр азаматтың борышы, тіл арқылы ғана біз ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпағымызға аманат етеміз. «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті», – деген екен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Тіліміздің асылдығын, бай екенін біле тұра, неліктен зор мақтанышпен таза сөйлемеске?! Өз әрекеттерімізбен неліктен өзге ұлт өкілдерін де сөйлетпеске?! Өкінішке орай, қазақ тіліне деген өзге ұлттардың қызығушылықтары төмендеп барады. Бұл проблема мектептегі білім беру жүйесінде анық байқалады. Әсіресе, мектеп бітірер кезде тапсыратын ҰБТ-де орыс мектебін бітіруші түлектердің қазақ тілін тапсырмауы мемлекеттік тілді оқуға деген қажеттілікті төмендетті. «Қазіргі уақытта аса назар аударатын проблемалардың бірі орыс мектептерінде оқитын оқушылардың қазақ тілін 11 жыл оқыса да сөйлемейді. Оларды сол уақытқа дұрыстап дайындау керек...» [1] деген білім министрлігінің жасаған қорытындысы да осыған дәлел.

Озық педагогикалық идея

Орыс мектептеріндегі оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сауаттылықтарын көтеру – біздің бүгінгі негізгі мақсатымыздың бірі. Осы мақсатты негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңдарына, ҚР Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, оқыту қазақ тілді емес мектептердегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарты мен бағдарламасының

негізінде оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5-8 сыныптарға арналған «Функционалдық сауаттылықты дамыту» бағдарламасы құрастырылды.

Бағдарламаның **мақсаты** – оқыту орыс тілінде жүргізілетін оқушылардың тілдік, коммуникативтік, мәдени-тарихи, шығармашылық біліктіліктерін арттырып, өлкетану тақырыптары арқылы қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту.

Осы мақсатты жүзеге асыруда қойылатын **міндеттер:**

Тыңдалым: тақырыпқа байланысты әңгімелер, мәтіндер оқу.

Айтылым:

диалогтік сөйлеу, сұрақ-жауап, сұрақ-мәлімет, ақылдасу, рұқсат сұрау, және т.б;

монологтік сөйлеу: жоспары, баратын жағы, істейтін ісі жайлы.

Жазылым: тақырыпқа қатысты әңгімелер жазу, өз ойын жазу.

Тілдесім: ұсынылған тақырып бойынша сөйлесу.

Тәжірибе жаңалығы, инновациялылығы

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға, – деп, ұлы данышпан Абай айтқандай, ұстаздық еткен адамның еңбегі ешқашан далаға кетпес. Осы сөздерді үнемі негізге ала отырып, өзім сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәніне орыс тілінде білім алатын оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға тырысамын. Жаттанды сөздер мен мәтіндерден гөрі, оқушылардың тыңдалым мен оқылым дағдыларын жетілдіруге барынша назар аударамын. Ал, тыңдалым мен оқылым дағдылары деген не? Соған тоқталғанды жөн көрдім. Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің ауызша баяндау түрі. Тыңдай отырып, өзіміздің серіктесімізден қажетті мәліметті аламыз және оның ойын, мақсатын білеміз [2]. Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну дегенді білдіреді. Бұл атаудың ең басты мәні адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу [3].

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу [4]. Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың

құрамдас бөлігі [5]. Мәтінді түсініп оқудың маңызы зор, себебі жай ғана оқып шығу еш нәтиже бермейді. Түсініп оқу үшін, мағынасын білмейтін сөздердің астын сызып оқу қажет. Сол кезде аудармасы белгісіз сөздің мағынасы есте қалады. Оқылым дағдысын қалыптастыру үшін сабақ барысында келесі тапсырма түрлері орындалады:

- Оқылған мәтінге жоспар құру;
- Мәтіндердің стилін, жанрын және қандай аудиторияға арналғандығын анықтау;
- Мәтін ішінен негізгі, қосымша және детальді ақпаратты көшіріп жазу;
- Тірек сөздерді жазып алып, мағынасын анықтау;
- Мәтін бойынша менталды картаны толтыру (тақырыбы, мазмұны, стилі, мақсаты, терминдер, тірек сөздер);
- Берілген мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын анықтау.
- Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарды қоя білу және т.б.

Тыңдалым мен оқылым дағдыларына арналған тапсырмалармен жұмыс оқушының мәтінді түсініп оқу, тыңдау, мағынаны тану сияқты әрекеттер арқылы оқушыны шығармашыл жеке тұлға, зерттеуші ретінде сезінуіне, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді. Сабақ барысында мәтіндерді оқып, оны тыңдау арқылы оқушының тәжірибелік және зияткерлік біліктілігі қалыптасады, дамиды.

Жұмыста жоғары нәтижелерге, тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берген, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін өз сабақтарымда келесі стратегияларды қолданып жүрмін: «Мен көріп тұрмын», «Мен ойлаймын», «Білгім келеді»; «Инсерт»; «Синквейн»; салыстыр (Венн диаграммасы); «Зертте» т.б. Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет.



Сурет 1 – Нәтижелілік

Сабақтарда білім сапасын көтеруде мынадай қорытынды шықты: оқушылар сын тұрғыдан ойлауға, еркін сөйлеуге, ой бөлісуге, шығармашылық қасиеттерін қалыптастыруға, көзқарастарын кеңейтуге, баланың ізденуіне, алған білімін өмірде қолдана білуіне үздіксіз жолаштым. Қорытындылай келе оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сынып тасабакты дұрыс жүргізе білудің маңызды зор. Бастауыш бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыс нәтиже береді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болған.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабының туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны,

әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 www.24.kz/https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/179974-orys-tilinde-bilim-alatyn-o-ushylardy-azatilin-tezirek-me-geruine-basa-m-n-beriledi

2 Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.-114 бет”.

3 Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет

4 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.-95 бет.

5 Шабжанова С. «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015

ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

ШАКМАНОВА А. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор, академик, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ фольклортану ғылымы қазақ ауыз әдебиетінің шығу тарихы, оның көне мифологиясымен байланысы, фольклордың поэтикалық құрылысы, жанрлар жүйесі, сонымен қоса өзге халықтар фольклорын салыстыра отыра, олардың арасындағы ортақ ұқсастықтары мен олардың арасындағы айырмашылығын айыру сынды мәселелерді қарастырады [1, 248 б.]. Бұл мәселелерді қарастыруда Бекмұрат Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты еңбегінде қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары: эпос, ертегі, аңыз-әңгіме, тұрмыс-салт жырлары түркі-монғол халықтарының фольклорларымен салыстыра зерттелген. Осы тұста академик А. Н. Веселовский «Әр түрлі халықтар фольклорындағы мотив ұқсастықтары образды формулалар тектес қоғамдық жағдайдың біркелкілігінен туып қалыптасқан.

Ойлау жүйелерінің бір сарынды, психологиялық және тұрмыстық жағдайларының ұқсас болып келеді» деген пікір білдірген [2, 5 б.].

Қазақ территориясында мекендеген тайпалардың генетикалық байланысы, шаруашылығы, мәдениеті, ырым-жоралғылары, салт-дәстүрлері, күнделікті тіршілігі ұқсас. Мәселен, Орхон-Енесей тас жазулары, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» (1072–1074), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» (1069–1070), Сүлеймен Бақырғанидың өлеңдері, Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани хикмет» еңбектерін атап көрсетуге болады. Осы аталғандардың ішіндегі Махмұд Қашқари сөздігінде «Савда мондаг килер» дегендегі «сав» сөзінің түрлі мағына беретінін байқаймыз. Яғни «сав» сөзі – аталар сөзі, қисса, хикая, хат, сөз, бұрынғы оқиғалардан хабар беру, жаңалықтарды жеткізу деген мағынаны білдірсе, енді бірде арбау, байлау, ант ету мағынасын білдірген. Оған дәлел, М.Қашқари былай деген: «Қырғыз, ябоку, қыпшақ, һәм басқалар бірер кісіге ант ішкізгенде яки одан берер нәрсеге уағда алғанда, жалаңаш қылышты оның алдына қойып, «бү көк кірсін, қызыл шықсын» дейді. Сондықтан олар темірді құрмет қылады [3, 9 б.].

Тарихи-типологиялық зерттеу дегеніміз – қоғамдық дамудың белгілі бір сатысындағы ұқсастықтарды генетикалық жағынан өзара байланысы жоқ ұқсастықтарымен салыстырып қарастыру.

Тарихи-салыстырмалы зерттеудің бір түрі – тарихи-генетикалық, яғни тарихи-туыстық заңдылықтарынан өрбитін зерттеу тәсілі. Осында әлем бойынша халықтардың туыстық тегімен байланыстырылады. Мысалы, түркі-моңғол, славян, кавказ сынды халықтарының ауыз әдебиетін аймақтарға бөліп саралап қарастырды. Ауыз әдебиетінің өзге жанрлар сияқты өзіндік ерекшеліктер бар. Тұрмыс-салт өлеңдерінің мазмұны, тақырыбы, сюжеті, образы ұқсас болғанымен әр халықтың өздеріне тән психологиясы, мінез-құлқына сай образдарымен ерекшеленіп айрықша айырмашылығын байқаймыз.

Түркі халықтары өлеңдеріндегі мазмұн, тақырып ұқсастықтары адам еңбегімен байланысты туған өлеңдерінде байқалады. Сонымен қоса жылдың төрт мезгіліне байланысты маусымдық өлеңдердің мазмұнымен ұқсас. Тіпті дәлме-дәл, сөзбе-сөз ұқсас тұстары да кездеседі. Мәселен, қазақ, қырғыз, қарашай, құмық, қарақалпақ, алтай халықтарының сәбиге айтылатын өлеңдер, шамандық көзқарастар, үйлену салты, жоқтаулар сынды жырларда композициялық құрылымы, сюжеттік ситуация, орындау ерекшелігі сынды элементтерінде орын алады. Ал өлеңнің тілдік

ұқсастықтары мен айырмашылығы, өлеңнің жасалу үлгісі, оның ырғақ, ұйқас ерекшеліктері, көркемдік құралы, тұрақты тіркестер, фразеологияларды да аңғаруға болады. Мысалы, қырғыз қошқотарындағы: «Асмандан учкаш ылаачын, Ылаачынн жаят кулачын», немесе:

Асмандан учқан каздайым,
Ақ Жайық жатқан саздайым.
Ақырет кеткен бегимди,
Айтуусуз кантип таштайын.
Минген атың боз ғана,
Жаныңа жыйдың боз бала,
Боз баланың ичинде,
Өмүрүң болду аз гана.
Оболоп учқан жаргақты,
Боор жүнүн жел қақты.

Тең сөөгүм зар какты [3, 28 б.], – деген үзінділер қазақ жоқтауларында да дәл осы үлгіде, сөзбе-сөз, жолма-жол қайталанып отырады. Сондықтан болар қыз-алысып, қыз берісіп жатқанда, қыздарын ұзатып жатқанда:

Қызыл коен чатта бар,
Қыз алышып, қыз бермек,
Қазақ, қырғыз наркта бар.
Қызыл жібек сартта бар,
Қыз алышып, қыз бермек,

Қырғыз, кыпчак калта бар [3, 28 б.], – деп жырлайды. Мұндай ұқсас элементтер алтай, татар, ноғай, қарашай, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр фольклорынан байқалады.

Тарихи-типологиялық жағынан алғанда түркі халықтары өлеңдерінің сақталу дәрежесі әртүрлі. Мысалы, алтай фольклорында өлеңнің алғыс, мақтау түрлері көбірек сақталса, ал қазақ, қарақалпақ, өзбек өлеңдерінде аз. Бірақ қазақ, қырғызда сынсу, естірту, жоқтау өлеңдері мол. Татарларда маусымдық поэзиясы мен туй жырлары, өзбектерде ер-ер, қатын-қызлар кушикларының түрлері көп. Ал қазақ, қарақалпақтардың беташар, бәдік, баксы сарындары өзге елде мүлдем кездеспейді.

Салыстырмалы зерттеудің бір тәсілі – ел мен елдің, халық пен халықтың бір-бірімен араласып, қарым-қатынас жасауынан пайда болған байланыстарды зерттейді. Түркі халықтарының ішіндегі қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, өзбек өлеңдерінің байланысы ерекше. Мысалы, қазақтың «Дударай», «Қара торғай» атты өлеңдері

татарлар арасында қалай аталса, татардың «Ғалиябану», «Сайра сандуғаш» әндері қазақтың ішіне солай тараған. Ал өзбектердің «Бошгинам оғрийді» әнін оңтүстікте жақсы сіңісіп кеткен.

Ертеде ата-бабаларымыз Ай, күн, аспан, жұлдыз сияқты аспан әлеміне табынған. Мысалы, қазақ, қырғыз, қарқалпақ жұртында жаңа туған айды көріп: «Ай көрдім, аман көрдім», «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке» деп тілек тілеп отырған. Ал жаңа ағып түскен әрбір жұлдызды үзілген адамдардың жанымен байланыстыру сияқты түсініктер қалыптасқан.

Түркі халықтары фольклорында кездесетін поэтикалық образ – От-ана. «От» түрік сөзі, монғолдарда «ана» (еке), буряттарда «эхэ» сөзі бастаудың басы (начало, голова), ұйғырларда «ана» сөзі ақыл, ес, бас деген мағынада қолданылады. Осы тұста отқа табыну, оттың киелі күшіне сену деген ұғым барлық халықтарға да ортақ дүние екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен қоса А. Н. Веселовский: «Отқа табыну деген ұғым матриархат дәуірінен келе жатқан салттың бірі» деген пікір білдірген [2, 46 б.]. Әйел – от басының сақшысы, ошақ басының бар жарығы мен қызуы сол әйел-ананың қолында. Сондықтан болар түркі халықтары от ұғымымен үйлену салтымен байланыстырады. Мысалы, буряттарда жас келін түскен үйге отқа сыйынып, май құяды. Ал қазақтарда жаңа түскен жас келін отқа май құйып, «от-ана, май-ана, жарылқа» деп тілеу тілеген. Сол кезде әйелдер алақандарын отқа қыздырып, келіннің бетін сипап, екі жасқа «оттай ыстық достық бер!» деп тілек тілеген. Осы тұста ойымызды одан әрі дәлелдеу мақсатында тағы бір мысал келтірсек, «Қара түнде қағынған, Ие, кие кегінен, Монтаны жарғыш ебінен, Егізімді сен сақта! Жолдарын жарық, жарқын ет, Ұлы пана өзіңсің, От – анасы, жарылқа! [3, 46 б.] – деген үзіндіден түркітілдес халықтарының отқа деген наным-сенімі қазіргі уақытқа шейін сақталған. Жоғарыда көрсетілген салт-дәстүрдің барысында орындалатын ырымдар өз құнын әлі де болса жойған жоқ.

Отқа табыну ежелден келе жатқан шамандықтың белгілері деген пікірге сая келеді. Яғни осы ырымды орындау арқылы екі жасты түрлі пәле-жаладан сақтап, отқа май құйып, ақ сары бас айтып, құрбандық шалған. Осы тұста Шоқан Уәлиханов: «монғолдар сияқты қазақтарда да отты әулие тұтқан. Сол үшін оны – От-ана деп, оттың түрлі пәле-жала, қауіп-қатерден сақтайтын киелі күшіне сенген», – дейді. Профессор Құдайберген Жұбанов «Қазақта ескі кездегі шамандарды абыз деп атаған. Ру құрылысы дәуірінде олар ру бастықтары болғандықтан, рудың ақсақалы, үлкені болғандықтан

абыз сөзі барлық үлкендіктің аты болып кеткен. Әйелдің үлкенін де қазақтар – абысын, татарлар – абызтай, ағаны – абзи дейтіндері сол абыз ұғымынан шыққан сөздер» дейді. Ол абыз сөзі бұрынғы қобыз деген сөздің өзгерген түрі. «к» дыбысы түсіп қалғанда, «о»-ның орнына «а» дыбысы қолданылған, сөйтіп барып «қобыз» – «абыз» болып кеткен. Өйткені алтай, ойраттарда қобызды тек шамандар ғана тартса, қазақта да қобызда ойнайтындар негізінен абыздар (бақсылар) болған. Төменде берілген үзіндіде абыздар мен бақсылар айтатын сөздер мысал бола алады:

Жалғыз шыққан тобылғы,
Жай шық болған қобызым.
Желмаяның терісі,
Шар айна болған қобызым.
Жүйрік аттың қылынан,
Жай шық қылған қобызым.
Жеті кенттің мақпалын,

Тұмар қылған қобызым, – деген [1, 49 б.]. Демек, бурят, монғол, алтай т.б. көптеген халықтар шаман дегені қазақта абыз деген сөзі болып шықты. Бұл жерде ескеретін нәрсе, шамандық пен шамандық дәуірге дейінгі салтты бір деп есептеуге болмайды. Шамандық аурудың киелі пір, иесіне қарсы күрес әрекетінен туса, шамандыққа дейінгі ұғым табиғатқа табыну ғұрыпынан туған. Яғни біздің ұғымымыз бойынша шаман деп бақсы-балгерлер, негізінен, ауруды бағып, бойға жабысқан кесір-кесапаттан құтқарушы сиқыр иесі болған деген тұжырымға келуге болады.

Л.Будаговтың сөздігінде «бақсыны» емші, шаман, балгер, сиқыршы деп берілген [4, 248]. Ал В.В.Радлов: «Бақсы – қобызда не асада ойнайтын қазақтың шаманы... бұл сөз тек қазақтарға ғана емес орал-алтай семьясындағы халықтарға ортақ. «Бақсы» сөзі Іле жазығы мен Жетісу бойындағы түрік тұқымдастар ұстаз, оқымысты, шаман, емші, сиқыршы, дана деген мағынаны білдірсе, ұйғырларда сауатты адам; түрікмендер ақын, жыршы, музыкант деген мағынаны білдірген [5, 336 б.]. Қалай болғанда да бақсы қолына қобызын алып, жындармен емдеген.

Ертеде түркілер адам баласына жабысқан түрлі ауруды, жылан, шаян, қарақұрт, бүйі шаққан уды сөзбен қайтаруға, емдеуге болады деп сенген. Халық күн жайлатып, бұлт шақырған иә жылан арбап, жын байлаған кездерде айтылатын сөздердің сиқырлы сыры бар деп түсінген. Мондай күштердің: жылан мен шаянның, қарақұрт

пен бүйінің шаққан уынан құтқарып, арашалап алатын адамды арбаушы дейді.

Арбау өлендері қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, т.б. халықтардың бәрінде бар. Демек, дүниенің түрлі құбылыстарын арбап, оны магиялық күшімен бағындыру – алғашқы қауымдық дәуірінде туған әдет-ғұрып, жора-жоралғысының бірі. Арбау өлендері түрлі себептермен айтылады. Бірде адамдардың еңбегіне: мал өсіміне, егін жайына, аңшылық кәсібіне байланысты айтылса, бірде бір рет ауру-сырқаттарды емдеу, жамандық атаулыны аластау, дауыл тұрғызып, бұлт шақыру кезінде орындалады. Сондықтан бұл қазіргі уақытқа дейін арбау және арбау жөніндегі өлендер болып екі мағынада кездеседі. Қазір арбау өлендерінің сөзі болмаса, оның бір кездегі синкреттілік сипаты яғни әдет-ғұрыппен, қимыл-қозғалыс, жоралғымен, музыкамен, бимен байланысы сақталмаған және оны қалпына келтіру мүмкін де емес.

Қазақта қаракұрт, жылан, шаян, бүйінің уын қайтаратын арбаушылардың арғы атасы, пірі – Қамбар болған. «Бүйі-бүйі, бүйі шық! Бүйі иесі Қамбар шық! Қамбар болсаң қалмай шық! Тас төбеден таймай шық! Май табаннан талмай шық! – деген [3, 53 б.]. Осы арбау сөздерді дұға ретінде оқып, дене бойына таралған уды барынша шығаруға тырысқан. Қалай дегенмен де қазіргі уақытпен салыстырсақ, бұл әрине ойға қонымсыз әрекет сынды. Өйткені қазіргі заман техниканың дамып, медицинаның жоғары деңгейде көтерілгенімен байланыстыруға болады. Әрине кезінде бұл дүние өзінің маңызды орнын алған. Бұған бірден бір дәлел жоғарыда келтірілген өлең үзіндісі мысал бола алады.

Арбау өлендерін тәжік фольклорында негізінен балалар орындады. Арбау балалардың түсінігінше жылан, бүйі шағуынан сақтайды, итке қаптырмайды деген ұғым қалыптасқан.

Адам баласына жау, қас күштер мен түрлі ауру, індет «иелерін» сырлы сөзбен көшіріп, көндіруге болады деген сеніммен шыққан өлең түрлерінің бірі – бәдік. Бәдік те арбау-байлау, бақсы өлендері секілді қазақтың емшілік кәсібіне байланысты туған. Оған мысал:

Бәдік, бәдік деседі,
Бәдік желдей еседі,
Асқар-асқар тауларға,
Ағыны қатты суларға,
Айнала соққан құйынға,

Ай, көш! – десе, көшеді! [3, 55 б.] – деген өлең жолдарында індет иелерінің көшіп-қонып жүруі ерте заман адамдардың ой-санасында болғанын көреміз.

Түркі-монғол халықтарының қыз беріп, келін түсіру ғұрыптары орыс, украина сынды славяндықтардың құда түсу салттары бізге ұқсас тұстары бар. Мәселен, Александр Николаевич Веселовский «Три главы из исторической поэтики» деген еңбегінде қыз айттыру жоралғысы қыздың әке-шешесінің үйіне барып, астарлы әңгімесінен бастап сөйлесіп келіскен. Бізде де дәл солай «Сіздерде лашын бар екен, бізде сұңқар бар екен» деген сияқты сөздермен басталады.

Түркітілдес халықтарда үйлену тойына байланысты қаншама толып жатқан салт-дәстүрлер бар. Айталық, қазақта қалыңдық ойнамақ деген бар. Бұл дәстүр бойынша күйеу жігіт қасына ерген жолдастарымен қыз аулына келеді. Қазақта мұны «ұрын бару» немесе «ұрын тойы» дейді. Қырғыздарда «үй жаны қылған» немесе «ишиқашты» дейді. Татар әдебиетінің классигі Ғабдолла Тоқай «Есік бауы» шығармасында: «Біздің Урал маңында бір ғадет бар: қыз жанына келерде күйеу жігітті есік алдына тоқтатып, балалар одан ақша сұрайды. Балаларға ақша бермесе, есік ашылмайды» деген. Оған тағы бір мысал өлеңнен үзінді келтірсек, «Ишек, бавы бер алтын, Безнек апай мен алтын». Сондай жөн-жоралғылар қазақта: сүт ақысы, ентік ақысы, босаға аттар, түндік жабар, кемпір өлді, ит ырылдатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар, көпшік қыстырар деген салт-дәстүрлер болса, дәл сондай қырғыз, қарақалпақтарда да бар.

Қазақтың сыңсуына ұқсас өзбек, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай, буряттарда кездеседі. Сыңсуды башқұрттар – сеңләу, татарлар – ченләу немесе қыз жылату дейді. Ал беташар мен жар-жар олай емес. Беташар тек қазақ пен қарақалпақта ғана айтылады. Сонымен қоса аужар өлеңі де дәл солай. Тәжіктерде «саломнама» дәстүрі бар, бұл жар-жар, беташар сынды өлендер мазмұнын береді. Жар-жарды қазақтарда қыздар тобы, ұлдар тобы болып екіге бөлініп айтылса, өзбектерде бөлінбей барлығы бірдей тұрып айтады.

Ертеден келе жатқан дәстүрдің бірі – естірту, көңіл айту, жоқтау. Бұлардың шығу мерзімі шамамен Орхон-Енесей жазбалармен ұштасады. Махмұд Қашқаридың жазуы бойынша жоқтау – ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жыр делінген. «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсыбұйрықты жоқтаудан көруге

болады. Жоқтау ассирияның ұлттық эпопеясы «Гильгамеште» де, көне үнді эпосы «Махабхаратада» да, гректің поэмасы «Илиада» да, ескі еврей әдебиеттерінде де, Египет жырларында да кездеседі. Жоқтау – қырғызша кошок, тәжікше, өзбекше мәрсия деп аталады. Салт бойынша қазақ қаралы хабарды естісімен жоқтау айтып, дауыс қылады. Қарақалпақтарда жоқтауды өлік жерленген соң, сүйекшілер қайтып келіп асын ішіп болған соң айтады. Жас адам қайтса ертеңіне немесе 2–3 күн өткеннен кейін барып жоқтаған. Осы тұста естіртуді жеткізуде екі түрлі формасы бар. Естіртуді қара сөзбен жеткізуде «Жиренше шешенге Қарашаш сұлудың өлгенін естірту», «Шыңғыс төреге Шоқан өлімін естірту», «Қанжығалы қарт Бөгенбай өлімін естірту» сынды болса, екінші түрде күй арқылы жеткізіп отырған. Күйдің де ерекше орын алғанын ауыз әдебиеттерімізден байқауға болады. Оның бір мысалы ретінде, «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызында Жошы ханға аң аулау барысында мерт болған баласын күй арқылы естірту, сонымен қоса зар заман кезеңде қазақ руларының бытырап, қандастарымен қоштасуға арналған «Ел айырылған», «Қазақ пен ноғайлының қоштасуы», «Ноғайлының зары» сынды күйлері, ботасынан айырылған, зарлаған інгеннің мұңлы зары «Нар идірген», «Боз інген» күйлері осыған дәлел.

Ең алғашқы қоғамдық дәуірде аң аулап, күн көру үшін аңның терісін жамылып жүретін, өзін ит-құсқа, аңға байқатпауға тырысатын. Сол үшін де аңның жүріс-тұрысын қайталап, қимыл-қозғалыстарын салатын. 1959 жылы музыкатану ғылымының кандидаты Зейнұр Қоспақов Шығыс Қазақстан облысының қазағы, сыбызғышы Оспанғали Қожабергенмен бірнеше күй тындап, нотаға түсіріп алған. Соның ішінде «Ақсақ қой», «Жорға аю», «Көк бұқа», «Нар идірген» сынды күйлер аң мен құстың, үй хайуандарының жүріс-тұрысын, дауыс әуенін келтірген. «Ақсақ қой» күйінде қой соңында ақсандап келе жатқан қойдың жүрісін сипаттаса, «Жорға аю» күйінде маймақ аюдың қорбандаған дөрекі жүрісін әжуа етіп, күлкі қылады.

Қыс пен жаздың таласы жайлы, қылышын сүйреткен қыс кетіп, күн шуағына бөлеген көктемнің келуі туралы қазақта көптеген аңыз-әңгімелер бар. соның бірі «Қар мен қоянның тілдесуі». Бірде қалың мұз болып сіресіп жатқан қар наурыздың қызуына шыдай алмай тұмауратып, денесі ауырлап, дел-сал болып берекесі кете бастайды. Қар қорқып, қоянға жалынып, тамырын ұстатады. Қоян қардың тамырын ұстап отырып: «Қыс бойы мені қарға адым аттатпап ең. Қасқыр сұмға қор қылып айдақтап ең. Қайтейін, ескі

кө танысымсың ғой. Ауруың салдырап ағып сай-саймен кетсін, жыбырлап ағып жылғалармен кетсін! – деп ұшықтапты. Қояннан бата алған қар суы сол күні-ақ наурыздың шуақты күнімен борша-борша боп өз жөнін тауыпты».

Көне заманнан келе жатқан наурыз жайлы алғашқы деректерді зороастр дінінің қасиетті кітабы «Авестадан» табуға болады. Мұнда Хурмуза мен Ахриманның, яғни жақсылық пен жамандықтың күресі баяндалады. Наурыз туралы парсы-тәжік шайырларының шығармаларында көп айтылады. Мысалы, наурызды Фирдауси «Шахнамасының» басты кейіпкерлерінің бірі – Жәмшид атымен байланыстырады. Саид Нафисидің айтуынша наурыз арабтарға парсы-тәжік әдебиеті арқылы жеткен. Наурызды көктем маусымымен байланыстыру дәстүрі Рудакиде де бар. Наурыз мейрамын тәжіктер дехқан мейрамы (көктем мейрамы) «Гүлгардон», «Байчечек», «Гүлнаурыз» деп те атайды. Татарлар – Нардуган дейді. Кейбір ғалымдардың болжамынша нардуган монғолдың күн, нұр деген сөзінен шыққан дейді. Буряттар – «сагаан сара» немесе «қағалған» – ақ сүт мейрамы дейді. Бұлай атау себебі, біздің ойымызша, наурыз айында жер-ана жұмсарып, жерге көк шөп шығып, тіршілік қызып, мал төлдеп, ақ көбейген көктемнің басы деп есептелегеннен кейін бұлай аталған деп түсінеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 359 бет
- 2 Веселовский А.Н. Три главы исторической поэтики. – Москва: Высшая школа, 1989. – 404 с.
- 3 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 4 Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т 1. – Санкт-Петербург: Типография императорской академии наук, 1869. – 829 с.
- 5 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюрских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Часть III. Киргизское наречие. СПб., 1870. – С. 336.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ШАКМАНОВА А. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор, академик, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанымен оның мұғалімдігі де жойылады.

К. Д. Ушинский

Қазіргі заман талабына сай мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның сабақты ұйымдастыруына тікелей байланысты. Кез келген тақырыпты өтуде оқушылардың таным-түсініктерін кеңейту, алған білімдерін бекіту, күнделікті өмірмен байланыстыру, салыстыру, талдау мақсатында түрлі білім технологиялары мен әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Жалпы «технология» терминіне назар аударсақ, бұл термин екі түрлі мағынада қолданылып жүр. Мәселен, бір жағынан өндірістік салада шикізаттан дайын өнім шығару мағынасында қолданылса, екінші жағынан педагогикалық білім беру саласымен байланыстырылады. Терминологиялық сөздікте «технология» – кез келген іс-әрекетте қолданылатын әр түрлі әдістер мен құралдар жиынтығы деп берілген [1, 573 б.]. Ал осы тұста атақты педагог, ғалым, академик Владимир Павлович Беспалько педагогикалық технология деп – оқу үдерісін жүзеге асыратын мазмұнды құрал деп өз анықтамасын ұсынған [2, 14 б.]. Қысқасы, білім беру технологиясы білім мақсатына жетуге мүмкіндік беретін құрал. Білім беру технологияларын шартты түрде екі тарапқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – дәстүрлі білім беру технологиялары болса, екіншісі – инновациялық білім беру технологиялары. Алғашқы дәстүрлі білім беру технологияларына: сыни тұрғысынан ойлау (Ч. Темпл, Д. Стил, К. Мередит, Ж. Пиаже, Л. С. Выготский), дамыта оқыту (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, Л. В. Занков), проблемалап оқыту (Сократ, Руссо, Дистерверг, Ушинский), деңгейлеп-саралап оқыту (П. Беспалько, Ж. Қараев, Н. П. Гузик, Г. Ф. Еркибаевалар), сатылай кешенді оқыту (Н. Оразахынова), жекелеп оқыту (Инге Унт, А. С. Границкая, В. Д. Шадриков), модульді оқыту технологиялары

(В. Ф. Шаталов, М. М. Жанпейісов) [3, 61-122 б.] және т.б. оқыту технологияларын жатқызуға болады. Ал инновациялық білім беру технологиясына мультимедиялық, компьютерлік, қашықтан оқыту технологияларын енгіземіз. Ал осы технологиялардың барысында сабақты өткізуде сұрақ-жауап, тест сынды әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың тақырыбын ашуға септігін тигізеді.

Жоғарыда аталған дәстүрлі білім беру мен инновациялық білім беру технологияларының арасындағы артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырып көрелік. Алдымен дәстүрлі және инновациялық технологияның басты айырмашылығы дәстүрлі технологияда тапсырмаларды орындауда белгілі бір үлгіде ғана орындалса, инновациялық технологияның артықшылығы: оқушылардың тапсырма орындалуына байланысты уақытты тиімді пайдалану, оны үнемдеу, тапсырмаларды автоматты түрде дұрыс жауаптарымен шығуы, соңғы жиналған ұпайлары көрсетілуі, тапсырмалардың жиналған ұпайлары бір платформада жинақы, рет-ретімен орналасуы, кез келген уақытта қарап ашуға мүмкіндік берілуі сынды әрекеттерімен ерекшеленсе, оның кемшіліктеріне: мұғалім тарапынан тапсырмаларды дайындау үшін уақыттың көп жұмсалуды, түрлі платформаларды пайдалануда оларды жетік меңгеруімен ерекшеленеді. Қалай болса да қазіргі уақыттың өзінде де дәстүрлі білім беру технологиясын басты назарда ұстап, оны барынша сабақтың тақырыбына, деңгейіне байланысты заманауи технологияларды пайдалануымен жүзеге асырылады. Оларды бірінен-бірі бөліп жаруға, жеке қарастыруға келмейді, керісінше үнемі бір-бірімен тығыз байланысып, бір-бірін толықтырып отырады.

Қазақтың көрнекті жазушының бірі, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген. Шынымен де сабақты үнемі заман талабына сай түрлендіріп, бір-біріне ұқсамайтындай етіп, қызықты өткізу әр мұғалімнің міндеті. Сол міндетті үнемі басшылыққа ала отырып білім беру технологиясын да ауыстырып отыру керек. Осы тұста сабақ жүргізуде ең тиімді де ыңғайлы технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Аталған технология оқушыларды сабаққа деген қызығушылығын ояту, ынтасын жігерлендіру, мағынаны ашып, талдау, зерттеу, меңгеру, ой-пікірлерін талқылау сынды сипатқа ие. Яғни сын тұрғысынан ойлау технологиясы деп – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни

қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, өзі тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесе отырып жұмыс істеу. Бұны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданған өте тиімді. Мәселен, сабақтың тақырыбын жай ғана хабарламай, арнайы сұрақтар қою не болмаса тапсырма орындату арқылы миға шабуыл жасап тақырыпты табу немесе кейіпкерлердің арасындағы ұқсастықтары мен айырмашығын табу, қазіргі өмірмен салыстыру, не болмаса өзге де шығармалармен салыстыра отыра талдау тапсырмаларын орындату арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын артырамыз. Осы тұста сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде тапсырмаларды құрастырсақ, ал енді дайын тапсырмаларды орындату ақпараттық-коммуникациялық технологиясы арқылы жүзеге асады. Яғни заманауи білім беру технологиясымен байланыстырылған жүйелі жұмыстың көрінісі іспетті. АКТ арқылы орындалған тапсырмалар оқушылардың есте сақтау қабілеттері артып ол одан сайын сабаққа деген қызығушылығы арта түседі.

Бүгінгі таңда кез келген сала болмасын ақпараттық-коммуникациялық технология белең орын алып жатыр. Соның нәтижесінде мектеп қабырғасында өтіп жатқан пәндердің қай-қайсысы болмасын осыған тіреледі. Сондықтан да әрбір мұғалім заман ағымына сай сабақты түрліше өткізіп тырысып жатыр. Оған мысал, «Wordwall» (<https://wordwall.net/ru>) платформасында: «Кездейсоқ карталар», «Сыңарын тап», «Диаграмма мен белгілер», «Ауа шарлары», «Викторина», «Самолет», «Жерасты тышқанды соғу», «Анаграмма», «Топтық жинау», «Қалып қойған сөзді табу», «Орын тәртібімен орналастыру», «Жұптарын табу», «Лабиринт» ойындарымен, <https://kahoot.com/>, <https://nearpod.com/> және <https://quizizz.com/> сайтында «Тест», «Викторина», <https://app.edu.buncee.com/>, <https://padlet.com/> және <https://edpuzzle.com/> платформалары бар. Сабаққа дайындалуға түрлі презентациялар жасау әдістері мен сенсорлық тақтаны тиімді пайдалану тәсілдері қарастырылған. Үй тапсырмасын қызықты етіп сұрау не болмаса тақырыпты қызықты етіп қорытындылау мақсатында қолданылатын тиімді платформаның бірі – электронды кітап жасап шығару (<https://app.bookcreator.com/>) не болмаса қызықты ойын ойлап табу (<https://www.tinytap.com/>) платформалары бар.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша түрлі платформаларды қолдану сабақтың тиімді өту тәсілінің бірі болып табылады. Сонымен қатар кез келген тапсырмалар оқу мақсаттарына

(тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), ойлау дағдыларының деңгейілеріне (Блум таксономиясы: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, талдау) тікелей сәйкестендіріліп жасалады. Сабақты бастамас бұрын оқушылармен психологиялық қарым-қатынас орнату, үй тапсырмасын тексеру, оқушыларды топқа бөлу, сабақ тақырыбын табу, одан әрі сабақтың ортасында орындалатын тапсырмаларды өткізу, оны тексеру, бағалау, кейін сабақтың соңында сабақты қорытындылау, оқушылармен кері байланыс орнату сияқты әрекеттерде өзіндік орын алады. Ойымызды дәлелдей түссек, төменде берілген кестеге назар аударсақ:

Кесте 1 – Сабақ барысында қолданылатын білім беру технологиялары

Тапсырмалар түрлері	Ресурстар
«Castlots.org» қосымшасы арқылы топқа бөледі.	Топқа бөлу: http://castlots.org/razdelit-na-gruppy/
«Tik-tok» әдісі арқылы психологиялық жағымды ахуал қалыптастырады.	Би қимылдары (1 мин): https://www.youtube.com/watch?v=Mwcp9u4K7Ng
Миға шабуыл әдісі арқылы «Гүлді сақтап қал» ойынын ойнатады.	Ойынға сілтеме: https://flippity.net/sm.php?x=%D0%96%D0%B0%D0%BD%D1%83%D0%B0%D1%80,%D3%A8%D1%81%D1%96%D0%BC%D0%B4%D1%96%D0%BA,%D2%9A%D0%BE%D1%80%D2%93%D0%B0%D1%83,%D0%9A%D1%96%D1%82%D0%B0%D0%BF,%D0%9E%D0%B4%D0%B0%D2%9B.&t=Snowman%20Game&g=Flower%20Power
Тапсырма. «Gimkit» қосымшасы арқылы тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен танысып, мағыналарын ажыратыңыз. Кез-келген бір жаңа сөзге сөйлем құраңыз.	Сөйлемді жазу үшін: https://padlet.com/aigerimpv2016/d3n4px412ytllil9
Кері байланыс «Ашық хат» әдісі «Answergarden» қосымшасы арқылы кері байланыс орнатылады.	Кері байланыс: https://answergarden.ch/share/2999327
Кері байланыс «Фортуна» әдісі «Piliapp» қосымшасы арқылы кері байланыс орнатылады.	Кері байланыс: https://ru.piliapp.com/random/wheel/
Рефлексия «Бес қадам» әдісі «Google Forms» қосымшасы арқылы кері байланыс орнатады	Рефлексия: https://forms.gle/dbc1HUqvnxzjcQ5R9

Жоғарыда көрсетілген кестедегі технологиялардың сабақ барысында қолдану тиімділігін анықтай алдық. Яғни осы технологиялар арқылы кез келген сабақты заманауи тұрғыда оқушылардың назарына ұсына аламыз.

Сонымен қоса қазақ әдебиетінде кез келген мәтінді аудио нұсқаға айналдыру не болмаса кез келген шығарманың мазмұнына сәйкес аниме немесе комикс жасау арқылы оқушыларды қазақ әдебиетімізге баули отыра, шығарманың мазмұнын, нақты идеясын, сол заманғы саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайымен танысу, басқа да әдебиеттермен салыстыру арқылы олардың патриоттық рухын, мінезін, танымын, талғамын тәрбиелеуге өзіндік септігін тигізеді. Ертегіден бастап түрлі романдарға дейінгі жанрларды алып оған сәйкестендіріп жасалған комикс болса кез келген оқушының қазақ әдебиеті пәніне деген сүйіспеншілігін оятуға болады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісі бойынша Төстіктің дүниеге келуі, жұтта жоғалған ағалары туралы естуі, ағаларын іздеп шығуы, Ерназардың Сорқұдықтың басына қонуы, Төстіктің жер астына түсуі, Ер Төстіктің елге оралуы сынды сюжеттерді шағын комикс ретінде не болмаса аниме ретінде жасауға болады. Осы ретте оқушыларды шығармашылық жұмысқа баули отыра, олардың стандартты емес түрде ойлау қабілеттерін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға жақсы әсерін тигізеді. Сонымен қатар оқушыларға әдебиетімізді жай ғана оқи салып, идеясын түсіне салудан бұрын сол шығармада кездесетін ұлтқа тән символдарды іздеу және оның шығуы, пайда болу тарихын тереңнен үңілу, қарастыру сынды жұмыстарға баулу керек. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде: «... Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі...» [4, 5 б.] деген үзіндіден «шаңырақ», «күлдіреуіш» деген сөздердің төл тарихын зерттеу арқылы оның басты түбірі «шаң», «күл» дегендегі сол замандағы адамдардың көрші елдермен қарым-қатынасқа түсуінен дыбыстық өзгеріске ұшырауынан «күн» деген мағынаны білдірсе, «түн» дегендегі «түн» мағынасын білдіруі және сол зат көк аспанда уықтармен байланыстырылып жасалып көкке көтеріліп тұруы, күнмен, аспанмен теңестірілген деген ұғыммен сәйкестендіру [5, 130-134 б.] сынды талдаулар жасау арқылы өзіміздің ұлттық тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді, яғни ұлттық кодымызды жаңғырта аламыз. Сондай символдарды арнайы АКТ, яғни техника құралдар көздері арқылы бейнебаян немесе аниме жасау арқылы жаһанға танытып насихаттау және болашақ ұрпақтың өз ұлтының мұрасын сақтап қалу және оны қадірлеуге барынша көмек болады.

Қорытындылай келе, қазақтың аса көрнекті ғартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин: «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деген. Шынымен де әр мұғалім заманауи сабақ жүргізудің амал-тәсілдерін күн сайын өзгертіп отыруы тиіс. Сонда ғана жаңа буындағы жастардың білім нәрімен сусындатып, бәсекелестік қабілеттілігі жоғары, көзі ашық, көкірегі ояу, нағыз патриоттық рухтары ашылған, нағыз ұлтымыздың мінезін қалыптастыруға өз септігімізді тигізе аламыз. Болашағымыз жарқын болсын десек, өзімізден бастау керек! Заман талабына сай дамып, жетіліп отыру біздің міндетіміз!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі. – Алматы: Таймас, 2009. – 616 б.
- 2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика, 1989. – 192 с.
- 3 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
- 4 Қазақ ертегілері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 208 б.
- 5 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы. Монография. Т 1. – Павлодар: Кереку, 2008. – 273 б.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ БАЙРОН

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, №11 ЖОББМ, Екібастұз қ.
МҰРАТҚЫЗЫ А.
9Ә сынып оқушысы, № 11 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақ поэзиясының батыс – еуропалық үлгідегі ақындық мектеппен өзара байланысын зерттеу және олардың арасындағы сабақтастықты саралау әдебиеттану саласындағы аса зәру міндеттің бірі болып табылады. Соның ішінде, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен Джордж Неол Гордон Байрон поэзиясының әлем құбылысын көркем оймен қабылдаудағы және оны жеткізудегі көркемдік танымы мен көркемдік әлемі тереңнен тамырласып жатқан тақырыптық-идеялық, эстетикалық, философиялық ізденістері мен стильдік, тілдік бейнелеу амал-тәсілдері, ақындық өрнектерінің қалыптасуы

жайында зерттеу жүргізу қазақ әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелердің бірі.

Екі ақынның поэзиясын ұйытқан көркемдік-эстетикалық негіз – әдебиеттегі ұлттық және жалпыадамзаттық идеялар тоғысының тамаша үлгісі болып табылады. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық, көркемдік әлемінің Байрон туындыларымен тамырластығы, олардың арасындағы үйлесім мен ерекшеліктерін анықтау, философиялық-эстетикалық бағытын тану – зерттеудің негізгі арқауы болып отыр. Соның негізінде екі әдебиеттің аса ірі қос өкілінің шығармашылығын таным мен көркемдік тұрғысынан зерттеу – жұмыстың өзектілігін негіздейді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани – мәдени өмірінде өшпес із қалдырған ерекше бір кезең екені белгілі. Сол кезеңде, яғни Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби процесіте М.Ж. Көпеевтің де атқарған рөлі айрықша. Ол – қазақтың сөз өнеріне өшпес із қалдырған көрнекті тұлғаларымыздың бірі. Ақын, ағартушы, тарихшы және халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы ретінде ол туралы М. О. Әуезов, Ә. Х. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Қ. Бейсенбиев, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, Д. Әбілов және т.б қазақтың белгілі ғалымдары мен сыншылары әр кезде ой пікірлер білдіріп отырған.

Ең алғаш Мәшһүр-Жүсіптің (тірі күннің өзінде - ақ) халық мұрасын жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін бағалаған мақалаларын Толыбайұғлы Мұхаметғали 1890 жылы және Мәтен Ботбаев 1892 жылы «Дала уалаяты» газетінде жариялады [1]. Ал 1919 жылы Омбыда шығатын «Трудовая Сибирь» журналында Смағұл Садуақасовтың «Киргизская литература» атты мақаласы шығады. Онда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиеті тарихында жаңа жазба әдебиеттің негізі қаланды дей отырып, негізін салған Мәшһүр-Жүсіп пен Абай Құнанбаев делінді [2].

Мәшһүртанудың осыдан кейінгі кезеңі – ақын шығармаларына бірыңғай қара бояу жаққан уақыт, яғни 1952 жылдан басталып, кейін «Тоқырау жылдары» деген айдармен белгілі болған кезеңмен ұласып, шамамен 1989 жылдарға дейінгі кезеңді қамтиды. Араға жылдар салып барып қана қоғамымызда болған үлкен саяси – мәдени өзгерістер Мәшһүр-Жүсіп есімін ортамызға қайта әкелді. Ақын қайтыс болғаннан кейін (1931) артында қалған бай мұрасының қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорына ұсынылуы мұрындық болған Ғ. Мүсірепов, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 1940 жылдардан

бастап мектепке оқытылуына себеп болған, оқулыққа енгізген жазушы, ғалым ағаларымыз: З. Ақышев, Д. Әбілов, Қ. Бекхожин, Е. Смайылов еңбектері арқасында екенін білеміз.

Дж. Г. Байронның өмірі, шығармашылығының рухани мұрасының көркемдік деңгейі, дүниетанымдық ерекшеліктері жайында зерттеулер М. Алексеев, Н. Дьяконова, А. Елистратова, В. Жирмунский, Е. Клименко, М. Кургинян, А. Моруа, А. Ромм, Л. Сидорченко және тағы басқалардың еңбектерінен көрінеді [3].

Әдебиеттану ғылымында осындай екі дара авторлардың шығармаларындағы типологиялық ортақ мәселелері жөнінде құрылымдық поэтиканың негізін салушы Ю. Лотманның [4], В. Жирмунскийдің салыстырмалы әдебиеттануға байланысты зерттеулері [5], М. Бахтиннің мәтіндеріндегі диалогизмдік қатынастардың мәнін ашатын еңбектерінің маңызы ерекше [6]. М. Бахтин өз еңбектерінде кез-келген мәтінге, әсіресе көркем шығармалар мәтініне ашық құрылым ретінде мән бере отырып, ең бірінші мәтіндердің бір – бірімен белгілі бір ұлт тілінің жүйелі ішкі заңдылығын бұзып – жарып қатынасқа түсе алатын қабілетін алға тартады. Мысалы ол «Лингвистика, филология және басқа гуманитарлық ғылымдардағы мәтін мәселесі», «Философиялық анализ тәжірибесі» атты еңбегінде: «Тіпті бір – бірі туралы ештеңе білмейтін, бөгде адамдардың қатар қойылған сөздері бір тақырыпқа (ойға) титтей де қатысы болса, бір – бірімен еріксіз диалогтық қатынасқа түседі», - деген ғылыми тұжырымын айтады [6, 293]. Сондай-ақ, осы бағытта әдебиеттануға байланысты зерттеу жүргізген ТМД және шетел ғалымдарының мынадай еңбектерін атап өтуге болады: И.Неупокоева «Бүкіләлемдік әдебиет тарихы. Жүйелі және салыстырмалы талдау мәселелері» (Москва, 1976), А. Дима «Салыстырмалы әдебиеттану принциптері» (Румын тілінен аударма. Москва, 1977), Д. Дюрифин «Әдебиеттегі салыстыра оқудың теориясы» (Словак тілінен аударма. Москва, 1979), Г. Поспелов «Еуропа әдебиеттерінің кезеңдік дамуы» (Москва, 1988).

Жұмыстың негізгі мақсаты – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы мен Дж. Г. Байрон поэзиясындағы үндестіктің үндесу белгілерін анықтау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жұмысқа мынандай міндеттер қойылды. Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон поэзиясындағы өлең тақырыптарына арналған шығармалардағы көркемдік әдіс-тәсілдеріне талдау жасау, дүниетанымдық ортақ негіздерін анықтау, көркемдік үндестіктерін жүйелеу, өзара рухани байланысын дәлелдеу.

Қорыта айтатын болсақ, Мәшһүр-Жүсіп пен Байронның дүниетанымдық үндестіктері төмендегідей сатылар бойынша сипатталады:

1 Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон поэзиясының үндесуі – ұлттар, мәдениеттер арасындағы диалогтық қатынастағы үндестік болып табылады.

2 Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон поэзиясындағы ортақ белгілердің болуы олар өмір сүрген тарихи, әлеуметтік жағдайлардың ұқсастығына байланысты.

Ақындар шығармаларындағы бейнелеу құралдарын пайдалану өзектестігі.

Екі ақынның шығармашылығын ұйытқан көркемдік – эстетикалық негіз – әдебиеттегі қос ақынның тілдегі бейнелеу құралдары сабақтастығы болып табылады. Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығының ағылшын әдебиетінің өкілі Байрон шығармашылығымен үндесіп жатуы тың пікір түюге негіз қалайды. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық, көркемдік әлемінің Байрон туындыларымен тамырластығы, олардың арасындағы үйлесім мен ерекшеліктерін анықтау – арнайы зерттеудің негізгі арқауы болып отыр.

Осы орайда, Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон туындыларын зерттегенде, екі ақыннан тақырып орайластығы, идея айтудағы жақындықпен қатар тілдің бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сабақтастықты көреміз.

Байронның да, Мәшһүр-Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны белгілі. Осы орайда, ең алдымен, екі суреткердің де сол тұстағы елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, атап айтқанда, қулық – сұмдықтың көбеюі, сөздің қадірі кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ – пысықтардың билеуін т.б шенеуін алайық. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп өз шығармаларында халықтың игі жақсыларын арыстанға, қу – пысықтарды түлкіге, чиновниктерді «қасқырға» теңеп, сарбаз ерлердің ептілірге тәуелді болып қалғанын көрсетеді:

Ақыртып арыстандай шерді жығып,
Үстінен ойнақтап жүр түлкі шығып,
Қабанға, қасқыр менен қалып торғай,
Жатақта арыстандар қалды бұғып [7, 152 б.].

Байрон да ағылшынның билеуші, озбыр қауымына қарсы ереуілді үн қосып, оларды мысқылдап сынауына назар аударайық. Ақын халықтың игі жақсыларын бүркітке, залымдарды тісі аксиған

жолбарысқа, кедейлерді жейтін тамағы жоқ итке, қу – пысықтарды түлкіге теңейді:

The rascals, perhaps, may betake them to robbing,
The dogs to be sure have got nothing to eat –
So if we can hang them for breaking,
'T will save all the Government's money and meat:
Men are more easily made than machinery –
Stockings fetch better prices than lives –
Gibbets on Sherwood will heighten the scenery,
Showing how Gommerce how Liberty thives! [8, 235 б.].

(бүркітті – the eagle, жолбарысты – the tiger, итті – the dog, түлкі – the fox деп беруінде) – деген қорытындысынан әлеуметтік теңсіздікке деген наразылығын айқын көреміз.

Келтірілген мысалдардан байқалатындай екі ақын шығармаларына сатиралық сарын, өткір сарказм тән. Мәселен, екі өлеңде де мысқылдап отырған құбылыстардың ішкі мәніне тереңдей үңіледі және сол кеселдің төркінін тап басып, дәл табады.

Қос ақын шығармашылығын түйіндей келе, бейнелеу құралдарын пайдаланудағы өзектестіктегі аңғарамыз. Мәселен, қазақ халқында халықтың игі жақсыларын, батырларды «арыстанға» яғни арыстан аңына баласа, ал ағылшындар бүркітке (the eagle) балайды екен.

Арыстанның айбаттылық қасиетіне қарап «арыстандай айбатты» деген метафоралық тіркес қалыптасса, ал ағылшындар «to be sharp – sighted as the eagle» (зоркий как орел) деп, бүркіттің қырағылық қасиетін ескере отырып, осы тіркесті қалыптастырған. Екі ақынның қолданып отырған ауыстырулары өздері жырға қосып отырған бейнені, өмір құбылыстарын көркем әрі бейнелі оймен бере білу жағымен ерекшеленеді. Мұның өзі үлкен шеберлікке байланысты екендігі даусыз.

Адамдық нұрлы ақылмен тамырлас. Ақыл – баға жетпес қазына, өте қымбат қасиет.

Ақыл жөнінде Әл-Фарабидің «Социально – эстетические трактаты» деген еңбегінде: «Адамды адам қылғаны ес – ақылы», – деп тұжырымдаған екен [9]. Бұны Абай да қостаған. Ол 38 – сөзінде: «Жанды хайуандардан ақылды адамды жаратыпты» деп жазады. Яғни адамның барлық өзге жанды мақұлықтардан ең үлкен ерекшелігі – ақылы деп біледі [10, 51].

Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон арасындағы үндестік, бейнелеу құралдары сабақтастығы осы ақыл жайында болмақ. Яғни екі

ақынның дерексіз ұғымды заттандырудың сөз мағынасын кеңейтуде, образ әсерлілігін арттыруда үлкен рөл атқаратынын байқаймыз.

Мәселен, Мәшһүр-Жүсіпте:

Ақыл – шам, керек оған май мен білте,
Сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте.
Түн болмай күн барында жабдық ойлап,
Қолыңа түсіре бер бірте – бірте [7; 158 б.] - деп береді.

Байронда:

Ақыл – сәуле, жер бетіне өмір беріп,
Тіршіліктің өшпейтін өңін беріп,
Көркіне көріністің құнықтырған [11, 93 б.]
The mind can make,
Substance and people planets of its own.
With beings brighter than have been, and give
A breath to forms which can outlive all fresh [8, 211 б.]

Мәшһүр-Жүсіпте дерексіз ұғым «ақылдың» заттануы «шам» сөзімен алынып, салыстыру, балау жүзеге асқан.

Ал, оған «май мен білте керек», «сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте» деген жолдар дерексіз ұғым ақылдың белгілі бір мөлшерге ие болуын айғақтайды.

Байронда дерексіз ұғым ақылдың жан иесіне айналғанын байқаймыз.

Яғни, дерексіз ақылдың сәулеге балануы арқылы оның жер бетіне өмір беруі, жарық шашуы бейнелі, әрі әсерлі алынған. Ақын ақылды «сәулеге» балайды.

Екі ақында да «ақыл» сөзі жарық беруші ретінде алынған, яғни Мәшһүр-Жүсіпте «шам», ал Байронда «сәуле» деп берілген. Қорыта айтсақ, күн, сәуле – жарық, нұр, қашан да болсын, бұл адамның бақыты, ырысы бейнесінде суреттеліп отырады. Ақылды «сәуле», «шам» деп алуда екі ақын да ағартушылық идеясын жақтайды. Олар білім алу биік мұраттарға бастайды деген ойды өз өлеңдерінде әсерлі суреттеген.

Ел тағдыры туралы толғаныстар қос ақынның туындыларының қайсысынан да айқын аңғарылып отырады. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің «Фибратнамасында» ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынып, арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп, ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр-Жүсіп бұлбұлды қаршығаға кезестіреді. Ол қаршығаға: «Сенің тұрағың «бектердің оң қолында», патшалармен ойнасың, беделің артық, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай, «хасіретім көп» дейді.

Бұлбұлға жауап берген қаршыға:
Аузыңды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жол сықылды мылқау болсаң,
Бір күнде мың мұратты табар едің [12, 38 б.],

– деп өз ісін мақтан тұтады, бұлбұлдың қылығын келемеж қылады.

Бұл сөздерге бұлбұл қатты қынжылады, атақ құмар қаршығаны аяусыз кінәлайды. Бұлбұлды жақтаған ақын ойын:

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,
Табылар ізденгенге бір қызыл гүл [12, 39 б.],

– деп түйеді. Яғни халық үшін еңбек еткен, алға ұмтылған адам мұратқа жетеді дегенді меңзейді.

Осы шығармада ақынның өзімен идеясын айтуда «бұлбұл», «қызыл гүл» символдарын кездестіреміз. Шығыста бұлбұл мен гүл бақыттылықтың белгісі екені белгілі.

Сонымен қатар, Байронның «Гяур» туындысын алатын болсақ, мұнда да «қызыл гүл» мен «бұлбұл» сөздерін кездестіруге болады:

Қызыл гүл де жайнайды,
Келеді бұлбұл гүлге ынтық
Таңдайын безеп сайрайды,
Жүз рет дауысын құбылтып [11, 324 б.],

– дей келе, гүлдің ән мен бақ ішінде қар мен дауыл, қысты білмей, бұлбұлдың жаңа үнін тыңдай жүріп, күнде қызыққа бататынын суреттей келе:

Ондай гүлге ғашық көп,
Үңгір бар онда, тыныш та,
Қаракшы бар қанқұйлы;
Тек бақыт жайлар бұл елді,
Жауыздар бар жайлаған!...
Азапқа құмар адамдар,
Қызыл гүлді таптайды [11, 325 б.].

Ақын жауыздардың жасаған зорлық-зомбылығын айта отырып, бұрынғы күлкі жоқ екенін әсерлі суреттейді.

Соңынан:

Немесе Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын біздерге айтып.
Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтып? [12, 159 б.].

Ақын қоғамда орын алған әділетсіздік, жақсылық пен жамандықты қадап айта отырып, шығыс поэзия дәстүрін шебер өрістетуін көреміз. Сонымен, түйіндей келе, екі ақынның да шығыстағы бақыттылық символын ерекше шебер пайдаланғанын байқаймыз. Байронда «қызыл гүл» red flower, «бұлбұл» – the nightingale деп берілген Мәшһүр-Жүсіп пен Байронның туындыларындағы символдар халықтың бақытты, бақытсыз өмір сүруін суреттейді, тілдегі бейнелеуде үндестікті таныта тұрып, ақындардың ақындық ойдың қуатын, табиғаттан, өмірден эстетикалық қабылдауы арқылы байланыстырыла отырып жыр жолдарына түсірілгенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, екі ақын шығармаларында:

1 Әлеуметтік теңсіздікті, зорлық – зомдылықты суреттеудегі үндестік.

2 «Ақыл» дерексіз ұғымын заттандырудың сөз мағынасын кеңейтудегі рөлі.

3 «Қызыл гүл» «бұлбұл» сөздерінің қолданылуындағы үндестікті байқаймыз.

Қос ақынның да ірі каламгер, әрі қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен де сол кездегі қоғамдағы тағдыры, т.б. жөніндегі ой қорытулары еді.

Сонымен қатар, екі ақында да өз кезеңдеріндегі өзекті мәселелерді көтеру, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды сынап, би – болыстар мен патша әкімдерінің келеңсіздіктерін әшкерлеп, озық ой – көзқарастарын байқатады.

Мәшһүр-Жүсіп те, Байрон да ағартушылық идеясын жақтаған. Олар білім алу – биік мұраттарға бастайды деп түсінді.

Сөйтіп, Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон сынды екі түрлі әдеби дәстүрлердің мектебінен шыққан авторлардың көркемдік әлеміндегі мұндай сәйкестіктер ұлттар, мәдениеттер арасындағы қатынастың бар екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ болып табылады. Осы қатынастың дәлелі шығармаларындағы бейнелеу құралдарын пайдалану, идеяның тоғысуынан да байқалады.

Ой – тұжырым негіздеудегі бұл сабақтастық әрі идея төркіндестігі – бір ұлтқа ғана қатысты емес, халықаралық маңызы бар, жалпыадамзаттық мәңгілік сұрақтардың жауабын іздейтін сөз үлгілер мен мәні зор поэтикалық құрылымдағы ұйытқы мәтіндердің негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. Павлодар: Эко, 1999. 93 б.
- 2 Садуақасов С. Қазақ әдебиеті.//Халық кенесі, № 42, 2 наурыз, 1993. 9 б.
- 3 Дубашинский И.А. Джордж Гордон Байрон. – Москва: Просвещение, 1985. -141 с.
- 4 Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – М.:Просвещение, 1972. -272 с.
- 5 Жирмунский В. Сравнительное литературоведение. – Л.: Наука, 1979. – 494 с.
- 6 Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 424 с.
- 7 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1 том. – Павлодар:ЭКО,2003.-436 б.
- 8 Byron. Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979.- 520 с.
- 9 Байрон.Тандамалы шығармалар. 1 том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем баспасы, 1960. – 404 б.
- 10 Шаңғытбаев Қ. Рубаилар. – Алматы: Ғылым, 1981. – 232 б.
- 11 Byron. Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979.- 520 с.
- 12 Көпеев М.Ж. Тандамалы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1990.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, № 11 ЖОББМ, Екібастұз қ.
СЕРІК Ж.

9Ә сынып оқушысы, № 11 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Көркемдік концепт – көркем мәтіннің мағыналық жүйесінің әмбебап элементі болып табылады, сондықтан көркемдік концепт мәтіннің лингвопоэтикалық сипаттамасының талдау объектісі болып табылады [1, 12 б.].

Көркем мәтіннің лексикалық деңгейі оның мағынасын ашуға ерекше рөл атқарады. Бұл сөзді «тілдің композициялық-тақырыптық құрылымына бағытталған және белгілі бір лексикалық-жүйелілік

және функционалдық қасиеттері бойына жинақтаған концептілердің мәнін анықтайтын негізгі бірлік деп дәйектеуге мүмкіндік береді.

Лингвистикада концептуалдық талдаудың бағытын және оны жүргізу әдістемесін анықтайтын екі негізгі тәсіл бар:

1) жүйелілік – кілті сөздердің, яғни, концепт экспликаторларының лексикографиялық сипаттамасын жасауды және аталмыш кілт сөздер арасындағы қатынасты және олардың қызметін талдауды қамтиды;

2) мәтіндік – мәтіндегі концептілерді талдаудан тұрады.

Көркем мәтінді зерттеу мәтіндік тәсіл аясында жүзеге асырылады, сондықтан «мәтін артында тұрған» автордың тілдік тұлғасының концептуалды әлем бейнесінің негізінде концептілерді анықтауды қарастыратын тәсіл ретінде ең тиімдісі болып саналады.

Осы тұрғыда «мәтіндік» тәсіл үлкен қызығушылық тудырады, өйткені «жан» концептісін талдау Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы негізінде жасалады.

Л. Г. Бабенко концептуалдық талдаудың келесідей әдістемесін ұсынады: «...біріншіден, мәтіннің кілт сөздерінің жиынтығын анықтау, екіншіден, олар белгілейтін концептуалды кеңістіктің сипаттамасын, үшіншіден, осы кеңістіктің негізгі концептілерін анықтау» [2, 85].

Көркем мәтіндегі концептілерге концептуалдық талдау жасау әдістемесін әзірлеу барысында көркем концептінің мәтіндік құрылымы қазіргі семиотикада қолданыста бар үш деңгеймен: 1) синтактика деңгеймен; 2) белгіленген бірліктердің мазмұндық сипатымен байланысты семантика деңгейімен; 3) таңбаларды құндылықтар ретінде қарастыратын прагматика деңгейімен байланысты деген пайымдар теориялық тұрғыдан маңызды болды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Жан» сөзі-концептісі автордың дара стиліндегі қосымша лексикалық мағыналардың туындауына әсер ететін басқа да тілдік бірліктермен байланысып келіп, әрқилы тіркестер түрінде беріледі.

«Жан» көркемдік концептісінің прагматикалық деңгейін зерттеу оның құндылық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді, яғни Мәшһүр Жүсіптің тілдік әлем бейнесіндегі орны, поэтикалық мәтіндерде айтылған құбылыстарға автордың жеке көзқарасы, сонымен қатар шығармалар контекстінде жүзеге асырылатын субъективті бағалауларын аталмыш концептінің бойында жасырылған мағынасынан анықтай аламыз.

«Жан» концептісі біздің зерттеуіміздің негізгі кілтті сөзі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан «жан» сөзі қамтылған картотека жасалды. Жиналған мысалдар осы көркем мәтіннің негізгі ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, «жан» сөзін қолдануынан авторлық дара пайымдарды да ажыратуға мүмкіндік береді.

Олардың сипаттамасы ақын дүниетанымының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік берді. Содан кейін біз «жан» лексемасының парадигматикалық және синтагматикалық байланыстарын қарастырдық және олардың тіркесімділік мүмкіндіктерінің жоғары екенін анықтадық.

Жалпы, «Жан» концептісін талдамас бұрын, осы сөздің түрлі сөздіктердегі мағынасын ажыратып көрейік:

1) ЖАН – «адам мен жануарларға тіршілік беретін рух». Қазақ тілінде «адам, кісі» деген ауыспалы мағынада да қолданылады [3, 106 б.].

2) ЖАН – адамның, күйзелісі, жан толғанысы сезімі аясы. Діндік түсінік бойынша, жан - адамның рухани мәні және адам өмірін, қабілеті мен тұлғасын айқындайтын ерекше бастама, адам дүниеге келгенде, қалыптасатын болмыс [4, 19 б.].

3) ЖАН – (гр.psyche – дем, рух, жан, өмір, лат. anima, animus – есу, леп, өмірлік күш, тіршілік, ақылды жан, рух) - дін мен философияда: адамның даралығын және оның өзіне адами қасиеттерді беретін адамның материалдық күйі [5, 28 б.].

Сондай-ақ «Жан» сөзінен тұрақты тіркестер де жасалады: адамның жан дүниесі өлі жан;- кеудеден жаны шыққанша; жанымен берілу; - құр жаны бар; ол үйдің бес жаны бар; жанға білдірмеу; оған ешбір жан тең келмейді; үйде жан жоқ; өлеңнің жаны ұйқаста; жаны тыныш; жан алу; жан алғыш; жан алқымға алу; жаны алқымға келу; жаны алқымға тығылу; жаны ауыру; - жаны ашу; жан аямау; жан бағу; жан баласы; мұны жан баласы білмесін; жаны бар сөз; жан басы салығы; жан басына; жанға бату; жан беру; жан біту; жан даусы шықты; жаны жадырау; жанға жайлы; жаны жай табу; жан жары; жан жолдасы; жаны көзіне көріну; жан күйер жақын; жаны кіру; жан қайғы; жаны қалмау; жанын қоярға жер таппау; жанын қию (или пида қылу); жаны құмар (болу); жаны құмар; жан пида; жаны қысылу; жан сауға сұрау; жан сауғалау; жан серік; жаны сірі (адам); жан тарту; жан тәсілім қылу; жаны тебірену; жаннан түңілу; жаны түршігу; жан түршігерлік; жан ұшыру; жан шақыру; жанға торсық байлау [6].

Жоғарыда тіркестердің мағынасы түсіндірме сөздіктегі мағыналарымен барабар екенін аңғару қиын емес.

Ал көркем шығармадағы қолданысын когнитивтік парадигма тұрғысынан зерделей отырып, олардың 1) белгілі бір автордың көркем ойлауы мен қиялының заңдылықтарын анықтау; 2) қаламгер әлеміндегі осы көркемдік концептінің орнын анықтау; 3) көркемдік концептімен байланысты семантикалық көріністердің жеке деңгейін ескере отырып, ақын шығармашылығында бейнеленген көркем концептінің моделін жасауда тиімді екенін білдік.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында «жан» концептісі көбінесе теңеу немесе метафора түрінде келіп, автордың ішкі толғаныстарын, ойларын, психологиялық күйінен мәлімет береді.

Замана жылдан-жылға болды өзге,

Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.

Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,

Менің бар не керегім,- деді- сізге?

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,

Танитын жан қайда бар сөз қадірін?

Бұл мысалдардан «жан» сөзінің адам деген мағынаны беретінін байқаймыз.

Бай болсаң, жан - бір алтын,

Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.

Жарлы болсаң, жан- бір күдері,

Қанша қинасаң, қинауыңа тұрады, үзілмейді! [7, 16 б.].

Көркем-тілдік мәнмәтінге қатысатын сөз әртүрлі семантикалық және эмоционалды-бағалағыштық оралымдарға ауысады. Бұл «жан» ұғымының көркем немесе авторлық концепт екенін ажыратуға мүмкіндік береді. Оны біз жоғарыдағы мысалдан аңғарамыз. Ақын жан сөзін бір-біріне қарама-қайшы ұғымдармен байланыстырып, тіркес жасап, бай және кедей ұғымының мағынасын ашады

«Жалған дүниенің жүзі- ішпек, құшпақ... үшін болған, тойған жері болды. Ердің ері, екеудің сынығы болған жан ақырет жұмысын қостап (хошлап), соның жабдығын ойлап, есі-дерті, туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған- жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүниешілігімен (дүние шығылымен) алданып қалады» [7, 302 б.].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармашылығындағы «Жан» концептісі «мәңгілік» категориясымен тығыз байланысты. Тілдік қолданыста ментальдық жан концептісінің семантикалық құрылымының маңызды әмбебап бірлігі ретінде өлім семасы танылады. Адамның жер бетіндегі ғұмырының аяқталуы, яғни дененің өмір сүруінің тоқтатылуы ғана емес, сонымен қатар

адамның мәңгілік мекеніне аттануы, яғни «жанның мәңгіліктігі» туралы ойды білдіреді. Мәңгілік мекенге кетерде нәпсінің құлы болуды ығыстыру керектігін тілге тиек етеді.

Пенденің шықса егер тәннен жаны,

Есітер көк тарапынан үш наданы.

- Дүниені не себептен қалдырдыңыз,

Яки сол қалдырды ма дүние сені? [7, 190 б.].

Жан мекені, орны Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да жанның мекені ретінде жан сөзі қолданысқа алынады.

Өрқашан жақындаса құлға ажал,

Жандарын келіп тартса періштелер.

Жаны сол кеудесіне келген шақта

Алладан «Тоқтатқыл!»-деп, келген хабар [7, 184 б.].

Жан мен тән арақатынасы. Ерте кезден жан ағзадағы орны белгісіз ішкі ағза ретінде түсіндірілді. Осыған сәйкес тән мен жан қарым-қатынасы өте күрделі болып есептеледі.

Аталмыш жолдардағы жан өмірдің бір беті, жан бір қойма іспетті көрінеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы болса жан мен тән арақатынасына діни тұрғыдан келеді, яғни жан тәнге өмір береді, жансыз тән өмірлік белгісі жоқ, бос қабық.

Жерінен өлетұғын топырақ алып,

Пенденің кіндігінен кірген Мәлік.

Періште натпа бірла(н) топырақты

Ауыстырар құрсағында тәрбиелеп

Жан салса, ол балаға Құдауында,

Ағзасы кәміл болғаш тоқтар пенде.

Дүниеде неше медет жүріп-жүріп,

Сол жерге арып жатар ақырында [8, 181 б.].

Бұдан шығатын пікір жан тәнге уақытша қонақ, тән жанның аз уақытқа тұрағы. Жан иесіне қайтарылған соң мәңгілік өмір кешеді, бұдан бұ дүние «опасыз, жалған дүние, баянсыз дүние» деген танымдар шығады.

Адамның денесі-арба, нәпсі оған жегілетұғын ат.

Жан-көшір: атты божы тағып, оңдап жүргізуші[ні] «Факла алзип», – дейді [8, 286 б.].

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «жан» сөзіне автор тарапынан өзіндік мағына енгізгенін байқай аламыз. Олар метафора, метонимия, теңеу түрінде анық байқалады. Демек, «жан» көркем

концептісі туралы айтқанда, оның тағы бір маңызды ерекшелігі – бейнелілігі туралы айта кеткен жөн.

Он сегіз мың ғаламның мейірбаны.
Жүгіріп төрт тарапқа барып тұрар,
Бір сонда тілегені- үмбет жаны.
Шыбын жан шықпаған соң келген екен,
Өлімге, өлмесе де, келген таяп
Жаратқан Құдайына көңілі кетіп,
Шыбын жанын жолына құрбан етіп.
Қажылардың ихрамды байлайтұғын-
Тақалғанда орнына жаңа жетіп.
Жаннан кешіп барады ердің ері,
Арманы не пенденің жетсе тірі?!
Ихрамды байлайын деп тұрғанында,
Бойына келіп қалды етек кірі [9].

Көркем шығарма мәнмәтінінде сөздердің семантикалық трансформациясы жүзеге асырылады. Бұл жерде автордың өзіндік көзқарастары негізгі рөл атқарады. Мысалы, шыбын жан деген тіркесті алатын болсақ, адам өлген кезде жанның қалған бөлігі денеден шыбын бейнесінде шығып, қырық күн бойы үй ішінде ұшып жүреді деседі. Қырқы өткен соң ғана үйден алыстап, келесі кеңістікке өтеді деп есептейді. Яғни ежелгі түсінік – жанды ұшып жүретін кәдімгі шыбынға, құсқа теңейді. Осы ойды Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан анық байқаймыз.

Ихрам байлап, қажылар рида салды,
Керек қылмас дәл бұл күн ешкім жанды.
Намаз бенен рузасы дұрыс болмай,
Байлай алмай сол жерде жалғыз қалды [9],

– деген өлең жолдарында намаз бен рузаны қаза қылғанша, жан бергенің жақсы деген ойды айтады.

Мәшһүр Жүсіптің «жан» сөзінің аясында топтастырылған мәтіндерінде пайда болған көркем образдар автордың жеке дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Проскуряков М.Р. Концептуальная структура текста. - СПб., 2000.
- 2 Бабенко Н.С. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М., 2004. – 454 с. 5-8291-0431-8, 5-88687-153-5

3 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б.

5 Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. - Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 б.

6 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алмата, Ғылым, 1977. –711 б.

7 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

8 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 440 б.

9 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

МАЗМҰНЫ

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары Гуманитарные и социальные науки

Секция 27

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері Актуальные проблемы казахского языкознания и литературоведения

Айор Ж.	
Аңызтану мәселелері.....	3
Айтмуханбетова С. К.	
Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалды сауаттылығы мен құзыреттілігін арттыру	8
Альжанова К. Б.	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер	13
Арынова С. М., Бекенова А. М.	
Діни дастандар мәселелері.....	16
Атажанова Б. А., Трушев А. Қ.	
Мәшһүр Жүсіп шығармалары сөздігінің тілдік қабаты.....	20
Аубакирова М. А.	
Эпостардың жастарға жан-жақты тәрбие берудегі маңызы	26
Аубакирова М. А.	
XVIII–XIX ғасырлардағы көркем сөз өкілдерінің діни көзқарастары	30
Аубакирова М. А., Муталиева Р. М.	
Қазіргі прозадағы әлеуметтік мәселелер.....	34
Ахат А. Д., Трушев А. К.	
Діни дискурс ұғымы және оның басқа дискурстерден айырмашылығы	38
Ахметжанова Н. Ж.	
Қазақ тілінің өзекті мәселелері	42
Ахметова С. Ж.	
Акт арқылы оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын апробациялау	47
Базарбай Ә. М.	
Басқа тілді аудиторияға қазақ тілін мәдениеттанымдық әдіс арқылы оқыту	52
Бейсембаева А. Б.	
Жарапазан мәселелері	60
Бейсенбекова А. Б., Намазбаева Ж. Ж., Садвақасова К. К., Сағатова А. Б.	
Құндылыққа негізделген білім берудегі қазақ әдебиетінің рөлі.....	64

Бектурова А. К., Қарипжанова А. О.	
Қазақ тіліндегі синтетикалық тәсілмен жасалған атаулардың когнитивтік-семантикалық модельдері	69
Даулеткалиева Т. Б., Қадырова Б. М.	
Аймақтық лексикадағы тұрмыстық атаулар	74
Дініслам С., Қапасова Б. Қ.	
О. Бөкейдің «Атау кере» романындағы кейіпкер мен кеңістік концепциясы мәселесінің қойылуы туралы	77
Дініслам С., Қапасова Б. Қ.	
«Атау кере» романы және қазақ әдебиетіндегі жалғыздық	81
Жабасова Б. Н., Қадырова Б. М.	
Академиялық мәтін және оның құрылымдық ерекшелігі	85
Жаканова А. Ш.	
Шоқанның «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырын зерттеуі.....	91
Жанқаринова Г. А.	
Қазақ әдебиетіндегі қазақ салт-дәстүрі көріністерін оқытудың педагогикалық-дидактикалық негіздері	95
Жексенова Д. К., Сағындықұлы Б.	
Сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы оқытудың базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықта берілуі	100
Жиенбаева А. Д., Қарипжанова А. О.	
Лексикология мен фразеологияны оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру.....	105
Жуманбаева Р. О.	
Жарнама мәтінін оқытудың ерекшеліктері.....	111
Жунуспекова М. Б.	
Ыбырай Алтынсариннің қазақстандық қоғамның қоғамдық және рухани-адамгершілік дамуындағы рөлі мен маңызы	116
Исабекова Г. А.	
«Құтты білік» дастанындағы бүгінгі ұрпақ бейнесі.....	121
Исаканова К. И.	
Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы тенеудің ерекшеліктері.....	125
Исмаилова Б. А.	
Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері.....	132
Калиева А. А.	
Қазақ тіліндегі лингвомәдениеттану	138
Карасаева Ж. Б.	
Қазақстанның гүлденген болашағы қазақ тілінде	142
Қарипжанова А. О., Мұхаметжанова К. М.	
Шылаулардың эмоционалды қызметі.....	148
Касенова А. У., Искакова У. С., Жабаева С. М.	
Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ тілін оқыту ерекшеліктері.....	152

Кетикова Ж. Т., Қапасова Б. Қ. Қазақ филологиясы мен әдістемесіндегі А. Байтұрсынов ұсынған терминдердің ғылыми айналысқа түсуі158	Муталиева Р. М., Жаменкенова Г. Ш., Тілеуғабыл Ж. С. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының көркемдігі259
Кожанова Н. А. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің күлдіргі әңгімелеріндегі фразеологизмдер..163	Мутишева С. А., Ергалиев Қ. С. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын платформа түрлері263
Кожас Д. А. Мұхтар Әуезов әңгімелеріндегі Абай тілінің өрнектері168	Нуркенова Н. Б. Ғабиден Мұстафиннің көркем очерк жазу шеберлігі268
Кожаметова К. Е., Кожаметова Б. Р. Қазақ саясаткерлері сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық ерекшеліктері.....173	Нұрмат Б. А., Қапасова Б. Қ. А. Байтұрсынұлының түркологияға қатысты еңбектері272
Конырбекова А. С. Егіншілік фольклоры мәселелері178	Нұрмат Б. А., Қапасова Б. Қ. А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі және қазақ тілінің түркілік қалпының сақталуы276
Қуандық Н. М. Орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселелері184	Нурумова Б. Б. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер280
Қулахметова А. С. Мұқағали жырларының танымдық, тағылымдық маңызы189	Омарова Г. К. Қазақ тілі білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері287
Қунслямова Ш. К. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тілдік дағдыларды қалыптастыру жолдарының тиімділігі195	Рахимжанова А. М. Дамыта оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру294
Мажитова А., Муталиева Р. М. Қазақ әдебиетіндегі деталь және оның түрлері200	Садыгазин Н. С. Оғыз-Қыпшақ дәуіріндегі фольклор мәселелері298
Мажитова А., Муталиева Р. М. Қазақ прозасындағы көркем детальдардың қызметі204	Саптаева А. Б. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру303
Майданова А. М. Қарғыс жанрының ерекшеліктері.....209	Сейтова Б. О. Бастауыш сыныпта оқушылардың сабақта белсенділігін арттыру ерекшеліктері309
Майданова А. М. Магиялық фольклор мәселелері.....215	Семей Н. Б. Абай қарасөздерін оқытудың тиімді тәсілі314
Макажанова Р. Б. Балалар фольклоры мәселелері221	Сергазина А. С. Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру318
Макажанова Р. Б. Отбасылық ғұрып фольклоры мәселелері.....226	Смагулова Д. Б., Муталиева Р. М. Қазақ әдебиетіндегі билік психологиясы тақырыбы322
Маманиязова Г. О. Қазақша аударма мәселесі231	Смагулова Д. Б., Муталиева Р. М. Қазақ әдебиетіндегі қоғамдық өзгерістердің суреттелуі және билік психологиясы.....327
Марданова Б. С. Оқушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділіктерін қалыптастыру үшін инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану.....236	Смагулова С. Г. Бекмұрат Уақатовтың фольклортанушылық қызметі332
Матаева А. К. Қазіргі қазақ әдебиеттану теориясындағы зерттеулердің өзекті бағыттары.....243	Талипова А. Ф. Синтаксистік параллелизмнің құрмалас сөйлемдегі көрінісі.....337
Молдабекова Ж. Б. С. Жиенбаевтың ақындық шеберлігі және ұлттық нақыштарының танымдық-тәрбиелік мәні251	Ташкенбаева Г. К. Айтыс және жұмбақ.....343
Мұратбек А., Жүсіпов Е. Қ. Қазақ әдебиетіндегі очерк жанры255	Тлөпбергенова Д. М., Муталиева Р. М. Бауыржан Момышұлы туралы көркем шығармалардағы тұлға бейнесінің суреттелуі349

Тлепбергенова Д. М., Муталиева Р. М.	
Ә. Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат» романындағы Бауыржан Момышұлы бейнесі.....	354
Тоқылтаева Г. Қ.	
Ұлы Абай мен Мәшһүр Жүсіп арасындағы рухани байланыс.....	358
Түлебай М. Б., Жүсіпов Н. Қ.	
Бақытжан Майтанов және ұлттық әдебиеттің теориялық мәселелері....	362
Уатаева Ш. К.	
Терең ой мен ұтқыр пайым – шешендік өнерден	367
Уразкенова С. К.	
Театрландырылған қойылымдар арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту	371
Усаханова М. Д.	
Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен талдау бағыттары	375
Халелова Ш. Д.	
Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолданудың тиімділігі	380
Шакенова Г. Б., Манибаева Н. Б., Акмурзина Ж. З.	
Оқушылардың қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылығын дамыту	386
Шакманова А. Т., Тұрышев А. Қ.	
Тұрмыс-салт жырларының тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу ...	391
Шакманова А. Т., Тұрышев А. Қ.	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы сандық білім берудің тиімділігі.....	400
Жұмабекова Ш. Б., Мұратқызы А.	
Мәшһүр-Жүсіп және Байрон.....	405
Жұмабекова Ш. Б., Серік Ж.	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Жан» концептісінің лингвоэтикалық сипаты	413

**«XXIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ 13

Техникалық редактор: А. Р. Омарова
Корректор: Д. А. Кожас
Компьютерде беттеген: З. С. Исакова
Басуға 12.04.2023 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 24,46. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 4045

«Toraighyrov University» баспасы
«Торайғыров университеті» КЕ АҚ
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.